В процессе воспитания используются авторитарный, демократический и либеральный стили. При использовании родительского авторитарного стиля строгая дисциплина в доме сохраняется в памяти ребенка на протяжении всей жизни, возникают случаи насильственных действий, формирования агрессивных качеств, грубого, негативного отношения друг к другу, лжи ребенка из страха, потери доверия ребенка к себе, чрезмерного вмешательства в деятельность ребенка. Ребенок теряет интерес и сталкивается с тяжелым психологическим давлением.

При либерализме члены семьи, не имеющие ничего общего друг с другом, переходят во взаимное безразличие, и у ребенка дошкольного возраста могут развиваться симптомы аутизма. В этом случае игнорируются интересы, ценности ребенка.

При использовании демократического стиля происходит взаимопонимание интересов друг с другом, поддержка друг друга, взаимная поддержка, постоянный контроль за интересами ребенка. Согласно статистике в большинстве семей используется

демократический стиль, при котором учитываются все требования ребенка. Например, родитель предоставляет выбор ребенку, учитывает его мнение и воспринимает его как равного. У ребенка, выросшего в такой семье, формируется способность встать на свою позицию, свободно принимать решения.

В понимании основного направления типологии семейного воспитания приходится изучать воспитательные установки и позиции родителей, а именно их взгляды, мнения, отношения, соответствующие поведению ребенка. Оптимальная позиция родителей проявляется в адекватности, гибкости, предсказуемости. В адекватной позиции родитель понимает индивидуальность ребенка, то, что происходит в его душе. Родительская предвидение меняет стиль общения с учетом желаний, интересов, ценностей ребенка. На его основе поддерживается оптимальная дистанция между родителями и детьми.

Гибкая родительская позиция меняет стиль воспитания в зависимости от семейных обстоятельств. Например, в отношении условий необходимо обеспечить ребенка материально, оказывать постоянную моральную поддержку, водить его в места отдыха, чтобы удовлетворить его интересы, проводить как можно больше времени вместе с ребенком и т. д. Очень тесный психологический контакт с ребенком-это универсальные требования к процессу воспитания, который предлагается всем родителям в каждой семье. Такое общение необходимо в любом возрасте ребенка. Умение глубоко чувствовать связь, сопереживать вместе с ребенком усиливает в ребенке любовь к родителям, привязывается к родителям, и первые шаги в действиях по уходу за ними начинают проявляться уже в дошкольном возрасте.

Эстетический подход также имеет место в семье. Он дает ребенку эстетическое воспитание, и ребенок учится эстетически воспитывать себя. Например, ребенок формирует в себе этические нормы взаимоотношений в семье, выбора одежды, правильного поведения. Нравственные и психолого-эстетические отношения формируют основы культуры в семье. Эмоциональное значение таких отношений чрезвычайно велико. Они стимулируют ценностную ориентацию каждого члена семьи и, в целом, обеспечивают успех всей семейной жизни. Достигнутый уровень развития семьи неизбежно влияет на психику ребенка.

Под влиянием адекватных социокультурных условий в семье и правильно выбранного стиля воспитания у ребенка дошкольного возраста формируется отношение к окружающему миру, к другим людям и к самому себе. В этот период преобладают мотивы развития, и у ребенка наблюдается быстрое развитие психических процессов. Поэтому крайне важно, чтобы в семье были созданы социально-культурные условия для ребенка, соответствующие требованиям. Влияние обстоятельств отражается на мотивах развития и оставляет

свой след в дальнейшей жизни ребенка, а именно, формируются черты личности ребенка.

В дошкольном возрасте ребенок учится бережно относиться к природе, природным явлениям, придавая значение окружающей среде. А отношение к окружающим людям проявляется в уважении к ним, уважении к старшим, привязанности к младшим, знании места родителей, установлении взаимоотношений со сверстниками, хорошем отношении к близким людям [2, 124]. Отношение ребенка к себе проявляется в появлении собственной позиции, осознанной и адекватной оценке собственного поведения, самопознании, самокритике

В дошкольном возрасте у ребенка начинают формироваться черты характера, самосознание и устойчивые чувства по отношению к тому, чтобы быть полезным в этой среде, быть нужным людям. Есть все основания полагать, что это развитие является следствием семейного воспитания. Ребенок психологически находится на пути развития в соответствии с требованиями общества и в любом возрасте постоянно нуждается в заботе, правовой заботе, поддержке, теплоте. Поэтому члены семьи должны уделять больше внимания ребенку дошкольного возраста.

Тем не менее, к сожалению, бывают случаи, когда общество меняется и влияет на психическое развитие ребенка из-за политической и экономической нестабильности в нашей стране, а также из-за отсутствия семейного воспитания, любви к ребенку, эмоционального отношения, в результате чего у ребенка появляются отрицательные черты, такие как агрессивность, эгоизм и т.

Таким образом, проблема выбора стиля воспитания детей в семье для детей дошкольного возраста является проблемой всего общества, заинтересованного в развитии сегодняшнего и будущего поколений. Необходимо активное участие в воспитательном процессе всех институтов воспитания социальной сферы совместно с семьей.

Литература

1. Асипова Н.А. Социалдык тарбия. - Б., КТМУ 2004 – 185с.
2. Кузьмишина Т.Л. Стили семейного воспитания: отечественная и зарубежная классификация /Т.Л. Кузьмишина, Е.С. Амелина, А.А. Пермякова, Е.А. Хохлова//Современная зарубежная психология. - 2014. - №1.– С.16–25.
3. Закон Кыргызской Республики Об образовании. 11.08.2023 №179. Глава 7 Дошкольное образование.
4. Макаренко А.С. Книга для родителей. –М., 1983. -358 с.
5. Мухина В.С. Детская психология. –М., 1999. -336 с.

ӘОЖ: 373.3 : 371.3

**Бастауыш сынып оқушыларына үздіксіз
тәлім-тәрбие беру мәселелері**

Есқараева А.Д., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

Казахский народ, то есть наши предки, считали, что главная цель воспитания – воспитать восьмигранного, загадочного, зрелого человека. Среди основных задач (направлений) воспитания особое место занимает патриотическое воспитание.

Abstract

The Kazakh people, that is, our ancestors, believed that the main goal of education was to educate an eight-sided, mysterious, mature person. Among the main tasks (directions) of education, patriotic education has a special place.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері балалардың бойында отаншылдық сезімді жастайынан қалыптастыру мәселесі күрделене түсті. Сондықтан «Қазақстан Республикасының жастарына үздіксіз тәлім-тәрбие беру тұжырымдамасында» тәрбиенің негізгі мақсаты дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, иманды, ақылды, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, талғамы жоғары және бойында тағы да басқа ізгі қасиеттері бар азаматты тәрбиелеу деп белгіленген.

Қазақ халқы, яғни біздің ата-бабаларымыз, тәрбиенің негізгі мақсаты сегіз қырлы, бір сырлы, жетілген адамды тәрбиелеу деп санаған. Тәрбиенің негізгі міндеттерінің (бағыттарының) ішінде патриоттық (елжандылық, ұлтжандылық) тәрбие ерекше орын алады. Сондықтан оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған, тәрбие салаларының бірі – отансүйгіштік тәрбие. Қазақстан Республикасы – көп ұлтты іргелі ел. Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже – оның барысында қалыптасқан жаңа адам бостандықты жеңіп алып, оны ауыр күрестерде қорғай білген, барлық сын – сынақтардан өтіп, өзі адам танымастай болып өзгерген. Өзінің бұрынғы қасиеттеріне саяси мұраттылықты қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетінің білімін кәдеге жаратып, мәреден көріне білетін адам.

Ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу, оқушылардың бойына қазақстандық отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр.

Азаматтық тәрбие сана-сезімді, дүниетанымды қалыптастырудан басталып саяси идеялық тәрбие арқылы отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа әкеледі. Отансүйгіштік,

ұлтжандылық екеуі егіз ұғым. Патриотизм-отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту. Патриотизм грекше patriotes - отандас, patris-отан, туған жер деген ұғымды білдіреді.

Отансүйгіштік-адамның бойындағы сезімге байланысты. Шәкірттердің сол сезімін ояту, өзін өз елінің азаматымын деп сезіне білу, өзінің бүкіл елімен және халқымен туысқандығын сезу, адамды қолдап, отыратын өзінің күші мен мүмкіндіктерін, сенімін нығайтатын ең күшті сезім болып саналады. Отансүйгіштік ұғымы елдің саяси құрылысына, оның саяси мекемелеріне сүйіспеншілік пен халықтың құрамын, өзі өмір сүріп отырған мәдени ортаға (мәдениетке, адамгершілікке, елдің әдет-ғұрпына) халықтың сүйіспеншілігін, өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортаға (елдегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға, оның еңбек жағдайларына) халықтың сүйіспеншілігі мен құрметін қамтиды. Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеттеріне:

- Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір ұлт өкілдеріне ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімді түсіндіру;

- Қазақстанда қызмет етуді мойындату;

- Қазақстанды ішкі немесе сыртқы жаудан қорғауға дайындау.

Қазір буржуазиялық, пролетариаттық патриотизм жоқ. Әр мемлекет өз мүддесін қорғайды. Сондықтан елдік, отандық патриотизм немесе отансүйгіштік тәрбие бар [2; 109-111].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қоғамда жаңа идеология қалыптастыру керек болды. Бұл идеологиялардың негіздерін «патриотизм», «қазақстандық патриотизм» және «ұлтжандылық» ұғымдары құралады

Жоғарыда патриотизм ұғымына берілген сипаттамалар мен зерттеушілер, ұлы ойшылдардың, қазақ зиялыларының пікірлеріне сүйене отырып, біз өз пайымдауымызды білдірдік. Патриотизм-ол өзінің туған жеріне, тіліне, еліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанның гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм-Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Психологияда адамның жан-дүниесі, сезім әрекеттеріне екінші сигналдық жүйенің ықпалы мол екендігі айтылады. Бұл ретте мектептердің патриотизмге тәрбиелеу жолдарын қарастыра келіп, олардың, жалпы оқушылардың сана-сезіміне ықпал ету, іс-әрекеттерін ұйымдастыру бағыттарында жүргізілгендігін анықтадық. Ұйымдастыру жұмыстарын осы бағыттар бойынша топтастырсақ, олар былайша бейнеленеді: лекторий, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, әңгіме кітаптар бойынша оқырман конференцияларын ұйымдастыру, ойын-сауық кештері, мұражайларға материалдар жинау фото қалқаншалар, фотоальбомдар жасау тағы басқа іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған.

Тәрбиелік іс-шараның бағыттары «ұлтжандылық, ұлттық патриотизмдік» сананы қалыптастыру болса, ол-ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді тағы басқа ұғымдар мен түсініктерді нақтылауды; олар туралы оқушы білімдерін жетілдіруді және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдетуді; сөйтіп Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын ашып көрсетуді талап етеді. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруда, олардың әрқайсыларының «өзін ұлтының перзентімін» деп сезінуін нысанаға ала отырып, Қазақстандағы дәл бүгінгі жағдайда «ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі», - деп білген жөн. Мұның өзі «ұлт дегеніміз - ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың шынайы жүрек жарды бірлестігі» деген идеядан өрбиді.

Патриоттық сезім-келтірілген киелі ұғымдармен байланысты: қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйсіну секілді т.б. эмоция спектілеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселелерін шешуді де көздейді. Патриоттық сезім- жоғары сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз. Өйткені ол «қоғамдық мәнді және көңіл күйге байланысты моральдық сезімдерге» қатысты болып келеді, ол сананың жетілуімен тығыз байланысты дамиды. Қоғамдық тәрбиенің ықпалымен патриоттық сезімдер тұрақтанып, оқушының іс-әрекеті, мінез-құлқынан, сөзі мен ісінен көрініс беріп, ұлты, халқы, Отаны үшін қызмет етуге дайын тұрады [10;15-21].

«Патриотизм» ұғымының құрылымын айқындау кезінде біз үшін М.Н.Росенко ұсынған «моральдық таным» деген ұғым жақын болды. М.Н.Росенкобойынша моральдық таным тұлғаның мінез-құлық нормалары мен принциптерінде, нысаналы қондырғыларда, сенімдерінде анықталады. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынастарда реттеуіштердің екі деңгейінде қызмет етеді: олар эмоционалды-сезімдік және рационалды-теориялық. Осылардың негізінде моральдық танымнан туындайтындардың бірі ретінде эмоционалдық және интеллектуалдық компоненттерді қамтиды.

Интеллектуалдық компоненттерді қалыптастыру өз Отанының тарихы, мәдениеті, дәстүрлері және т.б. туралы білімдерді игеруді көздейді.

Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпелі елдің басына дүние, ғылым-білім, өнер үйретуді армандады.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етті. Оның «Азаматтың бәрін сүй бауырым»-деген сөзі ұлы гуманистік идеяның айқын көрінісі еді [11;10-15].

Қазіргі қоғам адам тағдырына жаңа көзқараспен қарап, соған сәйкес оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды, халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің негізінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыруды, оқушыларың білім сапасын жетілдіруді талап етуде.

Қорыта келе оқушылардың атамекенге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жеке тұлғаның әлуметтік жағынан құнды, жағымды қасиеттерін дамыту ғана емес, сонымен халық педагогикасы арқылы оқушыларға сапалы білім беріліп, біліктері мен дағдыларын орнықтыруға да назар аударылған. Атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыру кең мағынада ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекет, ол оқушыларға халық педагогикасы негізінде сапалы білім беру, оларда іскерлік пен дағдыны дамытуға шығармашылықты арттыруға, жеке тұлғада атамекенді қадірлеу, сүйу, көркейту секілді атамекенге деген сүйіспеншіліктің белгілерін, қалыптастыруға, саяси сана мен ойлау қабілетін арттыруға бағытталған.

Әдебиет

1. С.Мұса. Жеті жылдық жолдың басы /Егемен Қазақстан, № 11 12-қаңтар, 2006
2. Д.Исабеков. Сенім салтанаты /Егемен Қазақстан №10 11қаңтар, 2006
3. Ақжол ақпарат. Әлемназары Астанаға ауған күн /Ақ жол №4 12 қаңтар 2006
4. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев. Қ.Р Конституциалық заңы / ЕҚ №8-9 10-қаңтар, 2006
5. А.Мәметек. Еліме, халқыма, қазақтарға шапағатыңды аяма деп тіледім Алладан / Нұр-Дала №10 2006
6. С.Светлана. Тәуелсіздік тірегің //Қазақстан мектебі №9 2002
7. Н.Ыбыраймова. Менің Қазақстаным!// Қазақстан мектебі №2 2002
8. П.Жаманқұл. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде көркем шығармалрды пайдалану //Бастауыш мектеп №2 2002

9. М.Аңсабаева. Сөнбес жұлдыздар//Қазақстан мектебі №12 2003

10. Ж.Қалиев.Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Астана, 2005

11. Ғ.Абшанкова. Отанын сүйуге тәрбиелеу//Бастауыш мектеп №1 2005

ӘОЖ: 37.013; 371.3

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын
ІТ технологиялары арқылы қалыптастыру**

Ешпанова С.К., магистрант,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования цифровой грамотности учителей начальных классов посредством информационных технологий (ИТ). Анализируется возрастающая роль цифровых технологий в современной системе образования, значимость цифровой грамотности учителей начальных классов, ее структура и компоненты. В статье рассматриваются эффективные пути развития цифровой грамотности педагогов посредством использования ИТ-технологий (обучающие курсы, мастер-классы, онлайн-платформы, обмен опытом), педагогических условий и возможностей.

Abstract

The article considers the issue of forming digital literacy of primary school teachers through information technologies (IT). The increasing role of digital technologies in the modern education system, the importance of digital literacy of primary school teachers, its structure and components are analyzed. The article considers effective ways of developing digital literacy of teachers through the use of IT technologies (training courses, master classes, online platforms, exchange of experience), pedagogical conditions and opportunities.

Цифрлық сауаттылық қазіргі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Бастауыш сынып педагогтерінің цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігі, әсіресе, заманауи ІТ технологиялардың білім беру процесіне енгізілуі арқылы жоғарылай түсуде. Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру—бұл тек оқыту әдіс-тәсілдерін жаңарту ғана емес, сонымен қатар мұғалімдерге заманауи технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыруды білдіреді.

Елімізде 2024 жылдың 1-қыркүйектен бастап «Цифрлық мұғалім» жобасы бастау алды.

Жоба мақсаты—әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан және үлгерімі төмен балаларға негізгі пәндер бойынша білімін толықтыруға мүмкіндік беру. Негізгі пәндер бойынша білім алушылардың білімін арттыру, цифрлық білім беру ресурстарын, бейнесабақтарды, электронды оқулықтарды, білім беру платформаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Цифрландыру мәселелерінде мұғалімдерге қолдау көрсету. Үлгерімі төмен білім алушыларға психологиялық, академиялық және когнитивті қолдау көрсету [1, 119-121б.].

Президент жолдауында білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, әрдайым даму жолында болып, бәсекеге қабілетті, креативті әлеуетін дамытумен айналысатын, еңбекқор тұлға қалыптастыруда басты үміт ұстаздар қауымына жүктелетінін атап айтқан. Оқыту – бұл біздің профессионалды міндетіміз. Ал, білім әр оқушының жадында түпкілікті сақталып, өмірде қолдана білуі ол ұстаздар тарапынан «табысты оқыту» болып табылады.

Жаңа өмір жағдайлары—ақпараттар көлемінің артуымен, коммуникабельдікпен, қоғамның дамуымен түсіндіріледі. Сол себептен ақпараттық технологиялар педагогтың кәсіби іс-әрекетінде маңызды орын алады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарында ІТ технологияларының маңызы

Бүгінгі күні ІТ технологиялары оқу үрдісін басқару мен жетілдіру үшін таптырмас құралға айналған. Олардың көмегімен мұғалімдер түрлі оқу платформаларын қолдана отырып, оқушылардың білімін тексеру, интерактивті тапсырмалар жасау, мультимедиялық материалдарды ұсыну сияқты көптеген мүмкіндіктерге ие болады. Бұл технологиялар оқыту процесінің сапасын арттырып, білім беру ортасын қызықты әрі жан-жақты етеді.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру жолдары

1. Қашықтан оқыту құралдары: Бастауыш сынып мұғалімдері қашықтан оқыту жүйелерін қолдануды үйренуі тиіс. Мұндай платформалар білім алушылармен тікелей байланыс орнатуға және сабақтарды тиімді өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы, Zoom, Google Classroom және Microsoft Teams сияқты құралдар оқыту мен оқушылардың арасында кері байланыс орнатуға септігін тигізеді.

2. Мультимедиялық құралдарды пайдалану: Мұғалімдер PowerPoint, Prezi немесе Canva сияқты бағдарламаларды пайдалана отырып, сабақтарды көрнекі және қызықты ете алады. Мұндай бағдарламалар түрлі графиктер, суреттер, анимациялар мен видеолар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады.

3. Қолданбалы бағдарламалар мен қосымшалар: Білім беру мақсатында арнайы жасалған түрлі мобильді қосымшаларды қолдану мұғалімдерге балалардың білімін бағалауға, оларға жеке тапсырмалар беруге, тіпті уақытты үнемдеуге көмектеседі. Қосымшалар арқылы мұғалімдер әр оқушының жеке дамуын бақылап, қажетті көмек көрсете алады.

4. Диджитал ресурстармен жұмыс: Мұғалімдер оқу материалдарын цифрландыру арқылы білім беру сапасын арттыра алады. Оқулықтар, тапсырмалар, видеолар мен презентациялар арқылы мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, оларды өз бетінше зерттеу мен шығармашылыққа ынталандырады.

Цифрлық сауаттылықтың педагогикалық мәні мұғалімдердің жаңа технологияларды дұрыс қолдануымен ғана шектелмейді. Бұл сонымен қатар оқушыларды ХХІ ғасыр дағдыларына, ақпараттық қоғамда жұмыс істеу қабілеттеріне дайындау міндетін көтереді. Сондықтан педагогтар тек білімді ғана емес, сондай-ақ оқушыларды жаңа білім алу әдістеріне бейімдеуі тиіс [4, 29-41б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылығын ІТ технологиялары арқылы қалыптастырудың артықшылықтары мен нәтижелері

Бастауыш сынып педагогтерінің цифрлық сауаттылығын ІТ технологиялары арқылы қалыптастырудың ерекшелігі оның көп қырлы және жан-жақты сипаты болып табылады. Бұл процесс тек мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер мен цифрлық құралдарды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар білім беру ортасын жаңарту мен оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. ІТ технологияларын енгізу арқылы мұғалімдер:

1. Жеке дара көзқарас: Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай адаптацияланған материалдар мен тапсырмаларды ұсына алады. Бұл оқушылардың жеке білім деңгейіне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді.

2. Қол жетімділік пен икемділік: Цифрлық құралдар арқылы мұғалімдер оқыту материалдарын әртүрлі платформада қолжетімді етіп, оқушылардың қай уақытта, қай жерде оқуына мүмкіндік жасайды.

3. Үздіксіз даму: Мұғалімдер жаңа технологияларды үйрену және кәсіби біліктілігін арттыру барысында өздерінің білім беру тәсілдерін үнемі жаңартып, жақсартуға мүмкіндік алады.

ІТ технологиялары арқылы бастауыш сынып педагогтерінің цифрлық сауаттылығын арттыру нәтижесінде көптеген оң өзгерістер болады. Олардың ішінде:

1. Оқушылардың мотивациясының артуы: Цифрлық технологиялар мен интерактивті құралдар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Бұл оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді, сол арқылы білім алушылардың қатысуын белсендіреді.

2. Оқушылардың дағдыларын дамыту: Цифрлық сауаттылық оқушыларға тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны сыни тұрғыда талдауға, шығармашылық шешімдер қабылдауға дағдыландырады. Бұл ХХІ ғасыр дағдыларын меңгеру үшін өте маңызды.

3. Оқушылардың білім сапасының жоғарылауы: Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру мен ІТ құралдарының тиімді қолданылуы нәтижесінде оқушылардың білім деңгейі жоғарылайды. Мультимедиялық ресурстар мен интерактивті сабақтар білім беруді сапалы әрі қызықты етіп жасайды.

4. Педагогтардың кәсіби дамуы: Мұғалімдер жаңа технологияларды қолдану арқылы кәсіби тұрғыдан жетіле түседі, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану барысында өздерінің педагогикалық тәсілдерін жетілдіреді.

5. Білім беру жүйесінің тиімділігі артуы: ІТ технологияларын қолдану арқылы білім беру жүйесінің тиімділігі арттырылып, білім сапасы жақсарады. Мұғалімдер оқушылардың нәтижелерін тез әрі тиімді түрде бақылап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізе алады.

Бастауыш сынып педагогтерінің цифрлық сауаттылығын ІТ технологиялары арқылы қалыптастыру–білім беру сапасын арттырудағы маңызды қадам. Мұғалімдердің цифрлық құралдармен жұмыс істеу қабілеті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың заманауи әлемдегі дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тұрғыда үздіксіз кәсіби даму мен оқыту әдіс-тәсілдерін жаңарту қажеттілігі ерекше маңызды [6, 57-67 б.].

Қорыта келгенде, цифрлық білім беру ресурсы мұғалімге қосымша материалдар ұсынып, сабақты шығармашылық бағытта жүргізуге жағдай жасайды. Тапсырманы тиімді ұйымдастырып, оқу мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аударуға, ақпараттарды көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқу тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Тұлға күзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғары нәтиже береді.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007).
2. Цифрлы Қазақстан. Мемлекеттік бағдарлама, 2023
3. Егемен Қазақстан 26 мамыр, 2023
4. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы. Алматы, 2008

5. ЮНЕСКО. (2018). Цифровая грамотность в образовании: Руководство для политиков и практиков.

6. Ribble, M., & Bailey, G. (2007). Digital citizenship: Addressing appropriate technology behavior. *Learning & Leading with Technology*, 34(7), 16-21.

ӘОК376

Зияты зақымдалған оқушыларды еңбекке тәрбиелеу арқылы эстетикалық сезімдерін дамыту әдістері.

Беккулова Л.Б., Кәсіптік еңбек пәнінің мұғалімі,
Әбуова Л. Е., Арнайы педагог,
«№3 арнайы мектеп-интернаты» КММ,
Алматы облысы, Қаскелең қаласы.

Резюме

В данной статье рассматривается роль организации выставок и поощрения в развитии эстетических чувств у учащихся с легкой степенью интеллектуального нарушения. Анализируются основные этапы организации выставок, методы поощрения и их польза для учащихся.

Abstract

This article examines the role of organizing exhibitions and encouragement in developing the aesthetic perception of students with mild intellectual disabilities. It analyzes the main stages of organizing exhibitions, methods of encouragement, and their benefits for students.

Зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық сезімдерін еңбекке тәрбиелеу арқылы дамыту – зияткерлік, шығармашылық және практикалық дағдыларды үйлестіретін маңызды ұғым. Бұл тәсіл оқу үдерісін жан-жақты етумен қатар, танымдық, эмоциялық және сезімдік аспектілерін де қамтиды. Эстетикалық тәрбие студенттердің сұлулықты бағалау қабілетін қалыптастырып, олардың білім беру жүйесіндегі жалпы тәжірибесін байытады.

Біріншіден, эстетикалық тәрбие оқушылардың эмоциялық және танымдық қабілеттерін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Ғалым V.Shih сұлулық пен үйлесім балалардың білім алуында маңызды рөл атқаратынын және дәстүрлі академиялық біліммен қатар эстетикалық сауаттылыққа да көңіл бөлу қажеттігін атап өтеді [1]. Сонымен қатар, Р. Li-Li эстетикалық тәрбие эмоцияларды тазартуға және мінезді қалыптастыруға ықпал етіп, моральдық және этикалық дамуға үлес қосатынын көрсетеді [2]. Бұл кешенді білім беру тәсілі эстетикалық сезімталдықты арттырып, өнерді түсіну қабілетін дамытады, бұл әсіресе зияты зақымдалған оқушылар үшін маңызды,

өйткені олар құрылымдық түрде сұлулық пен эстетикаға жүйелі түрде бейімделу арқылы өз оқу тәжірибесін байыта алады.

Сонымен қатар, эмпирикалық зерттеулер эстетикалық тәжірибені білім беру тәжірибесіне енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, W. Ye және т.б. ғалымдардың зерттеуінше өнер білімі, әсіресе, өнер және мәдени орындарда жүргізілетін бағытталған тәжірибелер арқылы зияты зақымдалған оқушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық дағдыларына оң әсер ететінін көрсетеді [3]. Бұл тұжырым M. Wang және т.б. ғалымдардың зерттеулерімен сәйкес келеді, олар эстетикалық тәрбие оқушылардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамытып, өнерді тереңірек түсінуін қамтамасыз ететінін дәлелдейді [4]. Сондықтан еңбекке тәрбиелеу барысында мұғалімдер көркемдік элементтер мен эстетикалық тәжірибелерді енгізген кезде, олар тек кәсіби дағдыларды дамытып қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың эмоционалдық және мәдени түсінігін де байытады.

Еңбекке тәрбиелеу эстетикалық тәжірибелерді дамыту үшін тиімді негіз ұсынады. M.Zhang көрсеткендей, тиімді еңбек тәрбиесі қазіргі білім беру талаптарына бейімделіп, басқару және оқу бағдарламасы тұрғысынан оңтайландырылуы керек, бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, дағдыларды меңгеруін жақсартады [5]. Осы тұрғыда эстетикалық білім еңбек тәрбиесіне шығармашылық әрекеттерді қамтитын іс-шаралар арқылы сәтті енгізілуі мүмкін. Мысалы, қолөнер, көркем шығармашылық немесе қоғамға қызмет көрсету жобалары зияты зақымдалған оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамытумен қатар, кәсіптік дағдыларын да жетілдіреді. Бұл жан-жақты тәсіл практикалық білім мен эстетикалық бағалаудың өзара күшеюіне мүмкіндік беріп, зияты зақымдалған оқушылардың жеке және кәсіби өмірге қажетті көпқырлы дағдылармен қамтамасыз етеді.

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулерінен шығатын қорытынды зияты зақымдалған оқушыларды эстетикалық тәрбиелеу – бұл олардың шығармашылық қабілеттерін, сезімталдығын және әсемдік дүниетанымын дамытуға бағытталған маңызды процесс. Зияты зақымдалған оқушыларды еңбекке тәрбиелеу арқылы эстетикалық сезімдерін дамыту бағытында мына әдістерді қолдануға болады.

Зияты жеңіл зақымдалған оқушыларды эстетикалық тәрбиеге баулу барысында олардың өз еңбектерін көрсетуі мен бағалауы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық сезімдерін дамытудың тиімді жолы жоғарыда атап көрсеткен қолөнер мен табиғи заттардан өз қолдарымен жасаған туындыларын көпшілікке көрсете отырып, көрме ұйымдастыру. Көрме ұйымдастыра отырып, оқушылардың жұмыстарын көрсету, олардың әсемдік шешімдерін талқылау

маңызды болып саналады. Көрме – оқушылардың шығармашылық жұмыстарын көпшілікке ұсынудың ең тиімді әдістерінің бірі. Мұндай іс-шаралар оларды шабыттандырып, өз жұмыстарын дамытуға ынталандырады. Сонымен қатар, көрме оқушылардың өзіндік көзқарасын көрсетуге және өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық сезімдерін дамытуда, өздері қолмен жасаған туындыларын көпшілікке таныстыратын көрмені төмендегідей кезеңдерге бөле отырып ұйымдастырған тиімді болып саналады.

1.Оқушылардың жұмыстарын дайындау: Аппликациялар, суреттер, қолөнер бұйымдары, сәндік элементтер мен әшекейлер жасату. Оқушылар жасаған әдемі безендірілген тұрмыстық заттар (шыныаяқтар, дәптер мұқабалары, қолөнер бұйымдары) дайындату.

2.Көрме кеңістігін безендіру: Жарықтың жеткілікті болуы, әр оқушының жұмысын ерекшелейтін тақырыптық бөлімдер жасау, қабырғаға оқушылардың шығармашылық жұмыс барысындағы суреттерін ілу (процесті көрсету) маңызды.

3.Жұмыстарды талқылау: Әр оқушы өз жұмысын таныстырады, қандай материал қолданғанын, қандай идеямен жасағанын түсіндіреді. Басқа оқушылар мен мұғалімдер олардың таңдаған түстері, стильдік шешімдері және жалпы композициясы туралы пікір білдіреді. Эстетикалық құндылықтар туралы пікірталас ұйымдастырса болады.

Көрме ұйымдастыру пайдалы себебі:

-**көрме арқылы** оқушылардың шығармашылық қабілеттерін артады;

-өзгелердің еңбегін бағалауға үйренеді;

-әр балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік алады;

-қоғамдық ортада өз еңбегін көрсетуді үйретеді;

-басқа оқушылардың жұмыстарымен танысып, жаңа идеялар алуға көмектеседі.

Зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық сезімдерін дамыту үшін ең тиімді әдістердің бірі ол- жасаған жұмыстары үшін үнемі мадақтау әдісін қолданып отыру. Мадақтау- әрбір жұмыстың эстетикалық құндылығын атап, өзін-өзі сенуін арттыру.Бұл процесте **көрмелер ұйымдастыру және мадақтау** әдістерін қолдану олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға көмектеседі. Осындай шаралар арқылы оқушылар өздерінің жетістіктерін көріп, сұлулықты қабылдау қабілеттерін жақсартады және өз еңбектерін мақтан тұтуға үйренеді. Мадақтау– оқушылардың жетістіктерін мойындап, олардың эстетикалық талғамын әрі қарай дамытуға түрткі болатын маңызды әдіс. Әсіресе, зияты зақымдалған оқушылар үшін мадақтау олардың өзіне деген сенімін арттырып, мотивациясын күшейтеді. **Мадақтаудың негізгі тәсілдері бар:**

1.Ауызша мадақтау:

-«Сенің жұмысың өте әдемі! Қандай керемет түстер таңдадың!»
-«Бұл жұмыста шығармашылық ерекше көрініп тұр, өзіңнің идеяларыңды өте жақсы жеткізе алдың!»

2. Сертификаттар мен мақтауқағаздары:

-«Еңкреативті жұмыс» номинациясы.

-«Ең әдемі түстер үйлесімі» номинациясы.

3. Жұмыстарды мектеп ішінде немесе арнайыбұрыштаілу:

-Мұғалімдер мен ата-аналар көре алатындай етіпжұмыстардыкөрсету.

4. Керібайланыс беру:

-Мұғалімдер ғана емес, оқушылар бір-бірінежақсыпікірбілдіруікерек.

-«Сағанқандай жұмыс қаттыұнады? Неліктен?» деген сұрақтар қою арқылы эстетикалық талғамды дамыту.

Жалпы зияты зақымдалған оқушыларды әділ түрде мадақтау арқылы, өзін-өзі бағалауды арттыруға, еңбектің нәтижесін көріп, оданләззаталуға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамытуғаынталандыруға болады.

Қорытындылай келе, зияты зақымдалған оқушылардың эстетикалық сезімдерін еңбекке тәрбиелеу арқылы дамыту олардың білім алу процесін байытып қана қоймай, сонымен қатар эмоциялық өсуіне, шығармашылық қабілеттерінің жетілуіне және өзін-өзі бағалау деңгейінің артуына ықпал етеді. Еңбекке тәрбиелеу үдерісінде эстетикалық білімді енгізу маңызды стратегия ретінде қарастырылады, зияты зақымдалған оқушылардың практикалық дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың эстетикалық көзқарастарын кеңейтуге де мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Shih Y. (2020). Teaching principles for aesthetic education: cultivating Taiwanesechildrens aesthetic literacy. *International Journal of Education and Practice*, 8(3), 568-576. <https://doi.org/10.18488/journal.61.2020.83.568.576>

2. Li-li P. (2023). The value and practical exploration of aesthetic education in vocational colleges. *International Journal of New Developments in Education*, 5(16). <https://doi.org/10.25236/ijnde.2023.051612>

3. Ye W., Chotipiboonsub J., &Chupradist K. (2024). Exploring the influential factors on aesthetic literacy among college students at leshanteachers college. *IJSASR*, 4(3), 363-374. <https://doi.org/10.60027/ijdsar.2024.4199>

4. Wang M. (2022). Analyzing the influence of college aesthetic education teaching on college students' innovation ability and artistic literacy based on decision tree classification model. *Mobile Information Systems*, 2022, 1-12. <https://doi.org/10.1155/2022/9587049>

5. Zhang M. (2022). Research on the current situation and countermeasures of labor education in higher vocational colleges in the new era. *Frontiers in Humanities and Social Sciences*, 2(11), 256-260. <https://doi.org/10.54691/fhss.v2i11.2815>

ӘОЖ 37.016 : 781.2 : 371.3

**Музыка пәнінде жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолдану
үдерісі**

Косбармакова Д.Б., п.ғ.м., аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ университеті,
Есмаханова С.А.,
Төкей Есетов атындағы №264
мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Комплексное формирование знаний, умений и навыков учащихся с использованием методов новых технологий в школьном музыкальном предмете, групповых программ, дидактических игровых технологий

Abstract

Comprehensive formation of knowledge, skills and abilities of students using the methods of new technologies in the school music subject, a group of programs, didactic game technologies

Заманауи білім беру жоғары технологиялық деңгейге көтерілуде. Жаңа педагогикалық технологиялар іздестірілуде, бұл, ең алдымен, дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеуден бас тартумен, жалпыадамзаттық құндылықтар теориясына, ізгілендіруге, тұлғалық-бағдарлы көзқарасқа негізделген жүйе ретіндегі педагогикалық процестің тұтастығы идеясымен байланысты. субъектілік қатынастардың басымдығы [3, 25].

Музыка сабағы-музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға арқау болады. Басқа да оқу пәндері сияқты музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық педагогикалық даярлығын, оқушылардық педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін білуді, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын біліп қана қоймай, оның жаңа жолдарын іздестіруді, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі байытып отыруын талап етеді. Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуге даярлығы басты екі кезеңнен оқу пәнін жүргізудегі жалпы және әрбір жеке сабақты өткізуге даярлығынан құралады. Жалпы даярлық барысында мұғалім

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық даму деңгейлерін зерттейді [2,63]. Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабаққа даярлығы да едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде оқу материалының мазмұны ойластырылады. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен шектелмей, оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды мейлінше терең меңгеруі тиіс. Музыка сабақтарын жүргізу үшін типтік бағдарлама негізінде құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарда бірізділікпен жоспарланған тақырыптардаң білімділік, тәрбиелік мақсаттары, қысқаша мазмұны, сабақтың түрі, әдістері, қолданылатын көрнекіліктері, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары, білім жетістіктерін бақылау және тексеру формасы, әр тақырыптың өтетін мерзімі көрініс табады.

Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарламас бұрын, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерделеу барысында, яки есте сақтау, білу оқу дағдылары және алған білімдерін түрлі ситуацияларды қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуі керектігін нақтылап белгілеп алғаны жөн. Жүйелі түрде және мақсатты бағыттылықпен жүргізілетін сабақтан, сыныптан, мектептен тыс тәрбие жұмысы, сондай-ақ балалардың музыкалық шығармашылықтарын дамыту осы жұмыстың жоғарыда аталған ерекшеліктерін, оқушылар құрамының жас және жеке-дара ерекшеліктерін, материалдық базаны, педагог мамандардың кәсіптік деңгейін, жергілікті жердегі мәдени инфроқұрылымдардың және т.б. мүмкіндіктерін есепке алу негізінде түрлі ұйымдастыру формалары арқылы жүзеге асырылғанда ғана нәтижелі жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылармен жеке жұмыс жеке дауыста ән салу немесе музыкалық аспаптарда: домбыра, қобыз, сырнай, фортепиано, скрипка, гитара және т.б. ойнап үйрену және т.б. әуесқойлық қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында музыкант-педагогтердің, музыка мамандарының жетекшілігімен ұйымдастырылады. Осындай жеке жұмыс балалардың болашақта топтық жұмысқа таратылуының алғашқы сатысы болып табылады. Топтық музыкалық тәрбие жұмысының түрлері көп: хор үйірмесі, музыкалық аспаптық ансамбльдер, оркестрлер, балалардың музыка театры, балалардың музыкалық филармониясы және т.б. Оларды музыкалық ісәрекеттің, балалардың жас мөлшерінің, музыканың жанрлық ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады [5, 21-85]. Мәселен, хор үйірмесін балалардың жас және жыныс ерекшеліктеріне қарай балдырғандар хоры (1-4 сыныптар), жеткіншектер хоры (5-8 сыныптар); аралас хор, ер балалар хоры деп бөлуге болады. Осы ретте жалпы мектеп хорын ұйымдастырудың да маңызы зор. Музыкалық аспаптар үйірмесінде жүзеге асырылатын топпен музыкалық тәрбие берудің түрлеріне түрлі ансамбльдер, мектеп оркестрлері мысал бола

алады. Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсу үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады. Заман талабына сай құрылған музыка сабағының маңызы зор.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру үшін үй тапсырмасын орындауға бөлінген уақытты азайту арқылы білім сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін азайтуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Мектепте оқу процесінде қолданылатын білім беру педагогикалық технологияларының кең спектрі ұсынылған [1,45].

Оқушылар сабақта музыкаға қатысты нақты білім мен білікті игереді. Игеру ісі мұғалім тарапынан танымдық және шығармашылық, технологиялық мағлұмат беру белгілі бір жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану үйрету кезінде жүзеге асады. Мұғалім сабаққа дайындық барысында оның мақсатын, мазмұнын, құрылымын жоспарлайды, оқытудың әдістері мен түрлерін қарастырады

Осының бәрін қамтитын сабақ жоспары мынадай элементтерден тұрады:

* **Сабақтың тақырыбы:**Музыкант болғым келеді

***Сабақтың мақсаты:** Музыкалық көркемдеуші құралдарды қолдана отырып, аспаптарда ойнау дағдыларын көрсетеді. Музыкалық көркемдеуші құралдардың көмегімен, әуеннің жанрын, көркемдік образдарын анықтайды және салыстырады

* **Сабақтың құрылымы мен мазмұны:**

Педагогтің әрекеті: Шығармашылық таныстырылым:

Сабақ барысында оқушылар музыкалық мамандықтарға байланысты «Музыкалық мамандықтар» туралы бейнетаспа көреді және талдайды.Оқушылар бірнеше топтарға бөлініп, дайындаған тапсырмалар бойынша таныстырылым өткізеді. Жұмыстар мына талаптар бойынша бағаланады.

- Мамандық туралы жалпы түсінік
- Мамандықтың маманға қоятын жалпы талаптары
- Мамандық туралы бір ән, тақпақ айтып беру

Оқушының іс-әрекеті: Оқушылар сабаққа назар аударады.

Мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беру арқылы бір қадам алға жылжып отырады. Әнші дегеніміз кім? Ол әнмен шұғылданатын музыкант, вокальдық музыка орындаушысы; Домбырашы дегеніміз кім? Ол домбырады ойнайтын музыкант; Композитор дегеніміз кім? Ол музыкалық шығармалардың авторы, музыканы шығаратын адам.

Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, әнші әнмен шұғылданатын музыкант, вокальдық музыка орындаушысы, домбырашы домбырады ойнайтын музыкант, композитор музыкалық шығармалардың авторы, музыканы шығаратын адам екендігін ұғады. Өнер – біздің кешегі,

бүгінгі, ертеңгі тарихымыз екенін түсінеді.

Практикалық жұмыс. «Әнді орындау»

«Әнші балапан» (өлеңін жазған: Қ.Қазыбеков, әнін жазған: М. Омаров) – қайталап орындайды:

– Әннің мазмұнына қарай көркем орындауға көңіл бөлукерек.

– Әннің мазмұнын таныстырылымда алған білімдеріменсалыстырып, түйіндеу керек.

Білім, ғылым, өнерге

Қанат қағар кездерің.

Ата салтын ертеңге

Жеткізетін өздерің.

Қайырмасы:

Әнші, биші, Әнші балапан.

Әнші, жыршы, Күйші балапан.

Күтілетін нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы (мысалы: өнері қай дәуірде жасалғанына қарамастан, біздің заманауи мұраттарымызға сай келетін ұлы «замандастарымыздың» музыкасы туралы баяндама; компьютерлік презентация көрсету; газет шығару; осы мәселе бойынша шығармашылық топтардың орындауындағы музыкалық дәрістер).

- Оқушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) іс-әрекеті.

-Зерттеу әдістерін қолдану: мәселені анықтау, оны шешу гипотезасын ұсыну, зерттеу әдістерін талқылау, түпкілікті нәтижелерді рәсімдеу, алынған мәліметтерді талдау, қорытындылау.

Жобалық іс-әрекетті материалды меңгеру сабақтарында да, білімді қолдану сабақтарында да, жалпылау сабақтарында да қолдануға болады.

Заманауи педагогикалық технологияларды жаңа ақпараттық технологиялар мен компьютерлерді кеңінен қолданбай елестету мүмкін емес. Заманауи компьютерлік жүйелерге деген үлкен қызығушылық оқу іс-әрекетінің мотивациялық негізі болып табылады. Бұл әдістердің педагогикалық, дидактикалық функцияларын толық ашуға, оларға тән әлеуетті мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялар; олар оқыту мен тәрбиелеудің сапасының, вариациясының, дифференциациясының және даралануының қажетті деңгейіне кепілдік беретін заманауи білім берудің негізіне айналады [4, 96].

Жалпы білім беретін мектептерде музыканы оқытудың өзектілігі техникалық оқу құралдарын кеңінен қолдану болып табылады: музыка сабағында, мектептегі мерекелер мен іс-шаралардың дыбыстық дизайнында қолдануға болатын музыкалық орталық, теледидар, бейнемагнитофон, синтезатор. Цифрлық электронды аспап–синтезатордың сөзсіз артықшылықтарына мыналар жатады: тембрлік әртүрлілік, дыбыстың

канықтылығы мен көлемділігі, ондағы орындаудың салыстырмалы техникалық қарапайымдылығы.

Әдебиет

1.Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. /. Астана, 2000.105 б.

2.Лобанова Е.А. «Сабақтың мүмкіндіктері денсаулық сақтау технологияларын енгізу құралы ретінде». »Мектептегі музыка» журналы, 2005 ж. №3.

3.Т.А.Замятина «Заманауи музыка сабағы», оқу-әдістемелік құрал - М., «Глобус» баспасы -2010 ж.

4.Селевко Г.К. Заманауи білім беру технологиялары: Оқу құралы. – М.: Халыққа білім беру, 2005

5.Беспалько В.П. Педагогикалық технологияның компоненттері. М., Педагогика, 1989 ж.

ӘОЖ 004.9;378.147

Болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы геймификация технологиясын тиімді қолданудың мүмкіндіктері

Мырзанова А.К., докторант,
ғылыми кеңесшісі: Давлетова А.Х.,
Информатика кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана қаласы)

Резюме

В статье рассмотрено содержание понятия «геймификации», выделены ее составляющие и главная идея, а также обозначены применения в процессе обучения. Геймификация является образовательным подходом, направленным на повышение мотивации обучающихся к изучаемому материалу. Использование игровых технологий при изучении какого-либо предмета способствует формированию логического мышления, внимания, развитию умения работать в команде, а также анализировать любую ситуацию с разных сторон.

Abstract

The article examines the content of the concept of gamification, highlights its components and the main idea, as well as its applications in the learning process. Gamification is an educational approach aimed at increasing students' motivation for the material being studied. The use of gaming technologies in the study of a subject contributes to the formation of logical thinking, attention, the development of the ability to work in a team, as well as analyze any situation from different angles.

Қазіргі заманғы технология белгілі бір қызмет түрін ұйымдастырумен немесе операциялармен процестердің жүйелі құрылымын қалыптастырумен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ өнім өндіру, материалдық қызмет көрсету және жаңа техникалық шешімдерді әзірлеу үдерістерін де қамтиды. Технология – иерархиялық тұрғыда ұйымдастырылған, өндірістік және қызмет көрсету салаларындағы үдерістерді басқаруға, оңтайландыруға, жаңғыртуға, сондай-ақ тұрақты инновацияларды енгізуге бағытталған күрделі білім жүйесі. Сонымен қатар, ол тек техникалық аспектілермен ғана емес, экономикалық жағдайлармен, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және психологиялық факторлармен де тығыз байланысты. Технологиялық білім кешені құқықтық, психологиялық, саяси, нарықтық және адам факторына қатысты білім салаларымен ұштасып, көпқырлы ғылыми ұғым ретінде сипатталады. Бұл ретте технология адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылып, адам мүддесіне қызмет етуге бағытталады [1].

Технологиалардың қарқынды дамуы мен үнемі жетілдірілуі жағдайында қазіргі білім беру жүйесінің алға қойған маңызды міндеттерінің бірі болашақ информатика пәні мұғалімдерін оқыту үдерісінде білім алушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын арттыруға әрі сақтауға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық әдістерді анықтау болып табылады. Сонымен қатар, бұл әдістер оқыту мазмұнын нәтижелі меңгеруге ықпал етуі тиіс. Аталған талаптарға ойын элементтерін қамтитын оқыту тәсілдері сәйкес келеді. Осыған орай, білім беру технологияларын жетілдірудің заманауи әрі өзекті бағыттарының бірі ретінде геймификацияны қолдану алдыңғы қатарға шығуда.

«Геймификация» ұғымы әртүрлі ғылыми еңбектерде әрқилы түсіндірмелерге ие [2],[3]. Жалпы алғанда, бұл ұғым екі негізгі тұрғыдан қарастырылады. Біріншіден, геймификация–ойынға жатпайтын жағдайларда мақсатты мінез-құлықты ынталандыру және қатысуды арттыру мақсатында ойын элементтері мен механизмдерін қолдану тәсілі ретінде түсіндіріледі [3]. Екіншіден, ол өмірдің түрлі салаларында ойын стратегияларын жүзеге асыру үдерісі ретінде сипатталады. Білім беру саласында геймификацияны педагогикалық құрал ретінде қарастыруға болады. Ол оқыту үдерісіне ойын технологияларын ендіру арқылы білім алушылардың оқу материалына қызығушылығын арттырып, олардың сабаққа белсенді қатысуына және оқу нәтижелерінің жақсаруына ықпал етеді [4].

Геймификацияны құрал ретінде және процесс ретінде қарастыру тәсілдерінің салыстырмалы сипаттамасы келесідей: құрал ретінде геймификация пайдаланушыларды ынталандыру және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін ойын элементтерін қолдануға бағытталған, ал процесс ретінде ол жүйелі түрде жүзеге асырылатын, оқыту мен қатысуды арттыруға арналған ұзақ мерзімді әрекеттер мен

тәсілдер жиынтығын білдіреді. Осылайша, геймификацияның құрал ретіндегі мақсаты – қысқа мерзімді әсер ету, ал процесс ретінде ол ұзақ мерзімді өзгерістер мен дамуды мақсат етеді.

Білім беру үдерісіне геймификацияны енгізу және білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында ойын технологияларын әзірлеу мәселелері Отарбаева Л.Л., Утепбергенова Г.К., Муханова А.С. тарапынан жан-жақты зерттелуде [5]. Сонымен қатар, геймификация элементтерін қолдану арқылы білім алушылардың оқу белсенділігін бағалау және арттыру аспектілері Токжигитова А.Н., Ермаганбетова М.А., Токжигитова Н.К. еңбектерінде қарастырылған [6]. Ал геймификацияның модельдері мен оның білім беру саласындағы мүмкіндіктерін талдауға қатысты ғылыми ізденістерді Ниязова Г.Ж. мен Алханов С.Ф. жүргізіп отыр [7].

Вербахтың [3] пайымдауынша, геймификация үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі – ойын элементтері, яғни ойын атмосферасын қалыптастыратын құралдар жиынтығы. Оларға ұпайлар, деңгейлер, аватарлар, миссиялар және басқа да ұқсас компоненттер жатады. Екіншісі – ойын құрастыру технологиясы, бұл ойын элементтерін жүйелеу мен ұйымдастыруға бағытталған және ойын дизайнерінен кәсіби шеберлікті талап ететін әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Үшіншісі – ойыннан тыс контекст, яғни негізгі мақсаты ойынмен байланысты емес әрекеттерді жүзеге асыру. Мұндай жағдайда білім алушы ойын түріндегі тапсырмаларды орындау арқылы шынайы өмірмен байланысты әлеуметтік тәжірибелерге араласады.

Геймификацияны болашақ информатика мұғалімдерін даярлау үдерісіне интеграциялау–олардың қызығушылығын, ішкі мотивациясын және педагогикалық тиімділігін арттырудың әлеуетті құралы ретінде ғылыми назарға ілінді. Осы бағытта кеңінен қолданылып жүрген Code.org секілді платформалар, әсіресе K–12 деңгейіндегі білім беру жүйесінде кеңінен зерттелгенімен, олардың мұғалімдерді кәсіби даярлау бағдарламаларындағы, соның ішінде Қазақстандағы қолдану ерекшеліктері мен тиімділігі әлі де жеткіліксіз зерделенген.

Code.org – бұл интерактивті сабақтарды, оқу барысын бақылау мүмкіндіктерін және білім алушыларды ынталандыруға арналған марапаттау жүйелерін қамтитын кеңінен қолданылатын геймификацияланған бағдарламалау платформасы [8]. Сонымен қатар, «Код сағаты» бастамасы әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған білім алушыларды бағдарламалау негіздерімен таныстырып, цифрлық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарды [9]. Болашақ мұғалімдердің Code.org платформасын қабылдауын, оны оқу үдерісінде қолданудың қолайлылығын, оқу үдерісіне қатысу


белсенділігі мен педагогикалық маңыздылығын, сондай-ақ енгізу барысында туындайтын қиындықтарды бағалауға бағытталған.

Бұл зерттеу болашақ информатика мұғалімдерінің Code.org платформасын қабылдау ерекшеліктерін талдау арқылы осы бағыттағы ғылыми олқылықтың орнын толтыруды көздейді. Зерттеу барысында платформаны қолданудың қолайлылығы, оқыту үдерісіне қатысу деңгейі және оны жүзеге асырудағы практикалық қиындықтарға ерекше назар аударылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ойын элементтерінің болашақ информатика мұғалімдерінің мотивациясына ықпалын анықтау, сондай-ақ Code.org платформасының заманауи педагогикалық практикалармен үйлесімділігін және оны енгізу барысында кездесетін негізгі кедергілерді айқындау болып табылады.

Білім алушылардың жаңа білім беру технологияларына, әсіресе геймификацияға қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнама оқыту үдерісіне бағытталған түрлі аспектілерді қамтитын сұрақтардан тұрады.


Информатика мұғалімдерін оқытуда геймификацияны қолдану

Сіздің оқуыңызда геймификация элементтері қолданылды ма?




Сурет 1. Информатика мұғалімдерін оқытуда геймификацияны қолдану.

Педагогикалық тәжірибеде геймификацияны қолданудың қандай артықшылықтарын көресіз? (Бірнеше нұсқаны таңдауға болады)



Сурет 2. Геймификацияны қолданудың артықшылықтары.

Сіз геймификацияны Информатика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына біріктіру керек деп ойлайсыз ба?



Сурет 3. Геймификацияны информатика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына біріктіру жөнінде.

Геймификация мұғалімдерді кәсіби даярлауда тиімді әрі болашағы зор әдіс ретінде танылып отыр. Алайда оның толыққанды жүзеге асуы құрылымдық түрде әзірленген оқу бағдарламаларына, цифрлық ресурстардың қолжетімділігіне және жергілікті білім беру стандарттарына сәйкестендірілуіне тікелей байланысты. Болашақ информатика мұғалімдерінің геймификация элементтерін оқыту үдерісінде сенімді әрі нәтижелі қолдануы үшін институционалдық деңгейде қолдау көрсету, сондай-ақ кәсіби біліктілікті арттыруға бағытталған арнайы бағдарламалар қажет.

Осы міндеттерді шешу үдерісінде Code.org секілді платформалар педагогикалық білім беруді жаңғырту, цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру және Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де компьютерлік ойлау қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту ісінде маңызды трансформациялық ықпалға ие бола алады.

Әдебиет

1.Литова З.А. Сущность понятия «технология»на современном этапе [Текст]/Литова З.А.//Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. 2019. № 2 (50). Т. 1.

2. Ким В. И. Геймификация в процессе организации обучения//Трибуна ученого. 2020. № 12. С. 182-189.

3.Вербах К. Вовлекай и властвуй. Игровое мышление на службе бизнеса. Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2015. 223 с.

4.Балашова М.О. Геймификация как способ повышения мотивации к учебной и научноисследовательской деятельности студентов-геймеров/М.О. Балашова, И.В. Гужова//Цифровое общество как культурно-исторический контекст развития человека: сборник научных статей и материалов Международной конференции,

Коломна, 11-13 февраля 2016 г./под общей редакцией Р. В. Ершовой. Коломна: Государственный социально-гуманитарный университет, 2016. С. 38-41.

5.Отарбаева Л.Л., Утепбергенова Г.К., Муханова А.С. Геймификация как интерактивное средство обучения в образовательном процессе. Методическое пособие. – Актобе. - 2020. – 81 с.

6.Токжигитова А.Н., Ермаганбетова М.А., Токжигитова Н.К. Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтау//Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. №3(144). – 2023. – Б. 253-261.

7. Ниязова Г.Ж., Алханов С.Ф. Геймификация модельдері және оның білім берудегі әлеуеті // Молодой ученый. - 2023. - № 10 (457). - С. 250-255.

8. Kalelioğlu, F. (2015). A new way of teaching programming skills to K-12 students: Code.org. *Computers in Human Behavior*, 52. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2015.05.047>.

9. Garcia, D. D., Ding, W., Cohen, J., Ericson, B., Gray, J., & Reed, D. (2015). One-day activities for K-12 face-to-face outreach. *SIGCSE 2015 - Proceedings of the 46th ACM Technical Symposium on Computer Science Education*. <https://doi.org/10.1145/2676723.2677337>

ӘОЖ: 373.3 : 371.3:001.895

Бастауыш мектепте инновациялық технологиялардың білім сапасын арттырудың маңызы

Есқараева А.Д., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Қызылорда Болашақ университеті,
Асанбекқызы А.,
«AMANAT SCHOOL» жеке мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

Одним из основных направлений гуманизации сферы образования является совершенствование видов и методов активного обучения.

Abstract

One of the main directions of humanization of the field of education is improvement of types and methods of active learning.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас (жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, оқу әдістемелік кешендерге көшу, т.б.), жаңаша ойлау қалыптасуда. Қазір дәстүрлі білім беруде оқушыларға тек пәндік

білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгеруге ғана бағытталып, олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліп отыр.

Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу тәрбиесі үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім берудің мазмұны жаңарып, жана көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда.

Білім беру саласын ізгілендірудің басты бағыттарының бірі - белсенді оқыту түрлері мен әдістерін жетілдіру. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық біліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы мұғалім [3;19-11].

Кез келген білім ордасының білім сапасын арттырудағы туындайтын кейбір проблемалардан шығу үшін: нәтижеге бағытталған жалпы орта білім беруде мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамытуды талап етеді. Әрбір мұғалімнің кәсіби дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі – құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологияларды қолданып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру мұғалімнің, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігіне тікелей байланысты.

XXI ғасыр–жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Ел өңірінің барлық саласы компьютерлендіріле бастады. Ендігі кезекте еліміздің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпақ компьютердің қыр-сырын терең меңгеруі тиіс [5;50-55].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, оқытуға тиянақты түрде көңіл бөлініп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз компьютерлерді қолдану арқылы осы жүйеде ақпараттық

жабдықтамаларды барынша тиімді пайдалану. Мұндағы басты жаңалық компьютер тек оқушы қолындағы құрал ғана емес оған қоса төмендегідей маңызды педагогикалық мәселелерді шеше алады:

- оқушының қабілетіне қарай үйрету ісін ұйымдастыру;
- сабақтағы жұмыс тәсілдерінің тиімді түрін таңдау;
- сабақ жүргізудің ыңғайлы жүйесін жасау.

Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға, оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады [4;21-25].

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [6;105-109].

Білім сапасын арттыруға және нәтижеге бағытталған оқыту технологияларының бірі-деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы пайдалану оқушы белсенділігін арттырып, білімін саралап қана қоймай, қол жетімді нәтижеге жеткізуді көздейді.

Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады.

Оқушылар бір сыныпта, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әртүрлі деңгейде игере алуы деңгейлік саралау деп аталады. Сондықтан міндетті дайындық деңгейі анықтаушы шарт болып табылады. Міндетті дайындық деңгейіне жету оқушының мазмұнды игеруге қойылатын ең аз қажетті талаптарды орындағанын сипаттайды. Осының негізінде материалды игерудің жоғарырақ деңгейлері қалыптасады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу [4;109-101].

Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу.

Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:

І – деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;

II – деңгейдегі тапсырмаларға:

1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады.

III – деңгейдегі тапсырмаларға:

1) танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;

2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен орындалатын тапсырмалар.

3) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген, өздігімен құрастыру және оны өздігімен шығаруға бағытталған, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар.

Демек, бұл тапсырмалар—оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Ал тиімді бағалау— сапалы білім мен нәтижеге қол жеткізудің басты шарты [2;19-11].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі-тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін танымдық жағдайлар арқылы қалыптастыруға, шығармашылық қажеттіліктерін толықтыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталуы.

Жаңа технология тек білім негіздерін беріп қана қоймай, оқушыны замана жүгін арқалауға қабілетті тұлға ретінде дайындайды.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен, қолжеткізер мақсаттармен ерекшеленеді. Айталық, сатылай комплексті талдау грамматикалық материалды терең меңгертіп, сөз өрнектерінің сан қилы сырын әр сөздің астарын ашып көрсете отырып, өмірдегі әр алуан мәселелерге барлай-бағдарлай қарап, өзбетімен шешуге тәрбиелесе, деңгейлеп саралап оқыту технологиясын дамытылар өз қабілеті мен икемін бекіте түссе, әлсіздер өзіне сын көзімен қарауға дағдыланып, сенімсіздіктен арылып белсенділігі арта түседі. Сол әдіс-тәсілдерді іріктеп алуда халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деген пікіріне сүйенген жөн деп ойлаймын.

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда. Заман талабына сай

технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Әдебиет

1. Ж.Ж.Қожамқұлова. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013 ж.
2. К.Ж. Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. «Қазіргі білім беру технологиялары». Алматы, 2006 ж.
4. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
5. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. – М., 2006.
- 6.Халықова К.З., Абдулкәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007.

Тулепбергенова А.У., докторант,
ғылыми жетекшісі: Аманова А.К.,
«Педагогика» кафедрасының зерттеуші-
оқытушысы, қауымдастырылған профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
(Астана қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются важнейшие аспекты формирования коллаборативной исследовательской среды, в том числе внедрение инноваций в системе образования, повышение результативности совместной работы обучающихся и учителей, эффективное управление научно-исследовательскими процессами.

Abstract

This article discusses the most important aspects of the formation of a collaborative research environment, including the introduction of innovations in the education system, increasing the effectiveness of joint work of students and teachers, and effective management of research processes.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті білім беру ортасын қалыптастыру, құру, жетілдіру қажеттілігі туындауда. Отандық білім беруді дамытудың логикасы жаңа, табысты нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру ұйымдарының ресурстарын (білім, өнімдер, идеялар, технологиялар, кадрлар) біріктіру болып табылады. Білім беру тәжірибесінде желілік өзара әрекеттестік, әлеуметтік серіктестік және кәсіби ынтымақтастықты (коллаборацияны) қалыптастыруды айтуға болады.

Оқу процесінде ынтымақтастық - бұл мұғалім ұйымдастыратын өзара әрекеттесу философиясы, педагогикалық процеске қатысушылардың бірлескен қызметі оқушылардың оқу материалын игеруге және жеке тұлғаны дамытуға әкеледі.

Бірлескен оқыту кезінде дағдылар бірінші орынға шығады және топтың әрбір мүшесінің үлесі, олардың топтық жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілігі де маңызды. Бірлескен оқытудың мазмұны әлеуметтік, когнитивті, эмоционалды сияқты үш негізгі аспектіні қамтиды. Осы үш аспектінің бірлігінде бірлескен оқу ортасы қалыптасады.

«Коллаборация» ұғымы ағылшын тілінен «ынтымақтастық» деген мағынаны білдіреді және төменде берілген мазмұнда мәні ашылады: жаңа экономиканың жаһандық ортасындағы кооперацияның ерекше нысаны; ортақ мүдделері бар және бір

мақсатқа жету үшін жұмыс істейтін бірнеше субъектілердің бірлескен жұмысы; бизнесті ұйымдастырудың орталықтандырылмаған моделі; ортақ өнім қызметінің әртүрлі салаларындағы мамандардың көзқарасы мен күш-жігері негізінде құру мақсатында өздерінің интеллект еңбегінің нәтижелерін және басқа ресурстарды біріктіретін қауымдастықтарды ұйымдастыру нысаны. Жаңа интеллектуалды өнімді алу үшін коллаборацияның нақты түрі ретінде ақыл-ой еңбегімен байланысты кез-келген салада пайда болуы мүмкін. Осы уақытқа дейін ынтымақтастық инновациялық үдерістердің дамуымен байланысты ғылым мен білім беру саласында кеңінен қолданылады. Коллаборацияның басты міндеті—ғылым мен технологияны дамытудың серпінді бағыттарында өз іс-әрекетін жүзеге асыратын пәнаралық құзыреттіліктерді жеткізуші педагогтердің жаңа буыны үшін шығармашылық ортаны қалыптастыру және құру. Коллаборация барысында шығармашылық белсенділіктің бірыңғай бірлескен ортасы қалыптасады.

Г.П.Синицынаның пікірінше, ынтымақтастық серіктестікте оқытудың оқу стратегиясының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады [1].

Н.В.Павельева бірлескен оқытуды білім беру процесіне қатысушылар арасындағы тығыз өзара әрекеттесуге негізделген педагогикалық тәсіл ретінде кеңірек түсіну керек деп санайды [2].

А.В.Куликов білім беру ортасындағы ынтымақтастықты-ынтымақтастық білім беру философиясы, бірлескен іс-әрекеттің, оқытудың және кәсіби-академиялық өзара іс-қимылдың бастапқы тұжырымдамасы екенін атап өтті [3].

"Коллаборативті оқыту (ағылш.-collaborativelearning)-оқытудағы мәселені шешу, тапсырманы орындау немесе өнімді жасаудағы мұғалімдер немесе білім алушылар топтарының бірлескен жұмысын көздейтін білім беру тәсілі. Коллаборативті оқыту дегеніміз – табиғаты бойынша әлеуметтік іс-әрекет қатысушылары қарым-қатынас негізінде оқу процесі арқылы бір-бірімен байланысады.

Алайда, ынтымақтастық құбылысын сипаттауда зерттеушілердің 1970 жылдардың аяғында әлеуметтік өзара әрекеттесуді типологияландыру мәселесіне жақындауға деген талпыныстары үлкен қатандық әкелді. Бұл зерттеушілерге белгілі бір типология шеңберіндегі элементтерді ажырату үшін жеткілікті болатын өзара әрекеттесудің ерекше сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік берген субъектілердің өзара іс-әрекетінің әртүрлі формаларын жүйелеуге деген ұмтылыс болды. Айта кету керек, 20 ғасырдың аяғына қарай әлеуметтік өзара әрекеттесу өзара тәуелді әлеуметтік әрекеттер жүйесі ретінде анықталады, онда бір субъектінің іс-әрекеттері екінші субъектінің іс-әрекеттерінің себебі мен салдары болып табылады, осылайша циклдік әлеуметтік тәуелділікті қалыптастырады. Осыған байланысты әртүрлі зерттеу

позицияларындағы әлеуметтік әрекет механизмдерін зерттеу әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі типологияларының пайда болуына әкелді.

А.В.Мудрик типологияның негізі ретінде субъектілердің бірлескен қызметінің сипатын анықтайды және әлеуметтік өзара әрекеттесудің үш негізгі формасын анықтайды: бірлескен-жеке (біртұтас кеңістікте болған кезде субъектілердің жеке мақсаттарына дербес қол жеткізу), бірлескен-дәйекті (рөлдерді бөлу арқылы ортақ мақсатқа қол жеткізу) және бірлескен-өзара әрекеттесу (бірлескен мақсаттың, процестің және нәтиженің) [4].

Зерттеулер көрсеткендей, көбінесе кооперация және ынтымақтастық терминдері шетелдік зерттеулерде бір-бірінің орнына қолданылады. Осыған байланысты кооперация мен ынтымақтастықты түбегейлі ажыратуды П.Дилленбург жүргізеді, бұл кооперация мынаны білдіреді: мақсатқа жету үшін күштер мен ресурстарды бөлу, ал ынтымақтастық: тапсырманы ұжымдық түрде шешу үшін күштер мен ресурстарды біріктіруді қамтиды [5].

"Педагогикалық өзара әрекеттесу" ұғымы 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басындағы отандық педагогиканың ғылыми айналымына кіреді. алдымен бұл термин білім беру саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамалардың өзара байланысын анықтау үшін қолданылады (М.А. Данилов, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин және т. б.). Атап айтқанда, ғалымдар оқыту принциптерін теория мен практиканың өзара байланысы арқылы сипаттады, оқу-тәрбие іс-әрекетінің формаларын таңдаудың кешенді тәсілінің ерекшеліктеріне жүгінді. Кейінірек педагогикалық өзара іс-қимыл коммунистік білім беру мақсаттарына жету үшін мектептерді, кәсіпорындарды және әртүрлі әлеуметтік институттарды біріктіру аясында қарастырыла бастады.

1988 жылы зерттеушілер ұжымы (Ю.К.Бабанский, В.А.Сластенин, Н.А.Сорокин) педагогикалық өзара әрекеттесуді "мектептегі қарым-қатынас процесінде тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара белсенділігі, ынтымақтастығы" деп анықтады. Мұндай анықтама сол кездегі білім беру парадигмасында мұғалімнің оқушыға әсер ету идеясынан субъектілердің өзара әрекеттесу идеясына біраз өзгеріс енгізгеніне қарамастан, 20 ғасырдың соңғы онжылдығында зерттеушілер педагогикалық өзара әрекеттесуді білім беру процесінің барлық қатысушыларының субъект-субъектілік қатынастары ретінде қарастырмады [6].

Бұған алғашқылардың бірі болып А.В. Мудрик педагогикалық өзара іс-қимылды "жеке тұлғалардың, топтардың, ұйымдардың бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастыру, оларға ортақ жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беру" деп анықтап, назар аударды [7]. Педагогикалық өзара әрекеттесуді түсінудің бұл тәсілі көптеген заманауи зерттеулердің негізін қалады, сонымен қатар педагогикалық

өзара әрекеттесу типологияларының даму тенденциясын көрсетті. Соңғы бағытта мұғалімдер негізінен әлеуметтік өзара әрекеттесуді типологиялаудың бұрын сипатталған тәсілдеріне сүйеніп, олардың ерекшеліктерін оқу-тәрбие іс-әрекетінің ерекшеліктеріне сүйене отырып нақтылады.

Сонымен, Л. В. Байбородова педагогикалық өзара әрекеттесудің келесі түрлерін анықтады: мақсаттың болуы бойынша (мақсатты немесе стихиялық); басқару дәрежесі бойынша (басқарылатын, басқарылмайтын және жартылай басқарылатын); өзара әрекеттесу сипаты бойынша (авторитарлық басшылық немесе "тең дәрежеде" ынтымақтастық).

А.С. Белкин субъектілердің белсенділік дәрежесіне негізделген педагогикалық өзара әрекеттесу түрлерін анықтады: қамқоршылық, тәлімгерлік, серіктестік, достастық. Өзара әрекеттесу нәтижесіне негізделген неғұрлым әмбебап типология жасалды: конструктивті, қайта құрылымдау, деструктивті, рестриктивті. Педагогикалық өзара әрекеттесу түрлері білім беру сатыларының өзара әрекеттесуімен ерекшеленуі мүмкін (мектеп—колледж—университет), педагог кадрларды даярлау салаларының өзара іс-қимылы бойынша (мектеп психологтары мен мұғалімдері) және оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимылы бойынша.

Шетелдік әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бірлескен оқытудың ерекшелігі 1980 жылдардың аяғынан бастап педагогикалық зерттеулерде кеңінен қамтылған. Д. Джонсон атап өткендей, оқу ынтымақтастығы оқытудың конструктивистік теориясына, атап айтқанда, бұл туралы бастапқы ережелерге негізделген:

а)білімді оқушылардың өздері құрастырады және өзгертеді; оқытушылардың міндеті-оқытудың белсенді әдістерін қолдану және топтық оқу өзара әрекеттесуін ұйымдастыру арқылы тиісті педагогикалық жағдайларды қалыптастыру;

б)білім беру процесі мұғалімнің оқушыға әсері емес, субъект-субъект және субъект барлық қатысушылардың объективті белсенді мақсатты өзара әрекеті;

в)жоғарыда айтылғандар білім беру үдерісіндегі өзара іс-қимылдың жетекші нысаны ретінде оқу ынтымақтастығы шеңберінде ғана мүмкін болады [8].

С.Броди мен Н.Дэвидсон бірлескен оқытудың дамуын 1970 жылдары конструктивизмді оқытудың белсенді әдістерінің негізі ретінде зерттеуге қатысты зерттеу ұстанымдарының бөлінуімен байланыстырды. Ғалымдардың пікірінше, оқу кооперациясы әлеуметтік өзара тәуелділік теориясының және оқытудың когнитивті тәсілдерінің жалғасы болды, ал оқу ынтымақтастығы ең алдымен білімнің әлеуметтік табиғаты теориясына сүйенеді [9].

Қорыта келе, педагогикалық ынтымақтастықтың бір түрі ретінде коллаборацияның келесі белгілері анықталды.

1. Педагогикалық өзара іс-қимылдың бірлескен нысаны оқу-тәрбие процесі субъектілерінің өзара әрекеттесуі мен қарым-қатынасының желілік сипатын болжайды.

2. Ынтымақтастық, ең алдымен, оны шешу барысында оқушылардың ресурстарын бөлуге емес, жалпы тапсырманы орындау кезінде жеке оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерінің синергиясына негізделген.

3. Оқытушы оқу ынтымақтастығы жағдайында фасилитатор және сырттан бақылаушы қызметін атқарады.

4. Оқушылар гетерархиялық бөлінген тапсырмаларды орындау кезінде басқа оқу қауымдастықтарының қатысушыларымен өзара әрекеттесудің әртүрлі вариацияларын пайдалана алатын оқу қауымдастықтарына бөлінеді.

Әдебиет

1. Сеницына Г.П. Стратегия обучения в партнёрстве: коллаборативное обучение/Г.П. Сеницына//Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2019, № 2(36).

2. Павельева Н.В. Коллаборативное обучение как модель эффективной реализации образовательного процесса / Н.В. Павельева // Образование. Карьера. Общество. -2010, № 3(29).

3. Куликов А.В. Системы дистанционного коллаборативного обучения и некоторые аспекты технологии их разработки / А.В. Куликов // Сборники конференций НИЦ Социосфера. – 2012, № 8.

4. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику: монография / А.В. Мудрик; Акад. пед. и социал. наук, Моск. психол.-социал. ин-т. -Москва: Институт практ. психологии, 1997.

5. Dillenbourg P., Baker, M., Blaye, A. & O'malley, C. The evolution of research on collaborative learning. / P. Dillenbourg, M. Baker, A. Blaye, C. O'malley//E.Spada & P.Reiman (Eds) Learning in Humans and Machine: Towards an interdisciplinary learning science. -1996.

6. Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования/ монография. - М.: КНОРУС, 2016.

7. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику: монография / А.В. Мудрик; Акад. пед. и социал. наук, Моск. психол.-социал. ин-т. — Москва: Институт практ. психологии, 1997.

8. Johnson D.W. et al. Impact of group processing on achievement in cooperative groups/D.W. Johnson // The Journal of Social Psychology. 1990, № 4.

9. Плотников М., Чилипенко Ю. Управление социальным взаимодействием/М. Плотников, Ю. Чилипенко // Проблемы теории и практики управления. – 2012, № 1.

ӘОЖ. 159.922

Тұлғаның субъективті қанағаттануының психологиялық ерекшеліктері

Абилсанов Нұржігіт, магистрант,
Қызылорда Болашақ университеті,
Ғылыми жетекшісі: Бапаева М.К.,
профессор м.а., п.ғ.к.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
(Алматы қаласы)

Резюме

В статье анализируются труды ученых из ближнего и дальнего зарубежья, изучающих понятие качества жизни и субъективное удовлетворение личности. Субъективная оценка качества жизни личности включает в себя эмоциональные (аффективные), когнитивные и ценностно-стимулирующие компоненты психики.

Abstract

В статье анализируются труды ученых из ближнего и дальнего зарубежья, изучающих понятие качества жизни и субъективное удовлетворение личности. Субъективная оценка качества жизни личности включает в себя эмоциональные (аффективные), когнитивные и ценностно-стимулирующие компоненты психики.

Өмір сапасы-адам мен қоғамның дамуының шарттарын, қажеттіліктерін, пайдалы іс-әрекет атқаруын, өміріне, әлеуметтік қатынастарына және қоршаған ортасына қанағаттануын сипаттайтын өмірлік құндылықтар жүйесі. Өмір сапасының негізгі критерийі – тұлғаның белгілі бір қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын өзіндік бағалау болып табылады. Өмір сапасына денсаулық, қоғамдағы қарым-қатынас ерекшеліктері, психологиялық және әлеуметтік статус, өзіндік бағалау, іс-әрекет және таңдау еркіндігі, стресс және қиындықтардан тәуелсіз болу, бос уақыттың ұйымдастырылуы, білім деңгейі, әлеуметтік, психологиялық және кәсіптік тұрғыдан өзін анықтау, өзара әрекеттестік орнатып, адекватты коммуникация жасай алу сияқты көптеген факторларға байланысты [1].

«Өмір сапасы» ұғымымен қатар «өмірге қанағаттану», «субъективті әл-ауқат», «психологиялық саулық», «бақыт» т.б. ұғымдар да қолданылады. Адамның және қоғамның өмір сапасының маңызды құрамдас бөлігі денсаулық.

Қазіргі уақытта ғалымдар әрбір елдің менталитетінің, мәдениетінің, әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып, адам мен қоғам өмірінің сапасының көрсеткіштерін зерттеуге үлкен үлес қосты және өзіндік түсіндірме үлгілерін жасады. Адам мен қоғамның өмір сүру сапасын анықтайтын әмбебап факторлары: *физикалық, әлеуметтік және*

эмоционалдық. Әрбір фактордың ішінде, сәйкесінше, зерттеушілерге адам өмірінің әртүрлі жас кезеңдеріндегі өмір сапасының сипаттамаларын, деңгейлерін, динамикасын зерттеуге және әртүрлі мәдениеттермен мемлекеттердің сипаттамаларын зерттеуге көмектесетін егжей-тегжейлі болуы мүмкін.

Физикалық, әлеуметтік және жеке кеңістікте өмір сүре отырып, адам әл-ауқат сезімін, өмірдің объективті және субъективті сапасын қалыптастыратын, қамтамасыз ететін немесе өзгертетін әртүрлі әсерлерді бастан кешіреді.

Өмір сүру сапасын субъективті бағалау адамның өз өмірінің ең маңызды, қазіргі кездегі маңызды аспектілеріне қатынасы ретінде анықталады. Субъективті өмір сапасының мән құраушы қызметі оның жеке тұлға үшін құндылық мәні бар, мағына береді және болашақ дамуымен өмірлік белсенділігінің мақсаттарын анықтайды. Тұлғаның өмір сүру сапасын субъективті бағалау психиканың эмоционалды (аффективті), когнитивтік және құндылық ынталандырушы компоненттерін қамтиды [2].

Өмірге қанағаттану және бақыт – бағалаушы категориялар, басқа адамдардың бұл туралы не ойлайтынына және бұл идеялардың жалпыға қаншалықты сәйкес келетініне немесе сәйкес келмейтініне қарамастан, субъектілердің өздерінің тәжірибелері мен өмірді ішкі идеялары тұрғысынан қабылдауы туралы пікірі. Қабылданған көзқарастар. Бақыт пен жалпы қанағат сезімі біртұтас адам өмірінің ерекшелігі – оның өткені мен бүгінінің ғана емес, болашағының бірлігінде.

Өмір сапасын зерттеуде жеке құндылық бағдарларды зерттеудің маңызы зор. Бұл, біріншіден, құндылық бағдарлардың көріністің субъективті сипатына ие болуымен байланысты. Екіншіден, құндылық бағдарлар жеке мінез-құлықтың реттеушісі, тұлғалық мотивация көзі болып табылады. Үшіншіден, құндылық бағдарларды қоғам әзірлеген және «болуы керек» өмір идеясын қамтитын идеал ретінде қарастыруға болады. Төртіншіден, құндылық бағдарлар динамизм мен және сонымен бірге тұрақтылықпен сипатталады, яғни адам өмірінің барысында құндылықтардың жиынтығы емес, олардың құрылымы, пікірлері мен көзқарастары өзгереді [3].

Осындай тенденция өмірге қанағаттануды анықтауда байқалады. Осы мәселе бойынша қазіргі ғылыми әдебиеттерді талдау бұл терминнің әртүрлі мағынаға ие екенін көрсетті, бірақ олардың бірі құндылықтар. Т.Н. Савченко мен Г.М. Головинаның зерттеулері адамдардың санасындағы бұл ұғымның бақыт сияқты әртүрлі жеке құндылықтармен, яғни демалыс, ойын-сауық, денсаулық, сүйіспеншілік және материалдық игіліктермен байланысты екенін дәлелдеді [4].

Субъектінің өмірдің құндылығын сезіну, оған қанағаттану қабілеті – оның мәні. К.А. Абулханова-Славская пікірінше, өмірдің

мәні біріншіден, жеке тұлғаның ұмтылысын, оның қажеттіліктерін білдірсе, екінші жағынан, оның нақты жетістіктерін, өзін өмірлік формаларда көрсетудің нақты қабілетін растайды. Олай болса, өмірдің мәні—болашақ, келешек қана емес, сонымен қатар адамның қолжеткізген жетістіктерінің өлшемі, жеке адам үшін маңызды критерийлер бойынша өз күш-жігерімен жеткенін бағалау [1].

А.Кэмпбелл жақсы адамдар арасындағы қарым-қатынастың болуы, өзін-өзі позитивті бағалау және өз өмірін бақылау сезімі «... жалпы әл-ауқатта нақты өмірлік жағдайға қарағанда маңыздырақ рөл атқарады» деп тұжырым жасады, яғни, «қарым-қатынас» және «болмыс» категориялары егер маңыздырақ болмаса, «иелену» санатына қарағанда өмір сапасының факторы ретінде бірдей танылады. Әртүрлі елдердегі психологиялық әл-ауқатты зерттеуде де осындай тұжырымдар жасалды [5].

Қазіргі уақытта өмір сүру сапасын анықтаудың әртүрлі тәсілдері бар және соған сәйкес оны бағалаудың әртүрлі критерийлері мен әдістері әзірленуде (Г.М. Зараковский, Е.Е. Давыдова, А.А. Давыдов, В.А.Хашченко, Л.Журавлев, К.А.Абулханова-Славская, Т.Н.Савченко, Г.М.Головина, Т.В.Эксакусто, А.А.Зайченко, т.б.).

Өмір сапасы көбінесе «адамның психологиялық әлеуеті», «өмірге қанағаттану», «психологиялық әл-ауқат», «адам потенциалы», «адам сапасы», «субъективті экономикалық әл-ауқат» ұғымдарымен байланысты [6].

Өмір сапасына әсер ететін маңызды психологиялық аспектілердің бірі-өзін-өзі бағалау. Өзін-өзі бағалау дегеніміз адамның өз құндылығын жалпы бағалауы мен қабылдауын білдіреді. Өзін-өзі бағалауы жоғары адамдар өздерінің қабілеттеріне, құзыреттілігіне және құндылығына оң көзқараспен қарайды, бұл өмірден қанағаттануды арттырады. Олар қиындықтарды көтереді, қиындықтарды жеңеді және өмірге оң көзқарасты сақтайды, бұл субъективті әл-ауқаттың және жалпы өмір сапасының жоғары деңгейіне әкеледі.

Екінші жағынан, өзін-өзі бағалауы төмен адамдар көбінесе өз-өзіне сенімсіздікпен, жеткіліксіздік сезімімен күреседі және субъективті әл-ауқат пен өмірге қанағаттану деңгейінің төмендігін сезінуі мүмкін. Осылайша, өзін-өзі бағалауды жақсарту психикалық белсенділікті және жалпы өмір сапасын жақсартудың маңызды аспектісі болып табылады.

Өмір сапасына әсер ететін тағы бір психологиялық фактор - өзін-өзі тиімді ету. Өзіндік тиімділік дегеніміз адамның белгілі бір міндеттерді сәтті орындауға және қалаған мақсаттарға жетуге деген сенімін білдіреді. Өзін-өзі тиімділігі жоғары адамдар әдетте өз өмірлерін көбірек басқарады, мотивация мен табандылық көрсетеді және өз мақсаттарына жету үшін әрекет ету ықтималдығы жоғары.

Бұл адамның қиындықтарды жеңу және қалаған нәтижелерге

қол жеткізу қабілетіне деген сенім субъективті әл-ауқат пен жалпы өмір сапасының жоғары деңгейіне ықпал етеді. Екінші жағынан, өзіндік тиімділігі төмен адамдар өздерін дәрменсіз, ынтасыз және өмірге қанағаттанудың төмендеуіне бейім болуы мүмкін. Осылайша, өзіндік тиімділікті дамыту психикалық қызмет пен жалпы өмір сапасын жақсарту үшін өте маңызды [7].

Авторлардың моделінде адамның қандай екендігі мен оның не болғысы келетіні және не болғысы келетіні арасындағы айырмашылықтың болуы нақты және идеалды психологиялық әл-ауқаттың аражігін ажырату қажеттілігін анықтайды. Біздің түсінігіміздегі өмірдің субъективті сапасы «психологиялық әл-ауқат» ұғымына жақын. Субъективті өмір сапасы адам өмірінің әртүрлі салаларындағы құндылық және мағыналық бағдарлардың жиынтығы және субъектінің олармен қанағаттану дәрежесі ретінде түсініледі. СӨС–адамның позитивті қызмет етудің негізгі құрамдастарын жүзеге асыруға бағдарлану дәрежесінің интегралды көрсеткіші, сондай-ақ субъективті түрде бақытты сезіну, өзіне және өз өміріне қанағаттануда көрсетілген осы фокустың жүзеге асырылу дәрежесі [8].

Өмір сүру сапасын субъективті бағалау адамның өз өмірінің ең маңызды, қазіргі кездегі маңызды аспектілеріне қатынасы ретінде анықталады. Субъективті өмір сапасының мән құраушы қызметі оның жеке тұлға үшін құндылық мәні бар, мағына береді және болашақ дамуымен өмірлік белсенділігінің мақсаттарын анықтайды. Тұлғаның өмір сүру сапасын субъективті бағалау психиканың эмоционалдық (аффективті), когнитивтік және құндылық ынталандырушы компоненттерін қамтиды [8].

Өмір сапасының психологиялық көрсеткіші–өмірдің әртүрлі салаларына қанағаттану дәрежесі және жеке тұлғаның психикалық адекваттылығымен оң сәйкестігі. Өмір сапасы–адамның субъективті қабылдауына негізделген физикалық, психологиялық және әлеуметтік қызметінің ажырамас сипаттамасы.

Өмір сапасының маңызды көрсеткіші - адамның айналасындағы әлеуметтік жағдайға қатысты жеке тәжірибесі. Ол өзін дені сау сезініп, еркін, қиналмай, әртүрлі әлеуметтік және техникалық жетістіктерді пайдалана алады ма, өмірлік жағдайларда жағымды немесе жағымсыз эмоцияларды бастан кешіреді ме, мұның бәрі оның өз өмірінің сапасына субъективті қатынасының көрсеткіші болып табылады.

Субъективті қанағаттануды өз өмірінің сапасына субъективті әл-ауқатпен байланыстыру табиғи нәрсе. Әртүрлі авторлардың еңбектерінде қамтылған субъективті әл-ауқаттың анықтамасын үш санатқа топтастыруға болады: [9]

- Нормативтік анықтама. Адам әл-ауқатты сезінеді, егер ол белгілі бір әлеуметтік қажетті қасиеттерге ие болса; Салауаттылық

критерийлері белгілі бір мәдениетте қабылданған құндылықтар жүйесі болып табылады.

- Әл-ауқат-бұл адамның өмір сүру сапасын оның жеке критерийлері бойынша жаһандық бағалау. Бұл анықтама әл-ауқат адамның тілектері мен ұмтылыстарының үйлесімді қанағаттандырылуын білдіреді.

- Субъективті әл-ауқат концепциясының мәні бақытты күнделікті түсінумен байланысты жағымды эмоциялардың теріс эмоциялардан артықшылығы. Бұл анықтама адамның өмірінде объективті түрде басым болатын немесе оларға субъективті түрде бейім болатын жағымды эмоционалды тәжірибелерді атап көрсетеді.

Субъективті әл-ауқат және өмірге қанағаттану. Субъективті әл-ауқат, өмір сапасы тұжырымдамасының негізгі құрамдас бөлігі, жеке адамның өзінің өмірлік тәжірибесін когнитивті және эмоционалдық бағалауын қамтиды. Бұған жалпы өмірге қанағаттану сезімі, жағымды эмоциялардың болуы және жағымсыз сезімдердің болмауы жатады. Субъективті әл-ауқат пен өмірге қанағаттануға әсер ететін психологиялық компоненттерді түсіну адамның өмір сүру сапасын түсіну үшін маңызды.

Әдебиет

1. Андреева Г.М. Психология социального познания. – М: Аспект –Пресс, 2005. – 288с. 27.

2. Качество жизни//Социологическая энциклопедия. В 2 тт. - Т.1. - М: Мысль, 2003. - С. 427.

3. Папура А.А. Категория «качество жизни» в психологических исследованиях //Прикладная психология и психоанализ. / А.А. Папура // 2014. № 3.

4. Головина Г.М., Савченко Т.Н., Сочивко Д.В. Степень закрытости системы как фактор восприятия качества жизни// Прикладная юридическая психология. 2015. № 3. С. 82-91.

5. Кэмпбелл А. Устойчивость и благополучие в развивающихся странах. М. Унгар(ред.). Пособие по работе с детьми и молодежью: пути к устойчивости в разных культурах и контекстах. 2004. С. 189–209.

6. Феоктистов, Д.В. Методология оценки уровня и качества жизни населения /Д.В. Феоктистов. - 2002.- № 3-4.

7. Субетто, А.И. Управление качеством и выживаемость человека//Стандарты и качество. - 2011. - № 1,2,3. – С. 39-48.

8. Федоров, М.В. Качество жизни и его оценка./М.В. Федоров, Е.Е. Заседенец.//Проблемы психологии и эргономики. – 2000. – №1. – с. 41.

9. Савченко, Т.Н. Методология исследования субъективного качества жизни. // Прикладная юридическая психология. – 2010. – №4. – с. 23-35.

Ахмет Батырхан, магистрант,
Қызылорда Болашақ университеті,
Ғылыми жетекшісі: Бапаева М.К.,
профессор м.а., п.ғ.к.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
(Алматы қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются выводы исследователей о проявлениях эгоистического поведения у людей, виды эгоизма, пути его преодоления.

Abstract

The article examines the conclusions of researchers about the manifestations of selfish behavior in people, types of selfishness, ways to overcome it.

Эгоизм (өзінсүйю, пайдакүнемдік, жеке мүдделерді қоғамға артықшылық) – бұл мінез-құлықтың белгілі бір түрін қалыптастыратын сипат белгісі, ол өзінің пайдасы мен мүддесін толығымен айқындалады.

Эгоизм (лат. ego-«мен») - адамның өз пайдасы мен өзгелерге зиян келтіруге ұмтылысымен айқындалатын мінез-құлық. Егер адам өз мүддесін басқалардың мүддесінен жоғары қойып, айналасындағылардың пікірін құрметтесе, өзімшілдік ақылға қонымды болып саналады. Эгоизм – адамның өз мүдделерін бірінші орынға қоюы, жеке қажеттіліктерін басқалардан жоғары санауы. Бұл қасиет әр адамның табиғатында бар және әртүрлі деңгейде көрінеді. Кейбір жағдайларда эгоизм адамның өзін-өзі қорғау және жеке мақсаттарына жету үшін қажет болса, кейде ол қоғамға кері әсерін тигізуі мүмкін [1].

Эгоизм мәселесін көптеген философтар мен ғалымдар зерттеген. Олардың ішінде: адамның табиғаты бойынша өзімшіл екенін және өзін-өзі қорғауға бейім екенін **Томас Гоббс**, рационалды эгоизмді жақтап, адамның өз мүдделерін қорғауы этикалық тұрғыдан дұрыс деп санаған **Айн Рэнденбектерінде** қарастырылған. **Фридрих Ницше** өзімшілдік пен жеке мүдделерді жоғары бағалап, адамға өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беретінін негіздеді.

Жан Пиаже – балалардың эгоцентризмін зерттеп, олардың ойлау процесінің дамуы барысында өзіндік көзқарастарын қалыптастыратынын анықтады. **Карл Юнг** – адамның эго құрылымын зерттеп, оның тұлғаның дамуындағы рөлін талдады. **Эрих Фромм** – адамның эгоистік және гуманистік тенденцияларын қарастырып, қоғамның эгоизмге әсерін зерттеді.

Австриялық психиатр және психоаналитикалық мектептің негізін қалаушы Зигмунд Фрейд эгоизмді адамның туа біткен қасиеті ретінде қарастырды. Оның түсіндіруінде эгоизм тек игілікке, пайдаға ұмтылудың ғана емес, сонымен қатар тамақпен, ұйқымен, баспанамен қатар базалық қажеттіліктердің де негізінде жатыр. Психоанализ негізінде адамның мінез-құлқы эго мен ид арасындағы қақтығыс нәтижесі екенін көрсетті [2].

Кеңестік психиатр және медициналық психолог В.Н. Мясищев эгоизмді бала кезінде қалыптасатын мінез-құлық қасиетіне жатқызған, егер баланы өрескел және деспоттық ата-аналар тәрбиелесе немесе керісінше, оны тым қорласа; немесе егер ол жақын ересектер арасында мейірімділік мысалын көрмесе немесе оның достары болмаса өзімшілдіктің қалыптасуына негіз болады. Өз зерттеулерінде ғалым «Эгоистикалық ұстаным субъектіде жекелеген санамаланған шарттардың және ішінара оның жеке басының эндогендік ерекшеліктерінің белгілі бір үйлесімі нәтижесінде тәрбиеленеді» деп тұжырым жасайды [3].

Эгоизмнің бірнеше философиялық тұжырымдамасы бар:

Психологиялық. Ол әрбір адамның тек бір ғана түпкі мақсаты - өзінің әл-ауқаты бар екенін білдіреді. Осы көзқарасқа сәйкес, тіпті ізгі іс жасаған адамның өзі тікелей немесе жанама түрде жеке пайдасын көздейді. Бұл міндетті түрде материалдық құндылықтар емес: мысалы, қайырымдылық жасау арқылы адам өзінің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Көмектескендерден алғысын алып, өзін жақсы сезінеді. Кейде адамдар кінәсін жеңілірек сезінеді немесе жоғалтуды бастан кешіреді.

1. *Этикалық.* Этикалық эгоизм өз мүддесі үшін және өз пайдасы үшін әрекет ету яғни адам басқалардың мүддесінен бұрын өзінің жеке мүдделерін қорғауы керек деген философиялық көзқарас.

Рационалды. Ұтымды немесе ақылға қонымды эгоизм адамды басқаларға зиян келтірмей, өзінің жеке мүдделері мен мақсаттарын көздеуге итермелейді. Мұндай адам не қалайтынын түсінеді, бақыт пен табысқа ұмтылады, айналасындағыларға зиян келтірмейді. Басқалардың қызығушылықтары мен сезімдерін елемеу эгоистің өзі үшін тиімсіз және деструктивті болып саналады [4].

Деструктивті эгоизмнің белгілері

Мұндай эгоист тек өзіне ғана қызығады. Бұл әсіресе коммуникацияда жақсы байқалады: кез келген тақырып оның тұлғасына келіп тіреледі.

Эгоист үшін екі пікір ережесі жұмыс істейді - «қате және менің». Өзімшіл адам өзіне көбірек көңіл бөлуді талап еткенін ұнатпайды. Деструктивті эгоист айналасындағылардың сынына көнбейді. Ол айналасындағылардың атына жосықсыз бағалар шашады, бұл ретте ол сынға осал. Мұндай адамдар- шебер манипуляторлар. Эгоист мүмкін болған жерде: отбасында, ұжымда

кемсітушілік танытады. Басқалардың тілектерін елемей, өз еріктеріне ерік береді.

Салауатты өзімшіл адам өзін естіп, түсінеді. Оның ойлары, эмоциялары мен іс-әрекеттері келісімді және үйлесімді. Ол өзінің қажеттіліктерін жақсы түсінеді және оларды іске асырады. Рационалды эгоист сырттан манипуляциядан қорғалған, себебі ол өзіне не керек екенін жақсы біледі. Ол басқа адамдардың өзі үшін қолайсыз талаптары мен өтініштерін орындауға дайын емес. Мысалы, басшы тұрақты негізде қызметкерден нормадан асатын жұмыс көлемін орындауды талап етеді. Шын мәнінде өзіне ұқыпты және құрметпен қарайтын адам - рационалды эгоист - мұндай жағдайда теріс ықпалға түспей, өз құқықтарын қорғай алады. Рационалды эгоист үшін ыңғайлы емес, маңызды болу тиімді.

Рационалды, салауатты эгоизм - бұл өзіне деген сүйіспеншілік. адам өз мүдделерін қорғай отырып, басқаларға да зиян тигізбеуге тырысады. Бұл тұлғаның өзін-өзі дамытуына және өмірде жетістікке жетуіне көмектеседі. Басқа адамдар қабылдауы және мақұлдауы, қабылдамауы және сынауы мүмкін - бұл адамның өзіне деген көзқарасын өзгертпейді, ол әрқашан барабар, басқалардың пікіріне тәуелді емес.

Жазымсыз (пайдакүнемдік) эгоизм – адам тек өзінің пайдасын ойлап, өзгелердің қажеттіліктерін елемейді. Бұл қарым-қатынастарға, жұмыс ортасына және қоғамға зиянын тигізуі мүмкін [4].

Ал ауыртпалы эгоизмнің негізінде осалдықтар, тиімді коммуникацияға қабілетсіздік, сынға бейімсіздік бар. Мұндай адам өзі туралы дауыстап, мақтап айтады, бірақ бұл бетперде, оның артында көбінесе кері қайтару, өзін қабылдамау, қорқыныш, алаңдаушылық бар. Мұндай масканы ұстап тұру үшін орасан көп энергия қажет.

Сондай-ақ эгоизмнің оң және теріс жақтары да бар. Оңжақтары:

- Өзін-өзі дамытуға және жетістікке жетуге ынталандырады.
- Адамның құқығы мен мүдделерін қорғауға көмектеседі.
- Тұлғаның дербестігін және сенімділігін арттырады.

Терісжақтары:

- Қоғамдаөзімшілдік пен немқұрайлылықтың күшеюіне әкеледі.
- Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.
- Ұжымдық мүдделерге қайшы келіп, ынтымақтастыққа кедергі келтіреді.

Эгоизмнің шектен тыс көрінісін реттеу және тепе-теңдік сақтау үшін келесі қадамдарды қолдануға болады:

• **Эмпатияны дамыту**—басқа адамдардың сезімдері мен қажеттіліктеріне мән беру арқылы өзімшілдікті азайтуға болады.

• **Қоғамдық қызметке қатысу**—волонтерлік немесе қайырымдылық іс-шараларға қатысу басқаларға көмектесу дағдысын қалыптастырады.

- **Коммуникативті дағдыларды жақсарту** – ашық әрі шынайы қарым-қатынас құру адамдар арасындағы түсіністікті күшейтеді.

- **Өзін-өзі тану және рефлексия** – өз әрекеттерін талдау арқылы өзімізді деңгейін бақылауға болады.

- ұжымдық жұмыстарға араласу эгоизмді азайтып, ынтымақтастықты арттырады.

Өзімізді серіктес өз тұлғасына шоғырланған және басқа адамдарға уақыт жұмсауға дайын емес. Ол одақтың басқа мүшесінің ұстанымы мен пікіріне қызығушылық танытпай, тым сенімділік танытады. Мұндай тұлға өзінің қателігін немесе мәселенің мәнін білмейтінін мойындауды қаламай, қақтығыстарға оңай барады. Ол өзінің жетістіктерін қуана-қуана жеткізіп, сәтсіздіктері туралы үндемейді.

Егер адам қарым-қатынаста эгоист болса, ол:

- ✓ Серіктестің мансаптық жетістіктеріне және оның жеке басына қарағанда оның өмірінде қалай пайдалы болуына үлкен қызығушылық танытады.

- ✓ Бірге болу үшін сәйкес келуі тиіс ережелер мен өлшемдердің ұзын тізбесін ұсынады, ал өзі оларды сақтауға ұмтылмайды.

- ✓ Қатты қадағалауды орнатады, оны жоғалтқан кезде өзін дұрыс ұстамайды.

- ✓ Әріптестің мақсаттары мен мүдделері маңызды болмағандықтан, өз мүдделері мен әл-ауқатына басым көзқарасты көрсетеді.

- ✓ Серіктестің жетістіктеріне шынайы қуаныш білдірмейді, оларға қызғаныш пен көреалмаушылық танытады.

- ✓ Қарым-қатынастағы адамның өміріне деген қызығушылығының жоқтығын көрсетеді, ол туралы айтқысы келмейді.

- ✓ Басқаларды тыңдай алмайды, сөзін үзіп, бірінші болып сөйлегісі келеді.

- ✓ Көбінесе кез келген өтінішке «жоқ» деп жауап береді.

Психолог және «Эмоционалды интеллект» кітабының авторы Дэниел Гоулман эмоцияларды ойлаумен үйлестіру қажет деп санайды, ал эгоистердің жиі қақтығысы әлсіз эмоционалды интеллект белгісіне айналады. Мұндай адамдар мансабында сирек табысқа жетеді, спортта және шығармашылықта табысқа жете алмайды. Нәтижесінде олар ұятты сәтсіздіктерге айналады [5].

жүргізілетін экологиялық сабақтар ғылыми зерттеулермен ұштасады. Оқу процесінде зерттеу ұсыныстары, деректерді жинау және талдау, нәтижелер туралы есептер дайындалып, презентациялар қорғалады. Студенттердің ғылыми дағдысын қалыптастыру мақсатында курстастар бір-бірінің зерттеу нәтижелерін рецензиялайды және оқытушы екі жақты да бағалайды. Мұндай педагогиканың мақсаты студенттерді өз білімдерін құруға ынталандыру және зерттеулерді академиялық күнтізбемен үндестіру деп түсінеміз.

Латвияның Даугавпилск университетінде (Daugavpils University) «Экологиялық педагогика» курсы мектепке дейінгі білім беру және бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау бағдарламасының 1 курс студенттеріне оқытылады (Gedžune & Gedžune, 2011) [4,43-616]. Студенттер арасында педагогикалық білім беруде экологиялық сананы зерттеу және насихаттау мақсатында түрлі сауалнамалар жүргізу дәстүрге айналған. Аталмыш зерттеулер студенттердің табиғатпен өзара әрекеттесу тәжірибесі туралы ойлауға және олардың экологиялық сана туралы көзқарастарын анықтауға бағытталған. Жалпы, мұндай пәнді жоғары оқу орны студенттері арасында оқыту олардың экологиялық сана-сезімін дамытады деп ойлаймыз. Өйткені, болашақ мұғалімдер экологиялық тұжырымдар бойынша білім берудегі өзгерістердің негізгі таратушылары болып табылады.

J.C.Tovar-Gálvez (2013) [5,877-8986] жоғары оқу орындарында экологиялық білім берудің оқу бағдарламасын құру және экологиялық педагогика мен экологиялық білімнің жоғары білім берудегі тенденциялары (Tovar-Gálvez, 2017) [6,519-5386] мәселелерін зерттейді. Бұл зерттеулерде ғалым экологиялық педагогика және экологиялық дидактика ұғымдарын бірге құру қажет екендігін айқындайды. Бұл тұста мәселе бойынша екі теориялық негізді ажырату қажет: экологиялық білім бойынша арнайы білім мен қызметті иеленуге негізделген оқу бағдарламасын түсіну; көзқарастарды дәлелдеу және қоршаған ортаға кешенді әсер ету үшін белгіленген тақырыптарды қалыптастыру барысында зерттелетін процестер мен қатысатын ұғымдарды құру. Зерттеу нәтижелері күрделілік тенденцияларына баса назар аудару қажеттілігін көрсетті және мәселе бойынша бірнеше оқыту модельдерін пайдалану ықтималдығын арттырды.

Өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап, қоршаған ортаны пәнаралық қолданбалы зерттеулер идеясы негізделіп, түрлі ғылыми атаулар пайда бола бастады. Дамушы елдердегі академиялық қауымдастық, әдетте, экологиялық педагогиканы қоршаған орта туралы ғылым бағдарламаларымен байланыстырады және академиялық зерттеулерде негізінен пәнаралық бағыттар бойынша жалғасады. K. Bawa және G. Balachander (2016) [7,144-1526] пәнаралық және проблемалық зерттеулер мен оқу парадигмасын институттандыру мақсатында Үндістанның Бангалор қаласында

құрылған Ashoka Trust for Research in Ecology and the Environment (ATREE – Ашока экология және қоршаған ортаны зерттеу қоры) қорының тәжірибесін қарастырады. Бұл тұста осы ұйымның айтарлықтай ресурстар мен басқа шектеулерге қарамастан, экологиялық педагогика бойынша нақты пәнаралық PhD бағдарламасын құруы саланың дамуына мүмкіндік бергенін айтқымыз келеді. Сондықтан ATREEdің осы тәжірибесі тұрақтылықты зерттеу бағдарламаларын тұжырымдау және жүзеге асыру үшін маңызды.

Медициналық мамандықтар студенттері арасында денсаулықтың әлеуметтік детерминанттарына оң көзқарасты қалыптастыру медициналық білім берудегі мәселе болып қала береді. S. Subramaniam және V. Gopichandran (2018) [8,178-183б] медицина мамандығы студенттерінің экологиялық педагогиканы қарастыратын пәнде фотосессияны пайдаланған әдісті тұжырымдайды. Бұл педагогикалық жаттығуда қоғамдық медицина оқу бағдарламасының бөлігі ретінде қоршаған ортаның гигиенасы туралы білімді тарату үшін студенттерді суретке түсіру әдісімен токсикалық тур ұйымдастырылады. Жергілікті экологиялық үкіметтік емес ұйыммен бірлесе отырып, екі медициналық колледждің оқытушылары 13 медициналық студенттер тобын Эннор жылу электр станциялары тудыратын ауа мен судың ластануын көру үшін токсикалық экскурсияға апарды. Студенттерге ұялы телефондарының камералары арқылы экологиялық қауіптердің суреттерін түсіру және оларды әлеуметтік желілерде бөлісу тапсырылған. Экскурсиядан кейін студенттер өз тәжірибелерін оқытушылармен талқылайды. Екі аптадан кейін студенттер фокус-топтағы талқылауға қатысып, өздерінің тәжірибелерін, турдың артықшылықтары мен кемшіліктерін, қоршаған орта гигиенасына қатысты көзқарастарын білдірді. Студенттер бұл әдісті қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас жасау, қауіптерді іздеу және табу, фотосуреттерді қайта қарау және ойлау, білім мен тәжірибе алмасу үшін өте пайдалы деп тапты. Бұл әдісті отандық жоғары оқу орындарында пайдалану экологиялық педагогикада өз нәтижесін береді деп ойлаймыз.

Жаһандық және жергілікті қоршаған орта дағдарыстарының тәуекелдері ұлттық, экономикалық, саяси, қоғамдық қауіпсіздікті, оның ішінде білім беру кеңістігіндегі экологиялық қорғанысты қамтамасыз етуге жаңа талаптар қойды. Қолайлы экологиялық орта кез келген азаматтың негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Сондықтан табиғатпен үйлесімді өзара әрекеттесуге бағытталған және экологиялық қауіптерден қорғалған тұлғаны қалыптастыру үшін экологиялық қауіпсіздік пен білім беру ортасының қолайлығын қамтамасыз ету өте маңызды (Bolshakova et al., 2019) [9, 517-524 б]. Демек, университеттің білім беру ортасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің түрлі тәсілдерін талдау, процестің тетіктері мен шарттарын анықтау қажет. Жоғары оқу орнының білім

беру ортасындағы экологиялық қауіпсіздік жүйесі адамның биосфера және экосферамен үйлесімді әрекеттестігіне бағытталған реттеушілік, тәрбиелік, емдеу-сауықтыру кешендерімен байланысты. Білім беру ортасының экологиялық қауіпсіздігі қоршаған ортаның экологиялық жай-күйінің нақты өлшемдерінің білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтау үшін олардың оңтайлы көрсеткіштеріне сәйкес келу дәрежесімен анықталады. Жоғары оқу орындарындағы білім беру ортасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктерінің негізгі элементтері мыналар: ЖОО және оған іргелес аумақты кешенді экологиялық бағалау, экологиялық мониторинг және осы саладағы тиімді басқару шешімдері. Ғалымдар арасында экологиялық педагогиканың әлеуеті дамушы елдерде толық жүзеге асырылған жоқ деген пікір бар. Мәселен, М. Kinyota (2021) [10,153-172б] Танзания университеттерінің бірінде оқытылатын курстың экологиялық педагогика қағидаларын көрсететін дәрежесін зерттеді. Курсты оқытудың жеті жылдық тәжірибесіне сенген автор пәннің оқу жоспарын талдауда экологиялық педагогиканы жергілікті халықтар біліміне, түрлі көзқарастардан үйренуге және оқытуды демократияландырумен байланыстырады. T.S. Tomren (2022) [11,105-115б.] мақаласында 1997 жылдан 2020 жылға дейінгі Норвегиядағы экологиялық және тұрақты білім беру оқу жоспарларындағы экологиялық педагогика талданады. Автор 88 респондентке сауалнама жүргізу арқылы климат өзгерісімен күресіп жүрген жастардың оқу бағдарламаларын бағалауын зерттейді. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай, климат өзгерісіне қарсы жас белсенділер саяси өзгерістерге ерекше назар аударатын іс-әрекетке бағытталған білім беруді талап етеді. Сондықтан қоршаған ортаның экологиясына алаңдайтын жастар оқу бағдарламасында қозғалатын мәселелерге көп мән береді деген қорытындыға келеміз.

Әдебиет

- 1.Cuenca R.E. The environmental education in the bioethics //Colombia Médica. – 2006. – Т. 37. – №. 4. – С. 299-307.
- 2.Goralnik L. et al. An environmental pedagogy of care: Emotion, relationships, and experience in higher education ethics learning //Journal of Experiential Education. – 2012. – Т. 35. – №. 3. – С. 412-428.<https://doi.org/10.1177/105382591203500303>
- 3.Abbott J. A. The senior research project at Stetson University //Journal of Environmental Studies and Sciences. – 2011. – Т. 1. – С. 223-227. <https://doi.org/10.007/s13412-011-0030-3>
- 4.Gedžūne I., Gedžūne G. Exploring and promoting ecological consciousness in teacher education: The possibilities of educational action research in education for sustainable development //Journal of Teacher Education for Sustainability. – 2011. – Т. 13. – №. 1. – С. 43-61. <https://doi.org/10.2478/v10099-011-0004-2>

5.Tovar-Gálvez J.C. Environmental pedagogy and environmental didactic as the environmental education curriculum foundations //Revista Brasileira de Educação.–2013.–T.18–C.877-898.<https://doi.org/10.1590/S1413-24782013000400005>

6.Tovar-Gálvez J.C. Environmental pedagogy and environmental teaching: tendencies in higher education //Revista Brasileira de Educação. – 2017. – T. 22. – №. 69. – C. 519-538.. <https://doi.org/10.1590/S1413-24782017226926>

7.Bawa K., Balachander G. Sustainability science at ATREE: exhilaration, bumps, and speed-breakers when rubber meets the road //Current opinion in environmental sustainability.–2016.–T.19.–C.144-152. <https://doi.org/10.1016/j.cosust.2016.02.004>

8.Subramaniam S., Gopichandran V. A picture speaks a thousand words: Using participant photography in environmental pedagogy for medical students //Education for Health.–2018.–T. 31.–№.3.–C. 178-183. https://doi.org/10.4103/efh.EfH_124_17

9.Bolshakova Z. M. et al. Mechanisms and Conditions for Ecological Safety Provision in University Educational Environment //Ekoloji Dergisi. – 2019. – №. 107. – C. 517-524.

10.Kinyota M. Implementing ecopedagogy in highly centralised curricula contexts: a critical analysis of an environmental education course taught at one Tanzanian university //International Studies in Sociology of Education.–2021.–T.30.–№.1-2.–C.153-172.<https://doi.org/10.1080/09620214.2020.1854824>

11.Tomren T.S. Climate Strikes and Curricula: Insights from Norway //Journal of Teacher Education for Sustainability. – 2022. – T. 24. – №. 1. – C. 105-115. <https://doi.org/10.2478/jtes-2022-0008>

ӘОЖ 159.9 (063)

Әкесі жоқ отбасыларда тәрбиеленетін балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделулерінің ерекшеліктері

Әбілхайр Ә. Ә., оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Отношения детей, воспитывающихся в семьях без отца, часто ориентированы на мать или других родственников, но отсутствие отца может негативно сказаться на их психологическом развитии. Тем не менее, благоприятная социальная среда и семейная поддержка могут помочь улучшить процесс их адаптации. Особое внимание в статье уделяется необходимости оказания психологической помощи и поддержки детям в семье без отца.

Abstract

The relationships of children raised in families without a father are often focused on their mother or other relatives, but the absence of a father can negatively affect their psychological development. However, a supportive social environment and family support can help improve their adjustment process. The article pays special attention to the need to provide psychological assistance and support to children in a family without a father.

Толық емес отбасында тәрбиеленетін мектепке дейінгі жоғарғы жастағы балалардың толық отбасынан шыққан балалармен салыстырғанда бейімделудің ішкі және сыртқы айрықша мінездемелері бар болып келеді. Әкесіз тәрбиеленетін ұлдар үшін әлеуметтік-психологиялық бейімделудің жоғары мәндері тән болып келеді:

- *девиантты мінез-құлық* (бала жаман нәрсе істесе де өзін кінәлі сезінбейді, қоректенуге жарамайтын нәрселерді жейді және ішеді, алдайды, үйден қашады, заттарды саналы түрде бүлдіреді және сындырады және т.б.),

- *алаңдаушылық/депрессивтілік,*
- *оқшауланушылық/депрессивтілік,*
- *агрессивті мінез-құлық,*
- *зейіндегі қиындықтар.*

Сонымен қатар біздің зерттеуімізде әкесіз отбасында тәрбиеленетін ұлдарда *өзін-өзі реттеу қабілетінің* (ерікті мінез-құлық) толық отбасынан шыққан ұлдарға қарағанда нашар дамығандығы анықталды. Алынған нәтижелер психологиялық әдебиеттерде бар деректермен белгілі бір деңгейде сәйкес болып табылады. Толық емес аналық отбасыларда тәрбиеленетін ұлдар үшін

ашық мінез-құлық бұзылыстары тән болып келеді: ұрлық, балағаттау, үйден қашу, гипербелсенділік. Олар үшін жетекші бастан өткерулер – ашу және агрессивтілік [1.].

Психологтардың пайымдауынша, әкенің маңызды рөлі оның балаға агрессивтілікті модульдеуге қабілетін дамыту болып табылады. Әкесіз отбасында тәрбиеленетін балалардағы эмоционалды қиындықтар (агрессивтілік, оқшауланушылық, депрессивтілік) сонымен қатар олардың ата-анасы арасындағы ажырасуды немесе әкесінен айырылуды әлі де бастан кешіп жатқандығымен байланысты болуы мүмкін. Г.Фигдордың айтуынша, бұл баланың ата-анасының ажырасуына деген қалыпты реакциясы болып табылады, олар үлкен рухани зардап шегуді көрсетеді және өмірге қауіп төндірмейді.

Әкесіз тәрбиеленетін ұлдар мен қыздарда Т.Авенбах шкаласы бойынша көптеген көрсеткіштерде айырмашылықтары бар екендігіне және жоғары мәнге ие екендігіне қарамастан, олар қалыптан тыс болып табылатынын ескерген жөн. Бұл баланың толық емес отбасында тәрбиеленуі фактісінің өзі патологияға ұшырату қаупіне ие еместігін білдіреді [2.].

Әкесі жоқ отбасында тәрбиеленетін қыздарға *моральдық дамудың төмен көрсеткіші* тән болып келеді, сондай-ақ *соматикалық шағымдар, әлеуметтік мәселелер және эмоционалды мәселелер* толық отасынан шыққан қыздарға қарағанда анығырақ байқалады. Алынған нәтиже әкенің балалардың моральдық нормаларды меңгеруінде маңызды рөл атқаратындығымен байланысы болуы мүмкін.

Ата-аналар қоғамдық құндылықтардың өткізгіштері болып табылады. Әкемен ойнау, балаға күтім жасайтын және оған қауіпсіздік пен жылу сезімін беретін анамен ойнағанға қарағанда, шекаралар мен ережелерді орнатуға көмектеседі. Әке әлеуметтендірілген мінез-құлық үлгісін көрсетеді, тәртіптің белгісі болып табылады.

Дамудың психоаналитикалық тұрғысы бойынша, оңтайлы іске асу жағдайында модальды-адамгершілік жүйе тұлғалық үйлесімділікке ықпал етеді және әлеуметтік бейімделуді жеңілдетеді. Бұл жүйе 3-7 жас аралығындағы даму кезеңінде баланың ана-әке-бала үшжақты қарым-қатынасын орнатуға талпынысында ата-анасының моральдық және этикалық нормаларымен қалай идентификацияланатынына қарай әлдеқайда функционалды болады.

Осылайша, әкенің болмауы қыздардың моральдық дамуында қиындықтарға алып келуі мүмкін. Зерттеу нәтижелері бойынша, әкесіз тәрбиеленетін қыздардың аналары өз қыздарының бойында себебі белгісіз аллергиялық реакциялардың (тері мәселелері), асқазан-ішек жолдарындағы қиындықтардың (іштің ауыруы, жүрек айнуы), бас ауыруының болуын байқайды.

Толық емес отбасынан шыққан қыздардың әлеуметтік мәселелері құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-

қатынастағы қиындықтарда, жалғыздықты қалауында көрініс береді. Бұл деректер заманауи зерттеулер нәтижелерімен сәйкес келеді. Толық емес отбасынан шыққан қыздар ер балаларға қарағанда өз толғаныстарын «іште» сақтап жүреді және сырттай олардың мінез-құлқы өзгермеуі де мүмкін. Алайда бейімделу бұзылуының басқа да белгілері де пайда болу мүмкін (шектен тыс шаршағыштық, қарым-қатынастан бас тарту, депрессия және т.б.).

Қыздардың әкесінен ажырау себебінен «іште» сақтайтын алаңдаушылықтары дененің қорғаныс қызметін атқара отырып, қиындықтар жайында хабар беруіне ықпал жасауы мүмкін. Осының нәтижесінде толық емес отбасында тәрбиеленетін қыздар соматикалық мәселелерге жиі шағымданады.

Балаларын күйеусіз тәрбиелейтін аналар баласына өзінде болмаған өмірді сүруі керек деген сигнал жіберуге бейім болып келеді. Мұндай шынайы емес мақсатқа ие болу өзін-өзі сыйлау сезіміне зиян тигізеді. Зақым көрген ата-аналардың балалары шатасқан идентиттілікпен өсуі орын алады. Олар өзін белгісіз жалғандық, ұят, қызғаныш, аяқталмағандық, толыққанды сезінбеу немесе олардың компенсаторлы қарама-қарсылықтары – өзін-өзі бекіту, өзіндік намыс, өзін-өзі қорғау, басымдық сезімдеріне кіргізеді.

Табысты әлеуметтік қызмет және психологиялық қолайлылық тұрғысынан қарағанда, әкесіз отбасыларда тәрбиеленетін мектепке дейінгі жоғарғы жастағы қыздар үшін 3-7 жас аралығындағы психосексуалды даму кезеңі шекті нүкте болып табылады. Бұл кезеңнің басында бала әр ата-анамен ерекше қарым-қатынас іздейді, ол қалыптасып жатқан ерлер мен әйелдердің сәйкес қасиеттері үшін мақтау және таңдану алуға, назар аудартуға ұмтылады.

Өз жынысындағы ата-анамен жақсы қарым-қатынас баланың сәйкес еркектік немесе әйелдік сезімін арттыруға әсер ететін өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Осы кезеңде бала анамен диадтық қарым-қатынастан ана-әке-баланың үш жақты қарым-қатынасына өтеді. Мұндай қарым-қатынасқа қол жеткізу ендігі кезекте баланың қарсы жыныстағы ата-анасымен қарым-қатынасына байланысты болады. Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша, әкесіз тәрбиеленетін қыздардың әкесіне қатынасы олардың анасына қатынасымен өзара байланысты [3].

Әкесі бала тәрбиесіне қатыспайтын отбасыларда оған деген қатынас мінез-құлықпен, сөздермен, анасының әкесімен қарым-қатынасымен байланысты. Толық отбасынан шыққан қыздарда әкеге қатынас аффективті дамумен тікелей байланысты: әкеге негативті қатынас депрессивтіліктің болуымен байланысады. Алынған мәліметтер теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді, ол жерде әкенің шынайы фигурасы мен баланың әкесімен шынайы өзара қарым-қатынасы, ерте балалық шақтың түрлі факторларының әсерінен қалыптасатын және өзгертін ішкі психикалық әкелік

репрезентацияның маңыздылығы туралы айтылады. Әкелік бейненің қалыптасуына, әсіресе, әкесі отбасымен бірге тұрмаған жағдайда баланың анасы елеулі рөл атқарады.

Баланың жыныстық-рөлдік сәйкестендіруі әкесімен байланысты тәжірибені сапасына көп тәуелді. Ұл бала үшін әкесімен өзара әрекеттесу ересек объектілі махаббатқа даярлықты ғана емес, жұмыспен және өнімділікпен байланысты дағдылар алуды да анықтайды.

Әкесі ұлына энергияны жалпы қабылданған және бейімделгіш әрекетке бағыттауға көмектеседі, бала үшін жұмысқа, шығармашылыққа, табандылыққа, жауапкершілікке позитивті қатынасын модельдейді. Әкесін жақсы көру және сүйікті болу баланың өзін-өзі бағалауын жоғарылатады. Әкесі болмағанда өзін-өзі бағалау мен агрессияны бақылауда ұстау дәрежесі төмендейді.

Жұмыс аясында әкесіз тәрбиеленетін балаландың әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктері оның болмауымен ғана емес, сонымен қатар ата-анасының болмау себебі, өгей әкесінің болуы немесе болмауы, аланың ата-анасынан айрылған кездегі жас мөлшері секілді факторлармен де байланысты екендігі анықталды.

Әкесіз тәрбиеленетін балалардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу мінездемелері олардың тәрбиесіне ер адамның (өгей әкенің) қатысуымен байланысты: өгей әкесі бар балалар үшін моральдық даму мен ерікті мінез-құлықтың жоғары көрсеткіштері тән болып табылады. Мәліметтерді өңдеу нәтижесінде баланың ата-анасынан айырылған кездегі жас мөлшері ойлаудағы ауытқушылықтармен, девиантты мінез-құлықпен, алаңдаушылықпен (аффективті даму сызығында) және жыныстық идентиттілікпен байланысты екендігі анықталды. Бала үшін әкесінен айрылудың ең қауіпті кезеңі туғаннан 1,5 жасқа дейін және 3-7 жас аралығы болып келеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері әкесіз отбасында және әкесі бар отбасында тәрбиеленетін мектепке дейінгі жоғарғы жастағы балаларда әлеуметтік-психологиялық бейімделудің мінездемелерінде айырмашылықтар бар екендігін; әкесіз тәрбиеленетін балаларда әкесінің болмауы себебімен, өгей әкесінің болуымен, баланың әкесінен ажыраған кездегі жас мөлшерімен байланысты әлеуметтік-психологиялық бейімделудің ерекшеленетіндігін көрсетеді.

Әдебиет

1.Қазіргі заманда әкенің отбасындағы рөлі// [Электронды ресурс: https://ust.kz/word/qazirgi_zamanda_akening_otbasyndagy_rol-22005.html]

2.Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте / Л. И. Божович. - М.: Просвещение, 1868 - 412 с.

3.Тайсон Р. Психоаналитические теории развития / Р. Тайсон, Ф. Тайсон. - М., 2006. - 407 с.

Әріпқожаева А. Қ., п.ф.м., оқытушы,
Қонысбай Г.Ә.,
«Педагогика және психология»
білім беру бағдарламасының
II-курс студенті,
Қызылорда «Болашақ» Университеті,
Қызылорда қаласы

Резюме

В этой статье рассматривается роль стереотипов в межличностных отношениях, их влияние на взаимодействие и способы управления этим влиянием.

Abstract

This article examines the role of stereotypes in interpersonal relationships, their influence on interactions, and ways to manage this influence.

Стереотиптер — адамның белгілі бір топқа немесе жеке адамға қатысты алдын ала қалыптасқан идеялары мен көзқарастары. Олар көбінесе мәдениет, дәстүрлер, тәжірибе және әлеуметтік орта арқылы қалыптасады. Стереотиптердің оң және теріс аспектілері бар, бірақ көбінесе теріс стереотиптер тұлғааралық қатынастарда кедергі келтіреді.

Мысалы, этникалық, жыныстық, жас ерекшеліктері бойынша стереотиптер адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасына әсер етеді. Бұндай стереотиптер көбінесе жалпы емес және адамды нақты тұлға ретінде бағалауға кедергі келтіреді [1].

Стереотиптердің тұлғааралық қатынастарға бірнеше тәсілмен әсер ететіні белгілі:

Түсінбеушілік пен қате бағалау: Стереотиптер көбінесе адамдардың бір-бірін дұрыс түсінбеуіне себеп болады. Мысалы, белгілі бір этникалық топқа жататын адамдарға қатысты стереотиптер олардың жеке қасиеттеріне емес, топқа тән қасиеттеріне негізделеді. Бұл олардың өзін-өзі көрсетуіне және басқа адамдармен дұрыс байланыс орнатуына кедергі келтіреді [2].

• **Қоршаған ортаның қысымы:** Әлеуметтік және мәдени орта да стереотиптердің таралуына ықпал етеді. Мысалы, егер қоғам белгілі бір жынысқа немесе жасқа қатысты стереотиптерді қолдайтын болса, онда бұл тұлғааралық қатынастарда адамдардың өзара түсінісуіне теріс әсер етуі мүмкін.

Стереотиптердің теріс әсерін азайту үшін бірқатар әдістер мен тәсілдер қолданылуға болады:

- **Білім беру және ақпараттандыру:** Стереотиптердің негізсіз екендігін және олар адамның нақты мінез-құлқын дұрыс көрсетуге кедергі келтіретінін түсіндіру маңызды. Бұл үшін мектептер мен қоғамдық ұйымдарда семинарлар мен тренингтер өткізу керек.

- **Жеке тәжірибе мен байланыс:** Тұлғааралық қатынастарда адамдардың әрқайсысының жеке қасиеттерін тану маңызды. Бұл, әсіресе, әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтар арасында өзара түсіністік қалыптастыруда пайдалы. Жеке қарым-қатынастарда стереотиптерден құтылу үшін адамдар бір-бірін ашық және шынайы түрде танып, стереотиптік ойлардан аулақ болуға тырысуы керек.

- **Когнитивті стратегиялар:** Стереотиптерді басқару үшін когнитивті стратегиялар да қолданылады. Адамдар әртүрлі топтарға жататын жеке тұлғалармен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы өздерінің алдын ала ойларынан бас тарта алады.

Жалпы теңдік пен инклюзия: Әлеуметтік саясаттар мен ұйымдарда әртүрлілікті қабылдау және инклюзия принциптерін насихаттау да маңызды. Тұлғааралық қатынастардағы теңдік, әртүрлі мәдениеттер мен тәжірибелерді құрметтеу стереотиптердің ықпалын азайтады [2].

Стереотиптердің қалыптасуы мен олардың тұлғааралық қатынастарға әсері көп жағдайда мәдениет пен әлеуметтік контекстке байланысты болады. Мысалы, әртүрлі мәдениеттердің адамдарға қатысты стандарттары мен көзқарастары әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір мәдениеттерде ер адамдардың басым болуы, әйелдердің рөлінің төмен болуы сияқты стереотиптер әлі де күшінде болып, олардың тұлғааралық қарым-қатынасына әсер етеді. Осылайша, мәдениет пен қоғамның стереотиптерді қалыптастырудағы рөлі маңызды болып табылады.

Әрбір мәдениет өзіне тән әлеуметтік нормалар мен құндылықтар жүйесін ұсынады. Бұл құндылықтар қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген көзқарасын қалыптастырады және стереотиптердің таралуына ықпал етеді. Мысалы, батыс қоғамдарында жыныс теңдігіне қатысты стереотиптер бар, ал кейбір шығыс елдерінде әйелдердің тұрмыстық рөлі маңызды болып саналады. Бұл стереотиптер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына ықпал етіп, олардың шынайы қасиеттері мен қабілеттері дұрыс бағалауға кедергі келтіреді.

Стереотиптердің психологиялық тұрғыдан зерттелуі олардың қалыптасу механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Біріншіден, стереотиптер когнитивті үнемдеу стратегиясы ретінде қарастырылады. Яғни, адамдар жаңа ақпаратты қабылдаған кезде, оларды ыңғайлы түрде топтастыруға және қысқартуға тырысады. Бұл, өз кезегінде, стереотиптердің пайда болуына себеп болады. Әрине, бұл когнитивті үнемдеудің жақсы жақтары да бар, бірақ ол адамды жеке тұлға ретінде қабылдауға және топтық сипаттамаларға негізделген шешімдер қабылдауға әкелуі мүмкін.

Екіншіден, стереотиптер әлеуметтік психологияда әлеуметтік сәйкестендіру теориясымен байланысты. Әлеуметтік сәйкестендіру теориясы бойынша адамдар өздерін белгілі бір әлеуметтік топқа жатқызады және сол топқа қатысты стереотиптерді қолдайды. Бұл адамдардың өздерінің әлеуметтік идентичностарын қорғауға бағытталған механизмі болып табылады. Мысалы, ұлт немесе этносқа жататын адам өз тобының артықшылығын сезініп, басқа топтарға қатысты стереотиптерді қолдауы мүмкін [1].

Стереотиптердің теріс әсерлері көбінесе дискриминацияға әкеледі. Дискриминация — бұл адамдарды олардың жеке қасиеттері немесе әлеуметтік топтарына байланысты әділетсіз түрде кемсіту. Стереотиптер көбінесе дискриминацияның негізі болып табылады, өйткені олар топтарға негізделген жалпы бағалаулар мен қорытындыларды қалыптастырады. Мысалы, жұмыс орнында әйелдерге қатысты стереотиптер олардың мансаптық өсуіне кедергі келтіруі мүмкін. Осылайша, стереотиптер әлеуметтік әділетсіздіктің және теңсіздіктің бір түрі ретінде қарастырылуы керек. Стереотиптерді өзгерту және жою арқылы ғана біз тең құқықтық және әділетті қоғамды қалыптастыра аламыз.

Стереотиптерді өзгерту және оларды тұлғааралық қатынастарда тиімді басқару үшін бірнеше тәсілдер бар: [3].

• **Стереотиптерді тану және оларды сынға алу:** Әр адам өзінің стереотиптік ойларымен санасып, оларды сынға алуы керек. Бұл өз-өзіне сұрақ қою арқылы жүзеге асуы мүмкін: "Мен осы адамды топтық белгісі бойынша бағалап отырмын ба?" Бұл сұрақтарға шынайы жауап беру арқылы стереотиптерді өзгертуге болады.

• **Стереотиптермен күресудің топтық әдістері:** Әлеуметтік топтар мен ұйымдар стереотиптермен күресуде үлкен рөл атқарады. Мысалы, мектептерде, университеттерде, жұмыс орындарында адамдарға арналған тренингтер өткізу, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, адамдардың әртүрлілігіне құрметпен қарауды насихаттау маңызды.

• **Әртүрлілікті қабылдау және құрметтеу:** Әртүрлі мәдениеттерді, әлеуметтік топтарды және этникалық топтарды қабылдау қоғамның стереотиптермен күресу үшін маңызды қадам болып табылады. Адамдар әртүрлілікке ашық болғанда, стереотиптерге қарсы тұру жеңілдейді.

Қазіргі қоғамда стереотиптер технология мен ақпараттық кеңістікте ерекше орын алуда. Әлеуметтік желілер, медиа және жаңалықтар көбінесе стереотиптерді таратуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, кейбір ақпараттық арналар мен әлеуметтік желілер белгілі бір топтарды теріс көзқарастармен көрсетуі мүмкін, бұл олардың әлеуметтік қабылдауына теріс әсер етеді [4].

Тұлғааралық қатынастардағы стереотиптер адамның әлеуметтік және психологиялық дамуында маңызды рөл атқарады. Олар дұрыс

емес және жалған пікірлерді қалыптастыруға әкеліп, қарым-қатынастарды бұзуы мүмкін. Стереотиптермен күресудің тиімді жолдары—білім беру, жеке тәжірибе, мәдениетті қабылдау және әлеуметтік әділеттілікке бағытталған шаралар. Әрбір адам өз қарым-қатынасында стереотиптерден аулақ болып, өзгелерді тек олардың жеке қасиеттеріне негізделген түрде бағалауға тырысуы қажет. Бұл қоғамдағы үйлесімділік пен түсіністікті арттыруға ықпал етеді.

Әдебиет

1. Қарым-қатынас психологиясы :оқулық/Х.Т.Шерьязданова, Л.К.Ермекбаева, И.Ә.Абеуова ж/е т.б. - Алматы: Отан, 2014. - 341 б.
2. Роль этнических стереотипов в коммуникативном воздействии/ М.В.Гридунова - 2010.
3. Сущность этнических стереотипов и их роль в межкультурной коммуникации/Д.Д.Дмитриева/Наука и практика регионов. 2019. № 2 (15).
4. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: Оқу құралы/ Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. / Алматы, 2011.
5. Даму психологиясы : Оқулық / М. Қ. Бапаева, 2014. - 440 б.

ӘОЖ 159.922

Цифрлық дәуірде балалардың психологиялық дамуы: технологиялардың әсері

Серікбаева В.Е.,п.ғ.к., аға оқытушы,
Сейтжанова К.М., «Педагогика және психология»
білім беру бағдарламасының
III-курс студенті,
Қызылорда «Болашақ» Университеті
Қызылорда қаласы

Резюме

Цифровые технологии оказывают двойственное влияние на психологическое развитие детей. Наряду с расширением возможностей для обучения, творчества и общения, возрастают риски зависимости, проблем с психическим здоровьем и кибербуллинга. Контроль и руководство со стороны родителей и педагогов имеют решающее значение для здорового развития детей.

Abstract

Digital technologies have a dual impact on children's psychological development. While expanding opportunities for learning, creativity, and connection, they also increase the risks of addiction, mental health problems, and cyberbullying. Parental and educators' supervision and guidance are crucial for children's healthy development.

Бүгінгі таңда әрбір бала туылғаннан бастап дерлік цифрлық әлемге еніп, технологиялар олардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфондар, планшеттер, компьютерлер, әлеуметтік желілер, онлайн ойындар—бұл балалардың күнделікті өмірінде кездесетін құралдардың толық тізімі емес. Бұл цифрлық дәуірдің балалардың психологиялық дамуына әсері зор екені анық. Бір жағынан, технологиялар балаларға білім алу, шығармашылықпен айналысу, әлеммен байланыста болу үшін шексіз мүмкіндіктер ұсынса, екінші жағынан, олардың психикалық денсаулығына, әлеуметтік дағдыларына және жалпы әл-ауқатына қауіп төндіруі мүмкін.

Цифрлық технологиялардың балалардың когнитивтік дамуына әсері екі жақты. Бір жағынан, интерактивті ойындар мен білім беру қосымшалары балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, проблемаларды шешу дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Интернет балаларға ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп, олардың білім деңгейін арттырады [3,110б.]. Дегенмен, экран алдында ұзақ уақыт өткізу назардың шоғырлануын төмендетіп, гиперактивтілікке және оқу үлгерімінің нашарлауына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ақпараттың шамадан тыс көптігі балалардың миын шаршатып, олардың сыни ойлау қабілетін төмендетуі ықтимал.

Әлеуметтік-эмоционалдық даму тұрғысынан алғанда, технологиялардың әсері де аралас. Әлеуметтік желілер мен онлайн ойындар балаларға достарымен және отбасы мүшелерімен байланыста болуға, жаңа адамдармен танысуға және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Дегенмен, виртуалды қарым-қатынас тікелей қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Балалардың виртуалды әлемде көп уақыт өткізуі эмпатия, жанашырлық және әлеуметтік белгілерді түсіну сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі салыстыру мен бәсекелестік балалардың өзіне деген сенімін төмендетіп, үрей мен депрессияға әкелуі мүмкін [1,53 б.].

Балалардың мінез-құлқына технологиялардың әсері де назар аударуды қажет етеді. Бейне ойындардағы зорлық-зомбылық көріністері балалардың агрессивті мінез-құлқын күшейтіп, басқаларға деген сезімталдығын төмендетуі мүмкін. Интернеттегі жарнамалар мен маркетингтік стратегиялар балалардың тұтынушылық қабілетін арттырып, олардың құндылықтарын бұрмалауы ықтимал. Сонымен қатар, онлайн құмар ойындар мен қауіпті челленджер балалардың денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Кибербуллинг – цифрлық дәуірдің ең күрделі проблемаларының бірі. Онлайн қорлау балалардың психикалық денсаулығына және өзіне деген сеніміне қатты әсер етуі мүмкін. Кибербуллинг құрбандары үрей, депрессия, оқшаулану және тіпті өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойларға душар болуы мүмкін. Ата-аналар мен педагогтар

кибербуллингтің алдын алу және оған қарсы тұру үшін балаларға онлайн қауіпсіздік туралы білім беруі керек [2].

Балалардың цифрлық технологияларға тәуелділігі – тағы бір маңызды мәселе. Экран алдында көп уақыт өткізу балалардың технологияға тәуелділікке шалдығу қаупін арттырады. Тәуелділік балалардың физикалық және психикалық денсаулығына, оқу үлгеріміне және әлеуметтік қарым-қатынастарына теріс әсер етуі мүмкін. Ата-аналар мен педагогтар балалардың экран уақытын шектеуі керек және оларға басқа да қызықты әрекеттерді ұсынуы керек, мысалы, спортпен шұғылдану, кітап оқу және табиғатта серуендеу [5,56 б.].

Ата-аналар мен педагогтар балалардың цифрлық әлемдегі қауіпсіздігі мен сау дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды рөл атқарады. Олар балалардың экран алдында өткізетін уақытын шектеуі, контентті бақылауы, балалармен интернеттегі тәжірибелері туралы үнемі сөйлесіп тұруы, онлайн қауіпсіздік туралы кеңестер беруі және кибербуллингке ұшыраған жағдайда көмекке жүгінуге шақыруы керек. Сонымен қатар, ата-аналар өздерінің цифрлық құрылғыларды пайдалануын бақылап, балаларына жақсы үлгі көрсетуі керек. Мектептерде балаларға цифрлық сауаттылық және онлайн қауіпсіздік туралы білім беру керек.

Цифрлық дәуірдің балалардың психологиялық дамуына әсері күрделі және көп қырлы. Технологиялар балаларға көптеген жақсы мүмкіндіктер ұсынса да, олардың психикалық денсаулығына, әлеуметтік дағдыларына және жалпы әл-ауқатына қауіп төндіруі мүмкін. Ата-аналар, педагогтар және қоғам болып, балалардың цифрлық әлемде қауіпсіз және сау дамуын қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Баланс табу, шектеулер қою және балаларға дұрыс бағыт беру арқылы біз технологияларды олардың пайдасына пайдалана аламыз. Болашақ ұрпақтың сау әрі бақытты болып өсуі үшін цифрлық технологияларды ақылмен және жауапкершілікпен пайдалану өте маңызды.

Әдебиет

1 ТөлешоваҮ.Б., Құдайбергенова К.С. (2020). Отбасылық құндылықтардың қазіргі қазақстандық жастардың әлеуметтік-психологиялық дамуына әсері. Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия Психология и социология, (3 (75)), 51-59.

2 Чудова И.Н. Влияние Интернета на личность школьника. Психологическая наука и образование psyedu.ru. 2011;5.

3 Войскунский А.Е. (2009). Психология и интернет. М.: Акрополь.

4 Жичкина А.Е. (2001). Социально-психологические аспекты идентичности пользователя Интернета. Москва.

5 Смағұлова Г. (2018). Жаһандану жағдайындағы жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі. Қазақстандық психологиялық журнал, 1(1), 56-63.

ӘОЖ 159.9 (063)

Жасөспірімдердің интимді-тұлғааралық қарым-қатынастарының психологиялық ерекшеліктері

Ибраев Сакен, аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье, посвященной теме психологические особенности интимно-межличностных отношений подростков, рассмотрены психологические аспекты интимных отношений в подростковый период. Для подростков этот этап является этапом становления личности и овладения навыками социального общения. Подростки начинают понимать свои эмоциональные потребности и проявляют интерес к первым романтическим, интимным отношениям.

Abstract

The article devoted to the psychological features of intimate and interpersonal relationships of adolescents examines the psychological aspects of intimate relationships in adolescence. For teenagers, this stage is a stage of personality development and mastering social communication skills. Teenagers begin to understand their emotional needs and show interest in their first romantic, intimate relationships.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылу мақсатында, қазіргі жасөспірімдердің саналы азамат болып, тұлға ретінде дамуына барлық жағдайларды жасайды. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – жеке тұлға, оның даму, қалыптасуы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды.

Сол себептен жасөспірімдердің тұлғааралық қатынастарды қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. «Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана – сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы

қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және діни тән жаңа құрылымын оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады. Ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады [1.].

Осы жастағы өзгешелік психолог А.Г. Ковалев биологиялық әсері туралы сұрақты ашып тастамай, соның ішінде психикалық сферадағы жыныстық жетілу жасөспірімнің эмоциялық қалпына беттесуін біз тұтас деп айтсақ, онда оның психикалық кескінін биологиялық фактормен анықтаймыз.

В.Г. Асеева бойынша мектеп жасындағы жетілу немесе басқа сөзбен айтқанда ерте жетілу-адамның туғаннан бастап физиологиялық, психологиялық және азаматтық ересектік жетілу кезеңі.

Мектеп оқушыларының өміріндегі ересектену (14–15 жастан бастап 17–18 жас аралығында) өте құнды кезең. Осы жаста жасөспірімдердің мектептен оқу процесі аяқталады. Физиологиялық жетілуі баяулап, жыныстық оқдасы ерте жетіледі. Осының арқасында физиологиялық қызметі реттеледі және қан айналымы жақсарады т.с.с. Жасөспірімдердің даму кезеңінде қан тамырларының қан айналу жүйесі күшейіп, сол кезде жүрек ауруы, бас айналуы, қан қысымының көтерілуі жойылады.

Жасөспірім–барлық қатынас жағынан ересек адам деп қарастырады М.Ю. Красовицкий. Бірақ оларды толығымен жетілген адам деп айта алмаймыз, сондай ақ нақты осы жасөспірім шақта тұлғаның әлеуметтік бейімделуі белсенді жүреді. Мектеп пен ата – аналардың жасөспірімдерді, жұмысқа, оқу – танымдық және қоғамдық – саяси іс - әрекеттерге, жанұя жағдайына, азаматтық борышты өтеуге тәрбиелеуде үлкен маңызды мәні жатыр.

Рувинский Л.И., Хохлова С.И. еңбектерінде жасөспірім шақ - бұл қоғамдық жүйедегі көз – қарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі байқала бастайды, бірақ та әлемге деген көз – қарасын толығымен пайымдай алмайды. Тек жасөспірімдерде философиялық ойлау әрекетінің қанағаттануы мүмкін болса, пайда болады. Бұған арқау болатын түрткі - оқудағы білім, тәртіп пен информация, әдеби оқулықтар және сыртқы ортадан алатын көріністер мен үлкендермен қарым – қатынас.

М.И. Шардаков бойынша жасөспірімдік кезең адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тұрғыда тәуелді болып қалады. Жасөспірім осы өмірге ой жүгірте бастайды. Соның арқасында ол жасөспірімдік ортаға кіреді. Әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы жасөспірім тұтынушыға айналады. Өз иелігіне заттарды жинай отырып әр – түрлі құндылықтарды жинайды. Олар ақыл – ой, адамгершілік әлеуметтік жағынан есейеді [2.].

Жасөспірімдердің әлеуметтік есейуін дамыту болашақ өмірге даярлау үшін қоғамдық тұрғыдан қажет. Мұның өзі күрделі процесс, уақытты талап етеді және жасөспірім ересектерге арналған нормалар мен талаптар жүйесінде өмір сүре бастаса мүмкін болады. Ал бұл дербестік қажетті әр міндетті түрде міндеттер мен құқықтарды ұлғайтумен байланысты. Тек осындай жағдайда ғана жасөспірімдер ересектерге іс - әрекет етуге, ойлауға алуан түрлі міндетті орындауға, адаммен қарым-қатынас жасауға үйрене алады [3.].

Жасөспірімдердің дамуында интимдік қарым-қатынастың психологиялық жағынан әсері мол болғандықтан осы кездегі қалыптасу мәселелерін зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Жасөспірімдерде интимдік қызығушылықтың пайда болуы, адамға деген ыстық сезім, табиғатты түйсіну оның дамуына әсер етеді, сол әсердің тиімді жағын пайдалану мен ол туралы мәліметтердің тәрбиелеу саласындағы аздығы арасындағы қарама-қайшылық зерттеуіміздің өзектілігін туындатып, тақырыбымызды «Жасөспірімдердің интимді-тұлғааралық қарым-қатынастарының психологиялық ерекшеліктері» деп алуымызға себепші болды.

Қарым-қатынас адамзат өмірінде аса маңызды роль атқарады. Қарым-қатынас нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамитындығы әр жеке тұлғаның қалыптасуында жетекші факторлардың бірі болады. Қарым-қатынас барысында өзара пікір алмасу, сезім әлеміне бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу арқылы адамдар арасында сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, өзара түсіністік, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады.

Жасөспірімдік кезең дәстүрлі түрде тәрбиелеушілік қарым-қатынаста ең ауыр кезеңнің біріне жатады. Көбінесе жасөспірімдік шақтағы қиындықтар жыныстық жетілумен байланысты болып келеді. Жасөспірімдік шақтағы жеке тұлғаны қалыптастырудағы қиындықтарды шешуде тұлғааралық қарым-қатынасқа түсе алуларына көп көңіл бөлу керектігінде. Ұйымдастырушылық және қарым-қатынасқа тез, жеңіл түсе алушылық қасиеттерінің дамуы жасөспірімдік шақта өте маңызды болып келді. Осы шақтағы көп байқалатын құбылыстарының бірі - жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасқа деген тапшылық. Сол себептен, жасөспірімдердің тұлға болып дамуына, жан-жақты қалыптасуын жақсарту мәселесінде қарым-қатынасты дамыту керек.

Әдебиет

1. Аверин В.А. Психология детей и подростков. – Санкт-Петербург: «Ривьера», 1994. – 186 с.

2. Асеев В.Г. Мотивация поведения и формирование личности. – М., 1997 – 153 с.

3. Джаламбаева Ш.Е. О сексуальной морали современных подростков //Образец, 2002. №2. – с. 82-87

ОӘЖ 159.922.8

Студенттердегі прокрастинация көрінісінің ерекшеліктері

Нұрхашова А.Б., п.ғ.м., аға оқытушы,
Мұстафаева С.М., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
Қызылорда қаласы

Резюме

В статье рассматриваются особенности проявления прокрастинации у студентов.

Abstract

The article examines the features of procrastination in students.

Студенттер–жоғары оқу орны біріктірген адамдар қауымдастығы. Студенттердің көпшілігі 17-25 жас тобына жатады, бұл жасөспірімдік жас кезеңіне сәйкес келеді. Дегенмен, қазіргі уақытта жасөспірімдік, жастық және ересектік арасындағы шекаралардың нақты анықталмағанын айта кету керек. Өртүрлі авторлар осы кезеңнің өртүрлі жас диапазондары мен атауларын анықтайды. Қ.Д. Ушинский 16-23 жас аралығын шешуші кезең деп есептеп, оны «жастық» деп атады [3].

Бұл кезеңде танымдық саланың қалыптасуы мен дамуы аяқталады, эмоционалдық сфера тұрақтанады, жаңа даму міндеттері туындайды, өзіндік сана өзгереді. Оқушылардың ерекшеліктерін анықтайтын осы кезеңнің психологиялық ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл жас кезеңінде адам өзінің интеллектуалдық даму барысын өз бетінше басқара алады, сондықтан жастардың танымдық саласының дамуы тұлғаның дамуы мен қалыптасуымен тығыз байланысты. Когнитивтік саланы дәл осы контекстте – тұлға дамуымен бірлікте қарастыра отырып, кейбір авторлар студенттік кезеңді ерте есеудің алғашқы кезеңі деп бөледі [3].

Жасөспірімдік дағдарысты алғаш рет сипаттаған Э.Эриксонның пікірінше, бұл жас кезеңінің міндеті - өзіміз туралы барлық қолда бар білімдерді біріктіру және өзіміздің осы көптеген бейнелерді өткенді де, болашақты да білу болып табылатын жеке тұлғаға біріктіру. Тұлғалық сәйкестікке қол жеткізе алмау мансапты таңдау немесе оқуды жалғастыру қабілетсіздігімен, сонымен қатар мақсатсыздық пен мәңсіздік сезімімен сипатталатын сәйкестік дағдарысын тудырады

[4]. Осылайша, тұлғалық дағдарысты бастан өткеру кеш жасөспірімдік кезеңнің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады [1], [2].

Студенттік кезең сондай-ақ жақындық пен оқшауланудың арасындағы таңдаумен байланысты психоәлеуметтік дамудың келесі кезеңінің басталуымен байланысты, мұнда жақындық «өзің туралы бірдеңені жоғалтып аламын деп қорықпай, өз жеке басын басқа адамның жеке басымен біріктіру» мүмкіндігі болып табылады [4]. Жақындық тұрақты сәйкестікке негізделген және онсыз мүмкін емес.

Студенттік кезеңнің адам дамуы үшін рөлін қарастыруды қорытындылау үшін оның екі жақтылығын атап өту қажет: бір жағынан, студенттік кезең ересектіктің басталуын «кешіктіріп», жас адамға өзінің жеке басын іздеуге, өзінің өмірлік жолын таңдаудың маңызды мәселелерін түсінуге уақыт береді, сол арқылы студенттің дамуын ынталандырады. Екінші жағынан, бұл кезең нәрестелік позицияны нығайтуға, ересек өмірден қорқуға және өз тәуелсіздігіне ықпал етуі мүмкін. Ең маңызды жаңа формация, жастық кезеңнің мақсаты – әлеуметтік кемелдену. О.В. Хухлаеваның пікірінше, бұл жетістікті бір жағынан әлеуметтік міндеттерді орындау, өз өміріне, шешімдері мен іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау қабілеті деп түсінуге болады [3].

1983 жылы Бурка Юэн жеке адамды өзін-өзі төмен бағалаудан қорғау стратегиясы ретінде кейінге қалдырудың маңыздылығын атап көрсетті [5]. Олардың теориясы кейінге қалдыру кешіктірушілердің сезімдерін қорғаудың бір түрі болды. Бұл механизм «Егер мен өз жұмысымды кейінге қалдырсам, жұмысымды бағалау да кейінге қалдырылады» деген ойда айтылған.

Сонымен, студенттік кезеңге сәйкес келетін және оның ерекшеліктерін айқындайтын жасөспірімдік шақ жеке тұлғаның дербестігі мен дербестігін бекітумен, өзіндік идеологиялық ұстанымдарын қалыптастырумен, құндылық бағдарларының дамуымен және болашаққа бағдарлануымен сипатталады.

Студенттік кезеңнің соңына қарай сәйкестік түпкілікті қалыптасады, ол кейінірек жақындық сияқты жаңа формацияның негізі болады. Адам есейіп, әлеуметтік жетілуге жетеді. Оның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері өзінің шыңына жетеді және оларды жеке тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі бекіту үшін пайдаланады. Білім беру және кәсіптік салаларда өзін-өзі таныту және дәлелдеу, жоспарланған болашаққа ұзақ сапар бастау өте маңызды. Сондай-ақ, жастар өздерінің жеке даралығын және қол жеткізу қабілетін - тек сырттай, құрбылары немесе ересектер арқылы ғана емес, сонымен бірге іштей де мойындауды қажет етеді. Осылайша, «кейінге қалдыру», «перфекционизм» және «жасөспірімдік шақ» ұғымдарына теориялық шолу жүргізгеннен кейін ұғымдарын кейінге қалдырумен байланыстыра отырып, перфекционизм мен бағалаушы мазасыздық феноменнің болжаушысы

бола алатыны анықталды. бұл қазіргі уақытта тақырып үшін мүмкін емес болып көрінеді. Студенттер арасында кешіктіру құбылысы ең көп таралған. Өз кезегінде, студенттер үшін білім беру және кәсіптік салаларда құрдастар табысқа жету жағдайының жоғары маңыздылығы олардың жеке жетістіктеріне назар аударудың жоғарылауымен байланысты.

Әдебиет

1. Волков Б.С. Психология юности и молодости. – М.: Академический проект, 2006.
2. Психология человека от рождения до смерти / Под ред. А.А. Реана. – СПб.: прайм-ЕВРОЗНАК, 2002.
3. Хухлаева О.В. Психология развития: Молодость, зрелость, старость: учеб. пособие. – М.: Академия, 2009.
4. Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. – СПб.: Питер, 2009.
5. Ковылин В.С. Теоретические основы изучения феномена прокрастинации/В.С. Ковылин//Личность в меняющемся мире: здоровье, адаптация, развитие, 2013, № 2.

ӘОЖ.159.922.8

Жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі мен көшбасшылық қасиеттерінің өзара байланысын зерттеу

Сұлтанаева Т.С., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Это исследование направлено на выявление взаимосвязи между уровнем эмоционального интеллекта и лидерскими качествами у детей старшего возраста. В работе проанализирована взаимосвязь между методами распознавания, понимания и управления эмоциями у подростков и частотой проявления агрессивного поведения, а также даны практические рекомендации.

Abstract

This study aims to identify the relationship between the level of emotional intelligence and leadership skills in older children. The paper analyzes the relationship between methods of recognizing, understanding, and managing emotions in adolescents and the frequency of aggressive behavior, and provides practical recommendations.

Қазіргі әлемде жеткіншектердің дамуына, әсіресе олардың элеуметтік-эмоциялық қабілеттеріне үлкен мән беріледі. Осы орайда, эмоциялық интеллект (EQ) және көшбасшылық қасиеттердің өзара байланысы ерекше қызығушылық тудырады. Жеткіншектердің

эмоциялық интеллектісінің дамуы олардың көшбасшылық қабілеттерін қалай қалыптастыратыны, болашақ көшбасшылардың табысқа жетуіне қалай әсер ететіні – зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе. Осыған орай, бұл эсседе жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі імен көшбасшылық қасиеттерінің өзара байланысын тереңінен зерттеуге тырысамыз.

Эмоциялық интеллект (EQ)–адамның өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсіну, бағалау, басқару және пайдалана білу қабілеті. Бұл ұғымды алғаш рет 1990 жылы Питер Саловей және Джон Майер енгізген, ал кейін Дэниел Гоулман өзінің “Эмоциональный интеллект” атты бестселлері арқылы кеңінен танымал етті. EQ жоғары адамдар өз эмоцияларын жақсы басқарады, басқалармен жақсы қарым-қатынас жасайды және күйзеліске төзімді болады [1,197 б.].

Эмоциялық интеллекттің құрылымы әртүрлі модельдермен сипатталады, бірақ ең танымалдарының бірі – Дэниел Гоулманның моделі. Бұл модель бойынша EQ бес негізгі компоненттен тұрады:

Өзін-өзі тану (Self-awareness): Өз эмоцияларын, күшті және әлсіз жақтарын түсіну және бағалау қабілеті.

Өзін-өзі басқару (Self-regulation): Өз эмоцияларын басқару, импульсивтіліктен аулақ болу және өзгерістерге бейімделу қабілеті.

Мотивация (Motivation): Ішкі ынталандыру, мақсатқа жетуге деген құштарлық және табандылық.

Эмпатия (Empathy): Басқалардың эмоцияларын түсіну және сезіну, оларға жанашырлық таныту қабілеті.

Әлеуметтік дағдылар (Social skills): Басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау, келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу және командада жұмыс істеу қабілеті.

Эмоциялық интеллекттің маңызы зор. Зерттеулер EQ жоғары адамдардың жұмыста табысқа жетуге, жақсы қарым-қатынас орнатуға, психикалық денсаулығын сақтауға және жалпы өмір сапасын жақсартуға бейім екенін көрсетеді. Әсіресе, жеткіншектер үшін EQ дамыту–олардың әлеуметтік бейімделуіне, оқу үлгеріміне және болашақ мансабына оң әсер етеді.

Көшбасшылық–адамдарды белгілі бір мақсатқа жету үшін ынталандыру, бағыттау және басқару қабілеті. Көшбасшылық ұғымы көптеген ғасырлар бойы зерттеліп келеді және оның мәнімен түрлері туралы әртүрлі теориялар бар.

Қасиеттер теориясы (Trait theory): Көшбасшылардың туа біткен қасиеттері бар деген түсінікке негізделген. Бұл қасиеттерге ақылдылық, сенімділік, шешімділік және коммуникативтілік жатады.

Мінез-құлық теориясы (Behavioral theory): Көшбасшылықтың тиімділігі көш басшының мінез-құлқына байланысты деген тұжырымға сүйенеді. Бұл теория көшбасшылардың тапсырмаға

бағытталған және адамдарға бағытталған мінез-құлықтарына жыратады [2,14 б.].

Жағдайлық теория (Contingency theory): Көшбасшылықтың тиімділігі жағдайға байланысты деген идеяны ұсынады. Бұл теория көшбасшының стилі жағдайдың ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек деп тұжырымдайды.

Трансформациялық көшбасшылық (Transformational leadership): Көшбасшының өз із басарларын шабыттандыру, ынталандыру және дамыту арқылы өзгерістер енгізу қабілетіне бағытталған.

Жеткіншектер үшін көшбасшылық қасиеттерін дамытудың маңызы зор. Көшбасшылық дағдылары оларға мектепте, қоғамда және болашақ мансабында табысқа жетуге көмектеседі. Көшбасшылық қасиеттерін дамыту арқылы жеткіншектер өздеріне деген сенімділіктерін арттырады, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға үйренеді, проблемаларды шешуге қабілетті болады және командада жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Эмоциялық интеллект пен көшбасшылық арасында тығыз байланыс бар. Зерттеулер EQ жоғары адамдардың көшбасшылық рөлдерде табысты болуға бейім екенін көрсетеді. Эмоциялық интеллект көшбасшыларға өз эмоцияларын басқаруға, басқалардың эмоцияларын түсінуге, тиімді қарым-қатынас жасауға және командада жағымды атмосфера құруға көмектеседі.

Эмоциялық интеллекттің көшбасшылық қасиеттеріне әсер ету жолдары:

Өзін-өзі тану: Көшбасшы өз күшті және әлсіз жақтарын білуі керек, бұл оған өз іс-әрекеттерін бағалауға және жетілдіруге көмектеседі.

Өзін-өзі басқару: Көшбасшы өз эмоцияларын басқаруы, импульсивтіліктен аулақ болуы және күйзеліске төзімді болуы керек, бұл оған қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Мотивация: Көшбасшы өзінің мақсатына жетуге құштар болуы керек және басқаларды шабыттандыра білуі керек, бұл оның командасын ортақ мақсатқа жетуге ынталандырады.

Эмпатия: Көшбасшы басқалардың эмоцияларын түсінуді және сезінуді керек, бұл оған команда мүшелерімен жақсы қарым-қатынас орнатуға және олардың қажеттіліктерін ескеруге көмектеседі.

Әлеуметтік дағдылар: Көшбасшы басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай білуі, келіссөздер жүргізуі, жанжалдарды шешуі және командада жұмыс істей білуі керек, бұл оның команданы басқаруын жеңілдетеді.

Жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі мен көшбасшылық қасиеттерінің өзара байланысы әсіресе маңызды. Эмоциялық интеллекті жоғары жеткіншектер өз құрбылары арасында көшбасшылықты көрсетеді, олар басқалармен жақсы қарым-қатынас

жасайды, командада жұмыс істейді және проблемаларды шешуге қабілетті болады. Олар мектепте, қоғамда және болашақ мансабында табысқа жетуге бейім болады [3,245 б.].

Жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған әртүрлі әдістер мен бағдарламалар бар. Бұл әдістер жеткіншектерге өз эмоцияларын тануға, басқаруға, эмпатияны дамытуға және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Эмоциялық интеллекті дамыту әдістері:

Өзін-өзі бақылау: Жеткіншектерге өз эмоцияларын байқауға және тануға үйрету. Бұл үшін күнделік жүргізу, медитация және эмоцияларды бағалау сияқты әдістер қолданылады.

Эмоцияларды басқару: Жеткіншектерге өз эмоцияларын тиімді басқаруға үйрету. Бұл үшін стрессті басқару, релаксация және конфликттерді шешу сияқты әдістер қолданылады.

Эмпатияны дамыту: Жеткіншектерге басқалардың эмоцияларын түсінуге және сезінуге үйрету. Бұл үшін рөлдік ойындар, әңгімелесу және әдебиетті талдау сияқты әдістер қолданылады.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Жеткіншектерге тиімді қарым-қатынас жасауға, келіссөздер жүргізуге және командада жұмыс істеуге үйрету. Бұл үшін тренингтер, семинарлар және топтық жұмыстар қолданылады.

Көшбасшылық тренингтері: Жеткіншектерге көшбасшылықтың негізгі теорияларын, дағдыларын және стратегияларын үйрету.

Рөлдік ойындар және симуляциялар: Жеткіншектерге көшбасшылықты практикада қолдануға мүмкіндік беру.

Жобалық жұмыстар: Жеткіншектерге командада жұмыс істеуге, жобаларды жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік беру.

Волонтерлік қызмет: Жеткіншектерге қоғамға пайдалы іс-шараларға қатысуға және көшбасшылықты көрсетуге мүмкіндік беру.

Менторлық: Тәжірибелі көшбасшылардың жеткіншектерге кеңес беруі және қолдау көрсетуі.

Мектептерде, отбасыларда және қоғамдық ұйымдарда осы әдістерді қолдану жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға және олардың болашақта табысты болуына көмектеседі.

Эмоциялық интеллект пен көшбасшылықтың өзара байланысын растайтын көптеген зерттеулер бар. Мысалы, “Journal of Applied Psychology” журналында жарияланған зерттеу көрсеткендей, EQ жоғары көшбасшылар өз командаларын жақсырақ басқарады, олардың жұмыс өнімділігі жоғары болады және олардың команда мүшелері жұмысқа қанағаттанады.

Практикалық мысалдар да эмоциялық интеллектінің көшбасшылықтағы маңызын көрсетеді. Мысалы, танымал компаниялардың CEO-лары (бас атқарушы директорлары) өз

қызметкерлерімен жақсы қарым-қатынас жасайды, олардың қажеттіліктерін ескереді және жағымды жұмыс ортасын құрады. Олар өз эмоцияларын басқара біледі, күйзеліске төзімді болады және қиын шешімдер қабылдай алады.

Жеткіншектер арасында да эмоциялық интеллекті жоғары көшбасшылар көзге түседі. Олар мектепте, спорт командаларында және басқа да ұйымдарда басқаларға ықпал етеді, олардың пікірін тыңдайды және ортақ мақсатқа жету үшін жұмыс істейді.

Жеткіншектердің эмоциялық интеллектісі мен көшбасшылық қасиеттерінің өзара байланысы тереңінен зерттелді. Эмоциялық интеллект – жеткіншектердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратын күрделі және көп қырлы құбылыс. EQ жоғары жеткіншектер өз эмоцияларын жақсы басқарады, басқалардың эмоцияларын түсінеді, тиімді қарым-қатынас жасайды және командада жағымды атмосфера құрады. Олар мектепте, қоғамда және болашақ мансабында табысқа жетуге бейім болады.

Мектептерде, отбасыларда және қоғамдық ұйымдарда жеткіншектердің эмоциялық интеллектін және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану қажет. Бұл әдістер жеткіншектерге өз эмоцияларын тануға, басқаруға, эмпатияны дамытуға және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Болашақта осы тақырыпты тереңінен зерттеу, эмоциялық интеллект пен көшбасшылық қасиеттерін дамытудың тиімді әдістерін анықтау және оларды практикада қолдану маңызды. Бұл жеткіншектердің табысты болуына және қоғамға пайдалы көшбасшылар болып қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиет

1. Сарсенбаева Г.Т. Социально-психологическая подготовка студентов. – Алматы: Казахский университет, 2019.

2. Гусейнова Р.М. Эмоциональный интеллект как современное качество личности // Журнал «Психология и жизнь». – 2021. – №3.

3. Байжуманова М.Т. Пути развития лидерских качеств у детей младшего школьного возраста // Современное образование. – 2022. – №5.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативті қабілетін дамыту

Паштанов С., аға оқытушы,
Жураев Д., студент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
(Түркістан қаласы)

Резюме

В статье сделан теоретический анализ проблемы подготовки будущих учителей к педагогической коммуникации. Кроме того, по опросу были выявлены уровни педагогически коммуникативных умений студентов.

Abstract

The article provides a theoretical analysis of the problem of preparing future teachers for pedagogical communication. In addition, the survey revealed the levels of pedagogical and communicative skills of students.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістердің бірі дәстүрлі-түсіндірмелі білім беруден құзыреттілікке негізделген конструктивті білім беруге өту. Яғни, мұғалімнің міндеті оқушыға білімді дайын күйінде ұсынбай, зерттеуге, танымдық құзыреттілікті дамытуға бағыттап оқыту қызметіне ауысты. Өз кезегінде білім беру саласында мұғалімнің ролін күшейтті. Бүгінгі таңда мұғалімдер оқыту мен оқуды интеграциялап, оқушыны жетістікке жетелеуші тұлғаға айналды. Бұл олардың оқушыға көзқарасын, қарым-қатынасын түбегейлі өзгертті. Білім беру жүйесінде болып жатқан осындай өзгерістер әр баланы даралындыруға, олардың тұлға ретінде көруіне негізделген гуманизмге бағытталғандықтан педагогикалық қолдаудың маңызы зор.

Болашақ мұғалімдерді оқушыларды педагогикалық қолдауға дайындауда өзіне тән тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру қажет. Ғылыми еңбектерге шолу жасау барысында болашақ мұғалімдерді педагогикалық қолдауға дайындауда қалыптастыруға тиісті тұлғалық сапаларына назар аудардық.

Педагогикалық әрекетке даярлық аспектісін Н.В.Кузьмина зерттеген. Оның пікірінше, педагогикалық қолдаудағы кәсіби педагогикалық қабілеттіліктерге педагогикалық елестету (өзінің және білім алушылардың қызмет нәтижелерін болжамдау, қайсы бір педагогикалық әрекеттің салдарларын алдын-ала көре білу), ұйымдастырушылық қабілеттіліктер (білім алушылардың сабақ үстінде оқу қызметін ұйымдастыра білу, сыныптан тыс немесе мектептен тыс түрлі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру),

педагогикалық тактіге қабілеттілік, өзіне және басқаларға талапшыл болу т.б. жатады [1, 2- 9-10]. Автор мұғалім тек педагогикалық қабілетке ие ғана болып қоймай, балалар психологиясын біліп, олар жағымды қарым-қатынас танытып, педагогикалық қарым-қатынас өнерін, оқушылармен және әріптестерімен өзара қарым-қатынас орната алу қабілетін игеру керек деп есептейді [3,11].

И.А.Зимная оқушыларды педагогикалық қолдауда мұғалім меңгеруге тиісті іскерліктеріне оқушылардың мінез-құлқы бойынша олардың адамгершілік нормалары мен нанымдарының үйлесімділігін танып білу; оқушының не айтып тұрғаны, ойлағаны мен қылықтарының өзара байланысында жалпы оқушы тұлғасын көру; жеке оқушылар тұлғасының нашар дамыған қырларын ынталандыру үшін жағдай жасауын жатқызады [2,260]. Сондай-ақ студенттер меңгеруге тиісті іскерліктің келесі тобына коммуникативтік міндеттерді қою тәсілдерін жатқызады. «Осы топқа енетін іскерліктердің ең маңыздысы – психологиялық қауіпсіздікке жағдай жасау және қарым-қатынас серіктестігінің ішкі қорын жүзеге асыру». «Олардың (студенттердің) перцептивтік (басқа адамды түсіну, зерттеу, оның көзқарасымен қарау) және басқару (оқушының түрткісіне, мақсатына әсер ету) компоненттерін қамти отырып жүзеге асыру және дамыту» [2,259] деп атап өткен.

И.А.Зязюн т.б. педагогикалық қабілеттіліктерге мұғалімдердің басқа адамдармен диалогтық қатынастар орнатуымен байланысты жеке қасиеттері жатады:

–коммуникативтілік (араласу қабілеті, ораторлық нақыштарды игере білуі, басқа адамдарды тыңдай алуы т.б.);

–кәсіби перцептивтік, эмпативтілік (бақылай білу, адамдардың әлпеті мен әрекеттерінен олардың ішкі қобалжулары мен басқа адамдарға деген қатынасын анықтай білуі; басқа адамның психологиялық және физикалық ахуалын түсіне білуі, оған көңіл аудару білу, оның орнына өзін қоябілуі) [3,3]. Бұл аталған педагогикалық қабілет түрлерін болашақ мұғалімдерді педагогикалық қолдауға даярлауда қалыптыстыру қажет. Ең бастысы оқушыларды педагогикалық қолдауда өзара қарым-қатынастың негізгі мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу, адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік беру.

В.А.Кан-Калик өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, педагог пен оқушы арасындағы қатынастарда кездесетін қиындықтардың себебін оқытушының педагогикалық қатынасқа мән бермейтінін, ол үшін әр педагог коммуникативтік іскерлікті меңгеріп, оны оқыту және тәрбие үдерісінде қолдануы қажет екенін айтады. Ол педагогтың коммуникативтік іскерліктеріне мыналарды жатқызады: көпшілік алдында сөз сөйлей білуі, қарым-қатынасқа түсе білуі, әр түрлі жағдайлар туғыза отырып шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруы, оқу және тәрбие үрдісінде дұрыс қарымқатынас

құрып, оны басқара білу іскерліктері [4,5].


Біз арнайы сауалнаманың негізінде болашақ мұғалімдердің коммуникацияға даярлығын анықтады. Сауалнамаға педагогикалық бағыттағы 6B01485– Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық және 6B01719–Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) білім беру бағдарламасының 51 студент қатысты. Сауалнама нәтижесіне сәйкес студенттердің оқушылармен қарым-қатынасқы икемділігі мен белсенділігі, оқушылардың бастамаларын қолдай білу іскерліктері анықталды.

1	1. Сізде адамдарды зерттеуге және әртүрлі адамдармен танысуға деген ұмтылыс бар ма?	42 (82,4%)
2	9. Сізден үлкен адамдармен байланыс орнату оңай ма?	41 (80,4%)
3	13. Сіз бейтаныс адамдармен байланыс орнатып, қарым-қатынас жасай аласызба?	37(72,5 %)
4	21. Сізге үнемі адамдар арасында болу ұнайма?	26(51 %)
5	25. Сіз ұжымдық ойындарға қатысқанды ұнатасызба?	36(70,6 %)
6	29. Сізге бейтаныс топқа жандандыру қиын емес деп ойлайсызба?	26(51 %)
7	33. Сіз бейтаныс ұжымға кіргенде өзіңізді еркін сезінесіз бе?	41 (80,4%)
8	37. Сіздің көптеген достарыңыз бар екені распа?	26(51 %)
9	3. Сізді жолдастарыңыздың кез келгені ренжіткен сезім ұзақ уақыт бойы мазалайды ма?	29(57 %)
10	7. Адамдарға қарағанда кітаптарда немесе басқа әрекеттерде уақыт өткізу сізгежағымды және оңай екені распа?	16(31,4 %)
11	11. Сіз үшін жаңа компанияларға (ұжымдарға) қосылу қиынба?	30(59 %)
12	15. Жаңа командада үйрену қиын ба?	32(62,7 %)
13	19. Айналаңыздағы адамдар сізді тітіркендіреді ме және сіз жалғыз болғыңыз келе ме?	26(51 %)
14	23. Егер сіз жаңа адаммен танысу үшін бастама көтеруіңіз керек болса, сіз қиналасыз ба?	32 (68 %)
15	27. Бейтаныс адамдар арасында өзіңізді сенімсіз сезінетініңіз распа?	28(55 %)
16	31.Сіз өзіңіздің таныстарыңыздың шеңберін шектеуге тырысасызба?	34(66,7 %)
17	35. Адамдардың үлкен тобына бірдеңе айту керек болғанда, сіз өзіңізді сенімді және тыныш сезінбейтініңіз рас па?	26(51 %)
18	39. Сіз жиі ұяласыз ба, бейтаныс адамдармен сөйлескенде өзіңізді ыңғайсыз сезінесіз бе?	26(51 %)

Сауалнамаға сәйкес 1ші сұраққа 42 (82,4 %), 2 және 7ші сұрақтарға 41 (80,4 % студент «ия»деп жауап берген, яғни, 84%-і коммуникацияға белсенді екені анықталды. Ал 3 ші сұраққа 37 (72,5

%), 5-ші сұраққа 36 (70,6 %) «ия» жауабымен орташа, 4,6, 8-ші сұрақтарға 26 (51 %) «ия» жауабымен орташадан төмен екенін көрсетті.

11-ші сұраққа 30 (59 %), 12 сұраққа 32 (62,7 %), 14 сұраққа 32 (68 %), 16 сұраққа 34 (66,7 %) «жоқ» жауабымен жоғары, 13, 17, 18 – ші сұрақтарға 26 (51 %) «жоқ», 15-ші сұраққа 28 (55 %) орташа жауап берген.



Сурет 1. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық коммуникация қабілеттерінің дейгейлері.

Қорыта айтқанда, студенттердің педагогикалық коммуникация қабілетті екенін аңғаруға болады. Бұл деген сөз, яғни болашақ мұғалімдер оқушылармен теңдей қарым-қатынас жасауға қабілетті, оларың ішкі дүниесіне енуге, эмпатияға қабілетті екенін көрсетеді.

Әдебиет

1. Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. – Л.: Изд-во Ленинградского университета, 2003. – 183с.

2. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов./ перевод. русского языка М.А.Кусаинова. -М.: Лотос; Алматы: TST-companу, 2005.-С.368.

3. Основы педагогического мастерства: Учеб. пособ. для пед. спец. высш. учеб. заведений/И..А. Зязюн, И.Ф. Кривонос, Н.Н. Тарасевич и др.; Под ред. И.А. Зязюна. – М.: Просвещение, 2009. – 302С

4. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1987

ӘОЖ373.31

**«Рефлексиялық технологиялардың болашақ бастауыш
сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігіне әсері»**

Тұнғатова Н.Ә.,
8D01303 – «Бастауыш оқыту
педагогикасы мен әдістемесі»
білім беру бағдарламасының I курс докторанты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается значение рефлексивных технологий в формировании профессиональной идентичности будущих учителей начальных классов. Рефлексия способствует самопознанию педагогов, развитию уверенности и гибкости в педагогической практике. Этот процесс играет важную роль в профессиональном развитии учителей.

Abstract

The article discusses the importance of reflective technologies in the formation of professional identity in future primary school teachers. Reflection contributes to self-awareness, the development of confidence, and flexibility in pedagogical practice. This process plays a significant role in the professional development of teachers.

Қазіргі заманғы білім беру мұғалімдерден тек жоғары біліктілік пен білім ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі талдау, рефлексия және кәсіби даму қабілеттерін талап етеді. Соңғы онжылдықтарда рефлексивтік технологияларға үлкен назар аударылып келеді, өйткені олар болашақ мұғалімдердің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Педагогикалық тәжірибеде рефлексия – бұл өз жұмысын саналы түрде ойлап бағалау, өткен тәжірибелерді талдау, күшті және әлсіз жақтарды анықтау, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіру жолдарын іздеу процесі. Рефлексивтік технологиялардың бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігіне әсері қазіргі таңда өзекті зерттеу тақырыбы болып табылады.

Рефлексия педагогикалық технология ретінде өз іс-әрекетін саналы талдау, қайта ойлау және бағалау процесі болып табылады. Рефлексивтік процесс болашақ мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кәсіби сәйкестілік мұғалімнің өз рөлін, міндеттерін және кәсіби іс-әрекетін түсіну мен бағалаудан тұрады. Рефлексивтік технологиялар кәсіби сәйкестікті дамыту үшін маңызды құрал болып табылады, өйткені олар болашақ педагогтарға өз кәсіби таңдауларын, мақсаттарын, құндылықтарын және іс-әрекеттерін терең түсінуге мүмкіндік береді [1,45 б.].

Педагогикалық білім беруде рефлексивтік технологиялар түрлі әдістерді қамтиды, мысалы: жазбаша рефлексивтік тәжірибелер, педагогикалық қателіктерді талдау, кәсіби қауымдастықтарда әріптестермен пікір алмасу және басқа да өзін-өзі дамыту әдістері.

Рефлексивтік технологиялардың кәсіби сәйкестікке әсері. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігі көптеген факторлар әсерінен қалыптасады, олардың бірі – рефлексия. Рефлексивтік іс-әрекет барысында педагогикалық білім беру студенттері өз күшті және әлсіз жақтарын түсініп, кәсіби рөлі мен міндеттері туралы нақты түсінік қалыптастырады. Осылайша, рефлексивтік технологиялар төмендегідей аспектілерде оң әсерін тигізеді:

Өзін-өзі тану: Рефлексивтік тәжірибелер болашақ мұғалімдерге өздерінің кәсіби қасиеттерін, құндылықтарын және сенімдерін түсінуге мүмкіндік береді, бұл кәсіби сәйкестікті қалыптастырудың негізі болып табылады.

Мотивация және кәсіби даму: Рефлексия процесі болашақ мұғалімдердің кәсіби өсуге деген мотивациясын арттырады, себебі олар өз жетістіктері мен даму қажеттіліктерін анықтай алады.

Кәсіби сенімділік: Рефлексия болашақ мұғалімдерге өз қателіктері мен жетістіктерін саралап, кәсіби қабілеттіліктеріне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі.

Педагогикалық тәжірибедегі икемділік: Рефлексивтік технологиялар болашақ мұғалімдерге оқу процесінде өзгерістер мен түрлі жағдайларға тез бейімделуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі білім беру жүйесінде өте маңызды [2, 23 б.].

Рефлексивтік жұмыстың әдістері мен технологиялары. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін дамыту үшін түрлі рефлексивтік әдістер қолданылады. Олардың ішіндегі ең танымалдары:

Рефлексивтік журналдар мен күнделіктер: Студенттер өздерінің педагогикалық тәжірибелері туралы жазбалар жүргізеді, онда өз тәжірибелерін талдап, табысты және сәтсіз жағдайларды қарастырады. Бұл әдіс кәсіби бейімділіктер мен бағдарларды түсінуге көмектеседі.

Топтық талқылаулар мен супервизия: Студенттер өздерінің тәжірибелерін басқа әріптестерімен бөлісіп, кәсіби пікірлер алады. Бұл процесс кәсіби мәселелерді тереңірек түсінуге және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді [3, 38 б.].

Сабақтарды және бейнемазмұнды талдау: Студенттер өз сабақтарын бейнемазмұнға жазып, кейін оларды кәсіби тиімділік тұрғысынан талдайды. Бұл әдіс өз әрекеттерін рефлексиялауды дамытуға көмектеседі.

Кейс-әдісі: Нағыз педагогикалық жағдайларды зерттеп, оларды талдау болашақ мұғалімдерге әртүрлі мәселелерді шешудің әдістерін көруге және өз оқыту әдістерін саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Рефлексивтік технологиялардың білім беру процесіне енгізілуі кейбір қиындықтарға тап болады:

Уақыт тапшылығы: Студенттер педагогикалық тәжірибелерін толық талдап, рефлексия жасау үшін қажетті уақытты табу қиын болуы мүмкін, өйткені оқу жүктемесі өте үлкен.

Рефлексия дағдыларының болмауы: Барлық студенттерде өзін-өзі талдау және кәсіби іс-әрекетін бағалау дағдылары бола бермейді. Бұл қосымша оқытуды және жаттығуларды талап етеді.

Мотивацияның төмендігі: Кейбір студенттер рефлексивтік қызметті екінші реттік деп санап, оны негізгі оқу тапсырмаларына карағанда маңызды деп есептемеуі мүмкін.

Рефлексивтік технологияларды бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесіне одан әрі интеграциялау олардың кәсіби сәйкестігін нығайтуға мүмкіндік береді. Болашақта рефлексияны дамыту үшін төмендегідей қадамдар жасау қажет:

Рефлексивтік тәжірибелерді оқу курстары мен практикалық сабақтарға енгізу. Бұл студенттерге өз кәсіби рөлі мен міндеттерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды қолдану. Онлайн-курстар, бейнемазмұнды талдау және кәсіби пікір алмасу платформалары рефлексия процесін кеңейтуге көмектеседі.

Рефлексивтік технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар өзін-өзі тануды, сенімділікті және педагогикалық тәжірибедегі икемділікті дамытуға көмектеседі. Бірақ рефлексивтік жұмыс үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру және осы әдістерді оқу процесіне тиімді енгізу болашақта кәсіби білім сапасын арттырып, мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал етеді.

Әдебиет

1. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық универ-ті, 2001ж.–275 б

2. Вульфов Б.З. Профессиональная рефлексия: потребность, сущность, управление //Магистр. 1995. № 1. С. 71–79.

3. Кушеверская, Ю.В. Формирование рефлексивной компетентности студентов в образовательном процессе педагогического колледжа: – Петрозаводск, 2007 С. – 21.

4. Метаева В.А. Рефлексия и ее роль в преодолении профессиональных затруднений педагога. – Екатеринбург, 1996. – 23 с.

ӘОЖ. 373.3

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін
ұйымдастыру және оның тиімділігі**

Тұрмаханова М.С.,
7М01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы
мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының
2 курс магистранты,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Статья показывает, что научно-исследовательская деятельность учителей начальных классов способствует повышению их профессионального мастерства и улучшению качества образования. Научные исследования помогают учителям совершенствовать педагогические методы и подходы, а также способствуют всестороннему развитию учащихся.

Abstract

The article shows that primary school teachers' research activities enhance their professional skills and improve the quality of education. Research helps teachers refine pedagogical methods and approaches and contributes to students' holistic development.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметі білім беру саласының дамуына маңызды ықпал етеді. Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы олардың кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, педагогикалық әдістемелерді жаңартып, оқыту үрдісінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметі-бұл тек мұғалімдердің білімін тереңдету ғана емес, сонымен қатар оқушыларға сапалы білім беру мен олардың жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті маңызды құрал. Мұғалімдер ғылыми зерттеулер арқылы оқу үдерісін ғылыми тұрғыдан бағалап, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, оқушылардың білім алуын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметінің маңызы: Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметі олардың кәсіби дамуына, білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтарды енгізуге және педагогикалық үдерістерді тиімді ұйымдастыруға маңызды ықпал етеді. Бұл қызмет мұғалімдерге жаңа әдістер мен технологияларды меңгеру, оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру және педагогикалық зерттеулер жүргізу мүмкіндіктерін ұсынады. Ғылыми-зерттеу қызметінің басты мақсаты мұғалімдердің білімін тереңдету, жаңа дағдыларды қалыптастыру және оларды оқу үдерісінде тиімді

қолдануға бағытталған. Бұл қызмет педагогикалық әдіс-тәсілдерді жаңарту, оқушылардың білім сапасын арттыру және олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға септігін тигізеді [1, 21 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметі педагогикалық процеске жаңа көзқарастар мен инновациялық әдістер енгізуге жол ашады. Бұл зерттеулер мұғалімдердің тәжірибесін байытады, білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын сапалы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу қызметі мұғалімдерге оқу процесінде кездесетін қиындықтар мен мәселелерді тиімді шешуге, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес әдістемелерді қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл қызмет оқу үдерісінің нәтижелерін жақсартуға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері: Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру бірнеше маңызды кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде мұғалімдер ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздерін меңгереді. Бұл кезеңде зерттеу әдістері мен тәсілдеріне қатысты теориялық білімдер беріледі. Мұғалімдер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті дағдыларды игереді, зерттеу барысында қолданылатын негізгі принциптер мен әдіснамалар туралы түсінік алады.

Екінші кезеңде мұғалімдер өздерінің зерттеу жұмыстарын тәжірибе жүзінде жүзеге асырады. Бұл кезеңде оқу процесінде қолданылатын түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдер зерттеліп, олардың тиімділігі мен нәтижелілігі бағаланады. Мұғалімдер өздерінің зерттеулерінде нақты оқу жағдайларында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен бағдарламаларды сынақтан өткізеді. Бұл тәжірибелер олардың педагогикалық қызметіне жаңа тәсілдер енгізуге мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде зерттеу нәтижелері мұқият талданып, педагогикалық процесті жетілдіру бағытында ұсыныстар жасалады. Зерттеу нәтижелерінің негізінде мұғалімдер өз жұмысында тиімді өзгерістер енгізу үшін нақты әрекеттерді жоспарлайды. Бұл кезеңде мұғалімдер ғылыми тұрғыдан ойлауды үйреніп, оқыту әдістерін жақсарту жолдары туралы ұсыныстар ұсынады.

Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру барысында мұғалімдердің зерттеу жұмыстары әртүрлі форматта жүргізіледі. Оларға жеке зерттеу, топтық зерттеу, мектепшілік зерттеулер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру саласындағы жаңа зерттеулермен танысу сияқты әрекеттер кіреді. Бұл зерттеу жұмыстары мұғалімдердің өз білімін арттыруға, ғылыми тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға және білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған қадамдар жасауға ықпал етеді [2, 38 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділіктері: Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігі оқу процесінің сапасын арттыруға және

балалардың жан-жақты дамуына зор әсер етеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды енгізуге, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл қызмет мұғалімдерге өз іс-тәжірибелерін талдап, зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, оқыту әдістерін жетілдіруге жол ашады. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстары мұғалімдерге білім беру процесіне жаңа әдістер мен шығармашылық шешімдер енгізуге мүмкіндік береді [3, 46 б.].

Мұғалімдер зерттеу нәтижелерін өз жұмысында қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу мотивациясын жоғарылатып, білім сапасының артуына әкеледі.

Ғылыми-зерттеу қызметінің тиімділігін арттыру үшін педагогтардың өз жұмыстарын жүйелі түрде талдауы, зерттеу әдістерін үнемі жетілдіруі және педагогикалық жаңашылдықтарды енгізуі өте маңызды. Мұғалімдер өз зерттеулерінде ғылыми әдебиеттерді зерттеп, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға ұмтылады. Бұл зерттеулер мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, оқу процесін үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу қызметі мұғалімдердің білім беру саласындағы жаңа идеялармен танысуына және ғылыми қауымдастықтың бір бөлігі болуына жол ашады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін қолдау шаралары: Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметін қолдау үшін мектептер мен білім беру ұйымдарында арнайы шаралар ұйымдастырылуы қажет. Бұл шаралар педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуына жағдай жасайды, мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығын арттырады және зерттеу жүргізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді [4, 18 б.].

Мұғалімдер үшін біліктілік арттыру курстарын, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру маңызды. Бұл мұғалімдердің ғылыми-зерттеу дағдыларын жетілдіріп, жаңа білім мен әдіс-тәсілдермен таныстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысатын мұғалімдерге уақыт бөлу, зерттеу нәтижелерін жариялау және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау да маңызды болып табылады. Мұндай шаралар педагогтардың мотивациясын көтеріп, олардың зерттеу қызметіне деген қызығушылығын арттырады.

Мектептерде ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысатын педагогтардың тәжірибесі мен жетістіктерін ынталандыру мақсатында ғылыми-педагогикалық жобалар мен конкурстар ұйымдастырылуы тиіс. Бұл мұғалімдердің өз зерттеулерін көрсетуіне, өзара тәжірибе алмасуына және кәсіби қоғамдастықта өз орнын табуына мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, мұғалімдерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті материалдық және ақпараттық ресурстарды қамтамасыз ету маңызды. Бұл үшін мектептер мен білім беру ұйымдары қажетті кітапханалық, интернет-ресурстарымен, оқу құралдарымен және зерттеу жүргізуге қажетті басқа да құралдармен жабдықталуы қажет.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу қызметі білім беру жүйесінің дамуына маңызды әсер етеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырып, педагогикалық әдіс-тәсілдерді жетілдіруге ықпал етеді. Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметі тек олардың білім беру үдерісіндегі тиімділігін арттырып қоймай, балалардың жан-жақты дамуына да ықпал етеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметін қолдау мен дамыту білім беру сапасын арттыру үшін маңызды қадам болып табылады. Осы арқылы мұғалімдер кәсіби тұрғыда өсіп, білім беру жүйесі жана деңгейге көтеріледі. Сондықтан ғылыми-зерттеу қызметіне мән беріп, оны қолдаудың маңызы зор.

Әдебиет

1. Алдамбергенова Г.Т., Шынтаева Р.Ж. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің даму үдерісі//Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2019. – №. 4. – С. 184-190.

2. Булин-Соколова Е.И., Обухов А.С., Семенов А.Л. Будущее педагогическое образование. Направление движения и первые практические шаги //Психологическая наука и образование. – 2014. – Т. 19. – №. 3. – С. 207-226.

3. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике: Монография. 2016 – Алматы: Қазақ университеті.

4. Ключева, Е. В. Основы исследовательской деятельности в образовании :учеб. пособие/Е.В.Ключева.–Арзамас:Арзамасский филиалННГУ,2014.–111с.

ӘОЖ 371.14

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы

Тұнғатова Н.Ә. п.ғ.м., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Статья рассматривает важность профессионального развития педагогов в организациях дошкольного образования, что способствует качественному обучению детей и повышению качества образовательной системы. В настоящее время существуют проблемы, препятствующие профессиональному развитию педагогов, для их решения предлагается внедрение курсов повышения квалификации и организация обмена опытом.

Abstract

The article highlights the significance of professional development for educators in preschool educational organizations, emphasizing its contribution to the quality of children's education and the overall improvement of the education system. Currently, issues hinder the professional development of educators, and to address these, it is suggested that qualification enhancement courses be implemented and an experience exchange program be organized.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың кәсіби дамуы білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл тек білім беру процесінің сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар балаларды тәрбиелеу деңгейін жақсартуға да ықпал етеді. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайлардың тез өзгеруі педагогтардан жаңа көзқарастар, білімдер мен дағдыларды талап етеді. Сондықтан педагогтардың кәсіби өсуі мен біліктілігін арттыруға арналған қолайлы жағдайлар жасау маңызды міндет болып табылады.

Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы – мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсартудың және педагогтардың өз жұмысын тиімді атқаруының негізі болып табылады. Заманауи білім беру жүйесінің талаптары мен өзгерістеріне бейімделу үшін педагогтар үздіксіз білім алып, өз дағдыларын жаңартып отыруы қажет. Олар тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар балалардың тұлғалық дамуына әсер ететін әдіс-тәсілдер мен педагогикалық инновацияларды меңгеруі тиіс [1,45 б.].

Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын жүйелі түрде ұйымдастырудың маңызы ерекше. Кәсіби даму үрдісі педагогтың жұмыс тиімділігін арттырып, білім беру сапасын көтеруге мүмкіндік

береді. Бұл, өз кезегінде, балалардың жан-жақты дамуына, олардың әлеуетін толықтай ашуға ықпал етеді. Сондықтан, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы бүгінгі таңда маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр [2,67 б.].

Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы – педагогтың кәсіби білімін жетілдіру, жаңа педагогикалық әдістер мен тәсілдерді меңгеру, кәсіби қызметіндегі дағдыларын дамыту үдерісі. Бұл процесс педагогтың тұлғалық және кәсіби өсуін қамтамасыз ете отырып, оның жұмыс сапасын айтарлықтай жақсартады және білім беру ұйымында балалардың толыққанды дамуына жағдай жасайды.

Кәсіби даму ұғымының өзі педагогика саласындағы маманның кәсіби құзыреттіліктерін арттыруды білдіреді. Яғни, педагогтар тек балаларға білім беру ғана емес, олардың психологиялық және әлеуметтік дамуын қолдай отырып, оларды өмірге даярлау міндетін атқарады. Бұл міндетті орындау үшін педагогтың кәсіби деңгейі мен шеберлігі маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби дамуы – бұл олардың теориялық білімдерін тереңдету, сондай-ақ білім беру үдерісінде қолданатын әдістерін, педагогикалық көзқарастарын, шығармашылық тәсілдерін жетілдіру [3,78 б.].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогтың кәсіби дамуы жеке тұлға ретінде дамуға ықпал етеді. Мұнда педагогтың өзін-өзі жетілдіруге, жаңа білім мен технологияларды меңгеруге деген ынтасы маңызды рөл атқарады. Кәсіби даму үрдісі педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ оны мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа талаптарға сәйкес бейімдейді. Осылайша кәсіби даму тек педагогтың жеке өсуіне ғана емес, оның білім беру саласындағы ықпалы мен жұмыс нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, кәсіби дамудың маңызды аспектісі – педагогтардың өзара тәжірибе алмасуы мен бір-бірінен үйренуі. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қауымдастықтардың болуы, педагогтардың кәсіби деңгейін арттырып, оларды жаңашылдыққа жетелейтін бірлескен жұмыс пен өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз ететін факторлар өте көп және олар бір-бірімен тығыз байланысты. Педагогтардың кәсіби дамуына әсер ететін негізгі факторларды қарастыра отырып, олардың жұмыс сапасын арттыру және білім беру процесінің тиімділігін жақсарту мақсатында нақты қадамдарды атап өтуге болады. Бұл факторлар педагогтың білімін жетілдіру, дағдыларын арттыру және жаңа педагогикалық әдістер мен тәсілдерді меңгеру үшін маңызды рөл атқарады [4,55 б.].

Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары. Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуының негізгі құралы – білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары болып табылады. Білім беру ұйымдары педагогтарға арналған арнайы оқу курстары мен бағдарламаларды ұсынады, олар педагогтардың жаңа білім алуын, дағдыларын дамытуын және оқыту әдістерін жетілдіруін қамтамасыз етеді. Бұл бағдарламалар теориялық білімдермен ғана шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға, заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде білім беру бағдарламаларының өзектілігі, олардағы жаңашылдық және педагогтардың жұмысында нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін маңызды.

Біліктілік арттыру курстары мен семинарлар. Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуындағы маңызды факторлардың бірі – біліктілік арттыру курстары мен семинарлар. Мұндай курстар педагогтарға өз білімдерін жаңартуға, жаңа педагогикалық әдістемелерді меңгеруге, заманауи технологиялар мен білім беру инновацияларын қолдануға мүмкіндік береді.

Тәжірибе алмасу және өзара оқыту. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу үдерісі олардың өз білімдерімен бөлісуіне, жаңа әдіс-тәсілдерді талқылауға, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе алмасу педагогтардың жеке тәжірибесін байытады, өз жұмысында шығармашылық тәсілдер мен жаңашыл идеяларды қолдануға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инновациялық әдістерді қолдану. Ғылыми зерттеулер педагогтың білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді ұсынуға, педагогика саласындағы жаңа тенденцияларды енгізуге мүмкіндік береді. Заманауи педагогикалық әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану балалардың танымдық процестерін дамытуға, олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді.

Көшбасшылық дағдылары мен кәсіби қарым-қатынас. Педагогтардың көшбасшылық дағдыларын дамыту да кәсіби дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Көшбасшылық қабілетке ие педагогтар өз жұмысында жауапкершілікті сезініп, білім беру үдерісін ұйымдастыруда тиімді шешімдер қабылдай алады. Олар өз әріптестеріне үлгі бола отырып, ұжым ішінде ынтымақтастықты нығайтып, жаңа идеяларды іске асыруға бастамашы болады.

Кәсіби қарым-қатынас педагогтың әлеуметтік дағдыларын, ұжыммен және ата-аналармен қарым-қатынас орнату қабілетін арттыруда маңызды фактор болып табылады. Педагогтың жақсы қарым-қатынас дағдылары оның кәсіби өсуіне, оқу процесінің сапасына және мектепке дейінгі ұйымдарда қолайлы психологиялық климат қалыптастыруға көмектеседі. Қарым-қатынас дағдыларын

дамыта отырып, педагог балалардың сеніміне кіреді, олардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді.

Ақпараттық технологиялар мен білім беру платформаларын пайдалану. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Педагогтар жаңа білім беру платформалары мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқу үдерісін әртараптандырып, балалардың білім алуына қызығушылықты арттыра алады. Ақпараттық технологияларды пайдалану балалардың өз бетімен білім алу дағдыларын дамытуға, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогтар өз кәсіби дамуында онлайн курстар мен вебинарларды пайдалана отырып, үздіксіз білім алуды қамтамасыз ете алады.

Педагогтардың кәсіби дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлар олардың білімін жетілдіру мен дағдыларын арттыруға бағытталған кешенді шараларды қамтиды. Білім беру бағдарламалары, біліктілік арттыру курстары, тәжірибе алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инновациялық әдістерді қолдану сияқты факторлар педагогтың кәсіби өсуін қамтамасыз ете отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттырады. Педагогтардың кәсіби дамуы тек олардың жеке білімі мен шеберлігін ғана емес, сонымен қатар балалардың білім алу сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан осы факторларды тиімді пайдалану мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында үздіксіз даму мен сапалы білім берудің негізі болып табылады.

Әдебиет

1. Белкина В.Н. Сергеева Г.В. Актуальные проблемы непрерывного профессионального образования будущих педагогов // Ярославский педагогический вестник. 2011. Т. 2. № 1. С. 159–162.

2. Белогуров А.Ю. Модернизация процесса подготовки педагога в контексте инновационного развития общества. Монография. – М.: МАКС Пресс, 2016. – 116 с. ISBN 978-5-317-05412-0

3. 2023 жылғы Өмір бойы білім беруді жүзеге асыру мониторингі (1 блок. 4 тармақ) Аналитикалық анықтама. – Астана қ., 2023

4. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты. – Режим доступа: <http://el.kz/m/articles/view>

Төрехан Н.А., магистрант,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматривается роль цифровых технологий и образовательных ресурсов в формировании нравственных ценностей учащихся. Будет рассмотрена сущность нравственных ценностей и важность их развития, а также возможности цифровых технологий и образовательных ресурсов (интерактивное обучение, онлайн-платформы, социальные сети, виртуальное творчество) в этой сфере. Анализируются эффективные подходы и методы (ситуационный анализ, дискуссии, проектная работа, виртуальные путешествия, игры на эмпатию), а также проблемы (дезинформация, кибербуллинг, цифровой разрыв, зависимость). В статье обращается внимание на опыт казахстанской системы образования и даются рекомендации по эффективному использованию цифровых технологий в формировании нравственных ценностей учащихся.

Abstract

The article discusses the role of digital technologies and educational resources in the development of students' moral values. The essence of moral values and the importance of their development are considered, as well as the possibilities of digital technologies and educational resources (interactive learning, online platforms, social networks, virtual creativity) in this area. Effective approaches and methods (situational analysis, discussions, project work, virtual trips, empathy games) and difficulties (misinformation, cyberbullying, digital divide, addiction) are analyzed. The article draws attention to the experience of the Kazakhstani education system and provides recommendations for the effective use of digital technologies in the development of students' moral values.

Кіріспе

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл технологиялар оқушылардың тек білім алуын ғана емес, сонымен қатар олардың адамгершілік құндылықтарын дамытуда маңызды рөл атқара алады. Оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту – қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін қажетті шарт. Мақаланың мақсаты – цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстарының оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамытуға қалай ықпал ететінін, осы саладағы тиімді тәсілдер мен әдістерді қарастыру [1, 67-85].

1.Адамгершілік құндылықтардың мәні және оларды дамытудың маңызы

Адамгершілік құндылықтар – адамдардың өмірлік бағдарлары, қағидалары және сенімдері. Олар адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасын реттейді, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын анықтайды және жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді. Негізгі адамгершілік құндылықтарға мейірімділік, әділдік, адалдық, жауапкершілік, сыйластық, жанашырлық, ынтымақтастық және патриотизм жатады.

Адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңызы:

- Жауапты және саналы азаматтарды тәрбиелеу.
- Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.
- Қоғамдағы зорлық-зомбылық пен кемсітушілікті азайту.
- Мәдениеттер мен ұлттар арасындағы түсіністікті нығайту.
- Әлемдік мәселелерді шешуге атсалысу.

2.Цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстарының мүмкіндіктері

Цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады:

- Интерактивті оқыту: Оқушыларды қызықтыратын және олардың белсенділігін арттыратын интерактивті тапсырмаларды, ойындарды және симуляцияларды пайдалану.

- Кең ақпарат көзі: Оқушыларға әлем туралы, әртүрлі мәдениеттер мен құндылықтар туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.

- Қашықтықтан оқыту: Географиялық шектеулерді жою және барлық оқушыларға тең білім алу мүмкіндіктерін ұсыну.

- Әлеуметтік желілер мен онлайн-қауымдастықтар: Оқушыларға әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен қарым-қатынас жасауға, пікір алмасуға және ынтымақтастыққа мүмкіндік беру.

- Виртуалды шығармашылық: Оқушыларға өз идеяларын білдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік мәселелерге назар аударуға мүмкіндік беру[2, 29-37].

3.Тиімді тәсілдер мен әдістер

Цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары арқылы оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту үшін келесі тиімді тәсілдер мен әдістерді қолдануға болады:

- Жағдаяттық талдау (Case study): Оқушыларға нақты өмірлік жағдайларды ұсыну және оларды талдау, әділ шешімдер қабылдау және әртүрлі көзқарастарды түсінуге үйрету.

- Пікірталастар (Debates): Оқушыларға әлеуметтік мәселелерді талқылауға, өз пікірлерін білдіруге және басқалардың пікірін сыйлауға үйрету.

- Жобалық жұмыс (Project-based learning): Оқушыларға әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды бірлесіп орындауға мүмкіндік беру.

- Виртуалды саяхаттар (Virtual tours): Оқушыларға әлемнің әртүрлі елдерімен, мәдениеттерімен және тарихи орындарымен танысуға мүмкіндік беру.

- Эмпатия ойындары (Empathy games): Оқушыларға басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және жанашырлық танытуға үйрету.

- Онлайн-акциялар мен петициялар (Online campaigns and petitions): Оқушыларға әлеуметтік мәселелерге назар аударуға және өз үлестерін қосуға мүмкіндік беру.

4. Қиындықтар мен шешімдер

Цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары арқылы оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамытуда келесі қиындықтар туындауы мүмкін:

- Дұрыс емес ақпараттың таралуы: Оқушыларды ақпараттық сауаттылыққа үйрету, дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауға үйрету.

- Кибербуллинг және онлайн-қауіпсіздік: Оқушыларды онлайн-қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, кибербуллингке қарсы күресу және жауапты цифрлық азаматтылықты қалыптастыру.

- Цифрлық алшақтық: Барлық оқушылардың цифрлық технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз ету, тең мүмкіндіктерді ұсыну.

- Технологияға тәуелділік: Оқушылардың экран алдындағы уақытын шектеу, физикалық белсенділікті және әлеуметтік қарым-қатынасты қолдау.

5. Қазақстандық тәжірибе

Қазақстандық білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары арқылы оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған әртүрлі жобалар іске асырылуда. “Bilim-Land”, “Daryn Online” сияқты онлайн-платформалар оқушыларға сапалы білім беру ресурстарын ұсынып қана қоймай, олардың адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған материалдарды да қамтиды[3, 27-35].

Қорытындылай келе цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстары оқушылардың адамгершілік құндылықтарын дамыту үшін қуатты құрал болып табылады. Бұл технологияларды тиімді пайдалану арқылы біз жауапты, саналы және әділетті қоғам құра аламыз.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995).
2. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы (2007).

3. Қазақстан Республикасының “Бала құқықтары туралы” Заңы (2002).

ӘОЖ 76.02 : 502.1 : 62

Көркем графикада қоршаған ортаны суреттеу әдістері

Ескуниева М.Е., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Статья посвящена изучению и описанию основных подходов графического стилизации природных форм, которые в дальнейшем послужат методической помощью в освоении студентами изобразительных навыков. В статье рассмотрены реалистические и творческие способы изображения окружения с помощью основных средств изображения графики: точки, пятна, линии, штриха.

Abstract

The article is devoted to the study and description of the main approaches to graphic stylization of natural forms, which in the future will serve as methodological assistance in the development of students' visual skills. The article discusses realistic and creative ways of depicting the environment using the main means of graphic representation: dots, spots, lines, strokes.

Қазіргі уақытта көркемдік білім беру білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды және елдің ұлттық мәдениетін сақтауға және оны одан әрі дамыту үшін перспективалар жасауға бағытталған. Осы мақсаттарға қол жеткізуде көркемдік-эстетикалық бағыты бар жалпы білім беретін мектептерге үлкен рөл беріледі, ал олардың біріктіруші факторы, тиісінше, оқушыларды көркемдік-эстетикалық цикл пәндеріне оқыту болып табылады. Бұл пәндерді зерттеу кезінде жазықтықтағы кескінмен байланысты және табиғи формаларды дамыған қабылдауға, сондай-ақ көркем образ жасау кезінде әртүрлі графикалық құралдар мен әдістердің көмегімен оларды бейнелеуге негізделген сурет салудың графикалық түріне ерекше назар аударылады.

Графикалық кескінді орындау процесінде көркем бейнені құрудың маңызды құралдарының бірі-сәндеу. Бейнелеу өнері сабақтарында оқу процесінде стилизация табиғи формаларды салу барысында, әсіресе кескіннің бастапқы кезеңінде шешуші фактор болып табылады. Нәтижесінде, стилизация-бұл студенттердің шындық туралы іргелі білімдерін қалыптастыратын, оның бейнелі көрінісі туралы көркем және жалпыланған идеяларды қалыптастыратын және ұлттық стильдің ерекшеліктерін түсінетін әдіс

екенін атап өткен жөн. Осылайша, "графика", "стилизация", "табиғи формаларды салу" сияқты ұғымдарды зерттеу арқылы оларды оқушыларға қатысты қол жетімді түсіндірудің жолдары мен әдістерін анықтау қажеттілігі туындайды. Шындықты мұқият зерттей отырып, графикадағы өнерді стильдеу бағытында түсіну студенттерге ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Графика арқылы қоршаған шындықты бейнелеу әдістерінің бірі-реалистік әдіс деп аталады. Оның негізінде суретшінің нақты шындықты дұрыс көруі мен түсінуі туралы ереже жатыр. Реалистік әдіс графика арқылы бейнелеудің дұрыс ережелері мен әдістерін игеруге көмектеседі. Реалистік әдіспен жасалған сурет көрермен үшін түсінікті және сонымен бірге бейнелі. Бейнелеусіз көркем шығарманың идеялық ниетін және тұтастай алғанда онда бейнеленген нәрсені анықтау қиын. Қоршаған шындықты бейнелеудің нақты әдістеріне табиғатты ұзақ талдау (ұзақ сурет салу әдісі) және қысқа эскиздер әдісі (эскиз әдісі) сияқты әдістер жатады.

Балада көптеген факторлардың әсерінен ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары қалыптасады. Сондықтан балалардың сөйлеу белсенділігіне, қарым-қатынасына, өз ойын жеткізуіне жағдай жасау өте маңызды. Студенттердің сөзін түрлі тілдік құралдармен байытуға, сөйлеу кемшіліктерінің алдын алуға және жоюға, айтылу нормаларымен сөйлеу құралдарын меңгеруге ерекше көңіл бөлген жөн. Сөйлеуді дамыту әдістемесінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану. Бұл әдістер сөйлеуді дамытудың тиімді құралдарының бірі болып табылады және оқушыларды оқытуда максималды табысқа жетуге көмектеседі. Жаңашыл әдіс-тәсілдер, технологиялар, тәсілдер мұғалім тарапынан, бала тарапынан көп күш-жігерді қажет етпейді, балалардың сөйлеу тілін оңтайландырады және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Алынған дағдыларды балалар жақсы сіңіріп, бекіту үшін кез келген ақпаратты балаларға беру тәсілдерін өзгерту қажет. Инновациялық тәсілдің негізгі идеясы біз мұғалімдердің бала бойында бастамашылдықпен зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруымыз керек дегенге саяды. Бұл нені білдіреді? Бұл материалды дайын түрде ұсыну емес, балаға тесттерді өзі жасап, дұрыс жауапты таңдау мүмкіндігін беру дегенді білдіреді. Ол үшін біз сөйлеуді дамытудың кеңірек міндеттерін ұстануымыз керек:

- балалардың бастамасын қолдау;

- дыбыстық сөйлеуге белсенді көзқарас пен қызығушылықты қалыптастыру;

- балаларда сөзбен рефлексия және тәжірибе жасау қабілетін дамыту

Бұл міндеттерді шешу сөйлеуді дамытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы жеңілдетіледі [6].

Қорыта келе, сөйлеуді дамыту мәселесі—бастауыш мектептегі ең маңызды мәселелердің бірі. Бейнелі, синонимдерге, толықтырулар мен сипаттамаларға бай, балаларда сөйлеу қазіргі кезде сирек кездесетін құбылыс. Ал бала үшін жақсы сөйлеу—табысты оқу мен дамудың кепілі. Әр адам анық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге, дұрыс дауысқа ие болуға, өз ойын ауызша және жазбаша жеткізуге, өз эмоциясын әртүрлі интонациялық құралдармен жеткізе білуге, сөйлеу мәдениетін байқап, сөйлеу қабілетін дамыту керек. қарым-қатынас жасау. Сондықтан қазіргі кезеңде оқушыларды оқытудың маңызды міндеттерінің бірі сөйлеу әрекетін дамыту болып табылады.

Әдебиет

1.Zakirova R. The Structure of Primary School Teachers' Professional Competence/R.Zakirova. International Journal of Environmental & Science Education, 2016.-Vol. 11.-No.6.-1167–1173.

2.Xamraeva A.F. Development of professional competence of the future pedagogical teacher / A.F. Xamraeva.European Journal of Molecular & Clinical Medicine, 2021.- Vol. 8. - Is. 1. - 619–627.

3.Tilavova M.M. The system of development of professional competence in future primary school teachers/M.M. Tilavova, A.Sh. Husenova, N.S. Hakimova.Journal of Critical Reviews, 2020.- Vol. 7. - Is. 13. - 4184–4189.

4.Tang S.Y.F. Re-conceptualising professional competence development of student teachers in initial teacher education / S.Y.F. Tang, A.K.Y. Wong, D.D.Y. Li, M.M.H. Cheng. Research Papers in Education, 2021.-Vol. 36. -Is. 2, - 152–175.

5.Уракова Е.А. Формирование профессиональных компетенций педагогов профессиональной подготовки / Е.А. Уракова, Е.Н. Гусев, А.В. Гнездин//Проблемы современного педагогического образования. - 2020. - No 69 (3). - С. 236–238.

6.Захарова И.М. Структура профессиональной компетенции учителя начальных классов с точки зрения ФГОС второго поколения / И.М. Захарова, И.Н. Федекин//Психолого-педагогические исследования. - 2010. - No 4. - С. 1–11.

ӘОЖ37-1174

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту жолдары

Мирамбекова З.М., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается проблема путей развития речевой деятельности младших школьников.

Abstract

This article discusses the problem of ways to develop speech activity of Primary School students.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқан. Сондықтанда сөздердің пайда болуы әр түрлі себепке және тарихқа байланысты. Тіл- тілдің өзіне тән төл лексикасы және грамматикалық тұрмысы болады. Бірақоныменшектеліп қалатын тіл жоқ. Халықтар қашанда тұйық өмір өмір сүрмейді, өзге халықтармен эконимикалық, саяси мәдениетте

байланыста болады. Ал бұл қатынас тілге әсерін тигізіп отырады. Соның ішінде тез қабылданатын, тез өзгеріске түсетін лексика болады. Қазақ халқы да әр дәуірде әр түрлі халықтармен байланыста болып, сөздік құрамын байытып отырған. Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе барлық сөздің ұйытқысы болып табылатын түбір сөздер-негізгі сөздік қор [1].

Демек, тілдің негізгі қоры талай ғасырды басыныа кешіргендіктен, олар байырғы көне сөздер деп аталады. Тілдегі сөздердің бәрі қосылып, тілдің сөздік құрамы дегенді жасайды. Тілдің сөздік құрамы үнемі дамуда, өзгерісте болады. Тіл қоғам тарихымен қоғам өндірісімен тікелей байланысты, әрі талай ғасырдың жемісі болғандықтан, сөздік құрамы біркелкі болуы мүмкін емес.

Сөздік құрамда байырғы төл сөздерге, шеттен кірген сөздер болуы заңды. Тілдің даму барысында жаңа сөздер пайда болуымен қатар, оны қайсы біреулері күнделікті өмірдің қажетіне қарай қосымша жаңа мағынаға, кейбіреулері бұрынғы көп мағынасы бір мағынамен шектеліп келеді.

Тіл тілдің өзара бір-бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі- тілдің грамматикалық және фонетикалық жақтары. Тілдің осы екі жағының бірлігінің тұтас тіл құралы да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас туралы ретінде қызмет ете алады. Сөздік пен грамматикалық құрылыс үнемі біллікте жұмсалады. Олардың қайсынының өзіне тән ерекшіліктері мен қызметтері әрқайсысының өз жүйесі болғандықтан, тілдің сөздігін лексикология тексереді де, грамматикалық құрылысын грамматика ғылымы зерттейді. Сөз дегеніміз- қыр сыры мол, күрделі тілдік категория [2]. Сөздік мағыналық, дыбыстық шығу төркіні, даму тарихы, қолданылуы, ерекшілігі, жасалу жолы өзегру жүйесі және басқа алуан түрлі жақтары бар.

Тіл ғылымының әр саласы сөзді әрқилы тұрғыда қарап тексереді. Мысалы: сөздің дыбыстық жағының сыр сипатын оның белгілі бір дыбыстық комплекс арқылы құлаққа естілінін айтамыз.

Белгілі әдіскер ғалым Ш.Х. Сарыбаевтың диссертациясында зерттеген мәселесенің бірі- оқушының сөздік қорының байыту мәселесінде әдіскер ғалым оқушыға үйретілетін сөздерді таңдауға мән берген[3]. Бұл ретте ғалым оқушыларға нақтылы деректерді заттардың атын үйретуден бастаудың пайдалы екенін дәлелдеген. Әдіскер ғалым оқушыға үйреткен сөздер мен сөз тіркестері бір-бірімен байланысты болу қажет деген пікірді дәлелдеген. Ал енді оқушының сөздік қорын молайтудың амал-тәсілдері бойынша әдіскер ғалымның ұсынған, дәлелденген бірсыпыра құнды пікірлері бар.

Ғалым Ш.К.Сарыбаев сөздік қорды жинау, байыту үшін оқушы сөздерді түсінбей жаттап алмауы керек деп санайды. Ол дұрыс, өйткені сөздер тез ұмытылады. Әдіскер ғалым сөздерді үйрету табиғи жағдайда оқушының есту, көру, сезіну, сияқты қабілеттрін түгел

қатыстыру арқылы іске асуы қажет деп дәлелдеген. Әрине бұл үнемі жүзеге асыруға қиын мәселе. Сабақ оқылатын бөлме, оның ішіндегі заттар, оқушы, мұғалім оқу құралдарының аттарын үйрету табиғи жағдайда үйрету қиын. Мысалы; мағынасы жақын сөздерді тану, қарама- қарсы сөздерді ілу өздері білетін сөздерді мағынасын жақсы түсінуінің ерекшеліктерін ажырата алуға дағдыландыру мәселесін арнайы сөз еткен. Бұл сөздерді жаттау емес, шамалы түрде түсіну, ұғу деген мәселеге салды. Қазақ тілі сабағында оқыту, жазу, оқу грамматикасы, тіл дамыту, сөздік қорын молайту сияқты мәселелер бір-бірімен жүргізіледі деп санайды. Негізгі міндет- оқушылардың сөз қорын молайту, тілдерін дамыту.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин ана тілінің тазалығы мен сөздердің дұрыс қолдануына үлкен мән беріп, баланың тілін, сөздік қорын дамудағы түсіндермелі оқу ісінің маңыздылығын көрсетті. Ал А.Байтұрсынов тіл мәдениетіне, тілдің қисынды болуына мән бере келе, айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтатынына назар аудартты. Сондықтан ол өз ойын өзгелер қиналмай түсінетін қлып айту керектігін ескертті. Ол үшін айтушы сөйлейтін сөзін жақсы қолдана білу тиіс деген талап қойды. С. Жиенбаев оқушының сөз байлығын молайту үшін оқушының сөз сапасын арттыратын, ойлағыны дәлелдеп, жүйелеп айтуға дағдыландыратын, дұрыс жазуға үйрететін жұмыстар жүргізу керек деп есептеді [4]. Ш.Сарыбаев оқушыардың тілін дамытуды, оның ішінде сөздік қорды арттыруды грамматиканы оқыту мен байланыстыра жүргізуді қуаттаса, Ғ.Бегалиев сөз мағынасын игерту әдіс-тәсілдеріне мән берді.

Қазақ тілін дамыта оқыту арқылы баланың сөздік қорын байыту мәселесіне Д.Әлімжанов, И.Маманов, Х.Арғынов, С.Рахметова, Қ.Шәукенов т.б. Тұжырымдай айтқанда, баланың танымын, ойын, тілін дамытып қатысымдық әрекетін жүйелі де нәтижелі жүргізу үшін алдымен сөз бен оның мағынасын игертіледі. Сонымен бірге ол сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрастыруға жаттығады. Соның негізінде ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеті, икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылды. Сөздік қорды байытудың мазмұны мен жүйесі тармақшасында сөздік қорды байытудаана тілін дамытудағы маңызы, алатын орны және тіл дамыта оқыту жүйесі мен қалыптастыратын икемділіктер мен дағдылар қарастырылды.

Қазақ тілін оқытуда тіл туралы білім берумен бірге оқушыны тілдік қарым- қатынасқа дарялау міндеті қойылады. Ол баланың тілін дамыта оқыту, сөздік қорын молайту; сөз , сөйлем, мәтіннің мағынасы мен ұғымы, ойы және мазмұны арқылы оқушылардың ойында ұлттық танымды қалыптастыру [5].

Оқушының сөйлеу әрекетін дамыту, ең алдымен оқыту үрдісінде тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын игертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу икемділігімен дағдылары сөйлеу әрекетінің оқу, тыңдау, айту жазумен байланысты

болады. Сондықтанда қатысымдық икемділік пен дағды сөйлеу қарым-қатынастың түрткісіне мақсат-міндеттерні орай жүргізіліп, екінші жағынан әлеуметтік нормалар, яғни тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастыру болып табылады. Баланың сөздік қорының қалыптасу ерекшеліктері және сөздік қор психикалық үрдістер арасындағы байланыстар мен олардың арақатынасы сипатталады.

Баланың таным үрдістері ұлғайған сайын оның сөйлеуге қажетсінетін сөздер саны да өсіп отыр. Мұның өзі баланың психикасы мен сөздік қорының арасындағы байланысты білдіреді. Сондықтан, оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстарында сөздік қор мен психикалық қасиеттерінің арасындағы қатынастар анықталды. Мәселен, олар:

- 1) сөздік қор және ойлау;
- 2) сөздік қор және сөйлеу;
- 3) сөздік қор және ұғым.

Игертуге тиісті материалдар мен оқу амал-әрекетінің бірлігін қамтасыз ететін ойлауды дамыту тілді дамытудың негізгі шарты [6]. Сондықтан баланың сөздік қорының баюда да ойлау әрекетіне байланысты болады.

Адам әрекеті-күрделі үрдіс [7]. Оның құрамына қозғалыстырдың жүйесі де кіреді. Бала әрекеттер мен амалдар арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны өз шамасында өзгертіп, дамытып отырады. Сондықтан адам психикасы іс-әрекет үстінде дамып қалыптасады. Ал адам әрекетінің әрқайсысы (ойын, оқу, еңбек, және нұсқаулар) әр уақытта белгілі бір мақсат, міндеттерге бағытталып отырады. Бұл теориялық пікірлер тіл даму мәселесінде ерекше орны алмақ. Сөйлеу әрекетінің жүйелі мазмұнды болуы ақыл-ойы еңбегінің нәтижесімен бірге логикалық ой амалдары туралы (жинақтау, талдау, нақтылау, абстракциялау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, қорытындылау) дағдысына байланысты. Ал оны одан әрі дамыту, түрлі ойлау тәсілдеріне сүйене отырып жасайды. Демек, логикалық ойлау анализдеу мен синтездеуден, салыструдан дерексіздендіру мен ой қорытудан тұрады.

Сөйлеу әрекетінің дұрыс жүргізілуі оқушыда психологиялық категориялардың қалыптасуына негізделеді. Өйткені сөйлеумен бірге ой дамиды. Сондықтан оқу материалдарын ұғынуда талдау мен жинақтау маңызды рөл атқарады. Өйткені ойлау дегеніміз- түйсік пен қабылдаудағы талдау мен жинақтаудың жаңа мазмұнға ие болған түрі [8]. Талдау дегеніміз- ой арқылы түрлізаттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөлшектерге ажырату арқылы тану деп есептеледі.

Тұжырымдай айтқанда, адамға қоршаған ортадағы шындықты дұрыс тануға көмектесетін, әртүрлі құбылыстардың бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсас белгілерін анықтайтын ұғымдар

логикалық ойлау амалдары негізінде жасалып, ойлау мен сөйлеуді жетілдіреді, нәтижесінде сөздің мағынасы, ұғымы игеріледі.

Қазақ тілін игеру мұғалімнің сөздерін немесе оқулық материалдарын құрғақ сөздер ретінде есте сақтау емес. Ол күрделі ақыл-ой еңбегі, балалардың санасында шындық дүниедегі заттармен құбылыстар туралы елестерді, ғылыми ұғымдарды қалыптастырудың үрдісі, құбылыстардың өзара байланыстары дамуға байланысты жұмыстарда балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктері, олардың зейін, ес, ойлау, қабалдау, сезім ерекшеліктері ескеріледі.

Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, В.И.Лубовский, А.Р. Лурия осы психологтар бастауыш мектеп оқушыларының ерекшеліктеріне байланысты зейіннің тұрақтылығының әлсіздігін ескертеді. Осыған байланысты мұғалім оқушы зейінін сабақ материалдарының ауытқуымен тәрбиелеуі керек. Бұл тіл үйренуді жеңілденетін мәселеге жатады. Психолог пен педагог ғалымдарының пікірінше оқушының сөйлеу тілін дамытту, оны жазбаша тілін, сөздік қорын байыту жұмыстарымен байланыстыра оқыту да оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге негіздейді.

Баланың сөздік қорын қалыптастыру туралы Л.С.Выготский, А.Н.Люблинская баланың психологиялық үрдістерін дамытуға, олардың түрлі іс- әрекеттерін жетілдіруге сөздің әсері туралды А.Р. Лурия; ал сөздің дыбыстық құрамын меңгеру ерекшеліктері жөнінде Н.В.Ихвачкин, А.В.Гвоздев грамматикалық ерекшеліктердің бала тілінде қалыптастыру үрдістері жөніндегі Ф.А. Сохин, И.Н.Попова сөздік қорды меңгеру заңдылықтары туралы Н.А. Рыбникова, К.И.Чуковский еңбектерінің алатын рөлі зор.

Әдебиет

- 1.«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. 14.12.2012 ж.//Егемен Қазақстан газеті. 23 қараша 2013 жыл.
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы.
- 3.Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 4.М.Құбашева. Жаңа ақпараттық технологиялармен оқыту.// Информатика негіздері. 2010 - №5. - 6 б.
- 5.Р.Көбенғалиева Білім беруде ақпараттық технологияны насихаттау//Информатика негіздері. - 2012- №5. - Б. 9-10.
- 6.Қалиева Г. Жаңа технологиялардың тиімділігі//Биология, Қазақстан мектебі журналы. - 2010. - № 2. - Б. 2732.
- 7.Искаков К.Т., Давыдов В.В., Рубцов В.В., Крицкий А.Г. Психологические основы организации учебной деятельности, опосредованной использованием компьютерных систем// Психологическая наука и образование. - 2010. - № 2. - С. 68-72.

8. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

ӘОЖ37-1174

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіптік мәнді сапаларын қалыптастырудың тиімді жолдары

Сайлаубекова А. Ә., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются эффективные способы формирования профессионально значимых качеств учителя начальных классов.

Abstract

This article discusses effective ways to form professionally significant qualities of a primary school teacher.

Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен біліктілігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби даярлығының деңгейіне және сапасына жүріп жатқан терең экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, кәсіби қызметтің барлық саласында мамандардың кәсіби қалыптасуы мен дамуын талап етеді. Жоғары оқу орнының түлегі жоғары деңгейде дамыған, коммуникативті ептіліктерді меңгерген, өзгермелі ортаға бейім, алғыр, бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс [1].

Сондықтан, жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық инновациялық білім беру технологияларын, интерактивті оқытуды, оқу іс-әрекетінің жаңа әдістері мен тәсілдерін белсенділікпен қолдану – маңызды мәселелердің бірі. Себебі, әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты.

Бүгінгі заманғы қоғамда адамнан тек кәсіби білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын, қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Осындай талаптарды кәсіби тұрғыда мамандарға акмеология қояды. Ол ересек адамның жекелік дамуының толық болуын, оның азамат, маман ретінде барынша жоғары деңгейге жетуінің жолдарын зерттейді. Акмеологиялық әдіс-

тәсілдер мәселелерін зерттеуге көптеген ғалымдар өз жұмыстарын арнады. Осы бағыттағы жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында кәсібилікке қол жеткізу, мұғалімдердің шығармашылық әрекетінің дамуы, оқытушының іс-әрекеті, бейімдеу мектебінің мұғалімдері, білім берудің жаңа сапасы, мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту сияқты негізгі мәселелер анықталған.

Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасуын анықтауда А.К.Макарованың «Кәсіби құзіреттілік – бұл педагогикалық іс-әрекет іске асырылатын, мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізген еңбегі» - деген пікіріне сүйенуге болады [2].

Мектепте оқу пәні мұғалімінің педагогикалық кәсіби біліктілігін көтеруі тек кәсіптік құзіреттілікті арттырудың шарты болып қана қоймай, ол сонымен бірге өзін-өзі жетілдірудің алғы шарты болуы қажет.

Ғалым, академик Ш.А.Амонашвили мұғалімнің кәсіби қызметі мен рөліне ерекше назар аударған. «Мұғалімге елдің болашағын қалыптастыруда ең басты рөл берілген» - деп айтқан болатын [3]. «Барлық мамандықтың ішінде мұғалім мамандығы ең ардақты, ең қиын және ең маңызды»- мамандық деп мұғалім мамандығының тұғырын биіктете көрсеткен. Бұл жөнінде сондай-ақ ғалым, академик Д.С.Лихачев «Жақсы тәлім-тәрбиені мектепте немесе жанұядан ғана алмайды, адам өзін-өзі де тәрбиелей алады. Тек нағыз тәрбиелік деген не екенін біліп алу қажет [4]. Тәрбиелі адам – бұл басқа адамдардың пікірімен санасқысы келетін және санаса алатын, өзінің инабаттылығы өзіне ұнайтын, дағдыға айналдырған адам. Бұл үлкендермен де, жасы кішілермен де, мәртебесі төмендермен де бірдей сыпайы адам», - деп есептейді.

Мұғалім мамандығының тұлғалық сапасы оның кәсібилігінен алшақтанбайды. Кәсіби дайындық процесінде білім, дағды, ойлау қабілеті, іс-әрекет әдістерін арнайы алумен байланысты жүре пайда болған құзіреттіліктерді де есепке алады. Оның ішінде: пәнді оқыту, пәнді оқыту әдістемесі, психологиялық дайындық, кең көлемді мәдени таным, педагогикалық шеберлікті меңгеру, педагогикалық еңбек технологиялары, ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды, педагогикалық такт, педагогикалық техниканы игеру, қарым-қатынас технологиясын, шешендік өнер және басқа да қасиеттерді меңгеру керек. Өзінің кәсіби еңбегіне деген сүйіспеншілік сапасын меңгеруде мұғалім келесідей ұстанымдарды басшылыққа алуы керек.

- өз-өзіне сенім – бұл өмірдің негізі;
- педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға қабілеті;
- балалардың өзін-өзі көрсетулерінің алуан түрлілігіне дене және сөз реакцияларының вариативтілігімен жауап беру қабілеті;

-психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруі, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;

-жарқындылық және балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, жан жүрегімен қызмет етуге дайындылығы.

Осындай педагогикалық қабілеттіліктер әр педагогтың тұлғалық әлеуеті мен мүмкіндіктеріне сай қалыптасып, кәсіптік іс-әрекет барысында өзін-өзі жетілдіру жолдарын анықтайды. Сондықтан әр мұғалімнің бейімі мен икеміне қарай қалыптасатын педагогикалық қабілеттіліктерді философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік аспектілер тұрғысынан қарастыру мұғалім бойында қалыптасатын кәсіби құзіреттіліктерді жетілдіруге ықпал етеді.

Педагог – тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі[5]. Тәрбие үдерісінің ақырғы нәтижесі мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне байланысты. Әрбір педагог өзінің оқушыларының қандай болғанын тілесе, өзі де сондай болуы тиіс. Бұл кәсіби іс-әрекетте құзыретті әдісті іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бұл ақылдың шектеулігін жоятын, сонысымен жер бетіндегі тыныштыққа ықпал ететін және өзінді-өзін ұстай білуге үйрететін адам. Егер оқушы өзін жаман ұстаса, онда бір адамның мінезі жапа шегеді, ал егер оқушы өзін дұрыс ұстамаса, көптеген оқушының мінезіне зиян келеді. Егер мұғалім өз ісіне берілген және таза болса, онда оның мыңдаған оқушысы жақсара түседі, және де еліміз мінезі жетілген білімді ұл-қыздарға ие болады. Сондықтан мұғалімге басты екі қасиет қажет: қарапайымдылық, өз кемшіліктерін ұғыну үшін, және де кемелденуге деген тілек.

Қазіргі күні мұғалімнің жоғары тұлғалық беделін – оқыту және тәрбие нәтижесінде өзінің елінің тағдырын, өзінің әр бір тәрбиеленушісінің тағдырын жауапкершілікпен түсінетін бірден-бір маңызды тұлға деп есептейміз.

Жаһандық білім беруде мұғалім тұлғасы–бұл әлемдік тәжірибені құраушы және мәдениетті таратушы тұлға. Әлемдік стандарт бойынша заманауи ұстаз – бұл жекелеген шығармашылық, шынайы проблемалы-педагогикалық және сыни ойлауды меңгерген, рефлексия және мақсатқа бағытталған диагностикалық негізде нақты педагогикалық жағдайлардағы оқытудың жаңа технологиялары мен әлемдік озық тәжірибелерді жүзеге асыратын көпвариантты бағдарламаларды құрушы [6].

Бастауыш сынып мұғалімі - өзінің кәсіби қызметімен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілетті адам. Осыған орай мұғалім үнемі ізденісте болуы керек. Мұғалім үнемі ізденісте бола отырып, жаңаша оқытудың модульдік, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологияларының әдіс- тәсілдерін өз ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданғаны жөн. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп

үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Оқушының кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс. Бастауыш сынып мұғалімі - бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен) қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым- қатынас тәсілдерін қолдана білу яғни, мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Оқушыларды топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

Бастауыш сынып мұғалім –білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде әлеуметтік психологиялық негіздерін қолдана білу қабілеті жоғары болу керек. Әрине, мұғалімдікке кездейсоқ адамдар келмеуі керек. Мұғалімдік маман атына лайық болуы керек. Мұғалім оқушыға қай жағынан болсын өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі, жүріс-тұрысы, киім-киісі жағынан болсын үлгі. Бұл жағдайда оқушының жеке адам ретінде қалыптасуына жанама әсер етеді. Оқушыларды сыйлау, олардың құқығын ар- намысын, пікірін сыйлау әр ұстаздың міндетті. Оқушының ар-намысын сыйламаған, құқығын аяққа таптайтын мұғалімді оқушы да сыйламайды, ұстаз оқушыларына тәлім- тәрбие алмайды.

Қазіргі аса қарқынды өзгерістерге толы әлеуметтік- экономикалық жағдайда білім беру жүйесінде педагогке қойылатын талап та ерекше екендігі түсінікті.Бұл мынандай фактілерге байланысты.

- оқытудың әр алуан түрлері мен әдістерін қолдану
- топтық жұмыс дағдыларын дамыту
- әрекеттерге үйрету
- нақты ситуацияларды талдау [7].

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек.

Кез келген ұстаз «Балалар құқығы туралы заңды» және Конвенцияны әрқашан басшылыққа ала отыруы шарт. Бала құқығын сыйлау баланың құқықтық санасын көтеруге, құқықтық тәрбие беруде маңызы зор. Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен Қазақстан жағдайында баланың құқықтық түсінігін ерте қалыптастыру қоғамның болашақ тәртіпті, тәрбиелі азаматтардан тұратындығына кепіл болады.

Қоғамдағы саяси-экономикалық, құқықтық жағдайларды, әлеуметтік мәселелерді талдай білетін, оны оқушылар игергенде бір саты алда бола білуі керек. Яғни өз пәнінің айналасында ғана қалып қойса, балаға білім мен тәрбие беруде биік мақсаттарға жете алмайды. Өз ісінің кәсіби маманы болу қай мамандықтың иесіне

болсын қойылатын талап. Дәстүрлі мұғалім «Жеткізуші» ал оқушы «Қабылдап алушы» қазіргі нарықтық бәсеке заманында тиімсіз. Нарықтық бәсекелестік мектепке де, мұғалімге де қатысы жоқ деп айта алатындар қателеседі.

Кәсіби құзырлылық- мұғалімнің біліктілігін арттыру, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну, жоғарғы деңгейге үнемі ұмтылу мен үнемі ізденіс, жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі мен қолдана білу, адами құндылықтарға сай бола отырып, сол құндылықтарды балаға сіңіре білу. Білім – адам сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, ол педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сондықтан «адамды» өмір сүру барысында өзгеруге әлеуеті жететін ашық жүйе деп қарастырғанмыз жөн. Ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды»-маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік - бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпықоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді, оның аясын одан әлдеқайда кеңірек қарастырған жөн. Мұғалім–бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Мұғалім мамандығының құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс. Біліктілікті арттыру курстары арқылы мұғалімдерді оқытуда оқытушы жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқаруы керек. Оқытушының осындай әрекетіне білім алушы мұғалімнің өзі де бойындағы бар білімін көрсете байланыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге жетуге болады деп ойлаймыз.

Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады. Педагогикалық тәжірибені бүгінгі даму деңгейінде белгілі болып отырғандай оқытудың озық әдіс- тәсілдерінің бәрін еркін игеріп, әрбір нақты жағдайларға орай ең тиімді әдісін тандап алу, олардың жиынтығын түрлендіре отырып пайдалану, әрі шығармашылықпен өзіндік білімді жетілдіре отыру негізінде ғана жүзеге асатын іс. Өз білімін көтеру негізінде оқу–тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалім басты тұлға. Сол себепте мен сабағымда жеті модульді ықпалдастыра отырып, оқушыларды жаңа оқыту түріне қарай бағыттау, білім алуға оң көзбен қарауға ықпал ету және өз күшіне деген сенімділікті арттыру болды.

Әдебиет

1.Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы – 2005, 208б.

2.Сыромятников П.К., Винокурова Е.С. (2018) Использование кейс-технологии на уроках информатики в 9 классе // Международной научно-практической интернет-конференции «Актуальные проблемы методики обучения информатике в современной школе». - Москва, 24- 26 апреля 2018. – С. 140-145. (in Rus).

3.Желизняк Л.Д. (2018) Кейс технология. Сборник кейсов по информатике. Информатика. Все для учителя. – 2018 г. - No7-8. – С. 91-92. (in Rus).

4.Гаджикурбанова Г.М. (2013) Анализ подходов к классификации кейсов//Мир науки, культуры, образования. - 2013. - No 3 (40). - С. 9-12. (in Rus).

5.Зубова Н.В. (2014) Комплексная кейс-технология как средство формирования профессиональных компетенций при обучении физике студентов технического вуза//Вестник Вятского государственного гуманитарного университета. - 2014. - No 4. - С. 137-144. (in Rus).

6.Приходько О.В. (2018) Применение кейс-технологий при обучении информатике в вузе как инструмент повышения конкурентоспособности будущих бакалавров//Современные проблемы науки и образования. – 2018. – No 6. (in Rus).

7 Никитина М.А. (2013) Кейс-метод как средство реализации федерального государственного образовательного стандарта высшего профессионального образования третьего поколения на занятиях по информатике//Мир науки, культуры, образования. 2013. - No 3(40). - С. 691–695. (in Rus).

ӘОЖ37-1174

Қазіргі бастауыш мектепте оқытудың өзекті мәселелері мен тиімді әдіс-тәсілдері

Сақтанова Н. Е., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы и эффективные методы обучения в современной начальной школе.

Abstract

This article discusses topical issues and effective methods and techniques of teaching in modern primary school.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өз талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа

сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Ғалым К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз[1].

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [2].

Тәрбиенің сан сапалы күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы - бастауыш мектеп.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жүгерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі-бастауышта.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті- жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады [3]. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға - Ұстаз. Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. «Ұстаздық еткенжалықпас, үйретуден балаға. Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп айтқан ұлы Абай. Ал чехтің педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» деп ұстаздар қауымын жоғары бағалаған.

Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Әсіресе ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, тарихи-әдеби мұралар арқылы оқушылардың жеке бас

қасиетін дамыту мүмкіндігіне барынша көңіл бөлінгенін ғылыми-зерттеу еңбектерден аңғарамыз.

Мұғалімнің әрбір сабаққа дайындығы күрделі де жауапты жұмыс. Оқу материалының мазмұнын ойластыру дайындықтың алғашқы бөлігі болып табылады. Мұғалім бағдарламаның өткен, алдағы және одан кейінгі сабақтарға қатысты бөлігін, олардың арасындағы байланыс пен дәйектілікті орнату үшін талдау керек. Осы сабақта алдына қойып отырған нақты педагогикалық міндеттер мен мақсаттарды жақсылап ойластыру сабаққа дайындықтың өте маңызды бөлігі болып табылады.

Қазіргі заман - ғылым мен техниканың өркендеген, математика ғылымының өте жан-жақты тараған кезеңі. Ал әрбір ұстаздың басты міндеті - жас ұрпаққа жан-жақты білім бере отырып, оқушының бойындағы қабілетін ашу арқылы, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру.

«Білім негізі - бастауышта» қаланатынын әр уақытта жадымызда ұстап, негізгі бақылауды бастауыштан бастау керек. Математикалық білім берудің сапасын артырудың бір жолы - бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастықты нығайту. Сабақтастықты нығайтудың тиімді жолдарының бірі - теория мен тәжірибені ұштастыру; іс-тәжірибе алмасу. Бастауыш сыныпты бітірген оқушылардың орта мектептегі оқу-тәрбие процесіне бейімделіп кетуін қамтамасыз ету сабақтастықты нығайтудың негізгі міндеті болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімдері «үшінші, төртінші сынып» оқушыларына өз бетімен жұмыс жасауға, өздігінен шешім қабылдауға үйретуі тиіс. Өйткені, бастауыш сыныпта мұғалімнің айтуымен ғана тапсырмаларды орындап үйренген оқушыға «бесінші сыныпта» қиындау соғады. Қарапайым алгоритм бойынша есеп шығара білуі қажет. Ал, математикалық қабілетін дамыту үшін, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуымыз керек. Математика пәніне оқушы ықыласын арттырудың тиімді жолдарының бірі - стандарт емес есептер шығару.

Қазіргі кездегі бастауыш сынып оқушыларын бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен сапаның дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын да дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. Дамыта оқытудың басты мақсаты - баланы оқыта отырып, жалпы дамыту. Бастауыш сыныптан келген оқушыға жоғары сынып мұғалімдерінің үлкен көмегі қажет. Мұғалім әр оқушының жағдайымен толық танысуы керек.

Бастауыш сыныптан келген оқушының, «үлгерімі жақсы» оқушының білім деңгейі төмендеп кететінін тәжірибемізде байқап жүрміз. Ол оқушыларға ерекше көңіл бөлініп, назар аударылуы, ата-анасымен уақыт оздырмай хабарласуы тиіс. Мұғалім ол баламен қосымша жұмыс жүргізуі керек. Олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, жеке, жұптық, топтық әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы жұмыстану қажет. Сондықтан әрбір ұстаз өз шәкіртін сабаққа жүйелі түрде дайындаумен қатар, олардың болашаққа деген көзқарастарын ұшқыр ойдың жетегіне жетелей отырып, барлық пәннің математикамен ұшы-киярсыз байланыста екенін ұғындырып, түсіндіруіміз қажет. Оқушылардың қызығушылығын арттырып отыру үшін ұстаз сабақ үстінде сабақтан тыс уақыттарда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып отыруы тиіс. Оқушыға қай пән болсын сабақты түсіндіргенде тірек сызба пайдалану тиімді деп ойлаймын. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні тұрақсыз, қабылдау деңгейі әртүрлі болады. Әрнеге бейімділік оянып келе жатқан қабілеттің белгісі. Әр оқушының бейімділігі әртүрлі. Кей оқушы сурет салуға, өлең құрауға, ауызекі сөйлеуге, ребус құрауға икемді болуы мүмкін. Логикалық ойлау жылдамдылығы да ұшқыр балалар болады. Әр баланың икемдігіне қарай тапсырмалар беру арқылы шығармашылық деңгейін арттырып отыруы тиіс. Оны біз әр пәнде байқап отыруымыз керек. Шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолдансақ, оқушылардың пәнге қызығуы артады, білім сапасы көтеріледі. Оқушылардың логикалық ойлауы дамиды. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарап; өмірден өз орнын табуына ықпал етуі керек.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістетіп дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл - амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Өзіндік жұмыстың ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- Мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- Жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;
- Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы
- Олардың жұмысты өз еркімен орындау [4].

Оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара және ұжымдық түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау талап етіледі. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір

- бірімен деген жолдастық көмек қалыптасады. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан, қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Өзекті мәселелердің бірі болып отырған «Қазақстан - 2050» жолдауында да, «Білім туралы» заңда да, оқушыларды шығармашылықпен қалыптасқан және жеке тұлға ретінде оқытып, дамыту қажеттілігі айтылған. Бастауыш мектептің алдындағы шешімін күтіп тұрған басты мәселелер, ғалымдардың пікірінше, оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушының оқу әрекетінің қалыптасуы, оқуға деген ынтасының арттыруы [5].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып - үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей, оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу - оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық - коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып - үйрену және өзін-өзі жасау» талабын қалыптастыра алады.

Өскелең ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім бере отырып, болашақтың іргесін Елбасымызбен бірге қалап, бірлігімізді одан әрі

нығайтып, білім сапасын жаңғырту мен жаңарту жолында ел игілігі үшін, ұрпақ үшін аянбай қызмет етеміз. Жарқын болашағымызға нық сеніммен алға басамыз. Ендеше, біздің әрқайсысымызға қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жүйесін жасақтауда белсенді және шығармашылық жұмысты жалғастыруды жүктейді.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы/баптары бойынша түсіндірмелерімен және оны жүзеге асыру негізіндегі құжаттар. - Астана, 2000 ж.

2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, -1999.

3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, -2000.

4. Тұрғанбаева Б. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы.

5. Көкшеева З., Бердібаева Д. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. // Қазақстан мектебі, 2010, № 10.

ӘОЖ37-1174

Білім беру үдерісінде smart-технологияларды қолдану мүмкіндіктері

Сәйпен Б., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются возможности применения Smart-технологий в образовательном процессе.

Abstract

This article discusses the possibilities of using Smart technologies in the educational process.

Елімізде білім беруге бағытталған бірнеше электронды білім беру платформалары бар. Мұғалімдер мен білім алушылар үшін бұл платформалар ұсынатын бейнесабактар білімді шыңдау үшін өте қажетті және пайдалы болып есептеледі. Қазақстандағы білім беру платформаларының бірнеше түрі бар: «Bilimland», «Google Classroom», «MOODLE», «Univer», «Platonus», «Canvas», «Daryn.online», «Bilimland» платформасында бейнесабактармен қатар виртуалдық зертхана бөлімі жұмыс жасайды. Кез келген пәнді оқыту барысында оқушы қызығушылығын арттыруда өзіндік ерекшеліктері болуы керек. Сондықтан оқушылардың мектепте алатын білімі мен тәрбиесін жетілдіруде оқытудың жаңа формасы тиімді болмақ. Қазіргі

кезде оқыту үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану сынып оқушыларының ойлау қабілеттерін, белсенділігін арттырады.

Қазіргі таңда оқырмандарға нақтылы оқу-әдістемелік құралдың жоқтығы осы әдістемелік ұсынымдарда жинақталып беріліп отыр. SMART-технологияларын мектептің оқу үдерісінде қолдану тәжірибесі. бөлімінде жаратылыстану математика бағыты, тарих, қазақтілі, орыс тілі пәндері бойынша SMART оқытудың қазіргі жағдайына орай сабақты өткізу материалдары беріледі. Ақылды оқытудың мақсаты білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқу процесін тиімді ету болып табылады SMART-оқытудың шарттары мен ресурстары бөлімі оқытудың пәндік ресурстарына шолу бере отырып оқыту жолдары қарастырылады. Әдістемелік құрал болғандықтан мұғалімдер оқыту шарттарын жете меңгерулері қажет.

Білім беру үдерісінде SMART-оқытуды қолдану бойынша қысқа мерзімді жоспар, жеке тақырыпты өтуге орай ұсыныстар беру арқылы әдістемелік құралдың негізгі міндеттерін шешеді.

Қазіргі заманғы технологиялар үздіксіз прогреске зияткерлік технологиялар саласындағы елеулі әзірлемелерге алып келді. Көптеген қол жетімді Smart қосымшалар пайда болған кезде зерттеу жүргізу және осы салада одан әрі ілгерілеу қажет. Зияткерлік технологиялар-бұл сандық басқару технологиялары, және ең маңызды мәселе-кімнің бақылауын жеңілдететіні. Қазіргі заманғы технологиялар уақыт кеңістігінде тез өзгеріп отырады және алдыңғы буындарға қарағанда әлдеқайда жылдам қарқынмен өтіледі [1]. Қазіргі заманғы білім беру мен оқу сыныптары оқушыларға неғұрлым тиімді және интерактивті оқыту тәжірибесін ұсыну үшін жоғары технологиялық құралдар мен жабдықтарды енгізуді талап етеді.

Қазіргі заманғы технологияларда оқушыларға оқытудың жаңа тәсілдері мен құралдарын ұсынатын үлкен әлеует бар. Олардың көмегімен жаратылыстану бағыты пәндеріндегі кейбір мәселелерді шешу және сыни ойлау дағдыларын дамытуға болады; қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, білімді бір ортадан екінші ортаға ауыстыруды жүзеге асыруға; өзінің де, басқалардың да ойлау жұмысын талдауға; жаңылыстарды жеңуге, командада жұмыс істеуге болады.

Қазіргі уақытта технология тез өзгеріп отырады, сондықтан мұғалім барлық өзгерістерге уақыт таба алмауы мүмкін. Кез-келген педагогикалық технология төменде сипатталған негізгі әдістемелік талаптарды қанағаттандыруы керек. Педагогикалық технологияның концептуалдылығы әр педагогикалық технология белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға, оның ішінде білім беру мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздемесіне негізделуі керек деп болжайды [2].

Бүгінгі оқушылар компьютерлерді, мобильді құрылғыларды және басқа да заманауи техниканы еркін меңгерген. Егер білім беру жаңа ақпараттық, коммуникациялық және аудиовизуалды технологияларды қолдана отырып оқытылса, олар жаңа білімді үлкен қызығушылықпен қабылдайды. Smart- технологияларды енгізу оқу процесіне оң әсер етеді, мұғалімдерге оқу мүмкіндіктерін кеңейтуге, жеке оқушылармен, сондай-ақ шағын топтарда немесе кез-келген оқыту әдістемесі бойынша бүкіл сыныпта жұмыс істеуге көмектеседі, сонымен қатар Жер шарының кез-келген нүктесінде мұғалімдер мен білім алушылар үшін қол жетімді түрлі анықтамалық жүйелерге, электрондық кітапханаларға және басқа да ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алады [3].

Smart-технологияларды қолдану сабақты қызықты өткізуге әсер етеді. Білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырады, сондай-ақ мұғалімге қоғамның сұраныстарына сәйкес оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Интерактивті технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу интерактивті тақтаның, проектордың, компьютердің, бағдарламалық жасақтаманың болуы қажет. Мұндай комплекстерді пайдалану сабақтарда дәстүрлі көрнекі құралдарды мультимедиялық құралдармен алмастыруға мүмкіндіктер тудырады. Мұндай түсіндірме педагогикалық зерттеулер мен практикада Smart- технологиялар, Smart-білім беру, Smart-оқыту, «ақылды» мектептер және «ақылды» білім беру ортасының терминологиясында пайдалану үшін барынша қолайлы етеді [4]. Бұл терминология іс жүзінде қоғамда және білім беруде болып жатқан өзгерістерді постиндустриализм, білім және құзыреттілік қоғамы, ақпараттандыру және цифрландыру және/немесе осы кезеңінен кейін келетін әлеуметтік немесе технологиялық дамудың тұжырымдамалар деңгейінде көрсетеді.

Болашақта Smart-технологиялар мен Smart-білім беру цифрландыру, (зияткерлік орта, оқытуды дербестендіру сияқты білім беру трендтерін көрсететін ұғымдар ретінде білім берудің терминологиялық сөздігінде орын алады [5]. Педагогикалық зерттеулер мен білім беру қызметінің практикасын дамытуға барлық мүмкіндіктерге ие болады.

Қазақстандағы білім берудегі инновациялық процестер сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және білім беру жүйесінің барлық компоненттерін жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және болашақ қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек. Smart оқыту – білім берудің жаңа парадигмасы. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер, сонымен қатар Қазақстан да Smart оқытуға назарын аударды [6].

Қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпіріне SMART Technologies компаниялары инновациялық құралдарын ұсынып, жұмыс пен оқытуға деген адамның көзқарасын түбірімен өзгертуде. Дамыған индустриялы елдер экономикасының дамуында SMART

технологиялар мен әдістер қазіргі SMART-білім беру жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Smart - білім беру – оқытудың жаңа түрі, тәсілі қарқынды дамып келе жатқан жаһандық үдеріс [7]. Smart-білім беру әлеуметтік желілер арқылы білім алу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту, оқушыға бағытталған, оңтайландырылған оқыту ортасы [8]. Smart - құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды. SMART-құрылғылардың көп тараған түрлеріне интерактивті тақталар, интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, интерактивті экрандар, сымсыз «грифельді» тақталар т.б. Smart - білім беру әдістемелік нұсқаудың бірінші бөлімі методология мәселелеріне арналған [9]. Мазмұнында шетелдік және отандық Smart-білім беру мәселелері мен зерттеушілердің ой пікірлері берілген.

SMART-технологияларды мектептің оқу үдерісінде қолдану тәжірибесі шетелдік материалдарға негізделген.

Соңғы бөлім білім беру үдерісінде SMART-оқытуды қолдану жолдары ұсынымдар арқылы қарастырылған. Елімізде Smart-технологиялары туралы нақтылы деректердің жоқтығы байқалады.

Smart-технологияларды қолдану барысында берілетін ұсыныстар:

- Шетелдік тәжірибелерді зерделей отырып ақылды мектеп бағдарламаларын пайдалану жолдарын қарастыру;
- «Мектеп мұғалімдері жаратылыстану бағыты пәндерінен берілген қысқа мерзімді жоспарларды негізге ала алады;бағдарларын қалыптастыру;
- Stem мен интерактивті технологиялар туралы жеке әдістемелік жазылуға тиісті.

Әдебиет

1.Караев Ж.А., Бейсембаев Г.Б., Мазбаев О.Б. Дидактические вопросы развития системы образования на основе stem-подхода.Білімді ел No1 2024ж. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА.

2.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы No 827 қаулысы

3.Сыч В.В. Развитие системы образования и науки в условиях становления индустрии 4.01//гуманитарий юга России - 2020 - Том 9 (43) - No 3- С. 92-98

4.Шваб К. Четвертая промышленная революция. М.: Эксмо, 2016. 138 с

5.Germany: Industrie 4.0. Режим доступа: https://ec.europa.eu/growth/tools-databases/dem/monitor/sites/default/files/DTM_Industrie%204.0.pdf

6.Horizon 2020. Режим доступа: <https://ec.europa.eu/programmes/horizon2020/en/>.];[Factories of the Future. Режимдоступа:<https://>

www.effra.eu/sites/default/files/factories_of_the_future_2020_roadmap.pdf.

7. Сыч В.В. Назвитие системы образования и науки в условиях становления индустрии 4.01 //гуманитарий юга России - 2020 - Том 9 (43) - No 3- С. 92-98

8. From Industry 4.0 to Society 5.0: the big societal transformation plan of Japan. Режим доступа: <https://www.i-scoop.eu/industry-4-0-society-5-0/>

9. Суров Д.Н. Новые тренды в образовании Международный научно- исследовательский журнал – 2021 - No6 (108) –С. 151-154

ӘОЖ37-1174

Болашақ мұғалімдердің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың маңыздылығы

Токмурзаева Г. Т., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В этой статье рассматривается важность формирования интеллектуального потенциала будущих учителей.

Abstract

This article discusses the importance of forming the intellectual potential of future teachers.

Қоғамдағы адамзаттық қажеттіліктер артқан сайын, кез-келген өзгерістерге шығармашылық арқылы жету, мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы шешетін, қоғамның жылдам ырғақпен дамуына байланысты, адамдарды жағдайлары тез ауысатын өмірге дайындау қажет. Қоғамның жеке тұлғаның шығармашылық ынтасына деген қажеттілігі неғұрлым табанды болса, соғұрлым шығармашылық мәселелердің стимулын және жағдайын, оның шығу көзін теориялық тұрғыда тереңірек қарастыру қажет.

Қазіргі білім беру стратегиясы барлық білім алушыларға өз таланттарын және шығармашылық талаптарын, жеке жоспарларын іске асыруларына мүмкіндік жасауда. Бұл позициялар Отандық мектептердің гуманистік даму тенденциясына сәйкес келеді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерімен педагогтар хабардар болып, оларды үздіксіз дамытып «арттырулары» қажет. Ұжымдық немесе жеке оқу түрі болсын бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекеттерімен байланысты ойлау қабілеттерін дамыту өзекті мәселе [1].

Негізгі құндылықтарды білмей, балалар жалған, күмәнді құндылықтарды тез қабылдайды. Білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақты болашаққа дайындау болып табылады.

Шығармашылық – бұл осы мақсатты тиімді іске асырушы жол.

Шығармашылық–дамудың көрсеткіші креативтілік болып табылады.

Психологиялық зерттеулерде креативтілік ұғымы индивидтің жеке және ақыл-ой ерекшеліктерін, мәселелерді дербес шеше алуға қабілеті бір тума ойлардың туындауы және оларды шеше білу кешенімен түсіндіріледі. Креативтілікті индивидтің жеке және тұлғалық ерекшеліктерімен көптеген тұлғаларға тән үрдіс және кешен деп қарастыру қажет.

Қазіргі ғылыми зерттеулер тұлғада шығармашылық дамыту бұл жалпы дамуға қайталанбас ықпал беретінін дәлелдейді: эмоциялық сферасы қалыптасады, ойлауы жетіледі, әсемдікке, өнерде және өмірде бала сезімтал бола бастайды. Сабақтағы шығармашылық тапсырмалар тұлғаның жалпы шығармашылығының дамуына, бұл өз кезеңінде қайырымдылықты, қиялды, образдық – ассоциациялық ойлауды, есті белсендіріп, байқампаздықты, интуицияны тәрбиелеп, баланың ішкі әлемін қалыптасуына себепші болады. Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Болашақ мамандардың интеллектуалдық капиталы осы көрсетілген барлық талаптардан тұратындықтан, педагогика және психологиядан алынатын білім де оны биік деңгейде, яғни ғылыми жаңалықтар ашу, жоғары технологияларды күнделікті қолдану сияқты талаптарға сай болуы керек. Педагогика мен психологияға деген қызығушылықты, ол арқылы адамның креативтік қабілетін ашу, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыру, әлемді өзінше тани білуге жетелеу арқылы дамытуға болады.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Жақсы мұғалім - бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп септеледі. Жоғары оқу орнында білікті мұғалімді даярлау үшін оқытушының да, студенттің де қажымас еңбегі қажет. Педагогикалық практика мұғалімді кәсіби даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады [2].

Студенттердің креативтілік белсенділігін қалыптастыруда оқу материалдарының маңыздылығы дәрежесіне қарай оның құндылығын анықтап, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы

зор.Зерттеуші ғалымдар оқудағы креативтілік белсенділікті қалыптастыру мәселелерін тәжірибеде шешудің түрлі жолдарын бөліп көрсеткен. Олар мына төмендегілер:

-оқу үрдісіне қатысушылардың екі жақты сипаты әсері негізінде оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекеті арқылы (Т.Сабыров, Н.Хмель, Е.Галант, Б.А.Оспанова);

-креативтілік іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы (Н.Меньчинская, П.Пидкасистый, Т.Шамова, А.Әбілқасымова, Р.Омарова, А.Мустояпова);

-оқытудағы әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы (И.Лернер, Б.Коротяев);

- іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы (П.Гальперин, Н.Талызина, Ш.Т.Таубаева) [3].

Оқыту үрдісінде студенттің креативтілік белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етілуі тиіс.

Студенттердің креативтілік белсенділігінің даму деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғары деңгейі креативтілік міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал, орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады. Төменгі деңгейде студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана креативтілік әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады [4].

Креативтілік ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады. Ол—сезімталдық, креативтілік және еріктік үрдіс нәтижесі, креативтілік уәж бен өз бетінше әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын креативтілік әрекетке бейімделу.

Студенттердің креативтілік белсенділігін арттырудың негізгі факторларына олардың өз мүмкіндігін сезінуі, студенттердің өз таңдауымен жұмыс істеуі, оларға оқытушы тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы, т.б. жатады.

Студенттердің креативтілік іс-әрекетін белсендіруді қалыптастырудағы тиімді әдістерге жеке-жеке тоқталайық.

Проблемалық-дамыта отырып оқыту әдістер жүйесі. Бұл әдістер жүйесі мынадай негіздер бойынша топталды: проблема деңгейіне байланысты; мұғалім әрекеті түріне байланысты (оқытушының баяндау әдісі: монологты, көрсету, диалогты;

студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдісі, эвристикалық, зерттеу).

Монологты оқыту әдістері. Белгілері: оқытушының оқу материялын ауызша баяндауы, фактілерді қызғылықты суреттей отырып түсіндіруі, т.б., проблемалық жағдайлардың пікірталас түрінде пайда болуы. Студенттердің орындаушылық іс-әрекеті басым: белсенді ойлау, бақылау, тыңдау және есте сақтау, іс- әрекеттің үлгі бойынша орындалуы; білімін, сапасын бағалау.

Көрсету әдісі. Белгілері:оқу-креативтілік немесе ғылыми проблеманың шешілу логикасы көрсетіледі; дәлелдеме, пікірлер үлгілері беріліп, шындыққа жету жолы көрсетіледі.

Диалогты әдіс. Негізгі белгілері: оқу материалын әңгіме формасында беру.

Эвристикалықәдіс.Негізгібелгілері: материалдыоқыту эвристикалық әңгіме ретінде ұйымдастырылады; креативтілік сұрақтар қойылады; креативтілік тапсырмалар шешіледі; оқу проблемалары қойылып, оны студент мұғалім көмегімен шешеді.

Зерттеу әдісі. Негізгі белгілері: оқытушы проблемалық сипаттағы тапсырмаларды береді, жұмыстың мақсатын студентпен бірлесе отырып құрайды, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады. Теориялық және практикалық сипаттағы проблемалық жағдайлар студенттердің тапсырларды орындауы барысында туындайды.

Алгоритмдік әдіс. Негізгі белгілері: студенттің ауызша жауап беруі; әрекет үлгісін көрсету және оның орындалу алгоритмін көрсету (ережелер біртұтастығы); студенттердің өздері жасағанда мүмкін болатын жағдайлар.

Интерактивті әдіс. Оқу процесінде оқу ақпаратын меңгеру және қабылдау өзара креативтілік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Қазіргі кезеңдегі студенттердің белсенділігін қалыптастырудың шарттарының бірі–оқытушы мен студенттердің өзара қарым-қатынасындағы ынтымақтастық болып табылады. Білім берудің ұлттық моделіне көшуде ойшыл, зерттеуші, өз ісінде жаттандылықтан аулақ, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог – педагогтік диагностика қоя білетін іскер оқытушы қажет. Оқытушының бағыттаушы рөлінің арқасында студенттердің білімді игеруге бағытталған, әрі қарай өз бетімен білім алуды қажетсінуі, ізденуі креативті түрде ойлауы қалыптасады. Оқу-креативтілік және ғылыми ізденістер жүйесі студенттердің көзқарасын кеңейтуде интеллектін көтеруде, болашақ маманның

әлеуметтік-психологиялық мінезіндегі жеке қасиеттерінің дамуына елеулі әсер етеді[5].

Демек, студенттердің креативтілік белсенділігі – олардың жеке дамуын қамтамасыз етеді, өзіндік шығармашылық ой-өрісін кеңейте білуімен сипатталатын жеке тұлғаға тән қасиет.

Әдебиет

1.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: Елорда, 2006. - 44 б.

2.Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы – Астана, 2007. -36 б

3.Хайдарова С. Оқушының шығармашылығын дамыту.// Бастауыш мектеп. – 1997. - №4. – 15-16 бб.

4.Шевченко Л.Л. Педагогическое творчество. - М., 1996.- 23 б.

5.Козырева Л.А. Лекции по педагогике и психологии творчества. - Пенза, 1994.- 65 б.

УДК 37-1174

E-learning білім беру жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру жолдары

Хасенова А.С., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматриваются пути формирования познавательной компетенции студентов на основе системы образования E-learning.

Abstract

This article discusses the ways of forming cognitive competence of students on the basis of the E-learning educational system.

Елімізде білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі – “E-learning” электрондық оқыту жүйесін енгізу. Жаңа бағдарламаның ерекшелігі – жаңашылдығы. Атап айтсақ, бағдарламада білім беру саласына электрондық оқыту жүйесін енгізу жеке бір бағыт ретінде қарастырылған. Оқушылар кез келген білім беретін мәліметті қалаған уақытта алуына қол жеткізбек. Электрондық оқыту жүйесі арқылы ауыл және қала мектептеріндегі білім деңгейлерін теңестіріп, ойлау қабілеті жоғары және технологиялық жағынан сауатты оқушыларды дайындай аламыз. Мұғалімдер мен оқушылар ең үздік әлемдік білім ресурстарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

E-learning –оқу процесін сапалы ұйымдастыру үшін компьютерлік технологияларды құрылымдас мақсатты бағытпен қолдану» және «E-learning –Интернет және мультимедиа көмегімен электрондық оқыту форматында білім алуға негізделген жаңа білім жобасы» деген тұжырымдамамен бастағым келеді [1]. Білім беруді ақпараттандырудың жаңа кезеңі e-learning – электронды оқытуды енгізумен байланысты. E-learning – білімді дамытудың және көптеген дамыған елдерде экономиканы көтерудің негізгі құралы болып отыр [2].

Бәсекеге қабілетті болу, әлемдік білім кеңістігіне ену, білім беру процесінде дамыған елдердің стандарттарына ұмтылу - бұл қазіргі таңдағы қоғамның дамуының басты міндеттерінің бірі. Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарында келеді.

E-Learning–бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді. Мәселен, «мұғалім ақпараттық коммуникациялық техникалармен қаншалықты жұмыс істей алады, ұстаз бен оқушының арасындағы байланыс өзгере ме?» деген сұрақтарға жауап аламыз. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі ұстаздарға білім берудегі жаңа бағытты үйретеді. Оның үстіне, Қазақстанда электронды оқыту жүйесін енгізу арқылы ЮНЕСКО-ның «барлығына қолжетімді білім беру» және «бүкіл өмір бойына білім алу» сияқты ХХІ ғасырдағы білім беру негізі жүзеге асырылады. Электронды оқыту жүйесі - білім берудің барлық деңгейін қамтитын жалпыжүйелік әдістемені айқындайтын бірден-бір жаңа бағыт [3]. Сондықтан электронды оқыту жүйесінің бүгінгі білім беру саласына берері мол.

Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып есептеледі. Әлемдік тәжірибелердің көрсеткіштері бойынша E-learning жүйесі білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды. Электронды білім беру кенауқымды жобасының жүзеге асуы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің ақпараттандыру мақсатына үлкен жол ашпақ [4].

E-learning (қысқаша ағылш. *Electronic Learning*) — электронды оқыту жүйесі, электронды оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютерді қолдана отырып оқыту, желілік оқыту, виртуалды оқыту, ақпараттық,

электрондық технологиялардың көмегімен оқыту сияқты терминдердің синонимі [5].

Юнеско мамандарының берген келесі анықтамасы бар: «e-Learning –Интернет пен мультимедиа көмегімен оқыту». Бірнеше мағынасы болу мүмкін:

- Дербес компьютерді, ұялы телефонды, DVD-ойнатқышты, теледидарды пайдалана отырып электрондық құжаттармен өзіндік жұмыс жасау;
- Шалғай жердегі эксперттен (мұғалімнен) ақыл-кеңес, баға алу, қашықтықтан әрекеттесу мүмкіндігі;
- Жалпы бір виртуалды оқу қызметін жүргізетін әр жердегі (элеуметтік желілердің) пайдаланушыларының қоғамын құру;
- Электронды оқу құжаттарын уақытылы тәулік бойы жеткізу;
- Электронды оқу құжаттарына және технологияларына, қашықтықтан оқыту құралдарына арнайы стандарттар мен сертификаттар
- Инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру және таныстыру, оны мұғалімдерге тарату;
- Оқу веб-ресурстарын дамыту мүмкіндіктері;
- Әлемнің әр жерінен кез-келген жерден, кез-келген уақытта заманауи білім алу мүмкіндігі.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын құруда қосымша ресурс ретінде e-learning технологияларын қолданудың тиімділігі келесі факторлармен айқындалады:

- Оқушылардың топтық және өзіндік жұмыстарының арқасында оқу материалдарын меңгеру деңгейінің көтерілуі.
- Білімді бақылау, оқу ақпаратын ашу үрдісін автоматтандыруда.
- Оқу материалының көрнекілігінің жақсаруы.
- Берілген оқу ақпаратының көлемінің өсуі.

E-learning технологиясын дидактикалық тұрғыдан педагогикалық үрдіске еңгізуге болады. Технологиялардың берілгендерінің ішінен интернет-платформаларды (виртуалды оқыту құралдары) бөліп шығаруға болады: виртуалды сыныптар, мұғалімнің оқу сайты; дискуссиялық форумдар, блогтар; элеуметтік желілер, интернет-телефония (Skype типті) бағдарламалары. Берілген технологиялардың әр қайсысына терең тоқталсақ. Виртуалды сыныптар мұғалімге көп оқушылармен бір уақытта қатар көпжақты бейнеконференциялардың немесе аудиоконференциялардың көмегімен, презентацияларды көрсету, виртуалды тақтада жазулар(сурет салу) сызу, оқушыларға сұрақ-жауап қою (чатта, тақтадағы жазу), on-line оқытуды ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік береді. Виртуалды сыныптардың қосымша міндеттері мұғалімге оқушының қызметін педагогикалық бақылауға алуға (оқушының сабаққа қатысуын бақылауға) мүмкіндік береді. Тәжірибеге сүйенсек,

виртуалды сыныптардың мүмкіндіктерін оқушылардың дискуссиялық топ жұмыстарында (жобалар, кейс топпен шешу), оқушылардың өзіндік жұмыстарының нәтижесін бағалауда пайдаланған тиімді.

E-learning-тің басқа технологиясы – бұл мұғалімнің оқу сайты. Мұғалімнің оқу сайттарының ресурстары (бейнелекциялар, тесттік жұмыстар, практикалық тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, компаниялардың оқу-жаттығу жұмыстары) оқушыларға ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өз бабымен жұмыстануға мүмкіндік береді [6]. Мұғалімнің оқыту сайты уақытылы тәулік бойы электронды оқыту материалдарына қолжетімділікті, кеңес алуды, ұсыныстарды, мұғалімнің бағалауын қамтамасыз етеді. Сайтта тіркелген барлық қатысушылардың электронды пошталарына мұғалім тез арада хабарламалар жібере алады. Құндылығы бұл оқытуды асинхронды режимде ұйымдастыруға болады: блогта қандай да бір тақырыпта дискуссия жүргізуге болады. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, сұрақ-жауап арқылы әртүрлі қатысушылардың пікірлерін біле алады. Осылайша, оқу үрдісінің дәстүрлі жүйесіне ұсынылған қосымша e-learning технологияларының көмегімен ұйымдастырылған қосымша педагогикалық әрекеттесу формаларынан тұрады:

- Синхронды (чат, скайп) немесе асинхронды (пошта, форум) мұғаліммен оқушының хабар алмасуы, оқушылардың өзара блогта, форумда, чатта пікір-таластырулары;

- Оқушылардың чаттың синхронды форматында немесе топтық конференцияларда хабар алмасулары.

E-learning технологиялары оқу үрдісіне келесі мүмкіндіктер береді:

- Берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы;

- Оқу материалынын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы жекешілдік;

- Интерактивті, өйткені, мұғаліммен, сыныптастарыңмен синхронды және асинхронды әрекеттесу арқылы оқуға болады.

Ал әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, e-learning жүйесі білім беруді жаңғыртуға арналған негізгі құралдардың бірі болып табылады. Оңтүстік Корея, Финляндия мен Ирландияда электронды білім беру жөнінде арнайы ұлттық бағдарламалар жүзеге асырылады. Францияда балабақшадан бастап, үлкендерді оқытуға дейін білім беру үрдісінің барлық саласына ақпараттық-коммуникациялық технология енгізілген. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Жаңа Зеландия, Канада елдерінде электронды білім беру күнделікті өмірдегі тәжірибе сияқты көрініс тапқан. Ал Қазақстанда білім берудің ақпараттық жүйесі қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда Қазақстан мектептерінде 16 балаға 1 компьютерден келеді. Мектептердің 98 пайызы, ал ауыл мектептерінің 91 пайызы ғаламтор желісіне қосылған. Білім беру

ошақтарының 43,1 пайызына кең жолақты ғаламтор тартылған. Ал 459 мектеп лингафонды және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталған.

E-learning жүйесінде алға ілгерілеу үшін «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5-11 сынып оқушыларына арналған қазақ және орыс тілдерінде жүздеген сандық білім беру ресурсы, соның ішінде қазақ тілінде, орыс тілінде ресурс әзірленген. Қазіргі таңда республикалық жоғары оқу орныаралық электрондық кітапхана құрылғаны белгілі. Оның құрамына Қазақстанның 38 жоғары оқу орны кіреді. Жоғары оқу орнының кітапханаларында 90 мыңнан астам оқулық, миллионға жуық мақала мен оқу құралдары жинақталған.

E-learning технологияларының көмегімен педагогикалық үрдісте қолданылатын келесі әдістерді бөлуге болады:

Виртуалды топтық жұмыс – бұл бір берілген тапсырма бойынша жұмыстанатын топта оқитын оқушылардың біріккен жұмысы, олар өз беттерінше немесе кеңесшінің көмегімен хабар алмасу және әрекеттесу нормаларын белгілейді, виртуалды ортада өз жұмыстарының бағыттарын және оған жету жолдарын таңдайды. Мысал ретінде синхронды форматтағы (уақыты алдын-ала белгіленеді) және асинхронды форматтағы сауалнама жүргізу, мұғаліммен сыныптастарыңның алдында дайындаған жұмысынды қорғау (чат-конференциялардың көмегімен). Оқытудың бұл әдісі оқушының өзіндік жұмысын жетілдіруді ұйымдастыруда қосымша ресурс ретінде бола алады. Виртуалды сыныптардың техникалық мүмкіндіктері қазіргі уақыт режимінде оқытудың барлық субъектілеріне бейнероликтерді, презентация слайдтарын, үлкен көңіл бөлетін жерлері бар әртүрлі құжаттарды көрсету, алмасу және өз файлдарын пайдалануға рұқсат беру, электронды тақтаны қолдану, барлық қатысушылардан қандай да бір сұрақ бойынша қазіргі уақытта ақпарат жинау, дауыс беру және сауалнама өткізу; тез арада хабарламалар алмасуға (барлық оқытындарға немесе жеке адамдарға рұқсат беру) мүмкіндік береді. Хабарламаларды көру шегі барлық субъектілермен виртуалды әрекеттесу арқылы анықталады. Аудиобайланыс арқылы да байланысқа шығуды ұйымдастыруға болады. Кейбір виртуалды сыныптар құжаттармен біріккен жұмыстар жасауға, виртуалды қол көтеру немесе эмоцияларды көрсету арқылы көңіл аудару механизмдерін пайдалануға, сыныптағы виртуалды кездесулерді жазуға жағдай туғызады.

Бейнеәдіс – бұл ақпаратты көрнекіліктер арқылы қабылдайтын әдіс (оқу бейнефильмдерді пайдалану, бейнетренингтер, аудиториядағы лекция және практикалық жұмыстардың бейнежазбалары, бейнеэкскурсиялар, эксперт-мамандардың видеожазбалары және т.б.). Бейнеәдіс келесі міндеттерді атқара алады: білімділік, бақылаушылық, қорытындылау, жүйелілік. Оқу мақсатында бейнежазбаларды пайдаланудың екі тәсілі қолданылады:

дайын бейнематериалдарды көрсету және кері байланыс жасау немесе талқылау мақсатында есептерді (жобаларды, тренингтерді және т.б.) шығару барысында жазбаны пайдалану. Кері байланысқа шығуды пайдалану барысында қарауға және тақылау негізіне бейне форматта жазылған сол қатысушылардың іс-әрекеттері алынады.

Блог-әдіс—бұл мәтін, суреттер, мультимедиа, соның ішінде авторлық жазулар (посттар) құрауға мүмкіндік беретін оқушының оқу-танымдық қызметінің әдісі. Бұл қызмет іздеуден, белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинаудан тұрады. Оқытудың дәстүрлі әдістерін қолданумен қатар мұғалімдермен оқушылардың әрекеттесуіне ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай жасайтын арнайы интерактивті педагогикалық технологияларды пайдалану қажетті. Сондықтан, e-learning электронды білім беруді енгізу оқу негізінде педагогикалық үрдісте маңызды құрал болып табылады. Мұндай форматта оқыту интерактивті болуда, ал ал оқу үрдісі перманенттіге айналуға.

Мектепке дейінгі бала компьютерлік ойындар арқылы білімін жетілдірсе, мектеп оқушысы электронды оқулықтар арқылы оқиды, кәсіптік білім беру мекемелерінде виртуалды жаттығу әдістемесінен білім алса, жоғары оқу орнының студенті ғылыми - әдістемелік электронды оқу құралын пайдаланады. Міне, мұның бәрі сандық білім беру контентін құрап отыр. Ал енді электронды оқулықтың сандық білім беру ресурсынан айырмашылығы неде? Ең алдымен электронды оқулық мектеп бағдарламасын түгел қамтиды. Яғни оқушы электронды оқулық арқылы білімін жетілдіріп, интерактивті тапсырмаларды орындаса, сандық білім беру ресурсы белгілі бір пәнді түбегейлі зерттейді, интерактивті тапсырмаларды орындаған оқушы сандық білім беру ресурсы арқылы тест сұрақтарына жауап береді. Сандық білім беру ресурсы - әдістемелік құрал. Бір ресурсты жасау үшін тек қана педагог мамандар ғана емес, онға жуық адам жұмыс істейді. Бір ресурсты шығару үшін суретші, аниматор, режиссер, білікті дикторлар, бірнеше саланы қамтыған программистер атсалысады. Сондықтан бұл командадағы бір адамның жұмысы жалпы командаға әсер етеді. Сандық білім беру контентін электронды оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми - әдістемелік зерттеулер құрайды.

Осылайша, e-learning технологиясы – бұл оқыту ортасы, оның көмегімен оқу үрдісін жекелеуге болады, оқытудың жылдамдығын таңдауға болады (ақпаратты қабылдаған кезде). Оқушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық

жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі жергілікті және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.

Сонымен бірге осы бағдарламаның артықшылығы – қосымша ақпараттар арқылы мектептің порталын /сайтын/ашып, мектептің тарихы, оқушы, мұғалім рейтингісі, құрмет тақтасы, ҰТБ-ға дайындығы, қашықтықтан оқыту курстары, ата-аналар комитеті, сынып жетекшілігі, т.б. мәліметтерді автоматты түрде енгізуге болатындығы. Бұл оқыту үдерісін автоматтандыру жүйесі біздің мектепте биылғы оқу жылынан іске асырыла бастады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

E-learning жүйесі бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінің білім беру жүйесіне үлкен қарқынмен енгізіліп жатқан алдыңғы қатарлы үлгілердің бірі болып табылады. Электронды білім беру бойынша жүзеге асырылатын ауқымды жоба Қазақстанның білім беру жүйесін ақпараттандырудағы серпіліс болады деген сенімдемін.

Әдебиет

1. Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.Ә. Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. Алматы 2011

2. Семченко А.А., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.А., Коровина С. В. Объектіге бағдарланған «MOODLE» ортасы арқылы білім контенттерін жасау. Алматы 2011

3. Жаңа білім беру жүйесі. Wikipedia

http://kk.wikipedia.org/wiki/Жаңа_білім_беру_жүйесі

4. Саналиева Л.К., Кенжегалиева Г.Б., Идельбаева А.С. Исследование современных экономических механизмов построения интеллектуального потенциала страны как движущего фактора инновационного развития экономики // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. - 2018. - № 5. – С. 144-148.

5. Сейтказиева А., Жунисбекова Г., Тазабекова А. Интеллектуальный потенциал как ключевой фактор конкурентоспособности региона // IFAC-PapersOnLine. - 2018. - Т. 51, № 30. - С. 177- 180.

6. Билан Ю., Мишчук Х., Рошчик И. Анализ интеллектуального потенциала и его влияния на социально-экономическое развитие европейских стран // Journal of Competitiveness. - 2020. - Т. 12, №1. С.22

ӘОЖ37-1174

Болашақ мұғалімдердің интеллектуалды әлеуетінің рөлі

Токмурзаева Г.Т., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В этой статье рассматривается роль интеллектуального потенциала будущих учителей.

Abstract

This article discusses the role of the intellectual potential of future teachers.

Әлемнің жетекші елдерінің дамуы алдымен постиндустриалды, содан кейін білім, инновация, ғаламдық ақпараттық жүйелер, зияткерлік еңбек, ғылым және жаңа технологияларға негізделген экономиканың қалыптасуына әкелді. Бұл жаңа экономиканың негізін қазіргі қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуының басты факторы болып табылатын зияткерлік әлеует құрайды. Соңғы жылдары қоғамның зияткерлік даму процестерін зерттеуге деген қызығушылық күрт өсті. В.К. Левашовтың пікірінше «бұл бірінші кезекте негізгі қозғаушы күші ғылыми білім мен технологияларды өндіру, тарату және тиімді пайдалану болып табылатын білім қоғамының қалыптасуына байланысты» [1].

Қазақстандағы адам ресурстарын дамыту-Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді даму Стратегиясының маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі уақытта Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде таниды. Тәуелсіздікке қол жеткізудің қысқа тарихи

кезеңінде жаңа прогрессивті технологиялардың көмегімен әлемдік өркениетке интеграция арқылы экономикада серпіліс болды. Айтарлықтай зияткерлік әлеуетке ие Қазақстан оны тиімді пайдалануға және одан әрі арттыруға тырысуы керек. Бұл тұрғыда қоғам өмірінің жаңа деңгейінің негізін құрайтын және елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің негізі болып табылатын қазіргі білім беру жүйесі мен адами капиталдың рөлі мен маңызы артады. Осы тұрғыда бұл жұмыстың мақсаты – зияткерлік әлеуетті дамытудағы шетелдің озық тәжірибесін зерттей отырып, оны Қазақстан жағдайларына бейімдеу жолдарын қарастыру.

Ұлттың интеллектуалдық капиталы барлық жинақталған ғылыми, кәсіби және мәдени ақпараттарды, өмірдің барлық сфералары мен салаларындағы мамандардың білімі мен дағдыларын, әр адамның интеллектуалдық, адамгершілік және мәдени дамуын қамтиды. Ұлттың интеллектуалдық капиталы мен әлеуетін дамыту мәселелерін қарастыра отырып, «интеллект», «интеллектуалдық әлеует» сияқты негізгі ұғымдарға тоқталу қажет. Интеллектуалдық әлеует зияткерлік қызметтің әртүрлі түрлерін біріктіреді, яғни ол өзінің құраушы компоненттеріне қатысты интегративті функцияны орындайды. Ұлттың интеллектуалдық әлеуеті мақсат қою және оны іске асырудың құралдарын табу мүмкіндігін көрсетеді, ал экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде бұл барған сайын маңызды бола түсуде.

XXI ғасырда экономикалық және саяси бәсекелестіктің жеңісі тек іргелі және қолданбалы ғылымның даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге халықтың білім деңгейімен де анықталады.

Интеллектуалдық әлеует – бұл анықталуы және бағалануы қиын күрделі тұжырымдама. Соңғы уақытқа дейін интеллектуалдық әлеует тек патенттер, авторлық құқықтар, сауда белгілері және ноу-хау кіретін интеллектуалдық меншік ретінде түсінілді. Әрі қарай, зерттеу процесінде көптеген ғалымдар интеллектуалдық әлеуетті зияткерлік меншік пен жұмысшылардың білімінің жиынтығы ретінде қарастыра бастады.

Ғалымдардың пікірі бойынша интеллектуалдық әлеует дегеніміз:

-елдің немесе аймақтың интеллектуалдық саласының сипаттамасы және экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына ықпал ететін жаңа білім, идеялар, ақпарат көзі;

-жүйенің (мемлекет, аймақ, кәсіпорын, ұйым және т.б.) ғылымда, техникада, технологияда, рухани-адамгершілік салада айтарлықтай нәтижеге жетудің бірегей шешімдерін таба білу қабілеті;

-әлеуметтік-экономикалық даму мақсатында адамның және қоғамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру қабілетімен көрсетілген инновациялық экономиканың тиімділігінің өлшемі;

-жүйенің (мемлекет, аймақ, кәсіпорын, ұйым және т.б.) ғылымда, техникада, технологияда, рухани-адамгершілік салада айтарлықтай нәтижеге жетудің бірегей шешімдерін таба білу қабілеті.

П.П. Васильев бұл тұжырымдаманы аймақтың интеллектуалдық меншігі бола алатын, оның прогрессивті және халықаралық дамуына ықпал ететін жаңа білім, жобалар, идеялар, модельдер және басқа да семантикалық ақпаратты (ғылыми, техникалық, экономикалық, құқықтық және т.б.) жинақтау, құру және пайдалану мүмкіндігі ретінде түсіндіреді [2].

В.Лаврентьевтің пікірінше, интеллектуалдық потенциал дегеніміз – бұл жеке адамның немесе жеке адамдар тобының (ұйым, кәсіпорын персоналы, тұрғындар, аймақ, ел, ұлт, адамзат) жаңа рухани және материалдық құндылықтарды құрудың болжамды интегралды қабілеті [3]. Т.Стюарттың айтуынша интеллектуалдық әлеует дегеніміз - бұл білімді басқарудың ұйымдастырушылық процестерін ескермей, оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін компанияның барлық қызметкерлерінің білімінің жиынтығы [4].

Т.В. Игнатова және А.А. Шетов интеллектуалдық әлеуеттің құрылымында екі компонентті бөлуді ұсынды: шығармашылық әлеует және кәсіби-біліктілік әлеует [5].

Бұдан интеллектуалдық әлеует түсінігі жалпы және жеке мағынада қарастырылуы мүмкін. Жеке мағынада, интеллектуалдық әлеует дегеніміз – бұл жүйенің пайдаланылатын материалдық өндіріс саласындағы ғылыми- техникалық жаңалықтарды көбейту және енгізу мүмкіндігі. Ал жалпы мағынада интеллектуалдық әлеует дегеніміз – бұл мемлекеттің, аймақтың, ұжымның, адамның ғылым, техника және рухани-адамгершілік саласында бірегей жетістіктер жасау қабілеттерінің жиынтығы. Халықаралық тәжірибеде интеллектуалдық әлеует білімнің адамдардың материалдық әл-ауқатының деңгейіне әсерін өлшейтін индикатор ретінде түсініледі [6].

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен интеллектуалдық әлеует дегеніміз – адамның, қоғамның немесе тұтас бір ұлттың дамыған білімі мен қабілеттерінің жүйесі деп қорытынды жасауға болады. Өртүрлі берілген анықтамалар аясында, аймақтың интеллектуалдық әлеуетін, аймақтың дамуының экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және т.б. факторларымен негізделген білім беру, ғылыми, инновациялық және мәдени әлеуеттің жүйелік жиынтығы ретінде айқындау практикалық қызығушылық тудырады.

Интеллектуалдық әлеуеттің екінші компоненті - бұл ғылыми білімді өнімнің жаңа түрлеріне, технологияларға және қызметтерге айналдыру процесін, сонымен қатар тауарларды өткізу нарықтарын, бәсекелестік ортаны және басқарушылық және ұйымдастырушылық-экономикалық шаралар жиынтығын біріктіретін процестерді қамтитын инновациялық әлеует. Бұл жердегі негізгі фактор және негізгі шығармашылық күш - адами ресурстар [8].

Интеллектуалдық әлеуеттің ең маңызды компоненті ретінде білімді қалыптастыру және қолдануға қатысатын білім беру әлеуетін айтуға болады.

Білімге негізделген экономика кең ауқымды білім беру жүйесін қажет етеді. Сонымен қатар білім беру мен оқыту адам ресурстарын қалыптастыру процесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады [9].

Өз кезегінде білім деңгейі, интеллектуалдық әлеуеттің негізгі компоненттерінің бірі ретінде мыналарға байланысты:

- жалпы елдегі білім беру жүйесінің даму тенденциялары;
- жалпы және кәсіптік білім сапасы;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйелері;
- өзін-өзі дамыту мотивациясы.

Әлемдік қоғамдастықта интеллектуалдық әлеуетті дамытудың маңызды факторы ретінде мәдени әлеуетті айқындау кең таралып келеді. Мәдени әлеует деп біз жүйенің өзінің рухани деңгейін көтеру үшін қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын мәдениетті атаймыз. Сонымен мәдени әлеует кең мағынада адам мен қоғамның рухани дамуына бағытталған іс-әрекеттерді, сондай-ақ осы қызметтің өнімдерін (нәтижелерін) білдіреді. Бұл өнімдер - жаңа мәдениет деп аталатын жаңа идеялар мен жаңа біліми рухани құндылықтар. Әдетте, рухани мәдениетте келесі элементтер айқындалады: саяси, құқықтық, эстетикалық, этикалық (моральдық), философиялық, діни мәдениет. Интеллектуалдық әлеует тұжырымдамасы рухани мәдениеттің тұжырымдамасымен тығыз байланысты, ол адамның рухани белсенділігінде оның шығармашылық мүмкіндіктері мен өкілеттіктерін іске асыруды және жетілдіруді білдіреді. Рухани мәдениет - интеллектуалдық әлеуеттің өнімі, ол адамның жеке басын қолдайтын және дамытатын рухани мәдениет [10].

Осылайша, Қазақстанда интеллектуалдық әлеуетті сақтау мен жоғарылатудың негізгі проблемалары оны дамытуды, қолдануды және іске асыруды басқарудың тиісті жүйелерінің жоқтығында. Жаңа ақпараттық-зияткерлік өндіріске көшу және ғалымдардың ғылыми жұмысының нәтижелерін капиталдандыру қажет. Бұл жағдайда білім экономикасын қалыптастыруға және жаһандық ортада елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге болады.

Қазақстан экономикасының жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің басты шарты - бұл инновация, жаңа білімді қолдану арқылы қызметтің барлық саласында үнемі жетілдіріліп отыру. Ол ғылыми-техникалық болжау мен маркетингтің нәтижелерін ескере отырып, басқарудың барлық деңгейінде қалыптасқан және тауарлар мен қызметтердің жаңа нарықтарын құруда және жаңа нарық құруда ықтимал бәсекелестерді озып шығуға бағытталған инновациялық стратегияға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Дамудың инновациялық жолына көшу бүгінде Қазақстан экономикасы үшін өмірлік маңызды, өйткені объективті себептерге

байланысты ол еуропалық және әлемдік экономикалық процестерге көбірек интеграцияланған. Сонымен қатар, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлттық инновациялық жүйені мақсатты дамыту және қалыптастыру, Қазақстанда қолданыстағы ғылыми-техникалық әлеуетін инновация саласындағы әлемдік тенденцияларға назар аударатырып, өзінің жеке сипаттамалары мен мүдделерін міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылған жағдайда ғана мүмкін болады.

Әдебиет

1.Левашов В.К. Интеллектуальный потенциал общества: социологическое измерение и прогнозирование//Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2008. – No. 3 (87). – С. 26-27.

2.Васильев П.П., Шевелева О.М. Современные тенденции формирования трудового потенциала и развития интеллектуального капитала//Наука и образование: хозяйство и экономика; предпринимательство; право и управление. – 2014. – No 5. – С. 7-16.

3.Лаврентьев В., Шарина А. Интеллектуальный потенциал предприятия: понятие, структура и направления его развития// Креативная экономика. – 2009. – No 2. – С. 4.

4.Боровикова Т.В., Филинов В.А. Региональный интеллектуальный потенциал: методика оценки//Региональные исследования. – 2014. – No 3. – С. 38-41.

5.Игнатова Т.В., Шетов А.А. Развитие интеллектуального потенциала молодежи региона в сфере экономики и управления //Государственное и муниципальное управление. Ученые записки СКАГС. – 2014. – No 2. – С. 199.

6.Саналиева Л.К., Кенжегалиева Г.Б., Идельбаева А.С. Исследование современных экономических механизмов построения интел-лектуального потенциала страны как движущего фактора инновационного развития экономики//Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. - 2018. - No 5. – С. 144-148.

7.Сейткадиева А., Жунисбекова Г., Тазабекова А. Интеллектуальный потенциал как ключевой фактор конкурентоспособности региона // IFAC-PapersOnLine. - 2018. - Т. 51, No 30. - С. 177- 180.

8.Билан Ю., Мишчук Х., Рошчик И. Анализ интеллектуального потенциала и его влияния на социально-экономическое развитие европейских стран//JournalofCompetitiveness. - 2020. - Т. 12, No. 1. - С. 22.

9.Попова И.П., Темницкий А.Л. потенциал профессионалов: проблема структурных изменений//Социологические исследования. - 2011. - No 1. - С. 56-67.

10.Каптерев А.И. Управление профессиональным и интеллектуальным потенциалом современной организации:

ЭОЖ.004.82

Педагогикалық-психологиялық қызметте жасанды интеллектті пайдалану мүмкіндіктері

Жәрімбет А.О., оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Статья посвящена исследованию особенностей функционирования фитонимов в роли прецедентных феноменов. Авторы рассматривают данные прецедентные феномены как своеобразные символы, значимые в культурном плане и содержащие фоновые знания.

Abstract

The article is devoted to the study of the peculiarities of the functioning of phytonyms in the role of precedent phenomena. The authors consider these precedent phenomena as peculiar symbols, culturally significant and containing background knowledge.

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманғы ғылым мен технологиялардың ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Оның әлеуеті әртүрлі салада байқалып, адам өміріне терең әсеретіп келеді. Әсіресе, педагогика мен психология саласында ЖИ технологияларының қолданылуы маңызды өзгерістер мен жаңалықтар әкелуде. Педагогика мен психология ғылымдары адамдардың дамуы, мінез-құлқы, эмоциялары мен психикалық жағдайын зерттейтін салалар болғандықтан, бұл екі сала арасында тығыз байланыс бар. Жасанды интеллекттің бұл салаларда қолданылуы адамды толықтай түсіну мен оған тиімді қолдау көрсету үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады. Осы мақалада жасанды интеллекттің педагогика мен психологияға әсері мен рөлі, сондай-ақ оның осы екі ғылым саласындағы өзара әрекеттесу мүмкіндіктері қарастырылады.

Педагогика—бұл білім беру, оқыту әдістері мен процесін зерттейтін ғылым. Жасанды интеллекттің педагогикаға ықпалы оқушылардың білім алу сапасын арттыруға, оқу процесін дербестендіруге, мұғалімдерге оқу әдістерін тиімді таңдауға және оқушылардың жеке қабілеттерін ескеруге бағытталған. ЖИ-дің қолданылуы оқу процесінің автоматтандырылуын және оқушылардың оқу жолын бақылап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген әдістерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жаңалық педагогиканың

дамуына айтарлықтай әсер етіп, оқу процесін тиімді, жеңіл әрі нәтижелі етуге көмектеседі [1].

Жасанды интеллект педагогикада оқушылардың оқу үдерісін сараптап, олардың білім деңгейін бағалауда үлкен көмекші құрал болаалады. Мысалы, ЖИ жүйелері оқушылардың тапсырмаларды орындау кезінде жіберген қателіктерін талдап, сол арқылы олардың әлсіз тұстарын анықтай алады. Бұл мұғалімдерге оқушының қандай пәндер бойынша немесе қандай дағдыларды игеруінде қиындықтар туындап жатқанын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ оқу үдерісінің деректерін жинақтап, жеке тұлғаға негізделген оқу жоспарын жасап, оқушыға дәл сол қажеттіліктерін қанағаттандыратын тапсырмалар мен жаттығулар ұсына алады. Осылайша, әрбір оқушыға нақты қолдау көрсету арқылы оның білім алу тиімділігі арттырылады.

Жасанды интеллекттің педагогикадағытағыбірмаңызды қолданылу саласы—оқушылардың эмоционалды және психологиялық жағдайын бақылау. Оқу барысында оқушылар тек білім ғана емес, эмоциялық, психологиялық дамуды да қажеттеді. Әсіресе, оқушылардың оқустрессі, алаңдаушылық, депрессия немесе өзін-өзі бағалау мәселелері жиі кездеседі. ЖИ технологиялары оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылап, олардың стресстік деңгейін, көңіл-күйін немесе мотивациясын талдай отырып, мұғалімдерге оқушыларға психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл үшін ЖИ жүйелері бет-әлпетті талдау, дауысты тану немесе дене тілін оқып, оқушының көңіл-күйін анықтай алады. Бұл деректер мұғалімдерге оқу процесінде оқушылардың психологиялық жағдайына назар аударуға және қажетті қолдау көрсету үшін нақты қадамдар жасауды ұсынуға мүмкіндік береді [2].

Психология саласы адамның мінез-құлқын, ойлау мен эмоцияларын зерттейтін ғылым болып табылады. Жасанды интеллекттің психология саласындағы рөлі ерекше, себебі ол адам психикасын түсіну мен бақылаудың жаңа әдістерін ұсынады. ЖИ жүйелері адамның психологиялық жағдайынталдап, оныдиагностикалауғажәнеемдеугекөмектесетін құралдаржасайды. Психологиялық кеңесберу, психотерапия, эмоциялық интеллект пен мінез-құлықты зерттеуде ЖИ қолданылуы психологияның дамуында маңызды қадам болып табылады.

Жасанды интеллект психологияда адамның эмоцияларын, көңіл-күйін және психологиялық күйін талдауға мүмкіндік береді. Эмоциялық интеллектті бар жүйелер адамның бет-әлпетінің, дауыс ырғағының, денетілінің өзгерістерін оқып, оның ішкі күйін түсінуге көмектеседі. Бұл құралдар психотерапевтер мен психологтарға пациенттердің психологиялық жай-күйін бағалауға және олардың жағдайына байланысты тиімді кеңес беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері адамның психологиялық денсаулығын мониторингтеу және оны жақсартуға бағытталған арнайы жаттығулар

мен кеңестер ұсыну үшін қолданылуы мүмкін. Мысалы, ЖИ психологиялық кеңес беру барысында адамның стресс деңгейін төмендетуге, оның эмоционалды күйін жақсартуға бағытталған әдістер мен жаттығуларды ұсына алады.

Жасанды интеллекттің психологиядағы рөлі адамның мінез-құлқын болжау мен психикалық жағдайын диагностикалауға бағытталған. ЖИ жүйелері адамның белгілі бір мінез-құлқын немесе эмоцияларын талдау арқылы оның ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер адамның психикалық ауруларын ертерек анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, депрессия, алаңдаушылық немесе стресстік жағдайлардың белгілерін ЖИ жүйелері уақытында анықтап, психологтарға немесе психотерапевттерге пациенттің жағдайын бақылау және емдеу жоспарын жасауға көмек көрсетеді.

Жасанды интеллект педагогика мен психология арасындағы байланысты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл екі сала өзара тығыз байланыста болғандықтан, ЖИ технологиялары бір уақытта екі бағытта пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, оқушының психологиялық жағдайын бақылау арқылы оның оқу процесін тиімдірек ету немесе оқыту барысында психологиялық қолдау көрсету үшін ЖИ жүйелерінің қолданылуы мүмкін. ЖИ технологиялары педагогика мен психологияны біріктіріп, оқушылардың интеллектуалды және эмоционалды дамуын бірге қолдауға мүмкіндік береді. Бұл оқушының толыққанды дамуына ықпал етіп, оның психологиялық жағдайына әсерететін факторларды ескеруге көмектеседі.

Жасанды интеллекттің педагогика мен психологияға ықпалы олардың арасындағы шекараны жоюға бағытталған және әрбір адамның жеке қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді. Оқушылардың психологиялық жағдайын бақылап, олардың оқу қабілеттерін арттыру үшін ЖИ технологияларын пайдалану білім беру мен психологиялық кеңес беруді үйлестіруге көмектеседі. Бұл әдіс оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, олардың толыққанды даму жолын қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Жасанды интеллекттің педагогика мен психология салаларында қолданылуы этикалық мәселелерді туындатуы мүмкін. Әсіресе, жеке тұлғалардың психологиялық жағдайлары мен білім деңгейіне қатысты деректерді іжинау және өңдеу кезінде адам құқықтарының сақталуы маңызды. ЖИ жүйелері адамның жеке мәліметтерін, оның психикалық жағдайын жинай отырып, құпиялылықты қамтамасыз етуге міндетті. Психологиялық кеңес беру мен білім беру жүйелерінде ЖИ қолдану кезінде бұл ақпараттың қауіпсіздігіне және оның қалай қолданылатынына ерекше көңіл бөлінуі керек. Сонымен қатар, ЖИ жүйелерінің адамның мінез-құлқын манипуляциялауын емес

эмоцияларын басқаруы этикалық тұрғыдан алаңдаушылық тудыруы мүмкін [3].

Жасанды интеллекттің педагогика мен психология салаларындағы рөлі өте маңызды және оның ықпалы болашақта тек арта түседі. ЖИ жүйелері білім беру мен психологиялық қолдау көрсету процестерін тиімдірек ету үшін жаңа құралдар мен мүмкіндіктер ұсынады. Бұл жүйелер адамның психологиялық жай-күйін түсінуге, оқу процесін оңтайландыруға, жеке қажеттіліктерге сәйкес бейімделген әдістерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бірақ, ЖИ технологияларын қолдану кезінде оның этикалық мәселелерін, қауіпсіздігін және адам құқықтарын қорғауды ескерудің маңызы зор. Жасанды интеллекттің педагогика мен психологиядағы ықпалы болашақта осы салалардағы жаңа зерттеулер мен әдістемелерге жол ашып, адамдардың жан-жақты дамуына ықпал ететін болады.

Әдебиет

1. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс]–URL: <https://zerde.gov.kz/>(жүгінген күні: 27.09.2022).

2. Мореева Н.А. Педагогика среднего профессионального образования. В 2-х т. Том 1.Дидактика.–Москва: Изд.центр «Академия», 2008. – 432 с.

3. Ахметжанова Г.В., Емельянова Т.В. Формирование навыков цифрового творчества у будущих бакалавров психолого-педагогического образования//Инновации– 2021. – №3(15). – С. 45-53.

ӘӨЖ 821.372-8

Көркем шығармалардың оқушыларды тәрбиелеуге ықпалы

Полат А.А., магистрант,
Садуахасова Г.Ж., аға оқытушы, п.ғ.м.,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье речь идет о том, что художественные произведения являются средством, которое формируя у учащихся начальной школы такие качества, как духовность, доброта, любовь и сострадание, может способствовать их воспитанию.

Abstract

The article discusses how works of art are a means by which primary school students can develop qualities such as spirituality, kindness, love and compassion, and can contribute to their education.

Көркем шығарма адам бойында рухани ұстаным, ізгілік, махаббат, жанашырлық секілді қасиеттерді қалыптастырады. Ол

оқушыға жан-жақты әсер етіп, оның ой-өрісін кеңейтіп, ішкі жан-дүниесіне қуаныш сыйлап, рухани байытып, адамдық қасиетін оятады. Көркем әдебиет арқылы тәрбиеленген баланың келешекте рухани тұрғыда бай болатынына кәміл сенуге болады.

Дегенмен, көркем әдебиеттегі моральдық ұстанымдар дайын күйінде беріле салатын нәрсе емес. Олар шығарманы оқып жатқан баланың жан-дүниесіне еніп, оның эмоционалды жадында бекітіледі. Нағыз балалар жазушысы суретші бола білуі керек. Ол оқиғаны суреттеуде, әңгімелеуде кішкентай оқырманды өмірде болатын шынайы жағдайларға және адамдардың өзара байланысына қатыстырады. Яғни оқырманын оқып отырған шығармасының оқиғасына «енгізіп», қай жерде қуану, қай жерде қапалану керегін, өзін не таңдандырып, қай оқиға ашуландыратынын, нені қорғап, нені жоққа шығару керегін, нені уайымдайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Осылай әр түрлі көңіл-күйдің тартысын сезінген баланың бойында жеке тұлғалық қасиеттер қалыптасып, ақыл-ойы дами түседі.

Көркем сөз көңіліне қонған бала өзі белгілі бір қорытынды жасай алуды үйренеді. Көркемдік жағынан аяқталған әрбір кітап баланы өз өмірінен тыс жаңа, бұрын-соңды кездеспеген тәжірибеге шақырады. Осыған дейін бастан кешпеген оқиғаларды саралап, өз ұстанымын қабылдауға, таңдау жасауға, шешім қабылдауға мүмкіндік ашады. Әдебиет баладағы сыртқы мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын мінез-құлықтың ішкі реттеушілеріне айналдырып, санасына сіңіреді. Эмпатия және адамның өз ойы арқылы жасалған қорытынды сенімге айналып, «тән мен қанға» еніп, адамды «байқатпай» бағыттай алады.

Бастауыш сынып оқушыларына кітап тәрбиелік жағынан қалай әсер етуі мүмкін? Балаларға арналған шығармалар балалық шақта болатын психофизиологиялық кезеңдерді ескере отырып жазылуы керек. 7 жастағы бала мен 10 жастағы баланың көркем сөзді қабылдау ерекшелігі бірдей болмайтыны белгілі ғой. Сондықтан балалар тақырыбына жазатын қаламгерлер оқырманының жас ерекшелігін ескеруі қажет. «Әдебиеттік оқу с абағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғарғы буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар» [1,59 б.].

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға көбіне еліктеу тән екені белгілі. Олар бұл жаста үлкендерге жақсы болып көрінуді қалайды, сондықтан іштей жағымды кейіпкерлерге назар аударады, соларға ұқсағысы келеді. Кейіпкердің жарқын, ұмытылмас, моральдық жағымды мінезі шынайы суреттелген көркем шығарманы оқыған бала сүйікті кейіпкері сияқты әрекет етуге, одан үлгі алуға тырысады.

Әдебиеттің тәрбиелік әлеуетінде жағымсыз кейіпкерлердің де өз орны бар. Бір қарағанда, олардың оқырманға кері әсері күшті сияқты

сезілетіні рас. Осыдан да кейбіреулер баланың оларға еліктейтінін ескеріп, мұндай кейіпкерлердің қажеттілігіне күмәнданады. Дегенмен, адам сендірерліктей суреттелген жағымсыз кейіпкердің да бала тәрбиесіндегі ықпалы зор. Өйткені, оқырман шығарманы оқи отырып, моральдық заң бұзушыларға іштей наразылық білдіреді. Айналасынан сондай типті ойша іздестіріп, солардай болмауға тырысады. Тіпті кішкентай оқырман солардың тура жолға түсуіне тілекші де болатын сәттер аз емес. Балалар әдебиетіне келгенде ертегі-аңыздардағы жалмауыз кемпірдің, жалғыз көзді диюдың, айналасының бәрін алдайтын қу түлкінің де бала тәрбиесіне ықпалы бар.

Жасанды интеллект (ЖИ) бүгінде ғылым мен техника саласының ғана емес, экономика мен әлеуметтік өмірдің барлық салаларына еніп, маңызды өзгерістерге алып келуде. Бұл өзгерістерді тек технологиялық аспектілермен шектемей, сонымен қатар адам ресурстары мен еңбек нарығына әсер ететін терең әлеуметтік мәселелер ретінде қарастыру қажет. Жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсері айтарлықтай болды және ол болашақта одан әрі күшейе түсуі мүмкін. ЖИ саласындағы мамандарға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін білім беру жүйесін қайта қарау қажет [1].

Ең бастысы, бұл өзгерістер адамдардың еңбек нарығындағы рөлі мен оларды даярлау жүйесін түбегейлі өзгертуде. Дәстүрлі жұмысшы мамандықтармен қатар жаңа кәсіптер мен дағдылар пайда болып отыр. Сонымен қатар, бұл құбылыс жоғары білім беру және кәсіби даму жүйесін жаңғыртуды талап етеді [2].

Жасанды интеллект (ЖИ) бүгінгі таңда көптеген кәсіби салаларды өзгерту үрдісінде. Автоматтандыру мен ЖИ жүйелері бірқатар жұмыс орнынан адамды алмастырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын да қалыптастырады [3]. Мысалы, машиналық оқыту инженері, деректер ғалымы, жасанды интеллект зерттеушісі сияқты мамандықтар пайда болды. Бұл жұмысшыларға тек техникалық білім ғана емес, сонымен қатар күрделі шешімдер қабылдау, аналитикалық ойлау қабілеті мен басқарушылық дағдылар қажет. Бұдан басқа, ЖИ саласы адамдардың күнделікті жұмысының тиімділігін арттыруда, әрі оларды стресске ұшыратпау мақсатында жаңа тәсілдерді ұсынады. ЖИ арқылы кәсіпорындар тиімділікті арттырып, жұмысшыларды маңызды әрі шығармашылық тапсырмаларға бағыттай алады.

Жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалы тек үлкен корпорациялар мен ірі кәсіпорындарға ғана емес, шағын және орта бизнеске де жетіп отыр [4]. Кәсіпорындар ЖИ арқылы өнімдерін жақсартып, нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыра алады. Осылайша, еңбек нарығында жаңа мамандықтарға сұраныс артып келеді. Сонымен бірге, кейбір мамандықтар өзгеріп, жаңа дағдылар мен білімдер қажет ететін болады. Жасанды интеллекттің дамуы білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Бүгінгі күні оқу орындары ЖИ саласындағы мамандарды даярлау үшін жаңа бағдарламалар мен курстарды енгізуде [2]. ЖИ мен деректерді талдау дағдыларын меңгеру үшін студенттерге арналған арнайы курстар мен бағдарламалар ашылып, жаңартылды.

Бүгінде білім беру жүйесі STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытында белсенді жұмыс істеп, жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Бұл бағыттың негізгі мақсаты — студенттерге технологиялар мен инновациялар саласындағы нақты дағдыларды үйрету.

STEM білім беру жүйесінің негізгі артықшылығы — ол студенттерге күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [2]. Бұл тұста ЖИ пәндеріне сұраныс артты, өйткені жасанды интеллект қолданылатын салалар күн санап өсіп жатыр.

Онлайн білім беру платформаларының арқасында әлемнің түкпір-түкпірінен студенттер ЖИ мен деректерді талдау, бағдарламалау, машиналық оқыту сияқты салаларда білім ала алады. Бұл тәсіл білімнің кең ауқымды әрі қолжетімді болуына мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Coursera, edX, Udacity сияқты платформалар арқылы ЖИ саласындағы жетекші университеттер мен компаниялардың курстарын табуға болады.

Жасанды интеллект саласында табысты маман болу үшін тек теориялық білім ғана емес, тәжірибелік дағдылар да қажет. Бұл үшін жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелері студенттеріне нақты жобалар мен тәжірибелік жұмыстарды ұсына алады.

Аспектiлердi атап кетсек: жасанды интеллект және әлеуметтiк теңсiздiк: ЖИ жүйелерiнiң дамуымен бiрге жаңа жұмыс орындары пайда болады, бiрақ олар көбiнесе жоғары бiлiмi мен мамандығы бар адамдарға арналған. Бұл әлеуметтiк теңсiздiкке әкелуi мүмкiн, себебi төменгi және орта деңгейдегi жұмысшылар үшiн дағдылар мен бiлiмдерiн жаңартуға мүмкiндiк шектеулi болуы мүмкiн [5]. Бұл мәселе бойынша бiлiм беру бағдарламалары мен әлеуметтiк қолдау шараларын енгiзу маңызды болады; жасанды интеллект және кәсiби қайта даярлау: ЖИ әсерiнен бiрқатар мамандықтар жойылып немесе өзгерiп кетуi мүмкiн. Бұл жағдай әсiресе, орта жастағы жұмысшылар үшiн қиын болуы мүмкiн [3]. Сондықтан, кәсiби қайта даярлау және бiлiктiлiктi арттыру бағдарламаларының маңызы арта түседi. Осы бағдарламалар жұмысшыларға жаңа дағдыларды меңгеруге, кәсiби деңгейiн көтеруге және жаңа нарықтарға бейiмделуге мүмкiндiк бередi; жасанды интеллекттiң этикалық мәселелерi: ЖИ жүйелерiнiң қоғамға әсерi тек жұмыс орындарымен шектелмейдi, ол сонымен қатар адамның жеке өмiрiне де әсер етуi мүмкiн [4]. ЖИ алгоритмдерiнiң әдiлдiгi, жасанды интеллекттiң шешiм қабылдау процесiнде адам құқықтарын сақтау мәселелерi маңызды орын алады. Осы бағытта бiлiм беру жүйесiнде этикалық аспектiлердi қамтитын арнайы курстар мен тренингтер енгiзу қажеттiлiгi туындайды; көшбасшылық дағдылары мен ЖИ: Жасанды интеллект саласында жұмыс iстейтiн мамандарға тек техникалық дағдылар ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық және басқарушылық дағдылары да қажет [5]. Олар ЖИ технологияларын тиiмдi пайдалану үшiн командаларды басқара бiлуi, инновациялық идеяларды iске асыра бiлуi, сондай-ақ жобаларды басқару қабiлеттерiне ие болуы тиiс. Осыған орай, кәсiптiк бiлiм беру жүйесiнде көшбасшылық пен басқарушылық дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар маңызды болуы мүмкiн; жасанды интеллект және кәсiпкерлiк мүмкiндiктер: ЖИ технологиялары тек жұмыс орындарын өзгерту ғана емес, сонымен қатар жаңа кәсiпкерлiк мүмкiндiктерiн ашуы мүмкiн [5]. Жаңа инновациялық өнiмдер мен қызметтер жасау үшiн ЖИ қолдануды үйрену кәсiпкерлер үшiн үлкен артықшылық болмақ. Бұл аспектiнi бiлiм беру жүйесiнде стартаптар мен кәсiпкерлiктi дамыту бағдарламаларын қосу арқылы тереңдетуге болады; мультимәдениеттi және көптiлдi ЖИ жүйелерi: Әлемдiк деңгейде ЖИ жүйелерiнiң көптiлдi және мультимәдениеттi болуына деген қажеттiлiк артып келедi [6]. Бұл тақырып бiлiм беру бағдарламаларында халықаралық қатынастар мен көптiлдi бiлiм берудi дамытуға арналған курстарды қосуға болады. ЖИ жүйелерi түрлi мәдениеттер мен тiлдерде тиiмдi жұмыс iстей алатын болуы тиiс, ал бұл үшiн әртүрлi мәдени контекстердi ескеретiн бiлiм мен дағдылар қажет; жасанды интеллекттiң денсаулық сақтау саласына әсерi: ЖИ денсаулық сақтау саласында үлкен өзгерiстердi жүзеге

асырып жатыр, бұл әсіресе ауруларды алдын алу, диагностика жасау, және емдеудің жеке тәсілдеріне әсер етеді [6]. Сондықтан, денсаулық сақтау мамандарына ЖИ қолдану саласындағы білім мен дағдыларды меңгеру маңызды болмақ.

Жасанды интеллект мамандықтарында тәжірибе алу өте маңызды. Бұл үшін университеттер мен зерттеу орталықтары студенттер мен жас мамандарды нақты жобаларға қатысуға шақыра алады. Сонымен қатар, кәсіпорындар мен ұйымдар білім беру мекемелерімен серіктестік орнатып, студенттерге өз жұмыс орындарында тәжірибе алу мүмкіндігін ұсынады. Жасанды интеллекттің дамуы еңбек нарығында терең өзгерістер әкелуде. Бұл өзгерістер білім беру жүйесін, жұмысшы мамандықтарын және жалпы еңбек нарығын жаңа жағдайларға бейімдеуді талап етеді [1]. Жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлау үшін жаңа білім беру бағдарламалары мен курстарды енгізу өте маңызды. Сонымен бірге, осы салада жұмыс істейтін адамдардың білім мен дағдыларын үнемі жаңартып отыруы қажет. Жасанды интеллекттің дамуымен бірге еңбек нарығы мен кәсіби дағдылардың өзгеруі — бұл болашақтың міндеті. Бұл жолда жоғары білім беру жүйесінің инновациялар мен жаңашылдыққа бейімделуі қажет, ал әрбір жұмысшы өзінің білімін әрі дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Әдебиет

1. Әбдіманап А. (2021). «Жасанды интеллект және еңбек нарығы: жаңа мүмкіндіктер мен қауіптер». *Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы*, №3, 45-52 б.

2. Сейітқұл Б. (2019). «STEM білім беру және жасанды интеллект: Қазақстандағы жаңа мүмкіндіктер». *Білім беру және ғылым мәселелері*, №4, 27-35 б.

3. Төлеубаев М. (2022). «Кәсіби қайта даярлау және ЖИ технологияларының еңбек нарығына әсері». *Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық зерттеулері*, №1, 12-19 б.

4. Қасенова А. (2023). «Жасанды интеллект және этика: Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер». *ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми еңбектері*, №5, 60-68 б.

5. Омаров Е. (2021). «Көшбасшылық және жасанды интеллект: кәсіпкерлік пен инновациядағы жаңа үрдістер». *Қазақ менеджмент және бизнес журналы*, №3, 18-26 б.

6. Айдарханова Л. (2020). «Жасанды интеллект және кәсіби дағдылар: Қазақстандық еңбек нарығының трансформациясы». *Цифрлық даму және қоғам*, №2, 39-47 б.

ОӘЖ 331.105.6.

Билік пен бизнестің өзара іс-қимылы аймақ аумағының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру шарты ретінде.

Муратбаева Г.А., э.ғ.к., аға оқытушы,
Есіркеп Айжан., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается ситуация оценки взаимодействия региональных государственных органов и структур, занимающихся предпринимательством в Республике Казахстан по критерию развития государственно-частного партнерства. Цель исследования - взаимодействие между предпринимательскими структурами и государством теоретических и практических знаний о сущности и содержании механизма развития идей.

Abstract

The article examines the situation of assessing the interaction of regional government agencies and structures engaged in entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan by the criterion of public-private partnership development. The purpose of the research is the interaction between business structures and the government of theoretical and practical knowledge about the essence and content of the mechanism of development of ideas.

Нарық жағдайында аймақтық жүйелердің экономикалық тәуелсіздікке ие болуы экономикалық кеңістіктің координаттар жүйесіндегі әр аймақтың жағдайы мен функцияларын қайта бағалау қажеттілігін тудырады, онда оның тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалатын шешімдер қабылданады. Аймақтық проблемалардың ішінде жергілікті қатынастардың ерекшелігін және ұлттық экономиканың жалпы заңдылықтарын ескере отырып, аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру ерекше орын алады. Барлық дәйекті ауыспалы тарихи кезеңдерде экономикалық жүйелердің бәсекеге қабілеттілігі эволюция процесінен өтіп, өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың дамуын, ГТІ, еңбек өнімділігінің өсуін, қаржы капиталының дербестендірілген жинақталуын, нарықтық инфрақұрылымның кеңеюін объективті түрде анықтайды. Осылайша, бәсекеге қабілеттілікті арттыру проблемасы экономикалық ғылымда объективті түрде басым сипатқа ие болады [1].

Бизнесті құру, сақтау және дамытудың барлық мәселелерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар жатады:

- жаңа істі ашу шығындары;

-бақылау-қадағалау органдарының тексерулер жүргізуіне байланысты шығындар;

-кемсітушілік заңнама (федералды және аймақтық), сондай-ақ құқық қолдану практикасы;

- шенеуніктердің құқықтық жауапсыздығы;

-"әлеуметтік жауапкершілік"түріндегі алымдар;

-билік пен бизнесті сайланғандардың қамқорлығынан бастап, өздерінің шенеунік бизнесіне дейін біріктіру";

-жалпы ірі бизнес және табиғи монополиялар тарапынан кемсітушілік — әсіресе;

-жер учаскелерін және тұрғын емес үй-жайларды бөлу, жалдау шарттары, жалдау ақысы, жалға алынған мүлікті сатып алу шарттары.

Екінші топты кәсіпкерлерді қолдау мәселелері құрайды: несиелеу мәселесі (әсіресе - шағын бизнес); "көлеңкелі" сектордағы Бизнесің едәуір үлесін сақтау; кадрлар мәселесі (шағын кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының төмендігі, орта шағын бизнес үшін білікті кадрлардың тапшылығы); ортақ мүдделерді қорғауда Бизнесің шоғырлануының төмендігі; азаматтардың көпшілігінің бизнеске,кәсіпкерлік қоғамдастыққа деген сенімінің төмендігі.

Соңғы жылдары аталған барлық тармақтардың ішінде жаңа істің ашылуына және жүргізіліп жатқан тексерулерге байланысты шығындардың айтарлықтай өсуі, күш пен бизнестің бірігуі, ірі бизнестің, әсіресе табиғи монополиялардың қысымы, сондай-ақ қазіргі уақытта бизнес үшін ең маңызды мәселе- жер учаскелерін бөлу және тұрғын емес үй-жайлар, жалдау шарттары, және жалға алынған мүлікті сатып алу.алдыңғы қатарға шықты [2].

Осылайша, қазіргі уақытта аймақтық және муниципалдық деңгейде қалыптасқан билік пен бизнестің өзара әрекеттесуінің институционалдық моделінде "сұр аймақтың"бейресми нормалары мен тәжірибелері шешуші мәнге ие. Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдірудің өзі бұл аймақтың көлемін азайта алмайды және оны барлық зерттеушілер тиімсіз деп санайтын билік пен бизнестің өзара әрекеттесу моделіндегі интеграциялық рөлден айыра алмайды. Шенеуніктер үшін бюрократия туралы заңдар пакетін федералды түрде қабылдау нәтижесінде әкімшілік кедергілердің мөлшеріне әсер ету мүмкіндігін шектеу бейресми сауда-саттыққа арналған құралдар жиынтығын бірнеше рет шектей алады, бірақ бұл сауда-саттықты және бейресми тәжірибелердің формальдыдан басым болуын жоя алмайды.

Бизнес пен биліктің өзара әрекеттесуінің қалыптасқан институционалдық моделі, жекелеген кәсіпкерлердің көпшілігіне сәйкес келмесе де, бизнестің жаңа әмбебап формальды ойын ережелеріне сұранысының болмауына байланысты тұрақтылықты сақтайды.

Шын мәнінде, бұл жағдайда біз кәсіпкерлердің өздерінің ұжымдық мүдделеріне қол жеткізу үшін нақты іс-әрекетінің болмауы сияқты ұжымдық іс-әрекеттің парадоксына тап боламыз. Біріншіден, кәсіпкерлер тобы жеткілікті үлкен болып шығады және жекелеген кәсіпкерлердің бүкіл топтың мүддесі үшін іс-қимыл шығындары болашақ пайдамен жабылмайды [3]. Екіншіден, мұндай әлеуметтік тәжірибелер ұжымдық іс-әрекеттің таңдамалы ынталандырулары әкімшілік жобаларын ілгерілету үшін кәсіпкерлерді таңдамалы ынталандыру немесе өздерінің және бүкіл бизнес-қоғамдастықтың мүдделерін қорғауда белсенділік танытқаны үшін сайлау жазасы түрінде болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің бір бөлігі сараланған тәртіпті сақтау мүдделері бойынша әкімшілікпен біріктіріліп, бизнеске сараланған қатынас нормаларын ұсыну кезінде белсенді ойыншыға айналады.

Тексерулердің қысымына, бейресми аударымдардың талаптарына, билік тарапынан құрметтемеушілікке қарсы тұру, бизнес үшін қолайлы жағдайларды тек бірігу арқылы қалыптастыруға болады. Алайда, кәсіпкерлер мұндай бірлестікке әлі дайын емес.

Жергілікті деңгейде бұл әсіресе айқын көрінеді. Билік "бастық", ал бизнес "бағынышты" ретінде әрекет етеді. Тиісінше, қала басшысының кәсіпкерлермен кездесулері мәртебелік сауда-саттыққа арналған алаң болып табылады, оның объектісі Бизнесінің аумақты "қосымша қаржыландыру" бойынша қосымша міндеттемелерді орындау көлемі мен тәртібін айқындайтын "квази-фискалдық" мәміленің шарттары болып табылады. Бизнес өкілдері салыстырмалы түрде тәуелсіз "бағыныштылар" ретінде әрекет етеді, олар дәлел ретінде ақпаратты, әсіресе олардың қаржылық жағдайлары туралы бақылауды қолдана отырып, билікке оларға қосымша міндеттемелер жүктеудің мүмкін "шектерін" көрсетеді. Мұның бәрі мемлекеттің сипаты мен оның функцияларының нарықтық экономикасы бар елдерге тән жағдайдан сапалы айырмашылығын сақтауды білдіреді. Билік, әсіресе аймақтық және жергілікті деңгейде, қолданыстағы ойын ережелерінің агенті емес. Ол өзі белгілі бір кәсіпкерлер тобының ойыншысы. Билік қоғамдық тауарларды өндірудің агенті ретінде де әрекет етпейді (яғни, оларға сұраныс тудыратын адамдардың мүдделерінің өкілі) [4].

Бизнес пен биліктің өзара әрекеттесуінің қалыптасқан институционалдық моделі, жекелеген кәсіпкерлердің көпшілігіне сәйкес келмесе де, бизнестің жаңа әмбебап формальды ойын ережелеріне сұранысының болмауына байланысты тұрақтылықты сақтайды.

Әдебиет

1. Богатуров А.Д. Понятие экономической политологии и особенности ее проблемного поля в России//Полис. Политические исследования.–2011.–№.4.–С. 8-19. [Электрондық ресурс].-

URL:https://mgimo.ru/files/209372/Bogaturov_4-11.pdf (жүгіну күні - 28.09.2023).

2. Kurmanov N., Tolysbayev B., Aibossynova D., Parmanov N. Innovative activity of small and medium sized enterprises in Kazakhstan and factors of its development. //Economic Annals-XXI. 2016. – Volume 158, - Issue 3-4, -P.57-60 <https://doi.org/10.21003/ea.V158-13>

3. The Legatum Prosperity Index™. A tool for transformation. Overview. – 2021. – November. – 23p. [Электрондық ресурс]. - URL: https://docs.prosperity.com/3616/3544/3967/The_2021_Legatum_Pro Prosperity_Index_Overview_-_Web.pdf (жүгіну күні - 28.09.2023).

4. United Nations. Kazakhstan Annual Report 2022. – 34 p. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://kazakhstan.un.org/sites/default/files/2023-04/UN%20Kazakhstan%20Annual%20Report%202022%20EN.pdf> (жүгіну күні - 22.07.2023)

ОӘЖ 314.152.2.

Қазақстанның демографиялық саясаты: бағыты мен сын-көзқарастары

Муратбаева Г.А., э.ғ.к. аға оқытушы,
Тенелбай Бауыржан, магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Демографическая политика проводится в разных странах мира по-разному. С глобальной точки зрения, в прошлом веке население планеты Земля пережило беспрецедентный рост. Это принесло миру новые возможности и проблемы. Поэтому политики сделали все возможное, чтобы предложить эффективную демографическую политику. Сущность демографической политики направлена на решение таких проблем, как распределение ресурсов, социальное развитие и экологическая устойчивость.

Abstract

Demographic policy is carried out differently in each country of the world. From a global perspective, the population of Planet Earth has experienced unprecedented growth in the last century. It has brought new opportunities and challenges to the world. Therefore, politicians did their best to offer an effective demographic policy. The essence of demographic policy is aimed at solving such problems as resource allocation, Social Development and environmental sustainability.

Демографиялық өзгерістер Қазақстанның болашағын анықтауда маңызды рөл атқарады. Жаһандық сын-көзқарастар жағдайында

қарқынды өсу тиімді демографиялық саясатты талап етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті халыққа Жолдауында еліміздегі демографиялық ахуалдың көңіл көншітпейтінін айтып, Үкіметке бірқатар тапсырма берген. «Отбасылық-демографиялық ахуал – зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе. Өкінішке қарай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының еліміздегі халық санының өсіміне қатысты болжамы Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда көңіл көншітпейді. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет», – деген еді Президент [1].

Демографиялық өзгерістер Қазақстанның болашағын анықтауда маңызды рөл атқарады. Жаһандық сын-қатерлер жағдайында қарқынды өсу тиімді демографиялық саясатты талап етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті халыққа Жолдауында еліміздегі демографиялық ахуалдың көңіл көншітпейтінін айтып, Үкіметке бірқатар тапсырма берген. «Отбасылық-демографиялық ахуал – зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе. Өкінішке қарай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының еліміздегі халық санының өсіміне қатысты болжамы Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда көңіл көншітпейді. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет», – деген еді Президент.

Қазір елдегі халық саны 20 миллион адамға жуықтаған. Оның 12 188 601-і – қала, 7 552 682-сі ауыл халқы. Әйелдер саны – 10 106 665, ерлер саны – 9 634 618 [3]. Ғалымдардың айтуынша, егер халық санының өсуін 1 мен 16 пайыз аралығында бағалайтын болсақ, онда Алматы, Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстарындағы өсім жақсы деуге болады. Ал Павлодар, Қарағанды облыстарында адам азайған. Халық саны орташа деңгейде өсіп отырған Қызылорда және Атырау облыстары екен. Халық тығыз орналасқан аумақтарда ел санының өсуі мемлекеттің алдына көптеген әлеуметтік және экономикалық міндеттер қойып отыр. Халық санының азаюы ең жоғары көрсеткішті көрсетіп отырған Солтүстік Қазақстан облысы екен [2].

Тәуелсіздік алған жылдары қазақтардың саны бар болғаны 7 миллионның үстінде болды. 2012 жылы 10 миллионнан асты. 1991-2023 жылдар аралығында 1 миллион 107 мың қандас тарихи мекеніне

оралған. Сарапшылардың пікірінше, Үкімет 2011 жылғы қабылданған Демографиялық саясат тұжырымдамасымен жұмыс істеп отыр. Аталған құжаттың бүгінгі таңда мерзімі біткен, жаңартуды қажет етеді. Бірақ жаңа тұжырымдама әлі жасалған жоқ. Сонымен қатар елімізде демографиялық саясатқа баға беріп, бақылайтын бірде бір мемлекеттік орган жоқ [3].

Егемендік алған жылдары мемлекет алдында халық санын арттыру деген басты міндет тұрса, бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық т.б. маңызды міндеттер алға шықты. Сондықтан елдің демографиялық саясатын дамытып, жаңартатын уақыт келді, деп санайды сарапшылар.

Бүгінгіміз бен келешегіміздің демографиялық болжамын нақты жасамай, экономикалық дамудың да жорамалын жасай алмаймыз. Кейінгі онжылдықта Қазақстан халық санының өзгеруі жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Ел өңірлеріндегі халықтың саны мен әл-ауқаты ел демографиясының дамуына әсер етіп отыр. Мәселен, бір-біріне қарсы бағытталған – солтүстік-шығыс пен оңтүстік-батыс сценарийі жүріп жатыр. Олардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси тәуекелдер мен қатерлер кешенін құрайды.

Сонымен Қазақстанның бүгінгі демографиялық саясатының негізгі бағыттарын топтап көрейік:

1.Туу коэффициенті және отбасы саясаты. Қазақстанның демографиялық саясатының негізгі аспектілерінің бірі– жоғары туу коэффициенті мен отбасыларды қолдау. «Қолжетімді баспана», «Ауыл – ел бесігі» секілді мемлекеттік бағдарламалар отбасыларда тууды арттыру және отбасылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жеңілдіктер мен қаржылық қолдау көрсетуге бағытталған.

2.Көші-қон саясаты. Қазақстан елдің экономикасы мен әлеуметтік дамуының қажеттіліктерін ескеретін көші-қон саясатын әзірлеген. Жоғары білікті мамандарды тарту, еңбек көші-қонын қолдау және көшіп-қонушыларды интеграциялау экономика мен қоғамды нығайтуға ықпал ететін саясаттың маңызды бағыттарына айналды.

3.Білім беру және денсаулық сақтау. Қазақстанның демографиялық саясаты білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін дамытуды да қамтиды. Бұл бағыт халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, сапалы білім мен медициналық қызметке қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ балалар мен жастарды қолдауға бағытталған.

Қазақстанның демографиялық саясатының сын-қатерлеріне мыналарды жатқызамыз:

1.Халықтың қартаюуы. Көптеген дамыған елдердегідей, Қазақстан да халықтың қартаюу проблемасына тап болды. Өмір сүру ұзақтығының артуы және туудың төмендеуі қоғамның демографиялық

құрылымының өзгеруіне әкелді, бұл аға буынды қолдау және олардың қоғамдық және экономикалық өмірге қатысуын қамтамасыз ету үшін саясатты бейімдеуді талап етеді.

2. Өңірлік айырмашылықтар. Қазақстан демографиялық жағдайы елеулі өңірлік айырмашылықтарға тап болды. Кейбір аймақтар халықтың кетуімен, біркелкі дамымауымен және туу деңгейінің төмендігімен сипатталады. Бұл мәселелерді шешу теңсіздікті азайтуға, тең мүмкіндіктер жасауға және аймақтарда дамуды ынталандыруға күш салуды талап етеді.

3. Халықаралық көші-қон. Қазақстан Халықаралық көші-қон үшін тартымды ел болып табылады. Алайда, көші-қон ағындарын басқару және мигранттардың интеграциясын тиімді қамтамасыз ету күрделі жұмыс.

Осыған байланысты Қазақстан жоғары білікті кадрларды тартуға ықпал ететін және елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін саясатты дамытуы тиіс [4].

Қазақстанның демографиялық саясаты елдің болашағы үшін маңызды. Бала тууды ынталандыру, отбасыларды қолдау, көші-қонды тиімді басқару және білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту осы саясаттың негізгі аспектілері болып табылады. Алайда, халықтың қартаюына, өңірлік айырмашылықтарға және көші-қонды басқаруға байланысты сын-қатерлер Қазақстанның тұрақты және гүлденген болашағын қамтамасыз ету үшін тұрақты талдау мен тиісті шаралар қабылдауды талап етеді. Демографияның негізгі бағыттары- физикалық даму және көші-қон. ҚР саясаты үйлесімді-ются жалпы дамуға, бірақ үшін көптеген қиындықтарды жеңу және реттеу саласындағы қиындықтар көші-қон процестері қажет- біз неғұрлым салмақты және жан жақты жалпы саясат шеңберіндегі тәсілдер мемлекеттер.

Әдебиет

1. Андреев А.А. Иммиграция русского языка в современный Казахстан (XX—нач. XXI века).—Режим доступа: <http://kz.ethnology.ru/win/rus—now.html>.

2. Миграция на постсоветском пространстве: тенденции, последствия и перспективы// Аналитический доклад по итогам международного научно-практического семинара.—М.: МГУ, 2021, декабрь 2-3. — Режим доступа: <http://moscow.iom.int>.

3. Государственный статистический комитет Казахстана.— Режим доступа: <http://www.stat.kz>.

4. Население Республики Казахстан. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2019 года. Том 1: Статистический сборник/Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2021—242 с.

ӘОЖ 514.18

Графикалық пәндерді оқытуда білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру

Келмағамбетов Н.К., т.ғ.к.,
Қызылорда Болашақ университеті,
Қызылорда қ.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы организации самостоятельной работы студентов с целью повышения качества геометрической и графической подготовки обучающихся.

Abstract

The article examines the problem of organizing independent work of students in order to improve the quality of geometric and graphic training of students.

Техникалық жоғары оқу орнының бакалавр дәрежесін алған түлегіне көптеген талаптар қойылады: кәсіби сауатты болу, орындайтын жұмысына шығармашылық көзқараспен қарау, кеңістік ойлау қабілетінің жоғарылығы, құрылымдық құжаттарды оқи білу, автоматтық жобалаудың компьютерлік құралдарын қолдана білу, өз біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру және т.б. Бакалаврлардың кәсіби графикалық біліктілігінің қалыптасуында графикалық пәндердің маңызы зор. Қазіргі заманғы техникалық жоғары оқу орнында инженерлік-графикалық пәндер, оның ішінде сызба геометрия, геометриялық білім беретін және оның кеңістік ойлау қабілетін дамытатын бірден-бір құрал болып табылады.

Инженердің қызметінде сызбалардың орны ерекше. Құрылыс өндірісінің қарқынды дамуы біліктілігі жоғары, сапалы, заманауи мамандарды даярлауды талап етеді. Мамандардың инженерлік-техникалық біліктілігінің негізі геометриялық-графикалық пәндерді оқу барысында қалыптасады. Бакалаврлардың геометриялық-графикалық дайындықтарының жоғары деңгейде болуы, сонымен бірге кәсіби компетенциялары мен бәсекеге қабілеттілігі «Сызба геометрия», «Инженерлік графика», «Компьютерлік графика» пәндерін игерулерінің сапасына да байланысты.

Соңғы жылдары кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындауда осындай зор маңызы бар графикалық пәндерге, оның ішінде сызба геометрия пәніне дұрыс көңіл бөлінбеуде. Сызба геометрия теориялық механика, құрылыс механикасы, машина бөлшектері және т.б. жалпытехникалық пәндерді меңгеруге дайындайды. Сызба геометрияның негізгі қағидалары мен тәсілдері машина жасауда, құрылыста сызбаларды орындауда қолданылады.

Сонымен қатар, абстрактілі ойлау мен кеңістік ойлау қабілетінің даму дәрежесі инженерлік ойдың жоғарғы деңгейін білдіреді [1].

Сызба геометрия меңгерілуі қиын пәндердің қатарында. Оған бірнеше себептер бар. Біріншіден, сызба геометрия білім алушылар үшін мазмұны жағынан да, әдістері жағынан да мектепте оқылатын пәндермен тығыз байланысы жоқ пән болып табылады. Тоғызыншы сыныпта оқытылатын сызу курсының азғантай көлемі білім алушылардың есінде қалмайды. Сондықтан сызба геометрия курсын меңгерудің қиыншылықтарының бір себебі: мектеп бітірушілердің геометриялық-графикалық дайындығының өте төмендігі және жоғары оқу орнына түсу кезінде сызудан емтиханның өткізілмеуі. Нәтижесінде техникалық жоғары оқу орнына сызбаны орындау ережелерін білмейтін, базалық графикалық дайындығы жоқ білім алушылар келеді. Геометриялық-графикалық пәндер әдетте бірінші немесе екінші семестрде жүргізіледі. Бұл кезде білім алушылар дәріс тыңдап, конспект жазуды үйренбеген және өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра алмайды. Оның үстіне сызба геометрияның бөлімдері тығыз байланысты және әр тақырып сайын тез күрделене түседі. Бір дәрісті жіберіп алған студент үшін келесі тақырыпты түсінуі қиынға соғады. Бір-екі тақырыпты түсінбей қалған білім алушының әрі қарай пәнге деген қызығушылығы ортайып, пәнді меңгеруге талабы жойылып, берілген тапсырмаларды, өзіндік жұмыстарды басқа адамдарға тапсырыс беріп орындай салуға бейімделе бастайды. Қазіргі кезде сызба геометрия, сызу, машинажасау сызбалары бөлімдері бір-ақ семестрде біріктіріліп өткізіледі. Сондықтан білім алушыларға сызба геометриямен қатар сызуды да үйренуге тура келеді. Мектептен сапалы графикалық дайындығы жоқ білім алушылар үшін көбірек дайындалу қажет болады, ал бұл өз кезегінде олар үшін қосымша салмақ болады.

Сызба геометрияда абстрактілі объектілер: нүктелер, түзулер, беттер қарастырылады. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуінің бір себебі: қарастырылып жатқан есептің тәжірибеде қандай қолданыс табатыны туралы күмәні. Сондықтан дәрісте болсын, зертханалық сабақта болсын геометриялық объектілерді тәжірибеде қолданылатын объектілермен ұштастыра отырып, сызба геометрияның қарастырылып отырған бөлімінің тәжірибелік маңызын жеткізе білу керек. Позциялық және метрикалық есептерді мүмкіндігінше тәжірибеде қолданылатын мысалдарға жақын етіп беру керек [1].

Геометриялық-графикалық дайындығы өте төмен білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында оқытушылар да графикалық пәндерді жүргізу әдістемесін жетілдіру бағытында қызмет етуде. Бұл мәселені шешу бакалаврларды графикалық дайындаудың мынадай ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Біріншіден, оқу материалының жоғары абстрактілігімен

ерекшеленетін геометриялық-графикалық дайындау процесі білім алушылардың кәсіптік білім алуға адаптоция кезеңімен сәйкес келеді. Екіншіден, білім алушылардың геометриялық-графикалық дайындығы инженерлік ойдың жоғары деңгейін сипаттайтын қасиеттері болып табылатын кеңістік ойлау қабілетін дамытуына, конструктивтік-геометриялық шешу, кеңістік пішімдерді сараптау мен синтездеуге дағдылануларына бағытталған.

Осындай жағдайда оқу үдерісін білім алушылардың геометриялық-графикалық дайындығының сапасын төмендетпейтіндей етіп ұйымдастыру қажеттілігі туады. Бұл жерде әрине білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы зор. Графикалық пәндерді оқытуға бөлінетін кредиттер санының, уақыттың аз екенін ескерсек, құрылысшы бакалавр мамандарын сапалы даярлауда оқу жұмысының негізгі түрі ретінде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ерекше маңызы бар [2].

Білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастыруды жоғары оқу орнындағы бірінші сабақтан бастау керек және оқытудың барлық түрін: дәріс, зертханалық сабақтар, емтихан және т.б. қамту керек.

Университетте құрылыс мамандықтары үшін дәрістер мультимедиалық проектормен, компьютермен, экранмен және тақтамен жабдықталған арнайы аудиторияда жүргізіледі. Дәріс барысында білім алушылар экраннан презентация ретінде ақпарат алады. Кейбір тұрғызуларды оқытушы тақтада сызу құралдарының көмегімен орындайды. Оқу үдерісінде компьютерлік технологияларды енгізу оқу материалын көрнекті баяндауға, есептерді шығаруда амалдарды динамикада көрсетуге, білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Дәріс тақырыбын жақсы меңгеру үшін білім алушылар мынадай өзіндік жұмыстар жасау керек: дәріс конспектісін жүргізу, дәріс тақырыбы бойынша әдебиеттерді, электрондық оқу құралдарын, оқулықтарын қолдану.

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда электрондық оқу-әдістемелік кешеннің маңызы зор. Электрондық оқу-әдістемелік кешен мазмұны құрылыс мамандықтары бойынша мамандарды даярлаудың жұмыс бағдарламасына сәйкес болуы және бакалаврлардың графикалық компетенцияларын қалыптасуына ықпал ету керек. Электрондық оқу-әдістемелік кешенде білім алушылардың өзіндік жұмысының мазмұны және өзіндік графикалық жұмыстардың тапсырмалары мен оларды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар берілу керек. Ақпараттық технологияларды қолдану білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, ақпараттық мәдениетін қалыптастырады, қажетті ақпаратты электрондық кітапханалардан алуға мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыстарды орындау жоспары кестесі бакалаврлардың геометриялық-графикалық даярлау сапасын жоғарылатуға едәуір ықпалын тигізеді. Білім алушылар материалды игерудің әдістемесі мен жұмысты тиімді ұйымдастыру нұсқауларын басшылыққа ала отырып өзіндік жұмыстарын өздері жоспарлаулары керек. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарында үй тапсырмаларын орындау жұмыстарының орны ерекше. Әр тапсырма білім алушыларға берілген тақырып бойынша аудиториядағы тәжірибелік сабақтың соңында беріледі. Әрбір орындалған үй жұмысы жүйелі түрде тексерілуі керек. Бұл білім алушылардың жүйелі түрде жұмыс істеуіне, өз білімдерін жетілдіруге ынталандырады. Орын алған қателіктерді білім алушылар міндетті түрде өз беттерінше түзетулері керек. Қателері болмаған кезде оқытушы бір-екі сұрақ қоюмен білім алушының орындаған жұмысын түсіну деңгейін анықтау керек. Үй жұмыстары міндетті түрде бағалану керек. Үй жұмыстарын бағалаудың негізгі көрсеткіштері: жұмыстың дұрыс орындалуы, білім алушылардың түсінуі, графикасының сапасы, ұқыптылығы және тапсыру мерзімі [3].

Білім алушылардың өзіндік жұмысын орындау барысында оларға кеңес берудің, яғни консультацияның орны ерекше. Кеңес беру арқылы оқытушы жеке білім алушыларға немесе шағын топтарға оқу материалын меңгеруге көмектеседі. Кеңес беру аудиториялық тәжірибелік сабақтар кезінде, емтиханның алдында және арнайы кесте бойынша жүргізіледі. Тәжірибелік сабақ кезінде кеңес беру қажеттілігі топ білім алушыларының көпшілігінің берілген есепті шығару барысында немесе тақырыпты түсінуінде қиындықтар пайда болған кезде жасалады. Бұндай жағдайда топтық консультация жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар жекелеген білім алушылардың бағдарламаның кейбір сұрақтарын түсінбеуі орын алып жатады. Ондай білім алушыларға мүмкіндігінше жеке кеңес беру жүргізілуі тиіс. Сондықтан семестр бойы кеңес беруді белгілі бір кесте бойынша жүргізілетінін семестрдің басында білім алушыларға хабарлап қою керек. Университетте кеңес беруді оқытушының офистік сағаттары кезінде жүргізіледі. Кеңес беру кезінде білім алушының білімі бағаланбауы керек, өйткені бұл білім алушылардың консультацияға келмей қоюына әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар жақсы үлгеріп жүрген және өз білімдерін тереңдеткісі келетін білім алушыларға да офистік сағаттар кезінде кеңес беру жүргізіледі.

Өзіндік жұмыс арқылы білім алушылардың ақпараттық-білімді сапасын арттыру, тәжірибелік қабілеттерін дамыту мен мамандық бойынша білімдерін кеңейту мүмкіндіктері беріледі. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білім алушылардың оқу жұмысының негізгі бөлімі болып табылады, танымдылық қызметтерін белсенді етеді, графикалық пәндерді оқуда жүйелілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді, болашақ мамандардың шығармашылық белсенділігін арттырып, оқу процесіне деген ынтасын

жаңа деңгейге көтеруге, өзгеріске дайындықтарын қамтамасыз ету арқылы оларға мамандық бойынша жұмысқа орналасуларына және іске қабілеттілікттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Ыбраев А. Инженерлік графика. Техникалық жоғары оқу орындары мамандықтарының білім алушыларына арналған оқулық. - Алматы, «Білім», 2005. - 248 б.

2. Жуйкова О.В. Организация самостоятельной работы студентов технического вуза при изучении графических дисциплин//Журнал «Знание. Понимание. Умение» - 2013. -№2-С.288-293 с.

3. Коджаспирова Г.М. Педагогика. - М.: Издательство КноРус, 2010. - С. 636-645.

ӨӘЖ: 316.628(045)

Салық ауыртпалығы: оның компоненттерін анықтау және сипаттамасы

Муратбаева Г.А., э.ғ.к. аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
Смайлов М.О., э.ғ.м, аға оқытушы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қаласы

Резюме

В нашей стране с каждым годом возрастает необходимость эффективного управления налоговыми платежами, которое позволяет не только получить дополнительные финансовые ресурсы, но и минимизировать налоговые риски, а следовательно, повысить конкурентоспособность отечественных налогоплательщиков. Особого внимания заслуживает налогообложение хозяйствующих субъектов в условиях экономического кризиса, т.к. именно посредством налоговых инструментов государство способно регулировать и стимулировать экономику.

Abstract

In our country, the need for effective management of tax payments increases every year, which allows not only to obtain additional financial resources, but also to minimize tax risks, and consequently, to increase the competitiveness of domestic taxpayers. Special attention should be paid to the taxation of economic entities in the conditions of the economic crisis, because it is through tax instruments that the state is able to regulate and stimulate the economy.

Экономикалық дағдарыс тұсында мемлекеттің ендігі ұстанар бағыты халқымыздың әл-ауқатын төмендетпей, ел экономикасын тұрақтылығын сақтау болып табылады. Осы орайда ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын шаруашылық жүргізуші субъектілер деп атасақ, олардың мемлекеттік алдындағы салық міндеттемесін орындау барысында туындайтын салық ауыртпалығы деген көрсеткішті тыс қалдыруға болмайды.

Салық ауыртпалығы нақты уақыт аралығындағы салық мөлшерінің сол аралықтағы салық салынатын субъектінің табысына қатынасымен өлшенеді. «Салықтық ауыртпалық» ұғымының тағы бірнеше анықтамаларын қарастырайық.

1.Макроэкономикалық деңгейде салықтық ауыртпалық бұл – қоғамның өмірінде салықтың рөлін сипаттайтын және салықтық жинаулардың жалпы соммасының ұлттық өнімнің жиынтығына қатынасы ретінде анықталатын жалпы көрсеткіш.

2.Салықтық ауыртпалық ұғымы бір бүтін мемлекет үшін алынатын салықтың жалпы сомасының ұлттық өнім жиынтығының көлеміне қатынасы ретінде, ал жекелей салық төлеуші үшін – бар есептелген салықтар мен салықтық төлемдердің сатылым көлеміне қатынасы ретінде түсіндеріледі [1].

Салық ауыртпалығының шығу тарихына келетін болсақ, ресми түрде аталып отырмаса да салық пайда болған десек артық болмас еді. Себебі салық төлеуші салық және тағы басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеу барысында қандай да бір өз игілігінің бөлігін мемлекетке қайтарымсыз береді. Соның нәтижесінде салық төлеуші белгілі бір көлемде шығын жасайды. Міне осы сипатта салықтар тауар-ақша қатынастарының ахуалына әсер етеді де, кез-келген салық белгілі бір көлемде салық төлеушіге өз ауыртпалығын тигізетіндігі көрініс береді. Салық ауыртпалығы шаруашылық субъектілерінің дамуына немесе құлдырауына үлкен қозғаушы күш болып табылады.

Салық ауыртпалығын жоғарылату шаруашылық субъектілерінің өндірісінің дамуына тежеуші әсер береді де, қандай да бір жеңілдіктердің берілуі кәсіпорынның өсіп, өркендеуіне мүмкіндік береді.

Салық ауыртпалығының деңгейіне әсер ететіндер: салық салу мақсатындағы келісім және есептік саясаттың элементтері; □ салық жеңілдіктері; салық элементтеріне тікелей әсер ететін мемлекет жүргізетін инвестициялық, бюджеттік және салық саясаттарының негізгі даму бағыттары; салық және міндеттермелер бойынша алынатын бюджеттік, инвестициялық және салықтық несиелер;

Қазақстан Республика территориясындағы оффшорлық немесе еркін экономикалық аймақтарда орналасқан шаруашылық субъектілердің бизнесі.

Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде салық ауыртпалығы бірнеше түрге бөліп қарастырылады: экономиканың (мемлекеттік тұрғыдан)

салық ауыртпалығы, халықтың салық ауыртпалығы және жұмысшы мен кәсіпорындардың салық ауыртпалығы. Осылай бөлу арқылы қалыптасқан иерархияны ұстана отырып, салық ауыртпалығын екі аспектіде қарастыруға болады: макродеңгей, яғни салық салу ауыртпалығының тұтастай бір елге (экономикаға және тұтастай халыққа тигізетін әсерін қарастыратын болса), микродеңгей – аталған ауыртпалықтың әлеуметтік топтарды құрайтын жұмысшының және қандай да бір кәсіпорындардың көтеретін салық ауыртпалығын қарастырады [4].

Халықтың салық ауыртпалығын экономист-ғалымдар түрліжолдармен анықтауды ұсынады. Салық ауыртпалығын сипаттайтын анықтаманың басқа нұсқасын М.И. Литвин ұсынды, оның нұсқасы бойынша «салық ауыртпалығына» мыналар кіреді: Σ салық төлемдерінің саны; \square төлемдердің құрылымы;

М.И.Литвин ұсынған салық ауыртпалығын есептейтін әдістемесінде тиімді маңыздылық орын алады, өйткені ол кәсіпорынның пайдасының салық үлесін, сонымен қатар еңбекақы, амортизация, салық және шығарылған өнімнен түскен әр теңгенің пайдасының үлесін есептеуге мүмкіндік береді. Кері жағы салықтардың құрамына жеке тұлғалардың табыс салығының кіруінде, дегенмен ұйым салық агентінің рөлін атқарады.

М.И. Литвин ұсынған әдістемесінде салық ауыртпалығы салық және басқа да міндетті төлемдер санымен кәсіпорындағы салықтардың құрылымымен және салық салу механизммен байланысты. Кәсіпорындағы салық ауыртпалығын мынадай формула арқылы есептеуге болады:

$$T = ST / TV \times 100 \%,$$

мұндағы ST – барлық салықтардың сомасы;

TV – салықтарды төлеу үшін арналған қаржы сомасы.

Жалпы салықтар сомасына барлық төленген салықтар кіреді: ҚҚС, акциздер, табыс салығы, мүлік салығы, жер салығы және т.б. [1].

Салықтарды төлеуге арналған қаржы сомаларына кәсіпорынның әр түрлі кірістері кіреді, оларға: сатудан түскен табыс, қалыптасу, бөлу процестері кезінде түскен пайдалар, жұмыскерлердің табыстары және т.б.

Дәл бұл әдіс арқылы әрбір нақты экономикалық субъектің ерекшелігін қарастыруға болады. Сонымен қатар, бұл әдісте әрбір кәсіпорынның ерекшелігі ескеріледі, яғни оның амортизациялық аударымдар үлесі, еңбек шығыны, қосылған құндағы материалдық шығындар. Алайда салық ауыртпалығын есептегенде жеке табыс салығын және жұмыскерлердің табыстары сияқты көрсеткіштерді қосу орынсыз.

М.Н. Крейнинаның салық ауыртпалығын анықтау әдістемесі салық пен оның көзін салыстыруға негізделеді [1]. $CA = (\Theta\Theta T - \Theta\Theta\text{Ш} - \text{НП}) / (\Theta\Theta T - \Theta\Theta\text{Ш}) \times 100\%$ немесе $(\Theta\Theta T - \Theta\Theta\text{Ш} - \text{НП}) / \text{НП} \times 100\%$,

мұндағы $\Theta\Theta T$ – өнім өткізуден түскен түсім; $\Theta\Theta\text{Ш}$ – өнім өндіру шығыны (салықтарсыз); НП –салық төлеушінің салық төлегеннен кейін, иелігінде қалатын нақты пайдасы.

Төлену көзіне байланысты әр салық тобы өзінің салық ауыртпалығын анықтау критерийіне ие және тура салықтардың салық төлеуші қызметінің нәтижесіне тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Алайда жанама салықтардың салық ауыртпалығындағы үлесін жетіктікті деңгейде анықтаудың мүмкін болмауы бұл әдістеменің кемшілігі болып танылады.

Субъектінің салық ауыртпалығы туралы нақты ақпарат беретін жеке көрсеткіштерге өзіндік құн, өнім өткізуден түскен түсім, қаржы нәтижесі, таза пайда тәрізді көрсеткіштер енгізілген. Осыған сәйкес, салық ауыртпалығын дербес анықтайды. Т.К. Островенко ұсынған әдістеменің артықшылығы ретінде субъектінің қаржы есептілігінде келтірілген көрсеткіштердің барлығының қамтылуын атауға болады [3].

Кез-келген ұйым үшін өз билігінде нақты қаржы қорлардың бар болуы маңызды. Пайда сомасын есептеу әдісімен анықтағанда, нәтижесінде қосылған құн тиелген өнім көлеміне байланысты анықталады. Бірақ шаруашылық жүргізуші субъектінің жиналып қалған дебиторлық қарызы ұзақ мерзімге дейін өтелуі әбден мүмкін. Осыған орай, егер де ұйымның дебиторлары өнімнің ақшасын уақытылы төлеген жағдайда ағымдағы уақытта сатылған өнімнен түскен ақша әлдеқайда жоғары болар еді. Алынбаған ақша қаражаттарының өтемақысы ретінде, ұйымдар банктен кредит ретінде қарыз алуларына мәжбүр болады немесе кредиторлық қарыздарын жинақтауға тура келеді [4].

А.Кадушин және Н.Михайлова келесідей құрылымдық коэффициенттерді енгізді:

$K_{\text{ққ}}$ – жалпы пайдадағы қосылған құнның үлесі:

$K_{\text{ққ}} = \text{ҚҚ}/\text{ЖП}$, мұндағы ЖП – жалпы пайда;

$K_{\text{ққ}}$ –қосылған құн. $K_{\text{кеш}}$ – қосылған құндағы еңбекақыны төлеуге кеткен шығындардың үлесі:

$K_{\text{кеш}} = \text{ЕШ}/\text{ҚҚ}$, мұндағы ЕШ–еңбекақыны төлеуге кеткен шығындар;

$K_{\text{кат}}$ – қосылған құндағы амортизациялық төлемдердің үлесі.

Е.А.Кированың әдістемесі бойынша салық ауыртпалығы абсолютті және салыстырмалы болып жіктеледі. Абсолютті салық ауыртпалығы барлық салықтар мен бюджеттен тыс қорларға төленген төлемдердің қосындысы негізінде анықталады:

$$ACA = C + BT + CK,$$

мұндағы ACA – абсолютті салық ауыртпалығы;

C – салық төлемдері;

BT – бюджеттен тыс қорларға төлем;

СҚ– салық бойынша қарыздар сомалар. Бұл жиынтық сома салық төлеушінің жалпы төлеген салық міндеттемесінің сомасын көрсеткенімен де, салық ауыртпалығын анықтамайды. Ол үшін Е.А. Кирова қайта құрылған құнды негізге ала отырып салыстырмалы салық ауыртпалығын анықтауды ұсынады [2].

$$\text{ҚҚҚ} = \text{ӨӨТ} - \text{ӨӨШ} - \text{А} + \text{ӨӨТТ} - \text{ӨӨҚШ} \text{ немесе } \text{ҚҚҚ} = \text{ЕШ} + \text{С} + \text{БТ} + \text{П},$$

мұндағы ҚҚҚ – қайта құрылған құн;

ӨӨТ– өнім өткізуден түскен түсім (ҚҚС-мен);

ӨӨШ– өнім өндіру шығыны;

А– амортизация;

ӨӨТТ – өнім өткізуден тыс түскен түсім;

ӨӨҚШ– өнім өндіруге қатысы жоқ шығындар (салықтарсыз);

ЕШ– еңбек ақы төлеу шығындары;

С– салық төлемдері;

БТ– бюджеттен тыс қорларға төлем;

П– пайда.

Нәтижесінде салыстырмалы салық ауыртпалығы:

$$\text{ССА} = (\text{АСА} / \text{ҚҚҚ}) \times 100 \%,$$

мұндағы ССА – салыстырмалы салық ауыртпалығы;

АСА – абсолютті салық ауыртпалығы;

ҚҚҚ – қайта құрылған құн.

Бұл әдістеменің артықшылығы ретінде салық ауыртпалығының қызмет ету саласынан тәуелсіз барлық субъектілерге қолдану мүмкіндігін әрі объективті есептелетінін айтуға болады. Алайда, салық ставкасының, жеңілдіктерінің өзгерісінің болашақ көрсеткіштерге қалай әсер ететінін болжаудың мүмкін болмауын аталмыш әдістемесінің кемшілігі ретінде атауға болады. Біздің ойымызша, салық ауыртпалығын есептейтін осы әдістерді салыстырсақ, М.И.Литвин ұсынған әдістемесінде–барлық салықтардың сомасы мен салықтарды төлеу үшін арналған қаржы сомасы көрсеткіштері қолданылады, ал А.Кадушкин мен Н. Михайловалар салық ауыртпалығын есептегенде қосымша құрылымдық коэффициенттер енгізіліп, осы коэффициенттер арқылы салық ауыртпалығын есептеуге болады. Бірақ ең қиын есептелінетін әдіс– А.Кадушкин мен Н. Михайловалар ұсынған әдістемесі. Демек, нақты субъектінің салық ауыртпалығын анықтау барысында бір әдіспен ғана шектелмей, салыстырмалы түрде бірнеше әдістерді қолданғаны дұрыс. Нәтижесінде бұндай есептеулер барынша нақты мәлімет алуға, ағымдағы және болашақтағы оңтайлы басқарушылық шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді [1].

Әдебиет

1. https://kainar-edu.kz/cms/uploads/file_1620047545_442610687.pdf .

2. Содержание понятия налогового бремени и факторы, на него влияющие: // <http://distribut.net/article/a-183-2.html>.
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>.
4. Салық және салық салу: Электронды оқулық. 2021 жыл

ОӘЖ 316.6-053.5:37.015.3

Жасөспірімдерге буллинг жасаудың әлеуметтік себептері

Сейлханов Ә.А., магистрант,
Усайнова Г.М., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» Университеті

Резюме

В этой статье рассматриваются социальные причины буллинга для подростков. Анализируются различные факторы социальной среды и общества, а именно семейное положение, школьные отношения, давление со стороны сверстников и влияние интернета, которые побуждают подростков быть более склонными к издевательствам. Также подчеркивается важность роли родителей, учителей и общества в предотвращении буллинга.

Abstract

This article discusses the social reasons for bullying teenagers. Various factors in the social environment and society — namely marital status, school relationships, peer pressure and the influence of the internet — are analyzed that motivate adolescents to be more prone to bullying. The importance of the role of parents, teachers and society in the Prevention of bullying is also emphasized.

Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі өзекті болып отыр. Буллинг — бұл жүйелі түрде біреуді қорлау, кемсіту немесе психологиялық қысым көрсету әрекеті. Бұл жағдай жасөспірімнің психикалық денсаулығына, өзін-өзі бағалауына және болашақ өміріне елеулі кері әсерін тигізеді. Буллинктің туындауына түрлі себептер бар, соның ішінде әлеуметтік факторлар үлкен рөл атқарады. Осы мақалада жасөспірімдерге буллинг жасаудың әлеуметтік себептері мен олардың қоғамдағы көріністері қарастырылады.

Жасөспірім кезеңі — адам өміріндегі еңқиын даму кезеңі. Дәл осы кезеңде адам амуының барлық негізгі сипаттамалары белсенді түрде дамып өзгереді: биологиялық, физиологиялық, тұлғалық, психикалық және әлеуметтік. Өзгерістер тұлғалық және оқу іс-әрекетінде, құрдастарымен, мұғалімдермен және ата-аналармен қарым-қатынаста болады [1].

Жасөспірімде физикалық мүмкіндіктер артады, жыныстық жетілу басталады, гормоналды өзгерістер орыналады, сыртқы түрі мен мінез-құлқы өзгереді.

Бұл кезеңде тұлғаның маңызды жаңа формациясы - өзін-өзі танудың, өзіндік тұжырымдамасының, өзін, өзінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін, басқа адамдармен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсінуге ұмтылудың жаңа деңгейін қалыптастыру [6] бастау алады. Жаңа формацияда ересектік сезімі ретінде пайда болады; жасөспірім өзін ересек адам ретінде елестете бастайды және өзін ересек адам сияқты ұстауға тырысады [2].

Осы өзгерістердің фонында жаңа қажеттіліктер пайда болады, қызметтің жетекші түрі өзгереді, жасөспірім үшін құрдастарымен қарым-қатынас және олардың пікірлері маңызды болады, осыған байланысты көптеген конфликттер туындайды.

Жасөспірімдер шиеленісті жағдайларды айыптау, агрессия және талап ету түрінде шешеді. Олар зорлық-зомбылықтың басым түрлерін пайдаланады: психологиялық және физикалық [7]. Қақтығыстарды жеңуге тырысып, жасөспірімдер психологиялық қорғаныс, эмоционалды және агрессивті реакция, физикалық қалпына келтіру және рефлексия сияқты механизмдерді пайдаланады.

Бұл жаста сыртқы қақтығыстар, яғни құрдастарымен, айналасындағы адамдармен және жасөспірімдік кезеңге байланысты тұлға ішілік конфликтілер орын ала бастайды. Л.Бризендин жасөспірімдерде біржағынан гормондық өзгерістердің күшеюі, ал екінші жағынан ересек өмірге өту кезіндегі әлеуметтік бейімделу барысында түрлі проблемалардың пайда болуын баса айтады [5]. Ұлдар мен қыздар бұл кезеңді әртүрлі бастан кешіреді. Ұлдарда бәсекеге қабілеттілік рухы қалыптасады, оларда көшбасшылық үшін күресе бастайды, агрессия деңгейі, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі растау жоғарылайды, өз бетінше оқуға және компьютерге көбірек уақыт бөлуге ұмтылыс пайда болады.

Қыздар үшін эмоционалды өмір маңыздырақ болады, сыртқы әлеммен және олардың сыртқы келбетімен тәжірибе жасау қажеттілігі оянады, құрдастарымен қарым-қатынас және жақын достық, өсек-аяндарды тарату және досымен сырларын бөлісуге ұмтылу бірінші орынға шығады. Жақын қарым-қатынастармен жанжалдардың жоғалуы жалғыздық немесе жоғалту сезімін күшейтеді. Ұзақ мерзімді телефон байланысы олар үшін жаңа байланыстар орнату және күйзелістен арылу құралы болып табыла бастайды [6].

Жасөспірімдердің бұл көріністері олардың эмоционалды тұрақсыздығын ескере отырып, жанжалды жағдайлармен қорқыту жағдайларының пайда болуына әкеледі. Көптеген зерттеушілер қыздарға қарағанда ұлдар агрессивті мінез-құлыққа бейім екендігімен келіседі; олардың арасында физикалық және жанама агрессия басым болып келеді.

Жасөспірім қыздарда сөздік агрессия, күдік, ашушандық, негативизм және дұшпандық басымырақ болады. Олар өздерінің агрессиясын жасырын түрде білдіруге тырысады. Бұл ұлдардағы агрессивті мінез-құлықты қоғамда мақұлдаумен және қыздардағы ұқсас мінез-құлықты айыптаумен байланысты деп болжайды.

Ұлдарда қорқыту жағдайын тудыратын себептердің бірі-мойындау мен көшбасшылыққа ұмтылумен бір мезгілде пайда болатын кемшілік кешені. Бұл топтың әлсіз мүшесін басу арқылы басқалардың мойындауына қол жеткізу қажеттілігінің дамуына әкелуі мүмкін [7].

Зерттеушілер «құқықбұзушы» рөлін атқаратын ұлдардың жеке ерекшеліктері туралы әртүрлі пікірлер айтады. Кейбіреулер олардың бойындағы қорқыныштардың, үрейлердің және алаңдаушылықтың, стандарттылықтың, қарапайымдылықтың, шешім қабылдау кезінде пайымдаулар мен көзқарастардың сәйкестігінің болуы, оқшаулану, адамның ішкі әлемінің басқалардан құпиялылығы, өз-өзіне күмәндану, өзінің дұрыстығына күмәндану және өзін-өзі растауға бейімділікті туа пайда болған деп санайды.

Басқа зерттеушілер отбасы тәрбиесінің стиліне қарамастан, «құқықбұзушылар» импульсивті екенін айтады. Баланың жеке басының қалыптасуына отбасының ықпалы зор екенін жоққа шығаруға болмайды, жасөспірім агрессивті мінез-құлықты ата-анасынан көшіре алады, әсіресе отбасында эмоционалдық тұрақсыздық болса және физикалық жазалау мен зорлық-зомбылық қолданылса [3].

Қыздардағы қорлау жағдайында қылмыскер позициясын қабылдаудың себептері гормоналды теңгерімсіздікпен, көшбасшы болуға ұмтылумен, феминистік көзқарастармен, агрессивті спортпен айналысумен немесе зорлық-зомбылықты бастан кешіргеннен кейін қорғаныс реакциясымен байланысты болуы мүмкін. Басқа себептерге отбасылық проблемалар, авторитарлық әке немесе анасының болмауы жатады.

Мұндай қыздарға эгоцентризм, алаңдаушылық, демонстративтілік, назар аударуға ұмтылу, жетілмегендік және эмоционалды жетілмегендік сияқты тұлғалық қасиеттер тән. Олар басқалармен тұрақсыз қарым-қатынасқа, негативизмге, кінәлауға, бейімділікке, фрустрацияға, агрессивті реакцияларға және тұрақсыз өзін-өзі бағалауға бейім [3].

«Құқық бұзушы» рөлін ойнайтын қыздар келемеждеу арқылы қорлау жағдайларын жасайды, «жәбірленушіге» қарсы интригалар жасайды, олар «жапсырмаларды» жабыстырады және қорлайтын лақап аттар береді. Кейбір қыздар, әсіресе еркектік қасиеттері бар қыздар физикалық агрессивті болуы мүмкін.

Жасы ұлғайған сайын ұлдарда агрессивті мінез-құлық төмендейді, ал қыздардың агрессивті мінез-құлыққа бейімділігі артады.

Жалпы қорлаудың себептері: жасөспірімдік шақ, гормоналды теңгерімсіздік, басқаларды кемсіту арқылы көшбасшылыққа және мойындауға ұмтылу, отбасылық тәрбиедегі проблемалар, сондай-ақ тәжірибелі зорлық-зомбылықтан қорғаныс реакциясы.

«Құқық бұзушылар» көбінесе «жәбірленушілер» ретінде олардан физикалық және/немесе психологиялық тұрғыдан әлсіз адамдарды таңдайды. Қорқытудың «құрбандары» әдеттен тыс сыртқы түрі бар (тыртықтары бар, семіздіктері бар, көздері қысылған және т.б.), денсаулығында ақауы бар, қолайсыз отбасылардан шыққан немесе керісінше, өте ауқатты отбасынан шыққан жасөспірімдер, сондай-ақ өзін-өзі қорғай алмайтын тыныш және ұстамды адамдар болуы мүмкін.

Айта кету керек, балалар ғана емес, мұғалімдер де жәбірленуші рөлінде де, құқық бұзушы рөлінде де мектеп жағдайында қорқытудың қатысушылары бола алады. Бұзақылықтың дамуына отбасы тәрбиесінің әсері зор, ал жасөспірім орналасқан білім беру мекемесінің микроклиматы бұзақылықтың дамуына ықпал етеді.

Тәрбиешілер мен мектеп әкімшілері қасақана немесе басқаша түрде қорқытуға араласуы, қоздыруы немесе жеңілдетуі мүмкін. Бұл студенттерді қорлау, жағымсыз немесе мысқыл сөздер, қорқытатын қимылдар немесе оларға бағытталған өрнектер арқылы көрінуі мүмкін. Олар үлгерімі төмен оқушыларға қатысты болуы мүмкін немесе мектеп оқушыларының сыртқы түріне немесе шығу тегіне байланысты болуы мүмкін. Ересектердің көңілінен шығуға тырысатын студенттерді позитивті түрде бөлектеу де қорқыту жағдайын жасауға ықпал етуі мүмкін.

Жалпы айтқанда, жасөспірімдер арасындағы буллинг – тек жеке тұлғалық емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселе. Қоғамдағы әділетсіздік, отбасылық түсініспеушіліктер, құрдастар арасындағы қысым мен әлеуметтік желілердің әсері буллингтің туындауына себеп болады. Бұл мәселені шешу үшін ата-аналар, мұғалімдер және қоғам болып бірлесе жұмыс істеу қажет. Тек осылай ғана жасөспірімдердің қауіпсіз әрі қолдауға толы ортада өсуіне мүмкіндік жасай аламыз.

Әдебиет

1. Райс Ф. Жасөспірімдік және жастық шақ психологиясы/Ф. Күріш. - 2000.-420б.
2. Ремшмидт Х. Жасөспірімдік және жасөспірімдік шақ: тұлғаны қалыптастыру мәселелері / Х.Ремшмидт. – М., 1994 ж.
3. Руланд Е. Мектептегі қорлауды қалай тоқтатуға болады: Моббинг психологиясы. – М.2012. – 264 б.
4. Рык А.И. «Қорқыту» құбылысының терминологиялық өрісі.

BDPU жаңалықтары. 1-шығарылым. No2. 2015. – 30-33 б.

5. Берковец Л. Агрессия. Себептері, салдары, бақылау. М., 2001.-512 б.

6. Макарова Ю.Л. Жасөспірімдердің қорқыту құрылымдарына қатысушылардың мінез-құлқының гендерлік сипаттамалары // Психология. Тарихи-сыни шолулар және заманауи зерттеулер. 2017. Т. 6. No 5А. 181-192 б.

7. Петросянц В.Р. Қазіргі білім беру ортасындағы қорқыту мәселесі//Томск мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысы. 6-шығарылым (108) 2011 ж. 151-154 б.

ОӘЖ 159.9.072.42

Жасөспірімдердің агрессивті мінез құлқын алдын алу және оларға көмек көрсету

Күзенбаев Ж.Н., магистрант,
Сейлханов Ә.А., магистрант,
Усайнова Г.М., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» Университеті

Резюме

В этой статье рассматриваются причины агрессивного поведения среди подростков и способы его предотвращения. Проанализированы психологические, социальные и семейные факторы, способствующие возникновению агрессии, подчеркивается важность своевременной помощи подросткам. Также будут предложены эффективные профилактические подходы и механизмы поддержки.

Abstract

This article discusses the causes of aggressive behavior among adolescents and ways to prevent it. The psychological, social and family factors that contribute to the appearance of aggression are analyzed, and the importance of timely assistance to adolescents is emphasized. Effective prevention approaches and support mechanisms are also proposed.

Бүгінгі таңда агрессия соның ішінде жасөспірімдердің агрессиялық мінез-құлық мәселесіне психологиялық зерттеулерге үлкен орын беріліп, белсенді ғылыми-практикалық тұрғыдан ізденістер талап етілуде. Жеткіншектер әлемінде жиі жағдайда қарым-қатынастағы шиеленістер, мазасыздану, тұлғалық даму мен мінез-құлықтағы ауытқулар, агрессия міндетті түрде кездесетіні баршамызға мәлім.

Қазіргі кездегі бала агрессиясы біздің өмір жағдайымыздың бүгінгі өзекті мәселесі, ол нақты психологиялық ерекшеліктерді қозғайды, ол баланы қоршаған адамдарға ғана тиесілі болмай (ата-

аналары, тәрбиешілер, мұғалімдер, құрбылары), баланың өзіне және қоршаған ортамен қарым- қатынасында елеулі қиыншылықтар тудырады. Агрессия бала дамуында сәтсіздіктерге әкеліп соқтырады. Соңғы уақытта қоғам балалардың ауытқушылық мінез-құлқы ретіндегі қатігездік, агрессиялық жағымсыз асоциалды мінез-құлықтарын интенсивті түрде зерттеуді талап етіп отыр. Осындай ауытқушы мінез-құлықтың дамуына ықпал ететін факторларды зерттеу – психология ғылымының негізгі мәселері [1].

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын оқушылардың әрқайсысының өзіне тән жеке даралық ерекшеліктері бар. Сондықтан мектеп психологі алдында тұрған проблемаларының бірі – тиімді көмек көрсету. Агрессивтілік мінез-құлық адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол барлық адамдарға тән: балаларға және олардың ата-аналарына, өмірді жаңа бастаған жасөспірім қыздар мен ұлдарға, ересек, орта және кәрі жастағы адамдарға, әртүрлі мамандық иелері мен әртүрлі жағдайдағы мінез-құлыққа байланысты агрессия туындап отырады.

Психологиялық-педагогикалық міндеттердің бірі жеткіншектердің психикалық дамуындағы өзгерістердің себептерін тауып қана қоймай, оны түзету мен алдын алу жұмыстарын жүргізу де өте маңызды. Сондықтан да бұл жеткіншектерді анықтау мақсатында тек агрессивтіліктің деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен бірге агрессивті мінез-құлықтың алдын алу және түзету жұмыстарын жүйелі түрде жүргізген жөн [2]. Бала агрессивтілігінің алдын алу - бұл балалар мінез -құлығындағы агрессияны туындататын негізгі себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-дәрігерлік және ұйымдастырушылық-тәрбиелік іс-шаралардың әсер ету үдерісі.

Психолог Г.Қалиева "агрессия" және "агрессиялылық" деген екі ұғымның бір-біріне ұқсамайтын бөлек мағына деп қарастырады. Агрессия - бұл бөгде адамға болмаса, адамдар мен жануарлар тобына ниеттеліп тура бағышталған қиянат. Агрессиялылық – бұл жеке тұлғалық қасиет мінез-құлық, агрессияға дайындық көрінісі. Осылай түсіндіре келе, мұны былай тұжырымдауға болады. Егер агрессия – бұл әрекет болса, ал агрессиялылық осындай әрекетке дайындық болып табылады. Адамдағы агрессия мәселесі қазіргі біздің қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Қоғамдағы болып жатқан террор жәбірлеудің өсуі сияқты әлеуметтік-қауіпті құбылыстардың қатты белең алуына байланысты агрессия сұрағы зерттеудің негізгі объектісі болып отыр [3].

Агрессия құбылысы сапалық және сандық сипаттамаларға ие. Барлық қасиеттер сияқты агрессияда индивидтерде әртүрлі көрініс табады, біреулерде мүлдем жоқ болса, басқаларда шексіз дамиды. Ал оның шектен тыс дамуы конфликтіге, қоршаған ортамен өзара түсініспеушілікке әкеледі. Агрессивтіліктің көріну ауыртпашылығы

бір қатар параметрлермен анықталады (Ж.Қазбеков): агрессияның пайда болуының жиілігі және жеңілдігі; агрессия туындайтын ситуацияның адекватты емес дәрежесі; агрессияға екпін жасау; агрессивті әрекеттің асқыну дәрежесі. Агрессия жеңіл ситуацияда вербальды формада, ал ауыр ситуацияларды физиологиялық ауытқу және гетеро агрессия түрінде көрінеді [5].

Жеткіншектік ортада агрессивтілік тенденцияларының өсуі біздің қоғамымыздың әлеуметтік мәселелерінің ең бастыларының бірі. Соңғы жылдары жастар арасында қылмыстар жасау көбеюде, соның ішінде жеткіншектердің қылмыс жасауы ерекше назарда. Қатігездік мінездегі топтық төбелестер болатын жағдайлар жиілеп кетті. Бұл бірнеше жағымсыз факторлардың жиынтығынан тұрады:

- Балалардың әлеуметтік өмір жағдайларының төмендеуі;
- Отбасылық тәрбие дағдарысы;
- Патологиялық босанулардың нәтижесінде баланың бас миына зақым келгендіктен;
- Мектептегі балалардың жүйкелік-психикалық жағдайларына назар аудармауынан;

Агрессивті балалар- ең аз басқарылатын және терапияға нашар берілетін балалар контингенті. Агрессивтіліктің көрінуі көбінесе психикалық ауруларға шалдыққанда білінеді. Агрессивтілік ғылымда кездесетін ең бір өзекті де қиын мәселелердің бірі. Бұл жағдайды түсіндіруде ғалымдар көптеген көзқарастарға сүйенеді. Психология ғылымының дамуында адамдар агрессивтілігі түсінігі маңызды өзгерістерге ұшырап отырды. Балаларда агрессивтіліктің негізгі себептері: балалар үшін әлеуметтік қоршаған орта мәнді роль атқарады, ендеше балалардың агрессивті мінез-құлық себептерін олардың құрбылары мен тұлғааралық қатынастарында, сонымен қатар ол үшін референтті болып саналатын топта қабылданған әлеуметтік нормалар типтерінен іздеу керек [6].

Агрессивті жасөспірімдер-бұл көмекке мұқтаж және үлкендердің жылуын сезінбеген балалар тобы. Агрессивті мінез-құлықтың себептерін білместік, түсінбеушілік агрессивті жеткіншектердің ересектер және құрдастар тарапынан оларды ашық түрде жақтырмай, қабылдамауына алып келеді. Жеткіншектің агрессивтілігінің алдын алу дегеніміз-бұл баланың агрессивті мінез-құлқын туындататын әлеуметтік-психологиялық факторларға жол бермеуге бағытталған іс-шаралар. Тұлғаны түзету оның ауытқыған мінез-құлығындағы жағымды тұлғалық өзгерістерге жағдай жасау.

Жеткіншектің агрессивті мінез-құлқын түзету-бұл жеткіншек тұлғасының толыққанды дамуы және қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында агрессивті әрекеттерді анықтауға бағытталған психологиялық әсер ету.

Психологиялық түзету– мектеп психологының психологиялық әсер етудің арнайы құралдарының көмегі арқылы баланың агрессивті мінез-құлқын түзетуге бағытталған қызметінің бір түрі. Психологиялық түзетудің жеке және топтық түрін бөліп көрсетуге болады. Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде, соның ішінде мектептерде жеткіншек жастағы оқушылардың мінез құлқындағы агрессивті беталысты анықтау, түзету жұмыстары жүргізілуде. Психолог маман мұғалімдер мен ата-аналарға агрессияның не екендігін, оның көрініс беру факторларын, агрессивті баланың қандай күйде болатындығын жете түсіндіруі қажет. Жеткіншектің агрессивті мінез-құлқының жоғары деңгейін байқаған сәттен мектеп психологі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және ата-аналар осы бағытта бірігіп тығыз жұмыс жасауы қажет.

Қорыта келгенде оқушылардың агрессивтілігінің алдын алуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп басшылығы пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтар мен психологтардың агрессивті және «тәуекел топтардағы» балаларды ертерек анықтау бойынша тығыз өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуі керек.

Өкінішке орай, көп жағдайда психологиялық жұмыстар оқушылар мен пән мұғалімдерімен шектеліп жатады.

Ал ата-аналар жұмыс бастылыққа мойын болған осынау нарық заманында мектепке сирек бас сұғатын болғандықтан психологиялық кеңестер мен көмектерден қалыс қалып жатады.

Сондықтан да мектептегі психологиялық көмекті тек қана оқушылармен, пән мұғалімдерімен шектемей ата-аналарға берілетін кеңесті күшейту керек.

Ата-аналарға жеткіншектердің агрессивтілігінің алдын алу мен түзету жолдары жайындағы ұсыныстар буклет, брошюралар арқылы таратылса артық болмас еді.

Агрессия – жасөспірімдердің ішкі жан күйзелісінің көрінісі болуы мүмкін. Олардың мұндай мінез-құлқын дер кезінде байқап, себебін түсініп, қолдау көрсету – қоғамның, отбасының және білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі. Тиімді психологиялық көмек, дұрыс тәрбие, сенімді қарым-қатынас пен мейірімділік агрессияның алдын алуға септігін тигізеді. Сондықтан әр жасөспірімнің жан дүниесіне үңіліп, оларға уақытында көмек көрсету – олардың жарқын болашағы үшін аса маңызды қадам.

Әдебиет

1. Жолмаханов Б. “Қиын” оқушыны тәрбиелеу // Бала тәрбиесі № 5, 2005, 40-б.

2. Аязбекова Г. “Қиын” баланы тәрбиелеу жолдары // Білімдегі жаңалықтар №1, 2005, 30-б.

3.Қалиева Г. “Қиын” оқушы тәрбиесі//Қазақстан мектебі 2007, № 1 ,61-62 бет

4.Юсупова И. “Қиын” оқушы қайдан шығады//Қазақстан мұғалімі 2006 қараша,5.

5.Қазбеков Ж. “ Қиын ” бала тәрбиесі //Валеология 2007 № 3,18

6.Өтеген Қ. “Қиын” оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу// Бастауыш мектебі 2007 № 3, 3-6 б.

ӘОЖ: 004.8; 681.05

Жаңа дәуірдің білімі: STEM және робототехниканың тоғысуы

Алматова А.Т.,7М01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» БББ магистрі,
Усайнова Г.М., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» Университеті

Резюме

В этой статье рассматривается важность робототехники как основного направления образовательной системы STEM (наука, Технология, Инженерия, Математика). Образовательный процесс, созвучный современным технологиям, способствует развитию логических, творческих и технических способностей учащихся. Практическое освоение предметов STEM с помощью робототехники играет важную роль в подготовке будущих специалистов. В статье анализируются преимущества и место данного процесса в системе образования.

Abstract

This article discusses the importance of robotics as the main direction of the STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) education system. The educational process, consonant with modern technologies, contributes to the development of logical, creative and technical abilities of students. Practical mastery of STEM disciplines through robotics – plays an important role in the training of future specialists. The article analyzes the advantages and place of this trend in the education system.

Қазіргі таң STEM-білім берудің қарқынды даму кезеңі. Бұны STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына енуі дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды. Әрбір жекелеген пәндерді оқыту әдістемесіне ғылымның, технологияның, инженерия мен математиканың STEM деп

аталған бір оқу бағдарламасы аясында интегративті тәсілі негізінде инновацияны енгізу маңызды болып табылады.

STEM ағылшын тілінен аударғанда 4 сөздің қосындысы. Олар: ғылым, технология, инженерия және математика. Білім саласы бір орында тұрмайды. STEM Дүниежүзілік білім саласындағы жаңа тренд. Қазақстанға енді келіп жатыр. STEM қазіргі заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы деп айтуға болады. Өйткені, STEM қазіргі шет елдерде қарқынды дамып келе жатыр. Сол елдерде дамыған сайын, бәсекеге қабілетті ұрпақ та дамып отыр. Қазақстанда да бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті. Сол арқылы, ғылымға деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

STEM-мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудің негізгі тренді. STEM– оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату [1].

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды [2]. Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы. Ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

STEM білім беру дегеніміз не? Алдымен STEM деген сөздің мағынасын ашып алайық:

STEM қалай жіктеледі:

S – science (жаратылыстану ғылымы)

T – technology (технология)

E – engineering (инженерлік)

M – mathematics (математика), яғни осы салалардың жиынтығы.

«STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEAM меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлеу.

STEM-білім беру – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі

негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

STEM-тәсілінің ерекшелігі ондағы барлық пәндер өзара тығыз байланыста. Мысалы, біздің алдымызда ғарыш зымыранын ұшыру, көпір салу, мұнайды тазарту немесе роботты жинау міндеті тұр делік. Әлбетте, физика, химия, математика және бағдарламалаудың әртүрлі салаларында кең ауқымды таным мен дағды болмаса бұл қиындау. Сондықтан STEM пәндерді біріктіруде емес, «жобаларды» дайындайтын кезде оларды оқытудың бірыңғай сызбасына біріктіреді. Демек, интеграцияланған оқыту пәндер бойынша емес, тақырыптар, жобалар бойынша жүргізіледі. Осындай білім беру ортасында балалар білім алады және оларды дереу пайдалануды үйренеді.

STEM-оқытудың проблемалары: STEM-оқыту бойынша мұғалімнің біліктілігі мен дағдысының жеткіліксіздігі, STEM-бағдарламаларының жетіспеуі, мектеп түлектерінің STEM саласы бойынша дайындықтарының әлсіздігі, STEM сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастырудағы қиындықтар.

Пәндердің мазмұнын терең түсіну мақсатында STEM бойынша білімдерді кіріктіру маңызды, нәтижесінде білім алушылардың болашақта техникалық немесе ғылыми бағыттар бойынша мамандықты таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге әкеледі. Оқытудың өзі ғылыми принциптерді, технологияны, жобалау мен математиканы бір STEM-бағдарламасына біріктіретін проблемалық-бағытталған оқу әрекеті негізінде құрылуы қажет [3]. STEM тәсілі негізінде пәндер мазмұны, ортақ тақырыптар интеграциялық тұрғыда оқытылса төмендегі негізгі дағдылар мен құзыреттіліктер қалыптасады:

➤ Сұрақтар (ғылым) қою және міндеттерді қабылдау (инжиниринг).

➤ Модельдерді жасау және пайдалану.

➤ Зерттеулерді жоспарлау және жүргізу.

➤ Деректерді талдау және түсіндіру.

➤ Математикалық операциялар мен есептеулерді жүргізу үшін қажетті ойлау түрлерін дамыту және пайдалану.

➤ Түсіндірме (ғылымға негізделген) бере білу және жобалау шешімдерін таба білу (инжиниринг).

➤ Бар фактілердің негізінде дәлелдей білу.

➤ Ақпаратты алу, бағалау және дұрыс беру.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру робототехникасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды [4].

Робототехника – білім берудегі әмбебап құрал. Оны мектеп пәні ретінде, сабақтан тыс іс-шаралар ретінде және қосымша ретінде оқытуға болады. Барлық жастағы адамдарға сәйкес келеді, мектепке дейінгі балалардан бастап кәсіптік білімге дейін. Сонымен қатар, робототехникалық құралдарды пайдалана отырып балаларды оқыту – бұл ойын барысында оқыту және техникалық шығармашылық болып табылады және өздеріне сенімді, өз ісіне қызуғышылықпен және жауапкершілікпен қарайтын тұлғаларды тәрбиелеуге жетелейді. Білім беру робототехникасы адамдардың техникалық жағынан икемділігін ерте уақытта аңықтауға және осы бағытта өсуге көмектеседі. Робототехниканы бастауыш, жалпы орта, кәсіптік және жоғарғы білім беруде және арнайы оқытуда қолдануға болады.

STEM жүйесінің элементі ретіндегі робототехниканың қызықтырарлығы, оқушылар оқу барысында уақыттың көп бөлігін партада емес, өз жобаларын жасау, программалау, тестілеу, жаңарту үстінде болады [5]. Осы фактіні ескерсек, сабақ оқушыларға тиімді және қызықты болып өтуіне кепіл.

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

Қазіргі таңдағы дәлелденген ақпараттардан STEM-білім беруде робототехникасының үлесі зор екенін көруге болады. Мектепте информатика пәнін оқытуда робототехникасының кейбір элементтерін қолдануға болады. Мысалы, бағдарламалау тіліндегі «цикл» тақырыбын қарастырарда, Lego модуліндегі циклды пайдалануға болады. Нәтижесінде оқушылар Lego конструкторының кез келген қозғалыс әрекетін цикл бойынша орындағанын бақылап, бағалай алады. Бұл оқушының «цикл» ұғымы туралы өнімді түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әртүрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

Әдебиет

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ \ «Білімді ел – Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017.

2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане»\«Білімді ел – Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.

3. Интернетресурс: <https://kk.wikipedia.org>

4. Конюшенко С.М. STEM vs STEAM— образование: изменение понимания того, как учить/С.М. Конюшенко, М.С. Жукова, Е.А. Мошева//Известия Балтийской государственной академии рыбопромыслового флота: психолого-педагогические науки. —2018.- №2(44).-С.99-103.-URL:ссылкана ресурс https://www.elibrary.ru/download/elibrary_35248833_45946938.pdf

5. «Өрлеу» Бағо» Ақ Филиалы «Ақтөбе Облысы Бойынша Педагогикалық Қызметкерлердің Біліктілігін Арттыру Институты» «Робототехника: Табысты Болашақ Жолында» Облыстық Ғылыми-Тәжірибелік Конференцияның Жинағы Ақтөбе, 2018 Ж. ISBN 978-601-7954-18-5

ӘОЖ314.3 (574)

Қазақ билерінің қоғамындағы әділсот билігінің дәстүрлі мәдениеті

Серкебаев Д.Ж., аға оқытушы, з.ғ.м.,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В рамках традиционной правовой культуры казахского народа институт биев имеет особое значение. Они регулировали общественные отношения, справедливо решали внутренние споры и способствовали сохранению согласия и единства в обществе. Суд биев — уникальное явление, формировавшее правосознание народа и систематизировавшее самобытные казахские правовые нормы, опираясь как на искусство слова, так и на обычаи и традиции. Тем самым утверждались высокие нравственные ценности и превозносилась справедливость. Передававшийся из поколения в поколение опыт биев не ограничивался разрешением спорных вопросов, но также оказывал влияние на формирование у широких масс благоразумия и здравого смысла. В данном исследовании рассматривается место казахских биев в общественно-политической жизни, механизмы осуществления ими власти, а также преемственность традиционной правовой культуры в современной правовой системе.

Abstract

Within the framework of the traditional legal culture of the Kazakh people, the institution of biys holds special significance. They regulated social relations, fairly resolved internal disputes, and contributed to the preservation of harmony and unity in society. The biy court is a unique

phenomenon that shaped the people's legal consciousness and systematized distinctive Kazakh legal norms, relying on both the art of eloquence and customary traditions. In doing so, it upheld high moral values and extolled justice. The experience of the biys, passed down from generation to generation, was not limited to resolving contentious issues but also influenced the development of prudence and common sense among the broader populace. This study examines the place of Kazakh biys in socio-political life, the mechanisms by which they exercised authority, and the continuity of traditional legal culture within the modern legal system.

Дәстүрлі қазақ қоғамында билікке, мемлекеттік билікке деген көзқарас өзінің дүниетанымдығымен ерекшеленген. Қазақтар билікпен байлық өткінші дүние, мәңгілік емес деп түсінген. Сондықтанда билікте, байлықта адам басында мәңгі тұрмайды, уақытша ғана тұрақтайды деп есептеген Ұлы даланың дана халқы. Қорытындысын «байлық-біржұттық», «елге бай құт емес, би құт», «байлық не керек, адалдан жинамасан» т.т. екі ауыз сөзбен түйіндеген. Мұны қазақтың ойлау үрдісі, билікті бағалау әдісі деп түсінгеніміз жөн болар. Билік пен байлықты көшпелілер алдамшы құбылыс деп қабылдаған. Сондықтанда билікке қызығуды және оны өмірлік мақсат етуді жағымсыз әрекет деп түсініп қоғамдық сана оны қабылдамаған.

Оны бүгінгі Елбасымыздың бойынан да көруге болады. Денсаулығы мүмкіндік бергенше халқына қызмет етуге әзір екендігін мәлімдеді. Сөйте тұра өзінің президенттік өкілеттігін референдум арқылы 10 жылға созудың заңдық негізін анықтау үшін Конституциялық кеңеске жүгінді. Билік қазақ қоғамында басты құндылықтар қатарына жатқызылмаған.

Қазақ халқы басты құндылық деп, асыл мұрат деп ар-намыс, ұят, әділеттілік, имандылық сияқты қасиеттерді таныған. Ел даналығы билікке ұмтыламын деп бойындағы адамгершілік қасиеттерден айырылып қалма деп уағыздаған. Ал билікке қолы жеткен адамның қадірін жете түсініп, билікті халық игілігіне жұмсауы керек. «Билік не керек, әділдік құрмасан» деп халық билік мақсатының әділдік екеніне көзжеткізуге тырысқан. Биліктің негізі және тірегі-халық. Сондықтан билік игілігі халыққа қызмет етуге бағышталуы керек, билікті жүзеге асырушы халықтың көңілінен шығуға тырысуы керек. Олай болмаған жағдайда биліктің баянды болуы екі талай, сондықтан халық мақалы «Халық қаһарланса, хандыда тақтан тайдырады», -дейді. Ежелден келе жатқан «хан қылғындыру», «хан көтеру», «хан талапай» рәсім дәстүрлері мемлекеттік биліктің басты тұғыры- халық екендігін білдіреді.

Еліміз Конституциясыда «...оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтарымен бостандықтары» екендігін 1-бабында бекітті [1,4]. Билік және билікті жүзеге асырушыларды құрметтеу керек, «...себебі билік елге қызмететеді, алиесі – ел

қызметшісі» [2,90]. Қазақ халқының саяси билік, оның ішінде сот билігіде осы билік тану аясында қызмет етті. Қазақтың билік туралы қалыптасқан даңғыл жолы бар. Ол-халықтандауы, халық билік айтар адамды өзі таңдап алған. Билік айтатын адам халық алдында беделді, білімді, көреген адам болуға тиіс. Беделді шығарған әділ шешімімен, көрегендігімен жинайды. Сондықтанда Россия жаулап алып, күштеп құрамына енгізген Қазақстанда билікті жүзеге асыру әдістеріне сол кездегі қазақ зиялылары дана разылықтарын білдірген. «Қазақтың ескі билік жолының осы күнгі өмірге қолайлы келетіндігі. ...осы күнгі өмірімізге пайдалысын қабылдап, ескі заң ережелерді бірқалыпқа түсіріп, ескі ережелерді бірқалыпқа түсіру керек...» [3], деп Шәкәрім Құдайбердіұлы билердің сайланбалы лауазымға айналғанын, сайлауда пара алып, жақын адамдарын өткізуге тырысып, кім көрінген би болды деп ашына жазған. ҰлыАбай 22-ші қара сөзінде: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің еш қасиеті жоқ» [4, 46],-дейді.

Ә.Бөкейхановта өзінің «Қазақ» газетінде 1914 жылы жазған мақаласында «Қазақтың биһәмбилігін өзгертіп не керек... би түзу болса, билік әділ болса...» деп, «...биді кім болса, сонан қорықпайтын қылсақ, біреудің бетіне, біреудің жақсы жағына қарамайтын қылсақ...» деп бидің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән берген [5, 167]. Сонымен, жоғарыдағы қазақ зиялыларының пікіріне сүйене отырып, көшпелі қазақ қоғамында билікке, сот билігіне үлкен мән беріліп, аса құрметпен қараған деп қорытынды жасай аламыз. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең көп тараған, халыққа жақын әрі түсінікті, оның беделіне негізделген, мейлінше пәрменді, қуатты салаларының бірі. Және де сот билігі мемлекеттік биліктің басқа тармақтарына қарағанда жақсы дамыған, өз мүмкіндігін ашып көрсете алған, тіпті мемлекеттік билікті тұтастай қамтыған десекте болады. Сот билігі көшпенділердің мемлекеттік өмірінің символы тәрізді, қолданылуымен мен іске асуының ең қолайлы, әрі ұтымды нысаны. Өйткені хан, сұлтан және ақсақалдарға дейінгі мемлекеттік билік жүйесі ауқымындағы лауазым иелерінің де сот функциясы болғандығы белгілі. Сондықтан сот билігі мемлекеттік биліктің бір саласы болып қана қоймай, сонымен қатар іске асуының көрінісі, әрі құралы болды. Хан билігі сот билігімен санасып отырған, беделіне сүйенген. Ал кейбір жағдайларда хандық билік сот билігінің құрамдас бөлігі немесе жалғасы деп түсінген. Соған қарамастан сот билігі хан билігінен гөрі халыққа жақын тұратын және сот билігі әрдайым халық қамқоршысы болып танылған. Халық ұғымында хан билігі мен сот билігін салыстырғанда сот билігіне басымдылық берілген. Хан билігі мен халық мүддесі арасында қарама-қайшылық туындағанда хан асқына бастағанда сот билігінің беделі хан билігінен де асып түскен.

Сот билігінің биіктігі сонша дәстүрлі қазақ қоғамында кейбір кездері хан билігінен де жоғары болған. Би шешіміне хан да тоқталып, қалтқысыз қолдаған. Бірде Бекболат бидің інісі Абылай ханның бір үйір жылқысын айдап кетеді. Хан «бұл сізді басынғаны ғой», - деп айдап салған көмекшілерінің сөзіне ілесіп ашумен Бекболат бидің аулына келеді. Бекболат би Абылайдың алдынан шығып: - Байқаусызда болған кемшілік қой, кешіріңіз. Бір тоғыз айып пен ауысқан малыңызды алып тыныңыз, - дейді [6, 96,97]. Хан Абылай бидің айтқанына тоқталып, өзін айдап салған кеңесшілеріне реніш білдірген екен. Билердің сөзіне үлкен-кіші, қарапайым халықпен қатар билеуші топ өкілдері де бас иіп тоқтаған. Азамат ретінде бидің айтқанын мойындаған. Бірде Барбос деген бай әкесіне ас беріп, атақты Байдалы биге алдын ала хабар жібереді. Сөйтсе, есімі баршаға мәлім бидің бір мінер аты жоқ екен. Ол байға қайыра сәлем жолдап, былай депті: Дұғай сәлем Барбосқа, Көкірек бірге, жан басқа, Сұлулығы өзіндей, Жүйріктігі өзімдей, Ат жіберсін торы қасқа, Байдалы мінер әр топқа Даңқы кетер жан-жаққа. Байдалының сәлемін естісімен Барбос бай бір жүйрік атын жіберткен екен [7]. Көшпелі қазақ қоғамында сот билігін мемлекеттік биліктің басқа салаларынан бөле-жара қарайды. Соған қарамастан оның қоғамдағы ролін асыра бағаламайды. Сот билігі қызметінің ауқымын, қоғамдық мәселелерді шешуде тиісті шеңберде және деңгейде пайдаланған. Сот билігінің шексіз еместігін, оның тек бір шектеулі деңгейде жүзеге асатынын бағамдаған. Көшпелілер үшін басты әрі негізгі сот-ол адамның өз соты, ішкі соты, ар соты. Ал билер соты ар сотының көрінісі. Сәйкесінше ең ауыр жаза ар жазасы деп түсінген. Бітімге келудің басқа жолы қалмаған кезде ғана сот билігі көмекке келген. Қазақ қоғамындағы сот билігінің негізі және оның ерекшелігін анықтайтын-рухани өмірдің деңгейі. Сот билігі рухани өмір аясында ғана ашыла түседі. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот процесі де рухани өмірмен тығыз байланысты. Сондықтан да сот билігінің іске асуының шегін, өзіндік болмысын дәл айқындау қиынға соғып жатады. Сот билігі өз мақсатмүддесін рухани өмірдің биіктігімен қамтамасыз етеді.

Көшпелілердің сот билігінің рухани өмір саласымен тығыз байланысын көрсететін тұсы-сот процесіне қатысушылардың одан «жеңіп» немесе «жеңіліп» емес, жеңілденіп шығатындығында. Қазақ қоғамының сот процесінің басты мақсаты-бітім болатын. Дауласушы тараптарды халық алдында келістіріп, бітімге келтіру сот билігінің басты мақсаты. «Дау мұраты-бітім»-сот процесінің басты принципі. Сот процесі дау бойынша ақиқатты ашуды мақсат тұтады. Сондықтан ол мақсатқа жетуге ешкім және еш нәрсе қарсы болмау керек. Сот алдында әркім өз ойын, көрген-білгенін ашық, анық айтуға ерікті. Бұл принцип, сот процесіне қатысушы тараптардың теңдігін дәлелдейді. Көшпелі қазақтардың сот билігінің жалпы сипатына байланысты тағы мәселе-сот билігінің шешендік өнермен байланысы. Сөз өнері

(шешендік өнер) қазақтардың сот мәдениетінің негізгі тірегі, құралы. Сот мәдениеті сөз өнерінің шуақты нұрынан суырылып, толып, толысып отырады. Сөз өнері, шешендік өнер жоғары бағаланып, сол өнерді жетік меңгергендер ғана би бола алды, сот ісіне араласып, билік жүргізе алды. Бұл бағытта марқұм, белгілі заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Өзбекұлы мынандай пікір білдіреді: «Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі, басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті, феномені-дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі» [8, 43].

Халық өзінің «от ауызды, орақ тілді» әділ билік айтқан шешен, билерін ханнан бетер қадірлеп, бітімді сөздерін жадында сақтап келген. Халық аталы бір ауыз сөзге тоқтаған. Ондай киелі сөз сөйлеушешендік қасиетке ие болу әсіресе қорғаушы қызметін атқаратын биге қажет болған. Айыпталушыны қорғап шығу үшін бейнелі қисынды дәлелдер айтумен қатар билер бұра тартып бара жатса тоқтатып, әділеттілікке шақыру қажет болады. Қазақ қоғамындағы сот билігінің маңызды ерекшелігі - сот процесі ауызша жарыссөз түрінде өтетіні. Сот процесіндегі бәсекелестікке «Тумысында Демосфен, Цицеронды естіп білмеген қазақтардың жез таңдай тілмарлығына таң-тамаша қалдым. Осындай халық жабайы ма? Бүгінгі көшпелі номад қазір өз басынан аса қарап тұрған халықтың ортасынан ойып орын алатын кез келді», -деп ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға жер аударылған поляк революционері А.Янушкевич баға берген [9]. Сот тәуелсіздігіне, Жәңгір ханның сот ісін қарауына куә болған С.Раевский былай дейді: «Крик не дозволен; еще более недозволен шопот между собою или с ханом; всякое тайное объяснение-есть оскорбление присутствующих, и суд уже не считается безпристрастным» [10, 233-234].

Қазақ қоғамындағы сот билігі сөз өнерімен тікелей байланысты. «Жасына қарай отырып, жағына қарай сөйлеу» қағидасының құқықтық күші басым. Бұл қағиданың маңыздылығын, оның орын алуы үлкен даулы мәселенің бір ғана сөзбен түйінделіп шешімін табуына септігін тигізген жәйттердің көп болғандығы дәлелдейді. Бұл қағиданың мәнін ғалым З.Кенжалиев: «Бұл принцип сот процесіндегі пікір таластың, сөз жарысының шектелмеуіне, оның мейлінше еркін және жан-жақты болуына, дауласушылардың өз мүдделерін қорғау барысында бар мүмкіндікті пайдалануға бағытталған еді» [1, 100], -дейді.

Бұл принцип билердің теңдігін, олардың сөз беріп, сөз алу, тосыннан сұрақ қою, т.т. әрекеттерін қамтамасыз етуде үлкен роль ойнайды. Дауласушы тараптардың мүддесін қорғауда тең құқықты екендігін көрсетеді. Бұл қағиданың мәні тікелей дауға бітім айтар тұста сөз теңдігінің, ондада әділ сөздің теңдігінің орындалуын қамтамасыз етеді. Тараптар жасына қарай сөз алмайды, керісінше әділетті бітім айтуға тырысады. Сонымен, қазақ халқы үшін сот билігі

кіршіксіз таза болып табылатын. Қоғам өмірінің бұра тартып, адасқан тұстарында да әділдік пен шындықты сот билігінен іздеп талап еткен. Бітпес даудың, бәтуасыз шудың кесімі айтылып, қара қылды қақ жарып, жүйесін тауып билік айтылар сот билігінің басты өкілдері билер болған.

Әдебиет

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 2020.
- 2.Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 бет
3. Шаһ-Кәрім. Би және билік туралы//Заң газеті. 1994. 16-қараша
- 4.Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы, 1993.
- 5.Бөкейханов Ә. Тағы да би һәм билік//Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994.– 384 бет.
- 6.Дулатбеков Н. ҚР мемлекет және құқық тарихынан. Хрестоматия.-Қарағанды, 1994.-1- кітап.
- 7.Заң газеті. 1996. 24-қаңтар.
- 8.Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 бет.
- 9.Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям.-Алма-Ата, 1966.
- 10.Раевский С. О судопроизводстве в Букеевской орде//Русский инвалид. 1845. №59.

ӘӨЖ: 657.1.014.132

Бухгалтериядағы нейрондық желінің негізгі мүмкіндіктері

Есенгараева Г.Б., э.ғ.к., аға оқытушы,
Сағынаева М.С., э.ғ.м., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы внедрения нейросети в бухгалтерии, искусственный интеллект и безопасность данных. Инструкция для бизнес-решений: как провести автоматизацию бухгалтерской отчетности. Конвейер по распознаванию и обработке данных: интеллектуальные OCR-технологии на практике.

Abstract

This article discusses the implementation of neural networks in accounting, artificial intelligence and data security. Instructions for business solutions: how to automate accounting statements. Data recognition and processing pipeline: Intelligent OCR technologies in practice.

Бұрын бухгалтерлер негізінен қағаз құжаттармен жұмыс істеді, деректерді қолмен толтырды, бұл көп уақытты қажет етті және жиі қателіктерге әкелді. Бүгінгі таңда көптеген мамандар салықтарды есептеу немесе есеп беру сияқты көптеген процестерді автоматтандыратын бағдарламаларды қолданады. Жасанды интеллект бухгалтерлік есепті белсенді түрде өзгертеді, күнделікті міндеттерді өз мойнына алады және ақпаратты талдауды жақсартады. AI күнделікті тапсырмаларды орындауда ғана емес, сонымен қатар шығындарды болжау және салық төлемдерін оңтайландыру сияқты күрделі мәселелерді шешуде де көмектеседі. Осы технологиялардың арқасында бухгалтерлер монотонды жұмыс істеуге уақыт жұмсамай, стратегиялық мәселелерге назар аудара алады және бұрын қолмен орындалған күнделікті тапсырмаларды автоматтандырады: ақпаратты енгізу, шоттарды тексеру, төлемдерді басқару, салықтарды есептеу және қаржылық есептілікті жасау. Мысалы, AI көмегімен шоттарды транзакцияларға автоматты түрде сәйкестендіруге немесе шығындарды бюджет баптарына бөлуге болады [1,103].

Автоматтандыру көмектеседі:

1. қызметкерлердің уақытын монотонды тапсырмаларға үнемдеңіз;
2. адам қателіктерінің қаупін азайту;
3. есептерді дайындауды және салық мерзімдерін сақтауды жеделдету.

AI енгізген компаниялар ресурстарды стратегиялық жоспарлау және қаржыны басқару сияқты маңызды міндеттерге бағыттай алады.

AI негізіндегі бағдарламалар Машиналық оқыту және талдау алгоритмдерін қолданады. Олар қабілетті:

1. банктік үзінді көшірмелер, электрондық пошталар және сандық құжаттар сияқты әртүрлі көздерден деректерді алу;
2. ең аз уақыт ішінде үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу;
3. қателіктер мен алаяқтық жағдайларын анықтауға көмектесетін сәйкессіздіктер мен ауытқуларды анықтаңыз.

Көптеген компаниялар бухгалтерлік есеп үшін жасанды интеллект негізінде мамандандырылған қызметтерді дамытады. Міне, олардың мүмкіндіктерінің мысалдары:

1. салықтарды басқару: салықтарды автоматты түрде есептеу, заңнамадағы өзгерістерді есепке алу, декларацияларды қалыптастыру;
2. қаржыны оңтайландыру: ағындарды талдау, шығындарды тиімді басқаруға көмектесу;
3. нақты уақыттағы есеп беру: жедел шешім қабылдау үшін қаржы туралы өзекті деректер;
4. шағын бизнес шешімдері: ресурстары шектеулі компаниялар үшін қол жетімді автоматтандыру құралдары.

Жасанды интеллект және салық салу

AI салық салу процесін едәуір жеңілдетеді, компанияларға тәуекелдерді азайтуға, шығындарды азайтуға және есептеулердің дәлдігін жақсартуға көмектеседі. Міне, AI шешетін негізгі міндеттер:

1. Салық есептеулерін автоматтандыру. AI барлық қол жетімді салық шегерімдерін, жеңілдіктер мен мөлшерлемелерді автоматты түрде ескере отырып, ақпаратты қолмен енгізу қажеттілігін жояды. Бұл есеп беруді тездетеді және адам факторынан туындаған қателіктердің ықтималдығын азайтады.

2. Заңнамаға сәйкес уақтылы жаңарту. AI бағдарламалары салық заңдарының өзгеруін бақылайтын көздермен синхрондалады және есептеулерді жаңа талаптарға автоматты түрде түзетеді. Бұл, әсіресе, заңнамалық өзгерістер үнемі болып тұратын әр түрлі елдерде жұмыс істейтін компанияларға қатысты.

3. Салық стратегияларын оңтайландыру. Жасанды интеллектке негізделген жүйелер қаржылық ақпаратты талдауға және оңтайландыру мүмкіндіктерін табуға көмектеседі. Мысалы, AI қолданыстағы нормалар шеңберінде салық базасын төмендету үшін шығындарды қайта бөлу тәсілдерін ұсына алады.

4. Салық тәуекелдерін азайту. AI айыппұлдарға немесе салықтық келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін қателерді немесе сәйкессіздіктерді анықтау арқылы ақпаратты талдайды. Сондай-ақ, ол қандай операциялар салық органдарының назарын аударуы мүмкін екенін болжайды және алдын-алу шараларын ұсынады.

Нейрондық желілер компанияларға салық шығындарын алдын-ала жоспарлауға көмектеседі, бұл күтпеген шығындарды болдырмайды және қаржыны жақсы басқарады.

AI үлгілерді анықтау және болашақ салық төлемдерін болжау үшін алдыңғы салық кезеңдеріндегі деректерді талдайды. Бұл әсіресе маусымдық кірісі бар немесе күрделі бизнес құрылымы бар компаниялар үшін пайдалы. Сонымен қатар, AI кірістердің, шығыстардың немесе заңнаманың ықтимал өзгерістерін ескере отырып, салықты жоспарлаудың әртүрлі сценарийлерін модельдей алады. Бұл қаржылық тәуекелдерді алдын-ала бағалауға және мүмкін болатын өзгерістерге дайындалуға көмектеседі [2,23].

Жасанды интеллект және есеп беру

AI есеп беру процесінің негізгі бөлігін құрайтын қаржылық операцияларды автоматтандыруды едәуір жеңілдетеді. Бухгалтерлердің қолмен өңдеуге көп уақыт жұмсауының орнына, AI бұл процестерді жылдамдатады және олардың дәлдігін арттырады. Міне, AI қаржылық операцияларды автоматтандыруға қалай ықпал етеді:

Есептерді автоматты түрде құру. AI әр түрлі көздерден ақпаратты автоматты түрде жинай алады: банктік шоттар, төлем жүйелері, ішкі есеп жүйесі, қаржылық есептілікті қалыптастыру. Бұған баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражаттарының

қозғалысы туралы есеп және басқа да қажетті құжаттар кіреді. Осының арқасында бухгалтерлер мен менеджерлер есептерді тезірек дайындай алады, оларды тиісті органдарға немесе мүдделі тараптарға жібере алады.

Бизнес шешімдеріне арналған нұсқаулық: бухгалтерлік есепті қалай автоматтандыруға болады

Транзакцияларды салыстыру. AI жүйелері банктік үзінді көшірмелерді бухгалтерлік жазбалармен автоматты түрде салыстыра алады. AI негізіндегі бағдарламалық шешімдер транзакцияларды талдайды, оларды тіркелгі жүйелеріндегі сымдармен салыстырады және кез келген сәйкессіздіктерді белгілейді. Бұл салыстыру процесін едәуір жылдамдатады және қателіктерден аулақ болуға көмектеседі.

Деректерді өңдеу және жіктеу. AI алынған мәліметтерді ұйымдастыруға және құрылымдауға көмектеседі. Мысалы, шот-фактураны өңдеу кезінде жүйе жеткізуші, сома, күн туралы ақпаратты автоматты түрде алады және оларды бухгалтерлік есептің тиісті санаттарына бөледі. Бұл деректерді қолмен енгізу және тексеру қажеттілігін азайтады.

Есептеулерді автоматтандыру. AI негізіндегі жүйелер өзекті деректер мен заң талаптарына сүйене отырып, салықтарды, алымдарды және басқа міндеттемелерді автоматты түрде есептей алады. Олар есептеулердің дәлдігін қамтамасыз ете отырып, салық ставкалары мен басқа экономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді ескеру үшін уақтылы жаңартылуы мүмкін.

Деректерге жедел қол жеткізу. Автоматтандыру нақты уақыттағы деректерді алуға мүмкіндік береді, бұл есеп беру процесерін жеңілдетеді. Қаржылық операциялар туралы барлық ақпарат әрқашан талдау, тексеру және есеп беру үшін қол жетімді, бұл құжаттарды дайындау процесін едәуір жеделдетеді.

Бухгалтерлік есепте жасанды интеллектті қолдану қаржылық есептіліктің дәлдігін едәуір жақсартады. Нейрондық желілер ақпаратты автоматты түрде тексеру және оларды белгіленген ережелерге сәйкестендіру арқылы адам факторынан туындаған қателерді азайтуға көмектеседі. Бұл есептеулер мен операцияларды жіктеудегі дәлсіздіктердің ықтималдығын айтарлықтай азайтады.

AI негізіндегі жүйелер нақты уақыт режимінде келіп түскен ақпаратты талдай алады және анықталған сәйкессіздіктерді бірден түзете алады. Бұл тәсіл Есептіліктің жоғары сапасын қолдайды және қаржылық құжаттардағы қателіктерді жояды.

Сонымен қатар, жасанды интеллект үлкен көлемдегі ақпаратты өңдей алады, бұл есептерді дайындауды тездетеді. Бұл әсіресе қолмен өңдеу қателіктерге немесе жіберіп алуларға әкелуі мүмкін көптеген операциялары бар ірі компаниялар үшін өте маңызды.

AI сонымен қатар ұзақ мерзімді тенденцияларды анықтауға және қателіктерді немесе тіпті алаяқтықты көрсететін ауытқуларды

табуға көмектеседі. Бұл қаржылық есептілікті ашық және сенімді етеді.

Жасанды интеллект жүйелері нақты уақыт режимінде ақпаратты жаңартады, бұл деректердің өзектілігін қамтамасыз етеді және жаңа мәліметтер негізінде, әсіресе тез өзгертін экономикалық орта жағдайында шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Ақырында, AI айыппұлдар мен санкциялардан аулақ болуға көмектесу арқылы қаржылық және салықтық қателіктер қаупін азайтады. Нақты есептеулер мен ақпаратты автоматты түрде тексеру компания үшін тәуекелдерді азайта отырып, барлық талаптардың орындалуына кепілдік береді.

Әдебиет

1. https://secrets.tbank.ru/blogi-kompanij/buhgalterskij-uchet-s-i/?internal_source=copypaste

2. Ш.К. Отелбай, А.Ж. Досаева, Ш.Ш. Молдахожеев. Новые технологии в бухгалтерском учете: искусственный интеллект для автоматизации и обнаружения ошибок/ Вестник университета «Туран»

ӘОЖ:33.338.2

Қазақстан экономикасында инновациялар мен стартаптардың маңызы

Спанова Л.Қ., э. ф.м, аға оқытушы,
Қызылорда "Болашақ" Университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается значение инноваций и стартапов в экономике Казахстана. Анализируется вклад инновационных проектов и стартапов в устойчивое развитие, создание новых рабочих мест и технологическую модернизацию. Также рассматриваются меры государственной поддержки, существующие проблемы и перспективы дальнейшего развития. Автор подчеркивает потенциал Казахстана в построении инновационной экономики.

Abstract

This article explores the significance of innovations and startups in Kazakhstan's economy. It analyzes how innovative projects and startup initiatives contribute to sustainable development, the creation of new jobs, and technological modernization. The article also discusses government support mechanisms, existing challenges and opportunities, and potential directions for future growth. The author highlights Kazakhstan's potential to build a strong innovation-driven economy.

Бүгінгі таңда жаһандық экономиканың басты қозғаушы күштерінің бірі – инновациялар мен стартаптар. Бұл үрдістен Қазақстан да шет қалмауы тиіс. Ел экономикасының тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялық бағыттағы жобалардың, соның ішінде стартаптардың маңызы зор. ХХІ ғасыр – технология мен идея ғасыры десек, жаңа ойлар мен тың шешімдерге негізделген стартаптар Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен дамытудың басты тетігіне айналуға.

Инновация – бұл жаңа технологиялар мен идеялардың көмегімен өнімдер мен қызметтерді жетілдіру немесе жаңасын жасау. Қазақстан үшін бұл – мұнай-газ және шикізат саласына тәуелділіктен арылып, экономиканың басқа секторларын дамытуға мүмкіндік. Инновациялық жобалар өндірісті автоматтандыруға, шығындарды азайтуға, өнімнің сапасын арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, инновациялар елдің ғылыми-техникалық әлеуетін арттырып, жаһандық нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығаруға жағдай жасайды.

Стартаптар – бұл жоғары тәуекелмен қатар жүретін, бірақ үлкен пайда әкелетін жаңа бизнес түрі. Олар, әдетте, инновациялық идеяларға сүйенеді және нарықта жаңа бағыттарды игеруге ұмтылады. Қазақстанда стартаптардың дамуы жастардың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырып, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл саланың дамуы шетелдік инвестицияларды тартуға да үлкен мүмкіндік береді. Стартаптар экономикаға икемділік пен жылдам бейімделу қабілетін алып келеді, бұл әлемдік өзгерістерге тиімді жауап беруге жол ашады [1].

Қазақстан Үкіметі стартаптар мен инновациялық жобаларды қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар қабылдауда. «Astana Hub» халықаралық ІТ-стартаптар технопаркі, «Инновациялық гранттар» бағдарламасы, «Tech Garden» жобасы – осының айқын дәлелі. Мемлекет тарапынан қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау, білім беру мен менторлық қызметтер ұсынылуда. Бұл өз кезегінде инновациялық экожүйенің қалыптасуына және дамуына жол ашады.

Дегенмен, бұл салада шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер де бар. Олар – тәжірибелі кадрлардың жетіспеуі, венчурлік қаржыландырудың әлсіз дамуы, стартаптар үшін нарыққа шығу жолдарының күрделілігі. Бірақ бұл қиындықтар – уақытша. Жүйелі жұмыс пен мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің дамуы аталған кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді.

Инновациялар мен стартаптар Қазақстан экономикасының болашағы үшін стратегиялық маңызға ие. Олар елдің ғылыми-технологиялық даму деңгейін арттырып, еңбек нарығына серпін беріп, экономиканы жаңғыртуға нақты үлес қосады. Осы бағыттағы даму Қазақстанды жаңа индустриялық дәуірге бастайды, ал инновациялық ойлар мен стартап идеялар – сол жолдағы басты күш болмақ.

Осыған байланысты, Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті қолдау саясатын одан әрі жетілдіру – аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Бұл бағытта ең алдымен, білім беру жүйесінде шығармашылық пен сыни ойлауды дамыту қажет. Жас ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарына, жобалық ойлауға баулу–болашақ табысты стартапшылар мен жаңашыл инженерлердің қалыптасуына негіз бола алады.

Сонымен қатар, университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарының бизнесті қолдаумен тығыз байланысын жолға қою қажет. Академиялық орта мен кәсіпкерлік сектор арасындағы байланысты нығайту арқылы идеядан нақты өнімге дейінгі жолды қысқартуға болады. Бұл–ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруды жылдамдатудың бір жолы.

Стартап экожүйесін дамытуда аймақтық деңгейдегі хабтар мен инновациялық кластерлердің рөлі де зор. Бұл тек ірі қалаларда ғана емес, өңірлерде де жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жергілікті стартап жобалар ауыл шаруашылығы, экология, туризм сияқты нақты салаларға бағытталып, елдің әр өңірінің экономикалық дамуына серпін береді.

Кесте 1. Қазақстан экономикасындағы инновациялар мен стартаптардың рөлі туралы кесте

Аспект	Мазмұны
Инновация дегеніміз не?	Жаңа идеялар мен технологияларды қолдану арқылы өнімді немесе қызметті жетілдіру.
Стартап ұғымы	Жаңа және тың идеяға негізделген, жоғары тәуекелді, бірақ жоғары табыс әкелетін кәсіп түрі.
Экономикалық маңызы	- Жаңа жұмыс орындарын ашу - Экономиканы әртараптандыру - Технологиялық даму
Мемлекеттік қолдау	- AstanaHub - Инновациялық гранттар - Tech Garden, Digital Kazakhstan бағдарламасы
Кездесетін қиындықтар	- Қаржыландыру тапшылығы - Венчурлік қорлардың дамымауы - Тәжірибелі кадр жетіспеушілігі
Болашағы мен мүмкіндіктері	- Халықаралық нарыққа шығу - Жасыл экономика, IT, биотехнология салаларын дамыту - Жастарды кәсіпкерлікке баулу

Стартап экожүйесін дамытуда аймақтық деңгейдегі хабтар мен инновациялық кластерлердің рөлі де зор. Бұл тек ірі қалаларда ғана емес, өңірлерде де жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жергілікті стартап жобалар ауыл шаруашылығы, экология, туризм сияқты нақты салаларға бағытталып, елдің әр өңірінің экономикалық дамуына серпін береді.

Сондай-ақ, инновациялық жобаларды қаржыландыру жүйесін жетілдіру—маңызды басымдықтың бірі. Венчурлік қорлар мен бизнес-ангелдер институтын дамыту арқылы стартап иелеріне қажетті инвестиция тарту жеңілдейді. Қаржылық қолдау тетіктерінің ашық, қолжетімді және тиімді болуы – жаңа идеялардың пайда болуына және олардың жүзеге асуына үлкен әсер етеді.

Қазақстан экономикасының дамуы мен жаңғыруы тікелей инновациялар мен стартаптардың дамуына байланысты. Мемлекеттің қолдауы, жеке сектордың белсенділігі және жас буынның шығармашылық әлеуеті— бұл салада нақты нәтижелерге жетудің басты шарттары. Егер осы бағыттағы жұмыстар жүйелі әрі үйлесімді түрде жүргізілсе, Қазақстан алдағы жылдары инновациялық экономикасы бар, жоғары технологиялар еліне айнала алады [2].

Осы үдерістің табысты жүзеге асуы үшін қоғамда инновациялық мәдениетті қалыптастыру да өте маңызды. Бұл дегеніміз – жаңашылдыққа деген оң көзқарас, тәуекелден қорықпау, үнемі ізденіс үстінде болу және үздіксіз білім алуға деген ұмтылыс. Әсіресе жастар арасында кәсіпкерлік рухты дамыту, табысқа жету жолында креативті идеяларды қолдау—инновациялық экономиканың негізін қалаушы факторлардың бірі.

Мемлекеттік саясатта да ұзақ мерзімді көзқарас қажет. Тек қысқа мерзімді табысқа емес, болашақтағы тұрақты және сапалы экономикалық өсімге бағытталған стратегиялар жасалуы тиіс. Цифрландыру, жасанды интеллект, биотехнология, «жасыл» энергетика сынды салалар—Қазақстан үшін жаңа экономикалық мүмкіндіктер көзі бола алады. Бұл салаларда стартаптардың рөлі ерекше, өйткені олар икемді, тез дамуға бейім және жаңа шешімдер ұсына алады.

Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты дамыту—стартаптар үшін жаһандық нарыққа шығудың тиімді жолы. Қазақстандық стартаптар шетелдік нарықтарға ену арқылы жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, ел экономикасына шетелдік инвестициялар тартуға мүмкіндік алады. Бұл—елдің халықаралық беделін арттырып, инновациялық имиджін қалыптастырады [3].

Қорытынды сөз ретінде айтар болсақ, инновациялар мен стартаптар—Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық бағыт. Бұл салада мемлекет, бизнес, ғылым және азаматтық қоғамның бірлесе жұмыс істеуі қажет. Қазіргі бастамалар мен қолдау шаралары дұрыс жалғасын тауып, жүйелі түрде жүзеге асырылса, Қазақстан алдағы жылдары ТМД елдері арасында ғана емес, әлемдік деңгейде де инновациялық орталықтардың біріне айналуға толық мүмкіндікке ие.

Әдебиет

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек//<https://www.akorda.kz>

/kz/addresses/ addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

2.Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 56 б.

3.Қазақстан Республикасы Президентінің Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі «Қазақстанның әлемнің 50-бәсекеқабілетті мемлекеттер қатарына енуінің Стратегиясы (Астана, 18 қаңтар 2006 жыл)//Егемен Қазақстан. – 2006. – 18 қаңтар.

ӘОЖ 332.146;336.228

Инвестициялық тартымдылықтың экономикалық әлеуетін жүзеге асыру бағыттары

Сегизбаева Д.У., магистр, аға оқытушы,
Бодыкова А.Т., магистр, аға оқытушы,
Айжарықұлы Ғ, магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются типы инвестиций и экономическое содержание инвестиционной деятельности, ее особенности, состояние инвестиционной привлекательности в Казахстане.

Abstract

This article discusses the types of investments and the economic content of investment activity, its features, the state of investment attractiveness in Kazakhstan.

Инвестициялық қызмет – бұл кәсіпкерлік қызмет түрлерінің бір түрі болып табылады, оған дербестік, белсенділік, тәуекел тәрізді кәсіпкерліктің белгілері тән. Дегенмен, инвестициялық қызметтің өз ерекшеліктері бар, олар инвестордың қаражаттарының (капиталдың) келешекте пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынуы болып табылады.

Инвестициялық қызмет мазмұны бойынша мыналарға бөлінеді: нақты, қаржылық инвестициялау және мүліктік құқықтар мен зияткерлік құндылықтарды инвестициялау.

Инвестициялық қызмет мынадай негізгі принциптерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

- өмірде қолданылып жатқан заңға қайша келмейтін инвестициялық қызметке заңды тұлғалар мен азаматтар, қоғамдық ұйымдардың басқармалары мен мемлекеттік билік мекемелері кедергі жасап араласпауы керек;

- инвестициялаудың өз еркімен болуы;

- меншік және қызмет түрлеріне қарамастан;
- инвестициялық қызметке қатысушылардың тең құқығы;
- инвестициялық қорғалуы;
- инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолдарын еркін заңдауға;

- инвестициялық қызметті жүзеге асырудағы азаматтар мүддесі мен құқығын бұзбай сақтау [1].

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және рынок жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге алып келеді. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Сондықтан, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешугі бағытталған объективтік қажет процесс болып табылады [2].

Инвестиция типтері және тәуелділік деңгейінің арасындағы тәуелділікті төменгі кесте түрінде көрсетуге болады.

Кесте 2. Инвестиция типтері және тәуелділік деңгейінің арасындағы тәуелділік

1 тип	2 тип	3 тип	4 тип
Тиімділігі жоғары инвестициялар	Өндірістің ұлғаюына жұмсалатын инвестициялар	Жаңа инвестицияларды құру үшін инвестиция	Мемлекеттік басқару органдарының талаптарын қанағаттандару мақсатындағы инвестициялар

Мемлекетіміздің халықаралық бәсекелестік қабілеті ел экономикасына тартылған шетел фирмаларының инвестициясы мен оның табиғи байлықты игерудегі орнын анықтайды. Мұнан шығар қорытынды: жаңа инвестициялардың тартылуы, яғни Қазақстан болашағы ондағы инвесторлар тұтынуының қанағаттану дәрежесіне тәуелді.

Еліміздің экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту және тиімді пайдалану – Қазақстанның шет елдермен экономикалық қарым-қатынастарының бағыты. Шетелдік инвестициялар көмегімен Қазақстан экономикасының бұрмаланған өндірістік құрылымын жақсартуға, жаңа жоғарғы технологиялық өндірістік құрылымын жақсартуға, жаңа жоғарғы технологиялық қайта құруға, мамандар мен жұмысшылар даярлауға, менеджмент, маркетинг пен ноу-хаудың жетістіктерін енгізуге, ішкі нарықты отандық өндірушілердің сапалы

тауарларымен толықтырып, сол тауарларды сыртқа шығарудың (экспорт) көлемін ұлғайтуға мүмкіндік пайда болады.

Қазақстанға шетелдік инвестициялардың ағымы бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыру, шетел капиталының қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, ірі өндірісті жекешелендіру, ірі өндірістік кәсіпорындарды шетелдік фирмаларға басқаруға беру және банктік секторға инвестиция салу арқылы жүзеге асырылады.

Көптеген экономистер шетелдік инвестициялардың экономикадағы ролін екіжақты бағалайды. Кейбіреулер инвестициялар экономиканың тәуелсіздігінің жоғалуына әкеліп соқтырады деген пікірде болса, басқа біреулер инвестициялар – бұл ұлттық экономиканы дамыту және қайта құрудың көзі деп санайды. Біреулері шетелдік инвестициялар Отанның сатылуына, экономиканың құлдырауына ұшыратады деген ойда болып, екіншілері шетелдік инвестициялар – бұл өндірістік факторлардың, халықаралық технологиялардың және басқару тәжірибелерінің мобильдігіне тіреу мүмкіншілігі дейді [3].

Қазақстан Республикасының инвестициялық әлеуетін анықтау кезінде келесідей факторларды қарастырамыз:

- ресурсты-шикізаттық әлеуеті;
- өндірістік (тұрғындардың шаруашылық қызметтерінің жиынтығының нәтижелері);
- инфрақұрылымдық (елдің экономикалық-географиялық жағдайы мен оның инфрақұрылымдық қалыптасуы);
- институционалдық;
- инновациялық (елдегі ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін енгізу деңгейі);
- тұтынушылық;
- интеллектуалды.

Капиталдың бір елден екінші елге құйылуы шаруашылық өмірдің интернационализациясының тереңдеу процесін қамтиды. Кез-келген мемлекеттің халықаралық инвестициялық бірлестікке қатысуы жаңа экономикалық қайта құруларға, ғылыми-техникалық жаңалықтарға, инновациялық процестерді кеңейтуге қабілеттендіреді. Қазақстанға шетел капиталын келтіру инвестициялық саясаттың қажеттілігін тудырды.

Басқарудың экономикалық әдістерін кеңінен қолдану, дағдарысты ахуалды еңсеру, рыноктік қатынастарға көшу жағдайда келешекке алынған инвестициялық саясатты ғылыми тұрғыда негіздеу, инвестицияны жоспарлау практикасын жаңа шаруашылық тетікпен байланыстыру, ұзақ мерзімді жұмсалымның пайдалануын түбегейлі жақсарту, елдің әлеуметтік– экономикалық дамуын жеңілдетудің бұдан былайғы шарттары ретіндегі ұзақ мерзімді жұмсалымның тиімділігін арттыру т.б. [2].

Экономиканы жаңғыртуға және құрылымдық қайта құруға байланысты инвестициялық серпінді жобаларды іске асыруға жәрдемдесу және Қазақстан Республикасындағы инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

Инвестициялық белсенділікті жандандыру үшін келесілерді енгізетін мемлекеттік реттеудің тездетілген шаралар жүйесі қажет:

-мемлекеттік және жеке инвестицияларды рационалды қолдану, мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру механизмдерін жетілдіру;

-отандық тауарлардың бәсекеқабілеттілігін жоғарлату және экономикада ұдайы өндіру процестерін қалпына келтіру мақсатымен инвестициялық қызметтердің нақты бағыттарын анықтау;

-инвестицияға жинақтарды аударудың тиімді жүйелерін құру мен бағалы қағаздар нарығын дамытуға мемлекет жағынан көмек көрсетілу;

-экономиканың нақты секторына банктердің инвестициялық қызметтерін күшейту мақсатымен банктік сфераны қайта ұйымдастыру;

-өндірістік сфераға бағытталған инвестицияларға кепілдендірудің тиімді жүйесін құру бойынша жұмыстарын жалғастыру;

-инвестициялық салымға кәсіпорындардың өз қаражаттарын көбейту үшін амортизациялық саясатты жетілдіру [1].

Инвестициялау процесі табыс мөлшері, ұсынылған капитал салымдарының тиімділігіне сол сияқты факторларға тәуелді. Егер тиімділік төмен болатын болса, онда салымдар жүзеге асырылмайды. Бұдан басқа инвестор капитал салымы бойынша шешім қабылдау барысында пайыздық ставка деңгейін ескереді. Инвестор өз ақшаларын жаңа завод немесе фабрика құрылысына сала алады. Егер пайыз мөлшері күтілген табыс мөлшерінен жоғары болса, онда инвестиция жүзеге асырылмайды, және керісінше. Инвестициялық қызметке инфляция елеулі әсер етеді, ол өз кезегінде экономика жағдайына байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе мынадай қорытынды жасауға болады- инвестициялық қызмет және инвестицияның әр түрлі бағыттары бойынша құрылымын талдау теориялық және тәжірибелік мәнге ие болатыны анықталды. Тәжірибелік мәні – инвестиция құрылымының өзгеру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді және ол тиімді, өте қолайлы әсер ететін инвестициялық саясатты жасауға мүмкіндік береді. Теориялық мәні- тиімді инвестициялық саясатты жасауға қажетті бұрын пайда болмаған жаңа факторлардың пайда болуы, оның инвестициялық қызметке әсері мен инвестицияны тиімді қолдану жағдайларын анықтайды.

Әдебиет

- 1.Мадияров Д.М. Стратегия формирование внешнеэкономическая политики / Алматы, 2000 г
- 2.Сатубалдин С, Жандаулет Г. Инвестиционный потенциал региона: методические аспекты оценки и механизм использование
- 3.Черлов В.А. Инвестиционная стратегия. Москва, 2003г

ӘОЖ 03.20

Түркістан автономиясының құрылуы

Бибасова Айнур Муратовна,
И-23М оқу тобының магистранты
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

Февральская революция 1917 года коренным образом изменила политическое устройство Российской империи и способствовала подъему идей национальной независимости и автономии в Туркестанской области. Народы Туркестана начали бороться за свои политические права и автономию, что было поддержано такими выдающимися личностями, как Мустафа Шоқай и другие представители интеллигенции. После Февральской революции в Туркестане было создано Временное правительство, которое пыталось управлять политическими изменениями в регионе. Однако приход большевиков к власти и влияние Советской власти поставили под угрозу будущее независимости и автономии Туркестана. В 1924 году Туркестанская автономия была упразднена, и на ее месте была создана Туркестанская Советская Социалистическая Республика. Этот период остается важным историческим событием в борьбе народа Туркестана за национальную независимость.

Abstract

The February Revolution of 1917 fundamentally changed the political structure of the Russian Empire and contributed to the rise of ideas of national independence and autonomy in the Turkestan region. The people of Turkestan began to fight for their political rights and autonomy, supported by prominent figures such as Mustafa Shokay and other intellectuals. After the February Revolution, a Provisional Government was established in Turkestan, which tried to manage the political changes in the region. However, the rise of the Bolsheviks and the influence of Soviet power jeopardized the future of Turkestan's independence and autonomy. In 1924, the Turkestan autonomy was abolished, and the Turkestan Soviet Socialist Republic was created in its place. This period remains an important historical event in the struggle of the people of Turkestan for national independence.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ресей империясының саяси құрылымын түбегейлі өзгертіп, биліктің уақытша үкіметке өтуіне себеп болды. Бұл кезеңде Түркістан өлкесінде түрлі саяси өзгерістер орын алып, аймақтың тәуелсіздігі мен автономиясы туралы идеялар

белсенді түрде көтерілді. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде түркістандықтардың ұлттық құқықтарын қорғау және автономия алу үшін күрес күшейді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ресей империясындағы саяси, әлеуметтік, және экономикалық дағдарысты тереңдете түсті. Бұл төңкеріс Ресейдегі патшалық биліктің құлауына және уақытша үкіметтің билікке келуіне себеп болды. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде Ресей империясы ыдырап, оның құрамындағы түрлі халықтар өздерінің тәуелсіздігін немесе автономиясын талап етті. Түркістан өлкесі, Ресей империясының оңтүстік-шығысындағы стратегиялық маңызды аймақ болып, осы өзгерістерден айтарлықтай әсер алды. Түркістандағы саяси ахуал да осы тарихи кезеңде түбегейлі өзгерді [1,13].

1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ресейде патша Николай II-нің тақтан бас тартуына алып келді. Ресейдің басты саяси билігіндегі бұл өзгеріс патшалық монархияның құлауына және Ресейде уақытша үкіметтің орнауына жол ашты. Бұл төңкеріс бүкіл Ресейде әлеуметтік теңсіздік пен жұмысшылардың наразылығының күшеюіне байланысты болып, көп ұлтты империяның көптеген аймақтарында – атап айтқанда, Түркістанда да – саяси, әлеуметтік және экономикалық дағдарыстарды тереңдетті.

Ақпан төңкерісімен бірге келген уақытша үкіметтің басты мақсаты–Ресейдегі монархиялық билікті құлату және конституциялық монархия орнату болатын. Бірақ, бұл өзгерістер тек Ресейдің орталық аймақтарын ғана емес, сонымен қатар оның шекаралас аймақтарын да қамтыды. Түркістан аймағында да жаңа саяси күштер мен ұйымдар пайда болып, жергілікті халықтар өздерінің ұлттық құқықтарын талап ете бастады.

Түркістан аймағы Ресей империясының құрамында болғанымен, бұл аймақтың халқы басқа халықтармен салыстырғанда ерекше әлеуметтік-саяси жағдайды бастан кешірді. Түркістан тұрғындары – қазақтар, өзбектер, қырғыздар, татарлар және басқа да этностар – ұзақ уақыт бойы Ресей империясының орталық билігінен өздерінің саяси құқықтарын талап етіп келген еді. Ақпан төңкерісі Түркістандағы ұлттық қозғалыстарға жаңа мүмкіндік туғызды, өйткені бұл өзгерістер Түркістан халқына өздерінің саяси, экономикалық және мәдени құқықтарын кеңейту мүмкіндігін берді [2,48].

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістанда **«Түркістан халықтарының кеңесі»** мен **«Түркістан ұлттық партиялары»** сияқты ұлттық ұйымдар мен саяси қозғалыстардың әсері күшейе түсті. Осы кезеңде **Түркістан автономиясы** мәселесі бірінші орынға шықты. Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов сияқты зиялы қауым өкілдері өздерінің ұлттық және саяси талаптарын ашық білдірді. Түркістан халқының бірқатар өкілдері Ресейден толықтай тәуелсіз болуды немесе автономия алуды мақсат етті [3,83].

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесінде көптеген саяси және қоғамдық ұйымдар құрылды. 1917 жылы 7 сәуірде **Түркістан Уақытша Үкіметі** құрылды, оның құрамында жергілікті зиялы қауым өкілдері, ұлттық партиялар мен қозғалыстардың өкілдері, сондай-ақ уақытша үкіметтің өкілдері болды. Бұл Үкіметтің басты мақсаты – Түркістанның өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету және Түркістан халықтарының құқықтарын қорғау болды.

Түркістандағы түрлі этникалық топтардың бірлігі мен теңдігіне негізделген бұл үкіметтің құрамында қазақтар, өзбектер, қырғыздар және басқа да ұлт өкілдері болды. Үкімет құрамына **Мұстафа Шоқай** мен **Әлихан Бөкейхан** сынды саяси қайраткерлер де кірді. Олар Түркістанның Ресей империясының құрамынан бөлініп, тәуелсіз болуы қажеттігін ашық білдірді. Түркістан Уақытша Үкіметі өз жұмысын бастаған кезде, оның ең басты міндеті – Түркістанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, аймақтағы түрлі этникалық топтардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ жалпы Түркістанның саяси тәуелсіздігін қамтамасыз ету болды [4,22].

1917 жылғы қазан төңкерісі және большевиктердің билікке келуі Түркістандағы саяси ахуалға жаңа өзгерістер әкелді. Кеңес өкіметі большевиктердің басқаруына көшкеннен кейін, барлық Ресей халықтарының тең құқықтары жарияланды. Ленин мен большевиктер билікке келіп, ұлттық азаттық қозғалыстарды қолдайтындығын айтып, Ресей империясының құрамындағы халықтарға өзін-өзі басқару құқығын беру туралы декрет қабылдады. Бұл декрет Түркістан халқы үшін маңызды болды, себебі ол өздерінің ұлттық тәуелсіздігі мен автономиясын талап етуде заңды негізді қамтамасыз етті.

Алайда Кеңес өкіметі Түркістанды өз құрамына қосу мақсатында белсенді жұмыс істей бастады. Түркістанның ұлттық автономиясы үшін күрес барысында Кеңес үкіметінің саясаты мен Түркістан автономиясының арасындағы шиеленістер күшейді. 1917 жылдың қазанында Кеңес өкіметі билікке келісімен, Түркістан автономиясын құру мен оның болашағы үлкен сұрақтар тудырды. Бұл кезде Түркістанның көптеген саяси күштері өзара келіспей, қақтығыстар мен дау-жанжалдар пайда болды.

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесі автономия құруға талпынғанымен, Кеңес өкіметінің ықпалымен аймақтың саяси бағыты өзгере бастады. 1917 жылы Түркістан автономиясының құрылуы маңызды тарихи оқиға болды. Бірақ Кеңес өкіметі Түркістан автономиясының тәуелсіздігін жойып, оны өз құрамына қосуға тырысты. Түркістан өлкесі Кеңес одағының құрамына кіргеннен кейін, оның ұлттық автономиясы мен тәуелсіздігі туралы барлық үміттер тек жүзеге аспай қалған арман болып қалды.

1924 жылы Кеңес үкіметі Түркістан автономиясын жойып, оның аумағында Түркістан Кеңес Социалистік Республикасын құрды.

Осылайша, Түркістан халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін күресі Кеңес өкіметінің қатаң саясатының салдарынан аяқталды.

Ақпан төңкерісі және оның нәтижелері Түркістандағы саяси ахуалды түбегейлі өзгертіп, аймақтағы ұлттық қозғалыстар мен саяси күштердің белсенділігін арттырды. Түркістанның тәуелсіздігі мен автономиясы үшін күрес Ақпан төңкерісінен кейін ерекше маңызға ие болды. Түркістан халқының бұл жолдағы талпыныстары Кеңес өкіметінің ықпалы мен билікке келуі арқылы тоқтатылды. Түркістанның саяси құрылымында орын алған өзгерістер, оның тәуелсіздігі мен автономиясы үшін болған күрес, Орталық Азия тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып қала береді.

1917 жылдың сәуірінде Түркістан өлкесінде уақытша үкіметтің органы ретінде Түркістан өкіметі құрылды. Өлкеде басқару мәселелерін шешу мақсатында түрлі атқару комитеттері мен азаматтық комитеттер құрылды. Түркістан өлкесінің әртүрлі қалаларында, болыстарында және поселкелерінде осы комитеттер өз жұмысын бастап, аймақтың саяси және әлеуметтік жағдайын бақылауға алды.

Түркістанның автономиясы туралы мәселе сол уақытта Петербургте жүрген Мұстафа Шоқай мен оның серіктестері тарапынан көтерілді. Мұстафа Шоқай Ресейдің уақытша үкіметінің өкілдерімен және жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесімен жиі байланысқа шықты. Ол Түркістанның автономиялы болуын қолдап, осы бағытта дайындық жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді. Петербургте ол Николай Семенович Чхеидзеге былай деп айтты: «Біз Түркістанның автономиялы болғанын қалаймыз. Сондықтан осы бағытта қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз».

Түркістан автономиясы құрылып, оның басшылығына Мұстафа Шоқай тағайындалды. Түркістан автономиясы Ресей империясының құрамынан шығып, аймақтың ішкі істеріне өздігінен бақылау жасауды мақсат етті. Сонымен қатар, автономияның құрылуы Ресейде орын алған Ақпан төңкерісі мен кейінгі саяси өзгерістерден кейін ұлттық теңдік, өзін-өзі басқару құқығы мен автономия құру үшін күресуші халықтарға үлкен үміт сыйлады.

Түркістан автономиясының құрамына Жетісу, Сырдария, Закаспий облыстары кірді. Түркістанның жаңа өкіметі өлкедегі саяси және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асырды. Өлкенің барлық жергілікті қауымдастықтарына билік беріле бастады, сол арқылы олар өздерінің мәселелерін жергілікті деңгейде шешуге мүмкіндік алды.

25 қазан (7 қараша) 1917 жылы Ресейде большевиктер өкімет басына келгенде, Кеңес өкіметі Ресей халықтарының тең құқықтарын жариялады. Кеңес үкіметі өзінің алғашқы декреттерінде ұлттық азшылықтарға өзін-өзі басқару және автономия алу құқығын берген еді. Бұл жағдай Түркістандағы автономия құрылымына да әсер етті.

Алайда, большевиктер билікке келгеннен кейін Түркістан автономиясының болашағы сұрақ астында қалды.

Мұстафа Шоқай мен оның серіктестері Түркістанның толық тәуелсіздігі үшін күрескенімен, Кеңес өкіметі өз саясатын жүргізіп, Түркістанды өз құрамына қосу үшін әрекеттерін жалғастырды. 1918 жылдың басында Түркістан автономиясы мен Кеңес үкіметінің арасында үлкен саяси шиеленіс орнады. Кеңес өкіметінің ұлттық мәселелерге қатысты қабылдаған декреттері мен іс-шаралары Түркістанның тәуелсіздігіне қауіп төндірді. Кеңес өкіметі Орта Азияда өзінің бақылауын орнату үшін Түркістанды РСФСР құрамына қосып, 1924 жылы Түркістан автономиясы жойылды.

Қорыта келгенде, Түркістан автономиясының құрылуы Ресейдегі 1917 жылғы төңкеріс нәтижесінде жүзеге асқан тарихи оқиға болды. Бұл Түркістан халқының ұлттық тәуелсіздікке ұмтылысының көрінісі ретінде үлкен маңызға ие болды. Мұстафа Шоқай мен оның серіктестері Түркістанның автономиясын құру үшін үлкен күш-жігер жұмсағанымен, Кеңес өкіметінің билікке келуі Түркістанның болашағына айтарлықтай әсер етті. Түркістан автономиясының құрылуы Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің орталықтандырылған басқару жүйесіне қарсы тұрып, ұлттық тәуелсіздік пен автономия идеяларын жақтаушылар үшін үлкен саяси тәжірибе болды.

Әдебиет

1. Шоқай М. Түркістан мен Түркістан халықтарының тарихы. - Алматы: Қазақ университеті, 1995.
2. Сүлейменов А. -*Қазақстан тарихы: Түркістан автономиясының қалыптасуы мен оның саяси мәні.* - Алматы: Дәуір, 2000.
3. Түркістан қозғалысы: Мұстафа Шоқай және оның ізбасарлары. – Түркістандағы саяси өзгерістер. - Алматы, 2004.
4. Ташбаев К. *1917 жылғы Ақпан төңкерісі және оның Түркістанға әсері.* - Ташкент, 2006.

УДК 930.2+94 (470 + 575.1)

**Метод oralhistory (устная история): инновация и перспективность
в современных исторических исследованиях**

Сабиров Алишер Турсунович,
доктор истор. наук, профессор,
Ташкентский государственный
педагогический университет
им. Низами (Ташкент, Узбекистан)

Түйіндеме

Бұл мақалада қазіргі ауызша тарих зерттеулеріне аналитикалық шолу жасалады. Автор ауызша тарихтың орны мен ролін өлке үшін тарихи зерттеудің жаңашыл және болашағы зор әдістерінің бірі ретінде қарастырады. Автор Орталық Азиядағы ауызша тарих тәжірибесі айтарлықтай қарапайым болып қала беретінін атап көрсетеді; Орталық Азия мемлекеттерінің тарих ғылымы бағыт және зерттеу әдісі ретінде ауызша тарихты ғана меңгеруде. Сонымен бірге бұл әдістің тарихи зерттеулердің даму болашағы зор.

Abstract

The article provides an analytical overview of contemporary oral historical research. The author considers the place and role of oral history as one of the innovative and promising methods of historical research for the region. The author emphasizes that the experience of oral history in Central Asia is still quite modest, and the historical science of the Central Asian states is only mastering oral history as a direction and research method. At the same time, this method has significant prospects for the development of historical research.

В современном мире, когда активно разрабатываются подходы и методы гуманитарных исследований, важное место занимает устная история, которая, заполняя лакуны в традиционном корпусе источников, не менее реалистично и объективно может реконструировать прошлое и даже подвергать сомнению “официальную версию” происшедших событий.

Несмотря на то что о значимости устных свидетельств для историка говорили и писали исследователи XIX – начала XX в.[1], до недавнего времени главным занятием ученого, работающего с прошлым, считалась работа с документами, которая рассматривалась как символ профессионализма. Устная же история находилась под подозрением как «далекая от репрезентативности и пресловутой научной объективности...» [2, с. 170].

Ее признание в качестве полноценного научного метода и самостоятельного исследовательского направления произошло только к середине XX в. [3, с. 16]. Современная наука рассматривает устную

историю, которая начала формироваться в конце 60-х гг. XX в.[4]. как особую сферу научных исследований[5, с. 8].

Устная история- метод и источник исторического исследования, путем сбора воспоминаний живущих людей. “Благодаря динамичным записанным интервью устная история сохраняет истории людей, которые помогали создавать ткань истории и чьи жизни, в свою очередь, формировались людьми, местами, событиями и идеями того времени”[6].

Английский исследователь устной истории Пол Томпсон, указывал, что “Устная история — это интервьюирование очевидцев прошлых событий с целями исторической интерпретации и реконструкции” ...это записанная на магнитофон историческая информация, полученная из личных знаний говорящего; ее использование или интерпретация является предметом научного исследования”[7, с. 23].

В целом, в зарубежной школе устной истории присутствует мнение, что *oralhistory* предполагает систематический подход, отвечающий высоким академическим стандартам и процедурам[8, с. 81].

В западных странах, устно-исторические исследования нацелены на воссоздание истории «снизу-вверх». То есть история простых людей, женщин, рабочего класса, фермеров, национальных меньшинств, микроистория, история повседневности. Характерной чертой этих работ является стремление историков пересмотреть сложившиеся научные представления о социальных отношениях, восполнив историческую картину за счет реконструкции реального взаимодействия людей, их поведенческих практик методом глубинного интервьюирования[9].

Под влиянием российской научной школы в Центральной Азии формируется незначительный, но характерный компонент устной истории, который постепенно превращается в разностороннюю и мультидисциплинарную сферу науки.

Здесь можно отметить работы кыргызских исследователей по новейшей истории Кыргызстана, где авторы применили метод сравнения устных и письменных источников [10].

В ряде работ таджикских специалистов устная история рассматривается через новый тип исторического исследования - “женскую устную историю”, посредством устных рассказов передается историческая фиксация времени “мира социализма”, как идеологии, с позиций женщин в процессе её движения [11].

В плане конкретных исследований “*oralhistory*” следует отметить проекты казахских историков по современной трактовке философии Алаш Орды в среде казахской диаспоры за рубежом, полученной методом устной истории[12]. Интересный международный опыт практических устно-исторических

исследований в изучении воспоминаний депортации народов в Казахстан, в 30-50-е годы прошлого столетия [13], а также в анализе уникальной информации – память воинов - “афганцев” из Казахстана, Таджикистана и Узбекистана, принявших непосредственное участие в военных действиях в Афганистане в ходе десятилетней войны [14].

С конца 1950-х годов в историографии Узбекистана, появляются новые работы, где исследователи пытаются применить собранные ими устные воспоминания персоналий [15]. Позже, в своих научных исследованиях широко применял устные источники профессор Х.З. Зияев, особенно по истории национально-освободительного восстания 1916 г. и истории жизни сибирских узбеков [16]. Имеется опыт историков, использовавших устные воспоминания в исследованиях истории антисоветского, повстанческого движения в Средней Азии [17]. В качестве удачного образца использования методов устной истории в исследовании гендерной проблематики можно назвать работу профессора Университета Индианы (США) Марианн Камп “Новая женщина Узбекистана” и сборник воспоминаний Марфуа Тохтаходжаевой “XX век глазами женщин Узбекистана” [18].

На взгляд автора, инновационность данного метода характеризуется своей спецификой. Устно-историческое исследование, это, во-первых, научно-методическое обеспечение опроса (научные программы, научные проекты, научные вопросники, возможные научные гипотезы). Во-вторых, это выполнение обязательного условия, состоящего в информационно-компьютерном обеспечении фиксации и хранения информации. В-третьих, обязательное документирование и архивирование исторического интервью, создание “устных исторических источников” и “устных архивов” с выполнением требований государственных стандартов.

Современная форма устно-исторического документа – это запись человеческого голоса. Документ должен содержать информацию на звуковом носителе, либо в транскрибированной форме. При этом важно не столько зафиксировать материал, предоставленный информантом, сколько услышать, как говорят носители языка. Интерпретируя устный источник, исследователь может дать ту трактовку, какую сумел прочувствовать, насколько глубоко смог понять эпоху и её героев, уловить их настроение [20. с.52].

Представляется интересным уже сам комплекс наработок в отношении проблемы «интервьюируемый – интервьюер» в контексте ценности материала для проекта, носящий психологическо-коммуникативный характер. Метод устной истории позволяет “услышать голоса тех простых людей и тех сторон жизни, которые прежде не являлись предметом специального исторического исследования” [21, с.216]. А это требует от исследователя определённых психологических навыков [22]. А именно, основ

психологического такта, построения равноправных отношений с респондентом, умения вызвать доверие и создание благоприятного климата отношений в диаде “интервьюер - респондент”.

В современный период, в странах Центральной Азии исследователи задействовали, пока лишь малую часть ее глобального потенциала. Исследования в этой области все еще ограничены национальными границами и сдерживаются профессиональными и культурными барьерами, а также сохранением консервативных взглядов на сущность самого исторического источника.

Однако опыт исследований по устной истории свидетельствуют, что открываются интересные перспективы. Применение метода “oral history” позволяет расширить междисциплинарные внутрирегиональные исследования. Появляется дополнительное поле для коллаборации между историками региона. Новые методы позволяют пересмотреть результаты традиционного исторического анализа, способствуют объективной оценке, их более четкому методологическому обоснованию.

Литература

1. См.: Мишле Ж. Народ. М.: Наука, 1965. 208 с.; Он же. История XIX в.: В 3 т./Под ред. М. Цебриковой. СПб.: Тип. Ф.С. Сущинского, 1883–1884. 1020 с.; Вебб Б. Кооперативное движение в Англии / Пер. с англ. Н. и С. Алексеевых. СПб.: Изд-во И. Балашова, 1905. 215 с.; Вебб С., Вебб Б. История тред-юнионизма/ Пер. под ред. В. Яроцкого с пересмотр. и доп. издания 1920 г. 4-е изд. Вып. 1–4. М.: Изд-во ВЦСПС, 1922–1925. 518 с.

2. Пушкарева Н.Л. Устная история и гендерная история: сближение и перспективы развития//Общественные науки и современность. 2012. № 1.

3. Шмидт С.О. Предпосылки «устной истории» в историографической культуре России//Реализм исторического мышления. Проблемы отечественной истории периода феодализма: Чтения, посв. памяти А.Л. Станиславского (Москва, 27 января – 1 февраля 1991 г.). М.: МГИАИ, 1991.

4. См.: Thomson A. Unreliable Memoires? The Use and Abuse of Oral History // Historical Controversies and Historians / ed. by W. Lamont. Sussex. - 1998; Томпсон П. Голоспрошлого. Устная история. – М.: «Весь Мир», 2003; Jan Vansina Oral Tradition as History. London, 1986; Вансина Я. Устная история и устная традиция// Хрестоматия по устной истории. – СПб: изд-во ЕУСПб, 2003. – С.66–109; A. Portelli The Death of Luigi Trastulli and Other Stories: Form and Meaning in Oral History Albany: State University of New York Press, 1991; Щеглова Т.К. Устная история: учеб, пособие. - Барнаул: АлтГПА, 2011.

5. Кісь О. Усна історія: становлення, проблематика, методологічні засади// Україна модерна. 2007. No 11.

6. Institute for Oral History, Baylor University, Texas // Электронный ресурс: http://www.baylor.edu/oral_history (Дата обращения 21.03.2025г.).

7. Thomson A. Unreliable Memoires? The Use and Abuse of Oral History // Historical Controversies and Historians / ed. by W. Lamont. Sussex, 1998.

8. Brian Calliou. Methodology for Recording Oral Histories in the Aboriginal Community// Native Studies Review 15, no.1. 2004.

9. Более подробно см.: Лоскутова М.В. Устная история Великобритании и США в 1900-х-начало 2000 гг.: обзор основных тенденций и исследований // Устная история (oralhistory): теория и практика: Материалы всеросс. науч. семинара (Барнаул, 25-26 сентября 2006 г.) – Барнаул: БГПУ, 2007. - С.176-197.

10. См.: Кокайсл П., Усманов А. История Кыргызстана глазами очевидцев (начало 20 века). – Praha: Nostalgie, 2012. – 280 с.; Арапова Э.Б. Невозможное возможно. Женские устные истории. - Бишкек: изд-во Фонда «Сорос-Кыргызстан», 2005. - 120 с.; Мещеркина Е. Качественные методы в гендерной социологии // Воспоминания женщин: устные истории переходного периода. Теория и практика. Сб.статей– Бишкек: Фонд «Сорос-Кыргызстан», 2001. - С.255-294.

11. См. Кабилова Б., Халимова Н. Устные истории женщин Таджикистана. – Душанбе: «Матбуот», 2003. - 264 с.; Кабилова Б. Женские песни как устные истории//Современные проблемы гендерных исследований в Таджикистане: Материалы респ.научно-практич. конф. (Душанбе, 21–22 октября 2002). Душанбе: Таджикский филиал ин-та «Открытое общество»–Фонд содействия, 2002. С. 115–118; МягкаяЛ. Жизнь как судьба, или Устные истории пожилых русскоязычных женщин Таджикистана. Душанбе: Ифрон, 2003. - 168 с.

12. Сөнбесін от алауы. - Под редакцией Б.Ракишевой, А.Сарым, Астана: НЭС АНК, 2011. - 208 с.

13. Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории» (интервью с пострадавшими от депортаций в 1930-50 годы в Казахстане) // под общ ред.: Б. Ракишевой. (Серия «Устная история»). – Астана: Исслед. ин-т «Общественное мнение», 2013 год. - 683 с.

14. Память из пламени Афганистана: Интервью с воинами-интернационалистами Афганской войны 1979-1989 годов / Под ред. М.Ларюэль, Б.Ракишевой, Г.Ашкеновой. В 3-х кн. Казахстан. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016.

15. См.:Октябрьская социалистическая революция и гражданская война в Туркестане. Воспоминания участников. Редколлегия М.Ю. Юлдашев (гл.ред.), С.С. Черник, Э.А. Воскобойников. - Ташкент: Госиздат УзССР, 1957. - 604 с.; В боях за

советскую власть в Ферганской долине. Воспоминания участников Октябрьской революции и гражданской войны 1917-1923 гг. Отв. ред.: Х. Турсунов. Вып.1. – Т.: изд-во АН УзССР, 1957. - 208 с.

16. См. Зияев Х. Участники восстания 1916 года в Ферганской долине. Ташкент: «Фан», 1976. – 72 с.; Он же. Ўзбекистон мустақилиги учун курашларнинг тарихи. Тошкент: «Шарк», 2001 - 448 б.; Он же: Туркистонда Россия тажовузи ва хукмронлигига қарши кураш. Тошкент: «Шарк», 1998. – 477 б.; Он же. Воспоминания – важный источник исторических исследований (из опыта интервьюирования участников восстания 1916 г. и сибирских узбеков) // Устная история в Узбекистане: теория и практика: сб. матер-лов конф. Вып. I. / отв. ред. Р.М. Абдуллаев. Ташкент: Институт истории АН РУз, 2011. - С. 140-150.

17. См.: Ражабов Қ. Фарғона водийсидаги истиқлолчилик ҳаракати: моҳияти ва асосий ривожланиш босқичлари (1918 – 1924 йиллар). – Тошкент: Yangi nashr, 2015. – 240 б.; Он же. Вооруженное движение в Туркестане против советского режима (1918-1924). BeauBassin [Mauritius]: LAPLAMBERTAcademisPublishingPU, 2018. – 224 с.; Он же. Туркистон Мухторияти вазирлари ҳамда Миллий Мажлис аъзолари ҳаёти ва тақдири. –Тошкент: “Bodomzor invest”. 2021. - 92 б.

18. Kamp M. The new Woman in Uzbekistan. Islam, Modernity. And unveiling under communism.-Seattle-London: University of Washington Press, 2006.- 332p.; XX век глазами женщин Узбекистана/собираетелъ первич. материала, авт. предисл., заключения, глоссария и примеч. Марфуа Тохтаходжаева. -М.: Наталис, 2008. – 312 с.

19. См.:Розенталь Г. Реконструкция рассказов о жизни: принципы отбора, которыми руководствуются рассказчики в биографических нарративных интервью // Хрестоматия по устной истории. – СПб: изд-во ЕУСПб, 2003. – С.328-329; Томсон А. Легенда об АНЗАКе: исследуя национальную мифологию и память в Австралии. // Хрестоматия по устной истории - С.200-201; Портелли А. Особенности устной истории. // Хрестоматия по устной истории. - СПб., 2003. - С. 47-49.

20. Крапоткина И.Е. Использование устных источников в современных исследованиях//Международный научный журнал «Символ науки». – 2016. - №10-3.

21. Никитина Д. Проблемы устной истории на VII Международной конференции // История СССР. - 1990. - № 6.

22. См.: Хлынина Т.П. Устная история как междисциплинарная практика//«Стены и мосты»:междисциплинарные подходы в исторических исследованиях: материалы Международной научной конференции, Москва, РГГУ, 13—14 июня 2012 г./Отв. ред. Г.Г. Ершова, Е.А. Долгова. - М.: Совпадение, 2012. - С.143-152.

ӘОЖ 94(574)

**Қазақстанда неміс диаспорасының қалыптасу тарихы және
бүгінгі жағдайы**

Теңізбай Әл-Фараби, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается история становления немецкой диаспоры в Казахстане.

Abstract

The article examines the history of the formation of the German diaspora in Kazakhstan.

Қазіргі таңда Қазақстандағы немістер елдің қоғамдық, экономикалық және мәдени өміріне белсене араласуда. Қазақстан аумағында тұратын этникалық қауымдастықтардың бірі қазақстандық немістердің саны 200 мыңға жуық. Неміс диаспорасы өздерінің мәдени мұрасын сақтауға ерекше мән береді. Қазақстанда неміс мәдени орталықтары жұмыс істейді, оның ішінде "Возрождение" неміс қоғамы белсенді түрде қызмет атқарады. Сонымен қатар неміс тілі оқытылатын мектептер мен курстар бар. 80-ші жылдардың екінші жартысында Кеңестер Одағында жариялылық кезеңі бел алды. Бұл цензура әлсіреп, көптеген құпиялардың, соның ішінде кеңестік немістер туралы да біраз сырдың басы ашыла бастаған кез еді. «Neues Leben», «Freundschaft» және «Rote Fahne» сияқты неміс газеттері көптеген жылдан бері алғаш рет проблемалар туралы ашық айта бастады. Немістердің көпшілігі лютерандық және католиктік христиан дінін ұстанады. Қазақстанда неміс қауымдастықтарының шіркеулері жұмыс істейді, діни мерекелер атап өтіледі.

Қазақстан аумағындағы неміс халқының қалыптасуы бірнеше тарихи кезеңдерге бөлінеді:

1. XIX ғасырдың соңы–XX ғасырдың басы: Немістер Қазақстанға негізінен Ресей империясының ішкі саясатына байланысты қоныс аударды. 1763 жылы Ресей патшайымы Екатерина II немістерді Ресей жеріне шақыру туралы жарлық шығарды. Олар негізінен Еділ бойына (Волга өңірі) орналастырылды. Алайда XIX ғасырдың аяғына қарай кейбір немістердің Қазақстанға көшуі басталды. Алғашқы немістер қазіргі республиканың территориясында XVIII ғасырдың аяғында империяның көп жерлерді шығыс және оңтүстік шетіне ішкі орыс көші-қон қозғалысына белсенді қатыса бастағанда пайда болды. Қазақстандағы алғашқы неміс ауылы 1885 жылы құрылған Рождественское (Фриденсфельд) болып саналады [1,34].

Алғашқы колонияларға Мариенбург пен Фриденстал жатады. 1905-1911 жылдардағы Столыпин реформасы кезеңінде Қазақстанның

солтүстігінде оншақты неміс елді мекендері: Александртал, Алтенау, Кенигсгоф, Пруггергоф болды. 1930 жылдары немістер Қазақстанға Украина, Қырым, Еділ бойы, Ленинград облысы және Әзірбайжаннан келе бастады. Негізінен бұлар кулактардың мүлкін тәркілеу және қуғын-сүргін нәтижесінде айдалған шаруалар еді. Іргелі тұру және ішкі өзін-өзі басқару жағдайында ресей немістері өзіндік мәдениеті, әдет-ғұрпы мен дәстүрі бар халық ретінде дамыды.

2. Сталиндік депортация (1941 жыл): Қазақстандағы неміс халқының басым бөлігі 1941 жылы КСРО үкіметінің шешімімен күштеп қоныс аударылған немістерден тұрды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, Кеңес билігі Еділ бойындағы неміс автономиясын жойып, онда тұратын немістерді Қазақстан мен Сібірге депортациялады. Сол кезеңде 1 миллионға жуық неміс Қазақстанға көшірілді.

Еділ Немістерінің Автономиялық Республикасын жою, Еділ бойындағы, Украинадағы, Әзірбайжандағы, Ленинград облысында және басқа жерлерде неміс ауылдарын қирату, мыңдаған жазықсыз адамдарды жер аудару және физикалық тұрғыдан жою сталиндік репрессияның бүкіл халықтардың құрбанына айналған әрекеттері үшін заңды да, моральдық негіздемесі де жоқтардың бірі. Ресей немістерін Кеңес Одағы мен Кавказдың еуропалық бөлігінен жер аудару 1941 жылдың шілдесінде басталып, бірнеше кезеңдерден өтті. 1941 жылы тамызда немістер Қырым түбегінен қуылды, ал жер аудару ұрыс қимылдары салдарынан қауіпті аймақтан көшіру деген желеумен жүзеге асырылды. Содан кейін неміс халқы Украина мен Еділден жер аударылды. 1941 жылы 28 тамызда «Еділ бойында тұратын немістерді қоныстандыру туралы» Жарлық жарияланды.

Калинин мен Горкиннің қолдары қойылған бұл құжатта: «Әскери билік органдары алған сенімді мәліметтерге сәйкес, Еділ бойында тұратын неміс тұрғындарының арасында мыңдаған диверсанттар мен тыңшылар бар, олар Германияның белгісі бойынша Еділ немістері қоныстанған жерлерде жарылыс жасауы керек». Осылайша, кейбір заңды негіздердің көріністерін келтіре «Еділ бойындағы бүкіл неміс тұрғындарына қатысты жазалау шаралары қолданылды».

Жарлық шыққаннан кейін республиканың неміс тұрғындары Қазақстан және Орта Азияға жеткізілді. Осы жарлыққа сәйкес 1941 жылдың қыркүйек—қазан айларында 446 480 жер аударылды кеңестік немістер (басқа мәліметтер бойынша 438 280 И.Флейшауэр мен Б.Пинкус келтірген мәліметтер бойынша 1945-1946 жылдары Қазақстанда 530 мыңға жуық немістер өмір сүрген.

Немістердің Қазақстандағы тұрғылықты жері негізінен Қарағанды, Қостанай, Целиноград, Павлодар, Семей, Көкшетау, Жамбыл облыстары болды. Ресейлік немістерді бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтару туралы мәселе ұзақ уақыт бойы көтерілген жоқ.

1948 жылғы 26 қарашада шыққан Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығына сәйкес шешендер, қалмақтар, финндер, латыштар сияқты немістер де «оларға мәңгілікке берілген аудандарға қоныс аудару», олардың «тұрғылықты жерлерінен ПМ арнайы рұқсатынсыз кетуі» үшін «20 жылға дейінгі ауыр жұмыспен» жазаланатын.

3. Соғыстан кейінгі кезең (1950-1980 жж.): Соғыстан кейінгі жылдары немістердің көпшілігі арнайы қоныстанушылар мәртебесінде болып, түрлі шектеулерге ұшырады. Олар негізінен тың игеру жылдарында белсенді түрде жұмыс істеп, елдің экономикалық дамуына үлкен үлес қосты.

1955 жылы 13 желтоқсанда "Арнайы қоныс аударудағы немістер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайындағы шектеулерді алып тастау туралы" Жарлық қабылданды. Осы кезден бастап неміс ұлтының КСРО азаматтары қоныс аударған немістердің жинақы тұратын елді мекендеріндегі басшылық лауазымдарға және бақылау органдарына тағайындала бастады.

1956 жылға дейін немістердің басым көпшілігі тұрғылықты жерлерінде арнайы қоныста болған және оларды ай сайын комендатурада атап өтуге тура келген. Бұған ерекшелік негізінен 1941 жылға дейін КСРО-ның Азия бөлігінде өмір сүрген және шығарылмаған немістер болды. 1946-1951 жылдары бұл немістер тұрғылықты жері бойынша арнайы қоныстарды тіркеуге алды.

1939-1989 жылдар аралығында халық санағы бойынша КСРО-дағы немістер саны 1 миллион 400 мың адамнан 2 миллион 40 мың адамға дейін өсті.

Құндылықтар жеке тұлғаның ішкі қасиеттерін, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

- **Моральдық дамуға әсері:** Құндылықтар оқушылардың адалдық, әділдік, жауапкершілік және жанашырлық сияқты моральдық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

- **Өзін-өзі тану:** Құндылықтарды үйрену арқылы оқушылар өздерінің ішкі әлемін зерттеп, өмірдегі мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

- **Әлеуметтік бейімделу:** Құндылықтар арқылы оқушылар қоғамда өз орнын тауып, айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатады [1].

- **Көшбасшылық қабілет:** Құндылыққа негізделген тәрбие оқушылардың тұлғалық қасиеттерін жетілдіріп, олардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жаһандану дәуіріндегі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар

Жаһандану заманында құндылықтарға негізделген білім беру ұлттық мәдениетті сақтай отырып, оқушылардың әлемдік қауымдастыққа бейімделуін қамтамасыз етеді.

- **Ұлттық құндылықтар:** Тіл, дәстүр, мәдениет және отан сүйгіштік сезімін қалыптастыру арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту.

- **Жалпы адамзаттық құндылықтар:** Толеранттылық, адам құқықтарын құрметтеу, экологиялық сана және бейбіт өмір сүру дағдыларын дамыту.

- **Гармония:** Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып, оқушылардың жаһандық көзқарасын қалыптастыру.

- **Мәдениет аралық қарым-қатынас:** Басқа мәдениеттерді құрметтей отырып, өз ұлттық тамырын сақтау [3].

Құндылықтарды оқытуда жобалық әдіс білім алушыларды белсенді әрекетке тартып, құндылықтарды нақты тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

- **Жобалық оқыту:**

- Оқушылар нақты мәселені шешуге бағытталған жобаларға қатысады. Мысалы, экологиялық мәселелерді шешу жобасы арқылы табиғатты қорғау құндылығы қалыптасады.

- Жобалар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, жауапкершілік, ынтымақтастық және көшбасшылық сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

- **Тәжірибелік әрекет:**

- Құндылықтарды тәжірибе арқылы меңгеру олардың өмірлік маңыздылығын терең түсінуге ықпал етеді.

- Мысалы, қоғамға қызмет көрсету жобалары (волонтерлік) арқылы мейірімділік, жанашырлық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты құндылықтар бекітіледі.

- Құндылықтарды сіңіруде интерактивті әдістер оқушылардың белсенді қатысуы мен қарым-қатынасын дамытады[2].

- **Рөлдік ойындар:**

- Оқушыларға белгілі бір өмірлік жағдайды бейнелеу ұсынылады, мысалы, қақтығысты бейбіт жолмен шешу. Бұл әдіс эмпатия мен толеранттылықты дамытуға ықпал етеді.

- **Дебаттар:**

- Оқушылардың белгілі бір мәселе бойынша пікір таласқа қатысуы олардың өз көз қарасын қорғауға, сонымен қатар басқалардың пікірін құрметтеуге үйретеді.

- Моральдық және этикалық мәселелерді талқылау арқылы әділдік пен адамгершілік құндылықтары бекітіледі.

- **Кейстер әдісі:**

- Оқушыларға шынайы өмірден алынған этикалық дилеммалар ұсынылады. Олар мәселені талдап, өз шешімдерін ұсынады, бұл олардың аналитикалық және моральдық ойлау қабілетін дамытады.

- Құндылықтарға қатысты қысқа метражды фильмдер, анимациялар және бейнежазбалар көрсету оқушылардың назарын аударып, эмоционалдық әсер береді [4].

Құндылыққа негізделген білім беру жүйесі оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына ерекше ықпал етеді.

- **Рухани даму:**

- Білім беру мазмұнына рухани және этикалық құндылықтарды енгізу оқушылардың ішкі әлемін байытып, өмірлік мақсаттарын айқындауға көмектеседі.

- Мейірімділік, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтар оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады.

- **Тұлғалық өсу:**

- Құндылықтарды меңгеру нәтижесінде оқушылардың өзіне деген сенімі артып, өзін-өзі бағалауы жақсарады.

- Оқушылардың қарым-қатынас дағдылары, әлеуметтік белсенділігі және көшбасшылық қасиеттері дамиды.

- Құндылыққа негізделген білім беру ұлттық құндылықтарды сақтауда және оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

- **Ұлттық сана:**

- Оқушылардың өз халқының тарихы мен мәдениетін түсінуі және құрметтеуі ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етеді.

- Тіл, дәстүр, өнер сияқты ұлттық мұраларды меңгеру арқылы патриоттық сезім күшейеді.

- **Ұрпақ сабақтастығы:**

- Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды біріктіру арқылы ата-баба мұрасын сақтау және оны келесі ұрпаққа жеткізу қамтамасыз етіледі.

- Оқушылардың рухани тәрбиесіне баса назар аудару отбасы, мектеп және қоғам арасындағы тәрбиелік байланысты нығайтады [4].

Қазақстанның білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген арнайы бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

- **Орта мектептерде:**

- «Өзін-өзі тану» пәні оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Бұл пән арқылы мейірімділік, әділдік, жауапкершілік және ынтымақтастық құндылықтары оқытылады.

- «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары оқушылар арасында патриоттық тәрбиені насихаттайды.

- **Жоғары оқу орындарында:**

- Университеттерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық мәдениет пен құндылықтарды зерттеу бағыттары бойынша курстар енгізілген.

- Әлеуметтік жобалар, еріктілер қозғалысы және жастар клубтары құндылықтық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады.

- **Тәрбиелік іс-шаралар:**

- Мектептер мен ЖОО-ларда ұлттық мерекелерге, тарихи даталарға арналған іс-шаралар өткізіледі. Бұл оқушылар мен студенттердің тарихи және мәдени мұраларға деген құрметін қалыптастырады.

Құндылыққа негізделген білім беру – тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған заманауи білім беру жүйесінің іргетасы. Ол білім алушыларды тек академиялық тұрғыдан дамыту ғана емес, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды да мақсат етеді. Бұл жүйе арқылы оқушылар:

- Рухани дамиды: Мейірімділік, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды бойына сіңіре отырып, олар ішкі үйлесімділік пен моральдық ұстанымдарға ие болады.

- Әлеуметтік бейімделеді: Құндылықтарға негізделген тәрбие оқушыларды қоғамның белсенді әрі жауапты мүшесі ретінде қалыптастырады [5].

- Тұлғалық қасиеттерін дамытады: Өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау және көшбасшылық қабілеттері артады.

- Ұлттық мәдениетті құрметтейді: Ұлттық құндылықтар мен мәдениетке деген сүйіспеншілік, оны сақтау мен насихаттау сезімдері қалыптасады.

Әдебиет

1. Құдайбергенова Ә.М. "Рухани-адамгершілік білім берудің негіздері". Алматы: Білім, 2015.
2. Ахметова Қ. "Қазақ халқының рухани құндылықтары". Алматы: Атамұра, 2010.
3. Сейітқазы А. "Ұлттық тәрбие–ұлт болашағы". Нұр-Сұлтан: Руханият, 2018.
4. Бектұрғанова Г. "Құндылыққа негізделген білім беру әдістемесі". Шымкент: Дәстүр, 2019.
5. Мұхамедқали Қ. "Жалпы адамзаттық құндылықтар және тәрбие". Алматы: Мектеп, 2013.
6. World Bank. "Integrating Values in Education Systems". Washington DC: World Bank Publications, 2015.

Интернет сілтемелер

1. "Рухани жаңғыру" бағдарламасының ресми сайты ruh.kz
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі edu.gov.kz
3. ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы құндылықтарды дамыту бағдарламалары unesco.org

ӘОЖ 658 (075)

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау жолдары

Молдабекова А.Ш., э.ф.к., доцент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
(Тараз қаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается финансовое состояние предприятия возможность финансового обеспечения собственной деятельности предприятия и способы описания ликвидности и платежеспособности предприятия величиной собственных оборотных средств, коэффициентами ликвидности.

Abstract

This article examines the financial condition of an enterprise, the possibility of financial support for its own activities, and ways to describe the company's liquidity and solvency in terms of its own working capital and liquidity ratios

Қаржылық жағдайды талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды: жабдықтау, өндірістік және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды. Кәсіпорынның қаржылық қызметі – бұл оның осы қызмет

нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы арақатынастың рационалдығына, сондай – ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі, көбінесе оның өндірістік–сату көрсеткіштерімен анықталады. Кәсіпорынның өзі алатын төлемдерді және ақша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына, алдын ала қарастырылған сұрыпталымды ұстап тұруына, өнім сапасының қажетті деңгейге сәйкестігіне және оны бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады [1,178 б.].

Жоғары сапалы өнімді үздіксіз өндіру және өткізу кәсіпорынның қаржылық ресурстарының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Өндіріс процесінде өнім сапасының төмендеуі және оны сатудың қиындықтары кәсіпорын шотына ақша қаражаттарының келіп түсуіне кедергі жасайды, нәтижесінде кәсіпорынның төлеу қабілеті төмендейді. Кері байланыс та бар, ол ақша қаражаттарының болмауы материалдық ресурстардың келіп түсуінің іркілісіне, демек өндіріс процесінің тоқтауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Шығындар көлемі өндіріс процесінің тиімділік деңгейімен анықталады. Олардың тиімділігі қаншалықты көп болса, кәсіпорын өнімді өткізу көлемін сақтай отырып ресурстарды, соның ішінде қаржылық ресурстарды соншалықты аз жұмсайды. Және керісінше, шикізат пен материалдар мен шығындарының нормасының өсуі, еңбек өнімділігі деңгейінің төмендеуі, басқа да ресурстарының мөлшерден тыс жұмсалуды және өндірістік емес шығындар қосымша қаржы қаражаттарының қажеттілігіне себепші болады. Еңбек және материалдық ресурстар шығыны ең алдымен өнімнің өзіндік құнында, содан соң табыста талдап қорытылады. Соңғы айтылған көрсеткіштің көлемі кәсіпорынның өзіндік қаражаттарының көлемін өзгерте отырып, оның жалпы қаржылық жағдайында елеулі көрініс табады.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің қалыпты болуы әсіресе өз кезеңіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызады, оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Дебиторлық борыш неге мұнша көп өскендігін және бұл бапты не үшін түсіндіру керектігін зерттеп, қарыздарды өтеудің болашағын бағалау және егер болған жағдайда олардың құрамындағы күмәнді қарыздарды анықтау қажет. Кейбір қолма – қол ақшалардың кемуі едәуір дебиторлық борыштың салдары болып табылады. Алайда, айта

кеткен жөн, ақша қаражаттарының бір бөлігі есеп есепті жылы ұзақ мерзімді инвестицияларға бағытталған.

Өтімді емес, өтімділігі төмен тауарлы–материалдық құндылықтардың бар болуы, дебиторлық борыштың әсіресе, оның күмәнді бөлігінің үлкен мөлшерде болуы айналым қаражаттарының айналымдылығының бәсеңдеуіне әкеліп соқтырады және кәсіпорынның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Осылайша, мүліктің және ағымдағы активтердің мобильдігінің өскеніне қарамастан, кәсіпорын басшылығы оның құрамындағы өзгерістердің негізділігін және оның себептерін бағалауы қажет, сондай – ақ кәсіпорынның ағымдағы активтерінің жалпы сомасында маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналатын және оның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын дебиторлық борышты талдауға басты назар аударуы қажет.

Айта кеткен жөн, кәсіпорынның қаржы жағдайына дебиторлық борыштың нақты бар болуы емес, оның көлемі, қозғалысы және түрі, яғни бұл борыштың пайда болу себебі әсер етеді. Дебиторлық борыштың пайда болуы кредиторлық борыш сияқты ақшаны аудару арқылы есеп айырысу жүйесі кезеңіндегі шаруашылық қызметтегі объективті процесс болып табылады. Дебиторлық борыш барлық уақытта есептеулер тәртібінің бұзылуы нәтижесінде туындап, барлық уақытта да қаржылық жағдайды нашарлатады деуге болмайды. Сондықтан да, оны меншікті қаражатты толығымен айналымнан шығару деп есептеуге болмайды, өйткені оның бір бөлігі банктік несиелендірудің нысаны болып табылады да кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне ешбір ықпал етпейді.

Кәсіпорынның дебиторлық борышы қалыпты және өтелмеген болып екіге бөлінеді. Өтелмеген дебиторлық борышқа, төлеу мерзімі өтіп кеткен есеп айырысу құжаттары бойынша тиеліп жіберілген тауарлар үшін қарыздар жатады. Өтелмеген дебиторлық борыш айналым қаражаттарының заңсыз бұрмалауын және қаржы тәртібінің бұзылуын көрсетеді. Осыған байланысты талдаушы оның құрылымын зерттеу негізінде өтелмеген дебиторлық борышты анықтауы тиіс.

Дебиторлық борыштың құрамы мен құрылымымен толық танысыпшыққаннан кейін оны нақты құны бойынша бағалау керек. Себебі дебиторлық борыштың барлығы бірден өндіріліп алмауы мүмкін. Оның қайтарымдылығы өткен тәжірибенің, сондай–ақ ағымдағы жағдайлардың негізінде анықталады. Бухгалтерлік тәуекелдің мәні, сол өткен кезең тәжірибесі болашақтағы зиянға сай келмеуі мүмкін немесе ағымдағы жағдайлар толығымен ескерілмей қалуы мүмкін. Нәтижесінде зияндар елеулі дәрежеде болады. Талдаушы дебиторлық борыштың қайтарылу ықтималдылығын анықтаудың және оны дайындаудың дұрыстығы мен нақтылығын білуі керек.

Қарыздардың қайтарылмау пайызы бірнеше жылдардың орташа

мәліметтері бойынша есептеледі. Мысалы, есептеу үшін 3 жылдың мәліметтері алынған, олар: 1,9%, 3,3% және 6,8%-ды құрайды. Үш жыл үшін дебиторлық борыштың қайтарылмауының орташа пайызының 4,0%-ға тең. Нақты жағдайларды ескеру қажет, мысалы, қайтарылмайтын пайызының байқалған өсу бағытын. Сондықтан, келесілерді зерттеу қажет:

-бір немесе бірнеше негізгі қарыз тұлғалардың үлесіне қайтарылмайтын дебиторлық борыштың қанша пайызы келеді (бұл пайыз қайтарылмайтын қарыздың шоғырлануын сипаттайды);

-негізгі қарыз тұлғалардың ішінде біреуінің борышты төлемеуі, кәсіпорынның қаржы жағдайына әсер ете ме;

-қалыптасу мерзімі бойынша дебиторлық борышты қалай бөледі;

-ескі вексельдерді ұзарту дебиторлық борыштағы вексельдердің қандай үлесін көрсетеді;

-тұтынушының пайдасына жеңілдіктер (бағасын кеміту) мен басқа да жағдайлар есепке алынған ба, мысалы, оның өнімді қайтару құқы.

Дебиторлық борыштың өтімділік және сапалық көрсеткіштерін зерттеу маңызды болып табылады. Дебиторлық борыштың мөлшерлі мезгілін сипаттау үшін, оларды пайда болу мерзімі бойынша топтастыру керек.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше назар аудару қажет, яғни оның өндіріске жұмсалған шығындарын азайту қажет.

Кәсіпорынның төлем қабілетін қалпына келтіру үшін, кәсіпорын келесідей батыл әрекет жасауға мәжбүр болады: [2,107 б.].

- қозғалмайтын мүліктің бір бөлігін сату;

- басы артық тауарлы – материалдық қорлардан құтылу;

- жарғылық капиталды өсіру;

- айналым қаражаттарын толтыру үшін ұзақ мерзімді ссудалар мен заемдарды алу;

- шығындарды қысқарту бағдарламасын жасау және жүзеге асыру;

- активтерді басқаруды жақсарту;

- қайтарылмайтын немесе қайтарылатын негіздегі әр түрлі деңгейдегі бюджеттен тыс қорлардан мемлекеттік қаржылық көмек алу.

Кәсіпорынның негізгі және айналым капиталының тиімді пайдаланылуына ерекше назар аударамыз.

Негізгі құралдар деп өндіріс үрдісінде ұзақ уақыт бойы, яғни жылдан артық уақыт пайдаланатын, өзінің бастапқы түрін, көлемін сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке есептелген амортизациялық аударым мөлшері шегінде біртіндеп ауыстырып отыратын еңбек құралдарын, яғни

материалдық активтерді айтады.

Негізгі құралдарға – қозғалмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары мен құралдары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал–саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы, тағы да басқалар жатады.

Әдебиет

1.Наурызбекова А.Е., Молдабекова А.Ш., Муратова Д.Б. Кәсіпорынның қаржы–шаруашылық қызметін талдау: оқу құралы. Тараз: Dulary university, 2021.-251 бет.

2.Баймукашева Ж.З., Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау: Оқу құралы/Алматы: «Бастау», 2016.-232 бет.

УДК 327.7

Современные геополитические инициативы КНР: инновационные подходы и локальные последствия

Жұмаш А, магистрант 2-го курса,
Университет «Туран»,
г. Алматы

Түйіндеме

Қытайдың «Бір белдеу–біржол» жобасы және оның Қазақстанға ықпалы қарастырылады. Инновациялық тетіктер, мүмкіндіктер мен тәуекелдер талданады. Ұлттық мүддені сақтай отырып, теңгерімді саясат жүргізудің маңыздылығы атап өтіледі.

Abstract

The article analyzes China's geopolitical projects, particularly the Belt and Road Initiative, and their impact on Kazakhstan. It highlights innovative tools, benefits, and potential risks. The conclusion stresses the need for a balanced strategy to ensure sustainable growth and protect national interests.

В современном мире геополитическая стратегия Китая становится одним из ключевых факторов, формирующих новую архитектуру международных отношений. Китайская Народная Республика (КНР) не только укрепляет свои экономические позиции на глобальной арене, но и активно развивает новые формы сотрудничества, основанные на инвестициях, цифровых технологиях и образовательных инициативах. Одним из самых масштабных

проектов, отражающих амбиции КНР, является инициатива «Один пояс—один путь» (ОПОП), которая охватывает десятки стран, связывая их в единую экономическую и логистическую систему.

В данной статье рассматриваются инновационные механизмы, лежащие в основе геополитических стратегий КНР, их влияние на локальные процессы в Казахстане, а также возможные пути адаптации китайских инициатив в национальных интересах. Особое внимание уделяется вопросам научно-технического сотрудничества, образовательных программ и цифровой трансформации, которые становятся важными элементами стратегического партнерства между двумя странами [1].

Геополитическая стратегия Китая в XXI веке строится не только на традиционных экономических инструментах, таких как торговля и инвестиции, но и на активном внедрении инновационных технологий, цифровых решений и научно-образовательных программ. КНР стремится к глобальному лидерству не только за счет масштабных инфраструктурных проектов, но и через развитие интеллектуальных и технологических платформ, которые формируют новую модель международного сотрудничества.

Одним из ключевых направлений китайской стратегии является цифровая трансформация. Китай активно развивает концепцию «Цифрового Шелкового пути», которая дополняет инициативу «Один пояс – один путь». В рамках этой программы КНР инвестирует в строительство дата-центров, развитие сетей 5G, облачные вычисления, искусственный интеллект и системы умного управления городами. В Казахстане уже реализуются совместные проекты в сфере цифровых технологий, такие как модернизация логистических хабов с использованием автоматизированных систем отслеживания грузов, а также внедрение китайских финтех-решений в банковской сфере [2].

Еще одним важным аспектом китайской геополитической стратегии является развитие научно-технического сотрудничества. Китай активно продвигает партнерские отношения с университетами и исследовательскими центрами по всему миру, создавая условия для обмена технологиями и подготовки специалистов. Казахстан также является частью этой стратегии: китайские университеты предлагают стипендии для казахстанских студентов, развиваются совместные исследовательские программы в области энергетики, экологии и цифровых технологий.

Кроме того, КНР делает ставку на инновационные инвестиционные механизмы, включая создание специальных фондов поддержки технологического предпринимательства и стартапов. Китайские компании инвестируют в казахстанские IT-проекты, а также участвуют в развитии новых промышленных зон, ориентированных на высокотехнологичное производство [3].

Влияние китайских геополитических инициатив на Казахстан является многогранным и многозначным, что обусловлено стратегическим расположением Казахстана и его значимой ролью в китайской внешнеэкономической политике. В рамках инициативы «Один пояс – один путь» Китай активно инвестирует в различные проекты на территории Казахстана, что открывает новые возможности для экономического роста, модернизации инфраструктуры и технологического прогресса. Однако при этом важно учитывать и потенциальные вызовы, которые возникают в процессе реализации этих проектов [4].

Одним из самых очевидных и значимых эффектов китайского присутствия является экономический рост, который поддерживается за счет масштабных инвестиций. Китайские компании активно вкладываются в модернизацию транспортной инфраструктуры Казахстана, строят новые железнодорожные и автотранспортные пути, а также развивают энергетические проекты, включая возобновляемые источники энергии. Инвестирование в проекты, такие как строительство железнодорожного маршрута между Казахстаном и Китаем, а также создание инфраструктурных объектов на территории приграничных зон, значительно улучшает логистику и способствует расширению внешней торговли. Эти проекты делают Казахстан важным элементом транзитного маршрута между Азией и Европой, способствуя росту объема торговли и обеспечению более тесных связей с международными рынками.

Важной частью китайских инициатив является цифровизация экономики, в рамках которой Казахстан активно сотрудничает с КНР в области внедрения новых технологий, включая системы «умных городов», развитие сетей 5G, внедрение цифровых платформ для бизнеса и управления. Китай активно инвестирует в развитие казахстанских стартапов и технологических хабов, что создает новые возможности для местных предпринимателей и способствует росту технологических инноваций в стране. Однако с этим также связан ряд рисков, связанных с зависимостью от иностранных технологий, что требует выработки стратегий защиты национальных интересов и обеспечения кибербезопасности [5].

Однако китайские проекты в Казахстане несут с собой не только преимущества, но и риски. Одним из таких рисков является увеличение зависимости страны от китайских инвестиций и технологий, что может ограничить самостоятельность Казахстана в принятии стратегических решений. Экспансия китайского капитала в ключевые отрасли экономики, такие как энергетика, металлургия и сельское хозяйство, вызывает опасения по поводу потери контроля над национальными ресурсами. Кроме того, при реализации крупных инфраструктурных проектов возникает риск экологических

последствий, что также требует тщательного мониторинга и соблюдения экологических стандартов.

Таким образом, влияние китайских проектов на Казахстан является двусторонним процессом, который приносит как значительные выгоды, так и определенные вызовы. Казахстану важно выработать сбалансированную стратегию, которая позволит использовать возможности китайского сотрудничества, минимизируя при этом риски зависимости и обеспечивая защиту национальных интересов в долгосрочной перспективе [6].

Геополитические проекты Китая, в частности инициатива «Один пояс – один путь», играют ключевую роль в формировании нового экономического и политического ландшафта на глобальной арене. Казахстан, как стратегический партнер Китая, активно участвует в реализации этих проектов, что приносит стране значительные экономические выгоды, включая улучшение транспортной и энергетической инфраструктуры, приток инвестиций и развитие новых технологий. Сотрудничество с КНР способствует расширению внешней торговли и укреплению позиций Казахстана как важного транзитного хаба между Азией и Европой.

В перспективе Казахстану необходимо выработать сбалансированную и стратегически продуманную модель взаимодействия с Китаем, которая обеспечит устойчивое развитие, минимизируя возможные риски и сохраняя суверенитет. Только в условиях сбалансированного партнерства можно добиться долгосрочного успеха, обеспечив Казахстану экономическую стабильность.

Литература

1. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. (n.d.). *Китай и Казахстан: двусторонние отношения*. Министерство иностранных дел Республики Казахстан, с. 12–14
2. Розена Дж. (2018). *"Один пояс – один путь": Геополитическая и экономическая роль Китая в Центральной Азии*. Москва: Научное издательство, с. 18–22, 45–48
3. Азиатский банк развития. (2021). *Программы Китая в Центральной Азии: Экономическое сотрудничество и развитие в рамках ОПОП*. Азиатский банк развития, с. 30–32
4. Эспиноза Ф. (2020). *Китай и Центральная Азия: экономическая трансформация через "Один пояс – один путь"*. Нью-Йорк: Глобальные исследования, с. 55–57
5. Центр Стратегических Исследований Казахстана. (2019). *Китайская инициатива "Один пояс – один путь" в контексте Казахстана: Влияние и перспективы*. Центр Стратегических Исследований Казахстана, с. 8–10

Б.Кабдуллина Г., Мусабаева, Р. (2020). *Экономическое сотрудничество Казахстана с Китаем: возможности и вызовы в рамках ОПОП*. Журнал «Глобальная экономика и международные отношения», № 4, с. 56-72.

ӘӨЖ 81.42

Әлеуметтік жарнаманың негізгі лингвомәдени параметрлері

Нұрсұлтанқызы Ж., ф.ғ.к., доцент,
Маханбеталиева Г.Т.,
АК-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В данной статье рассматриваются основные лингвокультурные параметры, определяющие содержание социальной рекламы.

Abstract

This article discusses the main linguocultural parameters that define the content of social advertising.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда әлеуметтік жарнама – қоғамның мәдени және рухани дамуына ықпал ететін маңызды коммуникациялық құралдардың бірі болып табылады. Ол әлеуметтік мәселелерге жұртшылықтың назарын аударуға, қоғамдық сананы қалыптастыруға және мінез-құлықты өзгертуге бағытталған. Әлеуметтік жарнама тек ақпараттық сипатта ғана емес, сонымен қатар терең семиотикалық және мәдени мағынаға ие. Оның мазмұны мен әсері жарнамада қолданылатын тілдік құралдар мен мәдени кодтарға тікелей байланысты. Сондықтан әлеуметтік жарнама мәтіндерін лингвомәдени тұрғыдан зерттеу – қазіргі тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі.

Әлеуметтік жарнаманың тиімділігі көбінесе оның қоғамның ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қаншалықты ескеруіне байланысты. Әрбір халықтың дүниетанымы, құндылықтар жүйесі, тілдік және мәдени дәстүрлері әртүрлі болғандықтан, әлеуметтік жарнамада қолданылатын символдар мен тілдік құралдар да сол мәдениетке бейімделуі тиіс. Лингвомәдени аспектілерді ескермей жасалған жарнама қоғам тарапынан дұрыс қабылданбауы немесе мүлде әсерсіз болуы мүмкін. Осыған орай, әлеуметтік жарнама мәтіндерін мәдениетаралық коммуникация, ұлттық таным және тілдік ерекшеліктер тұрғысынан қарастыру – бүгінгі күннің маңызды ғылыми мәселелерінің бірі.

Бұл зерттеудің мақсаты — әлеуметтік жарнама мәтіндеріндегі негізгі лингвомәдени параметрлерді анықтап, олардың қоғамға әсер ету тетіктерін талдау.

Әлеуметтік жарнама қазіргі қоғамда әлеуметтік құндылықтарды насихаттауға, қоғамдық пікір қалыптастыруға және мінез-құлық үлгілерін өзгертуге бағытталған маңызды мәдени-тілдік феномен болып табылады. Бұл құбылысты зерттеу үшін алдымен лингвомәдениеттану теориясына сүйену қажет. Осы бағыттағы іргелі зерттеулердің бірі – В.И. Карасиктің еңбектері. Ол өзінің «Языковой круг: личность, концепты, дискурс» атты монографиясында тілдік тұлға, концепт және дискурс ұғымдарын егжей-тегжейлі талдап, мәдениет пен тілдің өзара байланысын сипаттайды. Автор дискурс барысында ұлттық-мәдени мазмұнның қалай көрініс табатынын түсіндіріп, бұл механизмдерді әлеуметтік жарнама мәтіндеріне де қолдануға болатындығын көрсетеді [1,477 б].

Әлеуметтік жарнаманың семиотикалық және прагматикалық аспектілері де ғылыми қауымдастықтың назарынан тыс қалған жоқ. Бұл бағытта С.Г. Степанованың «Семиотика социальной рекламы» атты зерттеуі ерекше орын алады. Ол әлеуметтік жарнамада қолданылатын таңбалар жүйесін, символдар мен бейнелердің мәдени мәнін зерттейді. Автор әлеуметтік жарнаманың мәтіні мен визуалды компоненттерінің өзара байланысын аша отырып, олардың біртұтас семиотикалық құрылым құрайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, ол жарнаманың әлеуметке әсер ету механизміне ерекше тоқталып, мәдени кодтардың дұрыс тандалуының маңыздылығын атап өтеді [2, 34–39 б].

Әлеуметтік жарнама мәтінін ұлттық-мәдени контексте зерттеген авторлардың бірі – А.Н. Ермакова. Оның «Лингвокультурологический анализ социальной рекламы» атты еңбегінде жарнамада көрініс табатын ұлттық таным, салт-дәстүр, менталитет элементтері қарастырылады. Автор әлеуметтік жарнама мәтініндегі мәдени концепттерді, олардың тілдік көріністерін, метафоралық құрылымдарын және символикалық сипаттарын талдай отырып, жарнама адресаттың мәдени танымына сай болуы керек деген тұжырым жасайды. Ермакова лингвомәдени бірліктердің дұрыс және орынды қолданылуы жарнаманың тиімділігіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді [3, 203 б].

Әлеуметтік жарнамада визуалды және мәтіндік компоненттердің өзара байланысын түсінуде Гюнтер Кресс пен Тео ван Лиуеннің «Reading Images: The Grammar of Visual Design» еңбегі маңызды. Олар жарнамадағы визуалды элементтердің риторикалық және семиотикалық құрылымын сипаттап, визуалды дизайн мен мәтін арасындағы симбиоздың маңызын ашып көрсетеді [4, 272 б]. Сонымен қатар, Т.М.Балыхинаның «Лингвистика рекламы: теория и практика» еңбегі жарнама мәтінінің прагматикалық табиғатын сипаттап, онда қолданылатын әсер ету тетіктері мен стилистикалық тәсілдерді жүйелейді. Бұл зерттеулер әлеуметтік жарнаманың құрылымын тіл

мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі негізінде жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді [5, 216].

Әлеуметтік жарнама – бұл қоғамда өзекті болып табылатын әлеуметтік, моральдық, экологиялық немесе адамгершілік мәселелерге бағытталған ерекше жарнама түрі. Оның басты мақсаты – адамдардың сана-сезімін өзгерту, жағымды әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру және қоғамдық маңызды құндылықтарды насихаттау. Коммерциялық жарнамадан айырмашылығы, әлеуметтік жарнама тауар мен қызметті емес, идеяны немесе көзқарасты жарнамалайды. Әлеуметтік жарнама тақырыптық жағынан әртүрлі салаларды қамтиды: қоғамдық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, экология, құқық қорғау, отбасылық құндылықтар, инклюзия, ұлттық бірлік, толеранттылық және т.б. Оның түрлері де алуан түрлі: плакаттар, видеороликтер, баннерлер, әлеуметтік желідегі посттар, инфографикалар және т.б. Бұл жарнама түрінің ерекшелігі – оның эмоцияға әсер етуі және адам санасына мәдени тұрғыдан әсер етуі.

Әлеуметтік жарнамада қолданылатын лингвомәдени элементтер мәтіннің мазмұнын тереңдетіп, оны адресаттың ұлттық санасына жақындатуға мүмкіндік береді. Мұндай элементтерге ұлттық концепттер, мәдени символдар, тарихи және этномәдени метафоралар, мақал-мәтелдер, дәстүрлі наным-сенімдер және эмоционалды бояуы күшті сөз тіркестері жатады. Олар жарнама мазмұнын көркем, әсерлі және есте қаларлық етеді. Мысалы, қазақстандық әлеуметтік жарнамада жиі кездесетін «Ата-анаңды қадірле», «Бірлігі бар елдің тірлігі бар», «Таза болса табиғат – аман қалар адамзат» сияқты сөз тіркестері халықтың дүниетанымына тән фразеологиялық бірліктер мен ұлттық құндылықтарға негізделген. Мұндай лингвомәдени кодтар жарнама қабылдаушының санасына тез жетіп, оған терең әсер етеді. Сонымен қатар, символикалық бейнелер – көк бөрі, домбыра, шаңырақ, ту – жарнама визуалында жиі қолданылып, ұлттық болмысты танытады.

Қазақстандық және шетелдік әлеуметтік жарнамаларды салыстыру ұлттық мәдениет пен тілдің жарнама құрылымына қалай әсер ететінін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанда әлеуметтік жарнамада ұлттық рухани құндылықтар мен отбасылық дәстүрлерге басымдық беріледі. Жарнама мәтіндері көбінесе қазақы менталитетке сай қалыптасқан, яғни коллективизм, үлкенге құрмет, табиғатқа жақындық, тіл мен дәстүрді сақтау секілді тақырыптар басым.

Ал шетелдік, әсіресе батыс елдеріндегі әлеуметтік жарнамаларда индивидтің құқығы, гендерлік теңдік, экологиялық жауапкершілік, жеке таңдау еркіндігі секілді концепттер алдыңғы қатарда тұрады. Мысалы, АҚШ-тағы әлеуметтік жарнамада «Think before you post» («Жарияламас бұрын ойлан») сияқты тілдік құрылымдар арқылы рационалдық және құқықтық аспектілер баса айтылады. Бұл айырмашылықтар тілдік деңгейде ғана емес, визуалды

образдарда да көрініс табады: Қазақстанда ұлттық киім киген адамдар, домбыра, табиғат көріністері жиі қолданылса, шетелдік жарнамаларда қалалық орта, заманауи технологиялар және әртүрлі этностарды біріктіретін бейнелер басым келеді. Бұл–әрбір қоғамның лингвомәдени ерекшелігіне сай ақпарат беру тәсілінің нәтижесі.

Қорыта келгенде, әлеуметтік жарнама–қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді қозғайтын, қоғамдық пікірге әсер ететін маңызды құрал ретінде қазіргі ақпараттық кеңістікте ерекше орын алады. Зерттеу барысында анықталғандай, әлеуметтік жарнаманың тиімділігі оның мазмұнындағы лингвомәдени параметрлерге тікелей байланысты. Жарнама мәтіндерінде қолданылатын ұлттық концепттер, символдар, мақал-мәтелдер, метафоралар және басқа да мәдени кодтар адресаттың санасына әсер етіп, оның эмоциялық қабылдауын арттырады.

Қазақстандық әлеуметтік жарнамада ұлттық танымға негізделген тілдік бірліктер мен бейнелер басым. Олар халқымыздың дүниетанымына, құндылықтар жүйесіне және мәдени дәстүрлеріне негізделген. Ал шетелдік жарнамада көбінесе жаһандық мәселелер, адам құқығы, экологиялық қауіпсіздік, гендерлік теңдік сияқты универсалды тақырыптар мәдениетаралық коммуникация арқылы көрініс табады. Осыған орай, әлеуметтік жарнаманың мазмұнын жасауда ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескеру – жарнама тиімділігін арттыратын маңызды фактор. Лингвомәдениет жарнама мәтінін тек ақпарат көзі ретінде емес, мәдениет тасымалдаушысы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әлеуметтік жарнаманы тереңірек түсінуге, әрі оның қоғамдық санаға әсер ету мүмкіндігін ұтымды пайдалануға жол ашады.

Әдебиет

1. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. — Волгоград: Перемена, 2004. — 477 с.
2. Степанова С.Г. Семиотика социальной рекламы//Вестник Московского университета. Серия 10: Журналистика. — 2010. — №2. — С. 34–39.
3. Ермакова А.Н. Лингвокультурологический анализ социальной рекламы (на материале русского и английского языков): дис. ... канд. филол. наук. — Ростов н/Д, 2016. — 203 с.
4. Kress G., van Leeuwen T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. — London: Routledge, 1996. — 272 p.
5. Балыхина Т.М. Лингвистика рекламы: теория и практика. — Москва: КДУ, 2012.—216 с.

ӘОЖ.81.33

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі зоонимдердің зооморфизм ретінде қолданылу аясы

Атажанова З.М., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Ғаппарқызы Ж., п.ғ.м., аға оқытушы,
Амангелді Ж.Б.,
АК-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В исследовании анализируются анималистические метафоры в казахском и английском языках, изучаются символические значения, присущие каждому языку, и их значение в социальных контекстах. В то время как казахский язык часто характеризуется метафорами, основанными на национальных, традиционных понятиях и кочевом образе жизни, в английском языке преобладают символы и метафоры, основанные на общемировом опыте.

Abstract

The study analyzes animalistic metaphors in Kazakh and English, considering the symbolic meanings inherent in each language and their meaning in social contexts. While metaphors based on national, traditional concepts and nomadic lifestyles are more common in Kazakh, symbols and metaphors based on general world experience prevail in English.

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері—бұл тілдердегі анималистік метафораларды зерттеу кезінде, жануарлар мен олардың қасиеттері арқылы бейнеленген абстрактілі ойларды түсіну, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттердегі символика мен құндылықтар арасындағы айырмашылықтарды ашу маңызды болып табылады.

Анималистік метафоралар – бұл жануарлар мен олардың мінез-құлқына негізделген, түрлі тілдерде қолданылатын тілдік бейнелер мен ауыспалы мағыналар. Әрбір тілдің анималистік метафоралары мәдениетке, тұрмысқа, табиғатқа деген көзқарасқа байланысты ерекшеленеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралар салыстырғанда олардың семантикалық ерекшеліктері мынадай аспектілерден көрініс табады:

Қазақ тіліндегі анималистік метафоралар: Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысында жылқы, сиыр, қой, ит және тағы басқа жануарлар үлкен орын алады. Бұл жануарлар қазақтың көшпенді өміріне және мал шаруашылығына тікелей қатысты болғандықтан, олар түрлі метафораларда маңызды рөл атқарады. Мысалы, құнан қойдай бой тастау деген метафора-зооморфизмнің мағынасы тез жетілу, өсу мағынасында қолданылады. Бұл тіркестің адамға қатысты

қолданылуының мәні мынада: құнан қой, яғни, туылғанына бір жыл болған қой тез ет алып, семіріп, бойы тез-ақ өсетіндігін байқаған қазақ атам жасөспірім балалардың да дәл солай өсетіндігін көріп, «құнан қойдай бой тастапты», – дейтін болған. Сондай-ақ, қой зоонимі арқау болған қой үстіндебозторғай жұмыртқалаған метафора-зооморфизмі бейбітшілік, тыныш заманда өмір сүру деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, қозы құйрық қылу, көкпар лағы болу, ыраң жеген жылқыдай, піштірілген сәуіріктей, құлын даусы құраққа жету, тайға таңба басқандай, т.б. ауыспалы мағынада келетін тұрақты тіркестер кездеседі.

Ағылшын тіліндегі анималистік метафоралар: Ағылшын тілінде де жануарлар бейнесі көп қолданылатын метафоралар бар, бірақ олардың мағынасы мен қолданылуы кейде мәдени ерекшеліктерге байланысты өзгереді. Мысалы: «A lion's share» – басым үлес, көп бөлік. «The black sheep of the family» – отбасының жағымсыз мүшесі. «To cry wolf» – жалған хабар беру немесе өтірік айту.

Анималистік метафоралар – бұл жануарлар әлемі арқылы адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін немесе түрлі жағдайларды суреттейтін тілдік құралдар. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері, әсіресе халықтық дүниетаныммен тығыз байланысты. Мысалы, қазақ тілінде «айбарлы арлан», «қарғадай қара көз» сияқты метафоралар адамның қаталдығы, өткірлігі немесе мейірімділігін бейнелеуде қолданылады. Ал ағылшын тілінде «fox in the henhouse», «a bull in a china shop» сияқты метафоралар арқылы адам мінезінің ұтымсыздығы немесе бұзақылығын сипаттайды. Әрбір тілдегі анималистік метафоралар сол халықтың мәдениеті мен дүниетанымын, сондай-ақ табиғатпен байланысын көрсетеді. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінде тілдің мәні мен маңызы, сондай-ақ метафоралардың табиғаты мен қолданысы туралы түсініктер кеңінен баяндалады, бұл қазақ тіліндегі анималистік метафоралардың ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді [1, 24 б].

Жануарлардың символикалық мәні:

Қазақ мәдениетінде: Қазақ халқының наным-сенімдерінде жануарлардың ерекше маңызы болған. Мысалы, жылқы мен түйе бақытты, күшті, еркіндікке байланысты символдар ретінде қаралады, ал ит пен мысық көбінесе үй жануарлары болып, олардың мінез-құлқы кейде жеңіл-желпі немесе дос ретінде сипатталады.

Ағылшын мәдениетінде: Мұнда да жануарлардың символикалық мәні бар, бірақ олар көбінесе әдебиетте немесе мифологияда кездеседі. Мысалы, арыстан батырлықтың және күштің символы болып табылады, ал мысық әйелдің тәуелсіздігін немесе өз қалауымен өмір сүруін білдіреді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын

көрсетеді. Қазақ тіліндегі анималистік метафоралар көбінесе табиғатпен және жануарлармен тікелей қарым-қатынаста болған халықтың дүниетанымын бейнелейді. Мысалы, қырғидай тию; аққудың мамығындай—«жұмсақ» деген мағынада қоладнылады; ұлардай шулау; ителгінің тамағындай; қырғи қуғанбөденедей; сұқсыр көрген қырандай; қаршыға бой-бойы кішкентай, яғни қаршыға құстың бойындай; сандуғаш дауыс – әдемі, тыңдағанға жағымды дауыс туралы; қызғыштай қору–қарауылдау т.б. Ал ағылшын тіліндегі метафоралар, мысалы, «a wolf in sheep's clothing», «a lion's share», көбінесе адамның мінез-құлқындағы күрделі, жиі әлеуметтік жағдайларды көрсетеді. Бұл анималистік метафоралардың екі тілде де адам психологиясы мен мінез-құлқын түсіндірудегі ортақ ұқсастықтарды, сонымен қатар тілдік және мәдени айырмашылықтарды ашады. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінде метафоралардың маңызы мен қолданылуы туралы түсініктер қазақ тілінің ерекшеліктерін анық көрсетеді, ал Г.Н. Смағұлова өз еңбегінде екі тілдегі тұрақты тіркестер мен метафоралардың салыстырмалы талдауын жасап, әр тілдің жеке ерекшеліктерін зерттейді [2, 41 б].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері әр халықтың мәдениеті мен дүниетанымына негізделген. Анималистік метафоралар арқылы адам мінез-құлқы мен оның әрекеттерін жануарлар сипатында көрсету тән. Қазақ тілінде «арыстандай айбатты», «қойдай момын» сияқты метафоралар адамның батырлығын немесе тыныш, сабырлы болуын білдірсе, ағылшын тілінде «a fox in the henhouse», «a lion's share» сияқты метафоралар адамның қулықтығын немесе басымдылығын көрсетеді. Oxford English Dictionary (2020) анықтамасында ағылшын тіліндегі анималистік метафоралар көбіне адам мінезінің күрделі және әлеуметтік сипаттарын бейнелесе, қазақ тілінде бұл метафоралар көбінесе табиғатпен тығыз байланыста қалыптасып, адамның ішкі жан дүниесі мен эмоциялық күйін көрсетуге бағытталған. Әрбір тілдегі анималистік метафоралардың семантикасы сол халықтың өмір салты, тарихы және әлеуметтік құндылықтары арқылы ерекшеленеді [3, 45 б].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері тілдердің мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Г.О. Винокур (1995) атап көрсеткендей, анималистік метафоралар тек тілдің эстетикалық көрінісі ғана емес, сонымен қатар халықтың психологиясы мен мәдени кодтарын да ашады. Қазақ тіліндегі анималистік метафоралар, мысалы, «жолбарыс жүрек», «қасқырдай қыңыр» секілді тіркестер адамның мінез-құлқы мен психологиялық күйін жануарлар арқылы сипаттайды. Бұл метафоралар табиғаттың айқындығы мен жануарлардың күшін, қайсарлығын бейнелеуде қолданылады. Ал

ағылшын тілінде «a wolf in sheep's clothing», «a lion's share» тәрізді метафоралар адамдардың жалған әрекеттерін немесе ұтымды жағдайды білдіреді. Г.О.Винокурдың еңбегінде көрсетілгендей, анималистік метафоралар тілдің құрылымында тек бейнелілік рөл атқарып қана қоймай, адамның ішкі жан дүниесін, әрекеттерін және мінезін түсінудің негізгі кілті болып табылады [4, 71 б].

Lakoff және Johnson (1980) өздерінің *Metaphors We Live By* еңбегінде метафораларды тек тілдік құралдар емес, адамның ойлау және дүниені қабылдау тәсілі ретінде қарастырады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері де осы тұрғыдан түсіндіріледі. Әр тілдегі жануарлар бейнесі адам мінез-құлқын, әрекеттерін және эмоционалдық жағдайларын сипаттауда ерекше рөл атқарады. Мысалы, қазақ тілінде «арыстандай айбатты», «қасқырдай қайсар» сияқты метафоралар күш-қуат пен батырлықты білдірсе, ағылшын тілінде «a lion's heart», «a fox in the henhouse» тәрізді метафоралар өз кезегінде адамның батылдығы мен қулықтығын бейнелейді. Lakoff пен Johnson көрсеткендей, анималистік метафоралар адамның когнитивтік және мәдени процестерін, сондай-ақ қоғамның дәстүрлері мен құндылықтарын көрсетеді. Бұл метафоралар тілдің семантикалық құрылымының негізінде жатқан адамның дүниетанымын бейнелейтін символдар жүйесі ретінде қызмет атқарады.

Анималистік метафоралардың семантикалық контексті.

Қазақ тілінде: Жануарлар метафоралары көбінесе өмір мен табиғаттың тікелей байланысын көрсетеді. Қазақта «қасқырдай қабілетті» немесе «жолбарыстай ержүрек» сияқты метафоралар арқылы батырлық пен күштілікті сипаттау жиі кездеседі [5, 92 б].

Ағылшын тілінде: Ағылшын тілінде де жануарлар метафоралары кеңінен таралған. Мысалы, «fox in the henhouse» — қауіпті жағдайды білдіретін метафора. Бұл мағынасы жағынан қазақ тіліндегі «қасқыр қойды аңдып отыр» деген ұқсас түсініктерге жақын.

Анималистік метафоралар мен олардың тілдік қолданысы.

Қазақ тіліндегі метафоралар жиі ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады, олар халықтың бай фольклоры мен мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі. Бұл метафоралар көбіне табиғатпен, жануарлармен тығыз байланыста болғандықтан, олар адамдардың мінез-құлқын, қасиеттерін сипаттауға кеңінен қолданылады.

Ағылшын тілінде анималистік метафоралар, әсіресе, әдебиет пен жазбаша тілде кеңінен таралған. Оларда көбіне метафоралар абстракциялық және адамгершілік қасиеттерді сипаттайды, мысалы, «sly as a fox» – ұқыптылықты немесе алаяқтықты сипаттау.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік метафоралардың семантикалық ерекшеліктері олардың мәдени тұрғыда қалай қабылданатынына және қолданылуына байланысты өзгереді. Қазақ тіліндегі метафоралар көбінесе жануарлардың табиғи қасиеттерін

және халықтың тұрмысын бейнелесе, ағылшын тіліндегі метафоралар көбіне адам мінез-құлқын, әлеуметтік құрылымды сипаттауға бағытталған. Бірақ екі тілде де анималистік метафоралар адамның ішкі әлемін, мінез-құлқын және әлеуметтік қарым-қатынастарын терең түсінуге көмектеседі.

Осындай анималистік метафораларды зерттеу тілдер арасындағы айырмашылықтарды және ұқсастықтарды ашуға мүмкіндік береді.

Кейбір жануарларға қатысты метафоралар барлық тілдерде ұқсас мағынада қолданылады. Мысалы, арыстан үш тілде де батылдық пен ержүректіліктің символы болып табылады. Қазақ тілінде «арыстан жүректі», орыс тілінде «смелый как лев», ал ағылшын тілінде «brave as a lion» деген тұрақты сөз тіркестері бар. Барлық мәдениеттерде арыстан патшалықтың, күш-қуаттың белгісі ретінде қабылданады.

Сол сияқты түлкі метафорасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде айлакерлікті, қулық-сұмдықты білдіреді. Қазақ тілінде «түлкідей қу», орыс тілінде «хитрый как лиса», ал ағылшын тілінде «sly as a fox» тіркестері бар. Бұл ұқсастық халықтардың табиғат заңдылықтарын бірдей қабылдауынан туындаған.

Әдебиет

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. -Қызылорда: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1926.

2. Смағұлова Г.Н. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің салыстырмалы талдауы. -Астана: ЕҰУ баспасы, 2007.

3. Oxford English Dictionary. Idiomatic and Animal Metaphors in English. Oxford University Press, 2020.

4. Винокур Г.О. О языке художественной литературы. -Москва: Высшая школа, 1995.

5. Lakoff G., & Johnson, M. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.

Асқарова Ұ.М., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается история переселения в Казахстан представителей других национальностей, подвергшихся репрессиям и поселившихся на казахской земле в определенные периоды истории.

Abstract

The article examines the history of the resettlement to Kazakhstan of representatives of other nationalities who were subjected to repression and settled on Kazakh land during certain periods of history.

Қазақстанның соңғы 300 жыл ішіндегі тарихын түрлі демографиялық күрт және кілт өзгерістердің кезеңі деп сипаттауға болады. Кезінде олардың Қазақстанның бүгінгі этнографиялық келбетінің өзгеруіне әкеліп соқтырған этникалық астары тым мол болды. Өлкеміздің ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи этнодемографиялық жағдайы алғашқыда отарлық күштеп бағындырудың әсерінен, кейінірек лениндік ұлт саясатының бұрмаланып, республикамызды әртүрлі ұлттардың миграциялық «полигонына» айналдырған сталиндік зұлматтың қиындығынан қатты өзгеріске ұшырады. Осы тұрғыдан қарастырғанымызда арнайы сырттай ұйымдастырылған миграциялық ағымдар ішкі демографиялық үрдістерден басым болғандығын көреміз. Халықтың саны мен орналасуының сырт көзбен қарағанда дұрыс сияқты болып көрінетін заңдылықтары мен объективті тенденцияларының әрқашанда этникалық астары болды және олардың зардаптары ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне де әкелді.

Сонымен диаспора өкілдерінің қазақ даласына жаппай қоныстана бастағаны соңғы бір ғасырдың иелігіне тиеді. Олардың көпшілігі тарихтың небір қилы кезеңдерінде қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ жерін паналап, тұрақтап қалғандар. Қандай жағдаймен болса да қазақ жеріне қоныс аударған диаспора өкілдерінің бүгінгі Қазақстан халқын молайтып отырғаны ақиқат.

Қазақстан–көп ұлтты мемлекет. Нарықтың өтпелі кезеңі саналған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулыққа, бірлікке сына қағылмады. Біздің еліміздің ең басты жетістігі – ортақ Отанымыздағы ұлтаралық келісім, бейбітшілік және тұрақтылық дейтін болсақ, бұл уақыт шындығы.

Бүгінгі таңда мемлекетімізде тұратын әр түрлі ұлттар мен топтар Қазақстан жеріне әр қилы заманда, әр түрлі жағдайға

байланысты келіп қоныстанған. Қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің қоныстануы Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылу кезеңінен кейін бастау алған. XIX ғасырдан бастап Қазақстанның кең байтақ даласына казактардың қоныстануының және орыс шаруалары легінің толассыз үдей түсуінің басты себебі патша өкіметінің ірге теуіп, тұрақты және табанды, алысты болжайтын отарлау саясатында жатты.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясатымен қазақ жеріне қара шекпенді орыс қоныстанушылары көшіп келді. 1891-1905 жылдары Транссібір темір жолы, 1906 жылы «столыпиндік реформа» Ресейдің түкпір- түкпірінен шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуының легін тудырды. Ал, 1914 жылы Перовск, Қазалы аудандарына 253 отбасы көшіріліп, 685 десятина жер пайдалануға берілді, Әулиеата ауданына 897 отбасы көшіріліп, 2907 десятина жер, Черняев ауданына 1057 отбасы көшіріліп, 3134 десятина жер орыс шаруаларының үлесіне берілген. XX ғасырдың 20 жылдарының ортасында Қазақстандағы ең көп этникалық топ орыстар болды. Олардың көп бөлігі солтүстік-батыс, шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарға қоныстанып, Қазақстан халқының 57 пайыздан астамын орыстар құрады.

Орал облысында 237 мың, Кенді Алтайда 130 мың, Көкшетауда 105,8 мың, Петропавлда 98,6 мың, Қостанайда 80,1 мың, Верныйда 72,7 мың, Өскеменде 41,7 мың орыстар қоныстанды. Басқа уездерде орыстар саны 10-30 мың шамаларында ауытқып отырды. Тек Сырдария облысының Перовск уезінде ғана орыстар саны 6 мыңнан аспады [1,41].

Украиндар Қазақстан жерінде XIX ғ. орта кезінде пайда болды. Олар 1868 ж. жер аударылып келген еді. Украиндықтардың келесі легінің келуі 1894 жылы Сібір темір жолы мен Столыпин реформасымен байланысты болды. 1915 жылы барлық облыстарда дерлік украиндар өмір сүрді, бірақ олардың орналасуы біркелкі болмады. Аздаған бөлігі орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарда қоныстанса, көпшілігі Торғай облысының Қостанай уезінде (126,9 мың адам), Ақмола облысының Көкшетау (124,9 мың адам) және Петропавл уездерінде (87,1 мың адам) қоныстанды. Сондай-ақ Торғай облысының Ақтөбе уезінде (57,5 мың), Ақмола облысының Атбасар уезінде (50 мың) және Семей облысының Павлодар уезінде (40,8 мың адам) өмір сүрді. Қалған аудандарда украиндар саны 11 мың адамнан артпады. Перовск, Қазалы уездерінде украиндар мүлде кездеспеді [2,68].

Крепостнойлық құқықты жойғаннан кейін Белоруссия жеріндегі халықтардың жаппай миграциясы басталады. Белорус шаруаларының көшу бағыты Орал өңірі, Сібір, Қиыр Шығыс, Ресейдің европалық бөлігі болды. Белоруссия губерниясында 1863-1864 жылдары болған халық-азаттық көтерілісі патша әскерінің қарулы күшімен басылғаннан кейін, К.Калиновскийдің басшылығымен 12 мың

белорус Шығыс өңірге қарай қуылды. Олардың көбі сол кезде Қазақстанның батыс өңіріне келіп қоныстанды [1,103].

1552 жылы Қазан хандығының ыдырауы да татарлардың ауа көшуіне әсер етті. Империя қанаушылығына қарсы көтерілістің басып тасталуы, татарларды күштеп христиан дініне өткізу, салық жүйесінің өсуі де татарларды қазақ даласына алып келді. Ұлы Бұлғария кезеңінен Еділ, Орал, Қазақстан арасында сауда байланысы жүрді. Кіші жүз бен Ұлы жүз жеріндегі ұсақ сауда татар көпестерінің қолында болды. 1897 жылы Қазақстанда татар ұлтының 55984 өкілдері өмір сүрген. Татарлар негізінен Орал облысының Орал уезінде (17,8 мың адам), Ақмола облысының Петропавл уезінде (6,6 мың адам), Семей облысының Семей уезінде (9,9 мың адам), Жетісу облысының Верный (2,1 мың адам) және Лепсі (1,9 мың адам) уездерінде, Торғай облысының Қостанай уезінде (1,7 мың адам) өмір сүрді. Ұйғырлардың Қазақстан территориясына келуі 1881 жылы 12 ақпандағы Санкт-Петербург шартымен байланысты болды. Осы жылдан Құлжа өлкесінен ұйғырлардың миграциясы басталды. Ұйғырлар мен дүнгендердің көпшілігі Іле өлкесіне қоныс аударылды. Бұл кезде 45373 ұйғыр келіп қоныстанды. Ал 1883 жылы Қазақстанға Қытайдан 9572 ұйғыр отбасы (45373) және 1147 дүнген отбасы (4682 адам) қоныс аударды.

Поляктар Қазақстанға әр түрлі себептермен ХҮІІІ ғасырдың аяғы–ХІХ ғасырдың алғашқы он жылдығында келе бастады. Бұлар азаттық қозғалысқа қатысқан – жер аударылғандар, қоғамдық жағдайлары және жас шамалары әртүрлі бірнеше саяси топқа жататын адамдар еді. 1830-1831 жылдардағы поляк халық-азаттық көтерілістеріне қатысып репрессияға ұшырағандар Қазақстанның солтүстік аудандарында өзіндік іздерін қалдырды. Поляк көтерілісшілерін Орынбор, Омск, Астраханьға жер аударды. Олар Орынбордағы және Батыс Сібір ведомствосындағы әскери-әкімшілік қызметтерге тартылды. ХІХ ғасырдың екінші жартысында саяси жер аударылғандардың ірі орталығы Семей болды. Мұнда ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарында көптеген поляк социалистері тұрды. Бүкілресейлік санақ бойынша ХІХ ғасырдың аяғында Қазақстанда 1254 поляк өмір сүрген. Орал облысында 250, Ақмолада–196, Сырдарияда–312, Закаспий облысының Маңғышлақ уезінде –37 поляк қоныстанған. Бұлар көбіне саяси жер аударылғандар мен олардың отбасы мүшелері еді [3,88].

Немістердің Қазақстан территориясына келуінің алғашқы легі ХҮІІІ ғасырдың ортасына сәйкес келді. ХІХ ғ. Столыпіндік аграрлық реформа кезінде Ресейге келген немістер қазақ жеріне де келе бастады. 1897 жылғы санақ бойынша Қазақстан аумағында 2613 неміс болған. Ақмола облысында 1476, Сырдарияда –649, Оралда-161, Семейде-100, Торғайда-60, Жетісуда-32, Бөкей ордасында-15,

Маңғышлақта 3 неміс өмір сүрген [3,97]. 1898-1905 жылдары немістер Ақмола облысына көптеп қоныстанды.

1897 жылы Қазақстанда славян, неміс, татарлардан басқа мордва, еврей, қалмақ, башқұрт, черемис және т.б. ұлт өкілдері өмір сүрді. Бұл этникалық топтардың ішіндегі ең көбі 11,9 мың адамды құраған мордва диаспорасы болды. Мордвалар Ақмола облысының Көкшетау уезінде (6,7 мың адам) және Торғай облысының Қостанай уезінде (11,9 мың адам) қоныстанды. Мордвалар негізінен Ақмола облысының Көкшетау және Петропавл уездеріне көбірек қоныстанды. Еврейлер (1651 адам) негізінен барлық облыстардың қалалық орталықтарына және көпшілігі Ақмола және Түркістан өлкесінің Сырдария облысына орналасты.

1897-1916 жылдары Қазақстанның төрт облысына 1,14 миллион адам қоныстанды. 1906 жылға дейін қоныс аударушылардың негізгі легі Жетісуға жіберілді. 1897 жылмен салыстырғанда 1911 жылы жаппай миграция мен табиғи өсім нәтижесінде Қазақстан халқының саны артып, 5,4 миллион адамды құрады. Бұлар 3,6 миллионнан аса қазақтардан басқа орыстар мен украиндар—1,5 миллион, татарлар—93 мың, немістер—38,5 -39 мыңға жуық және мордвалар—24,6 мың адам болды. Қоныс аударушы этникалық топтардың санының артуына байланысты қазақтар саны 1897 жылмен салыстырғанда 1911 жылы 14,5 пайызға төмендеп, халықтың жалпы санына шаққанда 67,2 пайызды құрады.

XX ғасырдың 20 жылдарының ортасында Қазақстандағы ең көп этникалық топ орыстар болды. Олардың көп бөлігі солтүстік-батыс, шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарға қоныстанып, Қазақстан халқының 57 пайыздан астамын орыстар құрады [1,115].

Қорыта айтқанда ХҮІІІ ғасырдың басынан ХХ ғасырдың басына дейін тұрғындардың күрделі полиэтникалық, поликонфессиялық құрылымы пайда болды. Қазақстанның Ресей империясына қосылуы өлкеміздегі халықтың құрамына да әсер етті. Орыс және басқа да халықтардың келіп қоныстануы ХҮІІІ ғасырдан басталды. ХІХ ғасырдың аяғында Қазақстанда кейбір европалық және азиаттық халықтардың ірі диаспорасы қалыптасты.

Әдебиет

1.История Казахстана и Центральной Азии/М.Х. Абусейтова, Н.Э. Масанов.-Алматы: Дайк-Пресс, 2001.-616с.

2.Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы/Сост.Г. Анес.- Алматы: Арыс-Казахстан, 1998.- 428 с.

3.Козыбаев М.К. История Казахстана: белые пятна: Сб. ст./ Сост. Ж.Б.Абылхожин. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 348 с.

ОӘЖ 371.643

Жасөспірімдер мен балаларға кітапханалық қызмет көрсетудің жаңа технологиясы

Абенова Ж.А., аға оқытушы,
Серикбаева Н.К., ББ-22 тобының студенті,
Қызылорда Болашақ университеті
Қазақстан, Қызылорда

Резюме

Библиотеки являются центром знаний и информации, а услуги для подростков и детей оказывают большое влияние на их образование, творческое развитие и формирование социальных навыков. Развитие современных технологий позволило вывести библиотечное обслуживание на новый уровень. В данной статье речь пойдет о новых технологиях библиотечного обслуживания подростков и детей.

Abstract

Libraries are the center of knowledge and information, and services for teenagers and children have a great impact on their education, creative development and the formation of social skills. The development of modern technologies has made it possible to bring library services to a new level. This article will focus on new technologies for library services for teenagers and children.

Кітапханалар- білім мен ақпараттың орталығы, ал жасөспірімдер мен балаларға қызмет көрсету – олардың білім алуына, шығармашылық дамуына және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруына үлкен әсер етеді. Заманауи технологиялардың дамуы кітапханалық қызмет көрсетуді жаңаша деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Бұл мақалада жасөспірімдер мен балаларға кітапханалық қызмет көрсетудің жаңа технологиялары туралы сөз қозғаймыз.

Бүгінгі таңда кітапханалар цифрлық ресурстарды белсенді түрде пайдаланады. Электронды кітаптар, онлайн мәліметтер базалары, виртуалды оқу залдары – мұның бәрі жасөспірімдер мен балалардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырады. Мысалы, электронды кітапхана платформалары арқылы оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарын кез келген уақытта оқи алады.

Цифрлық ресурстар – бұл ақпаратты, білімді және мәдениетті сақтау, тарату және пайдалану үшін қолданылатын электронды форматтағы материалдар. Заманауи кітапханаларда цифрлық ресурстардың кең ауқымы бар, олар жасөспірімдер мен балаларға қызмет көрсету барысында маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ электронды кітаптар (e-books), бұл кітаптардың цифрлық нұсқалары, оларды компьютерде, планшетте немесе смартфонда оқуға болады. Кітапханалар электронды кітаптарды ұсыну арқылы оқырмандарға

кең таңдау мүмкіндігін береді. Жасөспірімдер мен балалар өздерінің сүйікті жанрларындағы кітаптарды оңай тауып, кез келген уақытта оқи алады. Сонымен қатар кітапханаларда ғылыми мақалалар, журналдар, энциклопедиялар және басқа да ақпараттық ресурстарды қамтитын онлайн мәліметтер базалары бар. Бұл ресурстар жасөспірімдер мен балаларға зерттеу жұмыстарын жүргізуге, рефераттар жазуға және білімдерін тереңдетуге көмектеседі.

Қазір кітапханаларда виртуалды оқу залдары бар, бұл интернет арқылы қолжетімді оқу орталықтары. Оқырмандар виртуалды оқу залында кітаптарды оқып, зерттеу жұмыстарын жүргізе алады. Мұндай залдарда интерактивті материалдар мен мультимедиялық контент те ұсынылады. Кітапханалардың қорындағы және ашық кітапханалардағы аудиокітаптар - кітаптардың дыбыстық нұсқалары, оларды тыңдау арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Аудиокітаптар әсіресе жолда жүргенде немесе бос уақытында тыңдау үшін ыңғайлы. Олар балалар мен жасөспірімдердің тыңдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кітапханалар вебинарлар мен онлайн курстар ұйымдастыра отырып, жасөспірімдер мен балалардың білім алуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл курстар әдебиет, ғылым, өнер және т.б. сияқты әртүрлі тақырыптарды қамтиды және қатысушыларға интерактивті түрде білім алуға мүмкіндік береді, балалар мен жасөспірімдердің логикалық ойлауын дамытып, жаңа ақпаратты жеңіл меңгертеді. Цифрлық ойындар мен білім беру платформалары балалардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық ресурстар заманауи кітапханалардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар жасөспірімдер мен балалардың білім алу процесін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Кітапханалардың цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыруы және олардың қызығушылығын оятуы маңызды болып табылады [1].

Кітапханадағы жаңа технологияның бірі- виртуалды шындық (VR)-ол кітапхана қызметін жаңа деңгейге көтереді. VR арқылы балалар мен жасөспірімдер тарих, ғылым немесе әдебиет саласындағы интерактивті тәжірибелерді бастан өткере алады. Мысалы, олар тарихи оқиғаларды немесе әдеби шығармаларды виртуалды әлемде көре алады, бұл олардың қызығушылығын арттырады. Виртуалды шындық (VR) компьютерлік технологиялардың көмегімен жасалған, пайдаланушыны толықтай иммерсивті (сіңіру) ортаға енгізетін тәжірибе. VR технологиялары кітапханаларда жасөспірімдер мен балаларға қызмет көрсету барысында жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл технологияның артықшылықтары мен қолдану салалары туралы толығырақ қарастырайық.

Виртуалды шындық технологиялары арқылы балалар мен жасөспірімдер оқу материалдарын интерактивті түрде зерттей алады. Мысалы, тарих сабағында оқушылар белгілі бір тарихи оқиғаны немесе кезенді VR арқылы көре алады, бұл олардың қызығушылығын арттырады және материалды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. VR технологиялары ғылыми эксперименттерді виртуалды ортада жүргізуге мүмкіндік береді. Оқушылар химия, физика немесе биология пәндерінде қауіпсіз және бақылаулы жағдайда тәжірибелер жасап, ғылыми принциптерді түсіне алады. Бұл әсіресе мектепте практикалық сабақтар өткізу қиын болған жағдайда пайдалы.

Кітапханалар VR технологияларын пайдалана отырып, өздерінің цифрлық ресурстарына қолжетімділікті арттыра алады. Мысалы, виртуалды экскурсиялар арқылы оқырмандар кітапханадағы коллекциялармен танысып, арнайы іс-шараларға қатыса алады. Виртуалды шындық балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. VR платформаларында балалар өздерінің шығармашылық жобаларын жүзеге асыра алады: анимация жасау, 3D модельдеу немесе виртуалды өнер туындыларын жасау сияқты әрекеттермен айналыса алады. VR технологиялары әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін де пайдалы болуы мүмкін. Виртуалды ортада балалар мен жасөспірімдер топтық жұмыстарға қатысып, бірлесіп шешім қабылдау дағдыларын меңгере алады. Бұл оларға командада жұмыс істеу және коммуникация дағдыларын дамытуға көмектеседі. Виртуалды шындық ойын элементтерін енгізу арқылы оқу процесін қызықты етеді. Оқушылар VR ойындарында білімдерін тексеріп, тапсырмаларды орындау арқылы марапаттар ала алады, бұл олардың мотивациясын арттырады [2].

Кітапханалардың мобильді қосымшалары балалар мен жасөспірімдерге ақпаратты жылдам табуға және кітаптарды брондауға мүмкіндік береді. Олар үшін арнайы әзірленген қосымшалар ойын элементтерін енгізу арқылы оқу процесін қызықты етеді. Оқырмандар өздерінің оқу жетістіктерін бақылап, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы марапаттар ала алады. Мобильді қосымшалар – бұл смартфондар мен планшеттерде жұмыс істейтін бағдарламалар, олар пайдаланушыларға әртүрлі қызметтер мен функцияларды ұсынады. Заманауи кітапханаларда мобильді қосымшалардың рөлі барған сайын артып келеді, себебі олар оқырмандарға ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетеді және оқу процесін интерактивті етеді.

Кітапханалардың мобильді қосымшалары оқырмандарға кітапхана ресурстарына, каталогтарға және мәліметтер базаларына жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Пайдаланушылар өздерінің смартфондарында кітаптарды іздеп, резервтеуге, жаңалықтар мен іс-шаралар туралы ақпарат алуға болады. Кітапханалардың мобильді қосымшалары интерактивті оқу тәжірибесін ұсына алады. Мысалы, оқырмандар QR-кодтарды сканерлеу арқылы қосымша ақпаратқа

немесе мультимедиялық контентке қол жеткізе алады. Бұл оқу процесін қызықты әрі динамикалық етеді. Сонымен қатар мобильді қосымшаларда білім беру ойындары мен викториналарды енгізу арқылы балалар мен жасөспірімдердің білім алуын ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Ойындар арқылы олар жаңа ақпаратты жеңіл меңгереді және бәсекелестік элементі олардың мотивациясын арттырады. Оқырмандар кітаптар туралы пікірлер жазып, достарымен ұсыныстар алмаса алады. Оқырмандар вебинарларға, онлайн лекцияларға немесе кітап таныстырылымдарына қатыса алады, бұл олардың білім алу процесін кеңейтеді [3].

Жаңа технологияның тағы бір түрі-электрондық медиа. Электрондық медиа платформалары кітапханалардың жастармен байланысын нығайтуға көмектеседі. Кітапхана өз парақшаларында жаңа кітаптар, іс-шаралар және конкурстар туралы ақпарат жариялап, жастардың қызығушылығын оята алады. Facebook, Instagram, Twitter сияқты платформаларда кітапхана жаңалықтарын жариялау оқырмандардың назарын аударуға көмектеседі. Олар арқылы оқырмандарды кітап оқу, әдебиетпен танысу және білім алуға ынталандыратын контент жариялау арқылы жастардың қызығушылығын оятуға болады. Instagram және Pinterest сияқты визуалды платформалар кітапхана ресурстарын көрсету үшін тамаша құрал болып табылады. Кітаптардың суреттерін, іс-шаралардың фотосуреттерін немесе оқу кеңестерін бөлісу арқылы визуалды контентті пайдалану оқырмандардың назарын аударады. Сондай-ақ, электрондық медиа платформалары интерактивтілікке мүмкіндік береді. Кітапханалар сауалнамалар, викториналар немесе пікірталастар ұйымдастыра отырып, оқырмандармен белсенді байланыс орната алады. Бұл оларға өз пікірлерін білдіруге және қатысуға мүмкіндік береді.

Электрондық медиа заманауи кітапханалардың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ол ақпаратты тарату, қоғамдастық құру, оқу мәдениетін насихаттау және интерактивтілікті арттыру үшін тиімді платформа ұсынады. Кітапханалардың электрондық медиа стратегияларын дұрыс пайдалану арқылы жастардың білім алуына ықпал етуі және олардың қызығушылығын оятуы маңызды болып табылады.

Кітапханаларда интерактивті іс-шаралар ұйымдастыру— жастардың белсенділігін арттырудың тағы бір тиімді тәсілі. Кітап оқу клубтары, шығармашылық шеберлік сабақтары және ойын-сауық бағдарламалары балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын оятып, оларды кітапханаға тартуға көмектеседі. Интерактивті іс-шаралар – бұл қатысушылардың белсенді қатысуын талап ететін, оларды қызықтыратын және ынталандыратын шаралар. Мұндай іс-шаралар білім беру, мәдениет, ойын-сауық және электрондық байланыстарды нығайту мақсатында ұйымдастырылады. Бұл

шараларда оқу викториналары ұйымдастырылады, бұл қатысушылардың білімін тексеруге арналған қызықты ойындар. Викториналар әртүрлі тақырыптарда өткізіледі, мысалы, әдебиет, тарих немесе ғылым. Олар командалық немесе жеке түрде ұйымдастырылып, жеңімпаздарға сыйлықтар берілу.

Кітап таныстырылымдары– жаңа кітаптарды немесе авторларды таныстыруға арналған интерактивті іс-шаралар. Пайдаланушылар автормен сұхбаттасып, кітаптың мазмұны туралы пікір алмаса алады. Бұл оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады.

Интерактивті іс-шаралар қатысушылардың белсенділігін арттырып, білім алу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Кітапханалар мен оқу орындары интерактивті шараларды ұйымдастыру арқылы қоғамдастықты дамытуға және жастардың білімге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік алады. Мұндай шаралардың әртүрлі форматы мен мазмұны қатысушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс [4].

Жасөспірімдер мен балаларға кітапханалық қызмет көрсету жаңа технологиялардың көмегімен жаңаша сипатқа ие болуда. Цифрлық ресурстар, виртуалды шындық, мобильді қосымшалар және интерактивті іс-шаралар – мұның бәрі жастардың білім алу процесін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Кітапханалардың заманауи технологияларды тиімді пайдалану арқылы жастармен байланысын нығайтып, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруы маңызды болып табылады.

Әдебиет

1. Бекмұратова А. (2020). Кітапхана қызметінің жаңа технологиялары: Жасөспірімдер мен балаларға арналған инновациялық шешімдер. Алматы: Қазақ университеті.

2. Досмұхамедова Г. (2019). Цифрлық кітапханалар: Жасөспірімдер мен балаларға қызмет көрсету. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

3. Сейітов М. (2021). Кітапханадағы ақпараттық технологиялар: Жасөспірімдер мен балаларға арналған қызметтер. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

4. Баймұратов Е., & Қожахметова С. (2022). Жасөспірімдер мен балаларға арналған кітапханалық қызмет көрсетудің заманауи тәсілдері. Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті.

**Функционалды прагматиканың негізгі ұғымдары мен
компоненттері**

Байдаулетова А.Ә., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Жүнісбекова К.Ш., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Мамбетжанова А.А., КЯ-24М оқу
тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

Функциональная прагматика изучает взаимосвязь языка и общества, акцентируя внимание на социальной роли языка, его значении в контексте коммуникации и культурных норм. В исследовании рассматриваются коммуникативные цели, намерения говорящего и восприятие слушающего, а также влияние социальных и культурных факторов на использование языка. Анализ функциональной прагматики помогает раскрыть глубокие социальные и культурные ценности, которые выражаются через язык.

Abstract

Functional pragmatics studies the relationship between language and society, focusing on the social role of language, its meaning in communication contexts, and cultural norms. The research examines communicative goals, the speaker's intentions, and the listener's perception, as well as the influence of social and cultural factors on language use. Analyzing functional pragmatics helps reveal the deep social and cultural values expressed through language.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдің прагматикалық аспектілері маңызды зерттеу бағытына айналып отыр. Бұл сала тілдің қоғамдағы рөлі мен оның қолданылуының мән-мағынасы, тілдік бірліктердің сөйлеушінің мақсаттары мен қоғамдағы әлеуметтік контексте қалай жұмыс істейтіні туралы сұрақтарды қарастырады. Тіл мен қоғамның тығыз байланысы, тілдің әлеуметтік функциясы, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастағы рөлі тіл білімінің функционалды прагматика саласында зерттеледі. Функционалды прагматика – тілдің коммуникациядағы рөлін, сөйлесушілердің мақсаттарын және тілдік бірліктердің мағынасын контекстен шығарып қарастыратын ғылыми сала болып табылады.

Функционалды прагматика дегеніміз – тілдің қолданылуын, оның әлеуметтік, мәдени және психологиялық тұрғыдан түсінуге бағытталған зерттеу саласы. Бұл бағыттың негізін қалаған ғалымдардың қатарында Чарльз О. Хокинс, Джон Сёрл, Харольд Д. Грайс, сондай-ақ М.Литвинова мен Л.Я.Елецкая сияқты ғалымдар бар. Олардың еңбектерінде прагматика тілдің мәнін, қолданылу

шарттарын, сөйлеушілердің ниеттерін, олардың мақсаттары мен міндеттерін ашады.

Прагматикада маңызды екі түсінік бар: **сөйлеуші (адресант)** және **тыңдаушы (адресат)**. Сөйлеуші өзінің сөйлеген сөзінде белгілі бір мақсатты көздейді, ал тыңдаушы сол сөздің мәнін түсініп, өзінің жауабын береді. Функционалды прагматикада тілдің мағынасы тек лексикалық мағыналармен шектелмей, оны қолданушылардың мақсатына, ниетіне, контекстіне байланысты өзгереді.

Қазақ тіліндегі функционалды прагматиканың зерттелу тарихы Кеңес кезеңінде басталды. Бастапқыда бұл сала негізінен тілдің құрылымдық жақтарына (фонетика, морфология, синтаксис) негізделіп зерттелсе, қазіргі кезде тілдің қолданылу контексті мен коммуникативті функциясы басты зерттеу нысанына айналды.

Қазақ тіл білімінде функционалды прагматика мәселелері бірқатар ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Атап айтсақ, Қ.Жұбанов [1], С.Аманжолов [2], Н.Шаханова [3], А.Тұрсынбекова [4], О.Досымбекова [5] т.б. Бұл ғалымдардың еңбектері функционалды прагматиканы қазақ тіл білімінде зерттеу және дамыту үшін маңызды. Олар қазақ тіліндегі сөйлеу әрекеттері, тілдің коммуникативтік функциялары мен әлеуметтік тұрғыдан маңыздылығын терең зерттеген.

Функционалды прагматиканың негізгі компоненттері мен ұғымдарын қарастырғанда бірнеше басты аспектілерді атап өтуге болады: Коммуникативті мақсат – әрбір сөйлесуде сөйлеушінің белгілі бір мақсаты болады. Мақсат тыңдаушыға белгілі бір ақпаратты жеткізу, оны сендіру, сұрақ қою немесе ой бөлісу болуы мүмкін. Контекст – кез келген тілдік актінің мағынасы контекстке тәуелді. Бұл тек сөздің лексикалық мағынасы ғана емес, сонымен қатар оның қолданылу орны мен жағдайы да маңызды. Әрбір сөйлемнің мағынасы, оның коммуникативтік тиімділігі сөйлеу контексіне байланысты өзгереді. Сөйлеушінің ниеті – бұл сөйлеушінің сөзді қолданудағы мақсаты. Мысалы, ол тыңдаушыға ақпарат беру, ұсыныс жасау, өтініш білдіру, немесе оны қателесуінен сақтандыру сияқты ниеттермен сөз қолданады. Әлеуметтік қатынастар – әрбір тілдік бірлік тек тілдің грамматикалық құрылымына емес, сонымен қатар оның әлеуметтік жағдайына да байланысты. Мысалы, формальді және информальді тіл, сондай-ақ ресми және бейресми қатынастардағы сөздердің қолданылуы бір-бірінен өзгеше болады.

Қазақ тілінің функционалды прагматикасын зерттегенде оның тілдік жүйесіндегі негізгі ерекшеліктерді ескеру керек. Қазақ тілі – агглютативті тіл болғандықтан, оның грамматикалық құрылымы мен сөйлеу мәдениеті тілдің прагматикалық аспектілеріне ықпал етеді. Қазақ тілінде сөздер мен сөз тіркестерінің мәні тек грамматикалық құрылымға ғана емес, әлеуметтік жағдай мен коммуникативті мақсаттарға да негізделеді.

Қазақ тілінің прагматикасында ұлттық салт-дәстүрлер мен этикалық нормалардың орны ерекше. Мысалы, қазақ мәдениетінде сөздің мәні мен қолданылуы әрқашан құрмет пен сыпайылыққа негізделген. Құттықтау, өтініш, бұйрық беру сияқты сөйлеу әрекеттерінде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы әлеуметтік қарым-қатынасты көрсету маңызды.

Қазақ тілінде тілдік бірліктердің тиімді қолданылуы, сөйлеушінің мақсатты түрде сөйлеген сөзін қалай ұйымдастыруы коммуникативті прагматиканың басты зерттеу нысанына айналады. Мысалы, «сіз» және «сен» сөздерінің қолданылуы тек грамматикалық емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да маңызды. «Сіз» сөзі ресми жағдайлар мен жоғары әлеуметтік мәртебесі бар адамдармен қарым-қатынаста қолданылады, ал «сен» сөзі бейресми жағдайда, жақын адамдар арасында жиі қолданылады.

Қазақ тіліндегі функционалды прагматикада сөйлесудің әдептілік нормалары маңызды рөл атқарады. Әрбір сөздің немесе фразаның дұрыс қолданылуы, олардың мән-мағынасы белгілі бір әлеуметтік нормаларға сәйкес болуы керек. Мысалы, «жақсы болыңыз» немесе «кешіріңіз» сияқты сөздер қолданушының әдептілік деңгейін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі функционалды прагматикада тілдің әлеуметтік қызметін ескеру маңызды. Тіл қоғамның мәдениетінің, дәстүрінің, саяси және әлеуметтік құрылымының айнасы ретінде қызмет етеді. Тілдің қолданылуы тек тілдік жүйелердің теориялық негіздерімен ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы тұлғалардың әлеуметтік мәртебесі, олар арасындағы қатынастар және олардың мақсаттарымен де тығыз байланысты.

Тіл арқылы адамдар әлеуметтік рөлдер мен мәртебелерін көрсетуі мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі кейбір сөздер мен сөз тіркестері бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда адамдар арасындағы сыйластықты, құрметті және қатынастардың басқа да аспектілерін білдіреді. Сонымен қатар, сөздердің қолданылуы тілдегі әлеуметтік жіктелуді де айқындайды.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі функционалды прагматика – бұл тіл мен қоғамның өзара байланысын, тілдік бірліктердің мағыналары мен олардың әлеуметтік және мәдени контекстегі қолданылуын зерттейтін маңызды сала. Тілдің әр түрлі әлеуметтік функциялары, сөздердің коммуникативтік рөлі, сөйлеушілердің мақсаттары мен ниеттері, олардың арасындағы қарым-қатынастар осы саланың негізгі зерттеу объектілері болып табылады. Қазақ тілінің функционалды прагматикасын зерттеу арқылы тілдің әлеуметтік өмірдегі рөлін, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастағы тиімділігін және тілдің мәдени және этикалық нормаларға сәйкестігін түсінуге болады.

Функционалды прагматика арқылы тілдің тек лексикалық немесе грамматикалық құрылымдардан ғана емес, сонымен қатар оның қолданылуы мен мәнінен туындайтын терең әлеуметтік құндылықтарды ашуға болады. Бұл бағыт тіл білімінде жаңа мүмкіндіктерді, тілдің мәдени және әлеуметтік аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиет

- 1.Жұбанов Қ.Қ..Қазақ тіліндегі сөйлеу әрекеттері. –Алматы, 1987. -156 б.
- 2.Аманжолов С.А.Қазіргі қазақ тілі: синтаксис. –Алматы, 1993. - 210 б.
- 3.Шаханова Н.У.Қазақ тіліндегі коммуникативті прагматика. – Алматы, 2000. -198 б.
- 4.А.М. Тұрсынбекова.Қазақ тілінің прагматикасы: теориясы мен практикасы. –Алматы, 2010. -175 б.
- 5.Досымбекова О.Р. Қазақ тіліндегі прагматикалық өрістер. – Алматы, 2015. -120 б.

ӘӨЖ 81'373.611-1:316.72

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің этномәдени семантикасы

Әбікенова Г.Т., ф. ғ.д., профессор,
Ә.Бөкейхан университеті,
Есбергенова А.Е.,
АК-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В данной научно-методической работе проанализированы этнокультурные особенности фразеологизмов на казахском и английском языках и их семантико-структурный характер. Фразеологизмы-это не только языковая единица, но и зеркало мировоззрения и культуры этой нации. В исследовании жизнь, обычаи и национальная идентичность двух наций рассматриваются относительно С помощью устойчивых выражений.

Abstract

This scientific and methodological work analyzes the ethnocultural features of phraseology in the Kazakh and English languages and their semantic and structural nature. Phraseologisms are not only a linguistic unit, but also a mirror of the worldview and culture of that nation. In the course of the study, the way of life, traditions and national identity of the two nations are considered in comparison through stable phrases.

Фразеологизмдер—тілдің көркемдік байлығын, ұлттық болмысын, мәдени ерекшелігін көрсететін тілдік бірліктер. Әр ұлттың дүниетанымы, салт-дәстүрі мен өмір сүру салты оның тұрақты тіркестерінде айқын бейнеленеді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыру арқылы екі ұлттың мәдениетінде қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екенін анықтауға болады.

Тілі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарастары әртүрлі халықтардың фразеологиясы жан-жақты, құрылымы, ішкі форма, жалғаса туындаған ауыспалы мағына, концепт, лингвомәдени, этномәдени тұрғысынан зерттеу нәтижесінде әр тілге тән ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер бірден байқалады. Фразеологизмдер көкейге қонымды, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындайды. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, оның тілдік табиғатынан хабардар етіп, этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді.

Тілдегі фразеологизмдер – лексиканың ең бай көзі. Фразеологизмдердің жаңа ұғым, түсініктермен көбейіп қалыптасуы сол ұлт тілінің даму ерекшеліктерін және ұлт мәдениетінің танымдық қасиетін көрсетеді [1]. Егер фразеологизмдерді сөзбе-сөз аударатын болсақ, онда біз өз халқымыздың және басқа елдердің сөйлеу мен жазба әдебиетіне нұқсан келтірген болар едік. Мысалы, ағылшын тіліндегі, *As busy as a bee* – толассыз жұмыс жасау дегенді сөзбе-сөз дәл аударсақ, ол тіпті күлкілі «жұмысты арадай жасау» деп шығар еді. Фразеологизмдер үнемі сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымна атау (номинатив) бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалды-экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі. Адам реалдық дүниені тек танып қана қоймайды, оған өзінің қатынасын да білдіріп, отырады, ол бір нәрсені ұнатады, біреуді жақсы көреді, екінші біреуге салқын қарайды, яғни қоршаған, ортасына, айналасына әр түрлі көңіл күйін көрсетеді. Адамның түрлі көңіл күйде болуы тілдік қарым-қатынаста фразеологизмдер арқылы жүзеге асып отырады. Қазақ тілінде тұрақты сөз тіркесі фразеологизмдер деп аталса, ағылшын елдерінде идиома деп аталады. Ал ағылшын идиомасына келсек, ол да өзіндік ерекшелігі бар. Идиомалар көбінесе ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көп қолданылады.

Фразеологизмдердің басты белгілері, релеванттық қасиеттері ретінде даяр қалпында жұмсалу белгісі, мағына тұтастығы; тіркес тиянақтылығын айтуға болады [2].

Фразеологизмдер қарым-қатынас процессінде, сөйлеу кезінде жасалынбайды, даяр қалпында біртұтас (бүтін) единица ретінде жұмсалады. Оның бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесімен салыстырғанда анық көрінеді. Мысалы, тамақ ішу, қолды жуу, үй тазалау және to love music, clever man, to build houses деген еркін сөз тіркестері қарым-қатынас процессінде, сөйлесу кезінде бір-бірімен емін-еркін тіркесіп айтылуынан жасалса, ас адамның арқауы, түймедейді түйедей ету, қой аузынан шөп алмас және mare's nest, small hours, husband's tea, т.б. тәріздес идиомалар тіркескен күйінде, бүтін күйінде жадымызда айна қатесіз сақталады да, сөйлеу кезінде олардың сыңарлары (сөздер) сөйлеушінің қалауы бойынша тіркеспейді, бүтіннің бөлшектері тәрізді бұрыннан тіркесіп қойған қалпында, өлендегі қайырма тәрізді бұлжымай бір тұтас күйінде қолданылады. Мұндай қасиет фразеологизмдерге ғана емес, сонымен бірге лексикалық единица сөзге де тән. Мысалы: әдемі, жылдам, үндемеу, talk, laugh, smile деген сөзде және бұларға белгілі дәрежеде синонимдес болып келетін үріп ауызға салғандай, көзді ашып жұмғанша, жұмған аузын ашпау, get a talk with, give a laugh, give a look, force a smile тәрізді идиомалар даяр қалпында жұмсалыу қасиетімен сипатталады. Мысалға қазақ-ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді салыстырсақ: The small boy was very brave. Even when the large dog growled at him and showed its teeth he stood and did not turn a head. Бұл жердегі идиома «did not turn a head». Кішкентай ұл өте батыл болған. Ол тіпті ит үрген кезде, қорықпай бір орында тұра берген деген мағынаны білдіреді. Ал, идиомасын сөзбе-сөз аударсақ, «ол басын бірде-бір қозғаған жоқ» десек, сөздің мағынасы өзгеріп кетеді де, тіпті түсініксіз болып қалады.

К.Аханов: «Фразеологиялық тұтастық деп бөлініп ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сынарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтысып кеткен томаға тұйық тіркестерді айтамыз», – дейді [3]. Мәселен, мұрнынан шаншылып жүр, мұрнына су жетпеді дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді немесе аңдамай сөйлеу дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп беріледі.

Фразеологиялық тұтастықтың мағынасы тұрақты болады. Олардың жеке тұрғандағы мағынасымен жалпы білдіретін мағынасы сәйкес келмейді. Мысалы: to keep oneself in hand (өзін-өзі қолғаалу), to sit on one's hands; not to do a hand's turn (қол қусырып отыру), not to move a finger (қолының ұшын қимылдатпау), to kill time (уақытты босқа өткізу), to kill two rabbits with one stone (бір оқпен екі қоян ату),

to give up all of it (қолын бір-ақ сілтеу), to keep the eyes shut (бір нәрсеге көз жұма қарау) [4] .

Фразеологизмдер сөз өнерін байыту үшін ақын немесе жазушының ойын әсерліетіп жеткізу үшін жұмсалады. Белгілі бір халық жөніндегі мәдени құндылықтарды жеткізушіні тіл десек, оның ішінде демек, фразеологизмдер адамдардың, халықтың тарихи қалыптасу, даму кезеңдеріндегі күллі тіршілік тынысын танытушы саналады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қысқаша сөздігінде:

As stupid as donkey	Ақылы жоқ
A heart of stone	Тас жүрек
Be all ears	Сақ құлақ
Carry water on the both shoulders	Діңкесі құру
Make a mountain out of the molehill	Түймедейді түйедей қылу
Dance to one's tune	Біреудің аузына қарау
Hold one's tongue	Тілінді тый [5]

Ағылшын тілінде әрбір идиома сөз таптарымен бірге қосарланып келеді. Мысалы: idioms are used with nouns, adjectives, verbs, prepositions және т.б. [6]. Егерде сын есімдермен тіркесіп келетін тұрақты сөз тіркестеріне келетін болсақ, ол екі немесе үш сөзден құралады. Мысалы: «light fingered» деген идиомалық тіркес ұрлыққа жақын, қолының сұғанағы бар адам дегенге саяды. Ағылшын тілінде тұрақты сөз тіркестері фразеологиялық бірлік (motivated) және фразеологиялық тұтастық (non-motivated) деп екі топқа бөлінеді. Фразеологиялық бірліктердің мағынасын түсінуге болады. Оларға мақал-мәтелдер де кіреді.

Тілді адамның санасы, болмысы және рухани өмірлік әрекеттерімен тығыз байланысты антропоцентрлік бағытта зерттеу – қазіргі тіл біліміндегі ең басты мәселелердің бірі. Тұрақты тіркестерді халық, ұлт өмірінің мәдени аспектілерін тануда басты бағдар етіп алатын болсақ, онда фразеологизмдердің семантикалық парадигмалар жүйесі арқылы, мағыналас тіркестердің жеке тақырыптық, мағыналық топтарын анықтауға болады. Фразеологизмдер үнемі сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез келген ұғымна атау (номинатив) бола алмайды, ол тек өз өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоцианалды-экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі.

Қорыта келгенде, тілдердегі фразеологизмдердің компоненттерінің орналасу тәртібіне, қолдану тәсіліне назар аудардық. Байқағанымыз, фразеологизмдердің сыңарларының санының аз-көптігі фразеологизмдердің мағынасына қатысы жоқ, мағына–компоненттер жиынтығынан туады. Тіл-тілдегі фразеологизмдер өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие

болатындығын қос тілден жинастырған материалдардан көрдік. Өйткені, әр тіл–әр ұлт, осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің қасиеттерін атауға болады. Олар: ерекше бейнелілік, бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударуға келмеушілік, семантикалық қайталанбаушылық. Қос тілдегі фразеологизмдердің компоненттерінің орналасу тәртібіне, қолдану тәсіліне назар аудардық. Байқағанымыз, фразеологизмдердің сыңарларының санының аз-көптігі фразеологизмдердің мағынасына қатысы жоқ, мағына–компоненттер жиынтығынан туады. Тіл-тілдегі фразеологизмдер өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие болатындығын қос тілден жинастырған материалдардан көрдік. Өйткені, әр тіл – әр ұлт, осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің қасиеттерін атауға болады. Олар: ерекше бейнелілік, бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударуға келмеушілік, семантикалық қайталанбаушылық.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер құрамындағы басқа сөз таптарымен тіркесе отырып, олармен морфологиялық және синтаксистік байланыстарға түсіп, белгілі қалыптар (модельдер) құрайды.

Қос тілдердегі фразеологизмдердің құрылымдық жағынан бір-біріне сәйкес келмеушілігі, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрамындағы сыңарларының орын тәртібінің бірдей болып келмеуімен, яғни қос тілдердің туыс емес тілдер екендігімен сипатталады.

Әдебиет

1. Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: Дисс. филол. ғ.к. – Алматы, 2005.

2. Оразалиева Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивті парадигма. Ф.ғ.д. дис. қолжазбасы. – Алматы, 2006. – 321 б.

3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1973. -250 б.

4. Bolinger D. The Phrasal Verb in English. – Cambridge: Harvard University Press, 1971.

5. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 439 б.

6. Cowie, A. P. and R. Mackin. Oxford Dictionary of Phrasal Verbs. – Oxford: Oxford University Press, 1993.

ӘОЖ 398.2

Ертегі дискурсы және ертегі дискурсының зерттелуі

Атажанова З.М., ф.ғ.к., аға оқытушы,
Теңізбай Г.А., АҚ-24М оқу
тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

Исследование сказочного дискурса раскрывает его как динамический процесс когнитивной и языковой деятельности, отражающий социально-культурную картину мира определенного этноса. Сказочный дискурс является неотъемлемой частью национального языка и культуры, и представляет собой сложный лингвокультурный феномен, который влияет на восприятие и осмысление мира.

Abstract

The study of fairy tale discourse reveals it as a dynamic process of cognitive and linguistic activity, reflecting the socio-cultural worldview of a particular ethnicity. Fairy tale discourse is an integral part of the national language and culture, representing a complex linguocultural phenomenon that influences the perception and understanding of the world.

Ертегі дискурсы – әлем және адам туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыратын қарым-қатынас түрі. Ол адамның өзін және айналасындағы дүниені тануына көмектеседі, сонымен қатар этностың ұлттық санасын, ойлау жүйесін және лингвомәдени құндылықтарын бейнелейді. Мәдениет адамның ойлау жүйесін дамытып, тілдік категориялар мен концептілерді қалыптастырады және ұйымдастырады. Тілді мәдениет тұрғысынан зерттеу белгілі бір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл – мәдениетті дамытушы, сақтаушы және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал.

Ертегі дискурсын зерттеу өте аз қарастырылған, әсіресе әртүрлі тілдердегі ертегілерді салыстыра зерттеу жеткіліксіз. Ертегі дискурсы – күрделі лингвомәдени құрылым. Ол ауызша немесе техникалық тасымалдаушылар арқылы орындалып, әртүрлі жанрлар мен орындау тәсілдеріне ие. Сонымен қатар, ол эстетикалық, тәрбиелік және сатиралық әсер беруге бағытталған, бұл оның ерекше тілдік бояуы мен бірегейлігін түсіндіреді. Ертегі дискурсы мен көркем дискурстың тарихи байланысы терең. Халық шығармашылығының бір бөлігі ретінде ертегілер өнердің басқа түрлерімен, шебер хикаятшылардың шығармашылығымен тығыз байланысты. Бұл дүниенің көркем бейнесін қалыптастырып, халық өнерінің үлкен эстетикалық ләззат сыйлауын түсіндіреді.

Қазіргі лингвистиканың маңызды жетістігі – тілді жаңа парадигмада, яғни адамның танымдық қызметі тұрғысынан зерттеу. Осы бағыттардың бірі – дискурс теориясы. Ғылыми тұрғыда дискурстық кеңістік ұғымы адам қызметінің барлық саласында кездеседі. Біздің зерттеуімізде ертегі дискурсы дискурстық кеңістіктің бір түрі ретінде қарастырылады. Ертегі дискурсының өзекті мәселеге айналуы қоғамның сұранысына байланысты. Н.А.Акименко «Ертегі дискурсы пайда болған алғашқы кезеңдерде ол жағдаяттық-рөлдік түрінде көрініс тапты» деп жазады [1,15 б.]. Ауызша түрден жазбаша түрге өтуі ертегінің құрылымына елеулі өзгерістер енгізді. Нәтижесінде, ертегіші мен тыңдаушы арасындағы тікелей байланыстан шығып, ертегі дискурсы эстетикалық құндылыққа ие болды.

Сананың тарихи дамуы мен объективті себептерге байланысты ертегі дискурсы жағдаяттық-рөлдік формадан жеке тұлғаға бағытталған тұрмыстық дискурсқа айналды. Бұл процесте ертегі дискурсына қатысушылардың рөлі де өзгерді: ертегі құрастырушылар, ертегішілер, орындаушылар, жинаушылар, өңдеушілер, авторлар, тыңдаушылар және оқырмандар пайда болды.

Е.С.Кубрякова мен О.В.Александрова ертегі дискурсын «жазылған ертегі мәтіні және оның нәтижесі, когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі» деп сипаттайды [2,31 б.]. Н.Н.Миронова дискурсты «қоғамдық өмір нормалары мен құндылықтарын сыни тұрғыда қарастыратын сөйлеу қарым-қатынасының түрі» деп анықтайды. [3,33б.] Ол ертегі дискурсын мәдени қарым-қатынасқа қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі ретінде қарастырады және оның менталды, тарихи, этнопсихологиялық, мәдени, этнографиялық факторлармен тығыз байланысты екенін айтады. Н.Н.Миронованың пікірінше, белгілі бір халықтың діні, дүниетанымы және өмір салты ертегі дискурсының типологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Осыған сүйене отырып, ол «Ертегі дискурсы – бұл ұлттың әлем бейнесін толық көрсететін дискурс» деп тұжырымдайды [3,48 б.]. Ғалымдар ертегі дискурсы туралы әртүрлі пікірлер білдіреді. В.Я. Пропп: «Ертегі дискурсы – өзіндік, ерекше таңғажайып сипатқа ие жанр» дейді [4,316 б.]. Ю.В.Мамонова: «Ертегі дискурсы – халықтың тұрмыс-салт ертегілеріндегі негізгі концептілерді зерттеуге арналған дискурстың ерекше түрі» деп есептейді [5,71 б.]. Н.А. Акименко: «Ертегі дискурсы – түрлі тілдік деңгейлерде көрініс табатын, ертегілік категориялардың арнайы өлшемдерін жүзеге асыратын белсенді орта» деп сипаттайды [1,4 б.]. М.В.Демина: «Ертегі дискурсы – ғасырлар бойы кодталған ақпараттың эмбебап қоймасы», ол халықтың элеуметтік-мәдени бейнесін толық бейнелейді деп санайды [6,91 б.]. Гендерлік зерттеулерге сүйенсек, ертегі дискурсында «ер адам» концептісіне қатысты тілдік бірліктер «әйел» концептісіне қарағанда екі есе көп

кездеседі. Бұл айырмашылық ер мен әйелдің қоғамдағы әлеуметтік рөлдеріне байланысты. «Ер адам» концептісі қоғамдық-әлеуметтік қызметпен байланысты. «Әйел» концептісі көбінесе отбасылық қарым-қатынасқа негізделген. Зерттеулер көрсеткендей, «әйел» концептісін сипаттайтын сөздер «отбасы-туыстық қарым-қатынасты», ал «ер адам» концептісін сипаттайтын сөздер «тұлғааралық қарым-қатынасты» білдіреді. А.М. Кербс ертегі дискурсын «этно-әлеуметтік-мәдени тұрғыдан айқындалған әлем бейнесі және халықтың сөйлеу-ойлау қызметінің көрінісі» деп анықтайды. Ол ертегі дискурсын күрделі әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас өнімі ретінде қарастырады. Ғалымның тұжырымдауынша, ертегі дискурсы халықтың дүниетанымын, тарихи құндылықтарын, әлеуметтік және мәдени нормаларын көрсетеді [7,5 б.].

Қорытындылай келе, ертегі дискурсы – когнитивтік және тілдік қызметтің динамикалық үдерісі, ерекше әлеуметтік ақпарат түріндегі сөйлесім үлгісі. Ертегі дискурсы – белгілі бір этностың әлеуметтік-мәдени бейнесін толық көрсететін коммуникативтік құбылыс. Ол тарихи, мәдени, этникалық, тілдік факторлармен айқындалады және халық санасының ерекшелігін, уақытпен дәлелденген дәстүрлерді бейнелейді. Біздің зерттеуімізде ертегі дискурсы ұлттық тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Қорытынды пікірім – ертегі дискурсы этностың ұжымдық тілдік санасындағы іргелі лингвомәдени құбылыс болып табылады.

Әдебиет

1. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дис. ... канд. филол. наук / Н.А. Акименко. – Волгоград, 2005. – 193 с.
2. Кубрякова Е.С., Александрова О.В. Виды пространства, текста и дискурса // Категория мира: пространство и время: материалы науч.конф. –М.: Диалог, 1997. – 389 с.
3. Миронова Н.Н. Дискурс-анализ оценочной семантики. 1997.
4. Пропп В.Я. Русская сказка (Собрание трудов В.Я. Проппа); научная редакция, комментарии Ю.С. Расказова. –М.: Лабиринт, 2000. – С.316.
5. Мамонова Ю.В. Когнитивно-дискурсивные особенности лексики английской бытовой сказки: автореф. дис. ... канд. филол. наук / Ю.В. Мамонова. – М., 2004. – 22 с.
6. Демина М.В. Гендерная концептосфера британского сказочного дискурса: от традиции к современности// Вестник СамГУ. – 2006.
7. Кербс А.М. Пространство русского сказочного дискурса. – Санкт-Петербург, 2005. -252 с.

ӘОЖ 8:81.42

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі үй жануарлары атауына
байланысты қалыптасқан антропонимдер

Нұрсұлтанқызы Ж., ф.ғ.к.,
Бекежанова Е., АҚ-24М оқу
тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье речь пойдет о ономастике, являющейся важной отраслью лингвистики, изучающей имена собственные и включающей наряду с лингвистикой такие области, как литература, история, этнография, социология. Антропонимы казахского народа, относящиеся к четырем животным и лошадям, отражают культуру и мировоззрение, а в английском языке имена, относящиеся к домашним животным, часто основываются на поведении или социальном статусе человека. Эти исследования являются не только языковыми, но и культурно и социально значимыми.

Abstract

The article will focus on onomastics, which is an important branch of linguistics that studies proper names and includes, along with linguistics, such fields as literature, history, ethnography, and sociology. The anthroponyms of the Kazakh people, referring to four animals and horses, reflect culture and worldview, and in English, names related to pets are often based on a person's behavior or social status. These studies are not only linguistic, but also culturally and socially significant.

Ономастика зерттеу саласы соңғы 40 жыл ішінде елімізде және шетелде кеңінен дамып, өзіндік материалдар мен әдістемесі қалыптасқан тіл білімінің маңызды әрі қызықты бөліміне айналды. Егер ономастика тек тілдік аспектілермен шектелген болса, оны жеке ғылым ретінде бөліп қарастырудың қажеттілігі болмас еді. Бірақ бұл зерттеудің мәні өте терең, себебі оның аясында лингвистикамен қатар әдебиет, тарих, география, этнография, әлеуметтану сияқты салалар да қамтылып, зерттелетін объектінің тарихи, мәдени және тіпті экономикалық тұстары туралы құнды мәліметтер береді. Осылайша, ономастика тек тіл білімінің құрамдас бөлігі болып қана қоймай, дербес ғылым ретінде қалыптасып, тарихшылар, географтар мен археологтар үшін қолданбалы ғылым ретінде өз орнын табады.

Тіл қызметінің ерекше бір саласы – ономастика. Жалқы есімдердің жинақтық атауын лингвистикада *ономастика* дейді де, оны зерттейтін ғылым *ономасиология* деп аталады. Ономастика – кез келген жанды және жансыз заттарды не құбылыстардың есімін зерттейді. *Ономастика* грек сөзі «ономия» (грек тілінде «*онома*») есім,

ат) *onomastika* – ат қою өнері, яғни атауларды зерттейтін ғылыми сала. Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Н.Катанов, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.Кенесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейісов, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева, А.Жартыбаев т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты зерттеді. Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: *топонимика* (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), *антропонимика* (адам аттарын зерттейтін ғылым), *этнонимика* (ру, ел, халық аттарын зерттейтін ғылым), *зоонимика* (хайуандар аттары), *гидронимия* (теңіз,өзен, су, көл атауларын зерттейді) т.б.

Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасаған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

1 кезең: 1950-1970 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961ж; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965ж; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971ж.)

2 кезең: 1970-1990 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982; Е.Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ есімдері» 1988; В.Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского»» 1980 ж. канд. дисс)

3 кезең: 1990-2000 ж.ж. (В.Махпиров «Имена далеких предков» 1997; М.Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995ж канд. дисс.; У.Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 канд. дисс. Е.Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992ж. док.дисс; К.Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К.Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова» 2000ж.).

4 кезең: ХХІ ғасырдың басы, жаңа кезең (Б.Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж; Б.Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003 ж; Д.Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты» 2004 ж; Г.Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистическая функции собственных имен в художественном тексте» 2004 ж; А.Бахамова «Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004).

Қазақтың кең даласы – мәдениет пен тілдің тығыз бірлігін, сондай-ақ әдет-ғұрып пен салт-сана тұтастығын көрсететін ерекше орта. Бұл тұрғыда қазақ халқының балаға ат қою дәстүрі өз

ерекшеліктерімен көзге түседі, себебі ат қою рәсімі кезінде ұлттың мәдени және ұлттық ерекшеліктері ескеріледі.

Мысалы, қазақтар тіл мен сөздің магиялық күші бар деп сенген, сондықтан да олар балаға ат қойғанда қарғыстан және артық мақтаудан сақ болуға тырысқан. Нәтижесінде Итбай, Күшікбай, Жаманбала, Салбыр, Қасым, Сағал, Кенесары сияқты есімдер пайда болған. Бұл есімдер көбінесе «көз тимесін», «балам аман болсын» деген ырымнан туған.

Сондай-ақ, балаға Артықбай, Несібелі, Бекенбай, Мырзагелді сияқты есімдер қойылу арқылы ата-аналар баласына белгілі бір қасиеттерді дарытуды мақсат еткен. Ал Тұрсынбек, Ұлболсын, Ұлтуар, Тілеміс, Тұрлыбек, Сағындық, Есенгелді сияқты есімдер ұл балаға деген қуаныш пен тілек, балаларының аман-есен болуын тілеген ниеттерді білдіреді, әрі олар көбіне балалардың өмірі тұрақсыз болған жағдайда қойылған антропонимдер.

Қазақ халқының төрт түлік малдары – түйе, жылқы, сиыр, қой – тұрмыс мәдениетінің негізін құрайды. Мал шаруашылығымен айналысу арқылы халықтың материалдық байлығы қалыптасып, оның дүниетанымы мен рухани мәдениетінің басты қағидалары мен ұстанымдары дамыды. Осы негізгі кәсібінің әсерінен қазақ тілінің лексикасында көптеген жаңа сөздер пайда болып, тілдік айналымға енді. Бұл сөздердің көпшілігі зоонимдер мен зоантропонимдер болып табылады.

Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісін зерттеген Б.Қанарбаева: «Тотемді кмифтер» әуелде бір тайпаның, рудың атын, кейін түрлі мемлекеттердің, сонымен қатар, Арыстан, Жолбарыс, Қасқырбай, Түлкібай, Серке, Қыранбай, Бөдеге, Қоянбай, Бүркітбай, Қырғауыл, Бөлтірік, Бөтегелі, Текебай, Аюбай, Ешкібай, т.б. деп келетін адам аттарын берген. Қазақ дүниетанымындағы эстетикалық талғамында жануарлар әлемі, жануарлар бейнесі маңызды орын алады – аң, құс, жануарлар қазақтың бүкіл өмірінің, тіршілігінің, болмысының өлшемі, бағамы сияқты [1].

Т. Жанұзақов түйе атауы мен шаруашылығының терминдерімен жасалған есімдерді бір топқа біріктіреді [2, 224б.]. Қазақ халқының түйе атауына қатысты жасалған жалқы есімдер қатарын Бура, Бурабай, Нарбай, Нарқозы, Атантай, Атанбай, Атанқұл, Бота, Ботакөз, Ботабай, Ботабек, Тайлақбай, Байбура, Ақтайлақ, Атанбек, Бозтайлақ, Бошалақ, Бозінген, Бозымгүл, Ойсыл, Өркеш, Түйебағар, Түйебай, Боздақ, Бура, Жүзтайлақ, Қоспақ, Нарпатша, Наркескен және т.б. кісі есімдері толықтырған.

Қазақ халқында жылқы жануарының атауынан жасалған кісі есімдері де кездесіп отырады. Ш. Уәлиханов: «Жылқы әулие, ал түйе, қой, сиыр киелі жануарлар санатына жатады» деп жазады [3]. Мысалы, Құнантай, Дөнентай, Қаратай, Сарытай, Құлыншақ, Құлынбек, Тайжан, Тайшық, Қамбар т.б. Ағылшын тілінде де үй жануарларының

атаулары адам есімдері ретінде кеңінен қолданылады. Ағылшын тіліндегі антропонимдер көбінесе үй жануарларының мінез-құлқымен немесе олардың мәдениеттегі орнымен байланысты болады.

Жылқыға қатысты адам есімдерін екі тілдегі жылқының атауларынан туындаған есімдер арқылы да байқауға болады. Мысалы, **Destry** есімі ағылшын тілінде «жауынгер жылқы» деген мағынаға ие (орысша: «боевой конь»); **Lorrimer** есімі (қазақша: «жылқыға арналған бұйымдар мен заттар жасаушы») адамның кәсібіне қатысты қойылған есім болып табылады; **Howard** есімі ағылшын тілінде «horse» («жылқы») және «high» («биік») сөздерінен, сондай-ақ «ward» («қорғаушы», «қараушы») сөзінен құралған, ал қазақ тілінде «бастық, қараушы» деген мағына береді. Бұл есім толық мағынада «атты күзетуші» немесе «атты әскер басшысы» дегенді білдіреді. **Howard** есімі орта ғасырда жылқыға байланысты кәсіби атаудан туған есім ретінде саналады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі үй жануарларына берілген антропонимдер олардың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін айқындайды. Қазақ халқында үй жануарларына қатысты есімдер көбінесе олардың шаруашылық маңызына, еңбекқорлығына, немесе сол жануарлармен байланысқа негізделген. Мал шаруашылығы қазақ мәдениетінің негізі болып табылады, сондықтан үй жануарларының есімдері көп жағдайда адамдардың әлеуметтік мәртебесін немесе олардың тұрмыстық жағдайын көрсетеді.

Ағылшын мәдениетінде де үй жануарларына қатысты есімдер белгілі бір әлеуметтік ролдер мен қасиеттерді бейнелейді. Ағылшын тілінде жануарлар көбінесе адамның ішкі қасиеттері мен мінез-құлқына сәйкес есім ретінде беріледі. Мысалы, «Lion» есімі адамның күштілігі мен батылдығын, ал «Cat» есімі адамның тәуелсіздігін, ақылдылығын білдіреді. Сонымен қатар, бұл антропонимдер тек тілдік зерттеулер үшін ғана емес, сонымен қатар этнография, әлеуметтану және мәдениеттану салалары үшін де маңызды дерек көздері болып табылады.

Әдебиет

1. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – Б.159-163.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965. 276.
3. Гачев Г. Национальные образы мира. – М.: Моветский писатель, 1988. – С.66.

УДК 808.2:801.541.

Способы выражения интенсивности цвета

Шумейко Н.Е., к.ф.н., ст.преподаватель,
Кызылординский университет «Болашак»
г. Кызылорда

Резюме

Макалада тілдің семантикалық құбылыстарының маңызды мәселелері қарастырылады. Автор сөздің лексекалық мағыналарының жоғалу сатыларына талдамалар жасаған.

Abstract

This article is devoted to the significant problem of dissimantization of language units. Analizing the language material the authior describes the levels of disappearance of lexical meanings of the language units in the process of nomination.

Характерным признаком семантики цветowych номинаций является присутствие семы интенсивности. Интенсивность—это явление количественно-качественное. Можно вывести шкалу интенсивности, в основе которой лежит разное количество и качество цветового признака.

В основе находится двуполярная шкала, с разным количеством и качеством цветового признака: высокая и низкая степень интенсивности цвета. Данная подсистема представляется как континуум в виде линии, образуемой соседствующими соприкасающимися друг с другом точками, где максимально отстоящие друг от друга группы точек символизируют противоположность членов оппозиции: на одной противоположной точке оказываются слова с уменьшающейся интенсивностью, в центре номинация с нулевой степенью интенсивности, - на другой – слова с повышенной степенью интенсивности.

Так, низкая степень интенсивности: *синеватый*, *зеленоватый* и пр.

Средняя степень интенсивности: **синий**, **зелёный** и пр.

Высокая степень: Выразителями семы интенсивности могут быть словообразовательные средства, ср.: *синий-пресиний*, *зеленый-презеленый*.

При этом выражение семы интенсивности в наименованиях цветовой семантики представлен многочисленными единицами языка, относящимися к разным уровням языка.

К зоне словообразовательных средств для выражения высокой степени интенсивности цвета примыкают синтаксические средства. К ним относятся обычно повторы—редупликации, сообщающие о

высокой степени признака (ср.: **белый-белый, желтый-желтый и др.**).

«Проснулась Катя поздно. Окна стояли светлые и белые-белые от налипшего снега.»[1].

Для этого типа характерно слитное и убыстренное произношение обеих форм в составе одной синтагмы. На письме такие повторы оформляются с помощью дефиса. Поскольку подобные образования признают обычно сложными словами, они принадлежат уровню словообразования. Второй тип повтора на письме обычно оформляется с помощью запятой, а при произношении расчленяется на самостоятельные синтагмы (ср.: *белый, белый*). В этом случае, очевидно, редупликация выступает как явление синтаксическое:

«Дуглас повернул голову—как болит затылок, как больно расплющивается о белую, белую, мучительно белую подушку»[2].

Роль интенсификаторов выполняют слова *светлый, темный, слабый, бледный* в сложных словах: *светло-зеленый, светло-лиловый, темно-багровый, темно-гнедой, темно-винный, темно-брусничный, темно-пепельный, темно-оливковый*:

«Сары-Буги успел заметить, как мчится впереди табуна темно-чубарый жеребец»[3].

Суффиксы-интенсификаторы вступают в связь лишь с качественными прилагательными, тогда как слова-интенсификаторы способны приписывать значение интенсивности относительным прилагательным в качественном значении.

Имена прилагательные относительные в переносном значении не способны создавать формы **фиолетоватый, *каштановатый, *бирюзоватый, *фисташковатый, *оливковатый* и пр. Это окказиональные и некорректные формы в речи.

Поэтому чрезвычайно «удобным» средством выражения интенсивности в данном случае являются номинации *светло-фиолетовый, светло-каштановый, тёмно-бирюзовый* и др.,

Языковой анализ показывает, что кроме указанных выше слов на роль указателя интенсивности цвета довольно часто стали «привлекаться» такие слова, как *почти, очень, прозрачный, слабый, сочный, густой, глубокий, бездонный* и пр.: цвета мокрого асфальта, густой оливковый, глубокий синий, глубокий ежевичный, глубокий сливовый, сочный кремковый, цвета бездонного океана, цвета влажного коричневого песка, цвета мокрого асфальта и др.:

«В подземелье скользнула гигантская змея двадцати локтей длины с черновато-зеленой спиной, кое-где ниже по бокам очень густогооливкового цвета»; [4].

«Но небо... такого глубокого синего цвета, какого не увидишь в летнюю жаркую пору»[5]

Интенсивы-прилагательные представляют собой немногочисленную группу слов. Возникает вопрос, что позволяет

разным по значению словам—*глубокий-густой-бездонный* - выполнять функцию показателя интенсивности?

Обратимся к словарю С.И.Ожегова: *Густой*—1.Состоящий из многих, близко друг к другу расположенных однородных предметов. *Густая роца*. 2.С ослабленной текучестью, насыщенный. *Густая сметана*. 3. О газообразном: **насыщенный**, плотный. *Густые облака*. 4. О голосе: полноразличный. *Густой бас*[6].

Глубокий, -1.Имеющий большую глубину. *Глубокая река*. 2.Находящийся в глубине чего-н., отдаленный. *Глубокий тыл*. 3.перен. Недоступный, скрытый в глубине. *Глубокая тайна*. 4.перен. **Обладающий глубиной, большой и сильный**. *Глубокий ум*. 5. Достигший полноты своего проявления, высшего предела. *Глубокая ночь*[6].

Бездонный—Не имеющий дна, чрезвычайно глубокий. *Бездонная пропасть*[6].

Как видно, при всей разнородности данных слов можно выделить некоторые общие особенности: во-первых, семный компонент со значением интенсивности возникает лишь в переносном значении, во-вторых, семантическая рокировка в структуре оказываться в тождественной (лексическое опустошение в определенной степени при одновременном главенствовании выразителя интенсивности) позволяет данным словам выполнять особую функцию, функцию морфокомпонента. В итоге видим, сема интенсивности заключена в отдельном слове, что приводит к анализу наименования и позволяет слову соотноситься с широким и разнообразным кругом референтов (*глубокий* + *красный, черный, малахитовый, кирпичный, пурпурный, томатный* и т.д). В слове *Глубокий* происходит появление служебной функции, сходной с словообразовательными элементами (суф.-оват-, -еват-), показателями интенсивности цвета. Это уже «элемент внешней формы другого уровня» [7].

С точки зрения коммуникативной словосочетательная номинация всегда более или менее громоздка, однословные наименования значительно удобнее для употребления. Однако, говоря об экономии и избыточности, о «золотом правиле стилистики», необходимо отметить, что именно в словосочетательных наименованиях проявляется тенденция к экономии речевых усилий, являющаяся, как известно, основным фактором языковой эволюции. Действительно, неоднословная номинация—это, во-первых, новое означивание, во-вторых, при создании носитель языка привлекает **уже имеющиеся знаки** и использует во вторичных функциях. Это особенно важно при недостатке словообразовательных средств. Необычная функция и способность известных слов взаимодействовать по-новому и экономит языковые средства, и создает вариативность (в этом заключается богатство языка). Природа номинации тесно связана

с особенностями языковой деятельности человека, языковым творчеством, в основе которой лежит способность творчески использовать свои знания–реконструировать старые и порождать новые номинативные модели. Это дает основание думать, что такие слова, как *бездонный, глубокий, густой* и др. (несомненно, количество таких слов в подобном ряду будет увеличиваться) участвуют в необычной для себя функции морфокомпонента интенсивности цвета как в словосочетательной номинации, так и в сложных словах, по аналогии с языковыми единицами **светлый, бледный, темный**: *«Катя похудела, ее смуглая кожа на лице покрывалась желтоватым оттенком, под темными, густо-красными глазами легли тени... Те же бездонно-синие, светящиеся глаза, та же белоснежная очаровательная улыбка»; «..Привлекала (его) одна машина «Изабелла» с раздвижной крышей, сиявшая сочно-красной и все-таки совсем не крикливой окраской» [8].*

Литература

- 1.Марков Г. Сибирь.
- 2.Брэдбери Р. Избр. соч. В трех томах.Том 2. Вино из одуванчиков.- М., 1992,с.188
- 3.Есенберлин И. Золотая орда.- Алма-ата: «Жазушы», 1981.
- 4.Ефремов И. Таис Афинская.
- 5.Солоухин В.А. Не жди у моря погоды.-М.:«Сов.писатель». 1981
- 6.Ожегов С.И. Словарь русского языка/Под ред.Н.Ю.Шведовой.-13-е изд.-М., 1981.
- 7.Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики//Проблемы структурной лингвистики 1971: Сб.ст./Отв.ред. С.К.Шаумян.- М.: Наука, 1972.
- 8.Солоухин В.А. Не жди у моря погоды.- М.: «Сов. писатель». 1981.

Алтынбек Е.Ж., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
(Қызылордақаласы)

Резюме

В статье представлены социально-экономическое положение населения Кызылординской области в годы Великой Отечественной войны, труд тружеников тыла, их вклад в победу.

Abstract

The article presents the socio-economic situation of the population of the Kyzylorda region during the Great Patriotic War, the work of home front workers, and their contribution to the victory.

Ұлы Отан соғысы жылдары қазақстандықтар майданда да, тылда да ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Ұлкен адам шығынының арқасында жеткен жеңістің құны ауыр болды. Оның артында миллиондаған адамдардың тағдыры тұрды.

Соғыс жылдары Қызылордадан 150 мың адам майданға аттанса, 30 мыңнан астамы қаза тапқан. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Қазақстан аумағында әскери бөлімдер мен бөлімшелерді құру басталды. 12 атқыштар дивизиясы, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық жеке полк пен қарулы күштердің әртүрлі салаларының батальондары құрылды. Олардың қатарында Мәскеу мен Сталинград түбінде ерлікпен шайқасқан Қазалы 35-ші атқыштар теңіз бригадасы болды. Ақтөбе 101-атқыштар бригадасы Қызылорда облысынан әскерге шақырылғандардан жасақталды. Олар Ржев пен Великие Луки маңында шайқасты. Алматы жаяу әскерлер училищесінде білім алған 250 қызылордалық Ленинград блокадасын бұзуға қатысты. Облыстан 22 Кеңес Одағының Батыры, 1 Даңқ орденінің толық кавалері шықты, 20 мыңнан астам қызылордалықтар ордендермен және медальдармен марапатталды.

Облыстық мемлекеттік архивте «Кеңес Одағының Батырлары–Қызылордалықтар» атты құжаттар коллекциясы 724-ші қорды құрайды. Мұнда Кеңес Одағының Батырлары П.М.Артемов, В.Ф.Махорин, Ж.Нұрсейітов, Ә.Әбутәліпов, И.М.Журба, К.Тәйімбетов, Г.Н.Ковтунов, Ж.Махамбетов, С.Мунтаева, А.П.Мин, Е.Ниетқалиев, И.Г.Подольцев, В.М.Счастнов, А.Д.Романов, Ү.Түктібаев, Т.Ф.Шляпин т.б. туралы құжаттар сақталған.

Сонымен бірге архив қорында Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы облыс еңбекшілерінің ерлігі, майданға көмегі, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер, эвакуациямен көшірілген кәсіпорындар, оқу орындары туралы баяндайтын құжаттар сақтаулы.

1941 жылдың соңынан бастап облысқа эвакуациямен көшірілген кәсіпорындар келген. Қазақстанға көшірілген 142 кәсіпорынның 11-і Қызылорда облысына келген. Олар: Москваның «Реммашпуть» зауыты, Харьковтың Держинский атындағы электротехникалық зауыты, аяқ киім фабрикасы, екі балық консервілейтін зауыты және т.б. Жоғары оқу орындарынан Қызылордада Украина мемлекеттік университеті, Қырым медициналық институты, Қазалыда Черкасскінің ауыл шаруашылық институты орналасқан. Арал қаласында әскери малдәрігерлік академия болған. 1941 жылы Донбасстан эвакуацияланған Артем атындағы театры орыс және украин тілдерінде азаматтарға спектакльдер қойып, осы қойылымнан түскен 14 мың сомды майдангерлердің балалары қорына аударған.

Тыл мен майданның бірлігі майданға көмек көрсету жөніндегі бүкілхалықтық патриоттық қозғалыстан айқын көрінеді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Ерікті түрде жылы киімдер жинау, арнайы сыйлықтар, сәлемдемелер жіберу, ақшалай жәрдем беру секілді әр түрлі көмектер майдан мен тылдың арасын жақындата түсті. 1941 жылдың маусым айынан қазан айының 15-не дейінгі аралықта Отан қорғау қорына облыс еңбекшілері 2 млн 449 мың сомның облигациясын, 916 мың сом нақты ақша аударған. Осы 4 ай мерзім ішінде 1298 центнер астық, 134 центнер ет, 6 центнер сары май жиналып, сонымен қатар жауынгерлерге арнап 708 қысқы тон, 2215 пима, 3480 қалпақ, 1920 жүн шұлық, 2319 мақталы шалбар, 2987 құлақшын, 878 қалың көйлек, тағы басқа көптеген киімдер жіберген. Облыстан осы іс-шараларды ұйымдастыруға 266 ұжымшар, 359 өндірістік кәсіпорын, мекемелер мен ұйымдар белсенді қатысқан.

Кеңес Үкіметінің радио арқылы Отанды қорғау жөніндегі шұғыл шақыруына архив қызметкерлері де үн қосты. Олар бір күндік жалақыны ай сайын Отан қорғау қорына аудару туралы шешім қабылдады және мемлекеттік заем облигацияларын қорғаныс қорына аударды. Сондай-ақ үш күн ішінде жылы киім жинап, оны мемлекеттік қорға өткізу туралы 1941 жылдың 9 қыркүйегінде шешім қабылданып, архив қызметкерлері алатын еңбек ақыларына қарай ақша аударды. 700 рубль жалақы алатындар 30 рубльден кем емес, 400 рубль алатындар – 20, 250 рубль алатындар–18, 200 рубль алатындар –15, 170 рубль алатындар–13, 90 рубль алатындар–4 рубльді майданға көмек ретінде аударуға шешім қабылдады [1, 16]. Майданға көмек көрсету жөніндегі патриоттық бастамаға үн қосқан Қ.Баймағанбетов, Ш.Қоянов, Қ.Пірімов, Ы.Жақаев, Ким Ман Сам, Қ.Ділімбетов сынды облыс колхозшыларының әрқайсысы майдан қорына 100 мыңнан 325 мыңға дейін ақша аударған. 1942 жылы 17 желтоқсанда «Қызылорда колхозшысы» атты танк

колоннасы, «Жаппасбай Нұрсейітов» атындағы сүңгуір қайық, тағы басқа техникалар іске қосылды [2,8].

Облыс астық дайындау, мал өсіру, төлдейтін мал санын арттыру, жем-шөп қорын жасаудан бірнеше рет республикада алдыңғы орындарды иеленді. Сырдария, Қармақшы, Жалағаш, Арал және Жаңақорған аудандары астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындаған. Әр гектардан жоспардағы 9,5 центнер орнына 11,5 центнерден өнім алынған. Нәтижесінде облыс бойынша 170 мыңның орнына 178,8 мың центнер астық тапсырылған.

Облыс 1941 жылға қарағанда 1942 жылы 2 миллион пұт астықты артық дайындауға қол жеткізген. Шиелі ауданындағы «Авангард» ауыл шаруашылығы артелінің колхозшысы Ким Ман Сам 20 гектар күріш егістігінің әр гектарынан 160 центнерден өнім жинаған. 1942-1944 жылдары мемлекетке 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүн, 25480 дана мал терісі соғыстан бұрынғы үш жылғыдан артық көлемде тапсырылған. Облыс малшылары осындай жанқиярлық еңбектері үшін КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болған.

Соғыс жылдарында әйелдер соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ шаруашылықтың барлық салаларында майданға кеткен ер адамдардың орнын басты. Осы сұрапыл соғыстың алғашқы жылдарында облыстың астық алқаптарында 14 мың әйел еңбек етті. Соғыс басталған күннен 1941 жылдың 15 қарашасына дейін әйелдер қатарынан 761 механизатор даярланды. Облыстық партия комитеті 1941 жылғы 3 шілдеде «Өнеркәсіп орындарында, мекемелер мен ұйымдарда маман жұмысшы әйелдер даярлау шаралары туралы» қаулы қабылдады. 1941 жылдың маусымынан желтоқсанға дейін курс бітірген 2357 қыз-келіншектер токарь, слесарь, тракторист, шофер, комбайнер мамандығына ие болып, жұмысқа орналастырылды. Қызылорда қаласы қыздарының бастамасымен ұйымдастырылған ең алғашқы шоферлар курсына 37 қыз оқыды. Көп ұзамай бұл бастаманы қуаттаған облыстың 700 қызы комбайндар мен тракторларды тізгіндеді.

Сонау қиын қыстау кезеңдерде халықтың күн көрісі болған балық өнеркәсібін де соғыс жағдайына бейімдеп қайта құрудың зор маңызы болды. Балықшылар артельдерінен соғыстың алғашқы кезінде-ақ 500-дей балықшы майданға аттанған еді. Осыған орай жұмыс орнын толтыру үшін бала-шағадан еңкейген қарияға дейін балық аулауға жұмылдырылды. 1942 жылдың сәуірінде Арал балықшылары әрбір балықшыға күніне теңіз бен көлдерден 40 килограммнан балық аулауға, сөйтіп, жылдық тапсырманы 25-желтоқсанда орындауға шақырған үндеу тастады. Бастаманы Каспий, Балқаштың, бүкіл республиканың балықшылары қызу қолдады. Осының нәтижесінде 1942 жылы Арал теңізі аймағынан 153,5 мың центнер балық ауланды.

Елді тұзбен қамтамасыз етіп отырған Аралсольтрест өндірісі бойынша социалистік жарыстар кеңінен дамып, жұмысшылар арасында қолдау тауып отырды. 1945-1946 жылдары аралығында Аралсольтрест өндірісінде 450 адам социалистік жарысқа қамтылған. Социалистік жарыстың қорытындысы бойынша 1945 жылмен салыстырғанда 1946 жылы еңбек өнімділігі 136 пайызға өскен. 1945 жылы тұз қорын көбейту мақсатында тұз диірменде ленталық транспорттарды қолдану нәтижесінде 10-нан астам жүк тиеуші адамдар қысқартылып, 30 мыңдай ақша үнемделді[3]. Осылайша соғыс жылдарында Аралсольтрест орнының еңбекшілері жанқиярлық еңбек ерлігі үлгілерін көрсете білді.

Облыстағы бірқатар кәсіпорындарсоғыс қару-жарақтарын дайындауға тартылды. Айталық, облыстық кәсіпшіліккеңесінің артельдері мен шеберханаларына соғыс киім-кешектерін тігу тапсырылса, Қызылорда, Қазалы темір жол депосына мина және қол гранаталарын жасау міндеттелді. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің қаулысына сай Жосалы механикалық заводы 82 миллиметрлік шойын миналар жасайтын болды.1942 жылғы 23-қаңтардағы КСРО Түсті металлургия министрлігінің бұйрығымен бұл заводқа наурыз айында 10 мың мина дайындауға тапсырма берілді. Бүкіл ұжымның қажырлы жұмысының арқасында сол жылдың сәуірінің өзінде-ақ мина шығару күніне 500 данаға жетті.

Сонымен, соғыс жылдары жұмысшы қолының жетіспеуі еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс уақытын ұзарту, жоспарды бірнеше есе артық орындау, өндіріске әйелдерді, жасөспірімдерді, қарттарды кеңінен қатыстыру есебінен толықтырылған еді.Қазақ халқының бұл жеңіске қосқан үлесі зор. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары болды. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

Әдебиет

1.ҚОМА (Қызылорда облысының мемлекеттік архиві) 148-қор, 1-тізбе, 51- іс.

2.Сыр елінің тарихы мұрағат қорында. Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция құжаттарының жинағы. – Қызылорда, 2009–63 б.

3.Таңатаров Д.Ж. 1941-1945 жылдардығы Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/12/29-.-234-240.pdf>

ӘОЖ: 361.61

Тұрар Рысқұловтың мәдени-ағартушылық қызметке қосқан үлесі

Кеулимжаева С.М., оқытушы,
Досымов А.О., И-23 оқу
тобының білім алушысы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье анализируется просветительская деятельность Турара Рыскулова. Рассматриваются его инициативы по повышению грамотности казахского народа, реформы в сфере образования, вклад в подготовку национальных кадров. Кроме того, определяется актуальность его идей в современной системе образования и описывается их влияние на национальную образовательную политику.

Abstract

The article analyzes the educational activities of TurarRyskulov. His initiatives to improve the literacy of the Kazakh people, reforms in the field of education, and contribution to the training of national personnel are considered. In addition, the relevance of his ideas in the modern education system is determined and their influence on national educational policy is described.

Тұрар Рысқұлов – ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының көрнекті саяси қайраткері, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуына айрықша үлес қосты. Оның ағартушылық қызметі мен білім беру жүйесіне қосқан үлесі ерекше орыналады. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеу оның тек саяси қайраткер ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің, білім мен ағарту ісінің жанашыры екенін көрсетеді. Білім беру жүйесіне қосқан үлесін тереңірек қарастыру арқылы оның ағартушылық қызметінің ауқымын түсінуге болады.

Тұрар Рысқұлов 1894 жылғы 26 желтоқсанда Жетісу облысы Верный уезінің Шығыс-Талғар (қазіргі Алматы облысының Талғар ауданы) болысында малшы отбасында дүниеге келген. 1907-1910 жылдары Меркедегі орыс-қазақ бастауыш мектебінде, 1910 жылы Тұрар Рысқұлов Пішпек қаласындағы I-дәрежелі ауыл шаруашылығы мектебіне оқуға түсіп, 1914 жылғы қазан айында аталмыш оқу орнын бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдайды. 1915 жылы Ташкент қаласындағы мұғалімдер семинариясына қабылданады. 1916 жылы Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі. Оның білімге деген құштарлығы болашақ ағартушылық қызметінің негізін қалады. Сонымен бірге тек оқу

процесімен шектелмей, өз заманының білім беру жүйесіндегі негізгі мәселелерін зерттеуге тырысты. Ағартушылық қызметі кең ауқымды болып, қазақ халқының сауаттылық деңгейін көтеру мақсатында түрлі білім беру мекемелерінің ашылуына ықпал етті. Оның ұсыныстары бойынша ауылдық мектептер саны көбейтілді, қазақ жастарының жоғары білім алуына жағдай жасалды. Мектептердегі білім беру сапасын жақсартуға арналған бағдарламалар әзірлеп, мұғалімдер даярлау ісіне белсене араласты. Сауатсыздықты жоймай халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету мүмкін емес еді, сондықтан да Тұрар Рысқұловтың ерекше көңіл бөлген саласының бірі – оқу-ағарту мәселесі болды.

Тұрар Рысқұлов Түркістан АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған жылдары (1922-1924 жылдар) кеңес өкіметінің оқу-ағарту саласындағы саясатының қазақ жерінде тиімді жүзеге асуына ерекше көңіл бөлді. Осы саясат нәтижесінде қазақ кедейлерінің ертеңгі күнге деген үміті арта түсті.

Бұл туралы Т.Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» атты кітабында жан-жақты баяндайды. «Жетісуда халық ағарту істерінің халі өте нашар, – дейді Т.Рысқұлов, облыста қанша мектептер бар екенін ағарту бөлімдері білмейді. Мектептердің дұрыс санын білу мүмкін болмаса керек... Мектептердің үйлері бар да, кітаптары, үй аспаптары жоқ. Балалары киімсіз һәм аш. Балалардың көбі кедейлер балалары. Әке-шешесі балаларға үйлерінен жалғасып тұратын болса керек. Білім алу, балалардың талаптары өте зор көрінеді... Сонда да қырғыз-қазақ арасында шығындарынан қашпай, мектеп ашуға талабы барлар көп. Халық арасында жастардың да саяси мәселелерге түсінгісі келіп, ұмтылулары мықты көрінеді. Қырғыз-қазақ өмірінде мұндай әлеуметтікті туғызған ұлы өзгеріс һәм кеңес үкіметі себеп болды» [1,15]. Осылайша, қазақ ауылдарындағы білімге деген күшті ұмтылыстың бар екендігін айта отырып, қазақ ауылдарында жаппай мектеп ашуды ұйымдастыру үшін нақты іс-шаралар жүйесін іске асыруды ұсынады. «...Кедейлердің мектеп ашуға күші жетпейді, – дейді Т.Рысқұлов, Үкімет оларға жәрдем етпеген. Үкімет бөлімдері кіріссе орыс, мұсылман қыстақтарында кеңестер мектептерін ашуға болатын. Ұзынағашта исполкомға бір мектеп ашындар деген соң халық қозғалып, мектеп ашуға кірісті. Қыстақтарда партия ошақтары болмағандықтан һәм газет алынбайтындықтан саяси ағарту істерінің аты да жоқ. Халық арасында мектеп ашу жұмыстарын жүргізуге болады. Мұғалімдер, кітаптар табылып, халық ағарту бөлімдері мектептер ашып берсе, халық мектеп шығындарын өз мойнына алатыны анық». Т.Рысқұлов мемлекет мектепке кететін шығындардың үштен бірін берсе де болады дей отырып, ең алдымен қырғыз-қазақтар үшін аудан орталықтарында мектеп-интернаттар ашылуы тиіс деп атап көрсетті [1,16].

Нәтижесінде барлық аудан орталықтарында кедей балаларына арналған мектеп-интернаттар ұйымдастыру қолға алынады. Осы саясат аясында Жетісу облыстық мектеп-интернаттарға жетім, жалшы және кедей балаларынан оқуға адам жіберу туралы арнайы нұсқаулар жіберілді. Міне, осы саясат аясында көптеген қазақ балалары білім алды. Т.Рысқұлов басқарған үкімет 1922 жылы халық ағарту ісіне мемлекеттік бюджеттің 30%-ға дейінгі, ал жергілікті бюджеттердің 24%-на дейінгі бөлігін босату туралы шешім қабылдайды [2, 17]. Мұндай көлемдегі пайыздық қаржы білім саласына одан кейінгі онжылдықтардың бірде-бірінде бөлінген емес.

1923 жылы, яғни 1 жыл ішінде үкімет төрағасы Т.Рысқұлов Түркістан республикасында 700 жаңа мектеп салдырып, ескі мектептерді күрделі жөндеуден өткізеді. 1923 жылы 23 қарашада Т.Рысқұлов Халық ағарту ісіне көмектесу бюросын құру туралы шешім шығарады. Бюроның басшылығын Т.Рысқұлов тікелей өз қолына алады. Бюро жанынан Мәдени кеңес ұйымдастырады. Ташкентте қазақ мәдениетін өркендету мақсатымен «Талап» қоғамы құрылды. Оның жұмысына Х.Досмұхамедов, И.Тоқтыбаев, М.Есболов, М.Тынышбаев, М.Әуезов, Қ.Тыныстанов белсене араласты [3].

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында білім беру саласы жаңа бағытта дамыды. Т.Рысқұлов білім беру жүйесін жетілдіру үшін бірнеше маңызды реформаларды ұсынды. Оның ұсыныстары нәтижесінде ауылдық және қалалық мектептерде білім алу мүмкіндіктері кеңейді. Сондай-ақ, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігін де көтерді. Қазақ тілінде білім берудің маңыздылығын түсініп мектептерде ана тілінде оқытуды дамытуды қолдады. Қазақ тілінде оқулықтар жазу және оларды басып шығару жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысты. Сонымен қатар, білім сапасын жақсарту мақсатында жаңа оқыту әдістерін енгізуді дұрыс деп тапты. Т.Рысқұловтың бастамасымен қазақ жастары шетелдік оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Ол ұлттық интеллигенцияны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Білімді, мәдениетті, ұлттық санасы жоғары кадрлар елдің дамуына маңызды үлес қосатынын түсінді. Ұлттық мамандардың даярлығы мемлекет дамуының негізі екенін жиі атап өтті.

Ұлттың болашағы білімді жастардың қолында екенін түсінген Т.Рысқұлов ағарту ісіне жан-тәнімен беріліп, қазақ халқының өркендеуіне жол ашты. Мұғалімдер даярлау ісіне ерекше көңіл бөлді. Кеңестік кезеңдегі саясатқа қарамастан, ол жергілікті халықтың мәдениеті мен тіліне бейімделген оқу бағдарламаларын енгізуге ұмтылды. Кәсіптік және техникалық білім беруді дамыту қажеттігін көтерді. Жоғары оқу орындарында қазақ жастарының санын арттыруға ықпал етті. Кедей отбасынан шыққан дарынды балаларға

білім алу мүмкіндігін беру үшін арнайы стипендиялар бөлуге көмектесті.

Қорыта айтқанда Тұрар Рысқұловтың ағартушылық қызметі мен білім беру саласына қосқан үлесі ұлттың рухани және мәдени дамуы үшін үлкен мәнге ие. Ол өз заманында қазақ халқының білім алуы мен сауаттылығын арттыруға, ұлттық кадрларды даярлауға зор еңбек сіңірді. Бүгінгі таңда оның идеялары мен бастамалары өзектілігін жойған жоқ, керісінше, білім беру саласындағы жаңғырту үдерістерінде айқын көрініс табуда.

Әдебиет

1.Т.Рысқұлов. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т.3. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. - 360 б.

2.О.Сәбден, О.М. Қоңыратбаев. Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметі, Классикалық зерттеулер: Көп томдық.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2012-572 б.

3.Ордалы Қоңыратбаев. Сәбит Шілдебай. Түркі тұтастығын аңсаған//<https://anatili.kazgazeta.kz/news/55742>

ӘОЖ 94(574):32.

Облыстық қазақ съездері: көтерілген мәселелер

Кулжумырова Г.З., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются причины созыва региональных казахских съездов и их историческое значение.

Abstract

The article examines the reasons for convening regional Kazakh congresses and their historical significance.

Тәуелсіз мемлекет құру, жер мәселесі мен халық ағарту, көршілес мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың сипаты және осыған ұқсас мәселелер қазақ съездерінің негізгі тақырыбы болды.

Облыстық қазақ съездері 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында Қазақстанның түрлі өңірлерінде өтті. Онда бірыңғай партия құру, жалпы қазақ съезін шақыру, қазақтардың автономиясы мен тәуелсіздігі мәселелері талқыланды. Бұл уақытта Әлихан Бөкейханов Уақытша үкіметтің комиссары қызметін атқара жүріп, қосымша тәжірибе жинақтаған болатын. Алаштың ең белсенді қайраткерлері Бүкіл ресейлік партиялар мен қозғалыстардың, оның ішінде

мұсылмандық, сондай-ақ өңірлік қозғалыстардың негізгі бағдарларын түсіне бастаған еді.

Қазақ съездерін шақыру туралы алғашқы ұсыныстар 1905-1907 жылдары Ресейде орын алған буржуазиялық-демократиялық төңкерістің нәтижесінде құрылған Мемлекеттік Думаға сайлау науқандары кезеңінде жасалды. Бұл ұсыныстарды Барлыбек Сыртанов, Серәлі Лапин, Мәмбетәлі Сердалин, Райымжан Мәрсеков, Бақытжан Қаратаев секілді зиялылар көтерген. Бодандықтың қамытын киген қазаққа халық жиналыстарын ол кезде өткізуге патшалық жазалау органдары мүмкіндік бермеді.

Жалпы қазақтық съездерге жол ашқан Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Орал облыстары мен Бөкей Ордасында өткен съездер болатын. Өйткені, жер, билік мәселелері ең алдымен жергілікті жерлерде көтерілді. 1917 жылы өткен облыстық қазақ съездеріне шамамен 2 мыңға жуық делегат қатысты.

Қазақ съездерін шақырудың сәті 1917 жылы ақпан айының соңында Ресейде орын алған төңкерістің нәтижесінде туды. Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті Уақытша үкіметті жасақтады. Уақытша үкіметтің либералды ұстанымы отарланған халықтардың өзін-өзі билеуі мен сайлау құқықтарына шек қоймады. Себебі, олар 1917 жылы күзде шақырылуға тиісті Мемлекеттік Думаның орнына құрылатын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында көп дауысқа ие болып, өз үкіметін тұрақты билікке айналдыруды көздеді. Осы мақсатқа жетуге ұлт аймақтары және оның белсенділері зор қолдау білдіреді деп сенді. Билікке конституциялық-демократиялық монархиялық жүйені жақтаушы – кадеттер партиясы, социал-демократиялық революцияшыл-эсерлер партиясы, меньшевиктер, большевиктер дәмелі екендіктерін білдіріп, өзара айтысып-тартысып жатты. Ұлт аймақтарында құрылып жатқан саяси топтар Құрылтай жиналысына өз өкілдерін отырғызып, солар арқылы ұлттық сипаттағы мемлекет құруды көздеді. Уақытша үкімет «ұлттық топтар әлсіз, кейіннен олар жұтылып кетеді» деп түсінді. Ең бастысы, ұлт-азаттық көтерілістердің орын алуына жол бермеу қажет болды.

Алғашқы болып Торғай облыстық қазақ съезін 1917 жылдың 2-8 сәуір күндері Орынборда «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынов және О.Алмасов, С.Қадырбаев ұйымдастырды. Біріншіден, онда келешектегі «Алаш» партиясының кейбір бағдарламалық тұжырымдары қатысушылардың талқысына түсті. Екіншіден, бұл съезд қабылдаған қарарлар бір ғана Торғай облысына қатысты болған жоқ, олар бүкіл Қазақстандық мәнге ие болды. Съезге жалпы алғанда 300-ден астам адам қатысты. Салыстыру үшін айтсақ, II жалпы қазақ съезінде барлық 9 облыстан, бір губерниядан және Алтай өлкесінің қазақтар қоныстанған бірқатар аудандарынан барлығы 82 өкілетті делегат болды [1, 93].

Сондықтан да Торғай облыстық қазақтар съезі қабылдаған қарарлар басқа өңірлердегі осындай бас қосулар үшін белгілі дәрежеде үлгі болды. Торғай съезі 1917-1918 жылдар аралығында Дала, Түркістан өлкесінде, Бөкей ордасында, Астрахан губерниясы мен Каспий маңы облысында өткен барлық қазақ съездерімен құрылтайларының ішіндегі ең ірісі болды. Торғай съезін, жалпы барлық келесі съездер мен Құрылтайды өткізу кезінде қазақ халқы бір ауыздылықпен ұйымшылдық танытты.

Сәуірдің 19-22 күндері Орал қаласында Орал облыстық қазақ съезі өтті. Бұл съездің төрағалығына Томск округтік соты прокурорының орынбасары болып істейтін Жаһанша Досмұхамедов бірауыздан сайланды. Сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сіне дейін Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезі өтті. Съезд төрағалығын заңгер Айдархан Тұрлыбаев атқарды. Семей облысы қазақтарының съезі сәуірдің 27-сі мен мамырдың 7-сі аралығында Семейде өтті. Съездің төрағалығына заңгер Жақып Ақбаев сайланды. Оның орынбасарлары Халел Ғаббасов пен Райымжан Мәрсеков, төралқа мүшелері Әлімхан Ермеков пен Мұстақұм Малдыбаев болатын. Съезге Шәкәрім қажы Құдайбердиев арнайы келіп, қатысушыларды құттықтапты. Семейдегі жиын бірінші жалпықазақ съезін алғашында Қызылжарда өткізуді шешкен, кейіннен Орынборға ауысқан.

Қазақстанның барлық өңірімен қатар, қазақтар тығыз шоғырланған Ташкентте де қазақ съезі өтті. Дегенмен, съездердің ішінде Торғай мен Семейдегісі құрамы мен қабылданған шешімдері жағынан айрықша ерекшеленді. Съезд шешімдерімен бұрынғы губерния, округ, уездік басқармалар жанынан қазақ комитеттері құрылды. Қазақ комиссарлары сайланды. Қазақ комиссарларына сенімсіздікпен қарап, оларға шовинистік пиғылдарын көрсеткен оқиғалар да көрініс беріп жатты. Айталық, жер қатынасында Уақытша үкімет бұрынғы патша заманындағыдай саясат ұстанды. Дегенмен, қазақ съездері өз халқының мәселесін өзі шеше алатын, батыл қадамдар жасай алатын мінез танытты. Айталық, Торғай съезін құттықтамақ болып келген бұрынғы Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Эверсманның сөзіне делегаттар наразылық білдіріп, оның съезден шығып кетуін талап етті. Жер мәселесі жөнінде съезд делегаттары: «Қазақ жері ешкімге, ешқандай жолмен берілмейді. Қазынаның жері дегеннің бәрі қазақтың жері болғандықтан, иесіне қайтарылсын» деген тоқтамға келді.

Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда Сырдария облысы қазақтарының съезі сәл кешігіңкіреп, яғни 1917 жылдың 2-5 тамызы аралығында өткізілді. Оған М.Тынышбаев төрағалық етті. Съезде жалпы қазақ съезіне көзқарас, мемлекеттік басқару, жер, су және қоныстанушылар мәселелері кеңінен талқыланды. 2-5 тамызкүндері Ташкент қаласында да өңірдің қазақ съезі өтіп жатты.

«Қазақ» газетінде: «өзгеріс болғаннан кейін әр облыс жиылысы бас қосып, сиез құрып, мұң-мұқтажын кеңесті. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін бүкіл қазақтың тілегін қорытып, «Алаштап» атқа мініп, ертең ашылғалы тұрған Учредительное собраниеге бару үшін жалпы қазақ сиезі қажет» делінді. 1917 жылы өткен бірінші және екінші жалпы қазақ съездерінің күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылауға ұсынуда да осы облыстық қазақ съездерінің ролі ерекше болды.

Әртүрлі деңгейде өткен бұл съездерде ақпан революциясынан кейін Қазақстанда қалыптасқан саяси өзгерістерге баға беруге және ұлт мәселесіне байланысты өзекті мәселелердің ауқымын анықтауға деген ұмтылыс айқын көрінді. Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселелерге баса назар аударылса, А.Тұрлыбаев, Е.Итбаев және М.Дулатовтың басшылығымен Омбыда өткен қазақ ұйымдарының облыстық съезінде оқу-ағарту, қаражат, дін, әйелдер теңдігі мен земство қызметі жөнінде кеңінен талқыланды. Ж.Ақпаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов жетекшілік еткен Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер сөзге тиек етілді [2]. Аталған съездер қабылдаған қаралардың барлығында дерлік Уақытша Үкіметке сенім білдіріп, оның «соғысты толық жеңіске жеткенше» жүргізу жөнінде саясаты қолдау тапты.

Съезд төрағасы М.Тынышбаев делегаттарды 18 мәселеден тұратын күн тәртібімен таныстырды. Олар: 1) Ресейдің қазіргі жағдайы; 2) Жалпы қазақ съезіне көзқарас; 3) Ресейдегі мемлекет билеу түрі және келешектегі Түркістанды басқару мәселесі; 4) Жер, су және қоныстанушылар мәселесі; 5) Азық-түлік, мал шаруашылығы және отын мәселелері; 6) Земство; 7) Мектеп мәселесі; 8) Халық соты; 9) Рухани-діни іс; 10) Баспасөз; 11) Бүкілресейлік Мұсылман Кеңесіне және оның атқару комитетіне көзқарас; 12) Жетісудағы қырғыздардың жағдайы; 13) «Бірлік туы» одағы; 14) 2-ші Бүкілресейлік ауыл шаруашылығы санағы; 15) Жер комитеттері; 16) Әйел мәселесі; 17) Құрылтай жиналысы туралы; 18) Ұлттық қазына мәселелері болды. Осылардың ішінде екеуі – жалпы қазақ съезі және «Бірлік туы» одағы туралы мәселелер қаралмай қалды [3,105].

Күн тәртібінен көрініп тұрғандай, мұндағы қаралған мәселелердің көпшілігі басқа облыстық съездерде талқыланған мәселелерді қайталайды.

Сырдария облысына қатысты келесі бас қосу—1917 жылдың 8-11 қазан аралығында С.Лапин мен Садыққожа ишанның ұйымдастыруымен өтті. Қазақ облыстарында және Орынборда өткен жалпы қазақ съезінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесі болған еді. Соған орай Сырдария облысының ишан, молдалары да өз тізімдерін даярлап, дербес облыстық съезін шақырды.

Сонымен, қосөкіметтілік жүйесінде қазақ зиялыларының алдында жаңа міндеттерді шешу тұрды. Сондай қажеттіліктің бірі – қазақ халқының басын қосып кеңесу, пікір алысу еді. Ел басқару ісіне араласа бастаған қазақ зиялылары маңызды мәселелерді халық талқысына салып, соған сәйкес бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін болыстық, уездік, облыстық және жалпы қазақ съездерін шақыруды аса қажетті жұмыс деп тапқан еді.

Әдебиет

1.К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. –Алматы:«Ататек» 1995 –256 б.

2.Зарқын Тайшыбай. Ел тарихының ерекше беттері// <https://turkystan.kz/article/54980-el-tarihyny-erekshe-betteri>

3.Қазақ съездері : құжаттар мен материалдар жинағы / Жауапты құрастырушы: Ілиясова К.М. –Астана:Астана полиграфия, 2007–350 б. – 4 том.

ӘОЖ 94(574)

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұтқындар тағдыры

Еспенбетова А.Т., т.ғ.к., аға оқытушы,
Наурызбаева Х.Т., т.ғ.к., доцент,
Жаксыбеков Д.С., т.ғ.к., аға оқытушы,
Ауезхан Б.Н., И-23 оқу тобының білім алушысы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются причины, по которым советские войска в годы Великой Отечественной войны были вынуждены попасть в плен к немцам, их мучительная судьба в плену.

Abstract

The article examines the reasons why Soviet troops were forced to be captured by the Germans during the Great Patriotic War, and their painful fate in captivity.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі онжылдықтарда қатал сталиндік әкімшілік жүйе, күштеп ұжымдастыру және соған байланысты ашаршылық, жаппай қуғын-сүргін орын алған болатын. Бұл өз кезегінде сталиндік билікке наразы әскери тұтқындардан әртүрлі әскери құрылымдарды құру идеясының қалыптасуына әсер етті. Рейх басшылығы 1941 жылдың соңында тұтқындардың негізгі бөлігін өз мақсаттарына пайдалану туралы шешім шығарады. Олардан этникалық белгісі бойынша әскери құрылымдар құру жоспарланды. Кеңестік әскери тұтқындардың фашистермен ынтымақтастығының

мәжбүрлі сипатын кезінде неміс тарапы да мойындаған. Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы ауыр екендігі сөзсіз. Тұтқындар тағдыры – соның бір айғағы.

СС мәліметтері бойынша, екінші дүние жүзілік соғыс кезінде 5 миллион 237660 кеңестік сарбаздар мен офицерлер тұтқынға алынған [1,243]. Түркістан легионын зерттеушілердің бірі, қазақстандық тарихшы Б.Садықова аталған санның үштен бірін түркістандықтар құрады деп есептейді [2,56].

И.В.Сталин бастаған Кеңес мемлекеті басшыларының 1929 жылы Гаага және Женева «Соғыс тұтқындарын ұстау туралы» Конвенцияларына қол қоймауы салдарынан кеңес солдаттары тұтқын құқықтарынан айырылады. Халықаралық қауымдастық дұрыс деп тапқан ережелерді кеңес өкіметі мойындамады. Конвенцияның 9-бабында «әр ұлттың, әр нәсілдің өкілдерін мүмкіндігінше бір лагерьде ұстау керектігі» жазылған. Лагерьлер әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған жағдайда тұтқындар бір-бірінің тілін түсінбеуі мүмкін, сондықтан бөлек ұсталғаны құптарлық еді. Бірақ кеңес үкіметі «бұл нәсілшілдікті уағыздайды», – деп сылтауратты. Осылайша Сталин гитлерлік биліктің кеңестік тұтқындарын аяусыз азаптап, қыруына жол берді. Немістердің өлімлагерлерінде аурудан, аштықтан, түрлі азаптан үш миллионнан астам жазықсыз тұтқынға түскендер ажал құшты. Соғыс тарихын зерттеп жүрген тарихшы–ғалым Гүлжауһар Кәкенқызы Көкебаева орыс тарихшыларының еңбектерінде кезікпейтін шетел мұрағатынан бір дерек тапқандығын тілге тиек етеді. Ол – 1941 жылы соғыс басталған кезде Кеңес Одағына жасалған ұсыныстар еді. АҚШ-қа дейін Женева конвенциясына қосылу керектігін айтқан. Тіпті, 1942 жылы Молотов Вашингтонға барғанда АҚШ президенті Рузвельттің өзі одан одақтық келісім жасауды сұраған. «Кеңес тұтқындарының жағдайы өте нашар. Оларға көмектесу үшін Кеңес Одағы Женева келісіміне қосылуы керек», – деген [3]. АҚШ-тың өзі тұтқындарға жанашырлық танытқанда, Сталин тарапынан оның ұшқыны да білінбеді.

Фашистердің кеңес тұтқындарын жою үшін қолданған тәсілдерінің қатыгездігі мен ауқымы жағынан адамзат тарихында баламасы жоқ деуге болады. Көптеген тұтқындар ұрыс қимылдарында тірі қалқан ретінде, сондай-ақ мина алаңдарын тазарту, шахталардағы ауыр еңбектер үшін пайдаланылды. Тіпті, қылмыстық-медициналық тәжірибелер үшін зертханалық материал ретінде қызмет еткен. Кеңестік әскери тұтқындарға деген мұндай көзқарас жергілікті әскери басқару органдарының озбырлығының салдары емес еді, бұл фашистік Германияның мемлекеттік саясаты еді. Ұлы Отан соғысы басталардан үш ай бұрын Гитлер: «Ресейдегі соғыс рыцарьлық ережелерге сәйкес жүргізілмейтін болады. Бұл идеологиялар мен нәсілдік қайшылықтардың күресі болады және ол бұрын-соңды болмаған қатыгездікпен жүргізілетін болады» [1,225] деп мәлімдеді.

Ойына келгендерін істеген немістер тұтқын лагерінде әрбір үшіншіні атқан. Осы жағдай жерлесіміз Үсен Қошалақовқа дәл келеді. Бірақ оның білімді математик екенін білген лагерь бастығы өзі де математик болғандықтан есеп шығаруға шақырады. Қошалақовтың есеп шығарудан жүйріктігіне таңқалған. Осы нәрсе оны өлімнен алып қалыпты,—деп еске алады келіні Тәжігүл Жақсылыққызы.

Кеңес Одағымен соғыстың алғашқы айларында немістер кеңестік соғыс тұтқындарын қамау үшін арнайы орындар жетіспегендіктен тіпті сыммен қоршалған тақыр даланы да пайдаланған. Тұтқындардың жаппай қырылуы осы кезде-ақ басталған еді. Көптеген мұрағаттық құжаттар мен айғақтар жүздеген мың кеңес әскери тұтқындарының аштықтан азапталғанын көрсетеді. Орталық армия тобының «Дулаг» лагерін тексерген неміс полковнигі Маршалл өз баяндамаларында тұтқындардың тамақтануы қалыпты емес екенін мойындады. «Бір адамға тәулігіне 150 г-нан және 50 г құрғақтары. Бұл диетада ең көп дегенде 200-ден 700 калорияға дейін болды, бұл өмірлік деңгейдің жартысынан аз болды,—деді». Аталған «Дулаг» лагері—тікенді сыммен және неміс күзетшісімен қоршалған далалық сүзгіден өткізу лагері болды. Онда тұтқындар ашық аспан астында өмір сүрді. Олар қоқыспен, қалдықтармен тамақтандырылды. Қыста шұңқырларды қазып, суықтан қорғанбақ болған тұтқындар аштықтан, күзетшілердің қорлауынан, атып тастауынан, ауыр физикалық жұмыстардан көз жұмды. Осылайша жүздеген мың кеңес әскери тұтқындары қаза тапты.

1941 жылғы 10 шілдедегі неміс есебіне сәйкес Минск әскери тұтқындармен бейбіт тұрғындарға арналған лагерьдегі кеңес әскери тұтқындарының жағдайы туралы 140 мыңнан астам адам шамамен 50 мың шаршы метр аумақта ұсталды. Тұтқындар тек осында тұра алады, сол жерде табиғи қажеттіліктерді өтейді. Бұл жағдайда эпидемияның пайда болуы іс жүзінде сөз сізеді. Нюрнберг процесі кезінде Германия армиясының бұрынғы рота командирінің айғақтары қолданылды. Ол: «Уман әскери тұтқындар лагері (Украина) қалыпты жағдайда 6-7 мың адамға есептелген, бірақ ол кезде 74 мың адамды ұстаған. Бұрынғы кірпіш зауытының аумағында әр шатырдың астында ең көп дегенде 200-300 адам болды, қалғандары ашық аспан астында түнеді. Тәулік бойы жұмыс істейтін ас үйлер шамамен 2 мың адамға тамақ дайындай алады, күн сайын лагерьде 60-70 адам қайтыс болады. Күні бойы адамдар өлтірілді» деген [4]. Осыған ұқсас жағдай неміс армиясының басқа топтарының лагерлерінде де болды.

Кеңес тұтқындары ең жұмысы ауыр салаларда еңбек етті. Тау-кен орындарында, әсіресе, Рур шахталарында жұмыс істейтін кеңестік және батыс елдерінің соғыс тұтқындарының басым бөлігі өкпе ауруымен ауырған. Сондай-ақ кеңестік соғыс тұтқындарын қыруда улы газ да қолданылған.

Тұтқынға алынғандар немесе хабарсыз кеткендердің барлығы Отанға опасыздық жасады деп жарияланды. 1941 жылы 16 шілдеде Мемлекеттік қорғаныс комитеті № 169-сс қаулысымен бейберекет шегіну мен жаппай берілуге баға беріп, мұндай әскери бөлімдерді «арсыз жаудан үрейленіп қашқан қошқарлартабыны» деп атады. Өкінішке орай, Ұлы Отан соғысы жылдарында қоршаудан шығып, тұтқыннан қашып, кеңес әскерлері жағына өткен жауынгерлер мен командирлерге қатысты өрескел заң бұзушылықтар, озбырлық жасалғанын мойындау керек. 1941 жылдың аяғынан бастап жоғарыда аталған әскери қызметшілер санаттары НКВД әскерлерінің сүйемелдеуімен жинау-транзиттік пункттер арқылы тылдағы лагерьлерге арнайы тексеруден өтуге (сүзгіден өткізу) жіберілгені белгілі. Шындығында бұл мекемелер қатаң режимдегі әскери түрмелер болды: лагерьлер тікенек сыммен қоршалған биік қоршаулармен оқшауланған. Ресми түрде «бұрынғы Қызыл Армияның жауынгерлері» деп аталған тұтқындарға олардың туыстарымен хат алмасуға және кездесуге тыйым салынды.

Кеңестік әскери тұтқындардың басым көпшілігі көбінесе өмір мен өлім арасында таңдау жасағанда фашистермен ынтымақтасуға келісуге мәжбүр болған. Соғыс кезінде жаппай ерлікпен, бұрын-соңды болмаған халық бірлігімен, жауға жалпыға ортақ өшпенділікпен бірге онымен ынтымақтасу сияқты құбылыстар да болған. Легиондарға кіруге тұтқындарды итермелеген негізгі себеп – олардың жағдайының аса ауыр болуы, аштық, жазалау, кеңес өкіметінің оларға «сатқын» деген айып тағуы, тірі қалуға жанталасу, большевиктерге деген реніш тағы сол сияқты түрлі-түрлі жағдайлар себеп болған.

Легиондар тарихы – Ұлы Отан соғысының ең күрделі беттері, оны ғылыми тұрғыдан объективті түрде зерттеу қажет. Ресей Федерациясында ресейлік соғыс тұтқындары, фашистік лагерлерде, еңбек армиясында және айдауда болған бейбіт тұрғындар толықтай ақталды. Ал Қазақстанда бұл мәселе енді қолға алына бастады.

ҚР Президенті Қ-Ж. К.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашадағы «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия туралы» жарлығына сәйкес Түркістан легионында тұтқында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесін зерттейтін мемлекеттік комиссия тобы зерттеу жұмысын жүргізді. Комиссия тарапынан алғашқы рет мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, көтерілген мәселелердің бірі–екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, әскер қатарына шақырылып, фашистер қолына тұтқынға түскен қазақтардың ауыр тағдыры. Мемлекеттік комиссия Түркістан легионының қатарында соғысқан отандастарды оңалту мәселесін көтерді. Бұл жерде оңалту туралы сөз кінәлілер мен қылмыскерге қатысты емес, яғни бұл мәселеге әлі де нүкте қойылмайтын сыңайлы. Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен легионерлердің ісі түгелімен қайта қаралып, ізгілікті қадам жасалуы тиіс.

Әдебиет

- 1.Сергеев Ф.М.Тайные операции нацистской разведки. –Москва: Политиздат, 1991.– 414 с.
- 2.Садыкова Б.История Туркестанского легиона в документах. – Алматы: Кайнар, 2002. –247 с.
- 3.Әскери тұтқын: кеңестік идеологияның құрбаны <https://abai.kz/post/186>.
- 4.Сергалиев М. Историческая память: причины и условия военного коллаборационизма на примере «Туркестанского легиона». Электронный научный журнал «edu.e-history.Kz», 11(2), 303–317. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_303-317.

ӘОЖ 94(574)

Алаш зиялыларының ұлт бірлігі жолындағы қызметі

Мұратбекұлы Мейрамбек, магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается роль деятелей Алаша в создании национального государства.

Abstract

The article examines the role of Alash figures in the creation of a national state.

Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының құрылуы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының жандануына үлкен ықпал етті. ХХ ғасырдың басында күрделі қоғамдық-саяси үрдістер орын алып, қоғамдық санада ұлт-азаттық идеялар күшейіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болды. Алаш зиялылары халықтың рух биіктігін ұйыстыратын белгілі бір құрылымның қажет екенін жақсы білді. Олардың ұйытқы болуымен осындай қоғамдық, тарихи қажеттіліктер негізінде «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметі дүниеге келді. Алаш автономиясы қазақ кеңестік автономиясының құрылуына, кейін оның одақтық республикаға айналуына және тәуелсіз Қазақстанның жариялануына негіз қалады.

Ұлттық зиялы қауымның мақсаты қазақ халқының көзін ашу, оның саяси санасын ояту, оны білім мен қаруландыру және жалпы Ресей әкімшілігінен ұлттық автономияны талап ете отырып, Ресей құрамындағы ұлттық-аумақтық автономияға қол жеткізу болды. Олар ақпан төңкерісінен кейін Алаш партиясын құру, Алаш орданың ұлттық үкіметін құру және барлық қазақ жерлерін бір автономияға біріктіруді мақсат етті.

Алаш қайраткерлері әлемнің озық білімін, ғылымын терең игерген, көпшілігі Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындары, сондай-ақ бірқатар шетелдік оқу орындарының (Германия, Польша, Түркия және т.б.) түлектері еді. Алаш қозғалысының көптеген жетекшілері құқық қорғаушылар, саяси және қоғам қайраткерлері ғана емес, сонымен қатар ірі ағартушылар, публицистер, газет-журнал баспагерлері, ойшылдар, ақындар, педагогтар, ғылыми зерттеулердің, кітаптар мен оқулықтардың авторлары болды. Олар теңдесі жоқ публицистер болды, Алаш Орда үкіметінің газет-журналдарын шығаруды ұйымдастырды. Алаш қайраткерлері ғасырда бір рет пайда болатын өзгеше бітімдегі жандар болатын.

Сондықтан олар барша саналы ғұмырларын туған халқының азаттыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет болуына арнады. Алаш Орда үкіметінің саяси және рухани бағыт-бағдарын айқындаған партия бағдарламасының әр тарауында қамтылған мәселелер бүгіндері өміршендігін көрсетті. «Негізгі хұқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот» тарауларындағы жеке тұлғаның құқықтық және дін бостандығы, ұлт теңдігі және демократиялы ашық қоғам құруға қажетті ұстанымдар ұлт зиялыларының дүниетаным тереңдігін, ой-сана кемелділігін жаңа бір қырынан айқындайды. Ел мен жер қорғаудағы әрбір азаматтың парызы ой талқысына салынған «Ел қорғау» тарауындағы «Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы» деген ұстанымның ұлттық ерекшеліктен туындап жатқанын айрықша атап көрсетуіміз керек [1,160].

Қай уақытты алсақ та жер мәселесі қашанда өзекті болған. Алаш партиясы бағдарламасындағы «Жер мәселесі», «Ғылым-білім үйрету» тарауларын өміршең құжат деп бағалауға болады. Ондағы «Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану... Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу», «Оқу ордасының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; өз алды автономия түрінде болуы...» сипатындағы байыптаулар қазіргі таңда да көкейкестілігін жойған жоқ.

Алаш көшбасшылары Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу және қазақ жерлерін біріктіру процесіне де белсенді қатысты. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Бірімжанов, М.Шоқай, Ж.Ақпаев, М.Тынышпаев, сондай-ақ С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешев т.б. ұлт зиялылары қазақ аумағының тұтастығын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салды.

Қазақ зиялылары халықтың даму деңгейін Жапония сияқты Азияның озық елдерімен қатар көтеруге ұмтылды. Азаттыққа ұмтылған отар елдердің озық тәжірибелерін ой елегінен өткізіп отырған санаткерлерімізді жатқа тізгін бермеген Жапон мемлекетінің әлемдік дамуға құлаш ұрған саяси-әлеуметтік серпілісі, ұлттық сілкінісі айрықша қызықтырды [1,201]. Олардың «Жапонияны» үлгіге

алуы кейіннен «жапонтыңшылары» деп айыпталуына негіз болған еді. Алаш қайраткерлері халықтың ұлттық санасын мемлекеттік деңгейге көтерді. Алаш партиясы сол кездегі қоғамның мәселелерін шешу үшін шаралар кешенін әзірлеген алғашқы саяси ұйым болды. Алаш ордалықтардың негізгі идеясы халықтың бірлігі болды және бұл ұран бүгінгі күнге дейін өзекті.

Сол кездегі төтенше жағдайларда алаш ордасылар ерекше икемділік таныта білді, сонымен бірге олар принципті саясаткерлер болды. Большевиктер алаштықтарға қазақ мемлекеттілігін құру және нығайту бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік бермегені белгілі. Қалыптасқан жағдайда Кеңес үкіметінің жеңісін мойындауға мәжбүр болған және большевиктердің мемлекеттік аппаратта жұмыс істеу туралы ұсынысын қабылдаған Алаш Орданың бұрынғы қайраткерлері кеңес үкіметіне ұлттық мазмұн беруге, оны жергілікті халықтың мүдделеріне жақындатуға тырысты. Кеңес билігі әбден нығайып алғаннан кейін, Алаш қайраткерлерінен құтылудың амалына кірісті. 1930 жылдан бастап оларды қуғынға ұшыратып, түрмеге тоғытты.

Алаш зиялылары қатысқан Түркістан автономиясы да большевиктік саясаттың құрбаны болды. М.Шоқай жастығына қарамастан сол тарихи кезеңде түркі халықтарының мүддесін бір арнаға түсіріп, Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесін құрып, жергілікті халықтардың автономиялық билікке қол жеткізуі жолында зор күш жұмсайды. «...Ол уақытта Ресейден бөліну туралы мәселені қоюға да және оны қабылдатуға да Түркістан дайын болмайтын» [2,99],— деп М.Шоқайдың өзі жазғанындай, бұл кезең азаттық жолындағы күрестің бір басқышы болып тарихта қалды. Ұлтқа адал қызмет ету жолындағы жанқиярлық өнегені Алаш тұлғалары әрдайым көрсете білді. Кеңестік биліктің қайшылықты қуғын-сүргінге толы жылдарында зиялылар қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін, мәдениетін қорғауға күш салды, ағарту саласында еңбектенді.

Өмірдің нақтылы шындығын, туған халқының ауыр тұрмысын қоғамдық-саяси бағыттағы теориялық білімдері арқылы зерттеп, шешуге ұмтылған Алаш зиялылары саяси күрестің сол кезеңдегі барлық сынақтарына төтеп бере алды. Империяның орталық қалаларында құрылған саяси партиялар мен ұйымдардың құрамында болып, ұлттық мәселелерді Ресейдің Мемлекеттік Думаларында көтерді.

Түркі халықтарының ұлт бірлігі жолындағы күрес жүргізу барысында М.Шоқай ұлттық мемлекеттікті тек тәуелсіздік жағдайында ғана құруға болады деп есептеп, барлық өмірін осы идеяның насихаттауға арнады. Ол ойын былай тұжырымдайды: «Осы елдің құрамындағы Қазақстанда ұлттық тәуелсіздік мәселесі түгіл, саяси және ұлттық бостандықтың ең қарапайым нышандары сөз болуы мүмкін емес. Өйткені... қашанда орыс солдаттарының соңынан

орыс мұжығы ілесіп отырады. Басып алынған жерде орыс билігі орнаған соң-ақ, пұшәйман халықтың жері тартылып алына басталады. Сол себепті де осындай жолмен біріктірілген мемлекет ішінде ұлттардың ерікті түрдегі тең құқықты одағын құруға ешқандай орын қалмайды» [3,288] деген М.Шоқайдың пайымдауында қазақ халқының ұлттық дамуын тек тәуелсіз ұлттық мемлекеттік негізінде болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Орталықтағы саяси ағымдармен тығыз байланысты болған Ә.Бөкейханов, М.Шоқай және басқа да ұлттық саяси элита өкілдерінің аталған партиялардың бағдарламалық құжаттарымен жете таныс болуы оларға өз көзқарастарына сай ұлттық мүддені қорғай алатын партияны таңдауына мүмкіндік берді. Ә.Бөкейханов «Мен кадеттер партиясынан неге шықтым?» деп өзінің саяси таңдауын жасады.

Социалист-революционерлер партиясымен белгілі деңгейде байланыста болған М.Шоқай кейін ол ұйымнан сырт айналып, Түркістанда «Шурои Исламияның» ұйымдастырушыларының бірі болды. Әйтсе де олар ұлт мүддесін іске асырудың ең тура жолы ұлттық партия құру деген ортақ тоқтамға келді. Бұл сенім ұлттық ақыл-ойдың ұйтқысына айналып, «Алаш» партиясын саясат сахнасына алып шықты. Көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылары түгелдей дерлік Алаш идеясына ден қойды.

М.Шоқай Отанға қызмет жасаудың жолдары көп деп түсінген. Мария Шоқай естелігінде мынадай пікірді айтады: «Өмірінің соңғы сәттерінде, 1940-жылы соғыс тұсында ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар, жазумен шұғылдана едім», – дейтін Мұстафа Шоқай. [4,165]

Қорыта айтқанда Алаш және кеңес үкіметінің ұлттық мемлекеттілік мәселесінде ортақ мәмлеге келуі мүмкін емес еді. Ұлт қайраткерлері коммунистік жүйеге қарсы рух биіктігін танытып, ұлтқа қызмет етудің саяси және рухани мектебін қалыптастырып кетті. ХХ ғасырдың басында дүниеге келген Алашидеясы Тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне қызмет етуді жалғастыруда. Қазіргі мемлекеттілігіміздің негізінде осы Алаш автономиясы да тұр деуге толық негіз бар.

Әдебиет

1.Рухани жаңғыру: «Мәңгілік Ел» құндылықтары және Алаш идеясы: тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы. Оқу-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 380 б.

2.Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. 1917-1920 годы. –М. : Россия молодая, 1994. –210 с.

3.Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков. – Алматы:«Жеті жарғы», 1996. –352 с.

4.Чоккой М. Я пишу Вам из Ноjana [Текст]–Алматы:Қайнар, 2001. – 208 с.

ӘОЖ 94(574)

Архив –тарих қазынасы

Төребай Әлия, магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается, как идеология повлияла на деятельность архива в советский период. Отмечается, что вследствие одностороннего отбора документов безвозвратно уничтожены ценные данные, отражающие реальную историю Казахстана.

Abstract

The article examine show ideology influenced the archive's activities during the Soviet period. It is noted that due to the unilateral selection of documents, valuable data reflecting the real history of Kazakhstan has been irretrievably destroyed.

Бір орталыққа бағынған тоталитарлық мемлекетте тарихымыздың көп мәселелері коммунистік идеологияның қағидаларына сәйкес біржақты бағаланып келді. Құжаттарға деген тиісті талдау мен шығармашылық көзқарас болмай, көптеген қорлар негізді-негізсіз жабық тәртіпке көшті. Олардың құжаттарын пайдалануға тиым салу тарихи зерттеулердің ауқымын тарылтпай қоймады.

Қазақ елінің егемендігін жариялап, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге кеңінен жол ашты. «Құжатсыз тарих жоқ, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ» деген танымал нақыл сөз өте көлемді тарихи құжаттарды сақтайтын архивтердің мақсат - міндеттері мен маңызын айтарлықтай дәл білдіреді.

Республиканың даму тарихымен бірге Қазақстан архиві де елеулі кезеңдерді бастан кешті. Қандай да болсын архивтер бір күнде құрылған жоқ. Оның құрылуы мен қалыптасу тарихы еліміздің өткен тарихымен тығыз үндесіп жатқандығымен ерекшеленеді.

Архив құжаттары – баға жетпес байлық, халықтың асыл қазынасы. Бүгін де, ертең де, келер ғасырларда да толығы беретін, жазыла беретін тарихтың қайнар көзі. Қазақстанда архивті қалыптастыру мен дамытудың социалистік практикасында сорақылықтар, бұрмалаулар аз болған жоқ. Оған көптеген құнды құжаттарымыздың жойылуы дәлел.

Қазан революциясына дейінгі негізгі құжаттар алыс және таяу шет елдерде сақталды. Оның әртүрлі заңды, заңсыз себеп салдарлары бар. Ең алдымен архив жинау, сақтау ісінің қанымызға сіңбей, дәстүрімізге енбеуі басты себеп болды. Сондай-ақ қазақ даласына жасалған қиян - кескі шапқыншылықтар, Ресейдің отарлау саясаты тарихи деректерді бір орталыққа жинақтауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да 1917 жылға дейінгі деректі құжаттар Қазақстан архиві қорларында кемшін болып келеді. Елімізде қабылданған «Архив-2025» бағдарламасының мақсаты – сол құнды деректерді тауып, зерттеп-зерделеп, ел игілігіне жарату. Қазақстанға тиесілі архив қорлары Ресейдің Орынбор, Омбы, Санкт-Петербург, Москва, Астрахан, Саратов, т.б. қалалардағы архивтерде молынан кездеседі. Қазан төңкерісіне дейінгі патшалық Ресей архивтерінде құжаттар ұқыпсыз сақталды. Еліміздің тарихына қатысты құжаттардың жойылуы азамат соғысы жылдарында да өршіді. Орынбор архив бюросы 1913-1917 жылдардағы қазақ тарихына қатысты 251 пұт 20 қадақ құжаттар мен 2006 кітапты 1923 жылы макулатураға сатқан [1].

Облысымызға қатысты бірқатар бағалы мәліметтер Ресей мен Өзбекстан Республикасының архивтерінде сақталған. Сыр елінің тарихы мен мәдениетіне қатысты рухани мұраларымызды жинақтап, ел игілігіне жарату мақсатында Орынбор облысының мемлекеттік архивінде, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде құжаттарды іздестіру және көшірмелерін иелікке алуда біршама істер атқарылды. Нәтижесінде архив қоры 1734-1938 жылдар аралығындағы құнды құжаттармен толықтырылды.

Архив қорларына сипаттама беретін болсақ, мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару (86 қор бар), әділет, сот, прокуратура, әскери мекемелер (34 қор), жоспарлау және статистика (9 қор), қаржыландыру, несиелендіру, мемлекеттік сақтандыру (35 құжат), мемлекеттік салықтан түсетін кіріс, мемлекеттік меншік (4 құжат), өнеркәсіп орындары, артелдер, электр энергиясы (65 құжат), ауыл, орман және су шаруашылығы, жер ресурстары, қоршаған ортаны қорғау (146 құжат), құрылыс және архитектура (34 құжат), көлік, байланыс және радио тарату (26 құжат), сауда, дайындаманы жабдықтау және өткізу (73 құжат), кооперация (18 құжат), тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы. Тұрмыстық қызмет көрсету (14 құжат), білім, жоғары және орта кәсіптік білім (42 құжат), ғылым және ғылыми сүйемелдеу (3 құжат), мәдениет, өнер, баспасөз және ақпараттық қызмет (26 құжат), денсаулық сақтау, денешынықтыру және спорт (33 құжат), еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру (9 құжат), қоғамдық ұйымдар (1 құжат), жеке тектік құжаттар (34 құжат).

Архив қорларында 1890-1920 жылдардағы мешіт, шіркеу кітабы, 1917 жылғы уездік, қалалық атқару комитетінің, 1918-1920 жылдардағы Перовск уездік - қалалық революция комитетінің,

облыста құрылған бастауыш партия, комсомол, пионер ұйымдарының, кеңестік мекемелер мен кәсіпорындардың басқару-әкімшілік құжаттары, Кеңес үкіметін орнату, сауатсыздықпен күрес, мұғалім мамандарын даярлау курстарын ашу, әйелдерді жұмысқа тарту, мемлекеттік және кооперативтік сауданың дамуына қатысты құнды деректер, сондай-ақ 1938 жылы облыстың құрылуы, Ұлы Отан соғысы жылдары, одан кейінгі кезең-кезеңмен дамуы туралы құжаттар көптеп кездеседі.

Кеңес өкіметіндегі ең саясаттанған сала тарих ғылымы болды. Бұл дәуірде ұлттық республикалардағы халықтардың тарихы екінші орынға ысырылған болатын. КСРО көлемінде бір ғана тарих - Ресей мемлекетінің тарихы төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі болып зерттелді. Оқу орындарында тарих КСРО халықтарының тарихы деп аталса да, кейін КСРО тарихы деп түзетілді. Іс жүзінде орыс халқының тарихы зерттелді. Біртұтас елдің біртұтас тарихы ғана болу керек деген империялық ұғым орнады.

Тарихи құжаттардың қойнауы архив дейтін болсақ, сол архив та саясаттың құралына айналды. Күні кешегі қоғамдық өмір шындығына, кеңестік тарих ғылымының хал-ахуалына назар аударсақ, онда сыңаржақ көрініске тап боламыз. Кеңестік социалистік қоғам күні кешеге дейін тарих ғылымында Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылып, Ұлы Ресей империясы құрамына біржолата енуі, орыс халқының тарихи жасампаздық болмысы және оның қоғамдық дамуда мешеу қалған қазақ халқына достық, ағалық қамқорлығы, қазан төңкерісінің дүниежүзілік тарихи маңызы, орыс жұмысшы табының саяси басшылығы, пролетарлық интернационализм туы астында ұлттар достығының мәңгілік бірлестікке шеру тартуы сияқты тақырыптар зерттеудің ең басты бағыты және негізгі міндеті болып табылды.

Құжаттардың біржақты іріктелуі салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Кеңестік кезеңде идеологиялық ықпал ету үрдісі қарқынмен жүрді. Архив науқаншылдық істерге кеңінен тартылып отырды. Мәселен, КСРО-ның құрылуының 40, 50 т.б. жылдығы, қазан революциясының айтулы күндері т.б. Осы күндерге сәйкес архив құжаттарынан көрме, радиодан лекция т.б. ұйымдастырылды. Кеңестік кезеңде қазақ халқының ұлттық мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, рухани болмысын, ғасырлар бойына созылған азаттық күресін, ардагерлері мен қоғам қайраткерлері өмір жолын зерттеу мәселелері ғылыми- зерттеу шеңберінен тыс қалдырылды. Оны зерттеуге ниет білдірген ғалымдар қуғындалды. Сондықтан тарихи зерттеудегі алға қойылған мақсаттар мен тақырыптардың сыңаржақтығына, саяси-идеологиялық бағытталуына, тапсырысқа сай деректік қор жинақталған.

Таптық методологиялық жүйеге сай келмейтін, партиялық принципке қайшы деректер ғылыми құнсыз дүние деп бағаланып, зерттеу айналымына қосылмады. Деректердің басым көпшілігі революцияға дейін Ресей отарлық әкімшілігі мен түрліше әскери, жазалау мекемелерінің мәліметтерінен тұрса, революция жеңісінен кейінгі кезде кеңестік орталық пен КОКП саясаты арнасында іріктеліп, топтастырылды [2,138].

Архив қорларының халқымыз тарихының маңызды дерек көздерін құрайтындығы даусыз. Архив мекемелері негізінен кеңес өкіметінің тікелей басшылығымен құрылғандықтан, ондағы қорлар ұзақ уақыт бойы ұлттық мүддеге емес, халқымызға жат таптық мүддеге сай жинақталған. Бұған қосымша күрделі проблемалық зерттеулер де орыс тілінде, марксистік-лениндік методологиялық негізде жазылуға тиіс болды. Осы жағдай деректемелік қордың тағдырына сөзсіз әсерін тигізді.

1930-1950 жылдардың алғашқы жартысында жанды ойдың бәрі басып-жаншылып, тарихшылар ең басты дерек көздерінен айырылды. Зерттеушілер үшін архив қорларына жол жабылды. Әсіресе, қырағылық, жаппай күмәншілдік, халық жауларын іздеу сол жылдары бұқаралық сипат алды. Ол үрдіс архивті де айналып өтпеді. 1938 жылы архив мекемелері Ішкі Істер Халық Комиссариатының қарауына берілді. Тиісінше архивтер саяси бағытқа көшірілді [3,13,15]. Көптеген құжаттарға шектеулер қойылды. Партияның идеологиясына сай келетін архив құжаттарын ғана жариялау және пайдалануға рұқсат берілді. Облыстық архивте 1947 жылы барлығы 32 құпия қор, 1293 сақтау бірлігі жинақталған. Құпия қор бөлімі карточкалық есепке алынған контрреволюциялық элементтер туралы есеп беріп отырған. 1947 жылы 3900 адамға саяси көқарастары бойынша карточка толтырылып, ескі армияның 71 бұрынғы офицеріне, ақ гвардияшылардың 64 офицеріне анықтама-тізім жасалған [4,13].

1950 жылдардың екінші жартысындағы Сталиннің жеке басына табынуды сынаған КОКП XX съезінен архив материалдарына ішінара қол жеткізіледі. Кеңестік кезеңде идеологиялық ықпал ету үрдісі қарқынмен жүрді. Социалистік идеялар мен тұжырымдар әрбір кеңес азаматының тікелей наным-сеніміне және бүкіл іс әрекетінің өзегіне айналды. Тарихты идеологияның құралына айналдыру үшін бұрмалау ауыр қателікке апарып соқтыратынын өмірдің өзі дәлелдеді.

Әдебиет

- 1.Қазақстанға тиесілі архив қорлары қайда сақталған?// <https://abai.kz/post/118914>
- 2.Зұлқарнай Алдамжар.Тарих: пайым мен тағылым.—А, 2002—288 б.
- 3.Ғасырлармен тілдескен мұрағат.—Астана, 2009—136 б.

4. ҚОМА (Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві) 148-қор, 1-тізбе, 118- іс.

ӘОЖ 94 (574)»19/...»

Нәубет жылдарының зардаптары

Төлегенова Ж.Ж., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются последствия голода в Казахстане в 30-е годы XX века.

Abstract

The article examines the consequences of famine in Kazakhstan in the 30s of the twentieth century.

Қазақ даласындағы ең қасіретті де сұрапыл кезеңдердің бірі болған XX ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылық қазақ халқына жойылып кету қаупін төндірген еді. Аштықтан қырылғандардың саны есепсіз болды. Осы күнге дейін нақты аштықтан, жұқпалы аурулардан өлгендердің сандары нақтыланбайотыр. Қазақстандағы күшпен ұжымдастырудың және зорлап отырықшыландырудың алып келген ауыр зардаптарының бірі- демографиялық апат еді. Тарихи зерттеулерде Қазақстандағы 1931-33 жылдардағы ашаршылыққа байланысты ғалымдар зерттеу барысында түрлі пікірлер айтады. Қазақстандық тарихшы демограф ғалымдар осы жылдардағы ашаршылық құрбандарын 1,5 миллионнан 3 миллионға дейін жеткізіп жүр. Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдар бірнеше мақалалары мен зерттеу еңбектерінде ашаршылық жылдары 2 миллион 100 мың адам опат болды, оның 1 миллион 750 мыңы қазақтар деп көрсетеді [1,67]. Талас Омарбековтың айтуынша, ашаршылық кезінде 2 миллион 300 мың қазақ өлген [2, 50]. Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан зерттеулер бойынша аштықтан өлгендердің санының артуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені жіті зерттеу аса маңызды. Сол кездегі ресми құжаттардан ашаршылықтан өліп жатқан адамдардың нақты санын кездестіру қиын, тек қалалар бойынша жұқпалы аурулар мен індеттің қасіреті туралы мәліметтер кездеседі. Себебі, Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекин өзінің жүргізіп отырған қанды қылмысты саясатын жасыруға тырысты. Бүгінде қазақ жеріндегі нәубет бар елге тән болғаны белгілі. Бірақ бұл нәубет әр халыққа әр қырынан көрінді. Мәселен, қазақтар саны 2,2 млн, пайызбен есептегенде 49 пайыз, қырғыздар саны тиісінше 300 мың (25 пайыз), мордва 400 мың (12 пайыз), украиндар 100 мың (12 пайыз), немістер 6 мың (11 пайыз),

белорустар 300 мың (10 пайыз), дүңгендер 1 мың (10 пайыз), татарлар 9 мың (10 пайыз), өзбектер 20 мың (8 пайыз), ұйғырлар 10 мың (8 пайыз), орыстар 85 мың (6 пайыз), басқалары 9 мың (10 пайыз) [3,195].

Большевиктер билік басына келгеннен кейін қазақ жері екі дүркін 1920-шы, 1930-шы жылдар басында жан түршігерлік ашаршылықты бастан кешті. Ашаршылық КСРО мемлекетінің көптеген аймақтарын қамтыды. Әсіресе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Украинадағы ашаршылық көлемі тым үлкен болды. Алайда осы елдердің ішінде ең ауыр зардап шеккен Қазақстан болатын.

Ашаршылық кеңес өкіметінің Қазақстандағы мал атаулыны тәркілеу туралы шешімінен бастау алды. Бар тіршілігі төрт түлікке байланысты болған қазақ халқына аштан өлуден басқа жол жоқ еді. 1931-32 жылдары болған қуаңшылық жағдайды мүлдем шиеленістіріп жіберді.

Қазақ даласындағы ашаршылық туралы БК(б)П ОК-нің Бас хатшысы И.В.Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ф.И. Голощекинге жолданған Т.Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. хаттарда қазақтың аштықтан қырылуы мен үдере шетел асуының негізгі себептерін айғақтайтын нақты мәліметтер берілді. Алайда, қазақ зиялыларының жанайқайы тыңдаусыз қалды.

Нәубет жылдарының ауыртпалықтары туралы жазылған еңбектерде халықтың аштан өлмеу үшін тышқан аулап, тентіреп кеткені, тіпті адам жеу, өз балаларын жеу оқиғаларының орын алғаны туралы да ащы шындықтар айтылады.

Аштықтың жантүршігерлік көрінісі туралы ғалым Т.Омарбеков мұрағат қойнауындағы жеті адам қол қойған Шу елді мекеніндегі жағдай туралы мынадай дерек береді. «Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барақ жан төзгісіз жағдайда. Баспана әл дәрмені таусылған, көбі эзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспана іші былғаныш, сасық. Жүзге тарта аш адамдар жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен. Барлық жерде сүйектер, барақтан біраз жерде солтүстік жерде тағы да өлік. Барақтың орынынан шығысқа қарай бір жарым шақырымдай қашықтықта шұқырда тағы бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеу болғанын айғақтайды. Қазақ бейіті жас молаға толы». Мұндай масқара құбылыстан басқа мынадай мысалға душар болып отырмыз: Сталин атындағы ұжымшардың №12 «Ақтас - жартас» ауылында 4 адам 19 адамды жеп қойыпты. Олардан адам еттерін және өлекселерін тауып алдық.

Әлібек ұжымшарында 22 адамның 21-і өлген кезде қалған біреуі өзінің туған ағасының етін жеген. Хат иелері қол қоймаған тағы бір құжатта мынадай мәліметтер бар: «1933 жылдың қаңтарынан 31 наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алынған өліктер: ауылдық кеңестің берген мәліметтері: ауылдық кеңестерде өлген адамдардың аттары, ... 671 адам. «Успен ауылдық кеңесінде бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйретіп жүрді (Ол ұсталды. ОГПУ тұтқынында отыр) [4,228, 229].

Осылайша 30-жылдардағы аштық халықты күйзелтіп қана қоймай, күйретіп кетті. Аштық қысқан халық арасында сүзек сияқты жұқпалы аурулар эпидемиясы басталады. Ашаршылық салдарынан сол жылдары 1030 мың адам туған елден шекараасып, шұбыра босқындыққа ұшырайды. Халық көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, тіпті, Қытай мен Моңғолияға қашады.

Қазақстаннан тысқары кеткен 1030 мың адамның 414 мыңы ғана кейіннен қайтып оралады. [5,273]. Аштықтан аман қалу қамымен ел ауып кеткен жерлестеріміздің қайтадан ата - мекенге оралуға ниетті екендері архив құжаттарынан байқалады. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасына 1933 жылғы 15 сәуірде Тәжікстан Республикасы Исфара ауданы Лекан ұжымшарының тұрғындары атынан жазған арызында уәкіл Төлебай Қисықов: «Біз, Қызылорда ауданы, 2-ші ауыл тұрғындары, 1932 жылы аштықтан отбасымызды, балаларымызды аман алып қалу үшін Тәжікстанға үдере көштік, енді туған жерімізге қайта оралып, еңбек еткіміз келеді, бірақ қайтуға қаражатымыз жоқ. Сондықтан, Тартоғай стансасына дейін поезбен жетуге қаражат берсеңіздер. Барлығымыз 30 отбасы, 810 адамбыз», - делінген [76.46].

Ашаршылық зардабының жергілікті халықты мұншалықты мүшкіл халге жеткізуі сол кездегі ресми саясаттың нәтижесі болатын.

Әдебиет

1. Қозыбаев М. Абылхожин Ж. Татимов М. Қазақстанская трагедия. // Вопросы истории. 1989 г. №7; Козыбаев М.К. Абылхожин Ж.Б. Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане трагедия крестьянства. - Алматы: Ғылым, 1992-420

2. Омарбеков Т. Аштық апатын анықтай алдық па? // Ақиқат, 1994-№5.

3. Әбдіәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы. Алматы: республикалық баспа кабинеті, 1997-403 б

4. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001-404 б

5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. - Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б

ӘОЖ 001: 94 (574)

**Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау
науқандарының салдары**

Токтамуратова М.Ж., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются механизмы и последствия государственных хлебозаготовок и мясозаготовок в Казахстане в 1929–1932 годах.

Abstract

The article examines the mechanisms and consequences of state grain and meat procurements in Kazakhstan in 1929–1932.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында шаруаларды көшпеліліктен отырықшылыққа көшіру, ұжымдастыру, меншіктен айыру науқандарының қатаң күштеу тәсілдерімен жүзеге асырылуы халықтың наразылығын күшейтіп, босқыншылықты туғызған еді. Жаппай отырықшылыққа көшірудің алғашқы тәжірибесі күшпен ұжымдастыру, астық пен ет дайындау аштық пен жергілікті халықтың жаппай үдере көшуіне ұласып, нәтижесіз аяқталды.

Астық және ет дайындау науқандарының күштеу арқылы жүргізілуі аштықтың негізгі себептерінің бірі болды. Бұл науқан шаралары ел ішіндегі ахуалды одан бетер шиеленістіріп жіберді. Халықтың мүмкіндігімен санаспай ет және астық дайындау жоспарының жыл сайын жүгенсіз өсуі Кеңес Одағында қалыптасқан жағдаймен байланысты болды. 1929 жылдың ақпанында Кеңес Одағының барлық территориясында нанға карточка, арада аз уақыт салып осы жылдың шілдесінде етке карточка енгізілді. Ал, қазанда нан, жарма, ет, май, қант, шәй мен жұмыртқаның жетіспеушілігі айқын сезіліп, бәрі карточкамен беріле бастады [1]. Сондықтан, азық-түлік жетіспеушілігі жағдайында Мәскеу Қазақстанды астық, ет дайындаудың негізгі көзі ретінде таныды. Бірақ, Қазақстанда да жағдай онша емес еді. 1930 жылдың өзінде Қазақстанның кейбір аймақтарында ашаршылық етек алуына қарамастан, орталықтан астық, ет дайындау қарқынын одан сайын арттыру қажет деген талап қойылды.

Елді ашаршылық жайлап, халық қырылып жатса да астық, ет салығы төмендеген жоқ. Жиналған астықты толық алып кетіп отырған. Бірқатар шаруашылықтарға және шаруаларға берілген тапсырма жиналған астық мөлшерінен бірнеше есе көп болатын.

1926–1927 жылдары жалпы астық дайындау жоспары екі есеге артық орындалған. Бұл жылдары астық дайындау 25290 мың пұт болып жоспарланса, іс жүзінде 54910 мың пұт жиналған. Ал 1927–

1928 жылдарға арналған жоспар 28 700 мың пұт, ал осы жоспардан орындалғаны 2307 мың пұт болған. Қазақстаннан 1929 жылы – 37,8 млн пұт, 1930 жылы – 40,7 млн пұт, 1931 жылы – 40,4 млн пұт, 1932 жылы 45,3 млн пұт астық алынды [2, 50]. Осы кезден бастап, партиялық және үкіметтік мекемелердің төменге жолдайтын бұйрықтары қатаң стилге ауысты. Астық дайындау туралы нұсқаулар бұзылған жағдайда республика прокуроры бұл істердің қысқа мерзімде қаралуын тапсырып, кінәлілерді жауапкершілікке тартуы тиіс болды [3, 9].

БК(Б)П Орталық комитеті 1929 жылдың 20 желтоқсанында «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдайды. Бұл қаулы мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруаларын күйзелтіп жіберді. Ет дайындаудың көлемі алдын ала жоспар межесімен белгіленді. Бірақ бұл жоспарларда көрсетілген мал көлемі шаруалардың қолындағы нақты бар малмен мүлде сәйкес келмейтін. 1931 жылдың қысында Қазақстанға келген Халық комиссары А.Микоянның Сталин мен Молотовқа «есепке алынбаған орасан көп мал бар..» деп берген жеделхатынан соң шаруаларға қысым күшейді. Мал сою орындары ашылып, тартып алынған малды сою қарқын алды.

Ф.И.Голощекин Қазақстанды Одақта ет дайындаудың неғұрлым ірі аймағы деп есептеді. Мәскеу қаласы мен Мәскеу облысына 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында жеткізілген еттің 53,9 пайызы, Ленинград қаласы мен Ленинград облысына жеткізілген еттің 43,3 пайызы Қазақстаннан әкелінген. Ал РСФСР-дің Мәскеу мен Ленинградтан басқа аймақтарына жеткізілген еттің 57,5 пайызы Қазақстаннан жеткізілген [1]. Көріп отырғанымыздай, 1931 жылы ақпан-наурыз айларында Мәскеуге жеткізілген еттің жартысынан астамы Қазақстаннан әкелінген болатын. Халық амалсыздан өкіметтің жергілікті жерлердегі күштеу саясатына ашық қарсылық білдіруге көшті. 1929-31 жылдары қазақтардың күшпен тәркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы 372 наразылық көтерілістері болып, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты.

Белгілі тарихшы Қ.С.Алдажұманов Абыралы көтерілісінің басталу себептерін және барысын төмендегіше баяндайды: «Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, 1931 ж. көтерілістері дайындау науқандарының бүкіл барысында пайда болды. Мысалы, Абыралы ауданында жоғарыдан түсірілген өткізілуге тиісті мал басы дайындалуға тиісті жоспарланған өнімнен 2,5 есе көп болды. БК(б)П аудандық партия комитетінің хатшысы Н.Мәметековтің жоғарғы органдарды мұндай жоспарды орындау мүмкін еместігіне сендірмек болған әрекеті ешқандай нәтиже бермеді. Тек кейініректе ғана, Алматыда БК(б)П Өлкелік партия комитетінің пленумына қатысқан ол өзінің айтқанына қол жеткізді және түзетілген дайындау жоспарын алып қайтты. Бірақ та бұл сандардың өзі де нақты жағдайды

ескермеген болатын: бюрократ кадрлардың жасаған жоспары бойынша халыққа бұрынғы 8745 тоннаның орнына тағы да 3379 тонна етті тірідей салмақпен өткізу тапсырылды. Бірақ солай бола тұрса да, бұл жоспарды аудан 100%-ға орындай алмады. Елдің барлық малын өткізгеннің өзінде де осылай болып шықты. Ал енді Н.Мәметекөв ауданға қайтып оралғанша, жергілікті басшылардың және белсенділердің «талпыныстарының» арқасында әбден ашынған халық көтеріліске шығып кеткен еді» [4,369].

Тек тартып алуды ғана білетін белсенділер алыс аудандардағы күшпен алынған мал басына байланысты есеп-қисаптарды мүлде жүргізбеді. Онда тіптен мал басына айырбастайтын аса қажетті тауарлардың өзі де жеткізілмеген болатын. Осының бәрі аштық қаупін күшейте түсті. Дайындау жоспарының күннен-күнге өсуіне байланысты, мал шаруашылығымен айналысатын қазақ аудандарындағы барлық шаруалар қолдағы бар малдарын салық ретінде өткізулері тиіс болды. Мысалы, Қарқаралы ауданында мал өткізу жоспарын 24 сағаттың ішінде орындауға тиіс болған жергілікті қызметкерлер Қарқаралы округінің Шет ауданында малды даладан қуалап алып кеткен. Осылайша, етке мал өткізу жоспары бір күннің ішінде орындалған. Осы округтің Қарқаралы ауданында шолақ белсенділер халықтан малды күшпен тартып алып, ет өткізу орындарына айдап кеткен. Шолақ белсенділердің өздері де тапсырманы орындау барысында қысымға ұшырап, малды аз айдап келген жағдайда таяққа жығылып, темірге таңылған. Қазақстанның көптеген аудандарында Мәскеуден келген өкілдердің талабын орындайтындай мал басы шын мәнінде жоқ еді, сондықтан да оны орындау мүлде мүмкін емес болатын.

Елдің мүмкіндігінен 17 есе артық жоспарланған егін мен мал салығы ұлан даланы тақырға айналдырды. 1928-1932 жылдардың ішінде халықтан 6 миллион 509 мың ірі қара, 18 миллион 566 мың қой, 3 миллион 516 мың жылқы тартып алынып, барынан айырылған жұрт ауа көшкен. Егер 1929 жылы 1 қаңтарға Қазақстанда ірі қараға шаққанда 44,7 млн бас мал болса, 1931 жылы ол 8,6 млнға дейін кеміп кеткен. Ал 1934 жылдың 1 қаңтарына қарай шамамен 4,7 млн бас қалған. Мұның себебін, Қ.С.Алдажұманов асыра сілтеу, мемлекетке мал өткізу жоспарының жыл сайын үстемелеп өсуі, босқындыққа ұшыраған шекара аудандарының тұрғындары кей жағдайда малдарын айдап алып кетуі және ең бастысы жұқпалы мал ауруының елді жайлап алуы еді. Бұл туралы бүгінде айтыла бермейді, жұқпалы қатерлі аурулар салдарынан өкіметке деп жиналған мыңдаған бас малдың қырылуы бұған куә, –деп көрсетеді [5,63].

Ф.И. Голощекиннің атына ОГПУ басшылары 1931 жылы 14 тамызда түсірген мәліметке қарағанда, Адай даласында ет даярлаудың жоспары ең болмаса жарым-жартылай да орындалмаған. Ет тапсырудың жоспарын орындамай қойғандар мен одан бас

тартқандар әртүрлі қоқан-лоққының, жаппай айып салып, үздіксіз қысым жасаудың құрбандығына айналды. Заң жүзінде №61-бапқа сәйкес сотталғандар да аз болмады. Ет тапсыру жоспарын орындамағандарға алғаш ескерту ретінде 10 сом көлемінде ақшалай айып салынды [4,414]. Оның үстіне адайларға тек ет салығын ғана салған жоқ. Олар адамның ойы тұрмақ, түсіне кірмес әртүрлі салықтар төлеуі тиіс болды. Мәселен, жылқының жал-құйрығы, ит терісі, есек терісі, сарышұнақ терісі, жылан, кесірткелер, ескі-құсқы шикізат: шүберек, резеңкелер, сүйек-саяқ. Қазақтарға мұндай салық түрлерінің салынуының өзі әрі түсініксіз, әрі барып тұрған қорлау еді.

Сонымен, малды тәркілеу 1929 жылдан бастап қарқын алып, 1932 жылға қарай қазақтар мал атаулыдан айрылады. 280 мың отбасы немесе 1 миллион 700 мың халық республикадан тыс жерге үдере көшті. Сөйтіп, ғаламат ашаршылық басталған еді.

Әдебиет

1.Құрманғали Дәркенов. Қазақ неге ашаршылыққа ұшырады? [//https://e-history.kz/kz/news/show/500000242](https://e-history.kz/kz/news/show/500000242).

2.Хлебозаготовительная политика в годы первой пятилетки и ее результаты (1929-1933 гг.). – М. : Политическая энциклопедия, 2014.

3.Қ.С. Алдажұманов, Е.И. Стамшалов. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928–1932 жж.)//Вестник Карагандинского университета.Серия «История. Философия». № 3(103)/2021

4.Омарбеков Т.О. 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері:Зерттеу. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.

5.Алдажұманов Қ.С. Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы мәселесіне. // «Дүниежүзі тарихы: зерттеу және оқыту мәселелері» атты «Нұрпейісов оқулары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. –Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010-446 б.

Муханова И.К., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматриваются история создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «изменников Родины», трагические судьбы узниц и их детей.

Abstract

The article examines the history of the creation and functioning of the Akmola camp for the wives of "traitors to the Motherland", the tragicfates of the prisoners and their children.

АЛЖИР (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) сталиндік қуғын-сүргін дәуірінің қаралы беттерінің бірі. Қарағанды лагерінің 17-ші бөлімшесінің, артынан 26-шы нүкте болып құрылған осынау тозақ орталығында қазақтың көптеген зиялы азаматтарының әйелдері азапты кезеңді бастан өткерді. Тұтқындардың 90%-ын осы зиялы қауымның әйелдері құрады, барлығы дерлік жоғары білімді болған. АЛЖИР-де С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, Т.Рысқұловтың, Ж.Шаниннің, Т.Жүргеновтың, С.Меңдешовтың, Ж.Тәтімовтың, С.Есқараевтың, А.Аспандияровтың, С.Сармолдаевтың тағы басқа көптеген қазақ азаматтарының әйелдері жазасын өтеді.

Аталмыш лагерь Астана қаласының оңтүстік батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937 ж. 5 тамыздағы бұйрығы негізінде құрылды [1,65]. АЛЖИР – бүкіл ГУЛАГ жүйесіндегі тек әйелдерден тұратын жалғыз еңбекпен түзету лагері болды. Лагерь өмір сүрген 15 жыл ішінде одан кезең-кезеңімен 18 мыңға жуық әйел «Отан сатқындарының» отбасы мүшелері ретінде 5 жылдан 8 жылға дейін жазасын өтеген. Жаза арқалауға «халық жауымен» жақын қарым-қатынастың өзінде жеткілікті негіз болған еді.

«Отан сатқындарының» отбасы мүшелері санатына аналары, әпке-апалары мен қыздары да кірді. Бірақ сол кездегі заңнамалық актілерде лагерь атауларында «Отан сатқындары әйелдері» термині әрдайым дерлік қолданылған. 1937 жылы 15 тамызда КСРО ПХК «Отан сатқындарының» әйелдеріне қатысты ұсыныстарды егжей-тегжейлі түсіндіріп, № 00486 бұйрық шығарды. Сталиндік қуғын-сүргін машинасының қамауға алудан бастап лагерьге жіберуге дейінгі бүкіл процесін қамтыған бұйрық Отан сатқындарының отбасы мүшелеріне қарсы жаппай қуғын-сүргінді бастауға мұрындық болды.

Бұл құжат ең алдымен саяси айып тағылғандардың әйелдерінің кінәсін еш дәлелдемей-ақ қамауға алуға және лагерьлерге жіберуге құқық берді. Құжатқа сәйкес, қамауға алу кезінде күйеуімен заңды немесе іс жүзіндегі некеде болған, сондай-ақ ажырасқанымен оның контрреволюциялық әрекетіне тікелей қатысқан, не оны жасыруға көмектескен, бірақ бұл туралы тиісті органдар білмеген» әйелдер міндетті түрде тұтқындауға жатты.

Жартысына жуығын сәбилі әйелдер құраған 70-тей әйелдердің алғашқы легі 1938 жылы 6 қаңтарда лагерьге әкелінген. Мұнда алғашында бірнеше казарма болып, қалған казармаларды лагерь тұтқындарының өздері салған. Тұтқынға түскен әйелдердің этникалық құрамы мен жас шамалары да әртүрлі болды. Лагерь кеңес елінің түкпір-түкпірінен келген 62 түрлі этнос өкілдерінен тұрды. Орыстар – 55%, еврейлер – 16,5% және украиндар – 12,7% құрады[2]. Тұтқындардың ішінде 87 қазақ әйелдері болған. Жас шамаларына келетін болсақ, 30-дан 40 жасқа дейін – 48%, 20-дан 30-ға дейін – 29%, 40-50 – 13%, 50-60 – 6%, 20 жасқа дейінгілер – 3%, 60-тан жоғары – 1% [3, 86]. Сонымен лагерьдегі әйелдердің негізгі бөлігін жұмысқа жарамды жастағылар құраған.

Сталиндік лагерьлер саяси мақсатпен бірге экономикалық мақсатты да көздеді. Басқа лагерьлер сияқты АЛЖИР де адамдарды қайта тәрбиелеу орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен өндіріс орталығы болды. 30 гектар аумақты алып жатқан лагерь ауыл шаруашылығы және тігіншілікпен айналысты. АЛЖИР лагерінің жанында «Жалаңаш» аталған көл маңында әйелдер қамыс шауып, күніне 40 бау қамыс жинаған. Егер бұл талапты орындамаса, бір тілім нан да, тамақ та бермеген. Тәулігіне 12-14 сағат жұмыс істеген әйелдер мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің киімдерін дайындады. Олар лагерьдің ауыр тіршілігіне қарамастан тапсырысты өте жоғары деңгейде орындаған. Сонымен АЛЖИР өндірістік көрсеткіштер бойынша Карлагтың барлық басқа бөлімшелері арасында үздік болды.

1930 жылдардың ортасынан бастап Отан сатқындарының отбасы мүшелерін қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін бірқатар заңдар қабылданды. Жалпы алғанда, қуғын-сүргін Орталық Атқару Комитетінің, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының және Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулыларынан, сондай-ақ ОГПУ, ПХК, прокуратура және басқа да органдардың бұйрықтары мен нұсқауларынан тұратын кең нормативтік базаға негізделді. Қылмыстық және әкімшілік іс жүргізудің жалпы танылған қағидалары мен нормалары бұрмаланып, оларға біржақты жазалау бағыты беріліп, билік органдарының әділетсіздігі, озбырлығы ынталандырылды. Нормативтік құқықтық актілер Конституцияда белгіленген ережелерге сәйкес келмеді.

Өздерінің заңсыз әрекеттерін ақтау үшін жалпы ережелер мен қылмыстың нақты белгілері өте анық емес тұжырымдалған заңнамалық база жасалды. Осыған байланысты тергеу органдары мен сотқа кез келген істі бұрмалауға кең өкілеттіктер берілді. Мысалы, 1936 жылғы КСРО Конституциясының 133-бабында «Отанға опасыздық жасау: антты бұзу, жау жағына өту, мемлекеттің әскери күшіне нұқсан келтіру, тыңшылық аса ауыр қылмыс ретінде заңның барлық шегінде жазаланады» деп көрсетілген[3,88]. Өлім жазасын қарастыратын бұл бапқа кез келген азамат дерлік түсуі мүмкін еді. Көп тараған тағы бір бап тыңшылыққа қатысты күдік болды, ол үшін лагерьде 5 жылдан 8 жылға дейін жаза тағайындалатын.

Көбінесе әйелдер күйеулері ату жазасына кесілген болса 8 жылға, ал лагерьде жазасын өтеген жағдайда 3 жылға бас бостандықтарынан айырылатын. 2891 әйел (64,5%) ең жоғары 8 жылға, 1430 адам (31,9%) 5 жылға, 161 адам (3,6%) 3 жылға бас бостандықтарынан айырылды [3,85]. Бұл деректер, әрине, ПХК жазалау органдарының № 00486 бұйрықты орындауда жазаның ең жоғарғысын қолдануға бейімділігін көрсетеді.

Лагерьдегі әйелдердің тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Көбінесе әйелдердің 40 градустық аязда жартылай жалаңаш жұмыс істеуі салдарынан үсікке шалынуы өлімге әкелетін. Тағам құнарсыз және өте аз мөлшерде бөлінді. Жұқпалы аурулар белең алып, өлім-жітім деңгейі жоғары болды. Әйелдердің күйеулері мен балаларының тағдыры туралы іс жүзінде ештеңе білмеуі жағдайды одан әрі қиындата түсті. Құқықтарынан айырылған әйелдер өндіріс нормаларын орындамағаны үшін жазаланды.

АЛЖИР-де 4 жасқа дейін орта есеппен 400-ге жуық бала болған. Содан кейін олар балалар үйіне жіберілген, онда өлім-жітім де жоғары болды. Мысалы, 1943 жылы ғана Карлагта 226 бала шетінеген. Көптеген АЛЖИР тұтқындарының балалары Қарағанды облысындағы Осакаров және Долинский балалар үйінде, 18 балабақша мен бөбекжайда тәрбиеленді[4].

Тұтқындардың саны жыл сайын өсіп отырған. 1932 жылы олардың саны 10 400, 1934 жылы 24 148, 1939 жылы 40 109 адам болды. Егер алғашқы кезде Карлаг тұтқындары көп жағдайда тұрмыстық қылмысы үшін сотталғандардан тұрса, 30-жылдардың аяғында олардың саны 27%-ға дейін азайған. Ал контрреволюциялық қылмыстар бойынша 58%-ға дейін өскен[3,87]. Саяси айыпталған тұтқындардың мұндай жоғары пайызы репрессиялық шаралардың күшеюімен және халықтың барлық топтарын қамтыған үлкен террордың жүзеге асуымен байланысты болды.

1941 жылы 26 маусымда Ақмола бөлімшесіне «контрреволюциялық қылмыстары» үшін сотталған ерлер мен әйелдердің үлкен тобы келді. Осы сәттен бастап Алжир таза әйелдер лагері болудан қалды. Соғыс жылдарында бөлімге тек саяси

себептермен ғана емес, таза қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін де сотталған адамдардың колонналары келіп жатты.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін «АЛЖИР»-ді жабу туралы шешім қабылданады. Бірақ лагерь 1955 жылға дейін жұмыс істеп тұрған. Кейін барлық құрылыстары, барактары мен әкімшілік ғимараттарының бәрі бұзылып, жермен-жексен етіледі.

Осылайша Кеңес Одағының жазалау құрылымдары миллиондаған адамның өмірін қасіретке ұшыратып, зұлмат-зобалаңымен тарих бетінде қалды.

Әдебиет

1. Айбын. Энциклопедия./ Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X

2. Сжатые в ГУЛАГ. <https://www.delfi.lt/ru/news/live/szhatye-v-gulag-19485521>

3. Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы. - Караганда, 2008. - 248 с.

4. Зиябек Кабульдинов. АЛЖИР: лагерь насилия// file:///C:/Users/Admin/Downloads/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82.

ӘОЖ 94(574):9-05

Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы: қазақ зиялылары

Кулмурзаева Т.Б., магистрант
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассказывается о том, как казахская интеллигенция, которая была отстранена от участия в последних двух выборах в Думу, смогла выразить свои требования через мусульманскую фракцию и внести свой вклад в процесс политических реформ.

Abstract

The article describes how the Kazakh intelligentsia, which was excluded from participation in the last two Duma elections, was able to express its demands through the Muslim faction and contribute to the process of political reform.

XIX-XX ғасырлар тоғысында Қазақстан өзінің зияткерлік дамуының сапалы жаңа кезеңіне аяқ басқан еді. Дәстүрлі қазақ қоғамының ауыл мен экономиканың аграрлық секторын қамтыған нарықтық-капиталистік қатынастардың қажеттіліктеріне бейімделуі, Еуразиялық кеңістік халықтарының әлеуметтік-мәдени қауымдастығының өсуі қазақ зиялыларының жаңа буынының қалыптасуына себеп болды.

Қазақ зиялыларының жаңа буыны әлеуметтік қауым ретінде Ресейдегі, еліміздің шет аймақтарындағы, сондай-ақ алыс шет елдердегі кәсіптік оқу орындарын бітірген түлектерден қалыптасты. Болашақ Алаш қайраткерлерінің саяси жетілуінде, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруда Ресейдің жоғары оқу орындарында оқып, еуропалық мәдениетпен танысуы аса маңызды рөл атқарды. Олардың дүниетанымының қалыптасуы елдің қоғамдық және мемлекеттік өміріндегі маңызды оқиғалармен, саяси партиялар мен ұйымдардың, соның ішінде кадеттік, социалистік революциялық және мұсылмандық партиялардың дүниеге келуімен тұспа-тұс келді. Дәстүрлілікті Батыс демократиясының қағидаттарымен, жалпы адамзаттық өркениет жетістіктерімен үйлестіруге бағдарлау және өз халқы алдындағы борыш сезімі жаңадан қалыптасып келе жатқан Алаш қозғалысына қатысушыларды депутаттық мандатқа жетелеген ең сипатты белгілер болды.

1917 жылға дейін жұмыс жасаған төрт Мемлекеттік Думаның біріншісі мен екіншісіне сайланып белсенділік танытқан қазақ депутаттары кейінгілеріне сайланған жоқ. 1907 жылғы 3 маусым заңы бойынша патшалық билік қазақтарды Мемлекеттік Думаға депутат болу құқығынан айырды. 1907—1917 жылдарда қазақтар Ресейдің Мемлекеттік Думасына сайланған жоқ [1,38].

Алаштанушы М.Қ.Қойгелдиев оның себебін I және II Мемлекеттік Думада қазақ депутаттарының жер мәселесін, аграрлық мәселені өте жоғары дәрежеде өте белсенді түрде көтеруімен, оны үкімет алдына нақты қоя білгендігімен түсіндіреді. Тіпті II Думаның депутаттары арасында «Орыс Думасында қазақтың жерінен басқа проблема жоқ па?» деген наразылық та айтылып қалды.

Ресейдің Мемлекеттік Думасында мұсылман фракциясы белсенді жұмыс істеді, оның мүшелері империяның 17 миллиондық мұсылман халқының мүдделерін қорғады. Екінші Мемлекеттік Дума жұмысы кезінде ресми түрде тіркелген Мұсылман фракциясы Ресейдің жалпы мұсылмандары орталығына айналды. Парламент ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік беретін жалғыз орын болды. Өздерінің заң жобасын енгізу үшін кем дегенде 30 қол жинау мұсылман фракциясы үшін қиындық туғызды. Бірақ депутаттар өз құқықтары үшін күресуге тырысты. Олар ең алдымен мұсылман халқының мәселелеріне назар аударуға білді.

Жалпы, революцияға дейінгі Мемлекеттік Думаның тиімділігі өте төмен болды. Жоғарғы биліктің депутаттарға деген көзқарасы теріс, халықтың басым бөлігінің күдігі көп болды. Думаның қызметін кемшіліктері болғанына қарамастан дамудың өте маңызды кезеңі, қоғамның саяси өмірінің қажетті элементі болды деп айтуға болады. Мұсылман фракциясы – ислам дінін ұстанатын Еділ бойы, Орал, Кавказ және Қазақстан халықтарының барлық дерлік Дума өкілдерін біріктірді. Бірінші шақырылымдағы Думаға Ресей мұсылмандарынан

24 депутат сайланды. Дума жұмысының қысқа болуы фракцияның ұйымдық құрылымын аяқтауға мүмкіндік бермеді және ол ресми түрде тіркелмеді. Құрылуына Әли-Мардан Топчибашев бастамашы болған фракция Ресейдің бірінші парламенті қараған негізгі мәселелерді – аграрлық мәселені, саяси өмірді демократияландыруды, ұлттық және діни теңдікті талқылауға белсене қатысты [2].

Петербургте өмір сүрген Әли-Мардан Топчибашев депутат болмаса да мұсылман фракциясының қызметіне үлкен ықпал етті. Өзінің саяси мәні бойынша фракция ұлттық демократиялық топ болды. Талқылау барысында депутаттар басқа ұлттық топтармен одақ құрып, көптеген іргелі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде конституциялық-демократиялық фракцияны және басқа да оппозициялық топтарға қолдау білдірді.

Екінші шақырылымдағы Мемлекеттік Думаның комиссия құрамында 37 мұсылман депутаттары жұмыс істеді. Фракцияны Әли-Мардан Топчибашев басқарды. Дума таратылған кезде оның құрамында 30-ға дейін депутат болды.

1907 жылдың 3 маусымында жаңа сайлау заңы қабылданғаннан кейін мұсылман фракциясы мүшелерінің саны күрт қысқарған еді. Бірінші Мемлекеттік Думада 1906 жылы 22 маусымда дербес фракция құрған мұсылмандар тобы 22 адамды құрады [3,89]. Бір жыл өтпей жатып, Екінші Думадағы депутаттардың саны 36-ға жетті. Алайда, үшінші шақырылымдағы Думада олардың саны 9, ал төртінші Думада 6 адамға дейін қысқарды. Зерттеушілердің көпшілігі депутаттардың сандық құрамының өзгеруіне басты себеп жаңа сайлау Ережесінің ерекшеліктері болғандығын айтады. Татарстандық зерттеуші Ф.Гаффарова атап өткендей «Жаңа сайлау туралы заң пайда болды, онда орыс емес халықтардың құқықтары одан әрі бұзылды» [4]. Бұл ретте ұлттық шеткері аймақтардан өкілдікті едәуір қысқартқан заңнамалық ережелер көзделеді. Депутаттық орындардың жалпы саны 525-тен 442-ге дейін қысқарды. Ең үлкен қысқару шет аймақтарға, соның ішінде мұсылман халқының едәуір бөлігі бар аймақтарға әсеретті. Кавказ өлкесінен 25 депутаттың орнына тек 10 депутат қарастырылды, ал елдің барлық мұсылман халқының 45%-ы тұратын Орта Азиямен қырғыз өлкесі Парламенттегі өкілдігінен мүлдем айырылды [3,76].

Соңғы екі Думадағы сайлауға қатысуына шектеу қойылған қазақ зиялылары Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы арқылы талап-тілектерін қоя білді. Олар ресейлік мұсылман депутаттары мен түркі халықтарынан сайланған бірлікте осы қазақ қауымының ең өзекті деген мәселелерін көтеріп отырды. Әлихан Бөкейханов Мемлекеттік Думаның пайдалылығын тура түсінген қайраткер еді. Сондықтан, ол өзінің кейінгі естеліктерінде: «Біз Мәскеу, Петербор жоғары оқу орындарында оқитын қазақ жастарына елге барарда «жазда, каникулда ауылда, ел арасында жүргенде

уақытты босқа өткізбей, елге, ұлтқа қатысты өзекті мәселелерді зерделеп, материалдар мен деректер жинап, каникулдан қайтқанда Петербордағы Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясына жеткізіңдер» деп тапсырма бергендігін» оған жастардың көп жағдайда белсенді түрде атсалысқандығын айтады.

Мемлекеттік Дума құрамындағы Мұсылман фракциясы студент жастардың саяси кемелденуіне, саяси жұмыста мол тәжірибе жинауына үлкен септігін тигізді. Мұстафа Шоқай Петербургта білім ала жүріп, 1913–17 жылдары Мемлекеттік Дума жанындағы Мұсылман фракциясының хатшысы болды. Бұл Мұстафа Шоқай үшін саяси қызметіндегі үлкен бір мектеп болғаны сөзсіз. М.Шоқай өзінің кейінгі естелігінде: «Әрине, қазақ зиялылары белгілі бір дәрежеде ол кезде тәжірибесінің аздығына байланысты аса сенгіш еді. Олар көп жағдайда адасты. Көп жағдайында алданып қалды» дейді. Мұстафа Шоқайдың бұл пікірімен белгілі бір дәрежеде келісуге болады.

Әлихан Бөкейханов өз мақалаларында патшалық биліктен еш пайда жоқтығын ашық жазды. «Ресейді арқасына салып сүйреп келе жатқан орыс жұмысшысына, орыс шаруасының өзіне тиесілі орын бермеген патшалық биліктен аз ғана қазаққа не күтуге болады?» деп торыға, айтқаны бар [5].

Мемлекеттік Думада қазақ депутаттары қазақ халқының өмірін жақсартуға бағытталған реформаларды, соның ішінде шаруаларға жер беруді, білім беру мен инфрақұрылымды жақсартуды жақтады.

Қазақ депутаттары Қазақстанның жер ресурстарын қорғау мәселелерін және империя аумағын отарлау мәселелерін көтеріп, байырғы халықтарға әділ қарауға шақырды. Қазақ депутаттарының Мемлекеттік Думаға қатысуы Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік ортаға айтарлықтай әсер етті. Олар қазақ халқының саяси белсенділікке және өз құқықтары мен мүдделері үшін күресуге қабілеттілігін көрсетті. 1905-1910 жылдардағы Мемлекеттік Думаның өкілеттіктерінде өз шектеулері болғанымен және көптеген мәселелерді шеше алмаса да, қазақ депутаттары саяси реформалар процесіне өз үлестерін қосты және Қазақстан мен Ресей империясының тарихындағы кейінгі оқиғаларға әсер етті.

Қазақ депутаттарының 1905-1910 жылдардағы Мемлекеттік Думаға қатысуы Ресей империясындағы күрделі саяси жағдайды бейнелейтін. Қазақ депутаттарының алдында тұрған кедергілер өте көп болды. Біріншіден, олар көбінесе Мемлекеттік Думадағы басқа депутаттар мен шенеуніктердің біржақты көзқарастарына тап болды, бұл олардың бастамалары мен ұсыныстарын жүзеге асыруды қиындатты. Екіншіден, кейбір қазақ депутаттарының саясатта білімі мен тәжірибесі шектеулі болды, бұл олардың күрделі мәселелерді талқылауға қатысуын қиындатты.

Соған қарамастан қазақ депутаттары Мемлекеттік Думадағы жұмысы барысында елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Олар қазақ халқының мүдделерін қорғауды белсенді қолдап, білім беру, жер мәселесі мен отарлау мәселелеріне назар аударды. Олардың күш-жігерінің арқасында Қазақстанның байырғы тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған бірқатар заңдар мен реформалар қабылданды. Қазақ депутаттарының Мемлекеттік Думаға қатысуы да қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мен өзіндік санасын қалыптастырудағы маңызды қадам болды.

Әдебиет

1.Озғанбай Өмірзақ, Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). 1 т./ Ө.Озғанбай. – Алматы: Мазмұндама, 2021. – 416 б.

2.Это была единственная трибуна для татар. <https://history-kazan.ru/13000-1500>

3.Усманова Д.М. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной Думе России (1906–1917)—Казань: Издательство «Мастер Лайн», 1999– 164 с.

4.С.В.Кривов Некоторые вопросы формирования мусульманской фракции в Государственной думе Российской империи (1906–1917гг.)//https://idmedina.ru/books/materials/faizhanov/3/hist_krivov.htm

5.Мәмбет Қойгелдиев. «Тарих ғылымы Мемлекеттік Думада қызмет еткен қазақ зиялыларының еңбегін талдап, терең зерделеуі керек»//<https://abai.kz/post/1220>

ӘОЖ 94(574):9-05

Сталинизм және репрессия құрбандары

Баширов Е.Е., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается процесс уничтожения советской властью в 1920-1950 году целых социальных слоев–казахских баев, мусульманского духовенства, формирующейся политической элиты и творческой интеллигенции.

Abstract

The article examines the process of destruction by the Soviet government in 1920-1950 of entire social strata–Kazakh jews, Muslim clergy, the emerging political elite and the creative intelligentsia.

Қазақ халқының тарихында ХХ ғасыр қайшылықты тенденцияларға толы болды. 1920-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін нәтижесінде ұлт зиялыларының белсенді бөлігі толығымен дерлік

жойылды. «Капиталистік қатынастан социалистік қатынасқа», «ауыл шаруашылығын жүргізудің артта қалған экстенсивті түрлерінен жаңа түрлеріне көшіру», «лениндік кооперативтік жоспар мен сталиндік ұжымдастыруды енгізудің» қорытындысы осындай болды. Осынау сөзсіз қайғылы фактілерге қарамастан, тарих ғылымы кеңестік реформаларды кемшіліктеріне қарамастан, тек оң жағынан ғана қамтуға мәжбүр болды. Сталиндік жүйенің қылмыстарын жасыру әрекеті архивтерге құпиялылық жүйесін ендіруінен-ақ айқын көрінеді.

Дегенмен бұрын жабық болған Біріккен мемлекеттік саяси басқарма –Ішкі Істер Халық Комиссариатының архив материалдары зерттеушілер үшін біртіндеп қолжетімді бола бастады. 2004-2008 жылдары «Алаш қозғалысы – Движение «Алаш» көп томдық деректі материалдар жинағын басып шығару жүзеге асырылды, оған негізінен бұрынғы архив қорларында анықталған Қазақстан компартиясы орталық комитетінің құжаттары және ҚРҰҚК құжаттары кірді. 2008 жылы жарық көрген ««Красный террор. Сборник документальных материалов политических репрессий 20–50-х годов XX века» толығымен ҚРҰҚК архивінің материалдарынан тұрады.

Қуғын-сүргіннің шарықтау шегі тарихта «Үлкен террор» деп аталған 1937-1938 жылдары болды. Ол «халық жаулары» деп айыпталған азаматтарды жаппай жоюмен қатар жүрді. Германия тарапынан соғыстың ықтималдығы, Кеңес Одағына қарсы шиеленіс күн сайын күшейе түскен еді. Осы жағдайларды ескере отырып, ПХК органдары ел ішінде «дайындық» шараларын жүргізе бастады. Саяси қуғын-сүргін толқыны Қазақстанды да айналып өтпеді. Қуғын-сүргінге тек «Алаш» зиялылары ғана емес, сонымен бірге қарапайым адамдар да ұшырады. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданында ПХК органдары «Алаш» қозғалысының ондаған бұрынғы белсенділерін, сондай-ақ 1921жылғы шаруалар көтерілісінің қатысушыларын тұтқындайды. Алашорда үкіметінің қызметін тоқтатқанына 20 жылдан аса уақыт өткеніне қарамастан, республиканың барлық жерінде «Алаш» қозғалысының бұрынғы қатысушылары, сондай-ақ оған күдікті тұлғалар қамауға алынады. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың әлеуметтік құрамы да әртүрлі болды. Мәселен, «Алаш» қозғалысына қатысқаны немесе жәрдемдескені үшін сотқазиялы қауым өкілдері де, сауатсыз шаруаларда, бұрынғы болыс билеушілері, бай және ауылдық молдалар да тартылды. ПХК органдары тарапынан олар Алаш орданы саналы түрде жақтаған, солар жағына шыққан байлар ретінде есептелді [1, 18].

Жаппай репрессия КСРО-ның қылмыстық істеріне алғаш рет 1927 жылы 58-бапты енгізумен басталған болатын. 1934 жылы 58-баптың 1-тармағына біраз өзгерістер еніп, 1937 жылдың қарсаңында 58-бап 14 тармақпен берілген. Оның ішінде «Отанды сату» және тағы

басқа бірнеше тармақтар бар. Осы бап бойынша елдің беткеуістар қаймақтарының барлығы репрессияға ұшырады. Дегенмен, кейбір деректерде жазықсыз жаламен жауапқа тартылғандардың 40 пайызы сауатсыз шаруа адамдары екені айтылады. Хат танымаған, үкімет пен партияға қарсы ешқандай ісі дәлелденбесе де халық жауы атанған қарапайым шаруаның бірі – 1889 жылы Қазалы уезінде дүниеге келген Әлмахан Қонақбаев. 1925 жылдан Арал қаласындағы «Райкоопсырье» мекемесінде өнім жинаушы болып қызмет жасаған. 1937 жылдың күзінде түрмеге жаламен жабылып, сол кеткеннен хабарсыз кеткен. Баласы Әбдуәлі 1958 жылы облыстық прокуратураға шағымданып, әкесінің ісін қайта қарап, ақ-қарасын анықтауды, ұсталып кеткеннен кейінгі тағдыры туралы мәлімет беруді сұраған. Әбдуәлі Әлмахановтың әкесін іздеп жазған арызы да, прокуратура органдарының «қылмыстық құрамы анықталмауына байланысты іс тоқтатылды» деген жауабы да облыстық мемлекеттік архивте сақталған. Дегенмен, Әлмахан Қонақбаевтың тағдыры не болғаны туралы дерек келтірілмеген.

1956 жылы ақталған азаматтар істерінің ішінде «алашордалықтармен байланысы бар, контрреволюциялық ұйымның мүшесі және жапон шпионы» деген айып тағылғандар бар. Солардың бірі – атақты ғалымдар Әуелбек және Әлібек Қоңыратбаевтардың бауыры Қалжан Қоңыратбаев. Кеңес органдары бұл әулеттен үш адамды қудалады. Алаш ардақтыларын ашық қолдап, үн қосқан Қалжан Қоңыратбаев 1877 жылы Шиелі ауданының Қызылту колхозында дүниеге келген. ПХК-ның үштігі «1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында көктемгі егіс жұмыстарына зиянын тигізді», «Ақжол» газетінің таралуына көмектескені, алашордалықтардың мақалалары мен әндерін насихаттағаны, Сұлтанбек Қожановпен тікелей байланыста болғаны үшін айыптаған. Концлагерьде 10 жыл жазасын өтеп, 1956 жылы ақталған.

Облыстық прокуратура құжаттары ішінде Сыр өңірінен шыққан азаматтар ғана емес, бүкіл Кеңес одағы аумағынан істі болған адамдардың ісін қайта қарау туралы да құжаттар кездеседі. Осы құжаттардың ішінен 1937-38 жылдары сотталып, кейін ақталған 398 адамның тізімі табылған. Олардың қатарында Хамза Есенжанов, Мұхамеджан Қаратаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Өтебай Тұрманжанов, Сәкен Сейфуллин бар [2]. Жоғарыда келтірілген фактілер – мыңдаған адамның тағдырымен ойнаған сол зұлмат тарихтың бір парағы ғана.

Репрессия мәселесін алғашқы зерттеушілердің бірі, американдық тарихшы Роберт Конквест 1960 жылы жарық көрген «Кеңес халықтарының депортациясы» атты кітабында 12-14 миллион адам тұтқынға алынғанын және 1 миллионнан кем емес адам өлім жазасына кесілгенін келтірген. 1962 жылы ұйымдастырылған КОКП Орталық Комитеті комиссиясы мәліметі бойынша 19 миллион адам тұтқындалған, кем дегенде 7 миллион адам өлім жазасына кесілген.

Бұл шамамен есептелген сандардың өзі жаппай қуғын-сүргін саясатының ауқымдылығын көрсетеді.

Жоғарыдан қарқынды деңгейде жүргізілген саяси қуғын-сүргін шаралары қоғам өмірінің барлық саласын қамтығандықтан, сол зобалаңнан бірде-бір елді-мекеннің аман қалмағандығы жұртшылыққа жақсы таныс. 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тоталитаризмнің орнағандығын дәлелдеді. Халыққа қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргін арқылы мемлекет қоғам өмірінің барлық саласын толықтай бақылады. Гитлердің қуғын-сүргін саясаты тұсында 2000 немістер тұтқындалса, ал КСРО-да 1935 жылдың қаңтары мен 1941 жылдың шілдесі аралығында 19 млн. 840 мың адам репрессияға ұшырап, оның 7 млн-ы ату жазасына кесілген [3, 165].

Сталиндік басқару кезінде КСРО көлемінде авторитаризм, догматизм, бюрократизм, конформизм қалыптасты. «30-е годы. Взгляд из сегодня»,—деп аталатын еңбекте КСРО-дағы тоталитаризмнің себептері терең, әрі жан-жақты көрсетіледі. Онда автор сталинизмнің орнауы мен әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуын жүйелі түрде жаза келіп, «...Жаппай саяси қуғын-сүргіннің салдарынан ешкімде өзін қауіпсіздікте сезінбеді. Екі жақты мораль үйреншікті әдетке айналды...» [4,88]—деп сол кезеңде қалыптасқан ауыр психологиялық ортаны көрсетеді.

Толық емес мәліметтер бойынша «Алаш» қайраткерлерінің 300-і қуғын-сүргінге ұшыраған [5, 216]. Олардың кейбірі «жазаларын» өтеп келгенімен 1937-1938 жылдары қайта ұсталып, атылған.

1937 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша, Қазақстанда халықтың жалпы саны 1926 жылы 6078,6 адам, 1937 жылы 4820,0 адам, яғни 79,3%-ке түсіп кеткен, қазақтар - 2181520 адам қалған. Санақты жасаушылар республикада халықтың саны арнайы қоныс аударушылар есебінен көбейіп отырғанын жоққа шығармайды. КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті бастығының БКП (б) Орталық комитеті және КСРО ХКК-на бүкілодақтық тұрғындар санағының алдын-ала қорытындысы туралы баяндамалық хатында Қазақстан туралы табиғи өсім есебінен де өсе алмай отырған ұлттық республика деп атап берді [6, 28]. Көріп отырғанымыздай, халық санағының мәліметтері басқа халықтармен қатар қазақ халқының кеңес өкіметінің алғашқы жиырма жылында геноцидке ұшырағанын көрсетеді.

1937-жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген солақай саясаттың ауыр зардаптарын арқалаған азаматтар мен сол жылда құрбан болған Алаш зиялыларымен қатар, «бір ғана репрессия салдарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың жалпы саны 25 мың адамнан асып жығылады.

Қорыта келгенде, 1937-1938 жылдардағы саяси репрессиялар жоғары партия - кеңес органдарының жоғарыдан төмен жүргізген шарасына айналды.

Әдебиет

1. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. – Алматы, 2009 – 448 с.
2. Биболат Сәтжан. Тарихтың ақтаңдақ беттері. // <https://syrbayi.kz/tarih/tarihtyng-aqtangdaq-betteri-64804/>
3. Кауль Т.Н. От Сталина до Горбачева и далее. – М.: Прогресс, 1991. – 224 с.
4. 30-е годы: взгляд из сегодня / Отв. ред. Д.А. Волкогонов. М.: Наука, 1990. – 164 с.
5. Нұрпейісов К.Н. Алашһәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256
6. ГУЛАГ: Экономика принудительного труда. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б.Н. Ельцина, 2008. – 320 с.

ӘОЖ 931(571)

«Айқап» – ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы

Акмурзаева К.Е., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
Қызылорда қ.

Резюме

В статье рассматривается значительная роль журнала «Айқап» в пропаганде и распространении литературы и культуры в социальной, политической жизни казахского народа.

Abstract

The article examines the significant role of the Aikap magazine in the promotion and dissemination of literature and culture in the social and political life of the Kazakh people.

Қазақ халқы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жаңа тарихи кезеңдерге қадам басты. Бұл кезеңде татар зиялыларының жәдиттік ағартушылық ойлары қазақ даласына ықпал ете бастаған еді.

Ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын ойлаған қазақ зиялылары халықтың сауатын ашып, ұлттық рухы мен сана-сезімін көтеру арқылы теңдік пен еркіндікке жетуге тырысты. Бұл бағытта қазақтың тұңғыш баспасөздерінің де атқарған қызметтері ерен.

Патша үкіметінің ресми органы ретінде шыққан газеттер «Түркістан уалаяты» (1870-1872 ж.ж) мен «Дала уалаяты» (1888-1902 ж.ж) қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары болды. Ұлттық басылымдардың тарихын зерттеуші, ғалым Ү.Субханбердина «Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан.

Олар: «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1872), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Серке» (1907), «Бірлік туы» (1917), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911–1913), «Ешiм даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911–1915), «Алаш» (1916–1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тiршiлiк» (1917),– дейдi [1,6-9].

Патша үкiметiнiң жiтi бақылауына iлiнген бұл газеттер ұзаққа бармай жабылып қалды. Аталған басылымдардың iшiнде қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» және «Қазақ», «Қазақстан» газеттерiнiң ғұмыры ұзактау болды.

«Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» патша үкiметiнiң отаршылдық саясатын насихаттау мақсатында арнайы шығарылса, қалғандары ұлт мүддесi жолында күреске шыққан қазақ зиялыларының саналы әрекетi барысында дүниеге келген басылымдар едi.

Өз заманының айнасы болған мерзiмдi басылымдарды тарихи дерек көзi ретiнде пайдалану өткен тарихымызды жан-жақты зерттеуге мүмкiндiк бередi. Белгiлi деректанушы–ғалым Қ.Атабаев мерзiмдi басылымдарды дереккөз ретiнде зерттей отырып, қазақ баспасөз тарихын мынадай кезеңдерге бөлiп қарастырған: «1. 1870–1917ж. наурызы, «Түркістан уалаяты газетiнiң» шыққан күнiнен патша өкiметiнiң құлатылған күнiне дейiнгi қазақ баспасөзiнiң тарихы. 2. 1917ж. наурызы–1918ж. ортасы. Уақытша үкiмет тұсындағы демократиялық бастамалар кезiндегi ұлттық баспасөз. 3. 1918ж. ортасы–1920ж. аяғы. Демократиялық күштердiң большевиктiк авантюраға қарсы жанталасқан күресi кезеңiндегi баспасөз. 4. 1921 ж.–1991 ж. аяғы. Кеңес өкiметi немесе большевиктiк диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенiң қалыптасуы және коммунистiк партияның шексiз үстемдiк етуi жылдарындағы мерзiмдi басылым. 5. 1991 жылдың соңынан бүгiнгi күнге дейiнгi, тәуелсiз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз» [2, 58, 59].

«Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамызына дейiн Троицкi қаласында шығып тұрған. Алғашқы жылы айына 1 рет, кейiнгi жылдары 2 рет шыққан журналдың 88 саны шыққан. 1911 жылы 12 саны, 1912 жылы 14 саны, 1913 жылы 24 саны, 1914 жылы 24 саны, 1915 жылы 14 саны толық шықты. Қазақ даласына түгел тарап, халық арасында танымал болған «Айқап» журналының редакторы белгiлi ақын, жазушы Мұхамбетжан Сералин болды. Журнал бастапқыда қарызға алынған ақшаға шығарылса, кейiн өз қаржысымен шығарылды. Ол қаржының тапшылығынан кейде шағын көлемдi болып шығып жүрдi.

М.Сералин журнал шығаруды не себептен және қалай бастағаны туралы былай дейдi: «1910 жылғы декабрь жұлдызының ақырында «Айқап» журналын бастап жiберуге ойланып, шығарайын десем журналдың таралып кетуiне, һәм халықтың құптап қарсы

алуына сене алмай, шығармайын десемалты миллиондай халықтыңортасында бірімен-бірі танысқандай, түсінгендей бір журналдың, яки газеттің жоқтығына шыдай алмай, толғақ қысқан әйелдерше түйсініп жүрген замандар болып еді. Журнал шығаруға көңіл шын тілесе де шығару үшін керекті аспаптардан екі аспаптың бірі жоқ. Өзім жалғыз, ақылдасатұғын, көмек беретұғын кісі тағы жоқ болып, «жалғыз кісі жау алмас» деген мысал бар болса да, тәуекел етіп журналды шығара бастап едім. Садағасы кетейін жұрт мүлдем ілтифатсыз тастамады», деп жазған [2,162]. 1906 жылдан бастап М.Сералиннің газет шығармақ болған әрекеттері сәтсіз аяқталып, тек 1911 жылдың басына қарай ғана журнал шығару мүмкін болды.

Журналдың атауы туралы М.Сералин бас мақаласында: «Журналымызға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінгенде болар, түсінбегенде табылар. Біздің қазақтың «Айқап» демейтұғын қай ісі бар?! ...«Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң жорналымыз да өкінішке лайық «Айқап» болды» деп, журналды шығару үшін қаламға жармасқанын, мақсаты атақ шығарып, білім сату емес екенін, журналға басылуға жіберілген сөздер қазақша, ноғайша, орысша, түрікше болсада қабылданатынын айтады. Журналдың соңғы бетінде қазақ жұртына журналға жазылу және қолдау туралы үндеуі басылды. Ол туралы Ү. Субханбердина былай деп жазды: «Троицк қаласындағы «Энергия» баспасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі роль атқарды» [2,24]. Бұл «Айқап» журналына байланысты берілген шынайы пікір болатын. «Айқап» журналын дерек көзі ретінде талдауда, ондағы мәліметтердітарих дерегі ретінде қарастыруда Ү.Суханбердина дайындаған «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінің алар орны ерекше [3].

«Айқап» журналындаXX ғасыр басындағы қазақ халқының әлеуметтік- экономикалық хал-ахуалы, тұрмыс-тіршілігі, рухани-мәдени деңгейі көрініс тапты. Журналоқу-ағарту, тәрбие, шаруашылық, жерге орналасу, отырықшылыққа көшіп, қала салу, жер, тіл, дін, әділ сайлау, әйел теңдігі сияқты сол кезеңнің өзекті мәселелеріне баса назар аударды. Сондай-ақ ескі әдет-ғұрыптарға, жалқаулыққа, надандыққа қарсы күресті.

Журналда оқу мәселесі туралы ең көп талқыланған тақырыптар: медресе ашу, төте оқу және қыздарға білім беру мәселелері еді. Ол үнемі «Бізге не істеу керек?», «Қайтсек біз тез ілгері басып, ел қатарына қосыла аламыз?» деген сұрақтар қойып, солардың жауабын табуға тырысты. Бұл сұрауларға тапқан жауабын «Айқап» 1911 жылғы 6-санындағы «Бізге не істеу керек?» деген бас мақаласында жариялады:

1. Отырықшы болып, қала салу, жерден қол үзіп қалмау керек;

2. Мектеп, медресе салып, оқу мәдениетке жетілу керек;
3. Дін жұмысын өз қолымызға алу-мүфті сайлау керек;
4. Мемлекет думасына мүддемізді айтып, сөзімізді өкіметке жеткізіп отыратын депутаттарымыз болу керек;
5. Петербургта өкіліміз болу керек, ол сонда біздің ісімізді жүргізіп, өткізіп отыру керек, – деді.

М. Сералинмен қатар Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кемеңгеров, М.Ж. Көпеев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және тағы басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беттерінде С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердиев, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармалары жарияланып тұрды. Қазақ әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқығы, қалың мал мәселелерін көтерді.

Қорыта айтқанда, «Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М. Сералин жәдиттік қозғалыстың көшбасында тұрған И. Гаспринскийді өзінің ұстазы және тәлімгері деп білді. Қазақ халқын ағартушылыққа бастаған алғашқы қазақ журналы «Айқап» өз бағытынан жаңылмай, қазақ тарихында өзіндік ізін қалдырды. Бүгінгі күні деректік маңызы зор ХХ ғасыр басындағы ұлттық басылымдар қазақ зиялыларының тынымсыз еңбегі, көп күш жұмсауы арқасында дүниеге келген еді.

Әдебиет

1. «Айқап» Энциклопедиясы / Бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1995. – 368 б.

2. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.

3. Ү. Суханбердина. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1961-156 б.

Альсугурова М. С., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается история ценных старинных исторических объектов города Кызылорда, хранящихся на сегодняшний день, значение их сохранения для последующих поколений.

Abstract

The article examines the history of valuable ancient historical sites of the city of Kyzylorda, preserved today, and the importance of their preservation for future generations.

Қызылорда қаласында өткен заманның архитектурасынан көрініс беретін ескі тарихи нысандар қатары біршама көп болған. Жалпы жаһандану заманында аталмыш нысандардың өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда маңызы зор.

Облыс көлемінде 567 тарихи-мәдени мұра нысандары мемлекет қорғауына алынған, оның ішінде 31-і республикалық, 256-ы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген болса, 280 ескерткіш алдын-ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра нысандарының тізіміне алынған.

Еліміздің алғашқы астанасы болған бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылордада өткен тарихымыздан сыр шертетін ескі ғимараттар мен ескерткіштер аз емес. Сол кездері халық арасында Николай патша атауымен аталған кірпіштен салынып, әлі күнге дейін қалпын жоймай сақталып тұрған құнды ескі ғимараттар сол тарихи дәуірдің куәгері. Дегенмен тарихи нысандарға деген дұрыс көзқарастың болмауы салдарынан көптеген ескі тарихи ғимараттар бұзылған. Бүгінде қалада жиырмаға жуық нысандар сақталып қалған.

Қызылорда астана болған жылдары ұлт зиялыларының біразы Сыр өңірінде қызмет етті. Бүгінде ұлы тұлғалардың жұмыс істеген орындары мен тұрған үйлері үлкен тарихи маңызға ие. Қаламыздың әрбір бұрышы тарих десек, қателеспейміз. Өйткені, мұнда ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихының бір кезеңі жатыр. Дерекке сәйкес, Перовск қаласы болып тұрған кезде бұл аумақта ХІХ ғасырдағы Орынбор сәулет үлгісімен 35-тен астам ғимарат салыныпты. Сол уақытта ескі қалада екі кірпіш зауыты, екі жел диірмені, үш монша мен төрт шайхана жұмыс істеген.

Қызылорда қаласындағы ең көне сәулет ескерткіші Айтбай мешіті болып табылады. Айтбай мешітінің құрылысы 1878 жылы бай

көпес, Бұқара қаласының тумасы Айтбай Балтабаевтың қаражатына салынған. Сондықтан мешітке оның аты берілген. Кейбір мәліметтер бойынша, құрылыс 1875 жылы басталып, үш жыл бойы жалғасқан. Мешіт пен мұнара құрылысының жалпы құны 40 мың сомға жеткен.

Мешіттің құрылысын салған Әулиеатадан келген халық шеберлері Исқан мен Қамал деген кісілер болған. Айтбай мешітінің сыйымдылығы 500 адамға арналған. Мешіт ғимаратында медресе мен ислам кітапханасы да орналасқан.

Сәулет жобасы жағынан ғимарат ұзартылған тіктөртбұрышты болып, оның өлшемі 22x16 м құрайды. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен салынған, төбесі қаңылтырмен жабылған. Мешіттің қасбеті және мұнарасы әшекейлі кірпіш қалауымен безендірілген. Ішкі көріністері сыланған және ақталған, төбесі боялған. Ғимаратпен аула құрылыстары жанасып тұр, олар мешітпен бірге ортақ кешенді құрайды. Сол жай ішкі жағынан зал және вестибюльге бөлінген. Кеңес уақыты кезінде мешіт діни мекемесі ретінде пайдаланылған, 1970 жылдары мешіттің ғимараты облыстық өлкетану мұражайына беріледі. 1982 жылы мешіт ғимараты Қазақстандағы республикалық маңызды тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген және мемлекет бақылауына алынған. Өкінішке орай, мешіт ғимаратының басындағы түрі бізге жетпеген. Өзгертілген ғимараттың қасбеті ғана сақталғандықтан, мамандар оны тарихи құндылығы жойылған деп бағалаған.

Перовский кезеңінен қалған ғимараттардың бірі – Құдай анасының иконосына арналған қасиетті-Қазан соборы. Бұл ғимарат Қызылорда және Қызылорда облысындағы Орыс православ шіркеуінің жалғыз храмы және Қазақстан Республикасы үшін маңызы бар сәулет ескерткіші.

300-ге жуық адамға ыңғайлап салынған ғибадат орнына келушілерінің дені Сыр жеріне қоныс аударған өзге ұлт өкілдері болды. Бастапқыда шіркеу ғимараты 1863 жылы салынып, сабан мен кірпіштен өрілген екен. Кейін бұл нысан 1890-1895 жылдары жергілікті құрылысшы Есаков пен инженер Калининнің жобасы бойынша жасалған. Биіктігі 18 м, қабырғасы 17 метрден қиылған бұрыштары бар, күйдірілген кірпіштен қаланған. Ішкі бөлмесі крест сияқты бөлінген екі жарықты күмбезделіп жабылған, ғимараттың алдыңғы жағында шіркеу мұнарасы салынған. Қас беті өрнекті қышпен өрілген. Шіркеуде алғашында 9 қоңырау болған. Оның ең үлкенінің салмағы 136 пұт, яғни 2 тоннадан асқан көрінеді. Кейіннен қоңырауларды большевиктер балқыту үшін алып кеткен деген дерек бар. Содан бүгінде 1 қоңырау ғана сақталған.

Шіркеу 1930-жылдары депортацияланғандарға арналған жатақхана, кейін архив, музей болған. 1938 жылдың 23 желтоқсанында қазіргі облыстық мемлекеттік мұрағатқа шіркеу ғимараты беріледі. 1946 жылдың 8 шілдесінде Қызылорда облыстық

мемлекеттік мұрағаты және мұрағат бөлімі жаңа ғимаратқа Горсоветская №4 үйге орналасқан жеке ғимаратқа көшірілген [1-13]. Сонда 1938 жылдан 1946 жылға дейін шіркеу ғимаратына мұрағат орналасқан. 1941 жылы Қызылордаға Орджоникидзе өлкесінің мемлекеттік архиві көшіріліп әкелінеді. Осы жылдың 17 желтоқсанында Орджоникидзе мемлекеттік архивінің 221 қоры, 45 мың сақтау бірлігі, филиалының 148 қоры, 22527 сақтау бірлігі, Черкиск автономиялық облысының 12 қоры, 1546 сақтау бірлігі, Қарашай автономиялық облысының 7 қоры, мың сақтау бірлігі, Кизляр округі мемлекеттік мұрағатының 15 қоры, 3859 сақтау бірлігі шіркеу ғимаратында сақталған [2-51].

Кеңестік билік дәуірінде 1982 жылға дейін бұл ғимаратта тарихи-өлкетану мұражайы жұмыс істеді. 1989 жылғы мамырдан бастап ескі ғимарат православтық орыс шіркеуі ретінде берілді. Ол қазірде қаладағы барлық христиандардың бас қосып, мінәжат ететін негізгі орнына айналып отыр. Шіркеу мемлекеттің қорғауына алынып, бұл орын еліміздегі осы үлгімен салынған жалғыз құрылыс болып табылады және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енді.

Облыстық мемлекеттік мұрағатта 1890-1920 жылдардағы мешіт, шіркеу кітабы сақталған. Өзбекстан Республикасындағы Ә.Навои атындағы Ұлттық кітапхананың сирек қорлар бөлімінде генерал-адъютант К.П.Кауфманның тапсырмасымен жасалған Жөлек елді мекені мен Перовск қаласы тыныс-тіршілігін жан-жақты бейнелейтін үш сурет альбомы сақталғаны, онда Жөлек пен Перовск базары, мектеп, шіркеу үйлері және сол кезде пайдаланылған ұлттық киімдер, ыдыс-аяқтар суреттерінің басылғаны анықталған. [3-8б.] Міне, осындай халықтың қымбат қазынасы болып табылатын құжаттардың тарихты тапжылтпай тануға қосар үлесі мол.

Қазіргі көркемсурет галереясы орналасқан облыстық әскери комиссариат ғимаратының да тарихы тереңде жатыр. Облыстық әскери комиссариаттың ғимараты ХІХ ғасырдың аяғында, яғни 1896 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының тапсырмасымен ресейлік патша әскерінің казармасы ретінде салынған. Ескерткіш бұрынғы Ақмешіт бекінісінің қамалы аймағында, Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ғимарат күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған, іргетасы таспалы, нығыздалған тастардан қаланған. Екі қабатты, жоспарында созылған тікбұрышты, негізгі және артқы қасбеттердегі шығыңқы ризалиттермен өрілген. Ғимарат айқын жоспарланған құрылымдардан тұрады. Ғимараттың архитектурасы «кірпіш стиліндегі» өзінің әсем мүмкіндіктерін қажетті деңгейде пайдаланғанын көрсетеді. Кеңес уақытында және тәуелсіздік жылдарында ғимарат әскери комиссариаттың шақыру пункті негізінде қызмет еткен. 2000 жылдары әскери комиссариаттың басқа ғимаратқа көшуіне байланысты қараусыз қалған. 2005 жылы жөндеу жұмыстары

жүргізіліп, мемлекеттік мекемелер орналастырылған. 2014 жылы оған толық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қорғау аймағы бойынша қоршалды. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында 2018 жылы ол Қызылорда облысының 3D форматтағы интерактивті картасына енгізілген және қабырғасына ескерткіш туралы толық ақпарат алу үшін QR-код тақтайша орнатылған.

Сол сияқты бір кездері қаланың ескі базар аумағында әскерилердің балалары үшін оқу ордасы ретінде салынып, кейін қыздар приход училищесі, аудармашылыққа дайындайтын түземдік мектеп болған. Ең алғаш «Қыздар приход училищесі» болып ашылып, кейіннен «Перовск орыс-қазақ училищесі» болып жұмыс істепті. Аталған училищеде Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдары аралығында білім алған. Бүгінде ғимарат алдына арнайы М.Шоқайдың оқығаны жайында тақта орнатылған.

Күйдірілген кірпіштен салынған бұл ғимараттың ірге тасы 1878 жылы инженер, генерал Брюноның жобасы негізінде қаланған. Жергілікті маңызы бар тарихи ғимарат бір қабаттан тұрады. Алдыңғы қасбетінің орталық бөлігінде «1878 г» деген жазу бар. 1925-1929 жылдары ең алғаш республикадағы баспахана осы ғимаратта орналасқан. Яғни, «Еңбекші Қазақ» және «Советская степь» газеттері шыққан. Астана Алматы қаласына көшкен кезеңнен бастап ғимаратта 1973 жылға дейін облыстық кітапхана, тігін-тоқыма фабрикасы орналасқан. 1990 жылы жаппай жекешелендіру салдарынан «Аль-асад» сауда үйіне айналған. Ғимарат жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Негізінен бұған дейін бұзылып кеткен ғимараттардың қатарында тарихи маңызы зор нысандар аз емес. Бұзылып кеткен ғимараттардың ішінде Қызылорда астана болып тұрғанда Қазақ АКСР-ның Үкімет үйі болған ғимарат та бар еді. 1925 – 1929 жылдары үкімет үйінде Қазақ АКСР Өлкелік Партия Комитеті, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі, Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті орналасқан еді. Аталмыш нысан Қызылорда қаласы ғана емес, ел тарихы үшін өте құнды ғимарат еді. Алаш зиялылары тұрған үйлер, олар жұмыс істеген қасиетті орындар ешқашан да құндылығын жоғалтпауға тиіс. Сондықтан әлі де сақталып тұрған тарихи орындарды көздің қарашығындай қастерлеп ұстауға тиіспіз.

Әдебиет

1. ҚОММ (Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты). 148-қор, 1-тізбе, 103- іс.
2. ҚОММ. 148-қор, 1-тізбе, 66- іс.
3. Ғасырлармен тілдескен мұрағат.-Астана, 2009-136 б.

Ауған соғысының қасіреті

Асылбекова И.А., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье проведен анализ личных документов воинов–участников Афганской войны в Государственном архиве Кызылординской области.

Abstract

The article analyzes the personal documents of soldiers participating in the Afghan war in the State Archive of the Kyzylorda region.

Ауған соғысы – ХХ ғасырдың ең қасіретті беттерінің бірі. Ауғанстанға кеңес әскерінің «шектеулі» контингенті енгізілуі оған қарсы соғыстың тұтануына себеп болды.

1979-1989 жылдары болған Ауған соғысының ақиқаты әлі толық айтылып біткен жоқ. Өйткені Ауған соғысы – көптеген халықаралық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және әскери аспектілерді қамтыды. Бұл соғыс кейінгі уақытқа дейін әділетті соғыс тұрғысында, интернационалдық көмек беру ретінде бағаланып келді. Кейінгі жылдары бұл соғысқа деген көзқарас өзгеріп, оның әділетсіз, басқыншылық сипатта болғаны айтыла бастады.

Соғысқа КСРО-дан 620 мың адам қатысып, оның 14 мың 453 адамы ұрыс даласында мерт болды [1,118]. Қазақстаннан 22 мыңнан астам жауынгер майданға аттанып, олардың 761-і туған жеріне оралмады, 21 сарбаз іс-түссіз жоғалған [2]. Бұл шайқасқа қатысқан әрбір сарбаз от пен оқтың ортасында жүріп, жанқиярлық танытты. Ауған соғысы Кеңес Одағы үшін «интернационалдық көмек» деген саяси айдармен басталғанымен, шын мәнінде мыңдаған бейбіт тұрғын мен сарбаздың өмірін қиған қасіретті қақтығыс болды. Соғыстан оралғандардың жан дүниесі айықпас жарақаттармен жараланды.

Ауғанстан территориясынан соғыс қимылына қатысқан кеңес әскерлері 1989 жылы 15 ақпанда шығарылды. Бұл күн соғыстың аяқталу күні ретінде тарихи датаға айналып, кеңес әскерлерінің Ауғанстан территориясынан әкетілуі шын мәнінде тарихи оқиға болды.

Ауған соғысына Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстаннан аттанған мыңдаған жас сарбаздың қатарында Қызылорда облысының жастары да болды. Қызылорда облысынан Ауған соғысына үш мыңнан астам азамат аттанып, олардың жүзден астамы ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Көптеген сарбаздар

жараланып, елге мүгедек болып оралды. Бірақ олардың рухы сынбады, олар елге абыроймен оралды, қиын кезеңдердің куәсі болды.

Сол жылдары Қызылорданың әр түкпірінен – Жаңақорғаннан, Шиеліден, Қазалы мен Аралдан, Сырдариядан және Қармақшы ауданынан жас жігіттер әскерге шақырылып, белгісіз елге – Ауғанстанға жол тартты. Олар тек әскери борышын өтеуге емес, соғыстың нағыз алаңына аттанған еді.

Ауған соғысына қатысқан қызылордалық ардагерлердің есімдері бүгінгі күні де ұмытылмайды. Қала мен аудандарда олардың құрметіне ескерткіштер орнатылып, көшелерге есімдері берілген. Қызылорда облысының мемлекеттік мұрағатында Жеке тектік қорларда «Ауған соғысына қатысушы интернационалист-жауынгерлер» құжаттар коллекциялары сақталған. Ауған соғысына Сыр елінен интернационалдық борышын өтеуге 826 жауынгер қатысқан.

«Ауған соғысына қатысушы интернационалист-жауынгерлер құжаттары коллекциясында» соғыста қаза болған және соғыстан кейін бүгінгі бейбітшілік өмірге араласқан 21 жауынгердің жеке құжаттары қамтылған. Құжаттардың құрамына жауынгерлердің өмірбаяны, соғыс кезіндегі суреттері, хаттары, «Қызыл жұлдыз ордені», «Ерен ерлігі үшін медалі», «Жауынгерлік ерлігі үшін медалі», «КСРО қарулы күштеріне 70 жыл» медалі, «Ауған халқынан интернационалист жауынгерлерге алғыс» медалімен марапатталған куәліктердің түпнұсқалары және көшірмелері енгізілген.

1978-2004 жылдар аралығында 21 іс, 228 құжат қабылданған. Қорда Ауған соғысына қатысқан 21 сарбаздың құжаттары сақталған. Олар: 1. Абдулдаев Нұрулла Ибадуллаұлы (14 құжат), 2. Айсауытов Нұрлыбек Қасымұлы (23 құжат), 3. Әбдиев Ержан Серікұлы (5 құжат), 4. Әбілқасымов Жұмабай Күзейбайұлы (11 құжат), 5. Байданов Рысбай Үсенбайұлы (16 құжат), 6. Баймаханов Серік Жұмабайұлы (12 құжат), 7. Доспанов Рахымжан Абуғаниұлы (12 құжат), 8. Жанпейісов Аманжол Ильясұлы (1 құжат), 9. Жансүгіров Жақсылық Әмірханұлы, 10. Инабатов Сәндібек Демесінұлы, 11. Ибраимов Қуаныш Ажайпаұлы, 12. Қожахметов Шайхыслам Қойшыбайұлы, 13. Қалекеев Жұмат Қасымұлы, 14. Монтаев Тұржан Сұлтанбаұлы, 15. Мұстафаев Аманқос Аманбайұлы, 16. Ниязов Рашид Мажитұлы, 17. Нұрымбетов Мәмбетәлі (Мұхтар) Оразбекұлы, 18. Өміров Әнуарбек Шәкірұлы, 19. Сүлейменов Бекболат Жұмабайұлы, 20. Тоқмағамбетов Мақсұтбек Жақаншаұлы, 21. Шалғынбаев Батыржан Шолманұлы.

Қор коллекциясына қала және аудан бойынша Ауғанстанда әскери қызметін өтеген мүгедек, қайтыс болған жауынгер интернационалистердің, запастағы офицерлердің тізімдері, кітаптар, қолжазба және Вьетнам Демократиялық Республикасындағы соғысқа қатысқан Бисенов Исаның құжаттары қамтылған. 1965-2004 жылдар

аралығында 20 іс, 50 құжат қабылданған. Оларды таратып айтатын болсақ: 1.Жауынгер интернационалистердің 1-ші жалпы әскери конференциясының міндеттері мен шешімдерінің орындалуы туралы КСРО Қорғаныс Министрінің №252 бұйрығы 27.05.1991 ж; 2.Бекмағамбетов Бекарыстанның құжаттары (медалдері, куәлігі, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы грамотасы); 3.Бисенов Иса-ВДР –ғы соғысқа қатысушы; 4.Қызылорда қаласы бойынша Ауғанстанға әскери қызметін өтеген жауынгер интернационалистердің тізімі; 5.Байқоңыр бойынша жауынгер интернационалистер тізімі; 6.Арал, Жалағаш аудандары бойынша; 7.Жаңақорған ауданы бойынша; 8.Қазалы, Қармақшы аудандары бойынша; 9.Сырдария, Шиелі аудандары бойынша; 10.Ауған соғысына қатысқан Қызылорда қаласының әскери комиссариатындағы запастағы офицерлер тізімі; 11.Қайтыс болған әскери қызметін атқарғандар тізімі; 12.Облыс бойынша мүгедек жауынгер интернационалистердің тізімі; 13.Н.А.Подольских, Ауғанстан жайлы естелік қолжазба; 14.«Тағзым» кітабы; 15.Живут погибших голоса» кітабы; 16.Е.Фазылов «Афганские напевы» кітабы; 17.Ауғанстан және жергілікті соғыс ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі қызметтерінің тәжірибесі; 18.«Контингент» газеті; 19.«Саланг» газеті; 20.«Ел қорғаны» газеті [3,45].

Қызылорда қаласындағы Ауған соғысы ардагерлеріне арналған коллекция жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің бір көрінісі. Қазір Ауған соғысына қатысқан қызылордалықтардың басым бөлігі зейнет жасына жақындады. Олар түрлі салаларда еңбек етіп, ел дамуына үлесін қосып жүр. Ардагерлер ұйымдары жастармен тығыз байланыс орнатып, әскери-патриоттық тәрбиеге атсалысуда.

Бұл соғыстың Қазақ халқына қандай қажеттілігі болғандығы жайлы көп толғануға болады. Соғыстың аты соғыс. Өйткені соғыстың үлкен-кішісі болмайды. Бұл соғысқа қатысқан ардагерлердің еш кінәсі жоқеді. Олар сол дәуірдің батырлары болды. Қай-қайсысы да Отан үшін, мемлекет үшін басын оққа байлады. Мемлекеттің бұйрығын орындаған, Отан алдындағы борышын ерлік шежіресімен өтеген ардагерлерді ұлықтау бүгінгі ұрпақтың парызы.

Әдебиет

1. Сайлан Б.С. Ауған соғысы қалай аяқталды? // ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ХАБАРШЫ Тарих сериясы №1 (92). 2019

2. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды // <https://aqjolgazet.kz/93212/eshkim-de-esh-ashan-da-mytylmaydy>

3. Сыр елінің тарихы мұрағат қорында. Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция құжаттарының жинағы.- Қызылорда, 2009-63 б.

ӘОЖ 14.23.19

Бастауыш сыныптарда оқушылардың каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

Әбжанова Жансая Мейрамбекқызы,
Қызылорда Болашақ университетінің
ПМНО-23М оқу тобының магистранты

Резюме

В статье рассмотрены пути совершенствования каллиграфических навыков учащихся начальных классов

Abstract

The article discusses ways to improve the calligraphic skills of primary school students.

Каллиграфия – бұл жазу өнері, яғни әдемі, көркем жазу тәсілі. Каллиграфияда әріптердің формасы, пропорциясы, стильдері мен жазу техникасы маңызды рөл атқарады.

Каллиграфияның зерттелуі бірнеше аспектілерді қамтиды:

1. **Тарихи аспект:** Каллиграфияның тарихы әртүрлі мәдениеттер мен кезеңдерде дамыды. Мысалы, араб, қытай, еуропа каллиграфиясы өздерінің ерекше стильдері мен дәстүрлерімен танымал.

2. **Техникалық аспект:** Каллиграфия өнерінде қолданылатын құралдар мен материалдар (калам, сия, қағаз) маңызды рөл атқарады. Әрбір құралдың өзіне тән ерекшеліктері мен қолдану әдістері бар.

3. **Стильдер мен бағыттар:** Каллиграфияның әртүрлі стильдері (мысалы, готикалық, курсив, араб стилі) мен бағыттары бар. Әр стильдің өзіне тән ережелері мен техникасы бар.

4. **Эстетика:** Каллиграфия тек жазу емес, сонымен қатар эстетикалық құндылыққа ие өнер. Каллиграфиялық жұмыстар көбінесе көркемдік шығармашылықтың бір түрі ретінде бағаланады.

5. **Білім беру:** Каллиграфияны үйрену – бұл арнайы техникаларды, формаларды және стильдерді меңгеру. Көптеген мектептер мен курстар каллиграфияны үйретеді.

6. **Заманауи қолдану:** Бүгінгі күні каллиграфия графикалық дизайн, жарнама, және әлеуметтік медиа сияқты салаларда кеңінен қолданылады.

К.Д. Ушинский бастауыш сынып оқушыларының жазуға деген саналы көзқарасы туралы алғашқылардың бірі болып айтты. Бастауыш білім беру жүйесіне айтарлықтай үлес қосқан. К.Д.Ушинскийдің дидактикалық ережелері, халық мектебінің бастауыш сыныптарындағы оқу процесін анықтап, жазуды оқытуда белгілі нормаларды белгіледі. Оның оқу мен жазуды бірлесіп оқыту

жүйесі мектептегі жазуды оқытудың дамуындағы шешуші кезең болды.

К.Д.Ушинскийдің каллиграфияны зерттеуі педагогика мен білім беру саласындағы маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Оның еңбектерінде каллиграфияның маңызы, бала тәрбиесіндегі рөлі, сондай-ақ жазу мәдениетінің қалыптасуы туралы терең ойлар бар.

1. Каллиграфияның маңызы: К.Д.Ушинский каллиграфияны тек жазу өнері ретінде емес, сонымен қатар ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы ретінде қарастырды. Жақсы жазу дағдылары балалардың өз ойларын дұрыс жеткізуіне көмектеседі.

2. Тәрбиелік аспектілер: К.Д.Ушинский каллиграфияны балалардың эстетикалық сезімдерін дамыту, тәртіптілікке, еңбекке баулу, сондай-ақ өзіне деген сенімділікті арттыру үшін маңызды құрал деп санады. Жазу барысында балалардың зейіні мен шыдамдылығын дамытуға мүмкіндік бар.

3. Жазу әдістемесі: К.Д.Ушинскийдің зерттеулерінде каллиграфияны үйретудің әдістемелік аспектілері қарастырылды. Ол балаларға жазуды үйрету кезінде практикалық жаттығулар мен ойын элементтерін енгізуді ұсынды.

4. Каллиграфия және мәдениет: К.Д.Ушинский жазудың мәдениетке, әдебиетке және жалпы білімге әсерін атап өтті. Ол каллиграфияның әрбір халықтың мәдени мұрасы екенін, сондықтан оны сақтау мен дамыту қажет екенін айтты.

Ушинскийдің каллиграфияны зерттеуі қазіргі білім беру жүйесінде де өзекті, себебі жазу мәдениеті мен эстетикасы балалардың жалпы дамуына үлкен әсер етеді [1].

Каллиграфияны қалыптастыру саласында П.Е.Градобоев үлкен жұмыс атқарды. Ол каллиграфияның маманы болған. Ол өзінің замандастарын бір уақытта 100-ге дейін оқушыны оқыта алатындығымен таң қалдырды, оқушыларына әдемі, дұрыс жазуды үйретті [2]. Ол әріптердің бірдей элементтерден (соққылардан) тұратындығына назар аударды және бұл тек жазуды үйренуге ғана емес, қолжазбаны түзетуге де мүмкіндік береді деп сендірді. Сондай-ақ, заманауи әдіс каллиграфияны сәтті оқытудың маңызды шарты болып табылады, ол жас оқушыларда барлық орындалған жазбалардың ұқыпты, түсінікті, эстетикалық тұрғыдан жасалған дизайнына ішкі қажеттілікті қалыптастырады.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру – маңызды процесс. Бұл дағдылар балалардың жазу мәдениетін қалыптастыруға, қол жазуын дамытуға және жалпы оқу процесіне әсер етеді. Каллиграфиялық дағдыларды жетілдіруге арналған бірнеше әдіс-тәсілдер бар. Олар:

1. Негізгі принциптерді үйрету: қағаз бен қаламды дұрыс ұстау: оқушыларға қаламды қалай дұрыс ұстау керектігін көрсету. Дұрыс

отыру позасы: жазу кезінде дененің дұрыс позициясын сақтауды үйрету.

2.Каллиграфиялық жаттығулар. Базалық сызықтар мен фигуралар: оқушыларға түзу, қисық, дөңгелек сызықтар мен түрлі фигураларды сызуды үйрету. Әріптерді жазу: әріптердің үлгілерін көрсету және оларды көшіріп жазуды талап ету.

3.Тақырыптық жаттығулар. Тақырыптық сөздер мен сөйлемдер: оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша сөздер мен сөйлемдерді каллиграфиялық түрде жазуды ұсыну. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер: қазақ әдебиетінен қысқа өлеңдер немесе мақал-мәтелдерді каллиграфиялық жазу.

4.Көрнекі құралдар мен ресурстар. Каллиграфиялық дәптерлер: арнайы каллиграфиялық дәптерлерді пайдалану. Онлайн ресурстар: каллиграфияға арналған сайттар мен видеоларды пайдалану.

Қорыта айтқанда, жалпы оқушының каллиграфиялық дағдысының қалыптасуына алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезіндегі әдіс-тәсілдер көп әсер береді. Әдемі, сұлу жазудың негізгі дағдылары 1-2 сыныптарда қалыптасады. Сол кезде көркем жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейіннен жазу дағдыларын жөндеу мұғалімге де оқушыға да қиындық келтіреді. Сондықтан оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілдерін ерте жастан бастап пайдалану оң нәтиже беретіні тәжірибеде дәлелденіп келеді.

Әдебиет

1. Ушинский К.Д. наука и искусство воспитания: сборник/ вступительная статья, составитель и комментарии С.Ф.Егорова.– Москва: Образование и бизнес, 1994. – 205 С.

Примеры чистописания [Рукопись]: учебное пособие учителя Московской 3-й гимназии Порфирия Еф. Градабоева

ӘОЖ 94(574)

Мұсылмандық қозғалыс және Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шақырылуы

Есентаева Г.А., магистрант,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается роль мусульманского движения в общественно-политической жизни Казахстана в начале XX века.

Abstract

The article examines the role of the Muslim movement in the socio-political life of Kazakhstan in the early twentieth century.

XX ғасырдың басы мұсылман әлемінде әлеуметтік, саяси және діни өзгерістердің қарқынды кезеңі болды. Бұл кезеңде мұсылмандық қозғалыстардың пайда болуы мен дамуы, сондай-ақ олардың мемлекеттілік мәселесіне әсері маңызды рөл атқарды. Мұсылмандық қозғалыстардың негізгі мақсаты – исламның әлеуметтік, мәдени және саяси өмірдегі рөлін қайта қарау, жаңарту және нығайту болды.

Отаршылдыққа қарсы күрес, ұлттық сана-сезімнің оянуы және діни жаңғыру идеялары мұсылман әлемінің болашағына үлкен әсер етті. Бұл кезеңдегі қозғалыстар қазіргі заманғы исламдық идеологиялардың қалыптасуына негіз салды және бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады.

Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының XX ғасыр басында ұлттық мүддені қорғау бағытындағы бірлескен әрекеттері тарих ғылымында мұсылмандық қозғалыс деген атауға ие болды. Түркі және мұсылман халықтарының мұсылмандық қозғалысы - патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы ұлттық, мәдени және саяси талаптарға негізделген демократиялық сипаттағы күрес болды. Бұл қозғалыстың негізі түрікшілдік пен исламшылдық қорғанушылар идеологиясы еді. Мұсылмандық қозғалыстың пайда болуына Ресей империясының отаршылдық саясаты ықпал еткен еді. Патшалық Ресейдің озбырлық саясаты қол астында болған түркі тілдес және өзге де мұсылман халықтарының тұрмыс - тіршілігін тығырыққа тіреп, дағдарысқа ұшыратты. Мұның өзі Ресей мұсылмандарының наразылығын туғызып, азаттық жолындағы күреске жетеледі. Бұл қозғалыс бірінші орыс революциясы тұсында кең өріс алып, Ресей мұсылмандары арасында отаршылыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстары қарқын алды.

1905 ж. саяси оқиғалар туралы алғашқы хабарлар қазақ даласына жетісімен Ә.Бөкейханов атап көрсеткендей «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына

енді». Қазақ даласында сол кезеңде өткізілген үлкенді-кішілі жиылыстарда көкейтесті мәселелер талқыланып, нәтижесінде қазақ халқының мұң-мұқтаждарын білдірген петициялар әзірленді. Осылайша қазақ даласындағы саяси күрес патшаға, орталық билікке арыз-тілектерін жазып тапсыру түрінде көрініс ала бастады.

Петицияларды жазып тапсыру, ұйымдастыру ісіне ұлттық интеллигенция өкілдері атсалысты. 1905 жылы Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрменкесінде Қарқаралы петициясын Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев ұйымдастырды. Осы жылдың сәуір айында Торғай және Орал облыстары қазақтарының петиция тапсыруға жіберген делегациясын Б.Қаратаев бастап барды.

Аталған петицияларда жерді тартып алуға, салықтың ауырлығына, төменгі басқару органдары мен патша шенеуніктерінің тарапынан озбырлық, қиянат, қоқан-лоққы жасалуына наразылық білдірілді. Сонымен бірге өздерінің діни істерін Орынбор муфтилігіне қарату, қазақ арасындағы оқу-ағарту ісін ретке келтіру және өлкеге земство енгізу сұралды.

Патша өкіметіне өздерінің мұқтаждарын білдіріп, оның орындалуларынан үміт күткен петициялар Кавказ өңіріндегі, Қырымдағы, Еділ бойындағы және т.б. жерлердегі мұсылман елді мекендерінен де жазылды. Ол петициялардың мазмұны көп жағдайда қазақтардың талап-тілектерімен үндесіп жатты.

Осы кезеңде Ресей мұсылман халықтарының талап-тілектерін бір ізге түсіру ниетінде жалпыресейлік мұсылман съезін өткізу мәселесі көтеріле бастады. Болашақ съезге Қырым, Кавказ, Түркістан, дала облыстары, Сібір өкілдерінің толық қатысуына басты назар аударылды.

Бүкілресейлік үлгі бойынша жаппай жиындар ұйымдастыруға бірінші болып Қазан татарлары көшкен болатын. 1905 жылы 29 қаңтарда 2000-нан астам адам қатысқан жиналыс болды. Ол бірауыздан Министрлер Кабинетінің Төрағасының атына жазылған петицияны қабылдады, онда мүфти мен барлық қазилерді дін қызметкерлері арасынан мұсылмандардың өздері сайлау туралы талап қойылды.

Осы жылдың қаңтарында Г.Ибрагим Ж.Акчуринмен Қазан мен Қырым мұсылмандарын біріктіру мәселесін талқылайды. Ж.Акчурин И.Гаспринскийге және әзірбайжан либералдарының жетекшісі А.М.Топчибашевке хаттар жолдайды. Орынбор губерниясы мен Торғай өлкесі қазақтарының басшылары, оның ішінде имамдар Байрамсал қажы мен еуропалық білім алған Бақытжан Қаратаев қазақтардың бастан кешіп жатқан ауыр халін баяндап, діни істерін Орынбор муфтилігіне қарату басты талаптырының бірі екендігін білдірген. Сонымен бірге А.Ибрагимовке бұл делегация өкілдері өздерінің барлық әрекетте мұсылмандармен болғысы келетіндіктерін айтқан.

Петерборға Еділ татарлары, қазақтар, қырым татарлары мен әзірбайжандардың өкілдері әр уақытта петициямен келеді. Бұл фактілер ұйымдық бірліктің жоқтығын анық көрсетеді. Жалпыресейлік мұсылман съезін өткізу мәселесін қарастырған мәжіліс 1905 ж. 8 сәуірінде Петербор қаласында өтті. Оған Г.Максудов, И. Ахтям, А.Агаев, А.Топчибашев, Ә.Хусайнзаде қатысады. Олар бүкіл Ресей мұсылмандары үшін біртұтас Діни басқарма құруды ұйғарады. Бұл мәселені бір ғана саяси орталық шешуі керек еді [1,60].

Мәжілістің ұйғарымы бойынша жалпы ресейлік мұсылман съезі Нижний-Новгород қаласында тамыз айында өтетін болды. Бұл қаланың таңдалуына мұнда тамыз айында жәрмеңке өтетіндігі және сол уақытта съезд жасау патша тыңшыларының, үкімет орындарының күдігін туғызбайды деген сенім негіз болды.

Міне осындай әзірлік жұмыстарынан кейін «Тәржіман», «Каспий» газеттерінің бетінде жалпыресейлік мұсылман съезін өткізу жайлы мақалалар жарияланып, мұсылман елдеріне, соның ішінде қазақ облыстарында да жеделхаттар жөнелтіле бастады.

Съездің ашылу қарсаңында съездің бағдарламасы жасалды. Онда Ресей мұсылмандарын өзара байланыстыратын ұйым құру мәселесі ең басты мәселе етіліп қойылды. Бірақ съезді өткізуге Нижний-Новгородтың губернаторы қаланың әскери жағдайда екенін сылтауратып, съезді өткізуге рұқсат етпеді.

Әйтсе де делегаттар 15 тамыз күні жасырын түрде Ока өзеніндегі «Гыстав Струве» кемесінде тұңғыш жалпыресейлік мұсылман съезін өткізді. Съезге қатысушылардың жалпы саны 150-ге жуық болды. Оның ішінде қазақ өкілдерінен көкшетаулық молда Шаһмардан Қосшығұлов та бар еді.

Ресей мұсылмандарының тұңғыш съезінің төрағасы И.Гаспринский болды. Съезд азербайжан халқының өкілі А.Топчибашевтың: Уа, дінге берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн бұдан соң да Ресей мұсылмандарының жыл сайынғы ұлттық мейрамдарының бірі болатынына шүбә келтірмеймін. Біз тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түрік балаларымыз», - деп, мұсылман халықтарын бірлікке шақырған сөзімен ашылды [2,16].

Өзі бас аяғы бір-ақ күнде, дәлірек айтқанда 13 сағатта өткен съезде сөйлеушілер Ресей азаматтарының тіліне, дініне, жынысына, ұлтына қарамай тең құқықта болу қажеттігін баса көрсетті. Делегаттар 6 тамызда шыққан патша манифесі бойынша Ресей мұсылмандарына да Мемлекеттік думаға сайлау құқығы берілген еді. Осыған орай делегаттар атынан императорға «6 тамыздағы манифест мұсылмандарға рух беруде» деп, өз ризашылықтарын білдірген жеделхат жолдады.

Делегаттар бұл съезді Ресей мұсылмандарының өміріндегі тарихи оқиға деп бағалап, әр жыл 15 тамыз күні мұсылман елді

мекендерінде мейрам ретінде аталып өтсін деген қаулы шығарды.[3,89].

Мұсылман съезіне жиналған делегаттардың барлығы Ресей мұсылмандарын өзара байланыстырып, іс-әрекетін бір ізге түсіріп отыратын саяси ұйым құру қажеттігін бір ауыздан қолдады. Бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеу А.Топчибашев пен А.Ибрагимовке тапсырылды. Татарлардың санының басқаларға қарағанда көптігі, олардың ерекше білім құрылымы, қаржылық базасының болуы, ұлттық қозғалыста ірі буржуазия мен земство қайраткерлерінің болуы, саяси қозғалыстың еуропалық үлгіге бағытталуы оларды тез арада жетекші рөлге жетеледі.

Бүкілресейлік мұсылмандардың осы тамыздағы съезінің ұйымдастырушылары кейіннен 1905-1907 жылдардағы революция жылдарында, Ресей Мемлекеттік Думасында, митингілер мен баспа беттерінде жетекші орынға ие болған орыс мұсылмандарының саяси жетекшілері болды.

Жалпы қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы мұсылмандық қозғалыс қазақтардың дін еркіндігі жолындағы талпынысына әсер етіп, осы қозғалыс арнасында демократиялық күрес арнасына тартыла түсті. Сонымен қатар бұл қозғалысқа қатысқан қайраткерлер ұлттық бостандыққа жету жолындағы күреске жұмыла кірісіп, шеткері аймақтардың саяси күштерін бастай алатындығын, ол аймақтардағы халықтардың құқын қорғай білетіндіктерін көрсетуге тырысты.

Әдебиет

- 1.С.К. Рүстемов, Р.Е. Оразов. Мұсылмандық қозғалыс және қазақтар //Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4(24), 2020
2. Сәбит Шілдебай Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс : монография / С. Шілдебай. - Алматы : Ғылым, 2002. - 213
- 3.Исхаков С.М. Первая русская революция и мусульмане Российской империи. М.: Изд. «Соц.-полит. мысль», 2007. – 400 с.

Алмуратова Б.К.,
КЯ-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматривается место языка в социальной сети и основная функция социальной сети.

Abstract

The article examines the place of language in the social network and the main function of the social network.

Әлеуметтік желі тілі— интернет платформаларда қолданылатын арнайы тілдік стильдер мен сөздік қор. Бұл тіл ресми емес, жиі сөйлеу тілінің, жастар сленгінің, мемдердің, қысқартылған сөздердің, эмодзилердің, хэштегтердің, GIF-тердің және визуалды элементтердің жиынтығынан тұрады.

Әлеуметтік желінің тілі бірқатар жақтарымен ерекшеленеді, оның ауызша әрі жазбаша формада көрініс табуы, сол екеуінің де белгілерін өзіне қосқан стилистикалық әртүрлілігімен, көп функционалдылығымен, көптілділігімен, табиғатының жылдамдығымен сипатталады. Әлеуметтік желі тілі өз бастауын жалпы ғаламтор тілі ұғымынан ала отырып, бірқатар осындай ерекшеліктерге ие болады. Ғаламтор тіліне тән жалпы заңдылықтардың негізінде желі тілі әлеуметтік желідегі қатынастың өзіндік сипаттарына сай тілде өмір сүреді. Әлеуметтік желі тілінің ерекшеліктері:

Қысқартулар мен аббревиатуралар:

- «Ок», «нз» (не знаю), «лол» (lol — laughing out loud)

-Қазақша да қысқартулар пайда болуда: «жб» (жақсы бол), «жақс» (жақсы), т.б.

- Эмодзилер мен GIF-файлдар:

Сөздің орнына немесе эмоцияны көрсету үшін жиі қолданылады. 😊☐🔥😄100 — мағыналары контекстке байланысты әртүрлі.

Мем тілі. Белгілі бір мемдер немесе тіркестер арқылы өз ойын жеткізу.

- «Өмір сүріп көр»

- «Қазір барлығы осылай жасайды ғой»

Хэштегтер. Мазмұнды категорияға бөлудің бір әдісі:

- #қазақшаконтент

- #мотивация #күнделіктіой

Ауызекі тіл мен сөз ойнатулар. Жастар тілімен сөйлеу, фонетикалық қысқартулар:

- «көбелек боп кеттім»
- и«қатты ұнааап қалды»

Тілді микс түрінде қолдану. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін араластыру:

- «Сен крашымды көрдің ба?»
- «Story-ғасалдым, check et»

Бүгінгі күні ақпарат тарату бойынша ғаламтордың мүмкіндігіне ештеңе жетпейді. Газет, теледидар, радионың барлығы дерлік ғаламтор торабында сайт немесе өз парақшаларын ашып, электронды ақпарат құралдары күн өткен сайын көбеюде.

Әлеуметтік желі терминінің шығу төркіні ағылшын тіліндегі social network, «social» – әлеуметтік, қоғамдық, ал «network» – желі, қауымдастық деген мағына беретін сөздерінен шыққан. Қазақ тілінде орыс тіліндегі «социальная сеть» ұғымының баламасы ретінде қалыптасты.

Әлеуметтік және желі сөздерінің түп мағынасына үңілсек, мынадай түсіндірулерді көреміз.

Әлеуметтік анықтаушы әлеумет сөзінен пайда болған, әлеумет: 1. Ел-жұрт, халық; 2. терм. лат. <сocium>. Адамдардың бірлесіп әрекет етуінің тарихи қалыптасқан формаларының нәтижесі ретіндегі адамзат қауымдастығы. //3. Әлеуметтік. Қоғамдық қызметіне қарай қандай да бір ортақ (кәсіптік, мәдени және т.б.) белгілер бойынша бірлескен адамдардың тобы.

Желі: 1. Ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып, байлаған қыл немесе кендір арқан. 2. а у ы с. Бір нәрсенің ұзын ырғасы, бір-бірімен байланыстылығы, сабақтастығы. 3. Негіз, өзек, арқау. 4. тех. Жүйе, торап. Екі бағытта біршама ұзақ қашықтықтарға сағаланатын, жер қыртысына тән жарықтардың минералдық заттармен толуынан жарықтар бойынша тау жыныстарының орнын метасоматтық алмастыруынан пайда болған геологиялық дене [1].

Әлеуметтік желілер алғаш XX ғасырда 70-жылдардың аяқ шеніне таман пайда болды, адамдар бір-бірімен әңгімелесе алатын алғашқы электронды хабарландыру тақталары дүниеге келді. Дәл қазіргідей ыңғайлы болмаса да, бұл адамдарды біріктірудің алғашқы қадамы еді. Одан кейінгі кезең on-line сервистерінің пайда болуына ұласты. Әңгімелесуге арналған чатты жасаған бірінші компания CompuServe болды.

Әлеуметтік желілердің пайда болуының басты себебі – адамдардың бір-бірімен әңгімелесуді қалауы. Қазіргі кезде таныс емес адамдармен әлеуметтік желідегі жеке парақшада сөйлесе беруге болады. Тез дамыған ғаламтор бұл үдерісті тездетті. Қазір әсіресе

жастар бетпе-бет жүздескеннен гөрі әлеуметтік желіде отырып сөйлескенді қалайды.

Бүкіләлемдік ғаламторда әлеуметтік желінің қарқынды дамуы Facebook-тің пайда болуымен байланысты. 2004 жылы Марк Цукерберг Facebook әлеуметтік желісінің негізін қалады. Қазіргі кезде Facebook – ең танымал желі. Бүгінгі күні желі әлем бойынша Google-ден кейін ең танымал ғаламтор сайты.

Қазақ тілі әлеуметтік желіде белсенді пайдаланылады. Әрине, әдеби тіл нормасының бұзылуы, сөйлеу этикетінің төмендігі, тіл мәдениеті сақталмайтын жағдайлар, өзге тілдік элементтердің басымдығы т.т. тәрізді деректер желі тілінде жиі ұшырасады. Осыған қарап, әлеуметтік желі тілінің белгілі бір қатынастық ортада, нақты коммуникативтік қажеттілікті өтеу үшін қолданылатын өзіндік ерекшелігі бар функционалдық аумақ екендігін жоққа шығара алмаймыз. Әлеуметтік желі тілі шынайы тілдік дерек ретінде қазақ тілінің ғаламтор саласындағы қолданысын күшейтіп отыр.

Сөйтіп, әлеуметтік желі қатынасы ХХІ ғасырда жылдам дамып отырған әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ғаламтордың маңызды коммуникациялық құраушысының бірегейі. Қысқа мерзім ішінде әлеуметтік желі қызығушылықтары ортақ адамдардың бас қосатын белсенді қауымдастық сайтына айналды.

«Әлеуметтік желінің негізгі қызметтері де осыдан туындайды:

1) қатынастық (адамдар бір-бірімен байланыс орнатады, жаңалықтармен, ақпаратпен (сурет, видео, аудиожазбалар, сайттарға сілтемелер, комментарийлер, хабарламалар) бөліседі, қандай да бір ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірігу (әлеуметтік байланыста болу);

2) ақпараттық (ақпараттар ағымы екі бағытта жүргізіледі, желі қолданушылар коммуникатор (адресант) рөлінде де, реципиент (адресат) рөлінде де болады;

3) әлеуметтенуші (өзіндік даму, түрлі топтар мен достар жүйесіндегі қарым-қатынас, рефлексия);

4) өзіндік белсенділік (өзін-өзі таныстыру (көрсету), өзін-өзі жарнамалау);

5) сәйкестендіру (жеке парақша ашу кезінде желі қолданушысы өзіне қатысты ақпаратты толтырады, аты-жөні, туған күні, әлеуметтік жағдайы, мектебі, ЖОО, қызығушылығы т.т., бұл белгілі бір желі қолданушысын анкета арқылы іздеуге мүмкіндік береді);

б) көңіл көтеру (әлеуметтік желілер тек хабарламалар алмасумен шектелмейді, мультимедиялық файлдармен алмасуға да мүмкіндік береді)» [2].

Әлеуметтік желі қатынасы коммуникацияның жаңа түрі ретінде жаңадан дүниеге келген әлеуметтік-коммуникативтік тәжірибе және орта болып саналады, бұл ортада тілді қолдану мен жаңа кеңістікке бейімделуінің өзіне тән жақтары болады. Тіл осымен байланысты мынадай қызмет атқарады: 1) желідегі қарым-қатынастың құралы; 2)

желідегі қалыптасып отырған ұжымдық тәжірибенің, сананың, ойлаудың құралы, соларды жинақтау, сақтау құралы; 3) желілік мәдениеттің қалыптасу құралы.

Желі тілінің басты ерекшелігі, лингвистикалық табиғаты тілдік қатынастың екі түрі – ауызша және жазбаша формада да көрініп отырады.

Әлеуметтік желілердегі қатынас тілдік қатынастың басқа түрлеріне, айталық, ауызекі тіл мен жазбаша қатынасқа қарағанда, өзіндік ерекшелікке ие.

Қазақ әдеби тілі екі түрлі формада жүзеге асады: ауызша және жазбаша қатынас. Әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие, олар тілдік құралдар жүйесі жағынан, адресат сипаты және қабылдау ерекшеліктері жағынан бір-бірінен ерекшеленіп тұрады.

Ғаламтор тілін ауызша не жазбаша қатынастың біріне жатқызатын көзқарастар кездеседі. Мәселен, ғалым Қ. Күдерина былай деп жазады: «... жазудың коммуникативтік негізгі қызметін бүгінгі таңда ауызша коммуникацияның техникалық құралдары (телефон түрлері, интернет жүйесі) екінші қатарға ығыстырып отыр. Интернет жүйесін де ауызша коммуникация жүйесіне жатқызып отырғанымыз, мұнда жазу графикасы мен таңбалары пайдаланғанымен, ЖТ (*жазбаша тіл – Ж.К.*) жүйесі сақталмайды. Ақпарат АТ (*ауызша тіл – Ж.К.*) жүйесінде құрылып, тіпті өздік коммуникация (аудиалды-визуалды) жүйесін жасауға айналды. Сонда жазудың коммуникация қызметі бүгінде екі формада көрініп отыр: 1) хабарласудың ресми, іскерлік сипатында (ресми іс-қағаз); 2) интернет жүйесі арқылы хат жазысу аясында» [3, 13].

«Интернет тілі, негізінен, жазбаша тіл, формальды тіл» деген пікірлер кездеседі [4].

Ғаламтор кеңістігі, соның ішінде әлеуметтік желі қазақ тілі жұмсалудың жаңа сферасы ретінде пайда болды. Ғаламтор кеңістігі көп аспектілі, көп функционалды коммуникацияның бір түрі ретінде бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие. Ғаламтор жазбаша қатынасқа басымдық береді. Сонымен бірге визуалды ақпарат та ғаламтор (әлеуметтік желі) үшін маңызды болып келеді. Қазақ тілі ғаламторда негізінен жазбаша нұсқада қолданылады, сонымен бірге интерактивті желі коммуникациясында сөйлеу темпі ауызекі тілге жақын болып келеді.

Әдебиет

1 Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры// <https://qazcorpus.kz/find/>. 02.05.2022.

2 Курманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі : Философия докторы (PhD). ... дис. –Астана, 2024. – 140 б.

3 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Екінші басылым, Алматы, 2010. – 380 б.

4 Слямбекова Қ. Қазақ тілінің интернет кеңістігіне бейімделуі – Intil // https://mtdi.kz/m/til_sayasyat/id%20/164/q/2. 02.05.2020.

ӘОЖ 16.21.47

Этностың таным айнасы – этнографизмдер

Бейбітова Н.Б.,
КЯ-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Резюме

В статье рассматривается исследование этнографизмов, их роль в пополнении этнокультурного фонда языка.

Abstract

The article examines the study of ethnographisms, their role in replenishing the ethnocultural fund of the language.

Қазақ тіл білімінде этнографизмдер кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде киім, әшекей бұйым атаулары да бірқатар еңбектердің зерттеу нысаны болған. Кей ғалымдар киім атауы мен сәндік бұйым атаулары арнайы зерттеу нысаны етіп алмағанымен, еңбектерінде аталмыш тақырып әр қырынан талданады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы, Р.Сыздық, Ә.Нұрмағамбетов, Ж.Мұхаметов, Қ.Қайырбаева, А.Жиекбаева, А.Әлімжанова, А.Жүнісов, Ж.Құрманбаева т.б. ғалымдарды атауға болады.

Ал кей ғалымдар киім мен сәндік бұйымдар атауларын арнайы зерттеген: Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Шойбеков, Н. Уәли, Ж. Манкеева, С. Қасиманов, Б. Ақбердиева, Ә. Алмауытова, А. Тұрышев, Қ. Күркебаев, А. Сейілхан, У. Қыдыралин, Д. Орынбаева, т.б. енді бір топ ғалымдар тіл білімінен басқа ғылым саласына қатысы тұрғысынан зерттеген. Оларға С. Кенжеахметов, Ә. Жәнібеков, Ж. Каракузова, Р. Захаржевская, Ш. Тоқтабаева (Қазақтың зергерлік әшекейлері), мәдениеттанушы ғалымдар Л.Т. Әлімтаева, А.Б. Қабылбек және Ұ. Смайловаларды жатқызуға болады.

Ғалым Ә.Қайдар: «Этнографизм дегеніміз—өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, сал-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік правоға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері» [1,18-22], - дейді.

Тілдің өз бойында этномәдени мұраны сақтау функциясы туралы пікірді ғалым Н. Уәли тұжырымынан кездестіреміз. Ғалым тілдің өмірдің ақиқаты екенін, уақыт қалдырған сол ақиқатты тани алсақ, шежіре сияқты сыр шертетінін аңғаратынымызды және әр кезеңде болған жайт тілімізде із тастап кететіндігін, сол ізді асыл мұраларымыздан, яғни тілімізден кездестіретіндігімізді айтқан [2, 40].

Халықтық ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар лексемасы – туыстас және көне түркі тектес халықтар мен тайпалардың, этникалық топтардың материалды мәдениеттерінің ұқсастығын да көрсетеді. Шынында да, «тіл – тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының, өз мәдениетінің, оның дүниелік (материалдық) және рухани қазынасының айнасы сияқты болып есептеледі. Өйткені, өмір саласындағы барлық құбылыстар тілдің сөздік қорында өз ізін қалдырады, ондағы сәйкес сөздердің куәсі болып, дақты қалдырады» [3, 18]. Еліміздің ерте замандағы әдет-ғұрыптары мен тұрмысы туралы этнографиялық ұғымдардың атаулары (сөздер мен сөз тіркестері) тарихи сөздіктер мен тарихи шығармалардан көрініс тапқан. Этнографтар рухани мәдениетке қатысты халықтың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрін және материалдық байлыққа байланысты жағдайларды зерттей отырып, тіл фактілерінен алыс кетпейді. Себебі тіл – мәдениетті ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын сақтау құралы. Ғалым Р. Шойбеков: «... қолөнер лексикасы, оның құрамына енетін атаулар мен фразеологизмдер, этнографизмдер – қоршаған ортаны игеру, ақиқат болмысты тану барысында жинақталған тәжірибенің, кең мағынасында алғанда, ғаламның тілдік фрагменттері, үзіктері. Соған сәйкес таным процесі жалпыадамзаттық сипатта болғанымен, этностың концептуалды әлеміне, тіл иесінің ой-өрісіне байланысты шындық болмыс (ол әр басқа тілдерде сөйлейтін халықтар үшін біреу-ақ) әр басқа бейнеленеді. Осыған байланысты ұлттың болмысын тануда қолөнер лексикасының этномәдени және танымдық мазмұнын ашудың ғылыми маңызы зор» [4, 3], - деп тұжырым жасайды. Демек, ұлттың өзін-өзі дамыту үдерісінде жинақтаған мәдени және материалдық құндылықтар туралы білімі этникалық сананың дүниетанымының негізін құрайды. Ғылыми зерттеулерде тілдік сана тілдік құралдар арқылы берілетін бейнелердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Олар тілдік белгілерді қалыптастыру, сақтау және қайта құру құралдары болып табылады.

Әр халықтың ерекшелігін негізі ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпынан аңғаруға болады. Дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен салт, ырымдар халықтың мәдени, тұрмыстық, психологиялық, дүниетанымдық жағдайларына байланысты қалыптасады және ғасырлар бойы тіл арқылы кейінгі ұрпағына жетеді.

Этнографизмдерді арнайы зерттеген этнограф-ғалым Ө. Жәнібеков қазақтардың бұл салада өзіндік таңбасының, көпғасырлық дәстүрінің сақталып қалуын мынадай екі жағдаймен түсіндіреді.

Біріншісі, өзбек халқының Орта Азияға қоныс аударуы нәтижесінде ноғайлардың Еділ арқылы Солтүстік Кавказға барып, онда қоныстанған халықпен бірігуінің әсерінен қазақтардың XV ғасырда кең далада бөлініп, оқшаулануы. XV ғасырда Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған тайпалар өзбек хандығынан бөлініп, Жетісудың басқа тайпаларымен бірігіп, тарихи зерттеулерден алғаш рет Қазақ хандығының құрылғаны. Ал екіншісі, осы уақытқа дейін қала мәдениетін, сауданы, қолөнерді, егіншілікті және т.б. дамытуда маңызды рөл атқарған Оңтүстік Қазақстан қалалары арқылы өтетін ежелгі «Жібек жолы» керуенінің әлсірей бастауы екенін айтқан [5, 6].

Академик Ә. Қайдар осымен өзектес пікір білдіріп: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматтар бәрі-де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал- мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес» [1,18], - деген деректі келтіреді.

Халықтың өткен өмір жолын тілдің этномәдени қорын толықтырғанынан байқаймыз. Қазақ халқы «ит көйлегінен» бастап «ақырет өміріне» дейінгі киімдеріне үлкен мән берді, өйткені ол адам өмірі үшін өте маңызды болды. Мысалы қыста аяздан, жазда ыстықтан қорғайтындай және салт-дәстүрінің белгісі болатындығын да назарда ұстаған. Киімді қажетіне тұтына білуде этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Қазақ халқының ұлттық танымында киім әдет-ғұрыптың символы болып табылады.

Қазіргі қоғамның өмірін сәнсіз елестету қиын. Сән феномені қоғамның құндылық формаларына жатады, мәдениеттің эстетикалық қатынастары. Сән – бұл бар нәрсе белгілі бір кезең және осы кезеңде жалпы қабылданған көзқарас мәдениеттің сыртқы формалары: өмір салты, әдет-ғұрып, мінез-құлық, киім. Ұлттық ерекшелігіміздің айырықша көрсеткіші – ұлттық киімдер, әшекей бұйымдар, қолөнер туындылары т.б. соның ішінде, әйелдер киімі мен сәніне қатысты аталымдар, әшекей бұйым атаулары лингвист ғалымдар еңбегінің арнайы нысаны болмаса да, әр жылдары зерттеу еңбектерінен көрініс тауып отырды. Ғалым Ж. Манкеева киім атауларының этимологиясын қарастыра келе, әйелдер киімі мен әшекей бұйымдарының белгілі бір салт-дәстүрге байланысты қолданылатындығын мысалдар арқылы дәлелдейді. Мысалы, әйелдер сырткіімі, тонның түрлерін жинақтап, тонның қандай себептерге қатысты киілетінін анықтайды.

Зерттеуші Ә. Алмауытова қазақ тіліндегі киім атауларын этнолингвистикалық және ономазиологиялық және «ғаламның тілдік бейнесі» теориясы тұрғысынан зерттеген. Ұлттық киім атауларын этномәдени, әлеуметтік уәжділік, киім атауларындағы эстетикалық уәжділік жайында ғылыми сараптамалар жасап, талдаған.

Қазақ тіліндегі киім-кешек пен зергерлік бұйымдардың сөздік қоры өте кең. Ол сөздік құрамының қомақты бөлігі болып табылады және онымен байланысты ең қажетті өмірлік маңызды ұғымдар белгіленеді. Киім мен әшекей лексикасының семантикалық қабаттары күнделікті өмірдегі адам өмірінің сан алуан аспектілерін қамтиды. Ұлттық мәдениет өзегінің бірі – ұлттық киімдер, олардың этнолингвистикалық табиғатын танып, қоғамдық сана мен мәдениеттің қазіргі деңгейімен байланыстырудың негізі лингвистикалық құралдармен көрсетілген киім атауларының күрделі құрылымы мен олардың лингвистикалық өлшемдерінде жатыр. Қазақ тіліндегі әйелдер киімі мен сәніне қатысты туған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер негізінде қалыптасқан дүниенің тілдік бейнесі, ұлт мәдениеті, халықтың дәстүр мен ғұрыпы, ежелгі наным-сенімі, барлығы осы бағасы құнды тілде көрініс табады. Адамның киіміне қарап, әлеуметтік мәртебесін, гендерлік ерекшелігін, жасын, этникалық шығу тегін танып айтуға болады.

Қорыта айтқанда, этнографизмдер этностың бүкіл өмірін айқындайтын таным айнасы, ғасырлар бойғы саналы өмірі мен мәдениетіне толы мұражай. Киім адамдар үшін әлеуметтік және этикалық функцияны орындайды. Киім, зергерлік бұйымдар және т.б. халық өмірін, ұлттық дәстүрлерді, мәдени бірегейлікті, ұлттық сипатты, ұлттық дүниетанымды көрсетеді. Сондықтан киімнің негізгі қызметі – табиғаттың аязы мен ыстығынан, жаңбыр мен желінен қорғау, сонымен қатар әртүрлі этнографиялық, философиялық, мифологиялық және тәрбиелік аспектілері болып, оның қалыптасуы мен дамуының ұзақ өмірлік рухани аспектісін көрсетеді.

Әдебиет

- 1 Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – Б. 18-21.
- 2 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2007. – 68 б.
- 3 Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
- 4 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993, – 130 б.
- 5 Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 144 с.

Өтеуов Н.Ғ.,
КЯ-24М оқу тобының магистранты,
Өтеуова Қ.Ғ., оқытушы

Резюме

В статье рассматриваются новые направления языка, связанные со способностью человека воспринимать, думать, понимать, передавать.

Abstract

The article discusses new areas of language related to a person's ability to perceive, think, understand, and transmit.

Қазіргі заман лингвистикасында адам танымы мен ой-өрісі құрылымын тіл арқылы тануға бағытталған зерттеулер көрініс беруде. Антропоэзектік лингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс мәселесі сияқты жаңа бағыттар тілдің оқшау тұрған қалпын емес, адамның қабылдау, ойлау, түсіну, өзгеге жеткізу қабілеттерімен байланыстыра қарастырылады. Мәтін өз алдына бөлек формалды дүние емес, мәтін – сол тілді пайдаланатын адамның ақпаратты, алынған хабарды қабылдауы мен жеткізуінің белгілі бір жемісі. Мәтін қазақ әдеби тіліндегі стильдер, жанрлардың түрлері, тілдік құрылым, сөйлеудің белгілі бір типке түсірілген формалары ретінде қарастырылса, қазіргі кезде бұлардың барлығы хабарды айтушы (адресант) және хабарды алушы (адресат) арасындағы өзара байланысқа негізделеді. Нәтижесінде лингвистикада дискурс, мәтін терминдерінің кең таралуына бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі лингвистикада мәтін және дискурс ұғымдарының концептуалдық сарапталуы арқылы бір-бірімен тығыз байланыста болатыны анықталды.

Дискурс ұғымы ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап философияда кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі кезде дискурстілдік, танымдық, әдеби-теориялық, саяси, педагогикалық, тарихи зерттеулерде көпмағыналы ұғым ретінде танылып келеді. Лингвистикада «дискурс» және «мәтін» ұғымдары аралас түрде жұмсалып және қатар түрде қолданып жүр.

Дискурстың сөздіктердегі анықтамасы келесідей: «Дискурс–экстралингвистикалық-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да факторлардың жиынтығын көрсететін байланысқан мәтін; оқиғалық аспектіде алынған мәтін; мақсатталған әлеуметтік әрекет ретінде, адамдар мен олардың сана механизмінің (когнитивті үдерістердің) арақатынасына қатысатын компонент ретінде қарастырылатын сөз. Дискурс сөздің паралингвистикалық

амалдарынан (ым-ишарадан, мимикадан) тұрады»[1,137б.].

Қазіргі лингвистикада «мәтін» және «дискурс» ұғымдарының концептуалдық сарапталуы арқылы екі ұғымның бір-бірімен тығыз байланыста болатыны анықталды. Әлемдік лингвистикада мәтінді әртүрлі аспекті тұрғысынан, яғни мәтіннің коммуникативтік аспектісі және мәтін прагматикасы тұрғысынан зерттеу қолға алынып жатқан кезде, өткен ғасырдың аяғында дискурстық сараптаудың жаңа бағыт ретінде қалыптасуы тегін емес. Мәтін белгілі бір кезде жазылған, белгілі бір форматқа келтірілген сөйлемдер тізбегі. Дискурс тірі сөз ретінде жоқтан баржасап, ауызша да жазбаша да түрде өмір сүре береді, ал мәтін мазмұндама түрінде ретке келтіріліп жазылған құжат.

«Дискурс – динамикалық құбылыс, өйткені дискурс кезінде адресант менадресат, сөйлеуші мен тыңдаушы өзара қарым-қатынасқа түседі, сәйкесінше дискурстық қарым-қатынас кезінде сұрақ-жауап, талқылау – бәрі болады. Ал мәтін – статикалық құбылыс, тілдік іс-әрекеттің нәтижесі. Мәтінде оқырман жанды қатынасқа түсе алмайтын болғандықтан, мәтін авторының айтайын деген ойын, ниетін қадағалау мен болады, өз ой-тұжырымын пайымдауға мүмкіндік алады» [2, 41 б.]. Дискурс екі сыңардың кешеніретінде де анықталады: тілдік іс-әрекеттің процесі мен оның нәтижесінен (яғни мәтіннен) тұрады. Е.С. Кубрякова мен О.В. Александрова мәтін мен дискурс ұғымдарын салыстыра келе, «дискурс деп шынайы сөйлеу әрекетімен, сөйлеу әрекетін құрумен байланысты когнитивті үдерісті түсіну керек, ал мәтін белгілі бір формадағы сөйлеу әрекетінің соңғы нәтижесі болып табылады. Осылай шынайы сөзбен оның нәтижесін қарама-қарсы қойып салыстыру мәтіннің қандай мағынада дискурс ретінде анықталатынын түсінуге көмектеседі. Сөйлемдер тізбегінен тұратын, мағыналық тұрғыдан байланысқан, грамматикалық белгілері бар, прагматикалық ұстанымдары мен әсер ету қызметін атқаратын элементтер тән мәтінді құрастыруды бақылау оларды қарама-қайшылықта, яғни дискурстың қандай кезде мәтін ретінде анықталатындығы да, мәтіннің дискурс ретінде қолданатындығы сияқты, дұрыс. Дискурс «үдерістік, әрекеттік құбылыс ретінде», яғни мәтінді құрастырудың үдерісі немесе оны қабылдаудың (сөйлеу, айту және т.б.) синхронды әрекеті ретінде анықталатыны есепке алу керек» [2,196.].

Осы көзқарасты дамытқан зерттеуші ғалым Ғ.Әнес «дискурстың белгілері ретінде динамикалық, функционалдық, өзектілік, үрдістілік, когнитивтілік әрекет, дыбыстық не графикалық репрезентациядағы тілдік шикізат болатындығы, белгілі бір уақыт аясында, белгілі бір ортада өтетіндіктен шартты түрде тұйықталатындығы, біреуге бағытталатындығы, сөйлеушілердің ой және ойлау деңгейінде әрекеттесетіндігі, арнайы, мақсатты түрде мәтінді тұйықтауы, т.б. сипаттарды» келтіреді, «ал мәтін статикалық күйдегі, құрылымдық, кең өлшемді, терең мәнді когнитивті әрекеттің

қорытындысы, синтезі, жеткізушісі және сақтаушы құрылым» деп көрсетеді [3,35б.].

Мәтін мен дискурсты прагматикалық табиғаты жағынан қарайтын болсақ, дискурс–ашық коммуникативтік жүйе. Дискурста коммуниканттардың (айтушы мен қабылдаушының) әртүрлі стратегиясы мен тактикасы жәнет.б.сан алуан айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрыла отырып, стилистикалық амал-тәсілдер вербалды (дауыс ырғағы, интонация, паузаларға бөлуі) және бейвербалды (ым-ишара) сигналдарды діттеген мақсатқа жету үшін пайдаланады. Сондықтанда дискурс–күрделі коммуникативтік-прагматикалық тілдік акт, көп деңгейлі үдеріс.

Ал мәтін – жабық коммуникативтік жүйе, сондықтан мәтінде мұндай мүмкіндік шектеулі болады. Алайда мәтіннің прагматикасыжоқ деп түсіну–кәте ой, өйткені мәтінде автор бейнесі сан алуан стилистикалық амалдармен жан-жақты беріледі,соған қарамастан, мәтіннің оқырманға әсер ету амалдары әлсіз болады, өз кезегінде дискурс тыңдаушыға әсер ету үшін кез келген уақытта қосымша дәйектеме қолдана алады және өзара ой бөлісе алу мүмкіндіктерімен ерекшеленеді.

Дискурс жанды аудиторияға бағытталған. Сондықтан коммуникативтік ой түрлі тілдік бірліктермен амалдар арқылы беріледі. Ал мәтін абстрактілі, бірақ белгілі бір әлеуметтік аудиторияға бағытталады, сондықтан оны баяндау (ауызша не жазбаша) айрықша стильге бағынады. Дискурсқа қатысушы коммуникация барысында не белсенді (айтушы) не белсенді емес (қабылдаушы–белсенді түрдеақпаратты таңдау немесе белсендік танытпайтын мәжбүрлеп тыңдап отырған) болады. Қандай жағдай болмасын дискурсқа қатысу қатысушылар тарапынан белгілі бір психологиялық жағдайын туғызады. Ал бұл дегеніміз коммуникацияның тұлғалық маңыздылығы бар екендігін көрсетеді. Дискурсты коммуникативтік оқиға ретінде ұйымдастыру үшін коммуникативтік жағдайды көрсететін белгілі бір макроситуация, оқиға орны мен қатысушылар, соныменқатар тілдік актілер түрі құрылады. Ал мәтін үшін бұның бәрі керек емес. Мәтін кез келген жерде,кез келген жағдайда оқыла береді.

Дискурс қатысушылардың (айтушы мен қабылдаушының) талқылауы арқылы анықталса, мәтін шешімі автор тарыпынан ғана қаралады. Дискурс тілдік қана емес, сонымен қатар бейвербалды актілерден де тұрады. Ол коммуникацияға өзіндік реңк береді. Мәтін теквербалды амалдарды қолдана отырып, коммуникативтік мақсатқа жету үшін түрлі стилистикалық амалдарға жүгінеді. Дискурста коммуникативтік сәтсіздік бірден байқалады: қатысушылардың қызығушылығының төмендеуі, прагматикасының әлсіздігі немесе аудиторияның шаршағандығы және т.б. Ал мәтіннің коммуникативтік сәтсіздігі сол шығарма не кітапқа деген сұраныспен анықталады.

Дискурс коммуниканттар арасында белгілі бір жағдаят аясында жүзеге асады. Бұл коммуникация белгілі бір тілдік және бейвербалдық қолданыстарды пайдаланудың ережелерін сақтауды қажет етеді. Мәтінде бұлардың бәрі сипатталады. Осы тұрғыда, дискурс – үнемді, ал бейвербалды актілер коммуниканттар тарапынан еріксіз түрде қабылданады. «Дискурс пен мәтін өзара өте тығыз байланысты. Алғашқысы үдеріс болса, кейінгісі нәтиже болып табылады. Дискурс сөз тудыру үдерісімен байланысты құбылыс ретінде, ал мәтін белгілі бір формасы бар қатталған пішіндегі өнім ретінде түсіндіріледі. Мәтін мен мәнмәтін (контекст) дискурсты құрайды, ал дискурс мәтінде өмір сүреді, мәтінде көрініс табады, яғни дискурс коммуникация арқылы мәтін түрінде жүзеге асады. Осы орайда мәтін мен дискурстың тағы бір айырым белгілері туып отыр. Дискурс белгілі бір уақыт кеңістігінде коммуникацияда коммуниканттар арасында қарым-қатынас түрінде ауызшада, жазбашада жүзеге аса алады. Ал мәтін болса, қатысымның уақытына тәуелді болмайды және жазбаша түрде жүзеге асады. Сәйкесінше, мәтіннің оқырмандар қауымы мәтін түріне қарай құбылып, оқырман аудиториясы кеңейіп отырады. Олардың санын нақты есептеуге болмайды. Ал дискурста қатысушылар уақыт пен кеңістікке тәуелді болып, сол белгіленген уақыт пен кеңістікте көрініс тауып, кейін қатысушылары сейіліп, саны шектеулі болады» [2,356.].

Сонымен дискурс –тілдік қарым-қатынас түрі, қолданыстағы тілдесім. Қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің нақты тілдік шындығын айтады. Ал мәтінді автор қалың көпшілікке арнап, соларға бағыттайды, бірақ өзі тікелей қарым-қатынасқа түспейді. Мәтін де, дискурс та күрделі категориялар қатарына жататын тілдік бірліктер болып табылады.

Әдебиет

1 Арутюнова Н.Д. Лингвистический-энциклопедический словарь/под редакцией В.Н.Ярцевой.–М.:Советская энциклопедия, 1990.–685 с.

2 Кенжеқанова Қ.К. Мәтін және дискурс ерекшеліктері// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – №1 (51). – Алматы,2015.– 40-43бб.

3 Әнес Ғ. Мәтіндік семантикалық-этимологиялық кеңістіктің теориялық мәселелері: фил.ғыл.докт.дисс. – Алматы, 2010.–278б.

М.С. Кемал,
АК-24М оқу тобының магистранты,
Қызылорда Болашақ университеті

Резюме

В статье рассматриваются стилистические оттенки глаголов и их обозначение словарей.

Abstract

The article examines the stylistic shades of verbs and their designation in dictionaries.

Етістік – экспрессия мен динамиканы жеткізетін негізгі сөз табы. Етістіктің стилистикалық реңкі оның мағынасына, қолдану аясына, контекске байланысты анықталады. Қазақ тілі өзінің қазіргі даму кезеңінде жалпы тіл эволюциясының ерекшеліктерін бойына сіңірген. Стилистикалық парадигманы етістік лексемалары иелене алады, ол тілдің лексикалық жүйесіндегі басқа сөздер тәрізді стилистикалық түрде бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Сонымен бірге, етістік лексемаларының мағынасында болатын негізгі мағыналық информация стилистикалық сипаты бар қосымша информациямен қоса жүреді. Мысалы, *ұрлау* және *жымқыру* сөздерін салыстырсақ, осы сөздердің жалпы мағыналық мәні бірдей не өте тығыз, алайда стилистикалық тұрғыдан – әртүрлі: бірінші сөздің мағынасы – нейтралды (нөлдік стилистикалық бояу), ал екіншісінікі – қарапайым (төмендету стилистикалық реңкті). «Стилистикалық бояу, кем дегенде, екі компоненттен құралады:

1) сөйлеудің эмоционалды-экспрессивті мағынасын ашатын стилистикалық бояу;

2) тілдік құралдың қоғамда пайдалану саласын көрсететін стилистикалық бояу. Бірінші компонентті *эмоционалды-экспрессивті* бояу деп, ал екіншісін – *функционалды-стильдік* бояу деп атайды» [1, 69].

Стилистикалық белгілері бойынша етістіктерді негізгі үш топқа бөлуге болады:

- а) стилистикалық көтеріңкі;
- ә) стилистикалық нейтралды;
- б) стилистикалық төмендетілген.

Бұл жерде, негізгі топ болып, стилистикалық нейтралды лексика қалады. Стилистикалық нейтралды лексиканың құрамына кіретін етістіктерде сөйлесім процессінде стилистикалық өзгешелігі болмайды. Мысалы: *жазу, сөйлеу*.

Стилистикалық көтеріңкі лексика (кітаби, поэтикалық, көтеріңкі сапалық т.б.) тілдесімді көтеріңкі, салтанатты етіп көрсетеді. Бұл жағдайда етістіктің мына түрлері қолданылады: *ғажаптану, жалбарыну, ажарлану*.

Стилистикалық төмендетілген лексика (сөйлеу, қарапайым, тұрпайы, анайы, т.б.) сөйлеуге еркіндік, өзінділік, кейде, өткір, тіпті дөрекі, өресекел сипат береді. Мысалы: *қарқылдау, келемеждеу, қиқулау*.

Сонымен, етістік лексемаларының стилистикалық парадигмасы үш позициядан тұрады: стилистикалық көтеріңкі, стилистикалық нейтралды, стилистикалық төмендетілген. Дегенмен, бұл жағдай оның ішіндегі тиісті мүшелерінің санын білдіртпейді. Мысалы: *жетілдіру (көтер.) – өсіру (нейтр.) – тәрбиелеу (нейтр.) – өнеге беру (кітаб.) – тұрғызу (сөйл.) – асырау (сөйл)* [2, 31].

Жоғарыда көрсетілген коннотациялардың түрлері сөздіктерде де бейнеленеді. Қазақ тілінің лексикалық құрамы мен семантикалық құрылымы 1 томдық «Қазақ тілінің сөздігі» мен 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бейнеленді.

Тілдік бірліктердің лексикографиялық көрінісінің проблемасы соңғы жылдары едәуір үлкен мәселеге айналды. «Лексикография теориясы» ұғымына сөздіктердің типологиясы және сөздіктің құрылымы мен элементтері жайлы ілім де кіреді. Алайда, «соңғы жылдары лексикография сөздіктердің жаңа түрлерін жетілдіріп шығаратын және тілдің лексикографиялық бейнелеуінің өрісін, оны қолданушылығының ортасын кеңейтетін тек практикалық пән ретінде ғана дамымай, сонымен бірге әртүрлі теориялар мен бағыттармен байланыс орнатуға ұмтылатын теориялық пән ретінде де дамып жатыр. Лексикографиялық жұмыстар тілдің түсініксіз, бақылау үшін қолайсыз, қасиеттерінің түсінігін маңызды түрде анықтауға, бақылаулар мен қорытуларға шексіз баға білдіретін материалды қамтиды» [3, 274].

Лексикография әрбір қоғам мүшесіне тікелей жол беретін лингвистикалық ғылымның өзегі болып келеді. Лексикография бүкіл лингвистика үшін жауапкершілікті атқарады. Ол табысты коммуникациямен қамтамасыз етіп, сөйлеу практикасына ықпал жасап, тіл мәдениетін көрсете алатын мүмкіндіктеріне қарап, жалпы тіл білімі жайлы мәлімет береді. Сонымен, ғылым ретінде, лексикология тақырыбы қазіргі кезде көбінесе лексикографиялық, жалпылингвистикалық және философиялық дәстүрлерінің негізінде қалыптасып келеді. Айта кететін жағдай, бүгінгі тілтанымында жеке бағыт – лексикографияның пайда болып, қалыптасуы. Бұл бағыт лексикографиялық жетістіктерге негізделген лексикологиялық суреттеулерді қамтиды.

Қазіргі кездің лексикографиясы лексикология, семасиология, грамматика, стилистика, фразеология және тіл білімінің басқа

бөлімдерімен қиыстырылатын лексикографиялық проблемалардың теориялық жете зерттеулердің едәуір күшейгендігімен ерекшеленеді. В. Дорошевскийдің ойы бойынша, «Тіл білімінің теориялық ғылымы ретінде лексикография бірнеше ғылымның интеграциясы болып табылады» [4, 36].

Қазақ тілінің лексикографиясы басқа тілдердің лексикографиясымен қатар қарқынды түрде даму үстінде. Бірқатар түсіндірме және салалық сөздіктер басылып шығарылды: синонимдер, омонимдер, антонимдер, фразеология және т.б. сөздіктері, сонымен қатар, тарихи, диалектологиялық, этимологиялық, т.б. сөздіктер.

Тілдің сөз байлығын жүйелеп, саралайтын сөздіктердің әр алуан түрі болады. Солардың бірі саналатын түсіндірме сөздік тілдің лексикалық байлығын неғұрлым толық қамтуды көздейді. Қазақ тілінің толымды сөздіктерінің бірі ретінде қазіргі кезде 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» айтуға болады. 10 томдық түсіндірме сөздікте күнделікті қарым-қатынас кәдесінде жүрген сан алуан сөзбен бірге олардың әртүрлі нұсқалары, жергілікті сөз байлығы, кәсіби лексика мен терминдер, көнерген сөздер мол қамтылып, лексикалық, грамматикалық, стильдік, мән-мағыналарына біршама толық сипаттама жасалған және міндетті түрде иллюстрациялық материалдар берілген. Қазақ тілінің 10 томдық сөздігінің жарық көруі – осы саладағы алғашқы қадамдардың бірі. Сөздіктің мақсатына қазақ тілінің сөздерін түсіндіру кіреді, сонымен бірге «әдеби тіл» ұғымы айтарлықтай кеңейтілген. Бұл сөздікте әдеби тіл фактісі ретінде кітаби және сөйлесім лексикасы көрсетілген. Алайда, тілдік материалды таңдауда сөздікті құрастырушылар қазіргі лексиканың тарихи және аймақтық аспектінің алуан түрлі екендігін көрсететін ұстанымға негізделген: облыстық, арготизмдер, жаргонизмдер, авторлық неологизмдер және т.б. ұғымдар сөздік құрамына кірмеген. Сондай-ақ, «Қазақ тілінің сөздігінің» мақсатына сирек қолданатын сөздер, терминдер кірмеген. Сөздікте антропонимдер, топонимдер және сол сияқты ономалистикалық бірліктер көрсетілмеген. Сөздікте эмоционалды-экспрессивті реңкті білдіретін, мысалы, қуаныш, реніш, өкініш сияқты белгілер берілмеген.

Сөздікті құрастырушылар сөздердің қолдану шектерін орнатуға талпынған. Бұл мақсатпен сөздікте реңктердің жалпы жүйесі құрылды.

10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» жарыққа шығуы қазақ стилистикасы үшін үлкен ғылыми және қоғамдық оқиға болды. Бұл сөздікті құрастырушылар қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын, қазіргі стилистикалық нормаларды толықтай көрсетуге әрекеттенген.

Қазақ тілінің осы 10 томдық сөздігіне сүйеніп «Қазақ тілінің сөздігі» атты 1 томдық сөздік жарық көрді. Күнделікті қарым-қатынас

аясында жиі жұмсалатын, тілдің бүгінгі таңдағы нормасын көрсететін сөздіктің түрі – әдетте 1 томдық түсіндірме сөздік. Ол күнделікті, қоғамдық өмірдің сан алуан саласында сирек, әрі жиі қолданылатын сөздерді лексикалық, стильдік нормаға сай жұмсауда тіл тұтынушыға бағыт-бағдар беруді мақсат етеді. Түсіндірме сөздіктің мұндай түрінде әдеби тілдің қазіргі кездегі нормасы бағыт-бағдарға алынады, ал жалпы халықтық тілдің күллі байлығын, өткен дәуірлерге тән сөз үлгілерін түгел қамту мақсаты көзделмейді. Сөздікте қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі пайдаланылатын, дағдылы сөздермен қатар, ғылыми көпшілік әдебиетте, мерзімді баспасөз тілінде қолданылатын терминдер мен атаулар, тұрақты тіркестер қамтылған.

Қарастырылып отырған екі сөздіктің арасында көп ұқсастық бар екендігін байқауға болады. Мысалы, екі сөздікте де ғылымның белгілі бір саласына тән екендігін көрсететін арнайы лексикографиялық белгілер басым. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің екеуінде де осы салаға жататын сөздердің стилистикалық бояуы тереңінен көрсетілген.

Қай тілде болмасын етістіктің стилистикалық ресурстары өте бай екендігі айқын. Етістіктің әртүрлі стильдерде қолданылуы алуан түрлі функционалды-стильдік және эмоционалды-экспрессивті реңктерді тудырады.

Әдебиет

1 Кожин А.Н. Функциональные типы русской речи.– М.: Высшая школа, 1982. – 223 с.

2 Абдуалиева А.С.Қазақ, ағылшын тілдері етістіктерінің стилистикалық реңктері: сөздіктердегі белгіленуі және лингвостатистикалық сипаттамасы: 10.02.20: филол. ғыл. канд. дис.– Алматы, 2010. – 170 б.

Қалемшелерді тамырлатуға арналған ыдыстарды дұрыс таңдау – олардың қалыпты өсуіне кепіл. Қалемшелер өсіретін ыдыстарды таңдауда негізгі назар ыдыстың диаметріне аударылады және субстраты қышқылданып кететіндіктен үлкен көлемді ыдыс қажет емес. Қалемшелерді тамырлатуға түрлі ыдыстарды пайдалануға болады – ол көлемі әртүрлі түссіз (мөлдір) арнайы дайын пластик стақандар мен қолжетімді кәдімгі көлемі 1,0; 1,5 және 2,0л пластик бөтелкелер. Егер арнайы стақандар болмаса, жоғарыда аталған сусындарға арналған түссіз бір рет пайдаланылған, таза бөтелкелерді пайдалану керек. Бөтелкелер тамыртүзу процесін бақылауға мүмкіндік берсе, олардың жоғары бөлігі қалемшелерге бужайлық жағдай жасау үшін жақсы қақпақ, жабын қызметін атқарады. Қажетінде қақпақтың, немесе жұқа полиэтилендік материалдың көмегімен бужайдағы қалемшелерді ашып-жауып желдетуге мүмкіндік болады. Сонымен, бөтелкеден ыдыс дайындау технологиясы: пластикті бөтелке өткір пышақпен немесе қайшымен төменгі бөлігі шамамен 12-15см қалдырыла, екіге кесіліп бөлінеді. Кесу бөтелкенің цилиндр бөлігі аяқтала жіңішкере бастайтын жерден жасаған дұрыс. Ол әрі қарайғы конструкцияны жинауды жеңілдетеді.

Дайындалған ыдыстар залалсыздандыратын ерітінділермен мұқият жуылып, кептіріледі, әйтпесе ыдыстар қабырғалары, сондай-ақ отырғызылған калемшелер де зеңденіп кетеді. Сонан соң қоректі қабат – субстрат төселеді. Лимонның тікпе көшет дайындауға арналған қалемшелерін тамырлату үшін ыдыстарға отырғызу мына тәртіпте орындалады: алдымен ыдыстардағы субстратты ылғалдаймыз, қалемшелерді екінші көзшеге дейін субстратқа тереңдете енгіземіз де, сабақты айнала субстрат бетін сәл нығыздаймыз, Сонан соң ғана қалемшені пульверизатор көмегімен жылы сумен бүркеміз.

Қалемшелерге түрлі материалдарды пайдаланып бужайлық жағдайлар жасауға болады: пластик бөтелкенің жоғарғы жартысын, түссіз полиэтилендік материал және т.с.с. Күнде 10 минутқа бужайды желдету және қалемшелерді тамырлағанға дейін күніне 3-4 рет суарып тұру қажет. Егер бөтелкенің жоғарғы жартысында, немесе пленкада үлкен конденсат байқалса, зең пайда болуын болдырмау үшін суару –

бүрку жиілігін азайтамыз.

Қоршаған ауа температурасы 20-25°C болуы қажет. Жарықтану жеткілікті болуы керек, бірақ күн сәулесінің тура түсуінсіз. Ал ала-көлеңкелі орындарды қосымша жарықтандыру. Ауаның жоғары ылғалдығын жасауда үнемі сумен бүрку және суару.

Лимонның жасыл сабақ кесінділерін шағын ыдыстардағы коректік қоспаларға – субстратқа отырғызғаннан кейін бастау алатын қалемшелердегі тамыр түзілу процесі, кескеннен болған жарақатқа реакция ретінде каллус пайда болуынан басталады.

Каллус–өсімдіктің жарақатты жеріндегі, онымен шектесетін жасушалардың бөлінуінен нығыздалған ұлпа түріндегі жасушалар. Бұндай жасушалардан түзілген каллусты ұлпалар жасушалардың ретсіз бөлінуінің нәтижесінде болғанымен, олар өсімдікке сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына және инфекцияның енуіне төзімділік танытады. 3-суреттерде жылыжайдағы лимон ағашынан алынған жасыл сабақ кесінділерінің тамыр түзетін жерасты ұшында каллустың түзілуі және каллус түзілуімен қатар тамырлап жатқан, сондай-ақ біраз уақыт болса да каллус түзілмеген көріністер.



Сурет 3. Лимонның жасыл сабақты кесінділерде каллустың түзілуі мен тамырлана бастауы.

Әдетте, қалемшелер тамырлануы 4-5 аптаны құрайды. Лимонды қалемшелеп көбейту арқылы тікпе көшеттер дайындауға арналған сабақ кесінділерін субстратты шағын ыдыстарға отырғызып, оларды бастапқы кезде бужайлық жағдайда ұстаумен, тамырлануы мен бүршіктенуі және әрі қарай жаңа жас жапырақшалар пайда болуына жағдайлар жасауға арналған күтіп-баптауларды атқару барысында байқағанымыз, отырғызылған бір қатар сабақ кесінділерінде, тіпті отырғызғанына бір айдай ғана болған, әлі бой ала қоймаған кесінділер бойында вегетативтік бүршіктердің оянуымен қатар, генеративтік – гүлқауыздардың пайда бола бастауы болды.

Лимон өсімдігі жаратылысынан жасына қарамай, жеміс салуға бейім болады екен. Бұл құбылыс қалемшенің әрі қарай бойлап, қалыпты өсіп-жетілуіне мүмкіндік бермейді және де ол тіпті әрі қарай тіршілікке қабілетсіз де болып қалады. Сондықтан міндетті түрде тікпе көшет дайындауға арнап отырғызылған сабақ кесінділеріндегі бастапқы кездегі гүлшанақтарды (гүлқауыз) және де жылыжайдағы тұрақты орындарына тамырлы кесек топырағымен отырғызылған 1-2

жылдық тікпе көшеттіктердің де гүлшанақтарын да бір-екі жыл бойына, лимон бұтасындағы 4-ші қатарлы сабақтар пайда болғанша шырпу және бөрікбас сабақтарын 3-4 бүршіктерді қалдыра қырқып қалыпқа келтіріп отыру керек (4-суреттер).



Сурет 4. Ыдысқа отырғызылған қалемшелердің бірқатарының гүлқауыздануы.

Бужайлықтағы қалемшелерді тамырланғаннан кейін, ашық ауаға үйрете бастау: бужайлықты күнде 1 сағатқа ашып тастау, 1-2 апта бойына таза ауамен шынығу уақытын ұлғайтумен. Сонан соң ыдыстарды толықтай ашып тастау керек.

Қалемшелерді өсіп-жетілу барысында бастапқы ыдыстан көлемі үлкеніректеу ыдысқа ауыстырып отыру қажет болса, қалемшелердің ыдыстағы қалыбын бұзбай, тамырларын зақымдамай орналастыру, ал жаңа ыдыстардағы артық (ашық) жерлерді субстратпен толтыра, тамыр мойынын жауып тастамай отырғызу керек (5-суреттер).



Сурет 5. Лимонның қалемшелік өсімдіктерін ыдыстардағы қалпын бұзбай, басқа ыдыстарға орналастыру.

Қалемшелерді ыдыстағы субстрат формасын сақтай отырғызу себебі, лимонның тамырларында суды және суда еріген қоректік заттарды сіңіріп алатын түктердің болмайтындығынан. Олардың функциясы өсімдік тамырлары мен субстраттағы саңырауқұлақшалар арасындағы байланыспен атқарылады. Микоризаның жайын жәй көзбен көру мүмкін емес, ал 5-суреттердің соңғысында оның электрондық микроскоптағы көрінісі. Онда өсімдік тамырларын құрым басқандай көрініс байқалады. Олар бір-біріне зиян келтірмейді, қайта саңырауқұлақша өсімдіктің шырынын пайдаланса, тамырдың қоректерді сіңіруі жақсара түседі. Негізінде көптеген жоғары сатыдағы өсімдіктердің тамыр бөлігі мен саңырауқұлақшалар өздеріне

пайдалы қарым-қатынасқа түседі.

Микориза процесі лимонның қоректенуіне көмектесетіндіктен, саңырауқұлақшалар арасындағы симбиоз – микоризамен атқарылады. Мұндай қарым-қатынасты тамырды саңырауқұлақша мицелийлерімен өзара байланыстығынан «саңырауқұлақ тамыр» деп атайды, яғни тамырлар түктеріне тән функцияны атқаратындықтан, лимон өсімдігін бір орыннан (ыдыстан) екіншіге, сондай-ақ ыдыстан жылыжай топырағына отырғызуда тамырларды ыдыстағы субстратымен, немесе жылыжай топырағында орналастыруда қалыпын мүмкін болғанша бұзбай, сақтай жайғастыру қажет.

Әрі қарай, қалемшелерді уақытылы күтіп-баптау жүргізу және белгілі бір уақыттан кейін, яғни 3 және 6 айдан кейін ыдыстардан жылыжай топырағына–лимонның өсіп-жетілу (адаптациялық) тәлімбағына орналастыру, ал келесі жылы оларды жылыжайлардағы тұрақты орындарға жайғастыру. Бұл тәлімбақта тікпе көшеттерге жыл бойына түрлі күтіп-баптаулар жүргізіледі: фенологиялық қадағалау, суару, үстеп қоректендіру (тамырлары және тамырдан тыс – жапырақ-сабақтары арқылы), лимонның оңтайлы бөрікбастарын жасауға арналған сабақтарды түзету (жөндеу) кесулері, жылыжай орнында зиянкестер көріне бастаса, сондай-ақ өсімдік ауруларының белгілері пайда бола бастаса, дереу өсімдіктерді қорғау шараларын қолдану: ранцалы, немесе қол бүріккішінің көмегімен инсектицидтік және фунгицидтік препарат ерітінділерімен бүрку, күннің аптап ыстығында өсімдіктерді көлеңкелеу мақсатында жылыжайды арнайы тормен жабындау және т.б. іс-шараларды атқару. Лимон өсімдіктерін күйдіретін күннен қорғау, жылыжайдың төбесі мен бүйір жақтарын көлеңкелі торлармен жабумен, жылыжай ішінде температура 35°C-қа жеткенде, барлық ашпалы шағын терезелерді жауып, сырттағы аптап ыстықтың әсерін сейілтумен және жылыжайды желдету үшін желдеткіштерді қосумен атқарылады (6-суреттер)



Сурет 6. Ыдыстардағы тамырланған қалемшелерді өсіп-жетілу тәлімбағына, одан жылыжайдағы тұрақты орындарға орналастырумен оларды күтіп-баптау.

Лимон өсімдігі инфекциялық ауруларға тым сезімтал келеді, сондықтан өсімдіктердің аурулар зардабына шалдығуын және аса зиянкес жәндіктер шабуылына ұрынуын тыңғылықты қадағалап отыру қажет. Оларды солған жапырақ, немесе теңбіл пигментациялар

пайда болуынан сақтау. Әдетте, бұл залалданудың бірінші симптомы. Залалданғандарды фунгицидті препараттармен өңдеу, одан оң нәтиже болмағандарын дереу жою. Тіпті залалдануы күдік тудыратын өсімдіктерді де жою – залалданудан сақтаудың жалғыз мүмкіндігі.

Жақсы өсіп-жетілу және жеміссалу үшін бөрікбасты дұрыс қалыпқа келтіріп отыру қажет. Лимонды бұтатүрінде қалыпқа келтіруде, 1-ші қатарлы бүйір өркендері түзілген, тамырлаған тікпе көшеттерді (әдетте, олар 3-тен көп емес) 20-25см дейін өсіреді де, әрі қарай өсуін шектеуге және өркеннің жуандап өсуіне мүмкіндік беру үшін, кесіп тастайды. Ал өркендер сүректенгеннен кейін, олардың 5 бүршігін, немесе жапырақтарын қалдыра, 15-20см дейін қысқартады және бұдан кейін де шырпу жұмысы осындай тәртіпте жасалынады, бірақта 2-3-ші және 4-ші қатарлы өркендер 1-қатарлыдан 5см-ге ұзындау етіп қалдырылады. Бөрікбастарды қалыпқа келтіру жемістер түзілетін 4-ші қатарлы өркендерде аяқталады. Бұтаның қалыпқа келтіру аяқталғанша лимонды гүлдеуге жібермеу керек, себебі гүлқауыз пайда бола бастағаннан, өсімдіктің вегетативтік өсуі тоқтайды.

Әдебиет

1.Билалова Э.Г., Ишмуратова М.М., Садыкова Ф.В., Валишина А.Н.Особенности вегетативного размножения Citrus Limon и Citrus Medica Башкирской селекции в Уфимском лимонарии. -Уфа, 2019. -С.61-65

2.Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б., Токтамысов А.М. Тажекеева А.К., Нортोजиев Б.Ш. Размножение лимона молодыми отростками – черенками. Вестник аграрной науки Узбекистана. №6(12/3), -Ташкент, 2023.-С.77-80

3.Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б., Длимбетов М.К., Тажекеева А.К., Нортोजиев Б.Ш. История происхождения, морфологические и биологические особенности лимона сорта «Мейер». Вестник аграрной науки Узбекистана. №6 (12/3). -Ташкент. 2023.-С.80-83

4.Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б., Тажекеева А.К., Нортोजиев Б.Ш. Лимонное дерево в теплице и его органоминеральное питание. Вестник аграрной науки Узбекистана. №6 (12/3). -Ташкент. 2023. -С.83-87

5.Бейдемман И.Н. Методика фенологических наблюдений при геоботанических исследованиях. -Москва; Ленинград, 2016). -131с.

Пиролиз процессін қолдана отырып, пластикалық қалдықтарды қайта қолдану

Әбидин Қ.Ш., аға оқытушы,
Оралбай Д.Д., 2 курс студенті,
М.Х.Дулата атындағы Тараз
университеті,
(Тараз қаласы)

Резюме

Статья посвящена проблем пластиковых отходов которые, становятся всё более актуальной, требуя эффективных решений для их переработки. Одним из перспективных методов является пиролиз – термическое разложение полимеров в бескислородной среде. Пиролиз позволяет сократить объем отходов, уменьшить загрязнение окружающей среды и создать замкнутый цикл переработки пластиковых материалов.

Abstract

The article is devoted to the study of the problem of plastic waste is becoming increasingly urgent, requiring effective recycling solutions. One promising method is pyrolysis, a thermal decomposition process of polymers in an oxygen-free environment. Pyrolysis helps reduce waste volume, decrease environmental pollution, and create a closed-loop plastic recycling system.

Пиролиз–бұл органикалық материалдарды (ағаш, көмір, пластик, биомасса және басқа да қалдықтар) жоғары температурада (әдетте 400-900°C) оттегісіз немесе оттегінің шектеулі мөлшерінде термохимиялық ыдырату процесі. Бұл процесс нәтижесінде үш негізгі өнім алынады:Қатты қалдықтар (биокөмір, көміртекті қалдықтар), сұйық пиролиз майы, газ тәрізді өнімдер (синтез-газ) [1].

Пиролиз, әдетте, материалды ыдырау температурасынан жоғары қыздырудан, оның молекулаларындағы химиялық байланыстарды бұзудан тұрады. Фрагменттер әдетте кішірек молекулаларға айналады, бірақ бірігіп, үлкен молекулалық массасы бар қалдықтарды, тіпті аморфты ковалентті қатты заттарды түзуі мүмкін. Көптеген жағдайларда оттегінің, судың немесе басқа заттардың белгілі бір мөлшері болуы мүмкін, сондықтан жану, гидролиз немесе пиролизден басқа басқа химиялық процестер жүруі мүмкін. Кейде бұл химиялық заттар әдейі қосылады, мысалы, отын жағу кезінде, дәстүрлі көмір өндірісінде және шикі мұнайды бумен жару кезінде. Керісінше, химиялық жанама реакцияларды (мысалы, жану немесе гидролиз) болдырмау үшін бастапқы материалды вакуумда немесе инертті атмосферада қыздыруға болады [2]. Вакуумдағы пиролиз сонымен

қатар жанама өнімдердің қайнау температурасын төмендетіп, олардың қалпына келуін жақсартады. Органикалық заттарды ашық ыдыстарда жоғары температурада қыздырғанда, әдетте келесі процестер бірінен соң бірі немесе қабаттасып жүреді. Шамамен 100°С-тан төмен ұшпа заттар, соның ішінде аздап су буланып кетеді. С дәрумені мен ақуыздар сияқты ыстыққа сезімтал заттар осы кезеңде ішінара өзгеруі немесе ыдырауы мүмкін. Шамамен 100°С немесе одан сәл жоғары температурада материалға сіңіп кеткен қалған су сыртқа шығарылады [3].

Бұл процесс көп энергияны тұтынады, сондықтан барлық су буланғанша температура көтерілуін тоқтатуы мүмкін. Гидраттардың кристалдық құрылымында қалған су біршама жоғары температурада кетуі мүмкін. Майлар, балауыздар және қанттар сияқты кейбір қатты заттар еріп, бөліну процесі орын алады. 100-ден 500°С-қа дейін көптеген қарапайым органикалық молекулалар ыдырайды. Көптеген қанттар 160-180°С температурада ыдырай бастайды. Целлюлоза, ағаш, қағаз және мақта маталарының негізгі құрамдас бөлігі, шамамен 350°С температурада ыдырайды. Лигнин, ағаштың тағы бір негізгі компоненті, шамамен 350°С температурада ыдырай бастайды, бірақ 500°С дейін ұшпа өнімдерді шығаруды жалғастырады. Ыдырау өнімдеріне әдетте су, көміртегі тотығы CO және көмірқышқыл газы CO_2 , сондай-ақ көптеген органикалық қосылыстар жатады [4]. Көміртекті қалдықтың жануы аяқталғаннан кейін көбінесе балқу температурасы жоғары бейорганикалық тотыққан материалдардан тұратын ұнтақты немесе қатты минералды қалдық (күл) қалады. Күлдің бір бөлігі жану кезінде қалған болуы мүмкін, оны газдар шыбын күлі немесе бөлшектердің шығарындылары ретінде ұстайды. Бастапқы затта болатын металдар, әдетте, күлде оксидтер немесе карбонаттар түрінде қалады, мысалы калий. Сүйек, фосфолипидтер және нуклеин қышқылдары сияқты материалдардан алынған фосфор әдетте фосфат ретінде қалады. Пиролиз деп біз ең алдымен қатты қалдықтарды, бірінші кезекте тұрмыстық қоқыс қалдықтарды 400°С-тан 700°С-қа дейінгі температурада ауасыз термиялық ыдырату жолымен өңдеу әдісі. Қоқыстарды қоқыс жағатын зауыттарда жағумен салыстырғанда Пиролиз тұрмыстық қалдықтарды толығымен өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда атмосфераға қауіпті заттектер аз шығарылады және олардың күлде аз ғана мөлшері қалады. Пиролиз концентрацияланған зәрдегі аммоний натрий сутегі фосфаты Na_4NaHPO_4 фосфоры, сынап оксидінің оттегі және әртүрлі нитраттар сияқты көптеген химиялық заттардың ашылуына ықпал етті [5].

Пиролиз процессімен пластик қалдықтарды өңдеу

Пиролиз көмірін құрылыс материалдарына, отынға пайдалану. Пиролизден кейін қалған көмірді цемент қоспаларына қосып, беріктігін арттыруға болады. Көмір қалдықтары бетонға жеңілдік

береді және жылу оқшаулау қасиетін жақсартады. Экологиялық таза құрылыс материалдарын жасауға көмектеседі. Құрылыс алаңдарында генераторлар мен жылыту жүйелеріне балама отын ретінде қолдануға болады. Асфальт және жол құрылысы үшін битум қоспаларын жасауда қолданылады. Құрылыс алаңдарында энергия көзі ретінде генераторларға берілуі мүмкін. Кейбір жағдайларда жылыту жүйелеріне қосымша отын ретінде қолданылады. Құрылыс алаңдарынан шыққан ағаш қалдықтарын немесе пластикті пиролиз арқылы қайта өңдеп, экологиялық таза материалдар жасауға болады. Бұл құрылыс саласындағы қалдықтарды азайтып, олардың экологиялық әсерін төмендетуге көмектеседі [6].

Пиролиз–құрылыс индустриясында экологиялық таза және экономикалық тиімді шешімдердің бірі. Ол энергия өндірісін жақсартып, құрылыс материалдарының сапасын арттырып, қалдықтарды қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Осы технологияны қолдану арқылы құрылыс саласында ресурстарды үнемдеп, қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерді азайтуға болады.

Әдебиет

1.Смирнов А.В. Основы физики термического разложения: Пиролиз и его применение в энергетике/Научное обозрение. – 2015, №3. – 114б.

2.Иванов П.Г. Пиролиз органических веществ: механизмы и кинетика / Журнал физической химии. – 2017, Т.91, №5. - 87б.

3.Johnson M., Lee T. Pyrolysis of Biomass: Advances and Applications / Renewable Energy Review. – 2019, Vol. 24, Issue 7. – 204р.

4.Кузнецов В.Н. Термическое разложение полимеров: современные тенденции / Материалы и технологии. – 2018, №2. – 23б.

5.Zhang Y., Wang R. Catalytic Pyrolysis of Waste Plastics: Reaction Pathways and Optimization / Journal of Applied Physics. – 2020, Vol. 128, Issue 10. – 54р.

6.Сидоров А.Л., Петров В.К. Физические основы пиролиза углеродсодержащих материалов/Химическая физика.–2016, Т. 35, №8. – 183б.

ӘОЖ.372.852:004

**Физикадан сыныптан тыс жұмыстарды Steam оқыту
арқылы ұйымдастыру**

Маратұлы Б., педагог
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Қосымша білім беру оқу-әдістемелікорталығы»
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В статье рассматривается важность организации внеклассной работы по физике с помощью метода обучения STEAM. Подход STEAM направлен на развитие творческих способностей учащихся и совершенствование их исследовательских и инженерных навыков. Кроме того, в статье анализируются виды внеклассных мероприятий, их педагогическая ценность и роль в повышении интереса учащихся к предмету. Рассматривается влияние STEAM-обучения на будущий выбор учащимися профессии и место в системе образования.

Abstract

The article discusses the importance of organizing extracurricular activities in physics using the STEAM learning method. STEAM's approach is aimed at developing students' creative abilities and improving their research and engineering skills. In addition, the article analyzes the types of extracurricular activities, their pedagogical value and their role in increasing students' interest in the subject. The article examines the impact of STEAM education on students' future choice of profession and place in the education system.

Білім беру – тек ақпарат беретін үдеріс қана емес, сонымен қатар оқушыларды шығармашылыққа, сын тұрғысынан ойлауға және өмірлік мәселелерді шешуге үйрететін көпқырлы жүйе. Қазіргі таңда педагогика ғылымында оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді терең меңгертудің түрлі әдістері қарастырылуда. Солардың ішінде ең тиімді тәсілдердің бірі – STEAM оқыту. STEAM – ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіретін оқыту әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың пәндерді жеке-жеке емес, өзара байланыста қарастыруына мүмкіндік береді. Әсіресе, физика пәнінде STEAM оқыту әдісін қолдану өте маңызды, өйткені бұл пән өмірдің барлық салаларымен тығыз байланысты. Осы мақалада физикадан сыныптан тыс жұмыстарды STEAM оқыту арқылы ұйымдастырудың маңыздылығы мен педагогикалық аспектілері қарастырылады.

Педагогиканың басты мақсаты – білімді тек беру ғана емес, оны тиімді меңгерту. Дәстүрлі оқыту әдістерінде оқушылар көбіне теорияны жаттауға бейім болса, STEAM әдісі олардың алған

білімдерін қолдануға, зерттеуге, тәжірибе жасауға мүмкіндік береді [1].

STEAM оқыту әдісі осы қабілетті дамытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Білім беру – тек оқулықтағы білімді жаттап алу ғана емес, ол өмірлік дағдыларды дамыту. Қазіргі әлемде инженерлерге, зерттеушілерге, технология мамандарына деген сұраныс күн санап артуда. Егер мектеп қабырғасында оқушыларды STEAM тәсілімен оқытсақ, олар тек теорияны ғана емес, сол білімді қалай қолдану керектігін де түсінеді [2].

STEAM ғылым, технология, инженерия, өнер және математика ғылымдары бойынша білімді меңгеруді де, тәжірибеде қолдана білуді де білдіреді. STEAM тәсілінің арқасында балалар бірден бірнеше пәндік салада – информатика, физика, технология, инженерия және математика бойынша дами алады, оқытылатын теорияның кейде жалықтыратын, қолданбалы сипатқа ие екенін түсінеді. Мысалы, әлемге әйгілі LEGO компаниялар тобына кіретін LEGO Education білім беру шешімдері арнайы STEAM құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған. LEGO қорының мәліметінше, олар мүлдем жаңа ғылыми салаларда жұмыс істеп, 10-15 жылдан кейін ғана пайда болатын мамандықтарды игеруі керек. Оқытудағы STEAM тәсілі халықаралық білім беру бағдарламаларына сенімді түрде енді және соңғы жылдары мектептер де жиі қолданыла бастады [3].

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау бүгінгі күнге дейін мектептегі білім беруде STEAM стратегияларын ұйымдастырудың бірқатар тәсілдері анықталғанын көрсетеді. Сонымен, негізгілерінің ішінде атап айтқанда үш тәсілді анықтайды:

– Біріншісі оқушылардың күрделі ұғымдарды түсінуін жақсарту үшін нақты әлемдегі мәселелерге аналитикалық тұжырымдама-ларды қолданатын проблемалық оқу әрекеттерін пайдалану арқылы таңдалған STEAM пәндері бойынша оқушылардың оқу тәжірибесін арттыруды қамтиды;

– Екіншісі STEAM пәндерінің мазмұнын тереңірек түсінуді қалыптастыру мақсатында олардың білімін интеграциялауға бағытталған, бұл білім алушылардың болашақта техникалық немесе ғылыми мансапты таңдауында кеңейтілген мүмкіндіктерге әкелуі тиіс;

– Үшіншісі STEAM пәндерін оқытуда итеративтілікті нақты өндірістік жағдайларда жүзеге асырылатындай пайдалануға бағытталған (өз білімдерін жобалық әдіске, техникалық жобалауға негізделген проблемалық-бағдарлы оқу іс-әрекетінде немесе STEAM пәндерін жоғары деңгейде меңгеруді қамтамасыз ететін жеке пән шеңберінде қолдана алады); [4].

Қорытындылай келе, физикадан сыныптан тыс жұмыстарды STEAM әдісімен ұйымдастыру – заманауи педагогиканың маңызды бағыттарының бірі. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге деген

қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Педагогика ғылымында маңызды қағидалардың бірі – оқушыларға білім беріп қана қоймай, оларды өз бетімен ойлайтын, жаңашылдыққа ұмтылатын, сыни тұрғыдан талдай алатын тұлға ретінде тәрбиелеу.

Әдебиет

1. Ловягин С.А. Изучение естественных наук в логике STEM-образования: концепция и практика/Хорошколы/С.А. Ловягин// Научно-практическое образование, исследовательское обучение, STEAM-образование: новые типы образовательных ситуаций. — Москва: МОД «Исследователь», 2018.

2. Практикум по физике для профильной школы : учебно-методическое пособие/И.В. Гребенев, О.В. Лебедева, С.В. Полушкина, В. Н. Портнов. - Н. Новгород : Изд-во ННГУ, 2014.

3. Методика факультативных занятий по физике : пособие для учителя / под ред. О. Ф. Кабардина, В. А. Орлова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1988.

4. Г.Г. Никифоров, А.Ю. Пентин, Г.М. Попова//Научно-практическое образование, исследовательское обучение, STEAM-образование: новые типы образовательных ситуаций.— Москва: МОД «Исследователь», 2018.

Умбетов Умирбек, т.ғ. д., профессор,
Қызылорда Болашақ университеті,
Ермахан Б.Е., Магистр,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
(Қызылорда,
Қазақстан)

Түйіндеме

Жинақталған қорлар кез-келген экономикалық жүйенің жұмысында маңызды рөл атқарады және шаруашылықтың барлық салаларында шешуші рөл атқарады. Қорлардың жоғары деңгейде, яғни, көп мөлшерде жинақталуы кез-келген кәсіпорын үшін қорларды құруға жұмсалған қаржы ресурстарын пайдаланбау есебінен, оларды ұзақ уақыт сақтау кезінде кеткен шығындары мен сапалық көрсеткіштерінің төмендеуіне (сақтау мерзімі сақталмаса) байланысты шығындарға ұшырайды. Ұсынылған оңтайландыру есептерін қолдана отырып, компания шығындарын едәуір мөлшерде қысқартуға болады.

Abstract

Accumulated reserves play an important role in the functioning of any economic system and play a decisive role in all sectors of the economy. The accumulation of reserves at a high level, that is, in large quantities, entails losses for any enterprise due to the non-use of financial resources spent on the creation of reserves, the costs incurred during their long-term storage and a decrease in quality indicators (if the shelf life is not observed). Using the proposed optimization calculations, it is possible to significantly reduce the company's costs.

Кіріспе

Кез-келген туристік кәсіпорын қажетті қорлардың жеткілікті мөлшерімен ғана ырғақты жұмыс істей алады. Мұндай қорларға жататындар: материалдық (шикізат, материалдар, өнімдер, энергия тасымалдаушылар және т.б.), технологиялық, еңбек, қаржылық және ақпараттық ресурстар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, қорлар әртүрлі физикалық және экономикалық параметрлер мен объектілер бола алады.

Туризмдегі қорларды басқарудың есептері басқару объектілері мен практикалық жағдайлардың алуан түрлілігіне байланысты болады. Қорларды басқару жүйелерін бірқатар белгілерге сәйкес төмендегідей бөлуге болады:

- қорлардың түрлері (шикізат, материалдар және т. б.);
- сұраныс (үздіксіз, дискретті, кездейсоқ және т. б.);

- сақтау орындары (өндіруші, тұтынушы, жабдықтау базасы немесе тауар өткізу желісінің басқа элементтері));

- қорларды сақтау жүйесінің құрылымы (оқшауланған қойма, қоймалардың тізбекті жүйесі, иерархиялық жүйе, сұраныс бойынша жабық немесе ашық жүйе);

- қорлардың құрылымы (бір немесе көп атаулы қорлар, өзара алмасушылығы, жарамдылық мерзімінің шектеулілігі, сақтау кезінде сапасының төмендеуі) жәнет. б.

Осы және басқа да бірқатар белгілердің әртүрлі комбинациясы қорларды басқару есептерінің көптүрлілігін анықтайды.

Бұл жұмыста осындай жүйелерді ұйымдастыруды анықтайтын факторларын зерттеу негізінде қорларды басқару есептерінің модельдерін талдауға әрекет жасалды.

Талқылау

Барлық айнымалылар мәндерінің соңғы санын алатын дискретті есепті қарастырайық. Сонымен қатар, бұл модельдің ерекшелігі - модельге енетін шамалардың кездейсоқ болуы. Дәл есептеуге болатын детерминистік шамалардан кездейсоқ шаманың айырмашылығы, оның мәнін болжау мүмкін емес. Сонымен қатар, мұндай шамалар үшін кейбір статистикалық сипаттамалар белгілі болуы немесе эксперименталды түрде алынуы мүмкін.

Сұраныс белгісіз болғандықтан және оның ықтималдығы берілгендіктен, жалпы шығындарды келесі қосынды түрінде жазуға болады:

$$K(x) = C_1 \sum_{S=0}^x \varphi(S)(x-S) + C_2 \sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S)(S-x) \quad (1)$$

Бұл өрнектегі бірінші қосынды сұраныстың болмауына байланысты, яғни, өнім сатылмаған кездегі шығындарды анықтайды. Екінші қосынды тапшылыққа байланысты шығындарды анықтайды. Мұнда $x=S$, $K(x)=0$ екендігі айқын.

Бұл жағдайда қордың оңтайлы деңгейін анықтау есебі – ықтималды жиынтық шығындар минимал болатын x^0 қорының мөлшерін табу болып табылады.


Бұл есеп дифференциалданбайтын оңтайландыру есептерінің класына жатады. Бұл жағдайда дискретті айнымалы функция үшін туынды ұғымы анықталмайды, сондықтан мұнда оңтайлылықтың қажетті шартын қолдану мүмкін емес.

Егер $K(x+1)$, $K(x)$, $K(x-1)$ шығындарын қарастыратын болсақ, онда олар үшін оңтайлы нүктеде келесі теңсіздіктер орындалады

$$K(x^0) < K(x^0+1), K(x^0) < K(x^0-1) \quad (2)$$

Бұл стационарлық нүкте үшін қор бірлігінің өсуі немесе кемуі шығындардың өсуіне әкеледі дегенді білдіреді. 1-суретте дискретті ықтималдық моделінің шығындар қисығы көрсетілген. Мұндағы

x^0 нүктесі оңтайлы нүкте болып табылады, онда шығындар ең минимал мәнді алады.



Сурет1. Қорларды басқарудың дискретті ықтималдық моделінің шығындар қисығы

Олай болса шығындар өрнегін бір-бірлігіне арттырған кезде:

$$K(x+1) = C_1 \sum_{S=0}^{k+1} \varphi(S) (x+1-S) + C_2 \sum_{S=0}^k \varphi(S) (S-x-1) =$$

$$C_1 \sum_{S=0}^k \varphi(S) (x+1-S) + C_2 \varphi(x+1) (x+1-x-1) +$$

$$C_2 \sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S) (S-x-1) - C_2 \varphi(x+1) (x+1-x-1).$$

$$K(x+1) = C_1 \sum_{S=0}^k \varphi(S) (x-S) + C_1 \sum_{S=0}^k \varphi(S) + C_2$$

Онда
$$\sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S) (S-x) - C_2 \sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S)$$

Себебі
$$\sum_{S=0}^{\infty} \varphi(S) = 1$$

Онда
$$\sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S) = 1 - \sum_{S=0}^x \varphi(S),$$

Сондықтан

$$K(x+1) = C_1 \sum_{S=0}^x \varphi(S) (x-S) + C_1 \sum_{S=0}^x \varphi(S) + C_2 \Rightarrow$$

$$\Rightarrow \sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S) (x-x) - C_2 \sum_{S=x+1}^{\infty} \varphi(S) \quad (3)$$

$$\text{Онда } \varphi(S \leq x^0 - 1) < \frac{C_2}{C_1 + C_2} < \varphi(S \leq x^0) \quad (4)$$

Алынған теңсіздік (4) үлестіру заңымен берілген дискретті шаманың оңтайлы қор деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін $\varphi(S \leq x)$ функциясын есептеп, x және $\varphi(S \leq x)$ мәндері үшін кесте құру қажет. Кестеден теңсіздік орындалатын x мәндерін таңдаймыз. Бұл мән x қордың оңтайлы деңгейін анықтайды.

Зерттеу әдістері

Туристік практикада ұсынылған алгоритмді қолдануға болатын көптеген есептер табылады. Қордың оңтайлы деңгейін анықтауды келесі мысалда қарастырамыз.

Он автобус сатып алынды делік. Келесі белгілеулерді енгіземіз: C_1 -бір қосалқы бөлшектің құны; C_2 -бір бөлшектің сынуына байланысты шығындар (егер қосалқы бөлшектер бар болса, онда олар сатып алынбайды). Компания мамандары тиісті зерттеулер жүргізіп, $\varphi(S)$ бөлшектеріне сұранысты үлестіру заңын алды. Бұл деректер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Бөлшектерге сұранысты үлестіру заңы

Қосалқы бөлшектерге қажеттілік (S)	Қосалқы бөлшектерді қажет ететін автобустар саны	Сұраныс ықтималдығы $\varphi(S)$
0	9	0.9
1	5	0.05
2	2	0.02
3	1	0.01
4	1	0.01
5	1	0.01
6	0	0

Қорға сәйкес келетін күтілетін шығындарды анықтаймыз $x^0 = 2$:

$$K(2) = C_1(2*0.9 + 1*0.05) + C_2(1*0.01 + 2*0.01 + 3*0.01) = 400*1.85 + 10000*0.06 = 134\$.$$

Сонымен, оңтайландырудың осы есебін шеше отырып, біз компанияның шығындарын 866\$долларға кеміттік.

Зерттеу нәтижелері

Сұранысқа тәуелді қорларды басқару.

Бұрын қарастырылған зерттеуде қорларды басқару модельдерінде сұраныстың сипаттамасы қойма жүйесінің жұмыс істеу сипатына байланысты емес деп болжанды. Нәтижесінде, ұсынылған модельдер сұраныстың детерминистік немесе ықтималдық сипаттамалары сырттан берілген, яғни қорларды басқару жүйесінің өзіне тәуелді емес деген мағынада «ашық» болып табылады. Бірақ, ықтималды модельдерде қабылданған сұраныстың тізбекті мәндерінің тәуелсіздігі туралы болжам дұрыс болмайтын бірқатар практикалық жағдайлар бар.

Оңтайлылықтың негізгі критерийі ретінде біз өнімнің барлық жиынтығы бойынша қызмет көрсету деңгейін барынша максималдау, яғни, өнімдердің кем дегенде біреуі үшін тапшылық ықтималдығын азайту шартын қолданамыз

$$P\{x = z^0\} = \max_z P\{x \leq z\} \quad (8)$$

қорларды құруға байланысты шығындарға сызықтық шектеу қойылған кезінде

$$b^T z \leq B, \quad (9)$$

мұндағы b, B беріледі.

(8),(9) есептерін қарастырамыз, мұндағы сұраныстың K оң анықталған матрицасы бар және $x \sim N(a, K)$ қалыпты үлестірілген деп есептейміз. Оларды (8) қоя отырып, қалыпты үлестірілу өрнегінің, дөңес емес бағдарламалау есебінің класына жататын есебін аламыз. Көп өлшемді жағдайда мұндай мәселені шешу үлкен қиындық тудырады.

Оңтайландыру критерийін өзгерткен кезде шешімді нақты түрде алуға болады. Мысалы, (8) шектеулерімен минимакс критерийін қарастырайық

$$z^0 = \arg \max_z (\min_i (P\{x_i \leq z_i\})) \quad (10)$$

Сұраныстың қалыпты таралуын болжау кезінде есептің шешу келесідей болады

$$z^0 = \gamma \sigma,$$

мұндағы

$$\gamma = (B - b^T a) / b^T \sigma, \quad \sigma = (\sigma_1, \dots, \sigma_n)^T, \quad \sigma_l = [M(z_i - a_i)^2]^{1/2}.$$

Бұл шешімнің оңтайлылығы тиімді нүктеде орындалуы керек шартынан туындайды

$$P\{x_i \leq z_i\} = P\{x_j \leq z_j\}$$

Барлық i және j үшін, себебі кері жағдайда қорлардың бөлінуі қорлардың қалған барлық деңгейлерінің төмендеуі есебінен қызмет көрсетудің ең төменгі деңгейімен номенклатураның қорларын арттыру арқылы жақсартылуы мүмкін.

Қарастырылып отырған есептер класы үшін (9) шектеулері кезінде күтілетін жалпы шығындардың минимум критерийін қолдануға болады

$$z^0 = \arg \min_z (h^T M(z - x)^t + c^T M(x - z)^t + g^T z)$$

Қорытынды

Қорларды басқарудағы ықтималдықты есептеудің моделдеріне және келтірілген мысалдар мен есептерді шешудің негізгі қиындықтары сұраныстың корреляциялық құрылымы туралы ақпараттың толық еместігінен болады. Осыған байланысты, бұл жағдайда имитациялық эксперименттер жүргізуге және тиісті басқару

шешімдерін алуға мүмкіндік беретін адаптивті оңтайландыру алгоритмдерін қолдану ұсынылады.

Моделдерді талдау және қарастыру нәтижесінде, қорларды басқарудың ішкі жүйелеріндегі өндірісті басқару, қаржы мен қажетті мамандар санын жоспарлау, қорларды үлестіру және т. б. сияқты басқа ішкі жүйелермен бірге өндеген дұрыс деген тұжырым жасалды. Қазіргі таңда математикалық қамтамасыз етуде қолданылып жүрген детерминистік және қарапайым ықтималдық модельдерімен, сызықтық бағдарламалау модельдерімен және т.б. оңтайлы басқару мен математикалық бағдарламалаудың статистикалық теориясының тиімді әдістерінің, күрделі динамикалық және жабық сақтау жүйелерін, сұраныстағы тәуелді жүйелерді және т. б. зерттеуге мүмкіндік беретін бейімделу әдістерінің кең таралуын күтуге болады. Тиімді басқару жүйелерін тек тапшы емес немесе сәл ғана тапшы қорлар үшін құруға болатындығын көрсетті.

Әрі қарай, туризм индустриясы үшін ең маңызды болып табылатын және қазіргі уақытта кәсіпорындардың жұмыс істеу жағдайында сәтті қолданыла алатын қорларды басқару жүйелерінің күрделі иерархиялық модельдерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Әдебиет

1. Умбетов У., Майлыбаев Е.К., Исайкин Д.В., Шыныкулова А.Б. Основные типы и задачи управления сложными системами. Materials of the XV International research and practice conference "Trends of modern science-2019", May 30 June 7, 2019, Sheffield, United Kingdom, Volume 14, Science and education LTD 2019, ISBN 978-966-8736 05-6, стр.31, 2019

2. Умбетов У., Майлыбаев Е.К., Батырканов Ж.И., Косяков И.О., Шыныкулова А. Построение отказоустойчивых децентрализованных систем Печатн. Известия Кыргызского государственного технического университета им. И. Раззакова., Теоретический и прикладной научно-технический журнал 2019, №2 (50) часть 1, Бишкек, Кыргызстан, стр. 100, 2019

3. G.S. Morokina., U.Umbetov Computer-Aided Design Systems of Decentralization on the Base of Trace Mode In the Industry Печатн. International Russian Automation Conference (RusAutoCon), Sochi, Russia, 2019 SCOPUS

4. Умбетов У., Шыныкулова А.Б. Применение математических методов оптимизации для трансфертуристов Печатн. Промышленный транспорт Казахстана. – 2019. – №4(65). – С. 207-210..

5. Умбетов У., Шыныкулова А.Б., Исайкин Д.В. Применение математических методов оптимизации для перевозки туристов Печатн. Матер. 15-й междунар. науч.-практ. конф. «Тенденции современной науки». – Великобритания, 2019. – С. 39-44.

6. Умбетов У., Шинькулова А.Б., Математическая задача планирования деятельности предприятий туристской отрасли Печатн. Матер. 15-й междунар. науч.-практ. конф. «Актуальные проблемы современных наук». Мысль, 2019. – С. 48-54.

ӘОЖ 519.635.2

Дифференциалдық теңдеулер жүйесін Maple жүйесінде зерттеу

Егемберді Ш.Қ., аға оқытушысы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті

Резюме

С каждым днем достижения в области вычислительных технологий становятся все более важными для нашего понимания и решения сложных математических задач. Среди таких инструментов выделяется система компьютерной алгебры Maple, ставшая незаменимым помощником при анализе, моделировании и решении задач высшей математики. Высшие математические задачи, такие как дифференциальные уравнения, интегралы, алгебраические вычисления и теория графов, требуют точных и кропотливых вычислений. Maple предоставляет мощные инструменты для решения этих задач, обеспечивая не только точные расчеты, но и углубленный анализ результатов.

Abstract

Every day, advances in computing technology are becoming increasingly important for our understanding and solving complex mathematical problems. Among such tools, the Maple computer algebra system stands out, becoming an indispensable assistant in analyzing, modeling, and solving problems in higher mathematics. Advanced mathematical problems such as differential equations, integrals, algebraic calculus, and graph theory require precise and painstaking calculations. Maple provides powerful tools for solving these problems, providing not only precise calculations but also in-depth analysis of the results.

Көптеген дифференциалдық теңдеулер үшін нақты аналитикалық шешім табу мүмкін емес. Мұндай жағдайда дифференциалдық теңдеуді жуықтап дәрежелік қатарлар көмегімен шешуге болады. Maple бағдарламасында математикалық есептерді шешу әдістерін қарастырайық. Жуықтау әдістерін, атап айтқанда, белгісіз функцияны дәрежелік қатарға жіктеу арқылы қолдануға болады [1].

Дифференциалдық теңдеудің жуық шешімін дәрежелік қатар түрінде табу үшін *dsolve* командасында айнымалылардан кейін *type=series* (немесе *жай series*) параметрін көрсету қажет.

Жіктеу ретін, яғни дәрежелік қатарды жіктеу қажет дәрежені көрсету үшін, *Order := n* командасын *dsolve* командасының алдында жазу керек.

Дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімін дәрежелік қатар түрінде іздегенде, онда табылған кеңейтудің x дәрежелік қатардағы дәрежелерінің коэффициенттері функцияның нөлдігі $y(0)$ және оның туындылары белгісіз мәндерді қамтиды. Шығарылған жолдағы жалпы өрнек Маклорен қатарына ұқсас болады, бірақ дәрежелердің коэффициенттері белгісіз мәндерге тәуелді болады. Дифференциалдық теңдеудің дербес шешімін табу үшін, бастапқы шарттарды енгізу керек [2].

Шешім дәрежелік қатар түрінде болғандықтан, одан әрі жұмыс жасау үшін, нәтижені полиномға айналдыру қажет болады. Бұл *convert* командасының көмегімен (*%,polynom* параметрімен) орындалады, содан кейін алынған өрнектің оң жағын *rhs(%)* командасымен бөліп алуға болады.

Дифференциалдық теңдеулерді *dsolve* командасы арқылы сандық шешу. Дифференциалдық теңдеулердің шешімдерінің графиктерін құру *odeplot* арқылы жүзеге асады. Дифференциалдық теңдеудің сандық шешімін (Коши мәселесі немесе шекаралық мәселе) табу үшін *dsolve* командасында *type-numeric* параметрін көрсету қажет (немесе тек *numeric* деп көрсетуге болады). Осылайша, дифференциалдық теңдеудің шешімінің командасы келесідей болады: *dsolve(eq- теңдеу, vars- белгісіз, options- дифференциалдық теңдеуді сандық интегралдау әдісін көрсетуге мүмкіндік беретін параметрлер* [3].

Maple бағдарламасында келесі әдістер іске асырылған: *method=rkf45* – Рунге-Кутта-Фельберг 4-5-ші реттегі әдіс (әдепкі бойынша орнатылған); *method=dverk78* – Рунге-Кутта 7-8 реттегі әдіс; *method=classical* – Рунге-Кутта 3-ші реттегі классикалық әдіс; *method=gear* және *method=mgear* – Гирдің бірқадамды және көпқадамды әдістері. Дифференциалдық теңдеудің сандық шешімінің графикін *odeplot(dd, [x, y(x)], x=x1..x2)* командасы арқылы салуға болады, мұндағы *dd:=dsolve({eq, cond})* командасы пайдаланылады. Осы командаларды пайдаланып, есеп шығарып көрелік [4].


Есеп. Дифференциалдық теңдеулер есебінің шешімдерінің графиктерін тұрғызыңыз, егер Коши жүйелері төмендегідей болса:

$$\begin{cases} x'(t) = 3y(t) \sin(t) - x(t), \\ y'(t) = x(t) \\ x(0) = 1, y(0) = 2 \end{cases}$$

```

restart, cond := x(0) = 1, y(0) = 2 :
sys := diff(x(t), t) = 3 * y(t) * sin(t) - x(t) - t, diff(y(t), t) = x(t) :
F := dsolve( {sys, cond}, [x(t), y(t)], numeric) :
with(plots) :
p1 := odeplot(F, [t, x(t)], -3 ..7, color = black, thickness = 2, linestyle = 3) :
p2 := odeplot(F, [t, y(t)], -3 ..7, color = green, thickness = 2) :
p3 := textplot([3.5, 8, "x(t)", font = [TIMES, ITALIC, 12]]) :
p4 := textplot([5, 13, "y(t)", font = [TIMES, ITALIC, 12]]) :
display(p1, p2, p3, p4);

```



Сурет 1. Коши жүйесінің графигі


Бастапқы шарттардың бірнеше жиындары үшін: $x(0)=1, y(0)=0,2$; $x(0)=0, y(0)=1$; $x(0)=1, y(0)=0,4$; $x(0)=1, y(0)=0,75$; $x(0)=0, y(0)=1,5$; $x(0)=-0,1, y(0)=0,7$ келесі түрде берілген дифференциалдық жүйесінің фазалық портретін тұрғызып көрелік:

$$\begin{cases} x' = y \\ y' = x - x^3 \end{cases}$$

```

restart, with(DEtools) :
DEplot( {diff(x(t), t) = y, diff(y(t), t) = x - x^3},
[x(t), y(t)], t = 0 ..20, [[0, 1, 0.2], [0, 0, 1], [0, 1, 0.4], [0, 1, 0.75], [0, 0, 1.5], [0,
-0.1, 0.7]], stepsize = 0.1, arrows = none, linecolor = black);

```



Сурет 2. Дифференциалдық жүйесінің фазалық графигі

Әртүрлі бастапқы шарттар үшін $x(0)=1, y(0)=0$; $x(0)=-1, y(0)=0$; $x(0)=\pi, y(0)=1$; $x(0)=-\pi, y(0)=1$; $x(0)=3\pi, y(0)=0.2$; $x(0)=3\pi, y(0)=1$; $x(0)=3\pi, y(0)=1.8$; $x(0)=-2\pi, y(0)=1$ келесі түрде берілген афтономды жүйенің бағыт өрісі бар фазалық портретті тұрғызып көрелік:

$$\begin{cases} x' = y \\ y' = \sin x \end{cases}$$


Сонда:

`restart; with(DEtools) :`

`sys := diff(x(t), t) = y, diff(y(t), t) = sin(x) :`

`DEplot({sys}, [x(t), y(t)], t = 0 .. 4 * Pi, [[0, 1, 0],`

`[0, -1, 0], [0, Pi, 1], [0, -Pi, 1], [0, 3 * Pi, 0.2], [0, 3 * Pi, 1], [0, 3 * Pi, 1.8], [0, -2 * Pi, 1]], stepsize = 0.1, linecolor = black);`



Сурет 3. Афтономды жүйенің бағыт өрісі бар фазалық графигі

Maple жүйесіндегі арнайы пакетті таңдау, менің ойымша, шешуші рольді атқармайды, **себебі** барлық жүйерелдің синтаксисі едәуір бір біріне ұқсайды. Ал, компьютерлік алгебра жүйесі бойынша әдебиеттерге келетін болсақ, жағдай мәз емес. Бұл Maple жүйесіне де қатысты. Себеп дегенде, әдебиеттердің басым көпшілігі бұрындары жазылып қойған және жаңа бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне сай келмейді. Сондықтан да, мұндай жағдайда, жүйенің алуан түрлі пакеттер мен олардың функцияларының мүмкіндіктерімен танысып алу өте тиімді.

Әдебиет

- 1.В.Н. Говорухин, В.Г. Цибулин. Введение в Maple. Математический пакет для всех // Москва: Мир. – 1997.- 213с.
- 2.Манзон Б.М. Maple V Power Edition. М.: Филинь, 1998.
- 3.Прохоров Г.В., Леденев М.А., Колбеев В.В. Пакет символьных вычислений MapleV. М.: Петит, 1997.
- 4.Савотченко С.Е.,Кузьмичева Т.Г., Методы решения математических задач вMaple: Учебное пособие–Белгород: Изд. Белаудит, 2001.– 116 с.
- 5.Васильев А.Н. Maple 8. Самоучитель. М.: Издательский дом «Вильямс», 2003.

ӘОЖ 911.8

Алматы қаласының табиғи апаттарға қарсы тұру қабілеттілігін зерделеу

Жиенбаева Н.Г., 2 курс магистранты,
Тайжан Т.Б., 2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Резюме

Все мы знаем, что Алматы, расположенный в предгорьях Алатау, является одним из регионов, наиболее подверженных различным стихийным бедствиям. Однако многие не знают, насколько устойчив Алматы — город, ставший мечтой всей молодежи, — к стихийным бедствиям. Повышение устойчивости города к стихийным бедствиям в настоящее время является одной из самых актуальных проблем. Для того чтобы город стал одним из самых конкурентоспособных и экономически развитых городов мира, необходимо рассмотреть способы не только предотвращения стихийных бедствий, но и снижения размера наносимого ими ущерба.

В данной статье рассматриваются вопросы изучения устойчивости города Алматы к стихийным бедствиям, его природно-климатические особенности, географическое положение, опасные зоны. Целью исследования является изучение методов оценки устойчивости городов к стихийным бедствиям, механизмов управления рисками и современных технологий снижения последствий катастроф. В статье даны рекомендации по выявлению связи между урбанизацией и стихийными бедствиями, устойчивому развитию городской инфраструктуры и повышению готовности к чрезвычайным ситуациям. Кроме того, будет рассмотрен опыт зарубежных стран по борьбе со стихийными бедствиями.

Abstract

We all know that Almaty, located in the foothills of the Alatau, is one of the regions most susceptible to various natural disasters. However, many do not know how resilient Almaty, a city that has become the dream of all young people, is to natural disasters. Improving the city's resilience to natural disasters is currently one of the most pressing issues. In order for the city to become one of the most competitive and economically developed cities in the world, it is necessary to consider ways not only to prevent natural disasters, but also to reduce the amount of damage they cause. This article discusses the issues of studying the resilience of the city of Almaty to natural disasters, its natural and climatic features, geographical location, and hazardous areas. The purpose of the study is to study methods for assessing the resilience of cities to natural disasters, risk management mechanisms, and modern technologies for reducing the consequences of disasters. The article provides recommendations for identifying the relationship between urbanization and natural disasters, sustainable development of urban infrastructure, and improving emergency preparedness. In addition, the experience of foreign countries in combating natural disasters will be considered.

Жалпы Алматы қаласы сейсмикалық белсенді қалалардың бірі болып табылады, Себебі қала маңындағы Тянь-Шань тау жүйесі сейсмикалық белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда орын алған бірнеше жер сілкінісі қаланың инфрақұрылымына елеулі зақым келтірген. Бұл апаттардың жиілігі мен күшінің артуы қала тұрғындарының өмірі мен мүлігін қорғау шараларын күшейтуді талап етеді. Апат айтып келмейді- демекші, Алматы қаласының әрбір тұрғыны кез келген кенеттен пайда болатын табиғи апатқа әрдайым дайын болуы қажет. Алматы өзендер мен су ағымдарына жақын орналасқаны себепті, қардың еріп, судың мөлшерінің көбеюі сел және су тасқындарының қаупін арттырады. Тау аймақтарында қардың тез жиналуы мен еріп кетуі қар көшкіндерінің пайда болуына себеп болады. Алматы қаласы айналасындағы тау жолдары мен инфрақұрылым қар көшкіндерінің қауіптілігі жоғары аймақтарға жатады. Бұл апаттар көлік қатынасына, тұрғындардың қауіпсіздігіне және экономикалық тұрғыдан үлкен зиян келтіруі мүмкін [1].

Алматы қаласының табиғи апаттарға қарсы тұруға деген қабілеттілігі бірнеше аспектілерден тұрады. Бұл қаланың географиялық және климаттық жағдайлары табиғи апаттарға, сонымен қатар жер сілкінісі мен су тасқыны және қар көшкіні сияқты құбылыстарға өте бейім болып келеді. Алматының табиғи апаттарға дайындық деңгейі сондықтан да жоғары болуы керек. Қауіпсіздік, қаладағы табиғи апаттарға қарсы тұрақтандырудың кейбір маңызды аспектілері: Зардап мониторингі арқылы алдын ала зерттеу және

талдау: Алматының жер сілкінісіне сәйкес өзгерістердің жоспары жасалды, осы аумақтардағы құрылыс нормалары мен қауіпсіздік шаралары қатаң сақталады. Қалада құрылыс барысында сейсмикалық тұрақтылыққа ерекше назар аударылады [2]. Циклдік қауіпті табиғи құбылыстардың ішінде қар көшкіні, сел, көшкін, нөсер жаңбыр, көктемгі-жазғы су тасқыны, бұршақ, қауіпті геофизикалық процестер тән. Олардың ішіндегі ең апаттысы - жер сілкінісі.

Алматы қаласының табиғи апаттарға қарсы тұру қабілетін зерделеу мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін:

Қаланың сейсмикалық қауіптілік деңгейін бағалау. Сейсмология институты сейсмикалық шағын аудандастыру картасын әзірледі, оған сәйкес Алматы 9-10 балдық сейсмикалық аймақта орналасқан.

Жер сілкінісінен болатын зиянды азайтуға бағытталған шаралар. Жер сілкінісіне төзімді құрылыс бойынша қала құрылысы нормалары мен талаптары қабылданды, күшті жер сілкінісі туралы ерте хабарлаудың автоматтандырылған жүйесі ұйымдастырылды [3].

Сел құбылыстарына қарсы тұру. Ақсай және Енисай шатқалдарында селді ұстайтын бөгеттердің құрылысы, сондай-ақ мореналы көлдердің жай-күйіне тәулік бойы бақылау жүргізілуде.

Халықты төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға оқыту. ТЖ департаменті жаттығулар мен жаттығулар өткізеді, ТЖ туындаған кездегі іс-әрекеттер бойынша жадынамалар мен нұсқаулықтар таратады [4].

Негізінен қаланың табиғи апаттарға қабілеттілігі жоғары және алдын алу үшін : ескі құрылыс нысандарын апаттарға төзімді ету және жаңа құрылыстарды жоғары стандарттарға сай салу керек деп ойлаймыз. Кез келген төтенше жағдай немесе табиғи апат адамзат үшін ғана емес, қоршаған ортамыздағы барлық тіршілік иелері үшін өте қауіпті. Олардың алдын алып, төтеп беру қабілеттілігі мен төзімділігін арттырмасақ, болашақ экожүйе құрдымға ұшырап жойылып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан бұл мәселеге әрбір адамзат немқұрайлы қарамауы тиіс.

Әрбір жастың арманына айналған ару қаламыз таулы аймақта орналасқандықтан жаңбыр өте жиі жауады, алайда жаңбыр жауған кездерде қала судан көрінбей қалады, себебі жаңбыр суын тиімді басқару жүйесі өте төмен. Жаһандық климаттық өзгерістер мен табиғи төтенше апаттар қаланың тұрақты дамуына аса қатты кедергі келтіреді. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету 2030 жылға дейінгі арналған тұрақты дамудың 17 мақсатының бірі болып табылады. Тұрақты дамудың 11-ші мақсаты қала өмірін реттеуге, оның ішінде урбанизацияның жылдамдығы мен ауқымы тұрғын үймен, инфрақұрылыммен және көлікпен қамтамасыз ету проблемаларын, сондай-ақ табиғи апаттарға қарсы тұра білу қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Осы бағыт бойынша

қаланың тұрақты түрде дамуы үшін шетелдік табиғи апатқа арналған тәжірибелері мен техникаларын қарастыруымыз қажет [5].

Әлемдік деңгейде табиғи апаттар ең көп болатын мемлекеттердің бірі Жапонияның озық техникаларын қолдану тиімді тәсілдердің бірі табылады. Жапондықтар жер сілкінісімен күресудің ең тиімді жолы ғимараттарды салу кезінде сейсмикалық амортизаторлар, роликті мойынтіректерді, жер сілкінісіне төзімділікті арттыруға арналған әртүрлі технологияларды қолдану деп, оны іс жүзінде қолданысқа енгізген. Барлық құрылыс жұмыстарында жер сілкінісіне төзімді технологияларды қолдану міндеттелген. Табиғи апаттардан адам шығынынсыз шығуда екінші маңызды нәрсе халықты табиғи апаттармен күреске оқыту. Жапон мектептерінде 1 сыныптан бастап «қауіпсіздік мәдениеті» пәні оқытылады. Балалар жастайынан жер сілкінісі, су тасқыны, өрт немесе басқа да табиғи апаттар кезінде не істеу керектігін біледі [6]. Осылайша, олар тек қана өзін емес, жанындағы адамдарды да құтқара алады. Балабақшалар мен мектептерде азық-түлік қоры мен су қоймалары бар жер астында арнайы баспаналар салынуда. Жер сілкінісі болған жағдайда, бұл баспаналарда бірнеше ай өмір сүруге болады. Халықтың қауіпсіздік сауаттылығын арттыру кеңінен қолға алынған. Егер аулада табиғи апаттармен күрес бойынша жаттығулар өткізілсе барлық тұрғындар қатысуға міндетті [7]. Біздің меемлекетімізге де осы қағидалар мен заңдарды енгізсек көптеген табиғи апаттардың алдын алып қана қоймай, олардан болатын шығын көлемін біршама азайтатын едік.

Алдыңғы жылы Алматы қаласында орташа деңгейде жер сілкіністері орын алған болатын, алайда оған көп тұрғынның мазасы қашты. Заманауи технологияларды қолдану арқылы қауіп-қатерлерді мониторингілеу әдісі өте тиімді деп ойлаймыз. Қауіп-қатерлерді алдын ала анықтау және жедел әрекет ету үшін заманауи технологияларды пайдалану қажет. Бұл бағытта геоақпараттық жүйелер, дрондар және сенсорлық құрылғылар қолданылады. Мысалы, жер сілкіністерін ерте анықтау үшін сейсмикалық мониторинг жүйелері енгізілуі тиіс.

Қорытынды

Алматы қаласының табиғи апаттарға қарсы тұру қабілеттілігін арттыру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл шараларға инфрақұрылымды жаңарту, төтенше жағдайларды басқару жүйесін жетілдіру, қоғамдық ақпараттандыруды күшейту және заманауи технологияларды енгізу кіреді. Сонымен қатар, тұрақты даму стратегияларын жүзеге асыру арқылы қаланың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды.

Алматы қаласының табиғи апаттарға қарсы тұру қабілеттілігін арттыру – бұл қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және инфрақұрылымның тұрақтылығын сақтау үшін маңызды міндет. Кешенді зерттеу мен тиімді шаралар арқылы Алматы табиғи

апаттардың ықтималдығын азайтып, олардың салдарын еңсеруге қабілетті қалаға айнала алады. Бұл бағытта жергілікті билік органдарының, тұрғындардың және мамандардың бірлескен жұмысы шешуші рөл атқарады. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоспарларды әзірлеу және жүзеге асыру керек. Ескі құрылыс нысандарын апаттарға төзімді ету және жаңа құрылыстарды жоғары стандарттарға сай салынса өте тиімді болары анық.

Әдебиет

1.Карпова Н.В. Основные подходы к определению сущностного содержания дефиниции «город» как многоаспектного понятия / Н. В. Карпова // Экономика и экология территориальных образований. — 2020. — Т. 4, № 3. — С. 46–52.

2.Вебер М. Город / М. Вебер. — Москва : Strelka Press, 2017. — 252 с.

3.Тённис Ф. Общность и общество : перевод с нем. А. Н. Малинкина / Ф. Тённис // Социологический журнал. - 1998. - № 3 4. -- С. 206-229

4.Лаврик В. Этимологический и социологический контексты концепта «город», стр. 43–49 Храни No 2 (130) (2016).

5.Қазақстандағы Тұрақты даму мақсаттары. egov.kz .

6.Muhammad Tariq Iqbal Khan, Sofa Anwar, Samuel Asumadu Sarkodie, Muhammad Rizwan Yaseen Natural disasters, resilience-building, and risk: achieving sustainable cities and human settlements. Natural Hazards. May 2023.

7.Герцберг Л.Я. Устойчивые города. Формирование градостроительных предпосылок.

ӘОЖ 57:628.1.03

**Инновациялық технологияларды биология сабағында
тиімді қолдану мүмкіндіктері**

Бекеева Г.Е., оқытушы,
Жанділда Қ.С, 4 курс 6В01505
«Биология мұғалімдерін даярлау» студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз қаласы

Резюме

Применение инновационных технологий на уроках биологии является важной частью современной образовательной системы. Эти технологии облегчают учебный процесс, делают его более интересным и повышают интерес учеников к предмету. Цифровые инструменты, электронные ресурсы, а также виртуальные лаборатории и интерактивные программы открывают новые возможности для преподавания биологии. В данной статье рассматриваются способы применения инновационных технологий на уроках биологии и их эффективность.

Abstract

The application of innovative technologies in biology lessons is an essential part of the modern education system. These technologies simplify the learning process, make it more engaging, and increase students' interest in the subject. Digital tools, electronic resources, as well as virtual labs and interactive programs open new opportunities for teaching biology. This article explores the ways in which innovative technologies can be used in biology classes and their effectiveness.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде инновациялық технологиялардың маңызы зор. Оқушылардың білім деңгейін көтеру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және пәнге деген қызығушылықты арттыру үшін жаңа технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Биология сабағында инновациялық технологияларды қолдану осы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада биология сабағында инновациялық технологияларды қолданудың тиімді жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылады.

Инновациялық технологиялардың маңызы [1,2].

Инновациялық технологиялар білім беру жүйесіне тың жаңалықтар енгізу арқылы оқыту процесін жеңілдетіп, қызықты етеді. Биология пәні — табиғаттағы өмірді зерттейтін ғылым болғандықтан, оның оқыту мазмұны күрделі және көп қырлы. Оқушылардың биологияға қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдету үшін дәстүрлі оқыту әдістеріне қосымша заманауи технологияларды

қолдану маңызды. Интерактивті тақталар мен мультимедиялық құралдар: Биология сабағында интерактивті тақта мен мультимедиялық құралдарды қолдану — білім алушыларға жаңа материалды жеңіл меңгеруге көмектеседі. Бұл құралдар оқушыларға биологиялық процестерді нақты және көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, ағзалардың құрылымын, клеткалардың жұмысын, генетикалық процестерді интерактивті көрсетілімдер арқылы көрсету оқушылардың қызығушылығын арттырады [3].

Виртуалды зертханалар мен симуляциялар: Биология сабағында виртуалды зертханаларды қолдану — оқушыларға табиғи процестерді зерттеудің жаңа жолдарын ұсынады. Виртуалды зертханалар арқылы оқушылар химиялық реакцияларды, биологиялық процестерді және микроскопиялық зерттеулерді қауіпсіз әрі қызықты түрде жүргізе алады. Бұл әдіс оқушыларға теорияны практикада көріп, түсінуге көмектеседі. Онлайн оқу платформалары мен мобильді қосымшалар: Заманауи технологиялардың тағы бір тиімді құралы — онлайн оқу платформалары мен мобильді қосымшалар. Оқушылар бұл құралдар арқылы биология бойынша қосымша материалдармен танысып, өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізе алады. Мысалы, Khan Academy, Coursera, және басқа да білім беру платформалары оқушыларға биология пәні бойынша терең білім алуға мүмкіндік береді [4,5].

Виртуалды экскурсиялар мен онлайн-курстар: Биология пәнінде табиғаттың әртүрлі құбылыстарын, экологиялық зерттеулерді виртуалды экскурсиялар арқылы көрсету оқушылар үшін жаңа тәжірибе болар еді. Онлайн-курстар мен вебинарлар арқылы оқушылар ғалымдардың зерттеулеріне қатыса алады, табиғаттағы түрлі құбылыстарды зерттеу әдістерімен танысады [6].

Инновациялық технологиялардың биология сабағында қолданылуы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың білімін тереңдетуге және ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Оқушылар тек теорияны емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да меңгереді. Бұл оқыту әдісі оқушылардың білім алу процесін белсенді және қызықты етеді. Инновациялық технологиялар сондай-ақ оқу материалдарын оңай меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, биологиялық құбылыстарды бейнемазмұн немесе анимациялар арқылы түсіндіру түсінікті әрі есте сақтау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар мен симуляциялар арқылы оқу процесі ойын түрінде жүзеге асып, оқушылардың көңілін аударады.

Қорыта айтқанда, биология сабағында инновациялық технологияларды қолдану—оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, білімін тереңдету және сындарлы ойлау қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Интерактивті құралдар,

виртуалды зертханалар, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар биологияны оқытуда тиімді қолданылып, оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың білімін жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан - 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты." - Алматы: "ҚазМұнайГаз", 2012.

2. Әбенбаев С. "Оқытудың инновациялық технологиялары." – Алматы: "Мектеп" баспасы, 2015.

3. Құдайбергенова А.К. "Инновациялық педагогикалық технологиялар мен олардың оқыту жүйесінде қолданылуы." – Алматы: "Жазушы", 2016.

4. Жолдасбекова М. "Биологияны оқыту әдістемесі." – Астана: "Фолиант" баспасы, 2014.

5. Молдабекова А. "Интерактивті оқыту технологиялары." – Алматы: "Қазақстан" баспасы, 2017.

6. Бейсенбаева Т. "Мектепте инновациялық технологияларды қолдану." – Алматы: "Қазақ университеті" баспасы, 2013.

7. Досмұхамбетова С. "Виртуалды зертханалар және олардың білім беру жүйесіндегі орны." – Тараз: "Тараз университетінің баспасы", 2018.

8. Arslan, S., & Erdem, M. (2017). "The Role of Interactive Technologies in Education." *Journal of Educational Technology*, 10(3), 245-259.

9. Zeyer, A., & Langenberg, K. (2016). "Virtual Laboratories in Biology Education: Benefits and Challenges." *International Journal of Science Education*, 38(4), 528-546.

10. Khan Academy. (2020). *Biology: Interactive Lessons and Practice*. <https://www.khanacademy.org/science/biology>.

ӘОЖ.530.12

Гравитациялық толқындар және олардың ғаламды зерттеудегі маңызы

Ошақбай Н.Ғ., оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы)

Резюме

Статья рассматривает значение гравитационных волн в исследовании вселенной. Гравитационные волны открывают новые возможности для понимания структуры и эволюции космоса, подтверждают физические теории и позволяют исследовать экзотические космологические явления. Таким образом, гравитационные волны играют ключевую роль в будущем космических исследований.

Abstract

The article discusses the significance of gravitational waves in the study of the universe. Gravitational waves open new possibilities for understanding the structure and evolution of the cosmos, confirm physical theories, and allow the study of exotic cosmological phenomena. Thus, gravitational waves play a key role in the future of space research.


Гравитациялық толқындар—бұл гравитациялық өрістегі уақытша ауытқулар, олар массасы бар объектілердің салыстырмалы қозғалысы нәтижесінде пайда болып, жарық жылдамдығымен өз көздерінен сыртқа таралады. Алғаш рет бұл құбылыс 1893 жылы Оливер Хевисайд тарапынан, кейін 1905 жылы Анри Пуанкаре арқылы электромагниттік толқындардың гравитациялық эквиваленті ретінде ұсынылды. 1916 жылы Альберт Эйнштейн жалпы салыстырмалылық теориясы аясында гравитациялық толқындардың кеңістікуақыттың тербелісі ретінде пайда болатынын негіздеп берді.

Гравитациялық толқындар өзімен бірге энергияны гравитациялық сәулелену түрінде тасымалдайды. Бұл процестің белгілі бір ұқсастығы электромагниттік сәулеленумен байқалады, өйткені екі жағдайда да энергия толқын түрінде таралады. Алайда, Ньютонның жалпы тартылыс заңы гравитациялық толқындардың бар болуын түсіндіре алмайды, себебі ол гравитациялық әсердің лезде таралатынын болжайды. Осы себепті, гравитациялық толқындар – тек Ньютон механикасы аясында емес, жалпы салыстырмалылық теориясының аясында ғана сипатталатын маңызды құбылыстардың бірі [1].

Алғашқы гравитациялық толқын детекторы туралы айтатын болсақ, оның жасалуы Джозеф Вебердің есімімен тығыз байланысты. Чапел-Хиллдегі конференциядан кейін Вебер гравитациялық

толқындарды қалай тіркеуге болатыны жайлы ойлана бастады. 1960 жылы ол осы тақырып бойынша өз ғылыми мақаласын жариялап, толқындарды анықтау әдісі туралы ұсынысын ашық түрде білдірді. Ол гравитациялық толқындардың әсерінен туындайтын дірілдерді өлшеу арқылы оларды анықтауға болатынын ұсынды. Осы мақсатта Вебер үлкен металл цилиндрді «антенна» ретінде жасап, оны гравитациялық толқындардың әсерінен пайда болатын резонанстық тербелістерді тіркеу үшін қолдануды көздеді. Бұл әдісті қоңырауды балғамен ұрғанда пайда болатын дыбысты күтуге ұқсатуға болады.

Вебер 1966 жылы өзінің жасаған құрылғысы мен алғашқы өлшеу нәтижелері туралы "Physical Review" журналында мақала жариялады. Бұл мақала гравитациялық толқындарды өлшеуге арналған алғашқы маңызды қадамдардың бірі болды. Джозеф Вебердің гравитациялық толқын детекторы — ұзындығы 153 см, диаметрі 66 см және салмағы 3 тонна болатын алюминий цилиндрден тұрды. Ол болат сымға ілініп, сыртқы дірілдерден оқшауланған және вакуумдық камераға орналастырылған. Цилиндрдің сыртына пьезоэлектрлік кристалдардан жасалған сенсорлар белдеуі орнатылды. Бұл сенсорлар өте әлсіз дірілдерді сезіп, оларды электрлік сигналға айналдыру арқылы гравитациялық толқындарды тіркеуге мүмкіндік берді. Вебердің бұл құрылғысы гравитациялық толқындарды тәжірибелік түрде анықтауға бағытталған алғашқы қадам болды (сурет 1).



Сурет 1. Алғаш тіркелген гравитациялық толқын сигналы

Лазерлік интерферометриялық гравитациялық толқындар обсерваториясы (LIGO) гравитациялық толқындарды анықтау мақсатында құрылған әлемдегі ең маңызды ғылыми жобалардың бірі болып табылады. Бұл обсерватория ғарыштағы кеңістік-уақыттың

тербелістерін дәл өлшеу үшін жоғары дәлдікті лазерлік интерферометриялық технологияларды қолданады [2].


LIGO жобасының негізгі мақсаты—ғаламдағы ауыр объектілердің қозғалысынан туындайтын гравитациялық толқындарды тіркеу. Бұл толқындар әдетте өте әлсіз, бірақ олар ғарыштағы ең қуатты оқиғалардан, мысалы, қара құрдымдардың бір-бірімен соқтығысуынан немесе нейтрондық жұлдыздардың бірігуінен пайда болады.

LIGO обсерваториясы гравитациялық толқындарды анықтау үшін екі негізгі детекторды пайдаланады, олардың бірі АҚШ-тың Льюисон қаласында, ал екіншісі Луизиана штатының Хингем қаласында орналасқан. Бұл детекторлар жердегі ғарыштық тербелістерді өлшеуге және тіркеуге мүмкіндік береді, бұл ғылымға ғарыштың терең құпияларын ашуға зор үлес қосады.

LIGO интерферометрлері лазер сәулесін екі перпендикуляр бағытта жіберіп, олардың арақашықтығын өлшейтін құрылғылар болып табылады. Әрбір бағытта лазер сәулесі арнайы қуыстарға бағыттталып, онда шағылысады. Осылайша, лазерлік сәулелер бір-бірінен бірнеше километр қашықтықта жатқан арнайы айнадан қайта шағылысып, бір-бірімен интерференцияланады.

Гравитациялық толқындарды алғаш рет 2015 жылдың қыркүйегінде LIGO обсерваториясының екі детекторы тікелей анықтады. Бұл оқиға ғарыштық физика мен астрофизика тарихында маңызды кезең болып саналады, өйткені ол алғаш рет тікелей тіркелген гравитациялық толқындардың болуын растады. LIGO жүйесінің жоғары сезімталдық пен дәлдікпен жұмыс істейтін жаңа үлгісі, яғни «Advanced LIGO», гравитациялық толқындардың кішкентай әсерлерін анықтауға мүмкіндік берді [3].

Гравитациялық толқындар кеңістік-уақыттың тербелістері болып табылады және олар материямен өте әлсіз әрекеттеседі. Бұл олардың өте нәзік табиғатын көрсетеді, сондықтан оларды анықтау үшін өте жоғары дәлдіктегі құралдар қажет. Гравитациялық толқындардың ең басты ерекшелігі – олар ғарыштың ең экзотикалық және ең құпия объектілерінен ақпарат алуға мүмкіндік береді, өйткені олар жарықпен немесе басқа электромагниттік толқындармен көрінбейтін құбылыстардың әсерін тіркей алады (сурет 2).



Сурет 2. Гравитациялық толқындар спектрін иллюстрациялайтын диаграмма

Гравитациялық толқындарды зерттеу ғалымдарға қара құрдымдар мен нейтронды жұлдыздардың бірігуі, сондай-ақ ғаламның алғашқы кезеңдерінде болған оқиғалар туралы маңызды деректер ұсынады. Осылайша, гравитациялық толқындар астрономия мен физиканың жаңа зерттеу бағыттарына жол ашып, ғаламның құрылымы мен эволюциясын түсінуде жаңа мүмкіндік ашады [4].

Қорыта келе, гравитациялық толқындар ғаламды зерттеудің дәстүрлі әдістеріне маңызды қосымша болып табылады. Гравитациялық толқындардың көмегімен біз ғаламның алғашқы кезеңдерін, оның кеңеюін және құрылымын зерттеуге мүмкіндік аламыз. Осылайша, болашақта гравитациялық толқындар ғаламды зерттеуде маңызды рөл атқарып, физикалық теорияларды нақтылау мен жаңа астрономиялық ашуларға ықпал етеді.

Әдебиет

1. Пустовойт В.И., Морозов А.Н., Гладышев В.О., Измайлов Г.Н. Лазерные гравитационно- волновые антенны. М:Издательство МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2016. С.63.

2. Соколов В.М. О не состоятельности теории относительности А.Эйнштейна. Природа гравитации и материи. LAP LAMBERT Academic Publishing (2014-08-07). С. 117 – 120.

3. Abbott, B. P., et al. (LIGO Scientific Collaboration and Virgo Collaboration). «Observation of Gravitational Waves from a Binary Black Hole Merger.» Physical Review Letters, 116, 061102 (2016).

4. LIGO және Virgo обсерваторияларының ресми сайттары: ligo.caltech.edu, ego-gw.eu.

ӘОЖ 536.212.2

**Термоэлектрлік қолданулар үшін нанокөмпозитті
суперионды мыс халькогенидтерінің фазалық құрамы және
олардың қасиеттері**

Мұханова Ж.Ә., аға оқытушы,
Қызылорда «Болашақ» университеті,
(Қызылорда қаласы)

Резюме

В данной статье рассматривается фазовый состав и физические свойства нанокөмпозитных суперионных халькогенидов меди, используемых в качестве термоэлектрических материалов. Анализируются методы синтеза нанокөмпозитов, их фазовые превращения, электрические и теплопроводные характеристики. Также предлагаются способы повышения их термоэлектрической эффективности.

Abstract

This article examines the phase composition and physical properties of nanocompositesuperionic copper chalcogenides used as thermoelectric materials. The synthesis methods of nanocomposites, their phase transitions, electrical and thermal conductivity characteristics are analyzed. Additionally, ways to improve their thermoelectric efficiency are proposed.

Термоэлектрлік материалдар қалдық жылуды пайдалы электрэнергиясына түрлендіру қабілетіне ие, бұл оларды жаңартылатын энергия көздері мен энерготімді технологияларда маңызды етеді. Соңғы жылдары суперионды өткізгіштігі жоғары мыс халькогенидтері (Cu_2S , Cu_2Se , Cu_2Te) зерттеулердің басты нысанына айналды [1]. Олардың құрылымдық және фазалық тұрақтылығы, төмен жылу өткізгіштігі және жоғары термоэлектрлік тиімділік коэффициенті (ZT) оларды перспективалы материалдар қатарына енгізеді [2].

Мыс халькогенидтері жоғары иондық өткізгіштігі бар суперионды материалдар қатарына жатады. Олардың фазалық өзгерістері температураға тәуелді және материалдың термоэлектрлік қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, Cu_2Se жоғары температурада суперионды фазаға өтеді, бұл оның электрондық және иондық тасымалдағыштық қасиеттерін жақсартады [3].

Кесте 1. Мысхалькогенидтерінің фазалық өзгеріс температуралары және ZT коэффициенттері


Материал	Фазалық өзгеріс температурасы (°C)	ZT коэффициенті
Cu ₂ S	~103	1.0 – 1.5
Cu ₂ Se	~400	1.5 – 2.0
Cu ₂ Te	~500	1.2 – 1.8

Нанокөпозиттер құру арқылы материалдардың термоэлектрлік қасиеттерін жақсартуға болады. Нанобөлшектер мен қабат аралық құрылымдар фондардың таралуын шектеп, жылу өткізгіштікті төмендетеді [2,4]. Сонымен қатар, нанокұрылымдық модификация тасымалдаушы зарядтардың таралуын оңтайландырып, электр өткізгіштікті арттырады.

Термоэлектрлік материалдардың тиімділігін сипаттайтын негізгі параметр - ZT коэффициенті. Ол электр өткізгіштік, термоэлектрлік күш және жылу өткізгіштік мәндеріне тәуелді:

$$ZT = \frac{S^2 \sigma T}{\kappa}$$

мұндағы S-Зеебек коэффициенті, σ - электр өткізгіштік, T - температура, κ - жылу өткізгіштік [1,3]. Нанокөпозитті құрылымдар құру арқылы мәнін төмендетіп, ZT көрсеткішін арттыруға болады.



Сурет 1. Cu₂Se және Cu₂S материалдарының ZT коэффициентінің температураға тәуелділігі.

Суретте Cu₂Se және Cu₂S материалдарының ZT коэффициентінің температураға тәуелділігі көрсетілген. Көрсетілгендей, температураның артуы материалдардың термоэлектрлік тиімділігін арттырады, әсіресе Cu₂Se жоғары

температурада жоғары ZT мәніне жетеді. Бұл фазалық өзгерістермен және тасымалдау қасиеттерінің жақсаруымен түсіндіріледі.

Нанокөмпозитті суперионды мыс халькогенидтерін алу үшін келесі әдістер қолданылады:

- Ампулалық қатты фазалық синтез
- Сілтілік балқымадағы төмен температуралы синтез
- Сұйық ортадағы нанодиспергирлеу әдісі
- Ұшқын плазмалық синтез
- Суық және ыстық престеу

Бұл әдістердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Мысалы, ампулалық қатты фазалық синтез жоғары тазалықтағы материал алуға мүмкіндік береді, бірақ қымбат және көп уақыт алады. Ал, плазмалық синтез жоғары дисперсті нано бөлшектер алу үшін тиімді [4].

Мыс халькогенидті нанокөмпозиттер термоэлектрлік генераторларда, сенсорларда және энергияны қайта өңдеу жүйелерінде кеңінен қолданылуы мүмкін. Олардың механикалық және химиялық тұрақтылығы оларды коммерциялық мақсатта қолдануға мүмкіндік береді [1,2].

Зерттеу барысында Cu_2Se және Cu_2S негізіндегі нанокөмпозиттердің фазалық өзгерістері, олардың термоэлектрлік параметрлері зерттелді. Алынған нәтижелер бойынша, температура артқан сайын материалдардың ZT коэффициенті өсетіні байқалды.

Кесте 2. Cu_2Se және Cu_2S материалдарының температураға байланысты ZT коэффициенттері

Температура (°C)	Cu_2Se ZT	Cu_2S ZT
300	0.8	0.7
400	1.2	1.0
500	1.5	1.3

Бұл нәтижелер суперионды мыс халькогенидтері негізінде тиімді термоэлектрлік құрылғылар жасауға болатынын көрсетеді.

Суперионды мыс халькогенидтері негізіндегі нанокөмпозиттер жоғары термоэлектрлік тиімділігі бар перспективалы материалдар болып табылады. Олардың фазалық тұрақтылығын, тасымалдау қасиеттерін және құрылымын оңтайландыру арқылы жаңабуын термоэлектрлік құрылғыларын жасауға мүмкіндік туады [1,5].

Әдебиет

1. Snyder G. J., & Toberer E. S. (2008). Complex thermoelectric materials. *Nature Materials*, 7(2), 105-114.

2. Liu W., & Zhang, Q. (2016). Thermoelectric property studies on Cu_2X ($\text{X} = \text{S}, \text{Se}, \text{Te}$) based materials. *Journal of Materials Chemistry C*, 4(34), 6849-6856.

3. He J., Tritt T.M. (2017). Advances in thermoelectric materials research: Looking back and moving forward. *Science*, 357(6358), eaak9997.

4. Goldsmid H.J. (2010). *Introduction to Thermoelectricity*. Springer.

5. Rowe D.M. (2006). *Thermoelectrics Handbook: Macro to Nano*. CRC Press.

УДК.530.1

Международные научные проекты в области физики и их влияние на образование

Әбидин К. Ш., старший преподаватель,
Абдикаримова М.А., студентка 2 курса,
Алимханқызы Л., студентка 2 курса,
Таразский университет имени М. Х. Дулати,
г. Тараз

Түйіндеме

Физика саласындағы халықаралық ынтымақтастық қазіргі білім мен ғылыми зерттеулердің маңызды элементіне айналды, әсіресе климаттың өзгеруі мен ғарышты игеру сияқты ғаламдық мәселелерге жауап ретінде. Дүниежүзінің ғылыми қызметкерлері мен студенттерін біріктіретін ғылыми жобалар білім мен ресурстардың алмасуын жеңілдетіп, оқытуды жақсартады және критикалық ойлау, проблемаларды шешу және топтық жұмысты дамыту үшін жағдай жасайды. МКС, ЦЕРН, және ИСА сияқты бағдарламалар ғылыми табыстарды ілгерілетіп қана қоймай, физиканы инженерия және экологиямен интеграциялап, студенттерді ғаламдық проблемаларды шешуге дайындайды. Бұл бастамалар қолжетімді білім беру платформаларын құруды қамтамасыз етеді, бұл ғаламдық ынтымақтастықты және ғаламдық көзқарасы бар ғалымдарды даярлауды арттырады.

Abstract

International cooperation in physics has become an important element of modern education and research, especially in response to global challenges such as climate change and space exploration. Research projects that bring together researchers and students from all over the world facilitate the exchange of knowledge and resources, improving learning and developing critical thinking, problem-solving and teamwork. Programs such as the ISS, CERN, and ISA not only promote scientific discovery, but also integrate physics with engineering and environmental science, preparing students to solve global problems. These initiatives create

accessible educational platforms, which promotes global collaboration and the training of scholars with a global perspective.

Традиционный подход к обучению физике часто зависел от национальных и региональных особенностей, при этом каждая страна разрабатывала свои учебные программы и научные приоритеты. Однако в условиях растущей глобальной взаимозависимости все более актуальной становится необходимость международного сотрудничества в области науки. В связи с этим растет число международных проектов в физике, которые предоставляют возможности для взаимодействия ученых, педагогов и студентов из разных стран и культур. Эти инициативы существенно влияют на методы преподавания физики, расширяя возможности научных исследований и способствуя внедрению более инклюзивных и инновационных подходов к обучению.

Международные научные проекты кардинально изменяют подходы к обучению физике, отказываясь от традиционной лекционной формы в пользу более интерактивного и практического обучения[1]. Учащиеся получают уникальную возможность непосредственно работать с реальными приложениями физики, участвуя в экспериментах и исследованиях с использованием новейших технологий. Например, в рамках таких крупных проектов, как Большой адронный коллайдер в ЦЕРН и программы NASA по исследованию Марса, студенты могут не только наблюдать за процессами, происходящими в этих ведущих научных центрах, но и активно участвовать в международных научных инициативах. Это способствует не только углублению теоретических знаний, но и развитию навыков работы с высокотехнологичным оборудованием, критического мышления и командного взаимодействия, что крайне важно для будущих исследователей и инженеров.

Кроме того, такие проекты часто используют виртуальные лаборатории и онлайн-платформы для обмена данными и результатов исследований, что делает возможным участие студентов со всего мира в совместных научных заданиях, несмотря на географические и социальные барьеры. В этом контексте физика становится доступной для более широкого круга учащихся, стимулируя глобальное научное сообщество к созданию решений для актуальных мировых вызовов[2].

Многие международные научные проекты используют виртуальные платформы, что позволяет студентам из различных уголков мира получить доступ к единым образовательным инструментам, наставникам и возможностям для сотрудничества. Такая доступность гарантирует, что даже учащиеся из малообеспеченных или слабо представленных регионов могут получить высококачественное научное образование, которое раньше

было доступно лишь ограниченному числу привилегированных студентов.

Международный характер научных проектов оказывает влияние на развитие учебных программ по физике. С развитием науки и ростом взаимосвязанности мировых проблем образовательные программы адаптируются, чтобы отражать междисциплинарный подход, необходимый для решения этих проблем. Глобальные проекты фокусируются на таких важных областях физики, как квантовая механика и устойчивые энергетические технологии, которые становятся неотъемлемой частью учебных планов по физике по всему миру[3]. Это междисциплинарное сотрудничество, которое включает инженерию, экологические науки и технологии, значительно обогащает учебный процесс и готовит студентов к совместной работе в современном научном мире.

Программы, которые ориентированы на решение таких глобальных проблем, как изменение климата, через физику, помогают студентам интегрировать теоретические знания с практическими решениями. Темы, такие как энергоэффективность и возобновляемая энергия, становятся ключевыми направлениями в образовательных программах, предоставляя студентам инструменты для поиска решений глобальных вызовов с помощью физических принципов.

Международные научные проекты активно способствуют вовлечению студентов, предлагая им интерактивные и захватывающие способы изучения физики. Эти инициативы позволяют учащимся участвовать в сборе данных в реальном времени, виртуальном моделировании и международном сотрудничестве, что способствует развитию критического мышления, навыков решения проблем и командной работы. Глобальный формат этих проектов дает студентам возможность учиться и работать с коллегами со всего мира, что углубляет их понимание предмета и побуждает смотреть на проблемы с более широкой перспективой.

Работая с экспертами и участвуя в реальных исследованиях, студенты начинают воспринимать физику не только как академическую дисциплину, но и как мощный инструмент для решения насущных мировых проблем. Этот опыт, связанный с важной и результативной работой, часто вызывает у них долгосрочный интерес к науке и стремление продолжать исследовать её возможности[4].

Международные научные проекты играют ключевую роль в развитии образования по физике. Они не только способствуют научным достижениям, но и кардинально меняют подходы к обучению и восприятию физики по всему миру. Эти инициативы способствуют глобальному сотрудничеству, создавая международное сообщество студентов и ученых, объединенных целью решать самые актуальные мировые проблемы. С развитием глобальных вызовов

важность международного сотрудничества в области образования по физике будет только расти, что обеспечит подготовку будущих ученых к решению этих проблем с четким пониманием их глобального контекста[5].

Эти проекты—это не просто академические тенденции, но и часть более широкого видения будущего, где наука объединяет людей по всему миру, помогая решать проблемы, которые определяют наше время.

Литература

1. Бирк Х., Конрад, К. Роль международного сотрудничества в обучении физике. Физическое образование, 2013, №48(5) 698-702.

2. ЦЕРН. Образовательные программы и взаимодействие с общественностью в ЦЕРН, 2020.

3. NASA. Образование и взаимодействие с общественностью. Офис образования NASA. Международная космическая станция (МКС). Образовательные возможности на Международной космической станции. Международный солнечный альянс (ИСА). (2020). Продвижение солнечной энергии и образования в развивающихся странах, 2021.

4. Шмидт М., Мюллер А., Физическое образование в глобализированном мире: Влияние международных научных сотрудничеств. Обзор науки и образования, 2017, 16(2), 45-52.

5. European Commission.—Исследование роли программы Horizon 2020 в развитии образования через международные научные проекты, 2019

УДК620.92

Қазақстан Республикасы Қызылорда облысындағы тұрмыстық тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз ету үшін күн энергиясын пайдаланудың эксперименттік зерттеулері

Курманбаев Г.Б. к.т.н., аға оқытушы,
Бекзулда Н.Г., магистр,
Қызылорда «Болашақ» университеті
(Қызылорда қаласы).

Резюме

Данная статья посвящена о возможности использования солнечной энергии для энергообеспечение коммунально-бытовых и других объектов народного хозяйства. В статье экспериментальным способом исследованы использования солнечной энергии при энергоснабжении в различное время года и суток экспериментально опытного дома с конкретными техническими характеристиками

Abstract

This article is devoted to the possibility of using solar energy for energy supply of municipal and other facilities of the national economy. The article experimentally investigates the use of solar energy in energy supply at different times of the year and day of an experimentally experimental house with specific technical characteristics.

Қазіргі уақытта жаһандық жылыну бүкіл әлемдегі ең өзекті мәселеге айналды. Ғылымның әртүрлі салаларында жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалану үшін жүйелер мен технологиялар әзірленуде [1]. Көміртегі шығарындыларын азайту мүмкіндіктерінің бірі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану болып табылады. Әртүрлі аймақтарда және әлемнің әр бұрышында жаңартылатын көздерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері мен түрлері бар. Ол негізінен табиғи-климаттық жағдайларға, сондай-ақ техникалық-экономикалық мүмкіндіктерге және басқа факторларға байланысты. Соңғы онжылдықта әлемде күн мен жел энергетикасы қарқынды дами бастады. Бұл олардың жердегі жеткіліктілігіне және оңай жүзеге асырылуына байланысты, яғни, басқа жаңартылатын көздер мен салыстырғанда, өзіндік құны төмен, тұрақты жұмыс, тиімділігі жоғары және т.б. бұл артықшылықтардың барлығы оларды экономиканың әртүрлі секторларында пайдалануға мүмкіндік берді.

Әсіресе соңғы уақытта Жеке коммуналдық тұрмыстық, фермерлік шаруашылықтарды, сондай-ақ шағын жеке кәсіпорындарды энергиямен жабдықтауда күн энергиясы жиі пайдаланылады. Жылу энергиясы күн коллекторлары арқылы, ал электр энергиясы күн панельдері арқылы өндіріледі. Мұндай

біріктірілген жүйе экономикалық тұрғыдан тиімді, егер олар жылдағы күн белсенділігі басым аймақтарда қолданылса, энергиямен жабдықтау жобасының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін ақтай алады. Әдетте мұндай жобалар толығымен жүзеге асырылады, әсіресе күн әлеуеті бар аймақтарда. Өңірлердің бірі-Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы [1,2].

Қызылорда өңірінің мұндай тартымдылығы бірінші кезекте күн белсенділігіне байланысты. Жылына 260-280 бұлтсыз шуақты күн анықталды [3]. Сонымен қатар, жазда күн радиациясының деңгейі максималды бірлігі 1050Вт/м², ал қыста 700Вт/м² дейін жетті [3]. Қызылорда облысында жылына 2500-3000 күн сағатына жетеді. Осы деректерге сүйене отырып, біз күн электр станциясымен күн коллекторының көмегімен Қазақстан Республикасының Қызылорда қаласында контейнерлік үлгідегі жеке үйді энергиямен жабдықтауды зерттедік. Электр және жылу энергиясының қажетті мөлшері, сондай-ақ жылдың әр мезгілінде күн энергиясын пайдалану тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар айқындалатын болады. Электр энергиясының шығындары эксперименталды түрде есептеледі және қоршаған ортаның температурасы, Күн радиациясы және күннің ұзақтығы сияқты климаттық факторлардың әсері талданады. Эксперименттік зерттеулер үшін 2023 жылдың алғашқы 5 айы алынды. Метерологиялық қызметтерден Қызылорда қаласының жоғарыда аталған Климаттық факторларының деректері алынды.


Зерттеу жүргізу үшін коммуналдық-тұрмыстық тұтыну шыны пайдалану қажет болды. Мұндай нысан ретінде контейнерлік типтегі үйді алу әдеттегідей болды, олар жақында коммуналдық тұрмыстық және өндірістік мақсаттарда жиі қолданыла бастады [1,4].

Зерттеу Қорқыт Атаатындағы Қызылорда университетінде орналасқан ғылыми-зерттеу, тәжірибелік, экспериментті күйде жүргізілді (1-сурет). Контейнер түріндегі Объект, құрылымның жалпы ауданы 38,4м² құрайды.

Зерттеу объектісінің технологиялық сұлбасы 2 суретте, күн коллекторы мен күн панелдері сәйкесінше 3,4 суреттерде көрсетілген. Сонымен қатар үлгідегі үйдің іші, ондағы орналасқан қондырғылар мен аспаптар, құрылғылар, тұтынушылар 5,6,7 суреттерде бейнеленген. Сонымен қатар үлгідегі үйдің іші, ондағы орналасқан қондырғылар мен аспаптар, құрылғылар, тұтынушылар 5,6,7 суреттерде бейнеленген.



Сурет 1.Зерттелетін объектінің сыртқы түрі



Сурет 2.Үйдің энергиямен жабдықтау жүйесі(жеке санторабы бар екі пәтерлі контейнер).



Сурет 5.Вакуумдық күн коллекторы



Сурет 6. Күн панельдері.



Сурет 7.Тәжірибелік сынақ үй-жайындағы күн электрстанциясымен күн коллекторының жабдығы

Жоғарыда аталған жүйенің жұмыс режимін зерттеу үшін 5 ай, яғни 2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір және мамыр айлары алынды. Барлық ақпараттар ТП АБЖ жүйесіне жіберіліп және жазылып отырады.

5 айлық зерттеу барысында, барлық қажетті деректер есептеліп, келесідей 1, 2, 3 кестелерге жазылды.

Кестелердегі мәліметтер бойынша мамыр айында бірінші есептегіш бойынша тұтыну 30%-ға, ал екіншісі бойынша 100%-ға төмендегенін көруге болады, яғни технологиялық қажеттіліктерге арналған шығындар 2,3 кВт·сағ дейін төмендеді. Есептеу жолымен КК-ның электрлік шамадағы қуаты анықталды.

Кесте 1. Жекелеген тұтынушылар үшін ЭЭ тұтынуы

Үйдің электроэнергия тұтынушылары	Жалпы және ортасағаттық ЭЭтұтыну, кВт·ч (айлық)				
	Қаңтар	ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Есептегіш счетчик №2 технологиялық тұтынушылар	632/0,85	530/0,79	216/0,29	52/0,072	2,3/0,003
Есептегіш счетчик №1 Ішкі тұтынушылар	346/0,465	335/0,5	289/0,39	264/0,37	248/0,33

Кесте 2. ЭЖ және КЭС алатын жалпы айлық және орташа сағаттық ЭЭ

Электроэнергия көздері	Жалпы және ортасағаттық ЭЭтұтыну, кВт·ч (айлық)				
	Қаңтар	ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Күн панелі	124/0,17	138/0,205	181/0,243	232/0,322	307/0,412
Энергия жүйе	854/1,15	643/0,957	324/0,435	84/0,116	-56,7/0,076
Барлығы	978/1,31	865/1,28	505/0,68	316/0,44	250/0,34

Кесте 3. КК өндірілетін айлық қуаты

Есептеу әдісі	Жалпы және ортасағаттық ЭЭтұтыну, кВт·ч (айлық)				
	Қаңтар	ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Есептік жолмен	239	256	655	781	842

Кестелердегі мәліметтер бойынша электр энергиясының шығындары наурыз айының басына қарай төмендей бастайды және ол қаңтармен салыстырғанда 53% азайған. Бұл көрсеткіш қоршаған орта температурасының жоғарылауын ескере отырып өсті. 2-кестеден мамыр айында ЭЭ тұтыну 250 кВт* сағ құрады және зерттелетін объект толығымен жаңартылатын көзге көшті. Тиісінше, желі тарапынан энергия ағыны тоқтайды.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Белгіленген қуаты 2,2 кВт күн станциясынан өндірілетін электр энергиясы және күн коллекторы сәуір айына дейін көрсетілген жүктемелері бар жоғарыда аталған эксперименттік объектіні жылу және электрэнергиясымен жеткіліксіз қамтамасыз етеді. Бұл күннің төмен сәулеленуімен [3] және күннің ұзақтығымен түсіндіріледі. Сондықтан тиімділікті арттыру үшін қосымша 3кВт күн панельдерін орнату керек, осылайша олар өндіретін қуат объектінің офлайн режимінің жұмысын қамтамасыз ету үшін қыста қажетті қуатты жабуға жеткілікті болады. Ауытқуды ескере отырып, жылу және электрэнергиясының ықтимал болжамды тұтынуын болжау үшін келесі факторларды ескеру қажет, ауа температурасы және күннің белсенді күндерінің ұзақтығын.

Күн коллекторларын пайдалану қоршаған ортаның температурасына және басқа факторларға байланысты қыста электр энергиясын пайдалануды 30-35% дейін азайтады. Жазғы кезеңнен бастап мұндай жүйенің экономикалық тиімділігі күрт төмендейді. Сондықтан жазда күн коллекторларының тиімділігін арттыру үшін қосымша жылу жүктемесі қажет.

Сондай-ақ, мұндай біріктірілген энергиямен қамтамасыз ету жүйелері қоршаған ортаға экологиялық жүктемені одан әрі төмендетуге мүмкіндік беретінін және сол арқылы халықтың қажеттіліктері үшін күн энергиясын тиімді пайдалануға жол ашатынын ұмытпау қажет.

Әдебиет

1. Попель О.С. Возобновляемые источники энергии: роль и место в современной и перспективной энергетике. Рос. хим. ж. (Ж. Рос. хим. об-ва им. Д.И. Менделеева), 2008, т. LII, № 6

2. Султангузин И.А., Шютц У., Калякин И.Д., Говорин А.В., Яворовский Ю.В., Жигулина Е.В., Хромченков В.Г., Малахова А.А., Ланцке Б., Дамен А. Расчёт, строительство и обследование фасада

энергоэффективного дома//Строительство и реконструкция, 2017. №4. С. 110–118

3. Махамбаева И., Камалова Г., Бекзулда Н. Перспектива развития солнечных электрических станций в Кызылординской области Республики Казахстан. Торайғыров университетінің хабаршысы Энергетикалық сериясы, ISSN 2710-3420 № 3 (2023)

4. Петров В.А., Чайкин В.Ю., Христенко Б.А., Савицкий И.Д., Султангузин И.А., Демидов Е.А., Нечаев А.Н., Скоробатюк А.В. Перспективы развития инженерной системы энергоэффективного дома/Энергосбережение— теория и практика: Труды X Межд. школы-семинара молодых учёных и специалистов. Москва, НИУ «МЭИ», 19–23.10.2020. — Курск: Изд-во «Университетская книга», 2020. С. 66–72

5. <https://ru.weatherspark.com/y/106347> Обычная-погода-в-Кызылорда-Казахстан